ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ИННОВАЦИЯЛЫҚ-ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

# ТАРИХИ ЖАДЫ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІК: ҒЫЛЫМ МЕН ҚОҒАМ ДИАЛОГЫ

атты халықаралық ғылыми коференцияның

**материалдары**

Орал-2025

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ИННОВАЦИЯЛЫҚ-ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

# ТАРИХИ ЖАДЫ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІК: ҒЫЛЫМ МЕН ҚОҒАМ ДИАЛОГЫ

атты халықаралық ғылыми коференцияның

**материалдары**

Орал-2025

**Жалпы редакциясын басқарған:**

**Сабыр М.Б. -** Батыс Қазақстан инновациялық – технологиялық университетінің «Түркітану және Алтайтану» ғылыми-зерттеу орталығының жетекшісі, филология ғылымдарының докторы, профессор

**Редакция алқасы:**

**Қайыров А.Б** – филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор

**Раманова.А.А** – филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор

**Мамыров А.Ы.** – филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор

**Бекмашева А.Н** – филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор

**«Тарихи жады және ұлттық бірегейлік: ғылым мен қоғам диалогы»** атты халықаралық ғылыми конференция. – Орал: Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінің баспа орталығы, 2025. – 483 б.

ISBN 978-601-82406-0-7

Жинаққа 2025 жылғы 9 желтоқсанында Батыс Қазақстан облысы әкімдігі, Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті ұйымдастырылған **«Тарихи жады және ұлттық бірегейлік: ғылым мен қоғам диалогы»** атты халықаралық ғылыми конференция материалдары енді.

Конференцияның мақсаты*:* Тарихи жадының философиялық, рухани және мәдени аспектілерін айқындау; Ұлттық бірегейлік пен жаһандану үдерістерінің өзара ықпалын саралау; Мемлекеттік идеология мен білім беру жүйесіндегі тарихи мұраның орнын бағамдау; Түркі халықтары интеграциясы мәселесін сараптау, пәнаралық зерттеулерді дамыту

Ғылыми жинақта қазақ тарихы мен түркітанудың, рухани мәдениеттің өзекті мәселелеріне, ортақ түркі әліпбиі, тарихи үдерістер, білім беру ісіне қатысты мақалалар енді.

Ғылыми жинақ қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы ғалымдар мен оқытушыларға, студенттер мен магистранттарға, докоранттарға және тіл мен әдебиетке қызығатын барша ғылыми көпшілік қауымға арналған.

Ескеру: Мақалалар мен баяндамалардың мазмұны мен мәтініне жинақты дайындап, шығарушы жақ жауап бермейді.

ӘОЖ 94(574)
КБЖ 63.3.5Каз

ӘОЖ 94 (100.87)

# АЛТЫН ОРДА ТАРИХЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ: ҚАЗІРГІ КҮН ТҰРҒЫСЫНАН САРАЛАУ

**Берекет Бақытжанұлы Кәрібаев**
*ҚР ҰҒА академигі,*
*Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері,*
*әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық*
*университетінің профессоры,*
*тарих ғылымдарының докторы*

***Резюме.*** *В статье рассматриваются актуальные проблемы истории Золотой Орды, проанализированные с позиций современности. Анализируются отдельные вопросы историографии Золотой Орды, в частности особая роль ислама в период правления хана Берке. Кроме того, всесторонне исследуется политическое противоборство различных религиозных взглядов в эпоху Золотой Орды.*

***Ключевые слова:*** *Золотая Орда, ислам, хан Берке, религиозность*.

XIII-XV ғасырлар аралығында Еуразия құрлығының қақ орталығында, Ертіс пен Дунай өзендерінің аралығындағы кең мағынадағы Дешті Қыпшақ деп аталатын этно-географиялық аумақта өмір сүрген Алтын Орда (Ұлық Ұлыс, Жошы Ұлысы) империясы өз заманында сол құрлықтың Еуропа мен Азия аумақтарындағы, сондай-ақ Солтүстік Африканың ең қуатты мемлекеттері - Египет, Иран, Византиямен түрлі қарым-қатынастар жүргізіп, құрлықтағы халықаралық қатынастарда белсенді рөл атқарып отырды. Сонымен бірге Алтын Орда өзінен кейін осы аралықта құрылған бірнеше мемлекеттердің, ондаған халықтар мен этностардың этникалық, мәдени тарихына ерекше ықпал жасады.

Соңғы 10 шақты жыл көлемінде бұрынғы Алтын Орда аумағында өмір сүрген елдер арасында оның тарихына деген қызығушылықтың күрт өскенін көреміз. Алтын Орда тақырыбы бұрыннан -ақ мамандар арасында ғылыми маңызы жоғары тақырыптардың бірі болса, соңғы жылдары Алтын Орданың 750 жылдығы мен Жошы Ұлысының 800 жылдығына арналған іс-шараларда мемлекет басшыларының сөз сөйлеп, оның маңызына тоқталуы – тақырыптың өзектілігін аспандатып жіберді. Соған байланысты Алтын Орда тақырыбы әлі күнге дейін өзектілігін жоғалтпай, маңыздылығы төмендей қойған жоқ. Қазіргі күндері әлі де болса Алтын Орда тарихының кейбір қырларына, кейбір тұстарына қалың жұртшылық тарапынан қызығушылықтар бәсеңдемей отыр. Сол себепті де біз бұл жұмысымызда Алтын Орданың саяси тарихында көп қарастырылмаған, көп айтылмаған кейбір мәселелерді көтермекшіміз.

Жалпы, Алтын Орда тарихын зерттеу жұмыстары ол империя толық күйрегеннен кейін бірнеше ғасырдан соң басталады. Ресейде болса, зерттеу жұмыстарын қолға алу ісі XIX ғасырдың алғашқы жылдарында қолға алынады. 1805 жылы неміс тарихшысы Шлецерь «орыс тарихындағы «моңғолдық кезеңнің» маңыздылығын және оны зерттеудің өзектілігін көрсетсе», 1808 жылы Лербергь Ғылым Академиясында Алтын Орда тарихын зерттеу үшін ақшалай сыйлық тағайындау туралы мәселе көтереді[1,V-VI]. 1826 жылы орыс тарихындағы «моңғол үстемдігінің» салдарларын зерттеу туралы Ресейдегі Ғылым Академияның жүз жылдығына орай өткізілетін шаралар қатарына қосу туралы ұсыныс айтылса, ол тек 1829 жылы ғана шаралар қатарына енгізіледі[1,V-VI; 2, 554; 3, 555-563]. Осылайша,1826 және 1832 жылдардағы Императорлық Академияның Алтын Орданың тарихын зерттеу үшін жарияланған конкурсына жалғыз жұмыс - австриялық тарихшы, европалық тілдермен қатар араб, парсы, түрік тілдерін жетік меңгерген Йозеф фон Хаммер-Пургштальдың неміс тіліндегі қолжазбасы келіп түседі. Бірақ ол жұмысты комиссия кері қайтарады. 1840 жылы осы жұмыстың қолжазбасы негізінде, аздаған өзгерістер мен

толықтырулар енгізіп, автор Пешт қаласында «Қыпшақтағы Алтын Орда немесе Ресейдегі моңғолдар тарихы»( «Geschichte der Goldenen Hordein Kiptschak, dasist: der Mongolen in Russland») атты монографиясын жарыққа шығарады. Содан бергі екі ғасырға жуық уақыт ішінде Алтын Орда тарихына қатысты Батыс Еуропада, патшалы Ресейде, Кеңес Одағында және КСРО ыдырағаннан кейін оның аумағында құрылған жекелеген мемлекеттерде өте көп зерттеу еңбектері жарық көрді. Дегенменде, біз бұл арада Алтын Орда тарихының саяси аспектілері мен қоғамдық қатынастары мәселелеріне арналған бірнеше еңбектерді атап өтуді қажет деп санаймыз. Н.И.Березиннің[4], А.Н.Насоновтың[5], Б.Д.Греков пен А.Ю.Якубовскийдың[6], Г.В.Вернадскийдың[7], М.Г.Сафаргалиевтың[8], Г.А.Федоров-Давыдовтың[9], В.Л.Егоровтың[10], И.М.Миргалиевтың[11], Р.Ю.Почекаевтың[12], В.В.Трепавловтың[13], Ю.Е.Варваровскийдың[14] және тағы басқа көптеген зерттеушілердің еңбектері Алтын Орда тарихнамасына қосылған қомақты үлес болды, ол зерттеулер Алтын Орда тарихнамасының іргетасын қалады және оның одан әрі дамуына зор үлес қосты.

Алтын Орда тарихының кейбір өзекті мәселелеріне бүгінгі күн тұрғысынан қарағанда әлі де болса, кейбір сұрақтардың кейде белгілі себептермен, кейде белгісіз себептермен толық қарастырылмағанын, зерттеушілер тарапынан оларға аз көңіл бөлінгенін байқаймыз. Біз төменде солардың бірнешеуіне осы жұмысымызда тоқталып өтсек дейміз. Ол мәселелер негізінен алғанда Алтын Орда тарихындағы ислам дініне және оның рөлі мен ықпалына байланысты болып отыр. Біз бұл жерде тек олардың бірнешеуін ғана атап өтеміз. Олар мыналар: Берке хан және ислам дініне қатысы, XIII ғасырдың соңғы ширегіндегі Алтын Ордадағы Ноғай және оның бүлігі, Тоқтай ханның ұлы, әрі мұрагері Елбасар жөнінде болмақ.

Алтын Орда тарихындағы көп айтыла бермейтін мәселелердің біріне - Берке ханның исламды қабылдауы мен діншілдігі туралы, Батый ханның ұлы Сартақтың қалай және кімнің қолынан өлгендігі туралы мәселе жатады. Осы мәселелер төңірегінде ізденістер жүргізе келе, оның көп себептерінің біріне діни фактор жататындығына көз жеткізуге болады. Енді төменде осы мәселелерді рет-ретімен талдап көрелік.

Алтын Орда тарихында 1257-1266 жылдары хан болған Жошы ханның Орда Ежен мен Батыйдан кейінгі үшінші ұлы – Берке ханның діншілдігі туралы жазба дерек мәліметтерінде көп айтылады[15, 36-37; 16, 98-101; 17, 151-153]. Сонымен бірге «Алтын Ордада Берке ханның тұсында ислам діні кең тарала бастады» деген тұжырым тарихнамада мықты орныққан. Біз бұл тұжырымды толығымен қостай отыра, әлі де болса Берке ханның өміріне қатысты кейбір беймәлім тұстардың бар екендігіне көз жеткізіп отырмыз.

Берке ханның діншілдігі жөнінде әлі де болса қалың көпшілікке мәлім емес тұстар бар. Берке ханның Алтын Ордада ислам дініне қатысты жүргізген саясатына байланысты тірі кезінде және ол қайтыс болғаннан кейін Хорезм, Хиуа секілді өңірлерде ел аузында көптеген қисынды-қисынсыз аңыз-әңгімелер таралады. Сол аңыз-әңгімелердің бір бөлігі XVI ғасырда жазылған Өтеміс қажының «Шыңғыс-наме» атты кітабында баяндалады[18, 96-101].

Жалпы алғанда, Берке хан Алтын Орда хандары арасында алғашқы боп исламды қабылдап, мұсылман болғандықтан, уақыт өте келе оның мұсылманшылдығы туралы халық арасында әртүрлі аңыздар пайда болады. Сондай аңыздардың біріне Берке ханның анасының құрсағында жатып-ақ мұсылман болуы туралы аңыз жатады. Ол аңыздың қысқаша мазмұны мынадай: «Берке жарық дүниеге келгенде анасының және мұсылман емес әйелдердің сүтін ембеген екен. Көріпкелдер мұны біліп: « Бала - мұсылман екен, мұсылмандар мұсылман емес әйелдердің сүтін ембейді»,-деп айтады. Содан мұсылман әйелді тауып әкелгенде, бала оның сүтін еме бастаған екен»[18, 96]. Келесі бір парсылық автор Жүзжани (1193 жылы туған, өлген жылы белгісіз) «Берке ханға қатысты келесі бір аңыз-әңгімесінде: «Жошы ханның өзі бұл ұлымды туа сала мұсылман етемін деп, кіндігін мұсылман әйелге мұсылманша кескізіп, мұсылман әйелдің сүтімен еміздірген екен» [19, 16]. Қалай болса да, Берке ханның исламды қалай қабылдағаны жөнінде халық арасында әртүрлі

аңыз-әңгімелер таралып, оның мұсылманшылығын дәріптеу, мадақтау болғандығын көреміз.

Жүзжани тағы да Берке ханның жас кезіндегі діншілдігі туралы былай деп жазады: «Берке білім алар жасқа келгенде әкесі оған Құранды үйрету үшін имамдар таңдатты. Ол діни білімді Ходжентте алды. Оның әскері 30 мың мұсылманнан жасақталған екен. Оның әскерінде жұма намазы қатаң сақталынып отырылды. Әрбір сарбаз өзімен бірге жайнамазын алып жүретін тәртіп болған екен. Сондай-ақ бүкіл әскерде ешкім шарап ішпейді екен және оның жанында үнемі Құранды білетін ғұламалар хадистерді түсіндірушілер мен ислам заңын білетіндер жүреді екен. Батый ханның тұсында Берке екі немесе одан да көп рет Халифтың арнайы жіберген сыйлық киімдерін алыпты»[19,16-17].

Дегенменде зерттеуші мамандар арасында Берке ханның исламды қай кезден бастап қабылдағаны жөнінде бірауызды ортақ тұжырым жоқ. Осы мәселеге қатысты тағы да тарихшылар пікірі бірнеше топқа бөлініп кетеді. Алғашқы топқа – Берке хан туа сала немесе нәресте кезінен мұсылман болған деген тұжырымдар жатады.

Келесі топты – Берке хан ұлыс билеушісі кезінде исламды қабылдаған деген пікірлер құрайды[20,105]. Бұл топқа жататын пікірлердің бірін орыс саяхатшысы, этнограф, Батыс Қытай, Қиыр Шығыс пен Батыс Моңғолияны зерттеуші Г.Е.Грумм-Гржимайло (1860-1936) білдіреді. Ол дерек мәліметін көрсетпей: «Беркайдың билік құрған жылдары Алтын Орда тарихында терең із қалдырды: ол исламды қабылдады, соған ұқсап нойандар, әскер және қарапайым халық соның жолымен жүрді»[20,105-106].

Ал соңғы топқа – Берке хан Алтын Орда билігіне келгеннен кейін мұсылман болды деген тұжырымдар жатады [21,115; ]. Әбілғазы бахадүр (1603-1664 жж. өмір сүрген) өз еңбегінде Берке ханның исламды қашан қабылдағаны туралы былай деп баяндайды: «Бүрге хан болғаннан соң ұлық той жасап, көп сыйлықтар берді... Одан соң құдай тағала бір күні Бүрге ханның көңіліне мұсылмандықтың ұрығын сеуіп, өз дінінің бос нәрсе екенін сездірді... Бүрге хан таза жүрегімен мұсылман болды»[21,115]. Одан әрі Әбілғазы Берке ханның исламды Сарайшық қаласында қабылдағанын айтады[21, 115].

Берке хан исламды не үшін қабылдады деген сауал төңірегінде кейбір тарихшылар кейбір қисынсыз жауаптар береді. Олардың бірі «Берке хан Алтын Орда тағына ие болу үшін исламды қабылдады» деген тұжырымдар білдірсе, келесі бір тарихшылар «Берке хан Хұлағуға қарсы күресте Египетпен одақтасу үшін мұсылман болды» деген пікірлерді жақтайды.

Біз болсақ, Берке хан жас кезінен бері мұсылман болған деген тұжырымды қолдаймыз. Соңғы жылдары ғылыми айналымға енгізілген дерек мәліметтерінде былай делінеді. Берке хан анасының есімі – Сұлтан-Ханым, Жошы бұл әйелінен Беркеден басқа тағы Беркежар мен Бөрі атты ұлдарды көрген[22,32]. Ал Сұлтан-Ханымның кім болғаны тарихтан белгілі. Ол – Хорезмшахтары мемлекетінің (1097-1221) соңғы билеушісі Ала ад-дин Мұхаммед Хорезм шахтың үлкен қызы. Ол 1220 жылы Иранның Мазандеран аймағындағы бір бекіністе қолға түсіріліп, олжа ретінде Жошыға берілген[23]. Келесі жылы оның тұңғышы Берке дүниеге келеді. Міне, осындай деректерден кейін Берке ханның діншілдігі жас кезінен басталған, мұсылмандық ортада өсіп-өніп, тәрбиеленген, жастайынан мұсылмандық білім беру жүйесінде оқыған, дүниетанымы мен ой-санасы нағыз мұсылман болып қалыптасқан деп санаймыз. Осылайша, Берке хан Алтын Орда тағына келгенге дейін-ақ Алтын Орда аумағындағы мұсылмандық топтың жетекшісі болған деп есептеуге болады.

Батый ханнан кейін Сарайда таққа Сартақ ұлы келеді. Бірақ тез қайтыс болып кетеді. Одан кейін келесі ұл – Ұлақшы келіп, ол да тез қайтыс болады. Алтын Орда тарихында Сартақтың билікке келгені кейде айтылады, кейде тіпті айтылмайды. Ал Ұлақшы жөнінде мүлде айтыла бермейді. Батый ұлдарының кенеттен қайтыс болғандығы туралы арнайы зерттеулерде болмаса, оқулықтарда ешқандай мәліметтер жоқ. Жүзжанидың мәліметтерінде Батый ханның ұлдары - Сартақ пен Ұлақшыны өлтірткен Берке хан делінеді. Ол былай болған екен.

Батый ханнан кейін Алтын Орда тағын иеленген Сартақ сол кездегі қалыптасқан дәстүр бойынша Қарақорымға барып, қағанның жарлығымен бекітілуі қажет екен. Сартақ Қарақорымға барып, Мөңке қағаннан(Менгу қаған) бекітіледі де, қайтар жолда Берке ханның Ордасына соғудан бас тартады. Берке хан оған адам жіберіп: «Мен сені әкеңнің орнын иеленуге мүмкіндік бердім, неге сен мені танымайтындай, маған соқпай кетіп барасың», - хабар жібереді. Хабаршыға Сартақ былай жауап қайтарады: «Сен мұсылмансың, ал мен христиан дінін ұстаймын. Мен үшін мұсылманның бетін көру бақытсыздық». Мұны естіген Берке үш күн бойы киіз үйде аяғынан тік тұрып, Аллаға жалбарыныпты. Ал төртінші күні Сартақ қайтыс болады»[19, 18-19]. Ұлақшы да дәл осылай қайтыс болған екен. Ортағасырлық армян тіліндегі жазба дерек мәліметтерінің бірінде Сартақ пен Ұлақшыны өлтірткен Берке хан делінеді[24, 27]. Көп ұзамай Ұлақшы да о дүниеге аттанады[17, 67].

Армян тіліндегі деректерде Батый мұрагерлерінің кенеттен қайтыс болуының артында Берке тұрғаны нақты айтылады. XIII ғасырдағы армян тарихшысы Вардан біз сөз етіп отырған мәселе бойынша былай деп баяндайды: « 705 (1256) жылы Солтүстіктің(Алтын Орданы айтып отыр – Б.К.) ұлы билеушісі Батый қайтыс болды. Сол жылы оның ұлы Сартақ бауырларымен бірге уландырылып өлтіріледі. ...Оның өлімі христиандарды қатты қайғыға ұшыратты, өйткені ол таза христиан еді...»[24, 6]. Себастаци қаласының тұрғыны, Себастаци деген есіммен белгілі келесі армян тарихшысы өз «Жылнамасында» Сартақтың өліміне тікелей кінәлілерге исламды қабылдаған Берке мен Беркежарды (деректе Беркечаллин деп жазылады – Б.К.) атап көрсетеді[24, 27].

Мұндай оқиғалар жазба дерек мәліметтерінде жазылса да, Алтын Орда тарихында көп айтыла бермейді. Олардың назардан тыс қалдырылуы немесе еленбеуі Алтын Орда тарихының беймәлім беттерін көбейте түседі.

Алтын Орда тарихындағы келесі бір зерттеушілер назарынан тыс қалып отырған мәселеге Тоқтай ханның (1290-1312) ұлы, әрі мұрагері Елбасардың (Илбасар, Ильбасмыш, Елбасмыш) мұсылмандығы мен оның әкесінен бұрын кенеттен қайтыс болуы жатады. Тоқтай ханның Алтын Ордадағы билік құрған кезеңі жазба дерек мәліметтерінде біршама жақсы баяндалады. Араб тарихшылары Эльбирзали (1339-1414), Эддзехеби (1274-1349), Ибнкесир(1299-1373) өз еңбектерінде Тоқтай хан және оның жүргізген саясаты жөнінде мәліметтер қалдырады[25,174; 26, 206; 27, 276]. Оның ішінде Тоқтай ханның діншілдігі туралы: «...дінсіз болды, пұтқа және жұлдыздарға табынды, ламаларды жақын тартты, әртүрлі дінді ұстағандардың ішінде мұсылмандарға ерекше құрмет көрсетіп отырды»,- делінеді[25,174].

Бұл мәліметтерден Сарайда, тақта отырған хан төңірегіндегі әмірлер мен нойандардың, бектердің арасында әртүрлі діндер мен діни бағытты ұстанғандарын байқауға болады. Олар Өзбек хан билікке келгенге дейін Алтын Орда астанасы Сарайда ханға әртүрлі шешім қабылдар кезде өз ұсыныстарын өткізуге күш салып отырады. Олар арасында болашақ тақ үміткерін анықтауға, оны отырғызуға байланысты кейде ашық, кейде жабық түрде күрестер жүріп жатты. Тоқтай ханның мұрагері Елбасар осы күрестердің нәтижесінде о дүниелік болды деуге негіз бар.

Осының бәрін талдау үшін Тоқтай ханның ұлдары туралы мәліметтерді қарастыралық. Жалғыз ғана араб тарихшысы Ибндукмак: «Тоқта қайтыс болып, артында ұл да, қыз да қалдырмады», - деп жазады[28,323]. Ал бізге белгілі араб тарихшыларының мәліметтері мен Өтеміс қажының дерегінде Тоқтай ханның – Ильбасар (Ирбысар, Ильбыхадыр, әмір Ильбасар, Эль-Басар) атты ұлының болғандығы айтылады[18,123]. Рашид ад-Дин болса Тоқтай ханның: «Ябарыш, Иксар, Тукла-бука» атты, ал мәліметтері оған тәуелді Қадырғали Жалайыри Тоқтай ханның - «Йабарыш, Иксар, Түклү-Бұқа» есімді үш ұлы болған деп жазады. Анонимді «Муизз ал-Ансаб» дерегінің мәліметінде «Тукель-Бука, Балуш және Ильбасар» есімді Тоқтай ханның үш ұлының есімі кездеседі. Дерек мәліметтерін саралай келе, біз Тоқтай ханның үш ұлы болған және оның бірі - Алтын Орда тарихында көмескіленген орны бар - Елбасар есімді ұл дейміз.

Деректерде аз болса да Елбасар туралы мәліметтерді кездестіруге болады. Араб тарихшысы Эльбирзали(1339-1414) ол туралы былай деп жазады: «Оның (Тоқтай ханның – Б.К.) ұлы болды, одан артық көріктіні ешкім көрмеді; ол ислам жолында болды, түсінбесе де Құранның оқылуын тыңдағанды ұнататын, әкесінен соң таққа келісімен исламнан басқа ешбір дінді бұл елде қалдырмаймын деп санайтын»[25,174]. Ал келесі бір араб тарихшысы Эннувейри(1279-1333) Елбасардың «Тоқтай хан тұсында әскер басы міндетін атқарғанын айтады[29, 162]. Тағы бір араб тарихшысы Элайни (1361-1451) Елбасарды «әмір» титулымен жазып, «Ол әкесінің қолында әскерге басшылық жасауға, соғысты жүргізуге және ұрыстарды басқаруға тәрбиеленді»,- деп хабарлайды[30, 513]. Одан әрі ол Елбасарды 1310 жылы қайтыс болғанын айтады[30, 513].

XIII ғасырдың соңы мен XIV ғасырдың басында Алтын Орданың ішкі саяси өмірін айқындаған билеуші топ арасында біртұтастық болмады. Олардың өздері саяси, экономикалық, діни ұстанымдары бойынша жіктелді.

Тек діни көзқарастары бойынша Батый ханнан тараған билеуші әулет өкілдері мен оның жақын туыстары, бүкіл Жошының 14 ұлынан тараған сұлтандардың ұрпақтары, сондай-ақ мемлекеттік қызметтегі әмірлер мен бектер арасында ислам дінінен басқа өзге де діндерді - шамандықты, бақсылықты, тәңіршілдікті, пұтқа табынушылықты ұстанушылардың бар болып, олардың да бірнеше топқа бөлінгенін көруге болады. Және де олардың исламнан басқа өзге діндер мен діни сенімдерді ұстанып қана қоймай, өздерінің діни сенімдері негіз болған белгілі бір саяси күштерге ие болғанын байқаймыз.

М.Г.Сафаргалиев осы кезеңде Алтын Ордада шамандықты ұстаған далалық ақсүйектер тобы, қалалық саудагерлер мен дін басыларымен тығыз байланыста болып, исламды ту еткен феодалдық ақсүйектер тобы болғанын айтады[8, 331]. Оның көрсетуі бойынша Елбасар ақсүйектердің алғашқы тобына арқа сүйеген[8, 331].

Елбасардың әскер қолбасшысы және хан өсиеті бойынша тақ мұрагері бола тұра кенеттен қайтыс болып кетуі көп ойларға жетелейді. Оның билікке келмей жатып-ақ, дерек мәліметінде айтылғандай «исламнан басқа өзге діннің бәрін елден қуатындығы туралы ойларының болуы» - оның әкесінен екі жыл ерте қайтыс болуына алып келген деуге болады. Сарайда исламнан басқа өзге діни бағытты ұстанатындар алдын ала қимылдап, Елбасар сияқты тұлғаларды таққа келтірмеуге күш салған. Дегенменде, Елбасардың ойын Тоқта ханнан кейін Сарай тағын күшпен иеленген Өзбек хан жүзеге асырады. Ол Елбасардың жіберген қателігін қайталамау үшін билікке келісімен алғашқы қадамдарын басқаша бастайды.

Осылайша, жоғарыда көтерілген мәселелерді бүгінгі күн тұрғысынан қарастыра келе, мынадай қорытындыларға келеміз. Кеңестік тарихнамада ислам дініне деген көзқарастардың басқаша болуы тарихи үдерістерге обьективті қарауға мүмкіндіктер бермегені белгілі жағдай. Ал қазіргі кезеңде тарихи үдерістерге өркениеттік тұрғыда қарау барлық мәселелерге шынайы қарауға мүмкіндіктер беріп отыр. Дерек мәліметтерін жаңаша қарау арқылы біз, Алтын Орда тарихнамасындағы кейбір мәселелерді, атап айтқанда, Берке ханға қатысты мәселелерде ислам дінінің ерекше рөл атқарғанын көреміз.

Сол сияқты Алтын Орда тарихында мүлде айтылмайтын Тоқтай ханның ұлы – Елбасардың хан тағына отыра алмауының басты себебіне де оның ислам дініне деген көзқарасы жатты деуге негіз бар.

**Әдебиеттер:**

1. Тизенгаузен В. Предисловие. Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды В. Тизенгаузена. Том I. Извлечения из сочинений арабских. СПб., 1884. V-XVI бб.

2. Приложение I. Программа задачи, предложенной Императорскою Академиею Наук в 1826 году. Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды В. Тизенгаузена. Том I. Извлечения из сочинений арабских. СПб., 1884.

3. Приложение II. Программа задачи, предложенной Императорскою Академиию Наук в 1832 году./СМИЗО. Т.I.

4. Березин Н.И. Очерк внутреннего устройства Улуса Джучиева. Труды Восточного отделения Русского Арх. Общества. Т. VIII. -1864.

5. Насонов А.Н. Монголы и Русь : (история татарской политики на Руси) / А. Н. Насонов; Акад. наук СССР. Ин-т истории. - М. ; Л., 1940. - 178 с.

6. Греков Б.Д., А.Ю.Якубовский. Золотая Орда и её падение. – М.-Л.: Изд-во АН СССР, 1950. – 478 с.

7. Вернадский Г.В. Монголы и Русь / Пер. с англ. Е. П. Беренштейна, Б. Л. Губмана, О. В. Строгановой. – Тверь; М.: Леан, Аграф, 1997. – 476 с.

8. Сафаргалиев М.Г. Распад Золотой Орды. Мына жинақта: На стыке континентов и цивилизаций... (из опыта образования и распада империй X-XVI вв.). – Москва:ИНСАН, 1996. – 768 с.

9. Федоров-Давыдов Г.А. Общественный строй Золотой Орды . - М., 1973.

10. Егоров В.Л. Историческая география Золотой Орды в XIII-XIV вв. -М., 1985.

11. Миргалеев И.М. Политическая история Золотой Орды периода правления Токтамыш-хана. - Казань, 2003.

12. Почекаев Р.Ю. Ханы Золотой Орды. - СПб., 2010.

13. Трепавлов В.В. Золотая Орда в XIV столетии. - М., 2010.

14. Варваровский Ю.Е. Улус Джучи в 60-70-е годы XIV века. - Казань, 2008.

15. Из «Сборника лерописей» Рашид ад-дина. 27-79 бб.// В.Г.Тизенгаузен. Одан әрі – СМИЗО. Т.II.

16. Ахинжанов С.М. Кыпчаки в истории средневекового Казахстана. Издание исправленное. – Алматы: Ғылым, 1995. – 296 с.

17. Из «Истории завоевателя мира» Джувейни.20-24 бб.// В.Г.Тизенгаузен. Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды, т. II, М.-Л., 1941.( Одан әрі – СМИЗО. Т.II.)

18. Утемиш-хаджи. Чингиз-наме. / Перевод, транскрипция, текстологические примечания, исследования В.П.Юдина. Комментарии и указатели М.Х.Абусеитовой. – Алма-Ата: Ғылым, 1992 – 296 с.

19. VII. Из энциклопедий Эннувейри. 151-153 бб. // В.Г.Тизенгаузен. СМИЗО. Т.I.

20. Грумм-Гржимайло. Джучиды. Золотая Орда. Мына кітапта: Арабески истории. Кн.I Русский Взгляд. Составитель, редактор серии А.И.Куркчи. М., 1994. 100-146 бб.

21. Әбілғазы. Түрік шежіресі. – Алматы: Ана тілі, 1991, 208 бет.

22. История Казахстана в персидских источниках. III том. Муизз ал-ансаб (Прославляющщее генеологии) /Отв. ред. А.К.Муминов. Перевод с персидского языка, примечанич, подготовка факсимилие к изданию Ш.Х.Вохидова; сост. указателей У.А.Утепбергеновой. – Алматы «Дайк-Пресс» 2006. – 762 с.

23. Шихаб ад-дин ан-Насави. Сират ас-султан Джалал ад-Дин Манкбурны. М. Восточная литература. 1996.

24. Всеобщая история Вардана Великого./ Пер. Н.Эминя. – М., 1861.

25. Армянские источники о монголах. Извлечения из рукописей XIII-XIV вв. / Перевод с древнеармянского, предисловие и примечания А.Г.Галстяна. – М.,1962.

25. VIII. Из летописи Шейха Эльбирзали. 172-175. // В.Г.Тизенгаузен. СМИЗО. Т.I.

26. X. Из летописи Эддзехеби. 200-206.// В.Г.Тизенгаузен. СМИЗО. Т.I.

27. XIV. Из летописи Ибнкесира. 272-277. //В.Г.Тизенгаузен. СМИЗО. Т.I.

28. XVI. Из летописи Ибндукмака. 315-330. // В.Г.Тизенгаузен. СМИЗО. Т.I.

29. XIX. Из истории Ибнхальдуна. 365-394. // В.Г.Тизенгаузен. СМИЗО. Т.I.

30. XXV. Из летописи Бедреддина Элайни. 474-534. // В.Г.Тизенгаузен. СМИЗО. Т.I.

ӘОЖ 94(574)

# МҰСТАФА ШОҚАЙДЫҢ ТАРИХ ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕМЕСІ ЖӘНЕ КЕҢЕСТІК ТАРИХНАМАҒА ҚАТЫСТЫ СЫНДАРЫ

**Әбдіуақап Қара**
*Мимар Синан көркем өнер университетінің профессоры,*
*тарих ғылымдарының докторы*
*Ыстамбұл қ.Түркия*

**Түйіндеме.** *Бұл баяндама Мұстафа Шоқайдың тарих туралы көзқарасын және кеңестік тарихнаманы сынауын қарастырады. Шоқай тарихты ұлттық болмысты қалыптастыратын ғылыми пән деп түсініп, оны сенімді деректерге және тарихшының шындық алдындағы жауапкершілігіне негіздеу қажеттігін атап өтеді. Ол Правда, Известия сияқты кеңестік басылымдар мен партия съездерінің материалдарын дәлел ретінде пайдаланып, кеңес ұлт саясатының өз ұрандарына қайшы келетінін көрсетеді. Шоқайдың пікірінше, кеңестік тарихнама ұлттық қозғалыстарды қаралап, көшбасшыларды "халық жауы" деп айыптау арқылы отарлық саясатты ақтауды көздеді. Оның кеңестік пропагандаы сол режимнің өз құжаттарымен теріске шығаруы, Шоқайдың тарихшылық қызметін ұлттық азаттық күресінің маңызды бір бөлігіне айналдырды.*

***Тірек сөздер:*** *Мұстафа Шоқай, Кеңестік тарихнама, Түркістан ұлттық қозғалысы, идеологиялық манипуляция, дереккөз сыны*

## Методология исторического исследования и критика советской истории Мустафы Чокая

***Резюме****. В данном докладе рассматриваются взгляды Мустафы Шокая на историю и его критика советской историографической традиции. Шокай понимал историю как научную дисциплину, формирующую национальную идентичность, и подчёркивал необходимость опираться на надёжные источники и ответственность историка перед истиной. Используя материалы советской прессы – такие как Правда, Известия, а также протоколы партийных съездов, – он показывал противоречие между советской национальной политикой и её собственными идеологическими лозунгами. По мнению Шокая, советская историография стремилась оправдать колониальную политику, дискредитируя национальные движения и обвиняя их лидеров в "враждебности народу". Его попытка опровергнуть советскую пропаганду с опорой на документы самого режима превратила историческую деятельность Шокая в важную часть национально-освободительной борьбы.*

***Ключевые слова:*** *Мустафа Шокай, советская историография, национальное движение Туркестана, идеологическая манипуляция, критика источников.*

Мұстафа Шоқай тарихты қарапайым оқиғалар жиынтығы емес, ұлттың болмысын, рухын және болашағын айқындайтын зияткерлік әрекет деп санайды. Оның әдіснамасы сенімді деректерді қолдану, оқиғаларды тарихи контекстпен бағалау және бейтарап талдау қағидаттарына негізделген. Шоқай тарихи зерттеудің екі жолын көрсетеді: бірі – объективті деректер мен хронологияға сүйенетін нағыз ғылыми әдіс; екіншісі – деректерді алдын ала анықталған идеологиялық қорытындыға бейімдеп іріктейтін немесе ойдан құрайтын бұрмалаушы тәсіл. Шоқай кеңестік тарихнаманың дәл осы екінші әдіспен жұмыс істейтінін, сол арқылы тарихты ғылымнан айырып, саяси құралға айналдырғанын айтады.[1, 4-5]

Шоқай үшін ұлттық рух (ұлттық рух) пен ұлттық тәуелсіздік – өзара ажырамас екі ұғым; ұлттық рухсыз тәуелсіздік те болмайды, ал тәуелсіздіксіз ұлттық рух кемеліне жетпейді. Сондықтан тарих жазу – ұлт рухын қалыптастыратын ең маңызды тетіктердің бірі. [2, 15-17]

Ұлт өткен кезеңде жіберген қателіктерін білсе, оларды болашақта қайталамайды. Сондықтан тарихшының міндеті – өткенді тіркеу ғана емес, оны қоғам үшін ғибратқа айналдыру. Шоқай тарихтың саясаттандырылмауы керектігін, тарихшының міндеті – халықты жұбату емес, шындықты көрсету екенін мына сөздермен айқындайды: "Бұл өзіміз үшін қаншама ащы әрі күйінішті болса да, ашығын, бүкіл ақиқатын айтқан жөн. Өйткені біздің басты мақсатымыз – жіберілген қателіктерге тағы да ұрынбай, оларды қайталаудан арыла отырып алға жүру ғой"[3, 15]

Шоқай тарихи сабақтастыққа аса мән беріп, Түркістан Мұхтариятын қазіргі ұлттық қозғалыстың бастау көзі ретінде бағалайды. Ол тарихтың болашағы бар халық үшін рухани және саяси бағдар болатынын ерекше атап көрсетеді. Осы орайда ол "*Яш Түркістанда" жыл сайын дерлік "Қоқан автономиясы" мәселесіне қатысты арнаулы мақала жариялап келеміз. Ұлттық қозғалысымыз жолында бүгін тарихқа айналған Түркістан автономиясы қазіргі Түркістан ұлт-азаттық қозғалысының бастау көзі*" дейді [3, 51-52].

Шоқайдың кеңестік тарихнаманың идеологиялық және партиялық табиғатын көрсетуге бағытталған талдаулары оның көптеген еңбектерінде айқын көрінеді. Ол "Большевиктер 'тарихты' қалай жазады?" атты мақаласында Ташкентте орыс тілінде жарық көрген *Орта Азиядағы революция* журналындағы Алексеенконың Қоқан автономиясы жөніндегі мақаласын нақты деректермен жоққа шығарып, оның сегіз мүшенің бесеуін ойдан құрастырып жазғанын дәлелдейді.[4,77-78]

Бұл сынын ол Түркістан Мұхтариятының жылдық еске алуына арналған "Бір ғылыми өтірікке қарсы" атты үш бөлімді мақалалар сериясында тереңдете түседі. Мұнда большевиктік тарихшылардың жүйелі түрде енгізген бұрмалауларын нақты мысалдармен талдайды.[5]

Шоқай "1916 жылғы ұлттық қозғалыс туралы большевиктердің өтірігі" атты мақаласында 1916 жылғы көтерілісті таптық күрес тұрғысынан жаңаша түсіндіруге деген большевиктік талпынысты сынға алады. Оның пікірінше, бұл қозғалыс кеңес тарихшылары сипаттағандай таптық сипаттағы бүлік емес, мәні жағынан – халықтың Ресей үстемдігіне қарсы бағытталған кең ауқымды ұлт-азаттық қарсылығы.[6]

Шоқай кеңестік биліктің Орта Азиядағы саяси және әкімшілік тәжірибесін талдаған Chez les Soviets en Asie Centrale [7] және Туркестан под властью советов: к характеристике диктатуры пролетариата [8] еңбектерінде де тарихи бұрмалаулардың саяси-идеологиялық астарын кең ауқымды контексте қарастырады.

Сондай-ақ Шоқай 1921-1927 жылдары Парижде жарық көрген Воля России, Слово, Социалистический вестник, Последние новости және Дни сияқты басылымдарда жариялаған көптеген мақалалары арқылы кеңестік тарихнаманың бұрмалаушы және идеологиялық сипатын еуропалық жұртшылыққа танытады.

Мұстафа Шоқай кеңестік тарихнаманың партиялық-идеологиялық табиғатын көптеген еңбектерінде ашып көрсетеді. "Большевиктер 'тарихты' қалай жазады?" атты мақаласында ол Алексеенконың Қоқан автономиясына қатысты ойдан шығарылған тұлғалар мен жалған мәліметтерге толы мәтінін нақты деректермен әшкерелейді.[4]

Мұстафа Шоқайдың тарих түсінігі мен әдіснамасының ең қуатты қырларының бірі – оның бағалауларын әрдайым шынайы, тексерілуге болатын және сенімді деректерге негіздеуі. Ол тарих жазуында күмәнді жорамалдарға емес, даусыз фактілерге және ресми кеңестік құжаттарға сүйенуге айрықша мән берген. Ол Правда, Известия және партия съездерінің құжаттары сияқты ресми кеңестік дереккөздерді пайдаланып, кеңес идеологиясының өз ішіндегі қайшылықтарын әшкерелейді. "*Мен партия және өзге де съездердің хаттамаларын, сондай-ақ Кеңес Мемлекеттік Баспа ұйымының материалдарын келтіремін. Мен факт туралы айтамын; әрі ол фактілерді жоққа шығару мүмкін емес, өйткені олардың барлығы кеңестік баспасөздің өзінде жарияланған. Ендігі міндет – оларды қабылдау және мойындау* [8, 24].

Шоқайтанушы ғалым Әбдіжәлел Бәкір атап өткендей, Шоқай пайдаланған деректердің сенімділігі дау тудырмайды; себебі ол көбіне Правда, Известия сияқты орталық

кеңестік газеттерде, сондай-ақ Орта Азия мен Қазақстандағы партиялық және кеңестік органдардың ресми басылымдарында жарияланған материалдарға сүйенген. Осы арқылы Шоқай кеңес билігін сынаған кезде де өз тұжырымдарын сол биліктің ресми құжаттарымен дәлелдеп, берік әдіснамалық негіз қалыптастырған.

Шоқайдың дерекке деген мұқияттылығы оның Түркістан халқының саяси, экономикалық және әлеуметтік тұрғыдан тап болған езгі мен қанауды көрсеткен тұстарында да байқалады. Бұл тұрғыда ол Түркістанның "толықтай тоналып, жаншылғанын" дәлелдеу үшін жеке бақылауларына ғана емес, сол кезеңде ықпалға ие болған Түркістан Коммунистік партиясы қайраткерлерінің – мысалы, Тұрар Рысқұловтың – еңбектеріндегі мәліметтерді негізге алады. Осылайша Шоқай кеңестік жүйені идеологиялық қарсыласу тұрғысынан емес, бірінші деңгейлі дереккөздерге сүйенген ғылыми талдау арқылы сынайды. Шоқайдың өмірінің соңғы кездерінде: "*Алла елімнің тәуелсіздікке қолы жеткенін көруді нәсіп етсе, мен тек саяси үгіт ісімен айналысар едім. Жастар үкімет құрса, мен елімнің тарихы және басқа өлке халықтары туралы кітаптар жазумен шұғылданар едім*" дегенін келтірген Әбдіжәлел Бәкір сонымен қатар оның жалынды публицист болуымен қатар тамаша тарихшы да болғанын да атап өтеді. [9, 249-265]

Айтылғандарды жинақтай келе, Мұстафа Шоқайдың тарих түсінігі мен әдіснамасы ғылыми мұқияттылыққа, бейтараптыққа, адамгершілік жауапкершілікке, ұлттық рухты қорғауға, тарихи жадты сақтау міндетіне, тарихтың болашаққа бағдар беретін күшіне және идеологиялық бұрмалауларды әшкерелеу қажеттілігіне сүйенеді. Оның көзқарасы тарих жазуды әрі ғылыми, әрі ұлттық міндет деңгейіне көтереді. Шоқай үшін тарих – ұлттың өзін тануы ғана емес, сонымен бірге болашағын құруының негізгі құралы. Осы себепті тарихи сана – тек академиялық орта үшін емес, бүкіл халық үшін ортақ құндылық болуға тиіс.

Мұстафа Шоқай кеңестік тарихнаманы болса тек қате немесе көмескі ғылыми әдіс ретінде ғана емес, тікелей саяси манипуляция мен идеологиялық құрал ретінде бағалайды. Оның ойынша, большевиктер тарихты объективті зерттеу саласы ретінде емес, өз билігінің саяси мүдделерін ақтайтын насихат аппаратына айналдырды. Сол себепті кеңестік тарих жазу алдын ала белгіленген саяси қорытындыларға сай келетін деректерді іріктеуге, бұрмалауға немесе ойдан құрастыруға негізделді.

Шоқай сындарының өзегінде кеңес тарихнамасының қасақана ғылымнан алшақтауы туралы тұжырым жатыр. Большевиктер үшін ғылым объективті зерттеу алаңы емес, керісінше таптық күрестің жалғасы саналады. Сондықтан тарих та осы күрестің құралдарының біріне айналады. Шоқай атап өткендей, кеңес тарихшысы оқиғаны сол күйінде баяндауға тырыспайды; керісінше, партия доктринасының алдын ала белгілеп қойған қорытындыларына жету үшін деректерді таңдап алады, бұрмалайды немесе мүлде ойдан шығарады. [1, 5] Кеңес тарихшыларының міндеті – өткенді түсіндіру емес, партия доктринасы талап ететін "қорытындыны" дәлелдейтін материал табу болды. Шоқай мұны тарих ғылымының табиғатына жасалған өрескел бұрмалау деп атап көрсетеді.[10, 276]

Шоқай сындарының тағы бір бағыты – кеңес тарихнамасының ұлттық қозғалыстарды жүйелі түрде қаралау саясаты. Түркістан Мұхтарияты жайлы кеңестік бұрмалаулар – осы идеологиялық тәсілдің айқын көрінісі. Большевик тарихшылары автономияны элита мүддесі үшін жасалған қадам етіп көрсету мақсатында ойдан кейіпкерлер ойлап тауып, болмаған оқиғаларды енгізді. Шоқай бұл әрекеттерді ұлттық жадты өшіруді көздеген жүйелі науқан деп бағалады. Сонымен қатар кеңестік тарихшылар кеңейіп келе жатқан ұлттық қозғалысты жекелеген адамдардың әрекеті ретінде көрсетіп, оның рухани-идеологиялық негізін әлсіретуге тырысқандықта сынады. "*Бізге жала жағып, партия мүшелерінің назарын негізгі себептерден басқа жаққа бұрып жібергісі келеді… Большевик мырзалар Түркістандағы күннен-күнге күшейіп келе жатқан ұлттық қозғалысты жекелеген адамдардың ісі ретінде көрсетіп, оның рухани негізін әлсіреткілері келеді…*"[3, 85-86]

М. Шоқай кеңестік биліктің ұлттық қайраткерлерді әдейі қаралау саясатын анық айыптайды. Оның атап көрсетуінше, қазақ халқының ұлттық бостандығы үшін күрескен,

1916 жылғы оқиғалар кезінде жұртпен бірге майдан шебіне өз еркімен аттанған Ә. Бөкейхан, А. Байтұрсынұлы және олардың серіктері кеңестік насихатта “халықаралық империализмнің малайлары” мен “қазақ халқының қанаушылары” ретінде көрсетілді. Мұндай жалған айыптаулар, әсіресе зұлмат жылдары жүргізілген идеологиялық науқанның құрамдас бөлігіне айналды. [11, 363]

Шоқай өзіне бағытталған қаралау науқандарынан қаймықпай, оларды кеңестік идеологиялық күрестің табиғи көрінісі ретінде бағалайды. Оның айтуынша, большевиктік орыс империализмі өз қарсыластарын қорлау үшін «шоқайшыл-фашистер» секілді жалаға толы жаңа айдарлар ойлап тапқан. Кеңес өкіметі үшін ішкі жаулардың қатарында “троцкийшілдер” мен “фашизмшілдер” аталған топтар тұрса, Шоқай мен оның серіктерінің де сол қатарға әдейі енгізілуі таңғаларлық емес еді. Алайда Шоқай бұл айыптаулардың өзі жүргізіп отырған күрестің нәтижесіз еместігін дәлелдейтінін атап өтеді. Большевиктер қанша тырысса да, Түркістанда орыс империалистік үстемдігіне қарсы ұлт-азаттық қозғалыстың күшейіп келе жатқанының айқын байқалатынына көрсетеді. Оның пікірінше, кеңестік баспасөздің бұл қозғалысты “шоқайшылдықпен” байланыстырып көрсетуге тырысуы – сыртта айтылған ойлардың атамекендегі халық жүрегіне жеткенін және Түркістан ұлттық бірлігі идеясын жалғастырып тұрған рухани байланыстардың беріктігін көрсетеді. Сонымен қатар ол большевиктердің “шоқайшыл-фашистік” айдарын қолдануын ел ішіндегі өсе түскен ұлтшылдыққа және шетелде жарық көрген Яш Түркістан журналының ықпалына қарсы бағытталған идеологиялық шабуылдың бір бөлігі ретінде түсіндіреді.[12, 97-98]

Қорыта айтқанда, Мұстафа Шоқай үшін тарих – идеологиялық мақсатқа икемделетін материал емес, дәлдікке, құжатқа және моральдық жауапкершілікке сүйенетін ғылыми пән. Ол кеңестік режимді сынға алған кезде де тікелей кеңестік құжаттарға, партия съездерінің хаттамаларына және ресми баспасөзге жүгініп, кеңес тарихнамасының бұрмалауларын өздері жасаған деректер арқылы әшкереледі. Оның тарихнамалық ұстанымы – шындықты қалпына келтіруді көздейтін саналы қарсы- тарихнамалық ұмтылыс ретінде ерекшеленеді; ал түпкі мақсаты – Түркістан халықтарының тарихи шындығы мен ұлт-азаттық күресінің заңдылығын ғылыми негізде паш ету.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**


1. Шоқай, M. Bir ‘İlmi’ Yalganga Qarsı (Hokand Muhtariyetinin 14-Üncü Yıldönümü Münasebetiyle) // Яш Түркістан, №25 (1931): 4–11-бет.
2. Бәкір, Ә. Түркістан тәуелсіздігінің жалыңды жаршысы, алғысөз // Мұстафа Шоқай “Яш Түркістан” журналында басылған шығармалары, Үш томдық. 1-т., Алматы: “Арыс”, 2025.
3. Шоқай, М. 1917 жыл естеліктерінен үзінділер // Мұстафа Шоқай “Яш Түркістан” журналында басылған шығармалары, Үш томдық. 1-т., Алматы: “Арыс”, 2025, 3-87-бет.
4. Шоқай, М. Большевиктер “тарихты” қалай жазады? // Мұстафа Шоқай “Яш Түркістан” журналында басылған шығармалары, Үш томдық. 1-т., Алматы: “Арыс”, 2025, 77-78-бет.
5. Мұстафа Шоқай, Бір ғылыми өтірікке қарсы *(Қоқан автономиясына 14 жыл толуына орай)* // Яш Түркістан, 1931, №25, 4-11-бет.; 1932, №26, 5-16-бет.; №27, 4-11-бет.
6. Шоқай, М. 1916 жылғы ұлттық қозғалыс туралы большевиктердің өтірігі // Яш Түркістан, 1931, №24, 4-10-бет.
7. Шоқай, M. Chez les Soviets en Asie Centrale. Paris, 1928, 65-бет.
8. Шоқай, М. Туркестан под властью Советов: к характеристике диктатуры пролетариата. Ғылым, 1993, 89-бет.
9. Бәкір Ә.Қ. Мұстафа Шоқай: Саясаткер. Эмигрант. Ұлы тұлға. Мақалалар жинағы. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2025. – 368-бет.

10. Kara, A. Türkistan Bağımsızlığının Bayraktarı Mustafa Çokay (Cumhuriyetin 100. Yılına Armağan). 1st ed. Türk Kültürüne Hizmet Vakfı, 2022, 359-бет.
11. Есмағамбетов, К. Мұстафа Шоқай шығармаларының толық жинағы. Жинаққа кіріспе. Күреспен өткен өмір. 1-т. Дайк-Пресс: 2012, 544-бет.
12. Шоқай, М. Жауларымыз біз туралы не айтады // Мұстафа Шоқай "Яш Түркістан" журналында басылған шығармалары, Үш томдық. 3-т., Алматы: "Арыс", 2025, 97-98-бет.

ƏOЖ: 811.512:81'27

# TÜRK CÜMHURİYYETLERİNDE VE TOPLULUKLARINDA ORTAK DİL – ORTAK TÜRKÇE SORUNU

**Elçin İBRAHİMOV**[1]
*Карабах университеті Ғылым департаментінің директоры, ғылым докторы, профессор. Азербайжан Республикасы*

***Түйіндеме.*** *Кеңес Одағы ыдыраганнан кейін тәуелсіздік алған түркі республикалары халықаралық деңгейде ғылыми, мәдени және білім беру салаларындағы қызметтерін жандандырып, өздерін барынша таныта бастады. Жаңа тәуелсіз мемлекеттер экономика, ғылым, өнер және басқа да әлеуметтік салаларда әлемге ашылып, халықаралық байланыстарын нығайтты. Бұл үдеріс мемлекетаралық қатынастармен қатар, түркі қауымдары арасындағы ортақ қарым-қатынас, мәдени ықпалдастық пен ынтымақтастық мүмкіндіктерін де едәуір арттырды. Тарихи тұрғыдан түркі халықтары әртүрлі диалектілерде сөйлегенімен, олардың түп-тамыры ортақ болды. XX ғасырдың соңы мен XXI ғасырдың басында өткен конференциялар, симпозиумдар мен құрылтайларда ортақ әліпби, ортақ жазба тілі және ортақ терминология мәселелері үнемі күн тәртібінде тұрды. Сонымен қатар, бір кезеңде қалыптасқан тілдің әртүрлі диалектілер арқылы қарым-қатынас жасауы кей жағдайларда қиындықтар туғызды; мұның басты себебі – түркі халықтарының 70 жыл бойы кеңестік ықпал астында болуы еді. Бүгінде түркі халықтары арасында ортақ әліпби қабылданды. Осы әліпби негізінде алғашқы ғылыми және көркем әдеби шығармалар жарық көріп, білім беру мен бұқаралық ақпарат құралдарында қолданыла бастады. Бұл еңбектер ортақ жазба және қатынас тілінің қалыптасуына зор үлес қосып, түркі қауымдары арасында ортақ тілдің дамуы мен таралуына берік негіз қалады. Аталған жұмыстар ортақ тіл идеясын іс жүзінде жүзеге асыруда маңызды рөл атқарды. Қазіргі таңда Түркия түрік тілі түркі мемлекеттері мен қауымдары үшін ортақ қатынас құралы қызметін атқарып, елдер арасында мәдени, экономикалық және білім беру салаларындағы жоғары деңгейдегі байланыстардың орнауына ықпал етуде. Осы тұрғыдан алғанда, ортақ тіл – ортақ түрік тілі мәселелерін ғылыми тұрғыда зерттеу түркі халықтары арасындағы тұрақты қарым-қатынас пен ынтымақтастық үшін аса маңызды.*

***Тірек сөздер:*** *Түркі республикалары, түркі қауымдары, ортақ тіл, ортақ түрік тілі, қатынас тілі.*

***Özet .*** *Günümüzün küreselleşen dünyasında, Türk topluluklarının bilimsel, ekonomik ve siyasi ilişkilerini geliştirebilmeleri için ortak bir iletişim diline ihtiyaç vardır. Bu sorunun çözümü öncelikle bağımsız Türk cumhuriyetleri arasında gerçekleştirilmelidir, ardından bağımsız olmayan Türk toplulukları için de uygulanmalıdır. Sovyetler Birliği'nin dağılmasının ardından bağımsızlığını kazanan Türk cumhuriyetleri, uluslararası alanda bilimsel, kültürel ve eğitimsel*

[1] Karabağ Üniversitesi Bilim Departmanı Müdürü, E-posta: elchin.ibrahimov@karabakh.edu.az

*faaliyetlerini yoğunlaştırarak kendilerini daha görünür hâle getirmeye başladılar. Yeni bağımsız devletler ekonomi, bilim, sanat ve diğer sosyal alanlarda dünyaya açılarak uluslararası ilişkilerini güçlendirdi. Bu süreç, sadece devletler arası ilişkileri değil, aynı zamanda Türk toplulukları arasında ortak iletişim, kültürel etkileşim ve iş birliği olanaklarını da önemli ölçüde artırdı.*

*Tarihsel olarak Türk halkları farklı lehçelerde konuşmuş, ancak kökenleri ortak olmuştu. 20. yüzyılın sonları ve 21. yüzyılın başlarında düzenlenen konferanslar, sempozyumlar ve kurultaylarda ortak alfabe, ortak yazı dili ve ortak terminoloji konuları sürekli gündemde oldu. Aynı zamanda, aynı dönemde oluşmuş dilin farklı lehçelerde iletişim kurması bazı durumlarda zorluklar yaratıyordu; bunun başlıca nedeni 70 yıl boyunca Sovyet etkisi altında kalmaktı.*

*Artık Türk halkları arasında ortak alfabe kabul edilmiştir. Bu alfabe ile ilk bilimsel ve edebi eserler basılmış, eğitim ve basın alanlarında kullanılmaya başlanmıştır. Bu eserler, ortak yazı ve iletişim dilinin oluşmasına büyük katkı sağlamış ve Türk toplulukları arasında ortak dilin gelişimi ve yayılması için sağlam bir zemin yaratmıştır. İşte bu çalışmalar, ortak dil fikrinin pratiğe geçirilmesinde önemli bir rol oynamıştır.*

*Günümüzde Türkiye Türkçesi, Türk devletleri ve toplulukları için ortak bir iletişim aracı rolü üstlenmekte ve ülkeler arasında kültürel, ekonomik ve eğitim alanlarında yüksek düzeyde ilişkilerin kurulmasına hizmet etmektedir. Bu bağlamda, ortak dil – ortak Türkçe sorunlarının bilimsel olarak araştırılması, Türk halkları arasında sürekli iletişim ve iş birliği için hayati öneme sahiptir.*

***Anahtar kelimeler:*** *Türk Cumhuriyetleri, Türk toplulukları, Ortak dil, Ortak Türkçe, iletişim dili.*

## The issue of a common language – common turkic in turkic republics and communities

***Abstract****. In today's globalized world, there is a need for a common language of communication for Turkic communities in order to enhance their scientific, economic, and political relations. The solution to this issue should first be implemented among the independent Turkic republics and then extended to Turkic communities that are not independent. After the collapse of the Soviet Union, the newly independent Turkic republics began to increase their visibility on the international stage by intensifying their scientific, cultural, and educational activities. These new independent states opened up to the world in fields such as economy, science, art, and other social spheres, thereby strengthening their international relations. This process not only enhanced inter-state relations but also significantly expanded opportunities for communication, cultural interaction, and cooperation among Turkic communities.*

*Historically, the Turkic peoples have spoken different dialects, yet their linguistic roots have remained common. At the end of the 20th century and the beginning of the 21st century, issues such as a common alphabet, a common written language, and common terminology were consistently discussed in conferences, symposiums, and congresses. Meanwhile, communication among speakers of different dialects developed during the same historical period has sometimes been challenging, primarily due to 70 years of Soviet influence.*

*Today, a common alphabet has been adopted among Turkic peoples. Using this alphabet, the first scientific and literary works have been published, and it has begun to be used in education and the media. These works have made significant contributions to the formation of a common written and communication language and have created a strong foundation for the development and spread of a common language among Turkic communities. These efforts have played an important role in putting the idea of a common language into practice.*

*At present, Turkey Turkish functions as a common means of communication for Turkic states and communities and contributes to the establishment of strong cultural, economic, and educational relations among these countries. In this context, the scientific study of issues related to a common language – Common Turkic is of vital importance for maintaining continuous communication and cooperation among Turkic peoples.*

***Keywords:*** *Turkic Republics, Turkic communities, Common language, Common Turkic, language of communication.*

**Giriş**

Günümüz dünyasında küreselleşme süreçlerinin hızlanması, bilgi akışının yoğunlaşması ve devletler arası karşılıklı bağımlılığın artması, diller arası iletişimin stratejik önemini daha da artırmıştır. Bu bağlamda, geniş bir coğrafyaya yayılmış Türk dünyasının karşısındaki en temel meselelerden biri – farklı siyasi yapılara ve kültürel koşullara sahip Türk halkları arasında ortak bir iletişim dilinin oluşturulmasıdır. Türk halkları tarih boyunca geniş bir alana yayılmış, çeşitli tarihsel ve toplumsal süreçlərden geçmiş, farklı kültürel təsirlerle karşılaşmış və bunun nəticəsində birbirinden belirli ölçülerde farklılaşmış lehçe ve ağızlar gelişmiştir. Buna rağmen Türk dillerinin ortak kökeni, temel söz varlığının büyük ölçüde benzerliği ve yapısal yakınlığı, Türk halkları arasında ortak bir dil oluşturulmasını hem mümkün hem de gerekli kılmaktadır.

Sovyetler Birliği'nin dağılması ve 1991 yılından itibaren Azerbaycan, Kazakistan, Kırgızistan, Özbekistan ve Türkmenistan'ın bağımsızlıklarını kazanması, Türk dünyasında yeni bir siyasi ve kültürel dönemin başlangıcını oluşturmuştur. Bu devletler bağımsızlık sonrasında uluslararası ilişkilerde konumlarını güçlendirmeye, bilimsel, kültürel ve eğitim alanlarında daha görünür olmaya başlamışlardır. Aynı dönemde Rusya Federasyonu, Çin, İran ve diğer coğrafyalarda yaşayan Türk toplulukları da Türk dünyasıyla ilişkilerini güçlendirme yönünde daha aktif girişimlerde bulunmuşlardır. Böylece günümüzde Türk halklarının karşılıklı ilişkileri yeni bir aşamaya yükselmiş, bu aşamanın en önemli unsurlarından biri dil birliği ve ortak iletişim ağı olmuştur.

Türk halkları arasında dil birliği meselesi tarihsel açıdan yeni değildir. 19. yüzyılda İsmail Gaspıralı'nın "Dilde, fikirde, işte birlik" şiarıyla ortaya koyduğu kültürel ve fikrî program, 20. yüzyılın başlarında Türk dünyası aydınlarının en önemli hedeflerinden birine dönüşmüştü. 1926'da Bakü'de düzenlenen Birinci Türkoloji Kurultayı, ortak alfabe, ortak yazı dili ve ortak terminoloji meselelerini ilk kez geniş bir bilimsel platformda tartışmaya açmış, ancak dönemin siyasi koşulları bu çabaların uzun vadeli olarak somut sonuçlara dönüşmesine izin vermemiştir. Sovyet yıllarında Türk halkları birbirinden bilinçli bir şekilde uzaklaştırılmış, her cumhuriyet için farklı dil politikaları üretilmiş, Rusça fiilî ortak iletişim dili olarak kabul ettirilmiştir. Bu durum zamanla Türk dilleri arasındaki karşılıklı anlaşılabilirliği azaltmış, ortak bilimsel ve kültürel çalışmaların önünü kısıtlamıştır.

Bağımsızlık döneminde ise özellikle Türkiye, Azerbaycan ve diğer Türk devletlerinin girişimleriyle ortak alfabe konusu yeniden önem kazanmış ve belirli ölçüde somut ilerlemeler kaydedilmiştir. Latin harfli ortak Türk alfabesi, çağdaş dönemde hem teknolojik uyum hem de kültürel yakınlaşma açısından güçlü bir zemin oluşturmuştur. Son yıllarda birçok Türk devletinde Latin alfabesine geçiş ya tamamlanmış ya da önemli ölçüde ilerlemiştir. Böylece ortak dilin oluşumu için gerekli ortografik ve teknik altyapı güçlenmiştir.

**Summary**: The Turkic world covers an area of approximately 20 million square kilometers, equivalent to the size of two Europes. Within this area live dozens of different Turkic peoples, separated by thousands of kilometers, who have not seen or interacted closely with each other for millennia, yet still share common fundamental cultural roots. These Turkic peoples, along with their neighboring and brotherly peoples who share this geography, form a social and cultural ecological structure. This social and cultural ecological structure is called the Turkic world. The secret to the formation of the Turkic world and its existence over thousands of years and across distances exceeding miles lies in its being a self-sufficient civilization in almost every aspect. This civilization is not, as Orientalists have often described it, an agricultural or settled civilization. The civilization of the Turkic world is a way of life based on animal husbandry and grazing, established in pastures and winter grazing areas by the landowners, primarily according to the season, climate, number of animals, and the condition of the grazing lands. This is not a "nomadic" lifestyle as mistakenly perceived and labeled by Westerners and Orientalists influenced by them. It is a civilization different from agriculture, where it is known who will be where, when, and for how long. This civilization is not entirely detached from agricultural civilizations either. Just as agricultural and settled civilizations visited nomadic herders in their pastures and wintering grounds for trade purposes, nomadic herders also came into contact with settled people for trade and interacted with them in many different ways and for various purposes. The aim of this study is to reveal the established patterns in the formation and development of the pastoral civilization we call the Turkic world, through the communication and interactions established via the aforementioned trade routes, and to open these patterns for discussion.

**Keywords**: Turkic world civilization, Turkic cultural ecology, pastoral civilization, agricultural civilization, regular trade routes

Ulusların oluşumunda vurgu çoğunlukla dile dolayısıyla edebiyata yönelik olarak yapılır. Dil ve edebiyatın kültürün oluşumunda ve gelişiminde ne kadar önemli olduğu son derece açıktır. Ancak dili ve edebiyatı kültürün en temel dinamiklerine indirgeyen bu yaklaşımlar coğrafyayı ve ona bağlı faktörleri dikkate almayarak meselenin çok önemli bir kısmını tartışmanın dışında bırakmaktadırlar. Nitekim büyük mütefekkir İbni Haldun yüzyıllar önce "coğrafya kaderdir" diyerek kültürlerin oluşumundaki coğrafya faktörüne dikkatleri çekmesinin de temel nedeni bu eksiklik olmalıdır. Bir coğrafyanın sahip olduğu imkanlar ve imkansızlıklar o coğrafya üzerinde oluşan ve gelişecek olan kültürleri doğrudan doğruya etkiler ve şeklillendirir. Bu temel kabuller doğrultusunda Türk dünyasının oluşup şekillenmesinde doğrudan tesir eden ticaret yollarını ele almayı amaçlayan çalışmamızın konusunun ne kadar geniş olduğu tartışmasız bir biçimde açıktır. Ancak konunun böyle belirlenmesinin amacı ticaret yolları ve Türk dünyası fenomenini bütüncül bir biçimde verebilmektir. Üstelik bütüncül bir biçimde sözü edilen zaman ve mekan bakımlarından Türk dünyasının her zaman yekpare bir yapı olmaktan uzak olduğunu da dikkate almaktadır. Dahası aynı zamanda ve hatta yakın coğrafyalarda bile eşzamanlı olamayan gelişmelerin varlığı da gözden ırak tutulmamalıdır. Konumuzun sınırlandırmasına dair içerdiği temel kaygılarımızı ve buna istinaden belirlediğimiz sınırlarımıza böylece işaret ettikten sonra konumuza geçebiliriz.

Bilindiği gibi Türk kültürünün prehistorik en erken dönemlerinde Güney Sibirya ormanlarıyla Altay dağları arasındaki bölgede toplayıcı, avcı, balıkçı, çapayla ilkel bahçe tarımı gibi hayat tarzlarını takiben "malcı gelişim çizgisi" diyebileceğimiz "göçerevli" sosyo-kültürel yapı ortaya (Çobanoğlu 2001) çıkar. Bir başka ifadeyle Güney Sibirya ormanlarıyla Altay dağları arasında yaşayan Türk topluluklarının büyük bir kısmı ataerkil hiyerarşik bir kültürel yapı içinde "Kök Tengri" dini anlayışında "it", "bürküt", "ren geyiği"ni evcilleştirerek avcılıktan yavaş yavaş

hayvancılığa geçmişlerdir. Göçerevli hayat tarzı veya konar-göçer hayvancılığa geçiş "soyup yesen bir günlük sağıp sütünü içsen bin günlük" diyen Kazak atasözünün de açıkça ifade ettiği gibi bir yönüyle besin kaynaklarını daha önceki hayat tarzlarına nazaran çok daha emin bir biçimde kontrol altına almıştır. Doğal olarak besin kaynaklarındaki bu göreceli olarak çok daha rahat ve kontrol alış ve protein niteliğindeki artış öncelikle ormanda yaşayan toplayıcı-avcı anaerkil "Umay tengriçe"ci topluluklar olarak yaklaşık 15-20 civarından kişiden oluşan grupları, hayvancılık ve avcılıkla uğraşan 350-400 kişilik gruplara dönüştürmüştür. Bu bağlamda, ormanların olmazsa olmazı ren geyiğinin yerine geçen "at"ın evcilleştirilmesi hem yanı başlarındaki uçsuzz bucaksız "bozkır" başta olmak üzere gittikçe genişleyip çeşitlenen hareket kabiliyetlerini hem de daha nitelikli hayvancılık imkanlarını ortaya çıkarmıştır. Bunun bir sonucu olarak gittikçe artan hayvan sürüleri açısından "ormandan" mera olarak uygunluğu bakımından "bozkıra" çıkış bir zorunluluk haline gelmiştir. Bu amaçla, bozkıra çıkanlar konar-göçer veya göçerevli hayat tarzını tesis etmişlerdir. Bozkırda tesis edilen yaylak ve kışlak hayatıyla birlikte, it, bürküt ve ren geyiğinin yanı sıra koyun, keçi, sığır, at, devenin hatta yer yer "yak" adlı hayvan da beslenen evcil hayvanlara katılmıştır. Bozkırda muayyen "yaylak " ve "kışlak"lar arasında göçerevli yaşamanın yolu, bozkırın yaylak ve kışlaklarının paylaşıldığı "yağma" ve "çapul" karşı örgütlenmektir. Bu da devlet demektir. Ancak devlet otoritesi bozkırda barışı sağlayabilir. Bu bağlamda, barış ve devlet için gereken barışı ve bozkırın konar göçerleri üstünde merkezi devlet otoritesini sağlamak amacıyla "kutsal kağanlık" ideolojisi (Yıldırım 1991: 520) ve Türk devlet geleneğini biraz da mecburen oluşturmuşlardır. Bir başka ifadeyle Türk devleti, bozkırda barışı sağlamak amacıyla ve hayat için olmazsa olmaz bir zorunluluk olarak kurulur.

Coğrafi olarak tarihi, "Kuzey-Doğu Türkistan" olarak adlandırabileceğimiz günümüz Moğolistan'ın ot ve suya sahip en büyük ovası olan "Ötüken" il tutulacak yer olarak Kök tengrinin kut vererek tahta oturttuğu kutsal kağanlarca seçilmiştir. Hiç şüphesiz bu seçimde ot ve suyun yanında Ötüken'in hemen önünde yer alan devasa çölün sağladığı güvenlik hattı süpriz Çin saldırılarından emin oluş ve gerektiğinde ta Sayan dağlarına ve Tuva'ya kadar çekilişe imkan veren dağ geçitleri ve ırmak boyları da etkili olmuş olmalıdır. Bu özellikleriyle Ötüken'in tercihi ve inşası, aynı zamanda kutsal kağanın göğe ağdığı gökten gönderilenlerin geldiği kutsak geçit ya da "göğün kapısı"nın kağanın mutlak kontrolü altında bozkır tipi devletin temel merkezileştirme ve otoritenin meşruiyetini kaynağını "ilahi" olana irca etmekten başka bir şey değildir. Hun, Köktürk, Uygur, Kırgız hanedanları başta olmak üzere Türk kültür tarihinin bu erken dönem formasyonu Manihezim, Budizm, Hristiyanlık, Musevilik ve İslamiyet gibi yad kökenli dinler kabul edilerek millet hayatına tesir etmeye ve ulusal bütünlüğü dağıtmaya başlayınca "kutsal kağan Oğuz" kültü etrafında yeniden bir "il-teriş" süreci adeta merkez-kaç bir kuvvet olarak ortaya çıkarak yaklaşık son 1500 yılda millet hayatımızın ana akış çizgisini oluşturmuştur. Bu bağlamda, Dede Korkut hikâyeleri (Ergin 2014), işte tam da bu hülasa ederek anlattığımız sürecin nerdeyse bütün temel özelliklerini aksettiren çok buud ve boyutlu anlatılar denilebilir ki millet hayatımızın en azından yaklaşık 7-8 bin yıllık macerasının bir çok safhasını içeren adeta "karakutu"sudur. Daha önce de işaret ettiğimiz gibi, Dede Korkut anlatılarında yansıyan ekonomik hayatın temel karakteri göçerevli bir yaylak-kışlak hayatıdır. Sosyal ve kültürel hayatın adeta sosyal fermanları (social charter) niteliğindeki atasözlerinin hükümlerine göre, beslenilip güdüldüğünde zaman içinde "bey"lenilmeyi getireceği gözüyle bakılan koyun sürüleri, Türk dünyasının günümüzde de en prestijli besini olarak karşımıza çıkan "şaşlığ"ın kaynağıdır. Hemen her merasimde "aygır"ların kırılarak dağ gibi et yığılacak at, coğrafi imkanlar bakımından nerdeyse ancak günümüz Kazakistan'ı gibi Batı Türkistan ve tarihi Deşti Kıpçak'ta bulunabilirdi. Bu gıda sistematiğini aynen tamamlayan diğer unsur olan ve yaklaşık yılın yarısında "et"in yerini alarak "kurut" ve "süzme"yle birlikte esas gıdaya dönüşen "kımız" da Batı, Kuzey-Doğu Türkistan, Deşti Kıpçak ve Güney Sibirya'daki sosyo-kültürel ve ekonomik bağlamların yansımasından başka bir şey değildir.

Kısaca, göçerevli ekonomik yapı temel ihtiyaçları nedeniyle kendi kendine yeterlidir. Bu bağlamda, temel maddi kültürel ihtiyaçları bakımından kendi kendine yeterli yapı Türk uygarlığının var oluş nedeni ve kuruluş zeminidir. Buna göre, et, süt, kemik, boynuz, deri, kıl, tüy,

mayıs veya gübre, yün ve yapağı gibi ham maddeler; bozkırın göçerevli hayatını mümkün kılan veya olmazsa olmazlarının temel kaynaklarıdır. Bunlardan sadece "deri"ye işaret etmek konuyu gözler önüne sermeye yeterlidir. Deriyle, son 60-70 sene içinde kullanılmaya başlayan petrolden elde edilen poliüretanla üretilen, elimizdeki su şişelerinden, suluktan, belimizdeki kemerlere kadar hemen hemen nesneyi üretmek mümkündür. Her türlü hayvan koşumu, geminden, palanına, eğerine, semerine varıncaya dek deriden yapılıyordu. Aynı şekilde, tulumundan, suluğa, çarığa, börke, çadıra, çakşıra, kaftana kadar hemen her türlü kap, kacak, içine konulacak saklanacak araç-gereç deriden üretilebilir. Kısaca, hemen her türlü maddi kültürel ihtiyaca cevap veren deri bizim yeryüzünde en büyük üreticisi olduğumuz bir nesnedir. Tıpkı derideki üstünlüğümüz gibi, yün, yapağı, kıl kaynaklarıyla keçe, ip, halı, kilim, kumaş üretimi hem evlerimizi örtüp dayayıp döşediğimiz, hem de kılık kıyafetimizi hazırladığımız fevkalade zengin hammadde kaynaklarımızdır. Bu örnekleri kemikten elde edilen "düğme"den, efsanevi yaylarımızın "namlu üstüne namlu" yapımını mümkün kılan "tutkal"a kadar hemen her ham madde için uzatıp hayatın hemen her safhasında kullanılan araç-gereç örnekleri vermemiz mümkündür. Son olarak bu araç ve gereci üretenlerin tarih sahnesine Altay'ın "demirci"leri olarak çıkan ve demir ve diğer metalleri bilen, eriten, döken, döğen bir millet olduğuna işaret etmemiz de yarar vardır.

Bu maddi kültürel olarak kendi kendine yeterli yapıyı bir "akın" veya "doyum"larla, iç ve dış "yağma"larla elde edilenler; "haraç" olarak gelenler eklendiğinde Dede Korkut anlatılarına yansıyan ekonomik refahın kaynağı ve sürekliliği daha rahat anlaşılır. Bu tabloya eklenmesi gereken bir ekonomik girdi olarak "sürek avları" et kaynağını çeşitlendirmesinin yanısıra sahip olduğu sosyo-kültüreli askeri ve idari gizli açık işlevleriyle son derece önemli bir fenomen olarak karşımıza çıkmaktadır.

Bu bağlamda Türk dünyasının tarihsel olarak kuzey-güneye aksında Çin, Tibet hatta Hint coğrafyaları arasında sosyal, kültürel ve ekonomik ilişkilerin varlığı en eski ve belirleyicidir. Özellikle Çin ile olan iletişim ve etkileşim Çoular devrinden itibaren Kuzey Çin'i ele geçiren ve devlet kuran Türk varlığıyla bilinmektedir. W. Eberhard'ın (1942) tespitlerine göre Çoular dönemi Çin mitolojisi ve dinsel düşünsel yapısının bile ağırlıklı olarak Türklerden etkilenmesiyle yenilenecektir. Taoist ve fyayı adeta dışarda bırakarak çok büyük bir eksikliğe Konfüçyonist yenilenmeler çok büyük ölçüde Çoular döneminde gerçekleştirilecektir. Ancak bu inanılmaz gibi görünen başarılarına rağmen Çoular daha sonraları pek çok farklı hanedan ve Çinde kurulan Türk devletlerinin akıbetini yaşayacak yavaş yavaş kültür değişmeleriyle Çinlileşerek tarih sahnesinden çekilip yok olacaktır. Nitekim çok sonraları Göktürk Kağanlarının ifade ettiği gibi Çinliler yeryüzünde henüz "kültür" sözü bile yokken "kültürel assimilasyon silahını icat etmişler ve başta biz Türkler olmak üzere defalarca kullanmışlardır. Nihayet kötü komşunun insanı mal sahibi yapması gibi Türk Kağanlarının da zaman içinde Çinlilerin "kültürel assimilasyonu" bir imha silahı olarak kullanmasının farkına vardığını ve Bilge Kağan'ın ifadesiyle "tatlı sözlerle kandırıp malın daha iyisini daha ucuza vereceğim diyerek yakınına getirip kondurup, adından kadınına kadar Çinlileştirerek assimile ederek yok edişleri yazıtında tekrar tekrar ihtar ve ikaz etmesinin nedeni budur. Bir başka ifadeyle henüz kültür sözü icat bile edilmemişken "kültürel assimilasyonu" bir kitlesel imha silahına çevirip maharetle kullanan Çinli komşumuz Türk Kağanlarının da en az onlar kadar "kültürel assimilasyon" ve "kültürel kimlik konusunda bilgili bilgeler olmasının yolunu açmıştır.

Yerleşik bir hayat yaşayan ve tamamen tarımcı bir uygarlık olan Çin'e karşı Türkler toplayıcılık, avcılık ve balıkçılık aşamalarından sonra hayvancılıkla birlikte Sibirya Ural-Altay üçgeninden ulu Dalaya, büyük bozkıra çıkarak tamamen kendilerine ait özelliklere sahip olan hayvancı, konar-göçer bir uygarlık oluşturmuşlardır. Dahası Türk uygarlığı Çin uygarlığının, tarımcı uygarlıkların tam anlamıyla bir antitezi olarak tarih sahnesine çıkmıştır. Çin'in kutsal gök kültüne bağlı olarak Göğün oğlu olarak nitelendirilen imparatoru devletindeki herkesi "kölesi" olarak kabul etmektedir. Bu husus sanırım Türklerin Çin uygarlığından adeta nefret edercesine kaçmalarının en temel nedeni olmalıdır.

Bu nedenle kutsal Gök tanrı'nın kut verdiği kağanların yerle göğün arasını bulandıracak unsurlardan kaçınarak töreyi tutması organizasyonlarını ona göre yapması esastır. Bu bağlamda

Türkleri Çinlilere benzetecek düğmelerden, tepeden tırnağa farklı ve kendileri olmalarını sağlamaya yönelik özel bir anlayışın ortaya çıktığını söylemek mümkündür. Bozkıra çıkıp yaylak ve kışlak hayatı yaşamak ancak barış varsa sürdürülebilir bir yapıdır. Bundan dolayı kut bulup başa geçen her kağanın ilk işi "töre"yi tutup yasal yapıyı düzene sokmak olacaktır. Güney Sibirya ile Ural-Altay hattından ulu dalaya çıkan ve kendi kendine yeterli maddi ve manevi kültürel temellere sahip bu ilk katman ya da "çak" veya zaman "kıp-çak"lıktır. Tanrının görevlendirdiği kağanlarla merkezi bir dinsel otorite kimliğiyle de bozkıra yayılan bu yapılan son derece barışçıldır. Ancak kendisine saldırılırsa kendini savunan barışı ön planda tutan bu yapılanış yaklaşık 3.500 yıllık bir geçmişe Tunç Çağının başlangıcına kadar (Frye 2009) gider.

Tunç çağı ile başlayan ipeği ve ona bağlı ticaretin (Anderson 2019) zaman içinde evrensel bir fenomen olan İpek Yolu'na dönüşmesi göreceli olarak çok daha (Haussig 1997: Wood 2004) yenidir. Milattan önce 500'lerde resmen başlamış olduğu düşünülürse 2500 yıldan söz ediyoruz. Yeryüzünün Çin ve Roma gibi iki yerleşik tarımcı imparatorlukları arasında her ikisiyle de rekabet etmeye çalışan Perslerin mücadeleleri bu döneme damgasını vurur. Dahası kanaatimizce önce Ötüken'in ve daha sonra da Yesi'nin kağanlığın yeni merkezlerine dönüşmesi İpek Yolu mücadeleleri ve bu ticaretten Türklerin de pay istemesiyle doğrudan ilişkilidir. Mitolojik geçmişinden hareketle Oğuz Kağan Kıpçaklığın tersine "üniversalizme" veya "cihan hakimiyeti"ne yönelen bir dünya görüşünü esas alan Oğuzluk olgusunun ortaya çıkmasını sağlayacaktır. Dahası İpek Yolu'nda hem hakimiyet hem de ele geçirilen yerlerde ticaret erbabını koruyup kollayan ücretine mukabil hizmet eden adeta "göçerevli rabat"lar gibi ya da "rabat"ların gelişine kadar bu işleve sahip Oğuz boylarının çoğunlukla İpek Yolu güzergahları üzerinde yer alması da bu değişim ve dönüşümün en önemli kanıtı olarak görülebilir.

Sonuç olarak Türk dünyasının Ural-Altay Güney Sibirya başlangıcından sonra ulu bozkırda kurulan konar göçer hayvanı Türk uygarlığının ilk katmanı Kıpçak hayat tarzıdır. Kıpçak hayat tarzını İpek Yolunun ortaya çıkmasından sonra Oğuz hayat tarzı ve katmanı takip edecektir. Bu iki gruplaşmalar Ortaçağ'da eski şekillerini kaybederek gittikçe birbirlerine benzeyen yapılaşmalara dönüşecektir. Türk dünyası ve onun tamamen kendine has özelliklere sahip medeniyetinin bozkırda tesis ettiği devletlerini var eden yaylak-kışlak merkezli millet hayatımızın temel ekonomik dinamiklerinin tamamını özellikle de ticaret yolları ki bunlar içersinde dünya ve insanlık ölçeğinde bir fenomen olan İpek Yolu dikkate alınmadan anlaşılmasına imkan yoktur.

## Kaynakça


Anderson, James.(2013).Daily Life Through Trade: Buying and Selling in World History, Greenwood Publisher.

Çobanoğlu, Özkul. (2001). "Türk Mitolojisi."Türk Dünyası Edebiyat Tarihi, 2001, Ankara: Atatürk Kültür Merkezi Yayınları, C.I, s.1-85, 473-479.

Eberhard, Wilhelm.(1942).Çin'in Şimal Komşuları. Ankara: TTK Yayınları.,

Ergin, M.(2014).Dede Korkut Kitabı I, Ankara: TDK Yayınları.

Frye, Richard N.(2009). Antik Çağlardan Türklerin Yayılmasına Orta Asya Mirası, (çev. F. Tayanç, T. Tayanç), Ankara: Arkadaş Yayınevi.

Haussig, Hans Wilhelm.(1997).İpek Yolu ve Orta Asya Kültür Tarihi, (çev. M. Kayayerli, Kayseri: Geçit Yayınevi .

Wood, Frances.(2004). The Silk Road: Two Thousand Years in the Heart of Asia,

University of California Press, California.

Xinru, Liu.(2010).The Silk Road in World History, Oxford University Press, Oxford.

Yıldırım, Dursun. (1991). "Köktürklerde Kağanlık Süreci; Kaldırma, Kötürme ve Oturma." XI. Türk Tarih Kongresi Bildirileri. Ankara: Türk Tarih Kurumu Bas., s. 519-530.

ӘОЖ 94 (574)

# ТҰЛҒА ЖӘНЕ ТАРИХ

**Рысбеков Тұяқбай Зейітұлы**
*Тарих ғылымдарының докторы, профессор,*
*ҚР ҰҒА құрметті академигі.*
*М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті,*
*Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қаласы*

***Түйіндеме.*** *Тұлғаның тарихтағы рөлі – бұл күрделі философиялық мәселе. Тұлғалар тарихи процесті жылдамдатуы болмаса баяулатуы мүмкін. Тұлғаның тарихтағы рөлі объективті әлеуметтік заңдылықтар мен адамның субъективтік сапаларының өзара іс-әрекеті негізінде қарастырылады.*

***Тірек сөздер:*** *Тұлға, тарихи процестер, заңдылықтар, сапалар.*

***Резюме.*** *Роль личности в истории это сложная философская проблема. Личности могут ускорить или замедлить исторические процессы. Роль личности в истории рассмотривается как результат взаимодействие объективных социальных закономерностей и субъективных качеств человека.*

***Ключевые слова:*** *Личность; исторические процессы; закономерности; качества.*

Тарихи сананың жаңа бетбұрысы Қайта Өрлеу дәуірінде басталып, Тұлғаның мәдени және рухани өмірінде ерекше орын ала бастады. Тұлға деген түсініктің өзі адамның әлеуметтік және рухани табиғатын ұғыну XVII ғасырдан бастау алады.

Тарихтың жолын ой елегінен өткізу – Тұлғаның ондағы рөлі жөніндегі біршама сұрақтарды алға тартады. Атап айтқанда, тұлға тарихтың барысын өзгерте алды ма? Осындай өзгеріс болмай қалуы мүмкін ба еді, әлде сөзсіз болуға тиісті ма еді? Тұлғасыз не болар еді және т.б.

Гегельдің айтуы бойынша “ұлы тұлғалар өздігінше тарихи шындықты жасай алмайды, олар тек оның болмай қоймайтын дамуын аша алады. Олар дүниежүзілік рухтың сенімді адамдары бола алады” [1, б.30].

Көп уақытқа дейін қоғамның материалдық өмірінің жүйесіндегі басты күш – материалдық игілікті өндіру тәсілі. Өндірістік процестің басты күші еңбекшілер болғандықтан, қоғамның тарихы ең алдымен өндіріс күштерінің, еңбекші бұқараларының тарихы болып табылады. Тұлғаны жасайтын, оны ілгері жылжытатын халық деп саналды.

Адамдар тарихты субъективтік заңдылықтарға сәйкес басқарады. Кейбір ғалымдардың пайымдауынша, «халық - дараланған және бытыраңқы» ұлы көпшілік, тобыр. Ал тарихта шешуші және анықтаушы бастама индивидтер емес, халық болып табылады. Тұлға (жеке адам) әрқашан да өзінің өсіп тұрған топырағына тәуелді ағаш сияқты халыққа тәуелді. Тұлғаның әлеуметтік күші оның халықпен байланысында. Алайда халықтың ойын сезімталдылықпен «тыңдауға» тек кемеңгер ғана қабілетті. Сонымен қатар халықтың күші, тұрмыстық қуаты мен өзін таныта білу бірлікті талап етеді. Халықтың бірлігі өз кезегінде біріңғай орталықты, өзінің ақылымен және тәжірибесімен көрнекті адамды, халықтың мемлекеттік рухы мен құқықтық еркін білдіретін кісіні талап етеді. Қысқасы, халық дана көсемге мұқтаж болады.

Тарихи қызметінің барысында тұлғаның мықты және осал жақтары білінеді. Бұлардың қай-қайсысы да кей жағдайда зор әлеуметтік мәнге ие болады және ұлттың, халықтық, кей жағдайда адамзаттың тағдырына әсерін тигізеді. Сондықтан да мемлекет басында кемеңгер, қуатты ақыл-парасаты, үлкен еркі, өз мақсатына жету жолында табанды, қоғамдық жаңалықтармен, идеялармен, байыта алатын адам қажет. Адамзат баласының тарихы жоғары аренаға көптеген тұлғаларды алып шықты. Олардың кейбіреуі өз халқын

биікке көтерсе, басқалары былық пен бассыздықтың, масқаралық пен күйреудің иіріміне душар қылды.

Қазақтың ескі хан сайлауын еске түсірейікші. Онда бір-біріне бұра тарту деген жоқ. Хан - халқының қазығы, қорғаны, беделі. Оларға әр заманда сол уақыттағы ханға қайсыбір кемшіліктерін тайсалмай бетіне айтатын Бұхар жырау, Махамбеттер болғаны жөн. Олар өз қызметінде «тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» ұстанымын берік ұстанатын.

Ал біз бүгін қандаймыз: жалтақпыз, жарамсақпыз, жасқаншақпыз, көбіміздің бойымызды құлдық психология жайлаған. Сондықтан өтірік айтамыз, қолдан тұлға жасауға әзірміз. Көптеген тұлғалар көзінің тірісінде өз бағаларын ала алмайды. Абайша айтқанда: «біздің қазақтың көзінің тірісінде өсектен аманы жоқ, өлгеннен кейін жаманы жоқ». Көзінің тірісінде басындағы уақытша бағы мен астындағы тағының арқасында жарамсақтармен қолдан жасалған у «тұлғалардың» түптің түбінде тарихта қалмасы анық. Ендеше, тұлға өз бағасын толық алу үшін уақыт керек, бұл әсіресе, билік басындағы тұлғаларға тікелей қатысты.

Адам баласының өмір жолы оның тағдырын өзгертетін әртүрлі өмір деректік уақиғаларға толы болады. Өмір жолы - адамның тұлға ретіндегі даму тарихы. Өмірдеректе тек лауазым, рөлдер, қоғамдық қатынастардың ғана тарихы орын алмайды, сонымен қатар маңыздысы еңбек болып табылатын әртүрлі іс-әрекеттердің даму тарихы болады. Өмір жолының әр адамда ерекшелігі мен қайталанбастығы болғанмен олардың бәріне ортақ тарихи оқиғалар мен бүтіндей әлеуметтік ахуалдарды бастан кешіреді. Сондықтан да әрбір адам өмір жолында көпшілікке ортақ бірнеше жас кезеңдерінен өтеді. Олар: балалық (тәрбие, оқу және даму), жастық шақ (оқу, білім және қатынас), жетілу (тұлғаның кәсіби және әлеуметтік өз тағдырын шешуі, жанұя құру және қоғамдық пайдалы қызметтерді іске асыруы), қарттық (жанұясындағы белсенділігін сақтай отырып, қоғамдық пайдалы және кәсіби қызметтен кетуі).

Адамның өмір жолының тұтастығын қамтамасыз ететін жоғары жеке бастың құрылымдары сана-сезім, белсенділік, психологиялық жетілу және тұтастықпен байланысты.

Адам оның өмірлік жолында іске асырылады; екіншіден, тұлғаның өмірлік жолы оның ұдайы дамуымен, қозғалуымен, өзгеруімен байланысты; үшіншіден, өмір жолы әр адамның жеке тарихы ретінде оның өзімен жасалады; төртіншіден, өмір жолының қайталанбастығы, бірегейлігі жеке адамның өз бойына даралық субъектік, тұлғалық ерекшелікті жинақтауымен анықталады. Сондықтан да адамның өмірлік және кәсіби жолын түсіну үшін ең алдымен оның өзіндік, яғни жеке адамға, тұлғаға тән қасиетін білуіміз қажет.

Тұлға - бұл адамның қоғамдық қатынастарда қалыптасатын және оның қоғамдық маңызды қызметі мен мінез-құлқына себепші болатын ерекше қоғамдық сапасы мен қасиетін белгілейтін тиянақты оның жасаушысы. Тұлға болып адам тумайды. Оның қалыптасуы, оның әлеуметтенуінің, сол қоғамның тәжірибесі мен құндылық бағдарларын игеру барысында іске асады.

Тиянақты тарихи мазмұны жағынан қоғам мен тұлға біртұтас. Әрбір қоғамдық жүйе өз тұлғаларын қалыптастырады. Тұлға мен қоғамның өзара іс-әрекетінің тарихи даму позициясы тұрғысынан екі өзара байланыстағы және қарама-қайшы бағыттағы тенденциялардың әсері білінеді: тұлғаның тәуелсіздікке бағытталған тенденциясы мен оның қоғамнан тәуелділігін күшейту тенденциясы қоғам дамыған сайын, бір дәуірден екінші дәуірге, бір өркениеттен жетілген сатыға өту жағдайында біртіндеп адамдардың әлеуметтік рөлі өсе түседі, оның өмірі мен жеке басының қызметінің маңызының құндылығы арта түседі. Адам өз өмірін басқару құқығына ие болады.

Тұлғаның үдемелі дамуы әрқашан да көп жоспарлы болып келеді. Тұлғаның адамгершілігі жетіледі. Адамгершілік прогресінің жалпы тарихи гуманистілік, өзара қатынас, ізгілік пен зұлымдықтың қақтығысы және оны жеңу, индивид пен қоғамның өзара қатынасы, тұлғаның моральдық сана-сезімінің жетілуі мен эмоциялық-адамгершілік байлығының, т.т. деңгейі болып табылады.

Тұлға екі заңдылықтың әрекетінің нәтижесінде қалыптасады жеке дамиды. Біріншісі, тұлғаның әлеуметтік ортаға тәуелділігі; екіншісі, оның ішкі белсенділігі.

Тұлғаның қалыптасуы мен дамуының негізгі заңдылықтарына сәйкес оның негізгі бағыттары анықталады. Олар - әлеуметтену және даралану. Бірінші жағдайда адамның әлеуметтік жүйеге шоғырлануы, алдыңғы ұрпақтың (әкелер, аталар, бабалар) әлеуметтік тәжірибесін ұғыну іске асырылады. Екіншісінде, адамның өзінің биологиялық және психикалық ерекшеліктерімен, жеке әлеуметтік қоршаған ортаның өзгешелігімен келісілген даралық белгілері дамытылады.

Алайда, ескеретін жағдай, адам тек қоғамның заңдылықтарына ғана бағынып қоймайды. Ол - өзгертуге, болмаса жоюға күші келмейтін табиғаттың заңына да бағынады. Бұл жағдай адамның бостандығы жөніндегі мәселені туындатады. Бостандық - адамның өзінің мақсаттары мен мүдделеріне сәйкес іс-әрекет жасау мүмкіндіктері мен тәсілдері.

Тұлғаның ашылуының ұстанымдары (принциптері):

1. Саналы түрде ойлану тәсілдеріне ие болу, өз ойындағысын жоспарлап, іске асыру.
2. Әрбір істің негізінде идея жатыр. Ойға алынған нәрсе ғана орындалады.
3. Ой адамның өзінің, болмаса сыртқы дүниенің әсерімен соқыр сезімде қалыптасады және дамиды.
4. Соқыр сезім - өмірдің құрылыс алаңы және жанның жұмыс орны ретінде әрбір ойды іске асыруға тырысады.
5. Ойдың кішігірім сәулесі алаулаған жалынға айналады.
6. Өсетіндердің барлығы азық қажет етеді. Ойдың азығы - шоғырлану.
7. Саналы болмаса жете түсінбей шоғырлану өмірлік күштердің қорын жасауға мүмкіндік береді.
8. Сезім мен ойдың арасындағы қайшылықта әрқашан да алғаш- қысы жеңеді.
9. Сезім шоғырлануды тапжылмай бағыттау мен күшейтуге кө- мектеседі.
10. Мақсатты шешімнің қабылдануы көңілді кез-келген тандап алынған мәселеге аударуға көмектеседі.
11. Күштің қосылуы көңіл аударады. Көңілдің болмауы - олардың қайтуы.
12. Келісім күштерді белсендіруге мүмкіндік береді. Бас тартудың нәтижесінде өмірлік күштер таусылады.
13. Ұдайы бір идеяның қайталануы алдымен оны нанымға, ал содан кейін сенімге айналдырады.
14. Наным іс-әрекетке итермелейді. Шоғырлану жетістікке алып барады. Игерілгенді қайталау шеберлікке алып келеді [3, б. 10].

Тұлғаның мәні оның әлеуметтік сапаларымен анықталады. Олардын бағытына әрбір тұлғаның шынайы мәні тұжырымдалған. Тұлғанын бірнеше түрі кездеседі*: біріншісі - жасампаз*. Олар үшін өзін-өзі танытудың негізгі тәсілі қоғамды жаңартуға ерен еңбегімен үлес косу болып табылады; *екіншісі - тұтынушы*. Бұл адамдардың өзін-өзі көрсетудің негізгі жолы жағдайына қарай рухани және материалдық игіліктерді мүмкіндігінше пайдалану, оларды жинау; *үшіншісі - қиратушы*. Бұл бағыттағы адамдар фашистік диктаторлар, қылмыскерлер, бұзақылар [2, б. 22].

И.В. Гете «бірдеңе жасау үшін біреу болуға тиістісің» деп айтқан. Ұлы болу үшін ұлылық жасауың керек. Егер басқалардан ешқандай айырмашылығың болмаса саяси лидер болу мүмкін емес. Өйткені қабілет пен дарын сенімді шақырады [4, 15-16-б].

Тағы да бір көңіл аударатын жағдай - ұлы дәуірлер ұлы адамдарды дүниеге келтіреді деген орынсыз сияқты. Өйткені олар сол дәуірдің тапсырысы бойынша келетін сияқты болып шығады.

Тарих тұлғаларды ұсынады, ал тұлғалар өз кезегінде тарихты анықтайды [5, 38-4-б].

Адамның әлеуметтенуінің үш кезеңі бар - мектеп кезеңі, кәсіпке ие болу және еңбекке араласуы.

Тұлғаның түрлерінің әртүрлі классификақиясы бар: «қайраткерлер», «ойшылдар», «сезім мен эмоцияның адамдары», «гуманистер мен сопылар». Біріншілері – дүниені, өзі мен басқаларды өзгертетін белсенділер. Олардың қатарына дәрігерлер мен ұстаздарды, инженерлер мен менеджерлерді, жауынгерлер мен колөнершілерді жатқызуға болады. Олар жұмыста «жанып» тұрады, еңбекқор.

Ойшылдар – бұлар дүниеге тиянақты іспен айналысуға емес, ойлану, толғану үшін келеді. Осылар – рухани прогрестің қолдаушылары.

Сезім мен эмоцияның адамдары дүние мен адам баласының барлық күтпеген жағдайларына қатты күйзеледі. Бұлар суретшілер мен ақындар.

Гуманистер мен «сопылар» – риясыз адамдар. Олар баскаларға түскен ауыртпалықты сезінеді, басқаларға көмек көрсетуге асығады. Бұл адамдардың мәнін «жақсылық жасауға асығыңдар» деген ұстаным аша түседі [2, б. 23-24].

Гуманист Шәкәрім Құдайбердіұлы әрбір адамның қоғамдағы ұстанатын этикалық нормалары білім мен өнер арқылы тиімді екендігін поэтикалық ойлармен көрсетеді. «Адамдық борышың: халыққа еңбек қыл. Ақ жолдан айнымай, ар сақта, оны біл. Талаптан да, білім мен өнер үйрен. Білімсіз, өнерсіз болады ақыл-тұл» [6. 18-б]. Шәкәрім Құдайбердіұлының демократиялық идеялары қазақ қоғамындағы тұлғаның лидерлік рөлі, ақыл мен парасаттылық категориялары арқылы ерекше жағдайларда оң шешімін табады.

Мәселен, қазақтың билер институтының кемеңгері, данышпан шешен, жырау Бұхар Қалқаманұлы өзінің лидерлік қасиетін Тәуке ханның билік қызметке енген кезеңінде беделді би болуымен қатар қазақ халқының бірлік-ынтымағын сақтау үшін атақты билер Төле Әлібекұлы, Қазыбек Келдібекұлы, Әйтеке Байбекұлымен қауымдасып, қазақ елінің әдет-ғұрпы негізінде жасалған тұңғыш праволық нормаларының юриспруденциялық жиналымын «Жеті жарғы», «Тәуке хан заңдары» аталатын еңбекті ғылыми әлемдік айналымға енгізді.

Осы фактілер лидерлердің қоғамдағы рөлінің ауқымдылығын көрсетумен қатар, олар қазақтың хандық билігін нығайтуға мемлекеттік деңгейде үлес қосуына гуманистік парасат пен кемеңгерлік қасиеттерді толыққанды меңгергендігінің жағымды көрсеткіші болып табылады [7, 202-б].

Белгілі орыс философы Н. Леонтьевтің пікірінше: «Тұлға болып туылмайды, тұлға болып қалыптасады». Тұлғаның тағы маңызды сипаттамасы - адамгершілігі, тұлғаның рухани мәні болып табылады. Қытай ойшылы Конфуцийдің пікірінше, адамгершілік, ізгілік бірінші кезекке қойылған, олар адамзат өмірін жақсартушы, жаманшылықтан құтқарушы санаттар түрінде қарастырылады. «Адамгершілік бар жерде, өмір қызықты, әрбір ақылды адам, оның жағалауына қонуына ұмтылады» деген екен Конфуций. Халық – дария, одан батыр да, ақын да, дана да шығады. Халық – Отан тұғыры, ел іші – кеніші, көп қорқытады, терең батырады. Рухсыз халық тобырға айналып кетуі мүмкін. Ұлы данышпан бабамыз Абай айтқандай, «көпте ақыл жоқ». Өркениет тарихына көз жүгіртсек, тек рухты халықтардың аты қалған. Немістің ұлы ақыны Гете: «Жаныңдағы жақсыны жоғалтсаң, орны толар, арыңды жоғалтсаң, өңің солар, ал ерлігіңді жоғалтсаң, барыңды біржола жояр» деген екен.

Қазақ халқының тарихында мәңгілік із қалдырған әл-Фараби, Қ. Яссауи, Төле, Әйтеке, Қаз дауысты Қазыбек би, Абылай хан, Ш. Уәлиханов, А. Құнанбаев, Ы. Алтынсарин, Ә. Бөкейханов, М. Дулатов, М. Жұмабаев, А. Байтұрсынов, С. Торайғыров, М. Шоқай, Қ. Сәтбаев, тағы басқа біртуар тұлғаларды күллі қазақ әрқашан да мақтан қылып, кейінгі ұрпаққа өнеге тұтады. Әр заманның өз тұлғасы бар. Өз кезінде қоғамға, оның идеясына, қоғамдағы үстем саясатқа қызмет еткендер де жеткілікті [2, б. 26].

Қорыта келе айтқанда әртүрлі мәдениет пен өркениет тұлғаның өзіндік түрлерін қалыптастырады. Қалай дегенмен де тарихқа сол кезеңге лайықты керемет қабілеті, жоғары кәсіби сапасы бар адамдар қажет. Тарих объективті заңдылықтарға сәйкес іс істеуші адамдармен жасалады. Олардың бытыраңқы әрекет жасамауы үшін біртұтас орталық қажет. Ал оны іске асыратын лидер, халықтың көсемі, данышпан басқарушы. Әл-Фараби

айтқандай, мұндай басшы кезінде халық бақытты өмір сүреді. Көрнекті тұлға тарихи заңдылық, қажеттілік шеңберінде әрекет жасайтынын ұмытпау керек. Бірақ бұл жағдай бұзылса, ол әлеуметтік дамудың кедергісіне айналады.

Тұлға мен қоғам арасындағы өзара қатынаста адамның құқығы мен бостандығына ерекше көңіл бөлінеді.

**Әдебиеттер:**

1. Гегель Г. В. Ф. Философия истории/соч., т. VIII, Москва-Ленинград: Соцэкгиз, - 1935, - б. 30.

2. Рысбеков Т. З. Тарихи тұлғалар: уақыт және өмір жолдары. - Алматы: "Абзал-ай", 2014, - 528 б.

3. Энкельманн Н. Власть мотивации: харизма, личность, успех. - Москва: Интер-эксперт, - 2014, - 272 с.

4. Гандилов Л. Роль личности в современной истории Казахстана и Азербайжана // Роль личности в истории. Материалы МНПК, - Астана, - 2000, - с 15-16.

5. Бурханов К. История и личность – личность и история // Сонда, б. 38-41.

6. Сәтбаева Ш. Шәкәрім Құдайбергенов. - Алматы: Білім, - 1990, - 49 б.

7. Ерғазы Қ. Қазақ қоғамындағы лидерлердің феномені // "Тарихтағы тұлғалар рөлі", ХҒТК материалдары, - Астана, - 2007.

ӘОЖ: 811.512.1'373:003.349

## КӨНЕ ТҮРІК БІТІГ ЖАЗУ ТАҢБАЛАРЫНЫҢ СЕМАНТИКАСЫ

**Молдабай Т.**
*Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті,*
*Қазақстан, Астана қ. E-mail: talgatmoldabay@mail.ru*

**Аннотация:** Язык – фундамент культуры. Цель культуры показать себя другим и добиться признания. Презентация самого себя (трансляция) находится на первой позиции в истории культуры и цивилизации.

Десятки этносов, корни истории которых начинаются с глубины веков, генерировали систему культуры «язык – мысль - письменность». Этот процесс показывает духовную созидательность этого народа. Основная идея данной темы – показать, что древние тюрки являлись катализатором коренной культуры, основателями рунической письменности, являющейся неотъемлемой частью древнетюрской культуры. Определение огромного влияния древнетюркской культуры и письменности на субкультуры Евразии. В данном статьи рассмотрено основе внешней особенности письменности проанализировать знаки древнетюркской письменности с семиотической стороны, на основе внутренней особенности письменности с семантической стороны проанализировать связь между знаком и его значением, доказать автохтонное происхождение древнетюркского рунического письма

**Abstract:** Language – the foundation of culture. The purpose of culture is to present itself to others and gain recognition. Presentation of itself (translation) has historically been the prime goal of any culture or civilization.

Dozens of ethnic groups, origins of which go back centuries, have experienced the cultural system of «thought – speech – writing». This process represents spiritual creativity of nation.Basic idea of this topic – to show that Old Turkic people were a catalyst for native culture, who developed runic writing, which is an integral part of old Turkic culture. This is an

identification of a great impact of Old Turkic culture and writing on subcultures of Eurasian land. In this article we to make comparative examination and analysis of preservation of internal and external features of formation periods of Sumerian and Egyptian writing and culture, that have been developed in minor Asia on indigenous basis, and the similarity to formation of letters in Old Turkic writing.

**Қысқартылған сөздер:** КТБ – көне түрік бітіг, КТЖБ – көне түрік бітіг жазуы

Жазу тарихының теориясын қалыптастырған атақты ғалымдардың пікірінше жазудың сыртқы ерекшелігіне (внешный форма) қарағанда жазудың ішкі ерекшелігі (внутренней форма) өте маңызды. Себебі, сыртқы ерекшеліктің өзгеру мүмкіндігі ішкі ерекшелікке қарағанда жоғары болып келеді. Яғни, жазу таңбаларындағы ұқсастық жазу мағынасындағы (пиктографиялық, идеографиялық кезеңде), фонетикалық дыбысталуындағы (буындық, алфавиттік кезең) ұқсастыққа қарағанда бейімделуі тезірек қалыптасады [1: 47]. Жазудың сыртқы ерекшелігі И.Гельбтің пікірі бойынша алдамшы долбарға (априорны) ұрындырады. Оған мысал ретінде ол көне түрік бітіг жазуының Семит жазуына негізгі ұқсастық ретінде көне түрік бітіг жазуымен алғаш жұмыс жасаған ғалымдардың дауысты дыбыстардың қолданылмауы (сөздің басында, ортасында) негізге алынғандығын, кейін оның алдамшы долбар болып шыққандығына тоқталады [2]. Расында да, жазудың сыртқы ерекшелігіндегі ұқсастық ішкі ерекшелігіндегі ұқсастықтармен үйлесім таппаса бұл жұмыстың дәлелділігі көңілге кірбің ұялатады. Бірақ, бұл жазудың сыртқы ұқсастықтарымен санаспау деген мағына бермеуі керек. Салыстырмалы тұрғыда екі жазудың ұқсастықтарын ең алдымен осы сыртқы пішіндік ерекшеліктер арқылы жүргізу керек.

Көне түрік бітіг жазуы құрылымындағы дауысты дыбыстар таңбаларының болуы бұл жазудың «вокалдық» жазу екендігін білдіргенмен, олардың қолданылуы жалпы көне түрік бітіг жазуының алфавиттік жазу екендігіне күмән тудырады. Себебі, бұл дауысты таңбалармен қатар үндесім заңдылығына бейімделген дауыссыз таңбалардың, буындық таңбалардың болуы бұл жазудың алфавиттік жазуға қарағанда силлабикалық жазуға көбірек ұқсайтындығын меңзейді. Бұған тарихи деректік тұрғыда дәлел болатын құжат бар: А. Фон Лекок тарапынан ғылыми айналымға енгізілген Шығыс Түркістаннан табылған Тойок I манускрипті [3: 1048-1052]. Бұл манускриптіде көне түрік бітіг жазуы әліпбиілерінің манихей жазуымен оқылуы көрсетілген фрагменті болып табылады. Манихей әліпбиімен көрсетілген КТБ жазуы әліпбилерінің транскрипциясы берілген.

Расында да, бұл фрагменттің маңызы ерекше. Себебі, егер В.Томсен көне түрік бітіг жазуының кілтін таппағанда, бұл құжат арқылы көне түрік бітіг жазуының кілті бәрібір табылған болар еді. Дегенмен, бұл түпнұсқа құжаттың тарихи маңызы әлі жоғары. Бұл құжатта көне түрік бітіг жазуы әліпбиінің реті және оқылымы көрсетілген.

Әрі көне түрік бітіг жазуы әліпбиіндегі дауысты дыбыстарды білдіретін: /a, ä/; /i, ï/; /o, u/; /ö, ü/ таңбалары 4 графем, 8 фонем ретінде қабылданса да жазу тарихының даму кезеңдерінің бірінде бұл таңбалардың жеке бір буынды сөзді білдірген бе деген ойға жетелейді. Оған дәлел ретінде көне түрік бір буынды сөздер қорында /ï/ «өсімдік,  /u/

«ұйқы», /ö/ «ой» (ДТС, 375), ö→ög→ögüt – «талқылау, ақыл-кеңес» т.с.с. сөздердің кездесуі болып табылады [4; 5]. Расында да КТБ жазуын, мәтіндерін зерттеген көптеген ғалымдардың көне түрік бітіг әліпбиі жүйесінде орын алған /oq/, /aj/, /eb/, /at/ /aŋ/ таңбаларының түріктерге тән екендігін мойындайды. Бұл КТБЖ таңбалары жазу дамуының алғашқы сатысында-ақ көшпелілер өміріндегі мәнімен тікелей байланысты аталса керек. Яғни, графика мен сөздің мағынасы үндесіп тұр: «оқ», «ай»,  «еб» (үй),  «ат»,

«ағ» (қармақ, ау). Бұл таңбалардың түркілердің өз туындысы екендігін КТБЖ кілтін тапқан ғалым В.Томсеннің өзі де мойындаған болатын [6].

***Көне түрік таңбаларына семиотикалық, семантикалық талдау***

Ескі түрік әліпбиінің дауыссыз таңбаларынан бастайық:

а) Еріннің қатысына қарай жасалатын дауыссыздар: B b[1]; b b[2]; m m; p p;

1. B b[1] таңбасы Енисей мәтіндерінде  нұсқада [7; 8], Орхон мәтіндерінде  нұсқада [9; 10], басқа аймақтық мәтіндерде  нұсқада белгіленген [11; 12]. Бұл графемнің сөздегі буындық айтылуы ab/ba; yb/by. YB /baš/ бас; iDRB/bardy/ барды, кетті; NDUB /budun/ халық;

Бұл графеманың пішіні имек сызық түрінде жасалған. Түп негізі бас пішінін білдіретін таңбасы /sag/ деп оқылып

«бас, басшы» деген мағына берген. Кейін бұл таңба жазудың даму кезеңіне байланысты фонограммаға өткен кезде графемалық тұрғыда жазуға ыңғайлы болу мақсатында көз бен екінші қабатты сызықтары жойылған. Яғни, графемалық формаға енген [13]. Енисей мәтіндерінде жантайған түрлері де кездеседі. Еуразиялық далалық аймағындағы петроглифтерде бұл графеманың түрлі нұсқалары таңба түрінде көптеп кездеседі  . Көне түрік алфавитінде бұл таңба бастың жоғарғы жағы төмен келтірілген түрде графемалық сыйпат алған, бірақ алғашқы идеографиялық мағынасының алғашқы буынын фонемалық тұрғыда сақтаған. Көне Шумер сызбалық

жазуларындағы негізгі ұқсастық идеограммалық мәні мен графеммалық тұрғыда бастың мойыны болып саналатын сызық бөлігінің ұзын түрде сақталуы болып табылады. Дәл осы сияқты пиктографиялық таңбаларды қытай жазба тарихында да кездестіруімізге болады. бұл көне қытай иероглифінде «бала» мағынасын береді және баспен бірге кеуде мен қолды да қамтыған. идеограммалары «бас болу, басшылық жасау» мағыналарын білдірген [14]. Қазіргі қазақ тіліндегі «бас» сөзі көне түрік руникасындағы «ба» фонемалық бірлікті білдіретін B графемасымен үйлесімділік тауып, семантикалық тұрғыда үйлеседі және ағылшын тіліндегі chief «басшы» сөздеріндегі маңынасымен сәйкес келеді. Көне семит әліпбиі графемасы res деп оқылып «бас» мағынасын береді. Көне түрік бітіг жазуындағы бұл әріпті пехлеви-аршакид жазумен салыстырып қарастырған ғалымдар графемалық және фонемалық тұрғыда пехлеви-аршакид /b/ таңбасы көне түрік бітіг әліпбиіндегі b фонемасын беретін B /b[1]/; b /b[2]/ екі таңбаның бірі B /b[1]/ әрібімен ұқсас екендігін анықтаған. Өз бастауын семит алфавитінен алған пехлеви-аршакид жазуының /b/ таңбасы семит алфавиті негізінде шыққандығы қарастырылады. Демек, семантикалық тұрғыда мәні таңбалық мәнімен астасқан көне түрік B /b[1]/ әрібінің пехлеви-аршакид жазуынан шықты деу салыстырмалы тұрғыда дұрыс болғанмен жазудың даму эволюциясы тұрғысында ғылыми негізге қайшы келеді.

2. b /b[2]/ Енисей мәтіндерінде  нұсқада [7; 8], Орхон мәтіндерінде  [9; 10] нұсқада, басқа аймақтық мәтіндерде  [11; 12] нұсқада белгіленген. Бұл графемнің сөздегі буындық айтылуы eb/be; ib/bi. Yb /beš/ бес; nib /ebin/ үйін; irub /böri/ бөрі, қасқыр;

b /b[2]/ таңбасының семантикалық мәніне үңілетін болсақ /eb/ «үй, шатыр» мағынасын беретінін мажар ғалымы Рона-Таш атап өткен болатын (Кесте 1) [11].




*Кесте 1 - /б/ таңбасының трансформациялануы*

Сызбада көріп отырғандағыдарыңыздай КТЖ әліпбиіндегі b /b$^2$/ таңбасы жазу дамуының алғашқы сатысында сурет немесе идеографиялық жазу кезеңінде қалыптасқан. Таңбаның графикалық кескіні мен алғашқы кезеңдегі мәні бір-бірімен мазмұндық тұрғыда үйлесіп тұр. Таңба көне түріктердің (жалпы далалық көшпелілердің) шатыры бейнесіндегі суреттен алынған және алғашқы мағынасы да «еб», яғни, «үй» мағынасын береді. Кейіннен жазудың даму эволюциясы барысында буындық таңбаны білдіріп /eb~be/ «еб~бе» буынын білдірсе, кейіннен қарапайым графемалық таңбаға айналған және /b/ «б» фонемасын білдірген.

3. m /m/ «м». Енисей мәтіндерінде нұсқада [7; 8], Орхон мәтіндерінде  нұсқада [9; 10], басқа аймақтық мәтіндерде  нұсқада белгіленген [11; 12]. Бұл графемнің сөздегі буындық айтылуы am/ma/em/me; im/mi/ym/my. Kgm (e)mg(e)k; iTm (a)mty; етістіктің соңында жалғау түрінде де кездеседі: mditb b(i)tid(i)m; smL (a)lm(y)š;

Жазу тарихы ғылымы тұрғысынан жазу таңбаларының семантикасы ұшбырышы негізінде жасалған талдау кестеміз (Кесте 2 қараңыз).




*Кесте 2 – Автохтонды негізді жазуларға жасалған семантикалық талдау және көне түрік бітіг жазу таңбалары семантикасы*

Жазу тарихы ғылымында қолданылған бұл жазу таңбасының семантикалық талдауының үшбұрышы деп аталатын бұл талдаудың негізгі танымы төмендегі кестеде көрсетілген (Кесте 3). Жазу таңбасының суреттік болмысы (архетипі негізінде), оның жазу таңбасы ретіндегі фонологиялық бірлігі, жазу таңбасы шыққан суреттің сол этнос танымындағы атауы негізінде түзілген. Жазу тарихы ғылымы бойынша автохтонды негізді жазулардың барлығы дерлік суретті жазудан бастау алуы керек. Әлемдегі жазу таңбаларының ұқсауы қалыпты жағдай. Себебі, әлемдік жазу таңбаларын құраушы

негізгі фонд шамамен 50 таңба айналасында шоғырланған. Сондықтан жазу таңбасы толық ұқсау үшін оның графикалық ұқсастығымен қатар оның дыбысталуында, яғни, фонологиялық бірлігі де ұқсауы қажет. Сол кезде ғана толық жазу таңбасы бір-біріне толық ұқсайды деген қорытынды жасай аламыз. Ендеше, осы күнге дейін көне түрік бітіг жазуының шығу тегіне қатысты ғылыми зерттеулердегі графикалық ұқсастық, қос таңбамен берілген үндесім дауыссыздары таңбасының тек біреуінің ұқастығын негізге алу, кейбір таңбалардың айнадағы шағылысу (зеркальный отражение) негізіндегі ұқсастықтар сияқты ұқсастықтар іздеу әрекеттері жазу тарихы ғылымы тұрғысынан негізсіз деп саналады. Мысалға көне түрік бітіг жазуында ᛚ, ᛇ, ᛏ графемалары, ᚺ, ᛋ, ᛗ, ᛚ графемаларының бір таңбаның түрлі шағылысуы нәтижесінде пайда болғанын байқауға болады. Бұл көне түрік жазуы таңбаларының шағылысу негізді ұқсастықтарының мүмкін еместігін көрсетеді.

*Кесте 3 – Жазу таңбасы семантикасының үшбұрышы талдауының танымдық негізі*

Көне түрік графикасы таңбаларына жүргізілген семантикалық талдау жұмысымыздың негізгі өзегін құрайды. Біз осы зерттеуіміз арқылы көне түрік тілі мен жазу таңбалары арасындағы арақатынасты анықтап, көне түрік бітіг жазуының түркілердің төл туындысы екендігін анықтауға тырыстық. Осы мақсатта көне түрік бітіг жазуы графикасының 37 таңбасына талдау жасалды. Әрине, бұл талдаулардың барлығын бір мақалаға сыйдыру мүмкін емес болғандықтан, біз негізгі бірнеше таңбаға тоқталдық. Тарапымыздан жүргізілген палеографиялық зерттеулер нәтижесінде жалпы көне түрік бітіг жазуы графемаларының архетиптері анықталды. Түрік бітіг жазуы графемаларының барлық бірліктерінің архетипі сонау тас дәуірінен бастап ерте ортағасырға дейінгі кезеңде дала көшпелілерінің өмір сүру аумағында көптеп кездеседі. Бұл көне түріктердің өз алфавитін жасауға толық мүмкіндігі бар екендігінің бірден-бір айғағы. Көне түрік бітіг жазуы таңбаларына жүргізілген семантикалық талдау нәтижесі көрсеткендей, бұл жазу таңбаларының көне түрік тілімен, танымымен терең байланысты екендігі анықталды. Сонымен қатар әр жазу графемасының архетипінде суретті жазу белгісі бар және сол таңбаның трансформациялануы да жазу үлгілерінде терең байқалады. Ал көне түрік бітіг жазуының көне түрік тілінің фонологиялық жүйесіне, тілдік ерекшелігіне қарай жасалғандығын көне түрік бітіг әліпбиіндегі үндесім дауыссыздары таңбаларынан, буындық таңбаларынан, логографиялық таңбаларынан анық байқауға болады. Үндесім

дауыссыздары атты бір фонеманы екі графемамен беру дәстүрі әлемде басқа ешбір жазу үлгісінде жоқ. Демек, көне түрік бітіг жазуы түрік халқының төл жазуы, түгел түркінің құнды мұрасы деп сеніммен айта аламыз.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**


1 Фридрих И. История письма. – М.: Наука, 1979. – 464 с.

2 Гельб И. Е. Опыт изучения письма (Основы грамматологии) / пер. с англ. Л. С. Горбовицкой, И. М. Дунаевской; ред. и предисл. И. М. Дьяконова. – М.: Радуга, 1982. – 366 с.

3 Le Coq A., von. Kokturkisches aus Turfan. Manuskript-Fragmente in kokturkischen “Runen” aus Toyoq und Idiqut-Schahri (Oase von Turfan) // SPAW. – 1909, IX-XI. – S. 1048- 1052.

4 Манкеева Ж.А. Реконструкция первичных корней глагольных основ казахского языка. – Алма-Ата: Ғылым, 1991. – 154 б.

5 Ескеева М.Қ. Көне түркі және қазіргі қыпшақ тілдерінің моносиллабтық негізі. – Алматы: Арыс, 2007. – 360 б.

6 Thomsen V. Samlede Athandlinger III («Remargues sur l`origine de l`alphabet»). – Kobenhavn, 1922. – P.65-83

7 Кызласов И.Л. Древнетюркская руническая письменность Евразии. – М., 1990. – 179 с.

8 Васильев Д.Д. Графический фонд памятников тюркской рунической письменности азиатского ареала (Опыт систематизации). – М., 1983. – 158 с.

9 Жолдасбеков М., Сартқожаұлы Қ. Орхон ескерткіштерінің толық атласы. – Астана: Күлтегін, 2005. – 359 б.

10 Сартқожаұлы Қ. Байырғы түрік жазуының генезисі. -Астана: Арыс, 2007. – 304 б.

11 Rona-Tas A. On the development and origin of the east turkic runic script // Acta Orient. Hung.– 1987. – T. 12. – P. 7-14

12 Байчоров С.Я. Древнетюркские рунические памятники Европы. – Ставрополь, 1989. – 250 с.

13 Barton G. A. The Royal Inscriptions of Sumer and Akkad. – New Haven, 1929.

14 Ahmet C.E. Eski türk yazısının menşeği. – İstanbul: Devlet Basımevi, 1938. – 194 s.



ӘОЖ 82:316.3


## ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРҒА НЕГІЗДЕЛГЕН ТӘРБИЕ МЕН БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ҚАҒИДАЛАРЫ


**Қыдыршаев Абат Сатыбайұлы,**

*Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің Қоғамдық даму департаментінің директоры, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Педагогикалық ғылымдар академиясының академигі,*



***Түйіндеме****.Мақалада бүгінгі қоғамның рухани жаңғыруының басты шарты тұрғысында ұлттық құндылықтар ұлт тәрбиесінің негізі ретінде қарастырылған. Сәйкесінше ұлттық құндылықтарға негізделген тәрбие мен білім беру жүйесінің*

*қағидалары нақтылы дерек көздеріне сүйеніле таразыланған. Нәтижеде ұлттық құндылықтар белгілі бір халықтың тарихи тәжірибесі мен дүниетанымынан туындаған рухани-мәдени мұралар жиынтығы үлгісінде сараланған.*

***Тірек сөздер:*** *Ұлттық құндылықтар, ұлттық сана, ұлттық тәрбие, рухани феномен, ұлттық мәдени код, ұлттық бірегейлік, тарихи жады, ұлт болашағы.*

***Резюме****.В статье национальные ценности рассматриваются как основополагающее условие духовной модернизации современного общества и как базис национального воспитания. Соответственно, принципы системы воспитания и образования, основанной на национальных ценностях, анализируются с опорой на конкретные источники данных. В результате национальные ценности интерпретируются как совокупность духовно-культурного наследия, сформированного на основе исторического опыта и мировоззрения определённого народа.*

***Ключевые слова:*** *национальные ценности, национальное сознание, национальное воспитание, духовный феномен, национальный культурный код, национальная идентичность, историческая память, будущее нации.*

***Abstract****. The article examines national values as a fundamental prerequisite for the spiritual modernization of contemporary society and as the foundation of national education. Accordingly, the principles of an educational and upbringing system grounded in national values are analyzed on the basis of specific empirical and theoretical sources. As a result, national values are conceptualized as a set of spiritual and cultural heritage derived from the historical experience and worldview of a particular people.*

***Keywords:*** *national values, national consciousness, national education, spiritual phenomenon, national cultural code, national identity, historical memory, future of the nation.*

Бүгінгі жаһандану үдерісі жағдайында ұлттық бірегейлікті сақтау мен оны кейінгі ұрпақтың санасына сіңіру мәселесі мемлекет дамуының стратегиялық бағыты делінеді. Әлемдік мәдениеттердің өзара ықпалдасуы мен ақпараттық кеңістіктің кеңеюі ұлттық құндылықтардың маңызын арттыра түскенін байқаймыз. Ұлттық құндылықтарды ұлт тәрбиесінің негізі ретінде қарастыру - қоғамның рухани жаңғыруының басты шарты [1, 42-46].

XXI ғасырда цифрлық білім берудегі баланың шығармашылық интеллектісі, жаңалықтарға жақындығы, эмоционалдық тұрақтылығы - тұлға әлеуетінің көрсеткіштері. Мәселен, мектеп оқушыларының білімі мен біліктілігін, дағдысы мен шеберлігін, адамгершілік қадір-қасиеттерін, дүниетанымдық көзқарастарын, салауаттылық тәртібін, жағымды мінез-құлық нормаларын ұлттық құндылықтар арқылы қалыптастыру басты міндет екендігі ҚР Білім беру саласындағы ресми-нормативтік құжаттарда баса көрсетілген. Ұлттық құндылықтар – белгілі бір халықтың тарихи тәжірибесі мен дүниетанымынан туындаған рухани-мәдени мұралар жиынтығы. Олар жеке тұлғаның мінез-құлқы мен өмірлік ұстанымдарын қалыптастыруда, ұлттық сананы жаңғыртуда шешуші рөл атқармақ.

Қазіргі кезеңде білім беру мен тәрбиелеу жүйесіне ұлттық мазмұнды енгізу қажеттілігі еселеп артуда. Өйткені жастардың рухани дағдарысқа ұшырамауы, өз халқының тарихы мен мәдениетіне құрметпен қарауы ұлттық құндылықтарды меңгерумен тығыз байланысты. Ұлттық құндылықтарға негізделген тәлім мен тәрбие жүйесі тұлғаның ішкі мәдениетін қалыптастыруға, ұлттық сана мен патриоттық сезімді нығайтуға бағытталады. Ұлттық құндылықтарға негізделген тәрбие жүйесін зерделеу және талдау еліміздегі жалпы білім беретін мектептерде оқу – оқыту - тәрбие үдерістерінің ортақ мақсат жолында біртұтас кешендік жұмыстар арқылы іске асуын қамтамасыз етеді. Ұлттық тәрбиенің базалық мазмұны мен құрылымын ұлттық және өркениеттік мәдени құндылықтар мен дәстүрлер, мемлекеттік тілдің қоғамдық-

әлеуметтік қызметі мен қазақ халқының діл ерекшелігі, туған жерін, халқын сүю және құрметтеу, отбасылық құндылықтарды қастерлеу, адамгершілік пен отаншылдық, кеңпейілділік пен бауырмалдылық, қамқорлық пен толеранттылық жағдайындағы заманауи сұраныс пен үйлесімдер айқындайды [2, 5-6].

Өз тұсында ғұлама ойшыл Әл-Фараби: «Әрекетіміз дұрыс болуы үшін біздің соған баратын жол қандай болу керек екенін анықтап алуға тиіспіз» деген-ді. Қоғам дамуының рухани-мәдени бағыттары мен адам тәрбиесінің мазмұнын айқындауда «ұлттық құндылық» ұғымының ғылыми мәнін ашу ерекше маңызға ие. Себебі ұлттық құндылық – ұлттың болмысын, дүниетанымын, тарихи жадын және мәдени тәжірибесін бейнелейтін күрделі рухани феномен. Қазақ халқының рухани мәдениетінде ұлттық құндылықтар ұрпақ тәрбиесінің басты өзегіне айналған. Тарихи дәуірлер тоғысында қалыптасқан әдет-ғұрып, салт-дәстүр, наным-сенім, ауыз әдебиеті мен халықтық педагогика үлгілері – ұлттың мәдени кодын сақтаушы әрі жас ұрпақтың адамгершілік-рухани дамуына бағыт беруші күш ретінде танылады.

Зерттеу еңбектерге сүйене айтсақ, құндылық дегеніміз – адам өмірінің рухани мәні мен маңызы болып саналатын стандарттар, белгілі бір зат не құбылыстың қалаулы нәрселері туралы түсініктер мен сенімдер, қағидалар мен нормалар, қоғам тарапынан қабылданған жалпыға ортақ бағалы құнды әрекет-әдеттер. Ол – белгілі бір жоғары сападағы объектінің адам үшін, топ үшін, қоғам үшін қасиетті деп танылған танымдық құбылыстары [2, 10].

Ал Ұлттық құндылық ұғымы белгілі бір ұлттың тарихи даму барысында қалыптасқан мәдени, рухани және әлеуметтік нормалардың жиынтығын білдіреді. Ұлттық құндылықтар халықтың ғасырлар бойы жинақтаған өмір тәжірибесін, дүниетанымын, дәстүрі мен моральдық қағидаларын сақтап, ұлттың өзіндік болмысын айқындайды. Ұлттық құндылықтар мазмұнына адам мен қоғам арасындағы қатынасты реттейтін моральдық-этикалық нормалар, ұлттық сана мен рух, тіл мен діл, салт-дәстүр, өнер мен мәдениет, тарихи жады сияқты рухани элементтер енеді. Олар ұлттың бірлігін сақтауда, қоғамдық сананы жаңғыртуда және жас ұрпақтың тұлғалық дамуын қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады.

Бүгінгі таңда ұлттық құндылықтардың мазмұны кеңейіп, оны жаңа әлеуметтік жағдайға бейімдеу қажеттілігі туындап отыр. Әсіресе, жаһандану дәуірінде ұлттық тіл, дәстүр, дін және мәдени мұраларды сақтау – елдің рухани қауіпсіздігін қамтамасыз етудің басты шарты. Сондықтан ұлттық құндылықтарды білім беру мен тәрбие жүйесіне кіріктіру – жас ұрпақтың ұлттық болмысын сақтаудың, олардың санасына елжандылық пен адамгершілік қасиеттерді дарытудың тиімді жолы. Ғалымдардың пікірінше, ұлттық құндылықтар екі деңгейде көрініс табады: біріншісі – рухани-идеялық (сенім, ар-ождан, адамгершілік қағидалар, отансүйгіштік сезім), екіншісі – материалдық-мәдени (тіл, өнер, дәстүр, ұлттық киім, қолөнер, әдет-ғұрып). Осы екі деңгейдің үйлесімді дамуы ұлттың мәдени тұтастығын және ұрпақ сабақтастығын қамтамасыз етеді.

Өз тұсында Әл-Фараби сынды ұлы ойшыл ғылым-білім-тәрбие деген үш ұғымды философиялық, психологиялық және әлеуметтік тұрғыдан дәйектей отырып, олардың тұлға қалыптастырушылық мәнін айқындаған. Мәселен, «Білім» құндылығы хақында ғалым: «Білімсіз адамгершілік молаймайды, білімсіз адам өзгенің абзал қасиеттерін тани алмайды. Жан дүниені тәрбиелемей, үлкен жетістікке жету жоқ. Ғылым мен тәрбие ұштасса ғана рухани салауаттылыққа жол ашылмақ. Мінез-құлқын түзей алмаған адамның ақиқат ғылымына қолы жетпейді», - деп тәрбиенің рухани-адамгершілік негізін салып берген [3; 4].

Тәрбие, адамтану, ізгілік мәселелерінің ұлттық құндылықтық мәні Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» дастанында жан-жақты ашылған. Дастанда тұтас ұлттың мінез-құлықтық ерекшеліктері айқын көрініп, халықтың әдет-ғұрпында ежелден бері қалыптасқан үлкенге құрмет, кішіге ізет, обал-сауап, қонақжайлық дәстүрлерінің

тәрбиелік қуаты үлгі етіледі. Ғұлама ойшыл парасаттылық, қанағат, әділдік, ақыл мен білім, тектілік сияқты тағылымдық құндылықтарды, қарым-қатынас құндылығын айрықша дәріптеген. Ғұламаның ерекше қарастырған құндылығы – ақыл мен білім. Адам үшін құт пен бақыттың кепілі – ақыл мен білім деген тұжырым жасай отырып, ақыл мен білім жеке адамға және жалпы қоғамға пайда әкелуі тиіс екендігін ескертеді [3;4;5].

Адамның дүниетанымы, көкірек көзінің ашылуы Махмұд Қашғаридің басты еңбегі – «Диуани лұғат-ат-түркте» сол кездегі түркі халықтарының дүниені қабылдауы, этикалық нормалары мен құндылықтары жөнінде бай мағлұматтың қамтылуымен түсіндіріледі. Ол тілді ерекше құндылық деп бағалап, ақылды сөз, есті сөз ғылымға бастайтын жол деген тұжырым жасаған. Ұлт болашағы ұрпақтарымызды заман талабына сай тәрбиелеудегі басты құндылықтар тіл, білім, ғылым десек, оның мәнін ұлы ойшылдар тұжырымына сүйене отырып айшықтай түсіреміз анық [3;4;5].

Ал Қожа Ахмет Ясауидің тәубешілік, ғибадатшылдық қасиеттерді мұсылманның құнды сипаты деп бағалауын имандылық тәрбиесінің өзегі десек қателеспейміз. Ол ар мен ұятты имандылықтың маңызды белгілері ретінде қарастырып, ар мен ұятты оятуды, тәлім-тәрбиемен тұлғаны жетілдіруді көздеген. Ғұламаның «Диуани хикмет» еңбегіндегі имандылық идеяларын құндылық ретінде меңгерту арқылы балалардың ұлт өкілі ретіндегі рухани келбетін қалыптастыру мүмкіндігіне ие боламыз [3].

XIV ғасырдың аяғы мен XV ғасырдың басында өмір сүрген қазақ халқының ойшылы Асан Қайғының ұсынған басты құндылығы – Жер. Оның дүниетанымда жер жай ғана жер емес, Жерұйық. Жалпы қазақ дүниетанымында жер қасиетті ұғым екені белгілі. Ал Жерұйық ұғымын ұсыну арқылы Асан Қайғы оның ерекше құндылығы мен мәнін жаңаша бір үлгіде көрсетеді. Қазақ халқының сол кездегі тарихи жаңа құрылымының жаршысы, ұраншысы болған Асан Қайғы Жерұйық іздеп ел кезеді. Ондағы мақсаты халқына жайлы, жақсы жерді табу болатын. Әр адамның Жерұйығы – өз туған жері. Оқушыларға туған жер құндылығын, кіші Отан ұғымын меңгертудегі негізгі мысал мен дерек осы болмақшы [1;2;3;4].

Тілдің маңызы мен мәнін «Ананың, бабаның тілін жетік біл. Тіл дегеніміз – шежіре» деп түйіндеген алаш зиялысы Құдайберген Жұбанов болатын. Ол «Тарихы жоқ ел де, тіл де, ұлт та тұл» деген тұжырымды ұсыну арқылы ұлттық бірегейлікті сақтауға, елдік мүддеге жетуге, қазақтың шежіре тілін келер ұрпаққа аманат етіп жеткізуге бағыт сілтеп, ол үшін тарихты жетік білудің қажеттігіне айрықша мән береді [5;6].

Демек, жас ұрпақты уақыт тезінен өткен осындай құндылықтарға бағдарлап отырып оқыту мен тәрбиелеудің қажеттілігі күн санап арта отырып, өз мәнділігін ешқашан жоймақ емес. Олай болса, даналарымыз ұсынған адам, өмір, теңдік, жер, парасаттылық, татулық, ізгілік, тәубешілдік сияқты құндылықтарға мектеп оқушыларын бағыттап отырудың тиімді жолдарын іздестіру - ешкімнің таласын тудырмайтын күн тәртібіндегі мәселе. Жинақтай айтсақ, ұлттық құндылықтар – ұлттың тарихи жадынан нәр алып, халықтың мәдени тәжірибесі мен рухани болмысын бейнелейтін, адам тұлғасын қалыптастыруда шешуші рөл атқаратын әлеуметтік-мәдени феномен. Оның мазмұнын ғылыми тұрғыдан ашу – ұлттық тәрбиенің теориялық негізін айқындауға және оны қазіргі білім беру кеңістігіне тиімді енгізудің алғышарты. Ал ұлттың болашағы осы құндылықтарға негізделген ізгілікке бағытталған тәрбие мен санаға тәуелді. Қазіргі жаһандану жағдайында ұлттық құндылықтарды сақтау мен дамыту – мәдени рухани болмысты қорғаудың басты шарты. Ұлттық құндылықтар арқылы адам өз болмысын таниды, қоғамда өзіне лайықты орнын табуға тырысады және оның өмірі айрықша мазмұн-мағынаға ие болады. Сондықтан адам әлемдік кеңістікте гуманистік және өркениеттік жолға апаратын бағыт-бағдар іздейді. Демек, ұлттық құндылық – тек өткеннің мұрасы ғана емес, болашаққа бағдар беретін рухани-

мәдени стратегия. Олай болса, ұлттық құндылықтардың педагогикалық тұрғыдан зерттелу тарихы – қазақ халқының рухани даму жолын, мәдени сабақтастығын және ұлттық тәрбиенің үздіксіздігін айқындайтын маңызды бағыт. Ол - қазіргі білім беру жүйесінде тұлғаның ұлттық болмысын қалыптастыру мен рухани жаңғыру идеясын жүзеге асырудың негізгі қайнар көзі.

Қысқасы, «тұлғаларының тарихы мен мұрасын сыйлаған жұрт адаспайды, ұлттық «Менін», бағыт-бағдарын жоғалтпайды, яғни, мәңгүртке айналмайды» деген түйін әбден қолдауға лайық.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**


1. Дүйсебек Ә.Т. Ұлттық құндылықтар жүйесі – мемлекеттік идеологияның өзегі // «Қазіргі қоғамдағы және білім беру саласындағы шешендіктанудың өзекті мәселелері» - «Актуальные проблемы риторики в современном обществе и сфере образования» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары. – Орал: М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, БАҚ және баспа орталығы, 2023. – 42-46-б.б.

2. Оразбаева Ф.Ш., Миразова А.Т., Игенбаева Б.Қ., Дүйсебек Ә.Т., Әріпова Б. Ұлттық құндылықтар: тәлім мен тәрбие. *Зерттеу еңбегі.* «Көкжиек-Горизонт» ЖШС, Алматы, 2025. – 182 бет.

3. Қыдыршаев А.С. Шешен сөйлей білеміз бе? *Шешен сөйлеу мәдениетінің алтын қағидалары.* Оқу құралы. – Орал, 2017. – 364 бет.

4. Қыдыршаев А.С. Шешендіктану. *Оқулық бакалавриат білім беру бағдарламасы бойынша білім алушы жоғары оқу орнының филология бөлімінің студенттері үшін дайындалған. 4-басылым.* – Орал, «Полиграфсервис» ЖШС баспаханасы, 2023. – 424 бет.

5. Қыдыршаев А.С., Шакуова Д.А., Татаханова А.С. Іскерлік шешендіктану. *Бизнесмендерге, кәсіпкерлерге, студенттерге және барлық деңгейдегі басшыларға арналған оқу құралы.* – Алматы: «Болат Медиа» мекемесі, 2025. – 432 бет.

6. Қыдыршаев А.С. Ұлттық құндылықтар – ұлт тәрбиесінің негізі // «Өркен» газеті, №11. – 6-бет.



УДК 93/94 (512.133**)**


## КАРАКАЛПАКСТАН В 1941–1945 ГОДАХ: ИСТОРИЧЕСКАЯ ПАМЯТЬ КАК ИСТОЧНИК ИЗУЧЕНИЯ ЭВАКУАЦИИ И ДЕПОРТАЦИИ НАРОДОВ


**Джумашев А.М.**

*Каракалпакский научно-исследовательский институт гуманитарных наук Каракалпакского Отделения Академии наук Республики Узбекистан, г. Нукус*



***Резюме:*** *В статье на основе архивных материалов и данных исторической памяти рассматриваются процессы эвакуации и депортации народов в Каракалпакстан в годы Великой Отечественной войны (1941–1945 гг.). Анализируются условия размещения эвакуированного населения, их трудовая деятельность, социальная адаптация и вклад в развитие экономики и культуры региона. Особое внимание уделено роли государственных органов и инициативе местного населения в оказании помощи эвакуированным, детям-сиротам и семьям фронтовиков. Показано значение исторической памяти как источника изучения повседневной жизни тыла и межэтнического взаимодействия в экстремальных условиях военного времени.*

***Ключевые слова:*** *Великая Отечественная война, Каракалпакстан, эвакуация, депортация, тыл, историческая память, эвакуированные народы.*

***Түйіндеме:*** *Мақалада Ұлы Отан соғысы жылдарында (1941–1945 жж.) Қарақалпақстан аумағына эвакуацияланған және жер аударылған халықтардың тарихы архивтік деректер мен тарихи жады материалдары негізінде зерттеледі. Эвакуацияланған тұрғындарды орналастыру, еңбекке тарту, әлеуметтік бейімделу мәселелері, сондай-ақ олардың өңірдің экономикасы мен мәдениетінің дамуына қосқан үлесі талданады. Мемлекеттік органдардың қызметі мен жергілікті халықтың эвакуацияланғандарға, жетім балаларға және майдангерлердің отбасыларына көрсеткен көмегі ерекше назарға алынады. Тарихи жады тыл өмірін және соғыс жылдарындағы ұлтаралық өзара әрекеттестікті зерттеудің маңызды дереккөзі ретінде қарастырылады.*

***Түйін сөздер:*** *Ұлы Отан соғысы, Қарақалпақстан, эвакуация, депортация, тыл, тарихи жады, эвакуацияланған халықтар.*

**Введение.** Великая Отечественная война стала одним из наиболее трагических и одновременно определяющих этапов в истории народов Советского Союза. В условиях военного времени эвакуация населения и депортация целых народов приобрели массовый характер, затронув практически все регионы страны. Каракалпакстан, находившийся вдали от линии фронта, превратился в важный тыловой регион, принявший значительное количество эвакуированных и депортированных граждан [1].

Изучение этих процессов имеет важное значение для понимания социально-экономической истории региона, механизмов адаптации переселенцев и роли исторической памяти в сохранении опыта военного времени. Историческая память позволяет восстановить не только официальную картину событий, но и повседневную жизнь людей, их труд, быт и формы взаимопомощи.

**Методология и источниковая база исследования.** Методологической основой исследования послужили принципы историзма, объективности и системного анализа. В работе использован междисциплинарный подход, сочетающий методы социальной истории, исторической демографии и истории повседневности. Применялись сравнительно-исторический метод, статистический анализ архивных данных, а также элементы микроисторического подхода, позволяющие рассмотреть судьбы отдельных социальных групп и семей.

Источниковую базу исследования составляют материалы центральных и региональных архивов, постановления Совета Народных Комиссаров СССР, Узбекской ССР и Каракалпакской АССР, отчёты партийных и советских органов, статистические сводки, а также материалы устной истории и воспоминания очевидцев. Использование исторической памяти как источника позволило дополнить официальные документы живыми свидетельствами эпохи.

**Каракалпакстан как тыловой регион в годы войны.** С началом войны экономика Каракалпакстана была полностью переориентирована на нужды фронта. Республика обеспечивала Красную Армию продовольствием, рыбой, мясной и сельскохозяйственной продукцией. Массовая мобилизация местного населения вызвала острую нехватку рабочей силы, что усилило значение труда эвакуированных и депортированных [2].

Отдалённость региона от линии фронта, наличие развитой рыбной и сельскохозяйственной базы способствовали размещению здесь не только населения, но и отдельных предприятий и квалифицированных специалистов.

**Эвакуация населения и организация помощи.** С конца 1941 года в Каракалпакстан начали прибывать эвакуированные из прифронтовых районов СССР. Основную часть переселенцев составляли женщины, дети, пожилые люди, а также квалифицированные специалисты. Правительство Каракалпакской АССР оперативно решало вопросы

размещения эвакуированных семей, их трудоустройства, обеспечения жильём, продовольствием, медицинской помощью, а также выплаты пенсий и пособий. При Совете Народных Комиссаров ККАССР был создан Совет по эвакуации, в который вошли представители государственных и общественных организаций. На местах действовали городские и районные комиссии, формировались специальные денежные и продовольственные фонды [3].

С мая 1942 года на промышленных предприятиях республики работали 909 эвакуированных, в колхозах – около 1500 человек. По состоянию на 3 ноября 1942 года в Каракалпакстане находилось 4343 эвакуированных человека, включая 1299 детей [4].

**Трудовая деятельность эвакуированных и депортированных.** Эвакуированные активно включались в хозяйственную жизнь республики. В Тахтакупырском районе, по данным исполнительных и статистических органов, насчитывалось 185 эвакуированных, из которых 116 были трудоспособного возраста. Все они были трудоустроены по специальности или в сельском хозяйстве. В Кипчакском районе находилось 129 эвакуированных, полностью обеспеченных работой. Среди них были специалисты банковской сферы, партийные работники, педагоги и управленцы. Аналогичная ситуация наблюдалась в Турткульском и Муйнакском районах, где эвакуированные трудились на рыбозаводах, в учреждениях и колхозах [5].

Особый вклад внесли эвакуированные специалисты в развитие рыбной промышленности. Амударьинский рыбный трест в годы войны перевыполнял государственные планы, обеспечивая фронт мясной и рыбной продукцией. В работе предприятий участвовали представители различных народов – калмыки, казахи, каракалпаки, русские, чеченцы, греки и другие.

Помимо эвакуации, Каракалпакстан стал местом размещения депортированных народов. В 1941–1944 годах сюда были переселены немцы Поволжья, карачаевцы, калмыки, чеченцы, ингуши и представители других народов, обвинённых в «сотрудничестве с врагом» [6]. Депортированные народы, несмотря на правовые ограничения и тяжёлые условия, также принимали участие в хозяйственной жизни региона. Их труд способствовал выполнению и перевыполнению государственных планов, обеспечению фронта продовольствием и сырьём.

Калмыки, депортированные в 1943 году, были размещены, в частности, в Муйнакском и Кызыл-Ординском районах. Трудоспособные были направлены на работу в рыбную и перерабатывающую промышленность, дети – в школы и интернаты. Несмотря на тяжёлые условия, местное население оказывало депортированным поддержку и содействие в адаптации [7].

Во многих мемуарах и воспоминаниях, которые были опубликованы у нас, поминается, что эвакуированные и депортированные первоначально размещались в Муйнакском районе: «В годы войны в Муйнак были эвакуированы калмыки, чеченцы, карачаевцы и даже крымские татары» [8]. Потом уже их расселяли по другим районам Каракалпакстана.

31 октября 1943 года в Каракалпакстан прибыло 5183 эвакуированных граждан (в том числе 1239 военных семей), из которых 764 были размещены в городе Нукусе, 1172 - в Турткуле, 853 - в Чимбае, 674 - в Ходжейли, 490 - в Муйнаке и других местах [9]. Эти люди прошли через тяжёлые испытания и различные трудности на фронте. Здесь, на каракалпакской земле, они принимали активное участие в жизни нашей республики.

Каракалпакский народ делился своим последним имуществом с теми, кто был вдали от своей родины. Русские, украинцы, белорусы, калмыки, казахи, узбеки, каракалпаки - все жили как одна интернациональная семья. Каракалпакский народ до сих пор хорошо помнит, как учителя, композиторы, художники, скульпторы и ученые из России, Украины и других союзных республик внесли огромный вклад в развитие нашей экономики и культуры. В коллективе театра (ныне имени Бердаха) работали доцент Киевской консерватории Я.Д. Фисовский, солист и скрипач Большого академического театра СССР В.С. Гесс, студент

Московской консерватории имени академика Чайковского А.Ф. Мельничук и художник М.Ф. Ладур. Композиторы театра имени Кропивницкого в Украине В.Г. Шафранников, Д. Туманян, К. Кондаштилов и Г. Компанеес создали и представили новую музыку к каракалпакским песням.

**Забота о детях-сиротах.** Особое внимание уделялось детям, оставшимся без родителей. В январе 1942 года при Совете Народных Комиссаров ККАССР была создана комиссия по учёту, размещению и обучению эвакуированных детей-сирот. В начале 1942 года в республику было эвакуировано 894 ребёнка, все они были усыновлены или помещены в детские дома. Местное население активно участвовало в судьбе детей: колхозники, рабочие и служащие принимали сирот в свои семьи, собирали средства, одежду и продукты. Только в 1942 году для детей было собрано свыше 92 тыс. рублей, а также значительное количество тёплой одежды и обуви [10].

Роль женщин в тыловой жизни и эвакуационных процессах. **Отдельного внимания заслуживает роль женщин в годы войны. Женщины составляли значительную часть эвакуированного населения и одновременно являлись основой тылового труда. Они работали в колхозах, на рыбозаводах, в учреждениях образования, здравоохранения и социальной защиты [11].**

Женщины-эвакуированные нередко занимали руководящие должности в производстве и органах местной власти, что свидетельствует о высоком уровне их профессиональной подготовки и социальной ответственности. Их вклад в обеспечение фронта и поддержку семей фронтовиков стал важным элементом победы в войне.

Так, например, колхозом Крупская в Турткульском районе руководила Мария Черняевская. По национальности украинка, она не отставала от местных хлопкоробов и выполнила 217 дневный рабочий день за 5 месяцев. Вера Ефимовна Москальчук занимала должность заместителя председателя Нукусского городского Совета по вопросам государственного обеспечения и занятости семей военнослужащих. В связи с её выездом на освобождённую от немецких захватчиков территорию Украины, на её место была утверждена Глухая София Александровна [12]. Среди эвакуированных были и те, кто работал начальником отдела областного комитета и заместителем председателя Совета Народных Комиссаров ККАССР.

**Историческая память и межэтническое взаимодействие.** Историческая память об эвакуации и депортации народов в Каракалпакстане сохраняет сведения о взаимопомощи, солидарности и интернациональном единстве в условиях военного времени. Эвакуированные специалисты – учёные, деятели культуры, артисты, инженеры – внесли значительный вклад в развитие экономики и культуры нашего региона. Тем самым, историческая память сохраняется в семейных преданиях, воспоминаниях, местных хрониках и архивных документах. Она отражает не только трагизм военного времени, но и примеры взаимопомощи, гуманизма и интернационального единства.

Использование исторической памяти в научных исследованиях позволяет дополнить официальные документы живыми свидетельствами, восстановить социально-психологический контекст эпохи и глубже понять повседневную жизнь населения в годы войны.

Изучение архивных документов и воспоминаний очевидцев позволяет восполнить пробелы в истории региона и объективно оценить последствия государственной политики эвакуации и депортации в годы войны. Совместный труд представителей разных народов способствовал формированию устойчивых межэтнических связей, многие из которых сохранились и после окончания войны.

**Заключение.** Таким образом, эвакуация и депортация народов в Каракалпакстан в годы Великой Отечественной войны стали важным фактором социально-экономического и культурного развития региона. Эвакуированные и депортированные внесли значительный вклад в хозяйственную жизнь республики, а местное население проявило высокий уровень гуманизма и солидарности. Историческая память об этих событиях остаётся важным

источником для изучения новейшей истории Каракалпакстана и формирования объективного взгляда на прошлое.

Опыт Каракалпакстана в годы Великой Отечественной войны представляет собой важный пример взаимодействия государства и общества в экстремальных условиях. Исследование процессов эвакуации и депортации в регионе способствует более полному осмыслению последствий тоталитарной политики, а также роли регионов в обеспечении общей победы.

Анализ данного исторического опыта актуален и в современных условиях, поскольку вопросы вынужденной миграции, социальной адаптации и межэтнического взаимодействия сохраняют свою значимость.

**Список литературы:**


1. Очерки истории Каракалпакской АССР. Том 2. 1917-1963 гг. – Ташкент: Наука, 1964; История Каракалпакской АССР. – Ташкент: ФАН, 1974; История Каракалпакской АССР. – Ташкент: ФАН, 1986; Қарақалпақстан жаңа тарийхы. Под редакцией академика Камалова С.К. – Нокис, 2003; Бугай Н.Ф. Л.Берия – И.Сталину: «Согласно Вашему указанию…». – М.: 1995.; Бабашев Ш. Репрессии. Депортация. Преступления против человечества. – Нукус. 2014. Джумашев А. Эвакуированные народы в начальные годы войны в Каракалпакстане: неизвестные страницы истории. Россия и Узбекистан: история и современность. – Ташкент, 2019 г., Выпуск 9. – С. 35-39.; Алламуратов Г. История повседневной жизни Каракалпакстана (1941-1945 гг.). Автореферат PhD диссер. Нукус, 2022; Танирбергенова К. Социально-экономическая жизнь Каракалпакстана в годы второй мировой войны (1941-1945 гг.). – Нукус, 2023; и т.д.

2. Шарипова К.Г. Коммунистическая партия – организатор трудовых подвигов рабочих и крестьян Каракалпакской АССР в годы Великой Отечественной войны. Автореф. дис. … канд. ист. наук. – М., 1966; История рабочего класса Советского Каракалпакстана. – Ташкент: ФАН, 1977; Уббиниязов Ж. Мойнақ балық консерва комбинаты. – Нөкис, 1980; Бабашев Ш. Труд во имя победы. – Нукус, 1980; Кощанов Б.А., Сайманов С. Вклад Каракалпакстана в Великую Победу // Журнал исторических исследований, 2020. том 5, №3.; и т.д.

3. Центральный государственный архив Республики Каракалпакстан (ЦГА РК) – Ф.322, Оп.1, Д.494, Л.2.

4. ЦГА РК – Ф.322, Оп.1, Д.241, Л.75-81.

5. ЦГА РК – Ф.322, Оп.1, Д.817, Л.47.

6. Бугай Н.Ф. Л.Берия – И.Сталину: «Согласно Вашему указанию…». – М.: 1995.; Бабашев Ш. Репрессии. Депортация. Преступления против человечества. – Нукус. 2014. Джумашев А. Эвакуированные народы в начальные годы войны в Каракалпакстане: неизвестные страницы истории. Россия и Узбекистан: история и современность. – Ташкент, 2019 г., Выпуск 9. – С. 35-39.; и т.д.

7. Бабашев Ш. Репрессии. Депортация. Преступления против человечества. – Нукус. 2014. Джумашев А. Эвакуированные народы в начальные годы войны в Каракалпакстане: неизвестные страницы истории. Россия и Узбекистан: история и современность. – Ташкент, 2019 г., Выпуск 9. – С. 35-39.; и т.д.

8. Қаниязов С. Алтын жағыс. – Нөкис: 2006. – 8 б.

9. ЦГА РК – Ф.548, Оп.1, Д.3864, Л.7.

10. ЦГА РК – Ф.322, Оп.1, Д.796, Л.61.

11. Калбаева Р. Женщины Советской Каракалпакии в коммунистическом строительстве. – Нукус: «Каракалпакия», 1972; Кетебаева Б. Қуяшлы Қарақалпақстанның ҳаял-қызлары. – Нөкис: «Қарақалпақстан», 1975; Абдуллаева Я. Қарақалпақстан ҳаял-

қызлары Екинши дүнья жүзлик урыс жылларында. // ӨзР ИА ҚҚБ «Хабаршысы». - Нөкис, 2003, № 5. - Б. 72-73.
12. ЦГА РК – Ф.322, Оп.1, Д.7975, Л.17.

**Джумашев Аскар Мамбетович**
доктор исторических наук, профессор
заведующий отделом истории.

ӘОЖ 94 (574)

## ТАРИХИ ЖАДЫ, ҰЛТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІК ЖӘНЕ ТҮРКІ ИНТЕГРАЦИЯСЫ

***Сабыр Мұрат Бөкенбайұлы***
*филология ғылымдарының докторы, профессор. Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті «Түркітану және Алтайтану» ғылыми -зерттеу орталығының жетекшісі*

***Аннотация.*** *В статье историческая память рассматривается как важная ценность, обеспечивающая духовную преемственность между прошлым и настоящим нации. Анализируется необходимость укрепления общей исторической памяти тюркских народов, которая подтверждает единство их коренных истоков и способствует росту взаимопонимания и доверия. Научно обосновывается эффективность углубления политических, экономических и культурных связей в рамках тюркской интеграции.*

***Ключевые слова:*** *историческая память, национальная идентичность, тюркская интеграция, духовные ценности.*

Әр халықтың өзіндік тарихи жады бар, ол ұрпақтан-ұрпаққа беріле отырып, ұлттық бірегейлікті қалыптастырады. Ұлт – бұл ортақ естеліктер, дәстүрлердің, этнографиялық заңдылықтардың, тарихи оқиғалар тізбегін бірге кешкен қауымдастықтың жиынтығы. Ұлттың бүгінгі келбеті мен болашағы өз тарихын қалай есте сақтап, оны қалай түсінуімен байланысты. Тарихи жады – халықтың өз өткенін түсінуі, оны бағалауы және одан сабақ алуы. Қазақстанның тәуелсіздік алғаннан бергі жылдарда тарихи жадыны жаңғыртуға үлкен көңіл бөлінді. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев: «Тарихын жоғалтқан жұрттың болашағы бұлыңғыр» деген болатын. Тарихтың мәнін терең ұғынбай, ұлттық бірегейлікті сақтап қалу мүмкін емес. Ұлттың мәдени құндылықтары, тілі, дәстүрлері – осының барлығы тарихи жадымен тікелей байланысты. Сондықтан ұлттық болмысты сақтаудың бірден-бір жолы – тарихи сананы қалыптастыру. Қазіргі заманғы жаһандану үрдістері ұлттық мәдениеттерге әсер етіп, кейбір дәстүрлердің жоғалуына себепкер болуда. Сол себепті тарихи жадымызды сақтап қалу – ұлт ретінде жойылып кетпеудің басты шарты. Ұлттық бірегейлік мемлекеттік мүддемен астасып, осы тұтастануға Қазақстанды мекендеген барлық ұлт пен ұлыстардың бір жағадан бас шығарып, бір жеңнен қол шығарып ұйысуы елдіктің, мемлекетшілдіктің нықталуына алып келеді.

Бүгінгі Қазақстанның геосаяси дамуында түркі бірлігінің, түркі бірегейлігінің де маңызы зор. Әлемдік кеңістік аясында түркі дүниесінің алатын өзіндік орны бар. Түркілердің ортақ тарихын бірлесе түгендейтін, ондағы зор рухани және материалдық ескерткіштерді насихаттайтын, әлем алдында Түркі мәдениеті деп таныстыруға лайық құндылықтарды көрсетіп, бірлесе ғылыми зерттеулер жүргізу аса өзекті.

Түркі халықтарының рухани, мәдени жағынан бірлесуі, жақын болуы заман талабы. XIX ғасырдың соңында орын алған *«түрікшілдерден»*, XX ғасырдың басындағы *оянған түркі зиялыларының* айтқан пікірлерінен, XXI ғасырда өмір сүріп, жаһануды бастан

кешіріп отырған біздің қазіргі жағдайымызда үлкен айырмашылықтар бар. Ол айырмашылықтар өміріміздегі болып жатқан түрлі өзгерістермен тікелей байланысты. Қазіргі жағдайда әлемде түрлі интеграциялық ықпалдастық үдерістер жүріп жатыр, үлкен жаһандану мәселелері тұр (*Тайжанов А.*).

Жаңа ғасырда түркі әлемінің рухани-мәдени интеграциясының саяси-әлеуметтік мәні зор. «Түркі дүниесі түгел бол» дегенде барлығы бірлесіп, бір мемлекет құрып, бір тілде сөйлеп, бір ұлт болып кетеді деген сөз емес, бұл бірлестіктердің, ұжымдастықтың мәні түркі халықтарының арасындағы мәдени-ақпараттық алмасулар, экономикалық, саяси қарым-қатынастардың тығыз байланысы, қай салада да түсіністікке қол жеткізу. Бұл жағдайда біріншіден, бізге өзіміздің әлемдік тарихтан алатын түркілік тарихымызды тұтастай бағамдауға мүмкіндік туады, екіншіден, ортақ тарихи мұрамызды насихаттауға, соның негізінде келешек ұрпағымызды этномәдени тұрғыда тәрбиелеуге жол ашылады. Түркі халықтары қазіргі кезде бір-бірімен рухани жақын болатын болса, сырттан төніп тұрған үлкен жаһандану залалы, жалпы ұлттың өзін-өзі жоғалтып алуы, рухани мәдениетінен ажырап қалуы деген сияқты қауіп-қатер азаяды.

Түркі интеграциясының жаңа дәуірінде бізге тарихтан үлгі алған жөн. Тамыры бір түркі халықтарының ынтымақтастығының түп төркіні тым тереңде жатыр. Түркі тілдерінің даму және қалыптасу кезеңдерін ғылымда алты кезеңге бөліп қарастырады: Алтай дәуірі, Хун дәуірі (V ғасырға дейін), Көне түркі дәуірі (V- X), Орта түркі дәуірі, Жаңа дәуір, Ең жаңа дәуір. Соның ең маңыздысы орта түркі дәуірі (X-XV ғ.). Орта түркі дәуірі – маңызды әлеуметтік оқиғаларға толы кезең. Бұл кезеңде түркі тектес халықтар жеке-жеке халық болып ыдырап, соның негізінде бүгінгі түркі тілдері дербес тіл ретінде қалыптаса бастады. Орта түркі дәуірінде түркі тайпаларының бірде қосылып, бірде ыдырауы, әртүрлі саяси оқиғалар түркі халқының тарихи даму үдерісіне және соның негізінде оның тілінің дамуына өзінің әсерін тигізді.

Орта түркі дәуірінде жазылған жазба мұралар түркі дүниесінің ортақ дүниетанымынан мол хабар береді. Қазақстан мемлекет басшысы Қ.Тоқаев 2022 жылғы 11 қарашада Түркі мемлекеттері ұйымының саммитіне қатысып, «Осы орайда мен Түркі халықтарының ортақ жазба мұрасын зерттеуге арналған «жол картасын» әзірлеуді ұсынамын. Ол үшін елдеріміздің мұрағаттары өзара ашық болуын қамтамасыз ету қажет. Келешекте соның негізінде Түркі мемлекеттері ұйымының «Цифрлық кітапханасын» құруға болады»,-деді. Болашақта Түркі мемлекеттер ұйымының кітапханасында тұратын басты ескерткіш Махмуд Қашқаридың «Диуан лұғат ит-түрік» сөздігі болмақ. М. Қашқари – түркі халықтарының тілі мен халық әдебиетіне, тарихы мен тағдырына, жағрафиясы мен мифологиясына, әдет-ғұрпы мен тұрмыс-салттарына жіті ден қойып, қоғам дамуын, кезең көріністерін, әлеуметтік-мәдени ортасын, саяси құрылымдарын кеңінен зерделеген энциклопедиялықеңбек қалдырып, түркітану ғылымының негізін қалаған жалпытүркілік тарихи- тілдік тұлға (*Қосыбаев, 2014*:35).

М.Қашқари бірінші кезекте – түрікшіл тұлға. Ол түркі елінің ұлылығын таныту, түрік тілінің жасампаздығын дәлелдеу үшін әр бір түркі тайпасының аузынан төгілген сөз маржандарын теріп алып, түркі сөзінің құдіретін әлемге паш етті. Сайып келгенде, түркітану ғылымында да, тарих ғылымында да ұлт тарихын тіл тарихымен тығыз байланыста қарастыру керек. Өйткені кешегі Кеңестер Одағының территориясы болып саналған, бүгінде бірнеше тәуелсіз мемлекеттер орналақан евразиялық территорияның басым көпшілігін түркі халықтары мекендейді. Бұл жерлер – түркілердің туып өскен ата-қонысы.

Жақында Түркия Ұлттық білім министрлігі Орталық Азия атауын мектеп бағдарламасында Түркістан деп атауға шешім қабылдады. Бауырлас түрік қоғамының тәуелсіз санасынан туындаған бұл әрекет құптарлық – іс. Ұлы Мағжан ақынның

*Ертеде Түркістанды Тұран дескен,*
*Тұранда ер түрігім туып-өскен.*
*Тұранның тағдыры бар толқымалы,*

*Басынан көп тамаша күндер кешкен* (Жұмабаев, 2006: 25),-деген рухты жырлары санамызда қайта жаңғырды. Біз Ұлы Дала деп жүрген кеңістігіміз Кеңес заманында Орта Азия деп аталса, Кеңес одағы ыдырағаннан кейін бұрынғы Орта Азия республикалары мен Қазақстан аумағында пайда болған геосаяси кеңістік Орталық Азия деп аталды. Геоаймақ ресми түрде 1993 жылы 4 қаңтарда Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан және Түрікменстан Республикалары президенттерінің Ташкент қаласында өткен саяси, экономикалық ынтымақтастықты нығайту мәселелері жөніндегі бас қосуында бекітілді. Орталық Азия болып аталуы – жер аумағының Еуразия құрлығының ортасында орналасуына және бұл елдердің тарихы, діні мен тілі, салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрпы, мәдениеті мен шаруашылығындағы жақындықтар, ұқсастықтардың көп болуына байланысты. Ал Түркістан осы ұлы кеңістіктің тарихи географиялық атауы, яғни түркілер елі, түркілер мекендеген аймақ дегенді білдіреді. Тарихи атауды қалпына келтіруді Орталық Азия елдері де қолдаса нұр үстіне нұр болар еді. Профессор О.Бүркіттің пікіріне сүйенсек, «Ғасырлар қойнауынан келе жатқан әлемдегі көне халықтың бірі – түркі халықтарының болашағы жарқын. Кезінде әлемдік өркениеттің іргетасын қалауға тікелей ат салысқан Ұлы халықты тарихтан сызып тастауға болмайтыны кім-кімге де белгілі. Бүгінгі демографиялық мәліметтерге сүйенер болсақ, түркі халықтарының таңы әлі қайта ататынына күмән келтіруге болмайды».

Тәуелсіз Қазақстан кезеңінде Түркі әлемі бірлестігін жандандыру мақсатында келелі істер атқарылды және жалғасын табуда. Астанада 2023 жылғы 3 қарашада Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Түркі мемлекеттері ұйымының мерейтойлық X саммиті өткені есімізде. Осы жиында «Түркі әлемінің келешегі – 2040» атты құжат бекітілді. «Ең бастысы, бауырлас елдердің бірлігін бекемдей түстік. Ортақ құндылықтарымызды төрткүл дүниеге таныттық. Біз бабалар өсиетін орындап, түркі елдерінің ынтымағын нығайтып келеміз. Ендігі мақсат – өзара сенімге және бауырластыққа негізделген бірлігімізді сақтап, өскелең ұрпаққа табыстау. Түркі әлемі жаһандық ықпалы бар елдермен тең дәрежеде қарым-қатынас жасап отыр. Басқа мемлекеттер біздің ұйымның ұстанымдарына баса мән беретін болды. Сондықтан түркі халықтарының ықпалдастығын арттыра түсу – бәрімізге ортақ міндет»,-деді Мемлекет басшысы. Президент еліміздің Түркі мемлекеттері ұйымын одан әрі дамытуға мүдделі екенін айта келіп, Қазақстанның Ұйымға төрағалығы «Түркі дәуірі!», яғни «TURKTIME!» ұранымен өтетінін мәлімдеді. Бұл ретте Мемлекет басшысы еліміздің салт-дәстүр (Traditions), біріздендіру (Unification), реформалар (Reforms), ғылым (Knowledge), сенім (Trust), инвестиция (Investments), медиация (Mediation) және энергия (Energy) атты сегіз мәселеге басымдық беретінін атап өтіп, олардың әрқайсысына жеке-жеке тоқталды. Мемлекет басшысының пікіріне сүйенсек, түркі бірлігін дәріптеудің маңызы зор. Өйткені біздің тарихымыз, мәдениетіміз, тіліміз және діліміз – ортақ.

Қазақстан, Түркия, Әзербайжан, Қырғызстан және Өзбекстан 2024 жылдың 3 қазанында Түркі елдерінің ынтымақтастығы күнін атап өтті. Осыдан 15 жыл бұрын дәл осы күні Нахчыван қаласында Түркітілдес мемлекеттердің ынтымақтастық кеңесін құру туралы келісімге қол қойылып, кейін ол Түркі мемлекеттері ұйымы (ТМҰ) болып өзгертілген еді. Салыстырмалы түрде қысқа мерзімде ТМҰ өзін бейбітшілік пен тұрақты дамуды нығайтуға үлес қосуға ұмтылатын халықаралық қатынастардың толыққанды және беделді субъектісі ретінде жариялай алды. Түркі интеграциясы транзит әрі көлік, экономика, экология, ғылым, білім, өнер, туризм, спорт мәселелерінен бастап, қомақты гуманитарлық блокпен аяқталатын кең ауқымды ынтымақтастықты қамтиды. Қазақстан – ТМҰ қызметі аясында интеграцияны дамыта отырып, Ұйымның бастамашысы және негізін қалаушы мемлекеттердің бірі.

2024 жылдың 19-қазанында Бішкекте Түркі мемлекеттері ұйымына қатысушы елдердің экономика және сауда министрлерінің 13-ші кездесуі өтті. Кездесудің басты тақырыбы ТМҰ-ға мүше мемлекеттердің экономикалық дамуы мен ынтымақтастығын одан әр нығайту мәселелері болды. ТМҰ аясында құрылған Түркі инвестициялық қоры экономикалық және инвестициялық ынтымақтастықты кеңейтуге, бірлескен

инвестициялық жобаларды іске асыруға, елдеріміздің қарқынды өсуі мен өркендеуі үшін капиталдарды, технологиялар мен таланттарды тартуға деген ортақ ұмтылысты айғақтайды**.** Алдағы уақытта «TURAN» арнайы экономикалық аймағын ашу жоспарланып отыр.

2024 жылдың 6 қарашасында Қырғызстан астанасында Түркі мемлекеттері ұйымының 11-саммиті өтті. Басты тақырып: «Экономикалық интеграция, тұрақты даму, цифрлық болашақ және қауіпсіздік». Келелі жиынға ұйым мүшелері – Әзербайжан, Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан мен Түркия елдерінің басшылары, сонымен бірге осы ұйымда бақылаушы мәртебесіне ие Түркіменстан, Венгрия және Солтүстік Кипрдің ресми өкілдері қатысты. Бішкектегі жиында көлік-логистика байланыстары, соның ішінде Қытайдан Еуропаға Ресейді айналып өтетін бағытты нығайту – Түркі мемлекеттері ұйымының басымды міндеттерінің бірі ретінде аталды. Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Тоқаев «Түркі инвестициялық қоры өз қызметін тиімді жалғастырып келеді. Мұны түркі интеграциясын тереңдетуге бағытталған қадам деп бағалаймын... Соңғы 10 жылда ұйым мүшелері арасындағы экономикалық байланыстар нығая түсті. Биыл өзара сауда айналымы 45 миллиард доллардан асты. Осы көрсеткішті әлі де ұлғайтуға болады, оған мүмкіндігіміз жетеді,-деп мәлімдеді. Сонымен қатар ол ұйымға мүше мемлекеттерді Орталық Азия елдері, Каспий теңізі мен Оңтүстік Кавказ аймағы арқылы өтетін Орта дәліз әлеуетін пайдалануға және түркі әлеміне ортақ ақпарат кеңістігін қалыптастыруға шақырды**.**

Соңғы уақыттардағы Еуразия кеңістігіндегі саяси жағдайлар қазақ қоғамының «орыс әлемінен» іргесін аулақ сала алмайтынын көрсетті. Бұл біздің географиялық тағдырымыз. Орыс тілі мен мәдениеті ғылым-білім көзі дегенмен, Абайша айтсақ, «залалынан қашық» болған да абзал. Жаңа Қазақстанның алдында да толған таңдау: Америка жосығы, Қытай үлгісі, Түркия жетістіктері, Азия жолбарыстарының серпіні бәрі пайдалы, бәрі қажет сияқты. Біздің төл жолымыз, өркениетке бастар арнамыз қайда деген сауал туындайды. Дана халқымыз «төртеу түгел болса төбедегі келеді, алтау ала болса ауыздағы кетеді» демей ме. Тілі мен діні, ділі бір, ортақ тарихи жолы, дәстүрлері бар Түркі әлемімен бірлесе жол табу, жаһандасу заманында ұлттық бірегейлікті, түркілік бейнеңді сақтаудың бірден-бір жолы болып қала береді. 2025 жылы Түркі әлемінің мәдени астанасы болған Ақтау қаласындағы рухани іс шаралар түркі бірлестігінің шындығын әлемге паш етті.

Қазақ халқының тарихын объективті түрде шын мәнінде әлемдік тарихи үдерістердің контекстінде түсіну және түсіндіру үшін, біз түркілік тарих пен руханиятқа бетбұрыс жасап, жетістіктерін игеруіміз керек. Қазақ тарихы мен мәдениетінің кешегісі жеке дара, дербес құбылыс емес, ол түркілік тарихпен, мәдениетпен бірге өрілді, өсті, дамыды, бірге жетілді. Ұлттық бірегейлік, түркілік тұтастық-рухани мәдениетіміздің басты тірегі.

ӘОЖ 81`373.2(574).1

## БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ӨҢІРІ ГИДРОНИМДЕРІНІҢ МОҢҒОЛ ҚАБАТЫ

**Хасанов Ғ.Қ.**
*ф.ғ.д., профессор*
*М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті*
Орал қ.

***Аннотация:*** *В статье рассматривается особенности монгольского слоя гидронимов Западно-Казахстанского региона. Также рассматривается особенности*

*семантики и этимологии гидронимов монгольского происхождения в трудах ученых-топонимистов.*

***Ключевые слова:*** *монголизмы, семантика, гидронимы, семантические особенности слов, озера, реки, Западно-Казахстанский регион.*

Жалпы қазақ ономастика ғылымында Батыс Қазақстан облысы гидронимдерін анықтау, жалпы тізімін жасау, өзен, көл, жылға, арықтарды анықтау мәселесі толық сөз болмағаны байқалады. Гидронимика ғылымының қазақ тіл білімінде зерттелу деңгейі жақсы, тек кейбір аймақтарда толық жолға қойылмағанын атап өту керек. Батыс Қазақстан облысы гидронимдерінің түркілік қабаты айқындалғанымен гидронимдердің зерттеушілер «моңғол қабаты» деп атап кеткен бір көне қабаты жете қарастырылмай отыр. Толық ауыз толтырып айтатын еңбек – Ұлдай Рысқалиқызы Ержанованың зерттеуі. Дегенмен де Батыс аймақ өзен-көлдерінің атаулары туралы зерттеу әлі де қажет екені айқын. Оның үстіне, орысша атаулардың күні бүгінге дейін қолданылуы бұл мәселенің өзекті екенін көрсетеді.

Жалпы, топонимика ғылымы өз ішінен көптеген салаларға жіктеледі, себебі жер беті жер мен судан тұрады. А.В. Суперанская: «Вся поверхность земли делится на сухопутную (территория) и водную (акватория). Далее – различаются ландшафт и рельеф, которые могут быть наземными и подводными. В акватории могут быть выделены моря, океаны, заливы, проливы, бухты. Озера, пруды, реки, ручьи представляют самостоятельный гидрографический тип. Болота составляют некоторый тип переходных образований между гидрографическими и орографическими»» дейді [1, 22]. Қ. Рысберген былай деп жазады: «Топонимика – іштей зерттеу объектісіне байланысты бірнеше топты қамтиды, олар, гидронимика (мұхит, теңіз, көл, өзен, бұлақ, қайнар, құдық т.б.) су объектілерінің атауын сипаттайды» [2, 392].

Моңғол қабаты туралы әртүрлі көзқарастар бар. Көптеген зерттеушілер қазақ тіліндегі мағынасы күңгірт тілдік деректер моңғол тілінде актив болады да ол моңғол лексикасы деп санайды. Ал керісінше кейбір монголизмдер бізде түсінікті болады. Бұның себебі, екі тілде кезінде бір көне тілдік топта болған. Г. Сагидолдагийннің «Қазақ-моңғол топонимдеріндегі ортақ құбылыстар» атты зерттеуінде түркі текті моңғол топонимдеріне талдау жасайды [3, 3]. Батыс Қазақстан облысындағы трансшекаралық гидронимдерді зерттеген Р.А. Досжан былай деп жазады: «Зерттеу жұмысы барысында көптеген жер-су атауларының түптөркінінің өте көне дәуірлерге жетелейтінін аңғаруға болады, себебі ондай көне түбір сөздермен қатар туынды түбірлер екі тілде де жалпы халықтық лексикада кеңінен қолданылып келгендігі көрінеді. Оған себеп: түркі тілдері мен моңғол тілі – ежелгі дәуірлерде бір тілден өрбіген туыс тілдер. Сондықтан мұндай түбірлердің түптөркінін Алтай дәуірінен кейінгі кезеңдегі түркі-моңғол бірлестігі кезеңімен де байланыстыруға болады» [4, 29]. О. Бүркіт «Түркітану» еңбегінде былай дейді: «Моңғол дәуірінде батыста атақты Алтын Орда мемлекеті қалыптасты. Жошы ұлысына қарайтын бұл мемлекеттің құрамына Орыс жері, Бұлғария, Дешті Қыпшақ, Солтүстік Кавказ, Хорезм жері кірді» [5, 75]. Г.Д. Санжеев бүгіндегі моңғол тілі кезінде бір тілден алты тілдік топтан құралғанын айтады. Содан соң, бұл тілдік топтар үлкен территориялық аумаққа шашылғанын айтып өтеді. Ол былай жазады: «Но ведь распад прочих монгольских народов и племен происходил и позже: с XV в. монголы распались на южных и северных или потом на внутренных и внешних, ак около половины XVII в. ойратские племена оказались разросанными на далекие расстояния друг от друга – от Волги до Ордоса и навсегда потеряли связь между собой. И тем не менее диалекты ойратского и монгольского языков не дали начала образованию самостоятельных языков» [6, 12]. Осы пікірден батыс өлкеде құба қалмақтар, яғни моңғол тіліне жақын тілдік топтағы ұлттың кезінде өмір сүргенін байқаймыз. Он сегізінші ғасырда қазақ даласын аралаған ғалым П.С. Паллас Уфа қаласынан кейін, башқұрт жерінен кейін қалмақтар жеріне келіп, оларды зерттеп, суреттерін салып, кітабына енгізеді. Ол былай дейді: «Калмыки со стадами своими зимою кочуют в полуденной стороне Волжской степи и вдоль берега Каспийского моря, но всегда в

некотором отделении от реки Яика, при которой кочуют киргизцы, их вечные неприятели. По наступлении весны подаются они помалу к северу, и стараются в то время, когда Волга уберется в свои берега и оставляют в лощинах богатый корм, сыскать холмистые и ключами изобильные места в средней степи; и кроме вышеупомянутого степного хребта славны песчаные холмы, Рынпески называемые, о которых ниже упомянуто будет, да еще богатая ключами страна калмыками Сон-Худок, то есть сто ключей, проименованная» [7, 78]. Бұның негізінде кезіндегі моңғол-қалмақ тайпалары шығыстан батысқа көшіп, қоныс тепкенін көреміз. Оның үстіне, сөз арасында, «Худок» сөзі қазақтың «құдық» сөзімен үндес екені байқалып тұрғанын айта кеткіміз келеді. Бұл көшу әртүрлі кезеңде, яғни он екінші ғасырда, одан кейін де, Алтын Орда дәуірінде жүріп отырған. А.В. Суперанская былай деп жазған еді: «Второй тип кочевки происходил в чрезвычайных обстоятельствах (стихийные бедствие, война, появление нового, более могучего соседа, резкое возрастание численности народа внутри своего кочевья). Тогда весь народ (или его часть, обычно поколение) откочевывал на новое место. Истории известны случаи очень значительных передвижений кочевых народов. Например, в XVII в. началось движение ойратов, предков нынешних калмыков (они и сейчас себя называют ойратами и относятся к ойратской ветви монгольских народов). В 1603 г. часть ойратских племен покинула Джунгарию и двинулась на запад. Они передвигались летом и зимой, форсируя по льду крупные реки. Несмотря на то, что они везли с собой все имущество, скорость их перемещения была столь внушительной, что в 1609 г. они уже достигли низовьев Волги» [1, 85]. Соңынан осылай келгені есінде қалған, орыс экспансиясынан қорыққан Еділ қалмақтары 1771 жылы қайтадан кейін Жоңғарияға көшіп кеткені тарихтан белгілі. Міне, осы оқиғалардан кейін шығар, көптеген топонимдер мен гидронимдерде моңғол ізі қалады. А.В. Суперанская жазғандай; «Передвигаясь, народы несли с собой свою материальную и духовную культуру, язык, имена» [1, 86].

Ұ.Р. Ержанова моңғол қабатына бірқатар гидронимдерді жатқызады. Ол былай деп жазады: «Моңғол тілінен енген топонимдер Қазақстанның барлық аймағында кездесетіні сияқты, Батыс Қазақстанда да бар деп есептеледі [8, 57]. «Олар: Нарын, Шаған, Қалдығайты, Бұлдырты, Аңқаты, Деркөл, Сайқын, Жымпиты, Қотантал, Шағатай, Түмен. Бұл топонимдер Е. Қойшыбаевтың, Ә. Әбдірахмановтың, Ә. Нұрмағамбетовтың, Д. Жүнісовтің еңбектерінде түрлі көзқарастармен берілген» [8, 32]. Бұдан басқа «қалмақ» сөзі бар, топонимдер мен гидронимдер де кездеседі. Р.А. Досжан былай деп жазады: «Жер-су атауларының бүгінгі жағдайына зер сала отырып, қай кезеңнің болсын топонимдері ұлттың әлеуметтік жағдайын, тыныс-тіршілігін кейінгі ұрпаққа жеткізетін асыл қазынасы, мәдени ескерткіші деуге болады. Мысалы, Батыс Қазақстан облысы Тасқала ауданында *Қалмақ* елді мекені, *Қалмақшабын* елді мекені сияқты атаулар кездеседі. *Қалмақ* деген сөздің атау ретінде қойылуы өз тарихы, өз оқиғасы барынан хабар береді. Жер-су аттарын қоюда белгілі бір тарихи оқиғаларға немесе жағдаяттарға назар аударылады. Сондықтан моңғолдар мен жоңғарлардың шапқыншылығына байланысты сақталып қалған аздаған атаулар – сол оқиғалардың куәсі. Батыс Қазақстан облысы шекарасының арғы беті Ресейдің Саратов облысымен шектеседі. Бұл аймақта да арысы түрік, берісі қазақ тіліндегі біраз атаулар кездеседі. Саратов атауының өзі Сарытау топонимінің дыбыстық өзгерген формасы болса, Үлкен Өзен, Кіші Өзен, Қарабұлақ, Ырғыз, Атқара т.б. қазақ топонимжасамның үлгісіндегі атаулар.

Этимологиялық зерттеу тек көне түбірлерді тауып қана қоймайды, сонымен бірге оларға қосылған қосымшаларды да анықтап, негізгі, туынды түбірлердің ара жігін ашып көрсетеді» [4, 12-13]. П.С. Паллас «Шаған» сөзі қалмақ тіліндегі шөптің атын білдіреді деп көрсетеді: «Около предвысокого холма с восточной и северной стороны видны голые холмы, из меловатой глины состоящие, на которых находилось много удивительной травы, которая не всем еще известна. Как оно своим видом подобна свернувшемуся в комок ежу, то казаки называют ее ежовником (Anabasis cretacea), а по кислому и солоноватому ее вкусу кислою травою, и много ее растет на меловатых всего степного хребта горах, по которым

калмыки проименовали обе реки Чаган» [7, 186]. Ұ.Р. Ержанова «Шаған» сөзі шөп атауы деген пікірмен келіседі: «Шаған – Жайық өзенінің оң жақ саласы. Е. Қойшыбаев *«Шаған (чақан, сақан, сақан, цахан)* тұлғасы түркі және моңғол тілдерінде құмдақ жерлерге тән өсімдік аты, түйе малының азығы» деп көрсеткен [8, 69 б.]. Б. Қалиев *шақан* атаулы шөптің қазақ тілінің төрт түрінің кездесетіндігін айтады [9, 70]. «Ал Г. Қоңқашбаев ***шаған*** сөзін моңғолдың өзгертіліп айтылған цаган – белый (ақ) деген сөзі деп қарайды [8, 71]». Қазіргі Тасқала ауданы Атамекен аулы қасындағы «Қалмақшабын» өзені атауы қалыптасуы осы моңғол қабатына жатады. Ұ.Р. Ержанова сөздігінде «Елтон», «Қалдығайты» «Елтон – Бөкей Ордасы ауданындағы көл. Моңғол тілінен енген гидроним» жазады [10, 88]. Ұ.Р. Ержанова өз зерттеуінде : «Қалдығайты – Батыс Қазақстан облысының Қаратөбе ауданындағы өзен атауы және кеңшар орталығы. Сөз түбірі моңғолдың Хандағай сөзі болуы ықтимал. «Моңғолша-қазақша сөздікте» хандағай – бұлан (бұғының бір түрі) деп түсіндіріледі (66). Бұл жұрнақтың Батыс Қазақстан облысындағы кейбір гидронимдерге буын үндестігі заңына бағынбай жалғануы да Хандығай – Қалдығай атауының этимологиясы Хандыгай+ты – Қалдығай+ты – Бұланды» деп жазады [8, 34]. Соңынан жарық көрген сөздікте Ұ.Р. Ержанова: «Қалдығайты – облыстың Шыңғырлау, Қаратөбе аудандары арқылы ағатын өзен мен елді мекен атауы. Гидроним моңғол тіліндегі хандағай сөзінен қалыптасқан. «Моңғолша-қазақша сөздікте» хандағай – бұлан – (бұғының бір түрі) деп түсіндіріледі. Демек, хандағай мен қалдығай сөздерінің айырмашылығы н-л дыбыстарының алмасуында ғана» дейді [10, 104]. Ұ.Р. Ержанова сөздікте П.С. Палластың жазғанын толық қолдайды: «Мұқыр – Жаңақала ауданындағы өзен және елді мекен. Моңғол тілінде мохоо сөзі «қысқа, тұйық, доғал, ұшы жоқ» ұғымын» берсе, түркі тілдерінде де мухар сөзі «қысқа, мұқыл, тұйық» мағыналарын береді. Демек, гидроним «қысқа өзен, тұйық өзен» ұғымын береді. Мұқыр өзені – қысқа өзендердің бірі, ұзындығы 30 шақырымнан аспайды» [10, 119]. Сонымен қатар, Р.А. Досжан былай деп жазады: «Зерттеу барысында топонимдерге негіз болған түркі-монғол тілдеріне ортақ біршама көне түбірлер айқындалды. Мысалы: Ақбұлақ (aq – аг "ақ"), Құрсай (qur – хуур "құрғақ"), Қамысты (монғ. т. хур "ылғал, шық"), Ұзынкөл (uz "еру, ілесу" - урт), (алдыңғы түбірлер түркі тіліне, екінші түбірлер моңғ. т. тән). Топонимдердің құрамындағы тек түбір сөздер ғана емес, екі, үш буынды сөздер де түркі-монғол тілдеріне ортақ болып келеді. Мысалы: Ақбұлақ (bulaq – булаг), Бақтыарал (арал – арал), Худаг – құдық т.б.» (30). Бұл жайлы Г. Әлжанова: «Осы аудандағы (Казталовка ауданындағы) Қарасу ауылының аты қардың суымен толатын көл табанына орай берілген. Осы жерге қар мен жаңбыр суы көп жиналатындықтан, «қар, жаңбыр суынан жиналатын қара су» деген мағынаны білдіреді. Күні бүгін де «Қарасу» елді мекені деп аталып келеді», – дейді (58)» [4, 96]. Сонымен бірге, Р.А. Досжан «қара» түрік сөзі моңғол тілінде ерекше мәнге ие екендігін былай деп жазады: «Моңғ. т. Хар-Гол "қара өзен", Хар-Ус-Нуур "қара (мөлдір) су көлі" (озеро черной (прозрачной) воды); бурят т. хара-усан "таза, мөлдір, қатпаған су". Қарасудың өзге сипаттарымен қатар мөлдір мағынасы бар. Су қазіргі түр., азер. т. su, баш. т. һыу, қаз., тат., ұйғ. т. су, өзб., түркм. т. сув, қырғ. т. суу, саха т. уу, чув. т. шыв. Су көне тілде sub, suγ, suv түрінде айтылады. «Су+б, су+ғ, су+й варианттарын өзара салыстырсақ, эпитезалық дыбыстардың бір-бірімен алмасып тұрғанын көруге болады. Демек, диалектілік (аймақтық) ерекшелік өздеріне тән сына дыбыстарды талап етеді. Осыдан келіп әр түрлілік пайда болады. Бұл мысалдар, екінші жағынан, б, ғ, й дыбыстарының эпентезалық, эпитезалық дыбыстар екендігін толық дәлелдейді (47, 30 б.). Су сөзі моңғ. т. – ус. Осы сөздің көне түркі тіліне қатысы бар ма? деген сауалға жауап іздеп көрдік. Көне тілдегі us "иметь жажду" (er usdï Ер сусады (МҚ I 166)) (ДТС, 616) сөзі осы түбірден жасалған. Су фонетикалық жағынан өзгеріске ұшырағанмен, көне түбір суваг "арық; канал" сөзінің құрамында сақталып қалған» [4, 97].

Қорыта келгенде, Батыс аймақ гидронимиясы жүйесінде моңғол қабатына жататын атаулар саны бірқатар екені анықталды. Атап айтсақ, «Шаған», «Қалдығайты», «Қалмақшабын» т.т. бұның басты себебі, орта ғасырларда батыс өлкеде қалмақ халқы қазақтармен көршілес өмір сүрген. Оның үстіне, екінші версия қазақ және моңғол тілдері

бір тілдік топта болғанын да жоққа шығармауымыз керек. Атап айтқанда, Орал-Алтай гипотезасындағы зерттеушілер көне дәуірлерде түркі-моңғол тілдер тобының бір тілдік топта болып, соңынан даму барысынла бір-бірінен ажырағынан көрсетеді.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**


1.Суперанская А.В. Что такое топонимика? – М.: Наука, 1984. – 182 с.

2.Рысберген К.К. Лингвокогнитивные и этнокультурные основы казахской топонимии (на каз. языке). Рукопись: Дисс. докт. филол. наук. – Алма-Ата, 2010. – С. 345.

3.Сагидолдагийн Г. «Қазақ-моңғол топонимдеріндегі ортақ құбылыстар» филол. ғыл. канд. дисс. ... автореферaты. – Алматы, 1993. – 21 б.

4.Досжан Р.А. Батыс Қазақстан облысының жер-су атаулары. Монография. – Шымкент, 2024. – 261 б.

5.Бүркіт О. Түркітану: Оқу құралы. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2000. – 140 б.

6.Санжеев Г.Д. Сравнительная грамматика монгольских языков. Том 1. – Москва: «Издательство Академии Наук СССР. – 240 с.

7.Паллас П.С. Путешествие по разным провинциям Российской империи (Избранные главы). – Уральск, Издательство «Оптима», 2006. – 272 с.

8.Ержанова Ұ. Ақжайық өңірінің топонимиясы. – Алматы: Арыс, 2001. – 171 б.

9.Қалиев Б. Қазақ тіліндегі өсімдік атаулары. – Алматы: «Ғылым» баспасы, 1988. – 159 б.

10.Ержанова Ұ.Р. Батыс Қазақстан облысы жер-су атауларының сөздігі. – Орал: «Полиграфсервис», 2001. – 172 б.



ӘОЖ 811.512.165


## ГАГАУЫЗ ТІЛІНІҢ ДАМУЫНДАҒЫ СЫРТҚЫ ЫҚПАЛДАР ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ КӨНЕ ТҮРКІЛІК ЭЛЕМЕНТТЕРДІ САҚТАУЫ: САЛЫСТЫРМАЛЫ ЗЕРТТЕУІ


**Авакова Р.А[1]., Жукиева М. Б[2].**

*[1]ф.ғ.д., профессор, әл -Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Алматы қ,*
*[2]1-курс докторанты, әл -Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Алматы қ*



***Түйіндеме.****Бұл мақалада оғыз тобына жататын гагауыз тілі мен қыпшақ тобына жататын қазақ тілінің фонетикалық, морфологиялық, синтаксистік және лексикалық жүйелері салыстырмалы түрде зерттелді. Тарихи-генетикалық және құрылымдық аспектілер тұрғысынан екі тілдің ұқсастықтары мен айырмашылықтары анықталды. Сонымен қатар, гагауыз тілінің қазіргі дамуына орыс, румын және болгар тілдерінің ықпалы қарастырылып, қазақ тілінің көне түркілік ерекшеліктерді сақтап қалуы негізге алынды. Зерттеу нәтижелері екі тілдің тілдік жүйесінің даму заңдылықтарын терең түсінуге мүмкіндік береді және түркі тілдері арасындағы диахрониялық және синхрониялық байланыстарды айқындайды.*



***Тірек сөздер:*** *гагауыз тілі, қазақ тілі, тілдік ықпал, салыстырмалы талдау.*



***Резюме.*** *В данной статье проведено сравнительное исследование фонетической, морфологической, синтаксической и лексической систем гагаузского языка, относящегося к огузской группе, и казахского языка, входящего в кипчакскую группу. С историко-генетической и структурной точек зрения выявлены сходства и различия между двумя*

*языками. Кроме того, рассмотрено влияние русского, румынского и болгарского языков на современное развитие гагаузского языка, тогда как в основе анализа казахского языка лежит сохранение древнетюркских особенностей. Результаты исследования позволяют глубже понять закономерности развития языковых систем обоих языков и определить диахронические и синхронические связи между тюркскими языками.*

***Ключевые слова:*** *гагаузский язык, казахский язык, языковое влияние, сравнительный анализ.*

***Annotation.****In this article, a comparative study of the phonetic, morphological, syntactic, and lexical systems of the Gagauz language, which belongs to the Oghuz group, and the Kazakh language, which is part of the Kipchak group, is carried out. From historical-genetic and structural perspectives, the similarities and differences between the two languages are identified. In addition, the influence of Russian, Romanian, and Bulgarian on the modern development of the Gagauz language is examined, whereas the analysis of the Kazakh language is based on its preservation of ancient Turkic features. The results of the study provide a deeper understanding of the developmental patterns of the linguistic systems of both languages and reveal the diachronic and synchronic connections among the Turkic languages.*

***Keywords:*** *Gagauz language, Kazakh language, linguistic influence, comparative analysis.*

Гагауыздардың түп-төркіні туралы әртүрлі пікірлер бар, бірақ олар негізінен оғыз тайпаларының бірі ретінде қарастырылады. Ортағасырлық дәуірде олар Балқан түбегіне қоныс аударып, кейіннен қазіргі Молдова мен Украина аумақтарына таралған. Гагауыздар XIII–XV ғасырларда Осман империясының құрамында болған, бұл олардың тілінде және мәдениетінде түрік және славян элементтерінің араласуын түсіндіреді.

Гагауыз тілі түркі тілдерінің оғыз тобына жатады, бірақ оған румын, славян (болгар, орыс) тілдерінің көп әсері тиген. Бұл әсерлер тілдің лексикасы мен фонетикасында көрінеді. Гагауыз тілінің жазба әдебиеті мен ресми статусы шектеулі болғандықтан, тілдің кейбір тұстарында ауызекі сөйлеу формалары сақталған.

Гагауыздар Молдовадағы Комрат пен басқа аумақтарда шоғырланғанымен, олардың таралу аймақтары Украина, Болгария, Түркия, Ресей және Қазақстанға дейін созылады. Әсіресе Қазақстандағы гагауыздар – бұл тарихи көш-қон және әлеуметтік-мәдени байланыстардың нәтижесі. Гагауыздар негізінен православ христиандары болып табылады. Бұл оларды көпшілік түркі халықтарынан ерекшелендіреді, себебі көптеген түркі халықтары ислам дінін ұстанады. Бұл діни ерекшелік олардың мәдениеті мен дәстүрлерінде өзіндік белгілерін қалыптастырған.

Гагауыздардың мәдени және тілдік дамуы заманауи геосаяси және әлеуметтік факторларға байланысты өзгерістерге ұшырап отыр. Молдовадағы гагауыз автономиясының мәртебесі, тілдің мектептер мен БАҚ-та қолданылуы, сондай-ақ гагауыз диаспорасының дамуы осыған қатысты маңызды тақырыптар.

Гагауыздар – тарихи тағдыры күрделі, этникалық және мәдени тұрғыдан бай түркі халықтарының бірі. Гагауыз тілі – түркі тілдерінің оғыз тобына жататын, тарихи даму барысында әртүрлі тілдік және әлеуметтік факторлардың ықпалын бастан кешкен тіл. Олар негізінен Молдова Республикасының оңтүстігіндегі Комрат автономиялы аймағында тұрады. Өз отандарын Гагауыз Йери деп атайды. Сонымен қатар гагауыздар Украина, Болгария, Түркия, Қазақстан және Ресей жерлерінде де шашыраңқы орналасқан. Гагауыздар христиан дінін ұстанатын түркі тектес халық ретінде де ерекшеленеді.

Гагауыз тілі негізінен Молдовадағы Гагаузия автономиясында, сондай-ақ Украина мен Ресейдің кей аймақтарында қолданылады. Оның тілдік жүйесі түркі тілдерінің басқа тармақтарынан айтарлықтай ерекшеленеді, әсіресе фонетика, синтаксис және сыртқы тілдік ықпалдар жағынан. Қазақ тілі болса, қыпшақ тармағына жатады және Орталық Азияда кең таралған. Бұл тілдер тарихи дамудың әр түрлі ареалында өмір сүргендіктен, олардың жүйесінде бірқатар құрылымдық айырмашылықтар бар. Гагауыз тілі Балқан аймағында

қалыптасып, румын, болгар және орыс тілдерінің ықпалын қатты қабылдаған, ал қазақ тілі Орта Азия кеңістігінде көне түркілік фонетикалық, морфологиялық принциптерді көбірек сақтаған. Бұл зерттеу гагауыз және қазақ тілдерінің негізгі жүйелік айырмашылықтарын айқындап, гагауыз тілінің құрылымы қазақ тілімен салыстырылып, түркі тілдерінің ішкі даму заңдылықтарына қатысты жаңа байқаулар жасауға мүмкіндік береді.

Тілдік құрылымдарды салыстырмалы талдау олардың артында жатқан этникалық және мәдени ерекшеліктерді ашуға мүмкіндік береді. Гагауыз тілінің лексикалық, фонетикалық және синтаксистік жүйелеріндегі балқандық мәдени ықпалдар – румын, болгар және орыс тілдерімен ұзақ уақыттық тілдік байланыстардың нәтижесі. Бұл тілдік қабаттар гагауыз тілінің сөздік қоры мен сөйлем құрылымында айқын байқалады. Ал қазақ тілінде, керісінше, түркі тілдерінің ішкі тарихи даму желісі басым сақталған, сондықтан оның құрылымдық негіздерінде көне түркілік элементтердің ізі, сонымен бірге қыпшақтық тілдік заңдылықтар айқын көрінеді. Екі тілдің құрылымдық ерекшеліктерін коммуникациялық тұрғыдан салыстыру – олардың синтаксистік модельдері мәтіннің ұйымдасуына қалай әсер ететінін анықтауға мүмкіндік береді. Осы зерттеу гагауыз және қазақ тілдерінің жүйелік деңгейдегі айырмашылықтары мен ортақ типологиялық белгілерін дәл анықтап, түркі тілдерінің ішкі жіктелуі мен тарихи байланысын тереңірек түсіндіруге жағдай жасайды. Сонымен қатар алынған нәтижелер тіл саясаты, көптілді білім беру және тілдік жоспарлау салаларында қолдануға қолайлы ғылыми база қалыптастырады.

Гагауыз тілі түрік, әзербайжан, түрікмен тілдеріне жақын. Гагауыз тілі лексикалық, фонетикалық және грамматикалық жағынан осы тілдермен ұқсас болғанымен, христиан дінін ұстануы мен Балқан аймағындағы славян тілдерінің ықпалы оның өзіндік ерекшелігін қалыптастырды. Гагауыз тілінде қолданыста негізінен түрік тіліне тән дыбыстар, алайда молдаван, румын тілдерінің әсерінен кейбір сөздер мен дыбыстар өзгеріске ұшыраған. Көрші елдердің ықпалына қарамастан, түркі тілдеріне тән агглютинативтік жүйе сақталған, яғни сөздерге жұрнақтар жалғану арқылы жаңа мағына беріледі. 1953-1993 жылдарға аралығында Кеңес үкіметі кезінде гагауыздар кирилицаны қолданып, кейін латын қарпіне көшті. Оған дейін халықта тек аузша тіл ғана болды. Ғалымдар гагауыз тілін жазба тілге көшіру үшін үлкен еңбек етті. Тұңғыш рет орыс ғалымыВ.А. Мошков Қазан қаласында «Гагаузские тексты. – Известия Общества археологии, истории и этнографии» еңбегін бастырып шығарды. Ол түрік әліпбиін кирилицаға аударып, созылыңқы дыбыстарға үстіне сызықша, жіңішке, жұмсақ айтылатын дыбыстардың үстіне нүкте, екі нүкте қойып, гагауыз әліпбиін жасап шығарды. Алғашқы гагауыз әліпбиі арқылы В. Мошков гагауыз тіліне тән фонетикалық ерекшеліктерді жеткізе білді. Одан кейін М. Чакир орыс әліпбиіне ұқсас әріптермен бірнеше еңбектер жариялады. [1,59] 1957 жылы 30 шілдеде, Молдован КСР Жоғары Кеңесінің шешімімен гагауыз халқының жазбаша тілі енгізілді. Әрине саяси және экономикалық байланыстарға қарай, гагауыз тілінің әліпбиі молдаван және орыс әліпбиінің негізінде жасалды. Бірнеше рет өзгерістерден өтіп, 1993 жылы ресми түрде латын қарпіне көшкеннен кейін, қазіргі таңда гагуыз тілінің өз әліпбиі бар. Оны кестеде былай көрсетсек болады:

| | |
|---|---|
| Алғашқы гагауыз әліпбиі | **а, б, в, г, д, е, ж, з, j, і, к, л, м, н, о, п, р, с, т, у, ф, х, ц, ч, ш, ы, џ, ʒ, l, h, ā, ē, ī, ō, ӯ, ы̄, ӧ, ӧ̄, ӱ, ӓ, ӓ̄**. |
| Қазіргі гагауыз әліпбиі | **A a, Ä ä, B b, C c, Ç ç, D d, E e, Ë ë F f, G g, H h, I ı, İ i, J j, K k, L l, M m, N n, O o, Ö ö, P p, R r, S s, Ş ş, T t, Ţ ţ, U u, Ü ü, V v, Y y, Z z**. |

Тілдік құрылымдарды салыстырмалы талдау олардың артында жатқан этникалық және мәдени ерекшеліктерді ашуға мүмкіндік береді. Гагауыз тілінің лексикалық, фонетикалық және синтаксистік жүйелеріндегі балқандық мәдени ықпалдар – румын, болгар және орыс тілдерімен ұзақ уақыттық тілдік байланыстардың нәтижесі. Бұл тілдік қабаттар гагауыз тілінің сөздік қоры мен сөйлем құрылымында айқын байқалады. Ал қазақ тілінде, керісінше, түркі тілдерінің ішкі тарихи даму желісі басым сақталған, сондықтан

оның құрылымдық негіздерінде көне түркілік элементтердің ізі, сонымен бірге қыпшақтық тілдік заңдылықтар айқын көрінеді. Екі тілдің құрылымдық ерекшеліктерін коммуникациялық тұрғыдан салыстыру – олардың синтаксистік модельдері мәтіннің ұйымдасуына қалай әсер ететінін анықтауға мүмкіндік береді. Осы зерттеу гагауыз және қазақ тілдерінің жүйелік деңгейдегі айырмашылықтары мен ортақ типологиялық белгілерін дәл анықтап, түркі тілдерінің ішкі жіктелуі мен тарихи байланысын тереңірек түсіндіруге жағдай жасайды. Сонымен қатар алынған нәтижелер тіл саясаты, көптілді білім беру және тілдік жоспарлау салаларында қолдануға қолайлы ғылыми база қалыптастырады.

Қазіргі таңда гагауыз тілі Молдова Республикасы үкіметі мен Гагаузия автономиясының қолдауымен сақталып, дамуда. Бұл тіл білім беру жүйесінде ана тілі ретінде оқытылып, жергілікті баспасөзде, радио және теледидар бағдарламаларында кеңінен қолданыс табуда. Гагауыз мәдениеті – түркі және Балқан өркениеттерінің синтезі ретінде ерекше құбылыс болып табылады.

Сан жағынан аз бола тұра, гагауыз халқы ғасырлар бойы өздерінің салт-дәстүрлерін, әдет-ғұрыптарын және ұлттық киімдерін сақтап келеді. Олардың тұрмыс салты негізінен мал шаруашылығы, егіншілік және шарап өндірісіне байланысты қалыптасқан. Бұл тұрмыс-салт гагауыздардың мәдениетінде айтарлықтай із қалдырған.

Гагауыз халық музыкасы мен билері Балқан музыкасына тән мотивтерге ұқсас болса да, түркілік музыкалық сарындар да анық байқалады. Музыкалық аспаптар қатарында домбыраға ұқсас струнды аспаптар, сыбызғы және барабан кеңінен қолданылады. Ұлттық киім үлгісінде әйелдер кестелі алжапқыш пен орамал киіп, ал ерлер қарапайым әрі сәнді тігілген жейде мен шалбарды таңдаған.

Діни наным-сенімдеріне келетін болсақ, гагауыздар негізінен православ христиандары болып табылады және Пасха, Рождество сияқты христиан мерекелерін атап өтеді. Сонымен бірге, олардың түркілік тарихи тамырларынан қалған Құрбан, Наурыз сияқты мерекелерді де тойлауы діни және мәдени синкретизмнің айқын көрінісі болып табылады. Бұл мерекелердің қатар келуі гагауыз халқының көпқырлы мәдени дәстүрлерінің бірегейлігін көрсетеді.

Гагаузия аумағында «Sarmısak günü» (Сарымсақ күні) деп аталатын халықтық дәстүр бар. Бұл күнде гагауыздар зұлым рухтардан қорғану мақсатында арнайы рәсімдер өткізеді: қабырғалар мен есіктерге сарымсақпен крест сызады, сарымсақты қалтасына салып бірге алып жүреді және оны түрлі тағамдарға қосады. Бұл дәстүр халықтың күнделікті тұрмысы мен рухани дүниесінің ажырамас бөлігі болып саналады.

Гагауыздардың шығу тегіне қатысты түрлі болжамдар әртүрлі кезеңдерде айтылып жүр. Олардың арғы тегі гректер екен, болгарлар екен деген де қалыптасқан пікірлер бар. Зерттеуші Н. Асқаров бұл туралы «Гагауыз әдеби тілі» мақаласында жаза келіп: «Бұл болжам соңғы жылдары грек ғалымдары тарапынан қуатталып келеді. Кейбір зерттеушілер гагауыздардың тегі болгар екенін, бір замандарда күштеп түркілендірілгенін айтады. Ал, тарихи дәлелдер мен дәйектер гагауыздардың түркілік тамырдан тарағанын растайды», - дейді [2, 273]. Гагауыз тілінің тарихи негіздері туралы зерттеуші ғалым Н.З. Гаджиевтің пікірі де: «Гагауыз халқының этногенезі мен тілі оғыз және балқандық тілдік элементтердің тоғысуымен сипатталады. Гагауыз тілі өзінің негізін ортағасырлық оғыз тілдерінен алады. XI–XIII ғасырларда селжұқ және печенег, оғыз тайпаларының Балқан түбегіне қоныс аударуы гагауыз этносының және тілінің қалыптасуына әсер етті» [3, 527]. Тарихқа сүйенсек, XI ғасырда қыпшақтардан ығысқан көшпелі түркі оғыздар Ресей жаққа қарай жылжи бастаған. Гагауыздар көше отырып, XVIII –XIX ғасырларда Ресей империясының территориясын паналайды. 1906 жылы гагауыздар Комрат қаласында өздерінің егемендігін жариялаған, бірақ олардың тәуелсіздігі алты күнге ғана созылды. Қаншама еркіндікті аңсағанымен, алып арыстандай Ресей Империясына қарсы тұра алмады. Қазіргі таңда Молдова жерінде Гагауз Иери деп аталатын өз автономиясы бар. 1990-жылдардан кейін Гагаузия автономиясының құрылуымен бірге, тіл саясаты жаңа деңгейге көтерілді. 1994 жылы қабылданған Гагаузияның құқықтық мәртебесі туралы заңда гагауыз тілі Молдова

Республикасы аумағында мемлекеттік тілмен тең дәрежеде қолданылатын тіл ретінде бекітілді. Бұл заң гагауыз тілінің мәртебесін нығайтып, білім беру мен бұқаралық ақпарат құралдарында кеңінен пайдалануға мүмкіндік берді. Қазіргі таңда гагауыз тілі мектептерде ана тілі ретінде оқытылады, Комрат мемлекеттік университетінде гагауыз тілі мен әдебиеті кафедрасы жұмыс істейді. Сонымен қатар, тілдің сақталуы мен дамуына бағытталған ғылыми орталықтар, мәдени ұйымдар мен тіл үйрету курстары ашылған.

Гагауыз тілінің дамуына бірнеше сыртқы тілдік факторлар әсер етті. Гагауыз халқының ұзақ уақыт бойы славян тілдерімен, соның ішінде болгар және орыс тілдерімен байланыста болуы нәтижесінде лексикалық және фонетикалық деңгейде көптеген кірме сөздер қалыптасты. Әсіресе, жастар арасында гагауыз тілі мен орыс тілінің араласқан сөйлеу үлгісі кеңінен тараған. Бұл құбылыс тілдің табиғи эволюциясы мен әлеуметтік бейімделуін көрсетеді [4]. Гагауыз жастарының сөйлеу тілінде екітілділік (билингвизм) және тіпті үштілділік (трилингвизм) қалыптасқан. Бұл құбылыс бір жағынан тілдің икемділігін арттырса, екінші жағынан әрине, гагауыз тілінің таза формасын сақтауға қауіп төндіреді. Географиялық және саяси ортаға байланысты гагауыз тіліне румын тілінен де көптеген сөздер енген. Бұл ықпал негізінен тұрмыстық және әкімшілік лексикада көрінеді. Гагауыз тілінің **фонетикалық жүйесі** оғыз тілдеріне тән үндестік заңына (сингармонизмге) негізделгенімен, славян және румын тілдерінің әсерінен бұл заң толық сақтала бермейді. Әсіресе, румын тілінен енген кірме сөздерде жіңішке және жуан дауыстылардың аралас келуі байқалады. **Мысалы:** *şkola* (мектеп), *portfel*, *komitet* сияқты сөздер орыс тілінен енгенімен, гагауыз фонетикасына бейімделіп айтылады. Ал, түркі тілдерімен ішкі байланыста болуы, Түркия түріктері, әзербайжан және түрікмен тілдерімен туыстық қатынас гагауыз тілінің грамматикалық құрылымын сақтап қалуға көмектесті. Гагауыз халқының күнделікті өміріндегі нан атауларына қатысты мақаласында Молдаван зерттеушісі Е.С. Сорочяну: «Исследование хлеба и мучных изделий в повседневной жизни гагаузов показало хорошую сохранность их древних видов и то, что основную базу наименований составляют исконно тюркские названия с включением заимствований из балканских языков», -дейді [5]. Яғни, басқа тілдердің ықпалына қарамастан, түркітектес сөздер гагауыз тілінде көптеп сақталған, және әлі күнге дейін қолданыста.

Гагауыз тілі оғыз тайпаларының тілі ретінде қалыптасып, XIII–XV ғғ. Балқан аймағында қоныстанған оғыз-селжүк топтарының тілі негізінде дамығаны белгілі. Оған гагауыз тілінің стандарт грамматикасының негізін қалаған Л. А. Покровскаяның гагауыз тілінің грамматикасына арналған еңбектері айқын дәлел береді [6,15]. Ал, қазақ тілінің негізін ортағасырлық қыпшақ тайпаларының тілі құрайды, оның ішінде қыпшақ-құман және қыпшақ-ноғай тілдік бірлестіктері шешуші рөл атқарған. Қазақ тілінің тарихи дамуы, әсіресе дыбыстық жүйе тұрғысынан, көне түркілік заңдылықтарды тұрақты сақтаған. Бұл ретте екі тілдің ортақ түркілік шығу тегі бар, бірақ тарихи дамуда әр түрлі геосаяси ықпалдарға ұшыраған.

Екі тілді салыстыра отырып, фонетикалық ерекшеліктеріне тоқталсақ: Гагауыз тілінің дауысты жүйесінде 8 негізгі фонема болса, қазақ тілінде 12 дауысты бар. Қазақ тілінде *ә, ө, ү, ұ, і* сияқты фонемалардың айқын жүйесі бар, бұл оның вокализмін түркі тілдері ішінде ең бай жүйелердің біріне айналдырады [5,41]. Л. А. Покровскаяның *«Грамматика гагаузского языка: фонетика и морфология»* еңбегінде гагауыз тілінің дауысты-дауыссыз жүйесі жан-жақты сипатталған. Онда гагауыз тілінде үндестік заңы толық сақталмайды, әсіресе кірме сөздерде: *okul, telefon, fereastră* тәрізді формаларда жуан-жіңішке дауыстылардың алмасуы байқалмайды, - делінген. Ал, қазақ тілінде сингорманизм заңы, яғни, буын үндестігі мен дыбыс үндестігі толық сақталған: *балалардың, көздеріммен*, *оқытушыларымызға, т.с.с*. Гагауыз тілінің үндестігі (вокалдық гармония) белгілі деңгейде сақталған, бірақ кейбір жағдайларда грек, латын немесе славян тілдерінің ықпалы сөз құрылымына әсер етеді.

Гагуаз тілі де, қазақ тілі де агглютинативті, сөз түбіріне жалғаулар тікелей жалғанады. Алайда аффикстердің қызметі, көптік, септік, тәуелдік формалары жағынан

бірқатар айырмашылық бар. Қазақ тілінде көптік жалғаулар -лар/-лер/-дар/-дер/-тар/-тер түрінде берілсе, гагауыз тілінде көптік жалғау тек **-lar/-ler** формасында беріледі. Гагауыз тілінде тәуелдік, жіктік жалғаулар қазақ тіліндегідей түркілік үлгіге сай, бірақ, славян тілдерінің ықпалымен кейбір формалар аналитикалық тәсілмен беріледі.

Гагауыз тілінің синтаксисін Л.А. Покровская «Синтаксис современного гагаузского языка» еңбегінде жан-жақты қарастырған. Гагауыз халқының тілдік жүйесін Л.А. Покровская, Г.А. Гайдаржи, Е.К. Колца, Б.П. Тукан сынды ғалымдар жан жақты зерттеп, көптеген еңбектер жазған. Олардың зерттеуіне сәйкес, гагауыз тілінде сөйлем құрылысы европаланған ықпалға ие: синтактикалық конструкциялар кейде орыс және болгар тілдеріндегі синтаксистік үлгілерге ұқсайды. Сонымен қатар, гагауыз тілінде аналитикалық (ағылшынға ұқсайтын) құрылымдар кейде байқалады, әсіресе көп қосымша, тәуелдік формалары жағынан: *yapmak istiyorum*, *etmeye başladım*; қазақ тілінде синтетикалық тәсіл басым: *жасайын деп тұрмын*, *ете бастадым*. Л. Покровскаяның синтаксиске арналған еңбегінде гагауыз сөйлемдерінің құрылымында орыс және румын тілдерінің әсері анық байқалатыны бірнеше мысал арқылы дәлелденеді [7, 50].

Қаншама тілдік ықпалдарға қарамастан, түркілік сөз жазау үлгісі де сақталған: *Ben kitap okudum → Мен кітап оқыдым*.

Лексикалық қабатқа келер болсақ, Қазақ тілінде араб-парсы (*ғылым, мектеп, дәптер, мәдениет*) және орыс (*самолет, вертолет, завод*) қабаты басым [8, 44]. Гагауыз тілінде де кірме сөздердің үлесі өте жоғары: румын (*primar, fereastră*), орыс (*магазин, вокзал*), болгар кірмелері. Екі тілде де түркілік түбірлер сақталған, бірақ гагауыз тілінде ағымдағы лексикалық құрылымда сырттан кірген сөздердің әсері (loanword) көп болуы байқалады. Екі тілде де ортақ көне түркілік түбірлі сөздер көптеп кездеседі: су - *su*, бас - *baş*, көз - *göz*, жүрек - *jürek*. Тілдегі диалектілік ерекшелік: гагауыз тілінің екі басты диалектісі бар - Комрат-Чадыр (орталық) және Вулканешт (оңтүстік), ал қазақ тілінде диалектілік құрылым да бар, бірақ ол қыпшақ тармағы ішінде салыстырмалы түрде біркелкі дамыған.

Қортындылай келе, оғыз тобындағы гагауыз тілі мен қыпшақ тобындағы қазақ тілінің тілдік жүйелерінде мынадай ұқсастықтар мен айырмашылықтарға көз жеткіздік: Ұқсастықтары**:** генетикалық негіз - түркі тілі, агглютинативті морфология, қалыпты сөз - түбір + жалғау құрылымы, жалпы түркілік лексикалық түбірлердің болуы. Айырмашылықтары: Фонетика - гагауыз тілінде фонетикалық құрылым (вокализм, морфофонология) славян және балкан тілдерінің ықпалында; қазақ тілінде көне түркі фонетикалық заңдылықтары (мысалы, үндестік) жақсы сақталуған. Синтаксис - гагауыз тілінде синтаксистік құрылымдар аналитикалық бағыт алған, орыс/болгар әсері байқалады; қазақ тілінде синтетикалық құрылым күштірек. Лексика - гагауыз тілі еуропалық тілдерден көптеген сөздер алған, олар күнделікті қолданысқа сіңіп кеткен, қазақ тілінде терминология негізінен араб-парсы және орыс сөздері қосылған, бірақ түркі түбірлері әлі де басым.

Гагауыз және қазақ тілдері - екеуі де туыстас түркі тілдері бола тұрып, олардың даму жолы, сыртқы ықпалдары мен құрылымдық типтері әртүрлі. Гагауыз тілі - оғыз тілдерінің европаланған, аналитикалық аспектілері бар тілі; ал қазақ тілі - қыпшақ тілдерінің дәстүрлі түркілік құрылымдарын көп сақтаған тіл. Қазақ тілі көне түркілік фонетикалық және морфологиялық жүйені жақсы сақтаса, гагауыз тілі Балқан аймағындағы тілдер әсеріне көп ұшырап, тілдік жүйесі о бастағы түркілік үлгіден біраз ауытқып кеткен. Бұл салыстырмалы талдау түркі тілдерінің ішінде тілдік әртүрлілікті, тарихи байланыстарды және тілдік өзгеру механизмдерін терең түсінуге мүмкіндік береді.

Гагауыздар – өз тілін, мәдениетін және әдебиетін сақтап, дамытуда үлкен күш салып келе жатқан түркі халықтарының бірі. Олардың тілі – түркілік тамырынан ажырамағанымен, еуропалық элементтермен үйлесіп, өзіндік ерекшелігі бар тілге айналды. Мәдениеті мен әдебиеті де осы синтездің көрінісі болып табылады. Гагауыз халқы – түркі әлемінің бай әрі алуан түрлі болмысының бір мысалы. Гагауыз тілі – сыртқы әсерлер мен ішкі дамудың өзара байланысы және тарихи тағдырдың, географиялық оқшауланудың және

көпмәдениетті ықпалдың нәтижесінде қалыптасқан ерекше тілдік жүйе. Ол түркілік түбірін сақтай отырып, еуропалық тілдермен өзара ықпалдасып, жаңа сапалық деңгейге көтерілді. Тілдің көпфакторлы дамуы оның өміршеңдігін қамтамасыз етсе, мемлекеттік қолдау мен мәдени жаңғыру оны сақтап, болашақ ұрпаққа жеткізуге мүмкіндік береді. Тілді сақтау мен дамыту ісінде білім беру, медиа және мәдениет салаларының бірлескен әрекеті аса маңызды. Гагаузияның мемлекеттік бағдарламалары мен халықаралық қолдау жобалары тілдің дамуын қамтамасыз етуге бағытталған. Сондықтан гагауыз тілі - Еуропадағы түркі дүниесінің айрықша үлгісі ретінде, әрі тілдік көптүрлілікті сақтаудың маңызды мысалы ретінде зерттеуді қажет ететін құнды мұра.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**


1. Тукан Б.П. Письменность гагаузского языка / Вопросы совершенствования алфавитов тюркских языков ссср. Москва.1972- 59с
2. Түркі тілдері: Ұжымдық монография / Ш. Шаяхметов атындағы тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру- әдістемелік орталығы) РМҚК . Астана, 2015.- 456 б.
3. Гаджиев Н.З. Тюркские языки. – Москва, 1990.
4. Menz, Astrid. A Grammar of Gagauz (Turkic Language of Moldova). –Wiesbaden: Harrassowitz Verlag, 1999.
5. Сорочяну Е.С.Хлеб и мучные изделия в повседневной жизни гагаузов /«Алтай Аманжолов және оның түркітанудағы әлемі» атты II Халықаралық Аманжолов оқулары форумы материалдар жинағы,2003
6. Покровская Л. А. *Грамматика гагаузского языка: Фонетика и морфология*. – М.: Наука, 1964. – 298 б. – 15-б., 54-б., 112-б.
7. Покровская Л. А. *Синтаксис современного гагаузского языка*. – Комрат, 1997. – 211 б. – 50-б.
8. Қазақ тілінің теориялық грамматикасы. – Алматы: ҚазҰУ, 2018. – 320 б. – 41-44-бб.



[1] [1] Мақала Қазақстан Республикасы ғылым және жоғары білім министрлігі тағайындаған 2023-2025жылдарға арналған әлеуметтік, гуманитарлық ғылымдар және өнер саласындағы іргелі зерттеулер бағыты бойынша AP19675130 «Түркі тілдеріне ортақ фразеологизмдердің лексикографиялық жүйесі» тақырыбындағы ғылыми жоба шеңберінде жүзеге асырылды.



УДК 316.7


## НАЦИОНАЛЬНАЯ ИДЕНТИЧНОСТЬ И ДУХОВНЫЕ ЦЕННОСТИ В КОНТЕКСТЕ ГЛОБАЛИЗАЦИИ


**Бурумбаева Б.С.**
*ассистент-профессор*
*Международная Образовательная Корпорация ,*
*Казахская головная архитектурно-строительная академия, город Алматы*



***Резюме.*** *Глобализация представляет собой сложный и многогранный процесс, проникающий во все сферы человеческого существования, включая экономику, политику, культуру и социальные отношения. Вопросы национальной идентичности и духовных ценностей приобретают особую актуальность в эпоху глобальных трансформаций, становясь предметом острых научных дискуссий. Утрата национальной идентичности и*

*духовных ценностей может привести к социальным и культурным кризисам, потере общности и чувству отчуждения. Сохранение культурного кода и традиций требует не пассивной защиты, а активного, творческого подхода и эффективной государственной политики, направленной на интеграцию традиционных ценностей в современный контекст.*

***Ключевые слова:*** *глобализация, национальная идентичность, духовные ценности, деформация ценностей, глобальная трансформация.*

Утрата национальной идентичности-
величайшее поражение, которое может познать нация.
С. Милошевич

Одна из самых опасных проблем будущего нации является глобализация, оказывающая глубокое и противоречивое влияние на национальную идентичность и духовные ценности, одновременно способствуя культурному обмену и создавая угрозу их размыванию и унификации. Этот процесс ставит перед обществами задачу адаптации к современному миру при сохранении своего уникального культурного кода и традиций. Существует множество факторов, содержащих вызовы для национальной идентичности. Основные из них:

Размывание уникальности: сохранение уникальности национальной культуры и традиций затрудняет трансграничный поток информации, товаров и идей.

Доминирование глобальной культуры: Существует риск доминирования одной культуры, что может привести к исчезновению языков, обычаев и верований малых народов.

Деформация ценностей: Прагматизм и рационализм современного общества в процессе глобализации могут приводить к деформации традиционных морально-нравственных ценностей. [1, 24].

Именно духовные ценности в этих условиях приобретают особое значение, выступая в качестве стабилизирующего фактора и основы для сохранения идентичности. Они включают в себя мораль, совесть, нравственность, религию и эстетику, которые помогают людям ориентироваться в быстро меняющемся мире. [1, 37]. Сохранение этих ценностей становится важным элементом государственной политики и общественного самосознания.

Национальная идентичность и духовные ценности – это не просто абстрактные понятия; они формируют представление людей о себе, своем месте в мире и определяют их поведение и отношение к другим. Их утрата может привести к социальным и культурным кризисам, потере общности и чувству отчуждения.

Пример: Азиатские модели развития, такие как распространение K-pop, показывают, что традиционные культуры могут успешно транслировать свои ценности на мировую арену, адаптируясь к глобальным трендам, но при этом укрепляя свою идентичность.

Глобализация представляет собой сложный и многогранный процесс, который проникает во все сферы человеческого существования, включая экономику, политику, культуру и социальные отношения. В эпоху глобальных трансформаций вопросы национальной идентичности и духовных ценностей приобретают особую актуальность, становясь предметом острых научных дискуссий. С одной стороны, глобализация способствует культурному обмену и взаимообогащению, с другой – несет в себе угрозу унификации культур, размывания традиций, включая утрату национального языка.

Национальная идентичность не является раз и навсегда заданной или статичной сущностью; это социальный конструкт, который формируется и трансформируется под воздействием исторических, политических и социокультурных факторов [2, 18]. В условиях глобализации факторы, воздействующие на ее трансформацию, включают:

- Трансграничные потоки информации: Интернет и мировые медиа создают единое информационное пространство, ослабляя влияние локальных источников.

• Миграционные процессы: Перемещение населения приводит к формированию мультикультурных обществ и необходимости переосмысления границ "своего" и "чужого".

• Экономическая интеграция: Вступление в международные экономические союзы часто влечет за собой принятие общих правовых и культурных норм.

Эти процессы ставят под сомнение традиционные основы национальной идентичности, основанные на территориальной общности и историческом нарративе. [3, 12].

Духовные ценности (мораль, нравственность, религия, эстетика) играют ключевую роль в формировании мировоззрения человека и общества. Глобализация влияет на них следующим образом:

• Секуляризация и рационализация: Распространение научного мировоззрения и прагматизма часто приводит к снижению роли религиозных и сакральных ценностей.

• Плюрализм ценностей: Доступ к разнообразным культурным и религиозным системам предлагает индивиду широкий выбор, что может ослаблять приверженность традиционным нормам.

• Коммерциализация культуры: Превращение культурных продуктов в глобальный товар ведет к их стандартизации и потере глубокого смысла.

Характер влияния глобализации на духовную жизнь общества во многом зависит от формы ее осуществления – является ли она естественным процессом обмена или субъективной тенденцией господства одной цивилизации [4, 132].

Стратегии сохранения идентичности: от защиты к наступлению

Перед лицом вызовов глобализации различные страны и культуры ищут модели сохранения национально-культурной идентичности. Эти стратегии можно условно разделить на несколько подходов:

• Изоляционизм: Попытки минимизировать внешнее влияние путем закрытия границ (информационных, культурных). Этот подход редко оказывается эффективным в долгосрочной перспективе [5, 35].

• Адаптация и "глокализация": Активный поиск баланса между глобальными трендами и локальными особенностями. Это включает трансляцию национальных ценностей на мировую арену (как в случае с K-pop).

• Государственная культурная политика: Разработка и реализация программ по поддержке национального языка, искусства, образования и исторической памяти (например, всевозможные программы для сохранения народной культуры, традиций и родного языка каждого народа, больших и малых наций. Каждую неделю в мире безвозвратно исчезают два языка, что связано с тем, что носители этих языков просто исчезают физически или поглощаются более доминирующими народами.

«Нации, не нашедшие своей национальной идентичности, будут подвергаться нападениям со стороны других наций,»- предупреждал Мустафа Кемаль Ататюрк, первый президент Турецкой Республики, основатель современного турецкого государства. Его слова в современном мире актуальны как никогда[6, 82].

В условиях глобализации национальная идентичность и духовные ценности не исчезают, но подвергаются серьезной трансформации. Они остаются важным стабилизирующим фактором, основой для самосознания и социального единства. Сохранение культурного кода и традиций требует не пассивной защиты, а активного, творческого подхода и эффективной государственной политики, направленной на интеграцию традиционных ценностей в современный контекст.

Президент Казахстана Касым-Жомарт Токаев подчеркивает, что укрепление национальной идентичности Казахстана должно строиться на основе успешности, уважения к закону, развития казахского языка и единства народа. Он подчеркивает важность воспитания молодежи, нацеленной на конкретные дела, а не пустые лозунги, а

также укрепления гражданского сознания, где уважение к закону и порядку является частью национальной идентичности[7, 132].

Утрата национальной идентичности и духовных ценностей может привести к социальным и культурным кризисам, потере общности и чувству отчуждения. Поэтому их изучение и сохранение является одним из приоритетных направлений научного анализа и практической политики.

**Список литературы**

1.Симуканова, Г. Глобализация и национально – культурная идентичность // Адам әлемі. – 2020.-15 с.

2.Шайхитдинова, С. К., Кудашов, В. И. Судьба национальных ценностей в условиях глобализации // Гуманитарные и социальные науки. – 2014. -208с

3.Делягин, М. Г. (ред.) Практика глобализации: игры и правила новой эпохи / Под ред. М. Г. Делягина. – М.: ИНФРА-М, 2000. – 342 с.

4.Земляной, С. Н. Глобализация и национальная идентичность // Социологические науки. – 2003. -180 с.

5.Коротин, В. О. Национальная идентичность в современном обществе в условиях глобализации // Научная работа. – 2013.-120 с.

6.Бойбекова, Ш. А., Дустмурадов, Ж. Д. Процесс глобализации и национальная идентичность // Молодой ученый. – 2015. – № 3 (83). – С. 998-1000.

7.Национальная идентичность в условиях глобализации: Сборник статей / Под ред. И. В. Баховой. – М.: Огни ТД, 2005. – 271 с.

ӘОЖ 81.180

## ШАҒАТАЙ ТІЛІН ОҚЫТУ ЖӘНЕ ҚОЛЖАЗБАЛАРДЫ ЗЕРТТЕУДІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

**Боранбаева С.Е.**
*1 курс PhD докторанты,*
**Сұлтанбек К.Б.**
*Ғылыми жетекші: аға оқытушы, PhD доктор*
*әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ.*

***Резюме.*** В данной статье рассматривается роль чагатайского языка, написанного арабской графикой в XV–XX веках, на территории Средней Азии, а также история его изучения. Чагатайский язык являлся общим литературным языком тюркских народов, проживавших в Средней Азии, Жетысу и Восточном Туркестане. В работе также освещается современное состояние преподавания чагатайского языка, а также изучения и чтения чагатайских текстов, написанных арабской графикой.

***Ключевые слова:*** тюркология, чагатайский язык, рукопись, текстология.

Түркі халықтары бүгінгі күнге дейін көптеген әліпбилерді қолданып келген. Олар Қазақстан және Моңғолия аумақтарынан табылған тастарға қашалған түркілердің руна жазуынан бастап, көне ұйғыр, араб, латын және кирилл әліпбилерінде жазып келеді. Бұл мақалада араб графикалы (шағатай кезеңі) қолжазбалардың және шағатай тілінің мәселелерін қарастырамыз.

Араб халифатының жаулап алу жорықтарының нәтижесінде Орта Азияға ислам діні еніп, араб жазуы Орта Азия, Қазақстан, Шығыс Түркістан және көрші аумақтарында

тұратын халықтардың төл жазуын ығыстырды. Орта ғасырларда түркілерге ортақ құнды жазба ескерткіштер араб графикасымен жазылған.

Орта Азия, Жетісу және Шығыс Түркістан аумағында көне ұйғыр әдеби тілі мен көне қыпшақ тілінің сабақтастығы ретінде түркілерге ортақ тіл кең таралды. Шыңғыс ханның ұлы Шағатай билеген Орта Азия, Шығыс Түркістан және Жетісу жерлерінде тұратын халықтардың тілі кейіннен «шағатай» деп аталып кетті. Ал, «шағатай» деген антропонимді ғылыми айналымға енгізген Еуропа және орыс шығыстанушы ғалымдары еді. Бұл жөнінде белгілі түркітанушы Әбдуәли Қайдар және Мейірбек Оразов «Түркітануға кіріспе» оқу құралында: «Шағатай тілі терминінің қалыптасуы XIX ғасырда жасаған орыс ориенталист ғалымдарының үлесіне тиеді де, оның қолданыла басталуын XIV-XV ғасырдан іздеген дұрыс» деп топшылайды [1, 164].

«Бұл атауды алғаш рет Армин Вамбери қолданған. Вамбери 1867 жылы Лейпцигте басылып шыққан Çagataısche Sprachstudıen (Шағатай тілі зерттеулері) атты кітабы арқылы бір дәуірдің тілінің «шағатай тілі» аталуына және қолданылуына себепкер болған» [2, 8].

Лазарь Будаговтың 1869 және 1871 жылдары Санкт-Петербургте басылып шыққан екі томдық «Сравнительный словарь турецко-татарских наречий, со включением употребительнейших слов арабских и персидских и с переводом на русский язык» атты сөздіктерінде шағатай сөздерін «шағатай «дж.» деген шартты қысқартумен берген. Осы сөздіктің алғы сөзінде А.Н. Кононов «Л.З. Будагов сөздігі көне түркі, әсіресе «шағатай» деп аталатын тілде жазылған әдеби және тарихи шығармаларын оқуда аса құнды көмекші болып табылады» деп баға берген. 1893 жылы Санкт-Петербургте басылып шыққан «Опыт словаря тюркских наречий» сөздігінің 1 томына жазған алғы сөзінде көне шағатай әдебиеті ескерткіштерімен айналысып жатқанын жазып, сөздіктегі шағатай сөздеріне қатысты «шағатай кітаби тіл «Dsch.» деген шартты қысқартуды қолданған.

Шағатай тілі өз дәуірінде Орта Азия халықтарының халықаралық және дипломатиялық тілі, ғылыми, әдеби және мәдени мұрасының қайнар көзі. Ғылымның әр саласында жазылған қолжазбалар, ғылыми еңбектер және белгілі сөздіктер осы шағатай дәуірінің еншісінде болып тұр. Мәселен, Науаидың «Он екі диуан» (өлеңдер жинағы), «Махбуб әл-қулуб», «Мухакаматул-луғатайн», «Хамса»; шағатай тілінде құрастырылған сөздіктер «Абушқа», «Сенглаһ», «Бедауи лұғат», «Хұласе-и Аббаси», «Түркі зебаны кітабы», «Лүгат-и Чагатай ве Түрки-и Османи», Фазуллах ханның сөздігі, Фетхали Качардың сөздігі және т.б.; «Asar-ı Dastan-ı Emir Temür Köregen», «Дастур ал-'илаж», «Хассийа-йи Сура-йи Ихлас» (Ықылас сүресінің тәпсірлері), «Китаб фи байан му' джизат ан-Наби» (тарих), «Рубаяттар», «Ақида», «Ахмад Йасави «Диван-и хикмат» (өлеңдер), «Яшлык гунаһларыяхуд», «Шығармалар», «Сабат ал-'аджизин» (теология), «Шаджара-йи турк», «Тажиддин Ялчығлұлы», «Шахнаме», «Мың бір түн» және т.б.

«Түркітануда шағатайша деген терминмен белгілі түрік тілінің кезеңі – XV ғасырдың басынан бастап XX ғасырдың басына дейін Орта Азияда Каспий теңізінің шығысында өмір сүрген барлық түркі халықтары тарапынан қолданылған әдеби тіл» [3, 31].

Профессор Мархабат Томанов «Орта Азиялық түркі әдеби тілі мен қазақ әдеби тілінің байланысы мәселесіне» мақаласында XI ғасырдан бастап Орта Азияны, Волга бойын мекен еткен түркі елдерінде түркілік жазба әдеби тілінің қалыптасып, ол тілдің көркем әдебиетте, ресми құжаттарда, дипломатиялық жолдамаларда қолданылып, жазба қатынас құралы болғандығы жайлы сөз етеді. Ол туралы: «...кітаби жазба тіл, немесе түркі жазба әдеби тілі «халықаралық» тіл болды: ол тілді Орта Азиялық түркі халықтарының барлығы да қолданды. Оның құрамындағы арабизмдер мен фарсизмдер, сондай-ақ соларға аналогия жасау арқылы қалыптасқан тілдік тәсілдер барлығына да ортақ болды» [4, 15].

Шағатай тілінің таралу аймағын шығыстанушы Галина Благова «Босфор мен Днепрден Ертіс пен Солтүстік Үндістанға дейінгі аумақта» тұратын түркі тілдес халықтың шағатай тіліндегі шығармалардың көп оқылатындығын алға тартты [5, 164]. Шағатай тілі туралы қалам тартқан Г. Благованың мақалалары түркітану ғылымындағы белгілі

«Лингвистикалық энциклопедиялық сөздікке», «Әлем тілдері. Түркі тілдері» кітабына енген.

Сонымен бірге, тарихшы және шығыстанушы Т. Бейсембиев Орта Азиядағы қазақ, қарақалпақ, қырғыз, түрікмен және өзбек тілдерін, тіпті иран тілдерінің батыс тобына жататын тәжік тілін қосып, оларды тілдік одақ деп атап, шағатай тілінің олардың тарихи әдеби қауымдастығын лингвистикалық деңгейде қалыптастырғанын атап өтеді [6, 91].

Сонымен, аталған ортақ тілді зерттеушілер «шағатай», «ескі өзбек тілі», «шұбарланған тіл», «шағатай түркі», «түрки», «кітаби тіл», «аралас тіл», «қоспа тіл», «ортасырдағы түркі тілі», «түркі әдеби тілі», «ескі қазақ тілі», «алтынордалық шағатай тілі», «орта азиялық түрік» деген тіркестермен атады. Сол атаулардың екі түріне тоқталып өтуді жөн көрдік.

Көрнекті түркітанушы Николай Баскаков шағатай тілінің Орта Азия халықтары тілінің әдеби жазбаша тілдерінің қалыптасуына ықпал еткенін айтып, Қарахан дәуіріндегі әдеби тілдің негізінде қалыптасқанын және шығыс қарлұқ-ұйғыр тілінің элементтерін қамтығанын атап өткен [7, 54]. Н. Баскаков «Түркі тілдері» еңбегінде шағатай тілін қарлұқ-хорезм және алтын ордалық (шығыс) тілдерімен қатар көне тілдер қатарына жатқызады. Сонымен қатар, ескі өзбек тілі терминін де қатар қолданады. Шағатай тілін «Жошы ұлысының шығыс бөлігі, яғни Хорезм әдеби тілінің және Шағатай ұлысының әдеби тілінің негізінде XV ғасырда пайда болған деп топшылайды. Оған қоса, ескі өзбек тілі көрші халықтар түркмендер, қазақтар, қарақалпақтар және ұйғырлардың жазба тілдерін қалыптастыруда маңызды рөл атқарған деп пікір қалдырған [7, 177-178].

«Ескі өзбек тілі» идеясын қолдаған А. Щербак 1962 жылы «Грамматика староузбекского языка» кітабында аталған тілдің зерттелуін, дереккөздерін талдайды және тілдің фонетика, морфология және синтаксисін зерттеген.

Ал, қазақ әдеби тілі тарихын зерттеген Б. Әбілқасымов, Р.Сыздық шағатай дәуіріндегі жазба ескерткіштер тілін «ескі жазба тілі», «көне жазба тілі», «ескі қазақ жазба әдебиеті» деп атаса, Г. Мамырбекова «ескі қазақ тілі», Д. Әбділәшімұлы «ескі қазақ жазба тілі» тіркестерін қолданады. Г. Мамырбекова «Ескі қазақ тілінің жазба нұсқалары» (2012) еңбегінде XVIII-XIX ғ. хаттар мен ресми құжаттарды араб графикалы жазбадан қазақ тіліне аударған. Шағатай тілі» тіркесінің қолданысы жайлы «Алайда шағатай тілі терминінің моңғол билігіне қатысты қалыптасқандығын және оның көне өзбек тілінің синонимі ретінде де айтылатынын ескерсек, оны XV ғасырды былай қойғанда қазақ деген халықтың толықтай ұлт дәрежесінде қалыптасуы аяқталған XVIII-XIX ғасыр жазба тілмен байланыстыру дұрыс болып есептелмейді» [8, 12] деп санайды.

Шағатай дәуіріне және оның мәтінтануына қатысты отандық ғалымдар С. Аманжолов, Қ. Жұбанов, Н. Сауранбаев, Р. Сыздық, Ә. Қайдар, М. Томанов, Ғ. Құрышжанов, Ғ. Айдаров С. Исаев, Б. Әбілқасымов, Б. Сағындықұлы, Н. Уәли, Ж. Түймебаев, Д. Әбділәшімұлы, З. Шадқам, К. Сұлтанбек, В. Сейфулла, Ө. Тұяқбаев, Б. Базаркулова, Б. Атабай, Е. Өмірбаев, Абикова, Г. Мамырбекова, Ш. Бүркітбаева, А. Зинедина, З. Каримова, А. Абуова, Ү. Қыдырбаева, Н. Қайранбаева, Т. Қыдыр, А. Мұқанова, Т. Бейсембиев, А. Байшуаков, Г. Сугирбаева, М. Ескеева, Э. Баймухамбетова және т.б. құнды зерттеулер жазған. Ал, А. Вамбери, Л. Будагов, Н. Баскаков, А. Щербак, И. Березин, А. Самоилович, А. М. Көпрүлү, А. Бодроглигети, Ж. Экманн, М. Уғурлу, Г. Благова және көптеген шетелдік зерттеушілер шағатай тіліне және оның мәтінтануына қатысты құнды деректер жазған.

Кеңес Одағы тұсында араб графикалы жазбаларды оқу және оларды сақтау мәселесі қиындық тудырса, тәуелсіздігімізді алғаннан бері шағатай дәуіріндегі қолжазбаларға деген қызушылық артып, кітаптар қазақ тіліне аударыла басталды. Түркі-шағатай емлелерін зерттеуші Мұхамедқали Баймұқанов бір сұхбатында Алтын Орданың тілі шағатай тілінде жатқанын, шашырап кеткен түркі тілдерінің басын біріктерген шағатай тілін зерттеудің маңыздылығы туралы былай дейді: «Кеңес үкіметіне мұның жоқтығы жақсы болған. Өйткені біздің тарихымыз сонда жатыр бүкіл жазылған. Сондықтан оны олар құртып

жібергендіктен шағатай тілі күні бүгінге дейін көтеріле алмай отыр. Яғни бұл қазір зерттеудің тілі» [9].

Бүгінгі таңда шағатай дәуірінің мәдени мұрасына қатысты жобалар, курстар мен қолжазбаларды оқу үрдістері осы салаға деген қызығушылықтың күн санап артып келе жатқанының айғағы.

Шағатай тілін оқыту мен қолжазбаларды зерттеу - қазақ тарихы, әдебиеті және мәдениетінің төл деректерін ғылыми тұрғыдан қайта зерделеуге мүмкіндік береді. Қазақстан мен шетел қорларындағы шағатай мұраларын жүйелі зерттеу, олардың мәтіндік корпусын жасау және оқу бағдарламаларына енгізу түркітану ғылымының стратегиялық бағыттарының бірі.

Дүниежүзі бойынша шағатай тілін оқытатын курстар мен семинарлар бар. Мәселен, Гарвард университеті, Джордж Вашингтон университетінде, Еуропа университеттері, атап айтқанда Вена, Лейден университеттерінің түркітану бөлімдерінде және Түркия Республикасында Стамбул, Анкара, Дүздже университеттерінде шағатай тілін, ал Өзбекстан Республикасының Самарқанд мемлекеттік университетінде шағатай тілін «ескі өзбек тілі» деп оқытады.

Ұлттық кодты жаңғыртуда шағатай тілінің мамандарын даярлау, ғылыми орталықтардың жұмысын күшейту және қолжазбаларды цифрландыру, маңызды іс шараларды ұйымдастыру ерекше маңызға ие.

Елімізде Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің Филология факультетінің «Түркітану және тіл теориясы» кафедрасының «Түркітану» мамандығы бакалавр дәрежесінде «Шағатай тіліне кіріспе» пәні оқытады.

Бүгінде 2025 жылдың қараша айынан бастап Ұлттық кітапхананың Сирек кітаптар мен қолжазбалар қоры әр бейсенбі күндері «Шағатай және жазба ескерткіштері» ашық дәрістерін ұйымдастырып жүр. Шағатай тіліндегі қолжазбаларды танумен айналысып жүрген мамандар шағатай тілінің даму кезеңдерін, шағатай дәуіріне қатысты қолжазбаға қатысты өзекті мәселелерін ашық дәріс түрінде ақпаратпен бөлісіп жүр. Дәріске шағатай жазба ескерткіштеріне, сол дәуір қолжазбаларын оқуға қызығушылық танытып жүрген тарих, түркітану, қазақ, араб және парсы тілдерінің мамандары, аталған кітапхана қызметкерлері қатысып жүр. Мамандардың қолжазбаларды оқуға деген ынтасы қуантарлық жайт.

Қазіргі уақытта шағатай дәуріндегі қолжазабаларды оқудағы мәселелер - шағатайша оқи алатын мамандардың тапшылығы. Бұл мәселені шешу үшін Жоғары оқу орындарындағы Филология мамандығын оқитын болашақ мамандарды бағдарлама бойынша шағатай және төте жазуды меңгеріп шығуы тиіс. Алдағы уақытта қолжазбаларды оқуға қатысты мәселелерді араб графикасын меңгерген, шағатай тіліндегі қолжазбаларды оқи алатын, деректану және мәтінтану салаларында арнайы білімі бар мамандар шешуге ат салысады. Сонымен қатар араб және парсы тілінде арнайы білімі бар мамандарға жұмыс орындарында шағатай тілі курстары ұйымдастырылып жатса біршама мәселенің басын қайырар еді.

Ал, осы дәуірдегі қолжазбаларға қатысты мәселелерге келер болсақ, тегі мажар, американдық түркітанушы А. Бодроглигети «Шағатай грамматикасы» (2001) оқулығында шағатай тіліндегі зерттеулердің әлі күнге дейін толық анықталмағанын алға тартып, қолда бар қолжазбалардың шамамен алпыс пайызы зерттеліп, аударылып, жарияланғанын жазған. «Шын мәнінде, Орталық Азияның мәдени мұрасындағы әдеби шығармалардың әлеуеті толық пайдаланылмаған, тіпті әлі анықталмаған деуге болады» деп тұжырымдайды [10, 5].

Ал қолжазбаларға қатысты мәселелерге қатысты түркітанушылар М. Уғурлу, К. Сұлтанбек және В. Сейфулла «Шағатай тілінде жазылған Темірнаманың тілдік ерекшеліктері» (2021) мақаласында «Қазақстанда көптеген еңбектердің шағатай тілінде жазылғаны белгілі болғанымен, олардың толық каталогы жасалмаған. Араб әрпімен жазылған еңбектердің каталогы жасалмағандықтан кітапханалардың қолжазба қорындағы көптеген еңбектердің бар екені білінбейді» [3, 164] деген тұжырым жасайды. Бұл пікірге

ұқсас Ұлттық кітапхананың сирек кітаптар мен қолжазбалар қызметінің жетекшісі Гүлшат Абикова да түркі тіліндегі қолжазбалардың каталогы әлі күнге дейін толық құрастырылмағанын, ағымдағы библиографиялық көрсеткіштер бойынша шағатай тілінде шамамен 70 қолжазба бар екенін атап өтеді. Сонымен қатар Г. Абикова Ұлттық кітапхананың араб жазуындағы түркі сирек кітаптар каталогына Ә. Науаидың 16 литографиялық жинағы енгенін атап, тағы бір мәселені алға тартады. «Алайда Әлішер Науаидың шағатай немесе өзбек тілінде жеке-жеке шығармалар жазбағаны ескерілсе, оның еңбектері біртұтас тілдік топқа жатқызылуы керек» [3, 8]. Бұл шығыстанушылар мен түркітанушылардың алдағы уақытта шешуі тиіс мәселе.

*«Қолжазбалар және сирек кітаптар ұлттық орталығы» РММ,* ҚР Ұлттық кітапханасы, «Ғылым ордасы» РМК Ғылыми кітапханасы, Мұхтар Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының қолжазба қоры, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Түркология ғылыми-зерттеу институты қоры, Р.Б.Сүлейменов атындағы Шығыстану институты, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Академик Әбсаттар Дербісәлі атындағы сирек кітаптар және қолжазбалар қоры, «Жазба жәдігер және рухани мұра» ғылыми-зерттеу орталығы және тағы басқа да ғылыми және мемлекеттік мекемелер түркі, соның ішінде шағатай мұраларын ғылыми жүйелеуге ат салысып жатыр.

Түркі дүниесінің қолжазбаларын мәселелеріне қатысты Қазақстан қолжазбатанушылар қауымдастығының отырыстары өткізіліп отырады.

Осы орайда, Еліміздің тұңғыш президенті Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдаған «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы шеңберінде шағатай тіліндегі қолжазбалар мен сирек басылымдарды оқып-зерттеу мақсатында 2017 жылы**,** Қазақстан Мұсылмандар Діни Басқармасына қарасты Имамдардың білімін жетілдіру институттары және Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ шығыстану факультетінің Түрксой орталығы бірлесіп ұйымдастырған. Семинар барысында белгілі отандық және шетелдік қолжазбатанушылар дәріс беріп, тәжірибелерімен бөліскен.

2019 жылы 13-14 маусымда Алматыда өткен «Түркі тілдеріндегі тарихи қолжазбаларды зерттеу халықаралық симпозиумы (қолжазбаларды жариялау, каталогын жасау және цифрлау)» атты іс шарада түркі тіліндегі қолжазбаларды оқу, жариялау, каталогын жасау және цифрлау мәселелері талқыланды.

Қорыта келе, шағатай тіліндегі қолжазбаларды оқитын кәсіби мамандар аз. Жазба мұраларды ғылыми айналымға енгізу үшін ортағасырлық түркі жазба тіліне арналған жүйелі курстардың және қолжазбаларды кәсіби оқу үшін арнайы пәндердің негіздемесі жасауды жолға қою қажет деп есептейміз.

Түркі халықтарына ортақ шағатай мұраларын зерделеу тек түркітанушылар мен шығыстанушылардың емес, ұлттық тарихи сананы жаңғыртуға ат салысқысы келетін кез келген азаматтың парызы.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Ә. Қайдар, М. Оразов Түркітануға кіріспе. Оқу құралы. 3-басылым. Алматы: Арыс, 2004. – 360 б.

2. З. Шадкам, Ү. Қыдырбаева. Шағатай тіліне кіріспе оқу-әдістемелік құралы. Алматы: Қазақ университеті, 2019. – 106 б.

3. М. Уғурлу, К. Сұлтанбек, В. Сейфулла Шағатай тілінде жазылған Темірнаманың тілдік ерекшеліктері//ҚазҰУ хабаршысы. Шығыстану сериясы №2 (97) 2021. С. 26-33.

4. М. Томанов Орта Азиялық түркі әдеби тілі мен қазақ әдеби тілінің байланысы мәселесіне// Шығыс филологиясының мәселелері. – Алматы, Издание КазГУ, 1984. -136 б.

5. Г. Благова Чагатайский язык: Язык «смешанный» или язык стандартный// Российская тюркология №2 (7) 2012. С. 3-15.

6. Т. Бейсембиев Среднеазиатский (чагатайский) тюркй и его роль в культурной истории Евразии (взгляд историка)//Тюркологический сборник 2006. М. Издательская фирма «Восточная литература» РАН, 2007. С. 77-94.

7. Н. Баскаков Тюркские языки. Москва: Издательство восточной литературы, 1960. – 244 б.

8. Г. Мамырбекова Ескі қазақ тілінің жазба нұсқалары. Алматы: «Шапағат-Нұр», 2012. -360 б.

9. Шағатай шығыс түркілерінің тілі болған Qazaq Science ғылыми-танымдық порталы //https://qazaqscience.kz/archives/736

10. András J. E. Bodrogliget A Grammar of Chagatay. Lincom Europa, 2001.-437 б. ISBN 389586563X, 9783895865633

11. Г. Абикова Сирек қордағы құнды қолжазба //Ана тілі №2 (1782), 9 қаңтар 2025 жыл. С. 8.

ӘОЖ 311.172

## ТАРИХИ ЖАДЫНЫ ЦИФРЛАНДЫРУ: БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІНДЕГІ ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕР

**Имангалиева Айнур Галимжановна**
*тарих пәні мұғалімі*
*КММ «ШағанЖОББМ» Теректі ауданы, Жаңа өмір ауылы*

***Резюме*** *В данном докладе рассматриваются значение и новые возможности цифровизации исторической памяти в современной системе образования. Кроме того, анализируются преимущества, которые цифровизация вносит в образовательный процесс, такие как интерактивность обучения, проведение исследований на основе источников, инклюзивные возможности и повышение интереса учащихся. В докладе также обсуждаются пути использования цифровых ресурсов при изучении истории, а также преимущества и возникающие трудности этого направления. Подводится итоговая оценка роли цифровизации в обновлённом формировании исторического сознания.*

***Клюевые слова****. : историческая память, цифровизация, образовательный процесс, цифровые ресурсы*

Қазіргі жаһандық қоғамның дамуында цифрландыру үрдісі барлық саланың, соның ішінде білім беру жүйесінің жаңаруына жол ашып отыр. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың кеңінен енгізілуі оқыту мен оқыту нәтижелерін бағалаудың жаңа әдістерін қалыптастырып, білім беру кеңістігінің мазмұнын түбегейлі өзгертуде. Цифрландыру – білім берудің қолжетімділігін арттыруға, оқу процесін жекелендіруге және білім сапасын жақсартуға бағытталған стратегиялық бағыт. Цифрландыру оқушылардың жеке қабілеттері мен деңгейіне қарай білім алуға жағдай жасайды. Адаптивті платформалар (мысалы, электронды оқу модульдері, тестілер, қашықтан оқыту жүйелері) әр оқушының қарқынына, қызығушылығына сай оқу материалдарын ұсынады. Мұғалім үшін әрбір оқушының жеке траекториясын бақылау жеңілдейді. Заманауи платформалар сабақ жоспарлау, оқушыларды бағалау, құжат жүргізу сияқты жұмыстарды автоматтандырады. Бұл мұғалімнің уақытын үнемдеп, оқу процесінің сапалы ұйымдастырылуына мүмкіндік береді. Мұғалімдер үшін цифрлық ресурстарды пайдалану әдістемесін жетілдіруге бағытталған курстар да кеңеюде. Сонымен бірге электрондық жүйелер оқушылардың оқу нәтижелерін нақты әрі жедел бақылауға жағдай жасайды. Аналитикалық құралдар арқылы

үлгерім динамикасын, жиі қателесетін тақырыптарды, оқушының күшті және әлсіз жақтарын анықтау жеңілдейді. Бұл деректер оқу мазмұнын жетілдіруге мүмкіндік береді.

Бұның өзі қазіргі ақпараттық қоғам жағдайында тарихи сананы қалыптастырудың жаңа тәсілдерінің пайда болуына ықпалын тигізіп отыр. Тарихи жадыны цифрландыру – ұлттың өткенін жаңа форматта сақтап, келешек ұрпаққа жеткізудің ең тиімді жолдарының бірі. Бұл тек мұрағаттарды компьютерге көшіру емес, тарихи құндылықтарды кеңінен қолжетімді ету, оларды зерттеу мүмкіндігін арттыру, заман талабына сай сақтау мен пайдалану мәдениетін қалыптастыруды көздейтін кешенді процесс. Цифрлық технологиялардың дамуы тарихи фактілерді жинақтау, сақтау және тарату үдерісін де түбегейлі өзгертті. Бүгінгі таңда тарихи жадыны цифрландыру – білім беру жүйесінің сапасын арттыруға, тарихи материалдарға қолжетімділікті кеңейтуге және оқушылардың зерттеушілік дағдыларын қалыптастыруға бағытталған маңызды бағыттардың бірі. Тарихи жадыны цифрландыру – тарихи құжаттар, мұрағаттық материалдар, фотосуреттер, қолжазбалар, археологиялық деректер, ауызша тарих жинақтары сияқты ақпараттарды сандық форматқа көшіру және оны көпшілікке қолжетімді ету процесі.

Негізгі бағыттары:

- мұрағаттар мен кітапханаларды цифрлау;
- виртуалды музейлер мен 3D реконструкциялар жасау;
- цифрлық деректер базаларын қалыптастыру;
- тарихи карталарды, хроникаларды жаңғырту;
- жасанды интеллект көмегімен тарихи құжаттарды талдау.

Тарихи жадыны цифрландыру оқушылардың пән бойынша білім көкжиегін арттыруына, пәнге деген қызығушылығының артуына үлкен әсерін тигізетіні сөзсіз. Атап айтқанда цифрлық деректермен жұмыс істеу оқушылардың: сыни ойлау, дерекпен жұмыс істеу, ақпаратты талдау сияқты дағдыларын дамытады.Цифрлы түрде оқыту бүгінгі жаңартылған білім беру бағдарламасының негізгі талаптарының бірі саралауды дамытуға жол ашады. Оқушы:өзі таңдаған тарихи құжаттарды зерттей алады, қосымша деректермен танысуға мүмкіндік табады, өз қарқынымен оқуға жағдай жасайды. Мектептегі тарих пәнін оқытуда цифрлық ресурстарды қолдану жолдары көп салалы.Соның бір парасы: виртуалды экскурсиялар, интерактивті тарихи карталар, цифрлық платформалар, мультимедиялық сторителлинг, жасанды интеллект құралдарын пайдалану. Алайда цифрландырудың тиімділігімен қатар қиыншылықтары да жоқ емес.Атап айтқанда:техникалық жабдықталу мәселелері, интернеттің шектеулі қолжетімділігі,мұғалімдердің цифрлық құзыреттерін арттыру қажеттілігі. Тарихи жадыны цифрландыру – білім сапасын арттыруға, тарихи сананы жаңаша қалыптастыруға мүмкіндік беретін маңызды бағыт. Бұл үрдіс ұлттық мұраны сақтауға және оны болашақ ұрпаққа жеткізуге жағдай жасайды. Тарихи жадыны цифрландыру – білім беру үдерісін жаңғыртудың маңызды құралы. Ол оқушыларға кең ауқымды тарихи ақпаратқа қол жеткізуге, оқу үдерісін жандандыруға, тарихи ойлау қабілетін дамытуға жағдай жасайды. Цифрлық тарихи мұрамен жұмыс істеу арқылы жас буынның тарихи санасы нығайып, білім беру мазмұны жаңа деңгейге көтеріледі. Тарихи жадыны цифрландыру – тек мұрағат материалдарын сандық форматқа көшіру ғана емес, ол ұлттық рухани мұраны заманауи білім беру кеңістігімен ұштастыратын стратегиялық қадам. Цифрлық технологиялардың көмегімен жас ұрпақ тарихты тек оқулықтан ғана емес, түпнұсқа деректер, мультимедиялық ресурстар және интерактивті платформалар арқылы терең әрі жан-жақты меңгере алады. Бұл білім берудің сапасын арттырып қана қоймай, оқушылардың тарихи танымын кеңейтуге, ұлттық бірегейлігін нығайтуға мүмкіндік береді.

**Пайдаланылған әдебиеттер**

1.Әбдірахманов Б.Қазақстан тарихын оқытудағы цифрлық технологиялардың рөлі. Алматы, 2020. Сейітқалиев, Ж.

2.Білім беруді цифрландыру: әдістемелік аспектілері. Астана 2019.Нұрғалиев, Т. Тарихи мұраны сақтау және цифрландыру. Қарағанды, 2021.

3.UNESCO. Digital Preservation of Cultural Heritage. Paris: UNESCO, 2018.
4.Қожахметов С. Қашықтықтан оқыту және электрондық ресурстар. Алматы, 2020.

ӘОЖ 94 (574)

# ЖАҺАНДАНУ ЗАМАНЫНДА АЛАШ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІНІҢ БІЛІМ МЕН ТӘРБИЕ ЖӨНІНДЕГІ ИДЕЯЛАРЫНЫҢ ӨМІРШЕҢДІГІ

**Кинжекова Р.С.**
*п.ғ.к. доцент*
*Батыс Қазақстан инновациялық – технологиялық университеті, Орал.қ.*

***Резюме.*** *В статье рассматриваются просветительские идеи деятелей Алаша, которые напрямую участвовали в развитии казахской философской мысли, а также их самоотверженный труд, посвящённый этой цели. Раскрываются принципы, которых они придерживались при создании национальной системы образования, и подчёркивается их внимание к необходимости воспитания будущего поколения на основе передовых достижений, а также организации образовательного процесса в тесной связи с характером народа, его образом жизни и традициями. Эти идеи излагаются в контексте их актуальности для современности.*

***Ключевые слова.*** *Деятели Алаша, идеи образования и просвещения, личность учителя, педагогические взгляды, методы, технологии.*

Бүгінгі күн тұрғысынан Қазақстандағы білім беруді дамыту, білім алушыларды сапалы біліммен қамтамасыз ету, халықаралық рейтингілердегі білім көрсеткішін жақсарту мен қазақстандық білім беру жүйесінің тартымдылығын арттыру мәселесі күн тәртібінің ең өзекті мәселесі болып тұр. Сондай -ақ педагог кадрлардың мәртебесін арттыру, олардың бүкіл қызметі бойына мансаптық өсуі, білімін жетілдіруі және кәсіби біліктілігін дамытуды қамтамасыз ету – бүгінгі күннің басты талаптарының бірі ретінде көрсетілген. Педагогтердің еңбегін мемлекеттік қолдау мен ынталандыруды арттыру мәселелеріне де үлкен мән беріліп отыр.[1.] Қай кезеңде де мектеп – үйрететін орта, оның жүрегі - мұғалім. Ізденімпаз мұғалімнің шығармашылығындағы ерекше тұс - оның сабақты түрлендіріп, тұлғаның жүрегіне жол таба білуі. Бұл мәселелер Алаш ағартушыларының да назарынан тыс қалған жоқ.

Халықты ағарту мектептен басталатынын жақсы түсінген Ахмет Байтұрсынұлы қазақ балаларының әйтеуір көзі ашылып, сауатты болуын ғана емес, тек ана тілінде сауаттануын содан соң барып өзге ұлт мәдениетіне, тіліне қол созуды талап етуі бүгінгі күні де ұстанатын басты принципіміз болса, болашақ ұрпақты тәрбиелеуде жақсы жетістіктерге қол жеткізеріміз сөзсіз еді. Бүгінгі күні үш тұғырлы тіл саясатын енгізіп, өз тілінде жазу-сызуды толық меңгермеген балаларымызға орыс, ағылшын тілдерін оқытудың ғылыми негізі жоқ екенін түсінетін кез келген сияқты. Ол сол кездегі қазақ –орыс мектептері жұмысына баға бере келе былай дейді:»Үкіметке керегі мемлекеттегі жұрттың бәрі бір тілде, бір дінде, бір жазуда болу, әр халыққа керегі өз діні, тілі жазуы сақталу. Солай болған соң бастауыш мектеп әуелі миссионерлік пікірден, политикадан алыс боларға керек.»-деді. [3.]

А. Байтұрсынов «Қазақ» газетінің 1914 жылғы 62-санында «Мектеп керектері» деген мақаласында «Ең әуелі мектепке керегі-білімді, педагогика, методикадан хабардар оқыта білетін мұғалім. Екіншісі –оқыту ісіне керек құралдардың қолайлы, һәм сайлы болуы. Құралсыз іс істелмейді. Құралдар қандай болса, істеген іс те сондай болады. Үшіншісі –

мектепке керегі белгіленген Программа. Әр іс көңілдегідей болып шығуы үшін оның үлгісі, я мерзімді өлшеуі боларға керек» -деп оқытудың дидактикалық принциптерін тұңғыш айқындап берді. Оқыту үрдісін дұрыс жүргізуде әдістерді таңдай білудің мәнін тұңғыш бағамдап, бұл турасында: «Жақсы дерлік те, жаман дерлік те бір әдіс жоқ. Олақтықтың белгісі – бір ғана әдісті болу; шеберліктің белгісі – түрлі әдісті болу; керек орнында жоқ әдісті табу да қолынан келу. Мұғалім әдісті көп білуге тырысу керек; оларды өзіне сүйеніш қолғабас нәрсе есебінде қолдану керек.» 2.«Әр әдіс өз орнында жақсы» 3. «Әдіс – керекшіліктен шығатын нәрсе Әдістің жақсы – жаман болмағы жұмсалатын орнының керек қылуына қарай. Мәселен сауаттану әдісін алсақ, бір жұрттың сауаттану ісіне қолайлы болған әдіс екінші жұрттың да сауаттану ісіне қолайлы боларға тиіс деп айтуға болмайды» -деген пікірлер айтқан. «Әдісін алғанша қай істе болса қиын болады Әдісін алған соң, қайсысы болсада оңайланады. Істің шапшаң істелуі күйге жетуі, қайта-қайта істеліп, дағдыға айналған кезде болады.» [4.18]

Әдісін алғаннан кейін батылырақ қимылдайтын болады, онан әрі батылырақ жүретін болады, онан соң қалай болса, солай жүретін болып әбден төселеді, төселгеннен әрмен (қарай) басқалармен жарысып өнер салыстырарлық дәрежеге жетеді. Қазіргі кезде жаңартылған білім деңгейін оқу үрдісіне енгізуге байланысты қоғамда, ата-аналар арасында, жалпы көпшілікте талас-тартыс жүріп жатырғаны белгілі. Жылдар бойы қалыптасып қалған жүйені бұзу, жаңарту қай-кезде де оңайлықпен жүзеге аспайды. Бірте-бірте үйрене келе бойға сіңетінін ғалым дөп басып айтады:. «Үйрену һәм үйрету ең басында қиын. Балалар оқудың басында қиналмаса, оқудан тауы шағылмай, көңілі қайтып, мұқалмайды, оқуға ықыластанып, оқыған сайын қызығады. Үйретушінің жігері құм болмай, ісі ілгері оңай жылжыған сайын, көңілденіп оқытуға жаһады зорайып, шабыттанады. Оқу барысында қиын болса, балалар миға (ұйыққа) түскен мал сықылды, малтығып жылжи алмай қиналады, үйретуші сүйреп шығара алмай қиналады. Екі жағының да жігері кеміп, шабыты болмайды. Шабыттанып істелмеген іс оңды да болмайды». Бүгінгідей әдістердің жаңа технологиялармен ұштастыру ісінде де ғалым-әдіскердің ойлары дәл қазіргі талапқа да сай келетіндей.

Көрнекті ағартушы Ғ. Қараш та жас ұрпаққа тәлім-тәрбие беруде мұғалім негізгі тұлға екенін әркез естен шығармайды. Ол мұғалімге қойылатын талап-тілекке оқыту, үйрету, тәрбиелеу ісіне жеңіл –желпі қарамай, оған асқан жауапкершілік пен тиянақтылық керек екенін ескертеді. «Жансыз түсіндіру-дейді ол – тыңдауға тартымсыз және естуге ауыр болудың үстіне тез ұмытылады. Шәкірт өзі жан-тәнімен сүйген мұғалімінен ғана тиянақты білім ала алады,»-дейді.

Ол адамның мінез-құлқын қалыптастыруда еңбектің маңызына ерекше мән береді. «Адам іс-әрекет үстінде өсіп жетіледі»-дейді. Ғ. Қарашев мінез-құлықты дұрыс қалыптастыру үшін жалаң ой мен жалаң сөзден аулақ болып, бала тәрбиелеу ісіне ерекше көңіл аудару керектігіне меңзейді. «Ата-ана бала мінезін жақсы жолға салуда, кей нәрсенің себебін түсіндіріп, ерте бастан мынау жақсы, мынау жаман, мынаны істеуге болмайды деп үйретуі тиіс»-дейді. Баланың ақылы бірте-бірте өспекші, міне осы мезгілде оған жолбасшылық ету –тәрбиенің басты шарты. Үйретудің, жол көрсетудің қай орында тұрғандығы осыдан көрінсе керек,-деп ой түйеді.. Балаға ұрсу, жекіру жолымен үгіттеудің пайда бермейтіндігін айта келіп:» Бала өзіне жаза күтіп тұрған кезінде, я болмаса жаза тартып болысымен үгіттеуден сақтану керек. Мұндай халде берілген үгіттің тудыратын әсері жақсы сөзден жиренуден басқа ештеңе емес,»-деп мәселенің психологиялық астарына үңіледі.

Ж. Аймауытовтың «Тәрбие» деген мақаласындаадам бойындағы ұнамсыз мінез-қылықтарының барлығы тәрбиенің кемдігінен деп қорытынды жасайды. Оның айтуынша, адам табиғаттың емес, тәрбиенің құлы болуы тиіс. Адам өміріндегі тәрбиенің ролін жоғары бағалаған ол тарихтағы ірі құбылыстардың бәрін тәрбиемен байланыстыра отырып, былай деп жазды: «Алғашқы екі ғасырдай афиняндар мәдениетті, ғылымды күшті жұрт болған. Неге? Данышпан Солонның жасаған ережесімен тәрбиеленгендіктен. Рим халқын атақты,

күшті қылған кім? Аристотельдің тәрбиесі...» Заман өте келе білімі, ғылымы дамыған елдердің ғана өркениеті өсіп, дамудың шыңына шығатынына көзіміз анық жетіп отыр.

«Білімнің адамзат игілігіне жұмсалуы тәрбиеге байланысты. Тәрбиесіз білімді адам сол білімін адамзаттың игілігіне де, сорына да оңды-солды жұмсай беруі мүмкін. Тәрбиелі адам, яғни иманды адам, толық адам ондайға бармақ емес. Ол білімін өз орнына, игілікке, адамзаттың гүлденуіне жұмсайды.» -деп ой қорытады.

Болашақ ұрпақты озық жетістіктерге тәрбиелеу, оларға білім беру процесін сол халықтың мінез-құлқымен, тұрмыс-салтымен, әдет-ғұрпын еске ала отырып жүргізудің қажеттілігіне көңіл бөледі. «Қазақтың өзгеше мінездері» деген мақаласында өз халқының бұрынғы уақыттарда «ұйымшыл, елі жауынгер, биі әділ, намысқор, адамы әрі бітімді, қайратты, сауықшыл, досымен достасып, жауымен жауласуға табанды» болғанын айта отырып, отаршылық езгінің әсерінен осы мінездер өзгеріп, «ұрлық, зорлық, өтірік, өсек, алдау, қулық, кісі өлтіру,өтірік мақтану, ынсапсыздық, тұрақсыздық,, жалқаулық сияқты жағымсыз қылықтар» көбейгеніне қынжылады. Қазіргі жаһандану дәуірінде өзіміздің бітім-болмысымыздан айырылып қалу қаупі төніп тұрған кезде ағартушының идеясын басшылыққа алу, өткенімізге үңілу керек-ақ. Осыған байланысты қазіргі таңда еліміздің білім беру жүйесіндегі реформалар мен сыңдарлы саясаттар, өзгерістер мен жаңалықтар әрбір педагог қауымының ойлауына, өткені мен бүгіні, кешегісі мен болашағы жайлы толғануына, жаңа идеялар мен жаңа жүйелермен жұмыс жасауына негіз болары анық

Ағартушы жас ұрпақты тәрбиелеудегі отбасының рөлін де өз мақалаларының өзегі қылған. «Баланы бұзуға, түзеуге себеп болмайтын бір шарт –жас күнінде көрген өнеге, ол өнеге әке-шешенің тәрбиесі болуы керек. Ата –ананың берген тәрбиесі –баланың мінезіне салған ірге. Жасынан сіңген мінезді есейгенде жоғалту, басқа бір күшпен болмаса, болмайды.» Сүтпен біткен мінез сүйекпен кетеді» -деген сөз ата-ананың тәрбиесінің күштілігін көрсетеді. Бірақ бұл мақала тәрбие мен мінезді түзетуге болмайды деген сөз емес. Балаға қайырымдылықты, қатігездікті кішіпейілдікті, астамшылықты, әдепсіздікті, шыдамсыздықты, күйгелектікті, шыншылдықты, өтірікшілікті беретін кім? Ол,әрине, -ата-ананың тәрбиесі.» [5.50]

Тәрбиешіге қоғамда үлкен маңыз берген жазушы оны дәрігермен салыстырады, тіпті одан да жоғары қояды: «Адамдық көзбен тереңнен тексерсе, дәрігерден де тәрбиешінің көп болғаны артық. Дәрігер адамның денесін сауықтыратын болса, тәрбиеші адамның ақылын, мінезін, жанын сауықтырады»-дейді. Тәрбие мәселесін мемлекеттік дәрежеге көтеру қажеттігін жете түсінген.» Тәрбиешіге Отанның келешек өмірін тапсыруға болады. Себебі тәрбие нәтижесінде ақылды адам көбейсе –Отанның күзетшісі, қорғаны.» [6.397]

Оқу-ағарту ісі Алаш қайраткерлерінің де әлеуметтік қызметінің арқауы, азаматтық борышының негізі, идеологиялық платформасының тіреуі болды. Бұл платформаны мықтап ұстауға итермелеген –олардың туған халқының тағдырын ойлаған қам-карекеті. Олар қазақ халқын әлеуметтік теңдікке, азаматтық мәдениетке жеткізетін амал-әрекеттің бастысы «түгел қазақты» сауатты етіп, көзін ашу екендігін жақсы түсінді

Өзгермелі қоғамдағы жаңа формация мұғалімі де – педагогикалық құралдардың барлығын меңгерген, тұрақты өзін-өзі жетілдіруге талпынған, рухани дамыған, толысқан шығармашыл тұлға құзыреті. Оның бәсекеге қабілеттілігі, білім беру сапасының жоғары болуы, кәсіби шеберлігі, әдістемелік жұмыстағы шеберлігі. рефлексияға қабілетті, өзін-өзі жүзеге асыруға талпынған әдіснамалық, зерттеушілік, дидактикалық - әдістемелік, әлеуметтік тұлғасының биіктігі, коммуникативтілік, ақпараттық және тағы басқа құдыреттіліктердің жоғары деңгейімен сипатталатын рухани- адамгершілікті, азаматтық жауапты, белсенді, сауатты, шығармашыл тұлға болуы керек. Сондықтан бүгінгі күні еліміздің білім жүйесінде оқыту үдерісін тың идеяларға негізделген жаңа мазмұнын қамтамасыз ету міндеті тұр [9.]

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**:

1. «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы». (№ 249)

2. Байтұрсынұлы А. «Тіл - құрал» Шығармалары Алматы, 1989 ж.
3. Кәрімұлы Х. Ахмет Байтұрсынұлының әдістемеге қосқан үлес. //Қазақ тілі мен әдебиеті журналы - №6, 2014ж.
4. Қыдыршаев А. С. Ахмет Байтұрсынұлының әдістемелік мұрасы. –Орал, 2011 -18 бет
5. Боранбаева Б. Ғұмар Қараш қоғамдық-саяси қызметі.-Алматы, 2014-50-бет.
6. Әбиев Ж. Педагогика тарихы.-Алматы,2006-397-бет.
7. Беркімбаева Ш., Құсайынов А. т.б. Жоғары мектеп педагогикасы.(оқу құралы) – RONDA баспасы, 2019 ж. -8 б.
8. Айтбаева Ф.Б. Білім берудегі жаңа технологиялар (оқу құралы) – Алматы, 2021
9. Мынбаева А.К. Современные образовательные концепции. (учебное пособие) - Алматы, 2022г.

ӘОЖ: 811.512:81’11(091)

## МАХМҰТ ҚАШҚАРИ ЕҢБЕГІНДЕГІ ТҮРКІ ТІЛДЕРІНІҢ КЛАССИФИКАЦИЯСЫ: ҚАЗІРГІ ТІЛ БІЛІМІНДЕГІ ОРНЫ

**Сегизбаева К.К.**
*Phd докторант*
*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ.*

***Резюме.*** *В статье рассмотрена систематическая классификация тюркских языков, которую впервые в истории тюркологии предложил Махмуд Кашгари в своем знаменитом труде «Диван лугат ат-турк». Описаны фонетические, морфологические особенности тюркских языков, расположенные автором «Дивана» по географическому принципу, от запада к востоку и от юга к северу. Приведены также примеры грамматических особенностей тюркских языков и сделано сравнение классификаций М.Кашгари и последующих ученых тюркологов.*

***Ключевые слова.*** *«Диван лугат ат-турк», классификация, тюркские языки, аффикс, ареал, фонетический.*

Махмұт Қашқаридың «Диуан лұғат ат-түрк» атты еңбегі – орта ғасырдағы түркітанудың ең құнды ескерткіші. 1072–1074 жылдары Бағдатта араб тілінде жазылған бұл еңбек алғашқы түркі-араб сөздігі ғана емес, салыстырмалы-тарихи тіл білімі, лексикография, антропологиялық лингвистика, лингвомәдениеттану, диалектология сияқты ғылым салаларын қамтитын, сонымен қатар түркі халықтарының этнографиясы, фольклоры, географиясы және ең бастысы – түркі тілдерінің жүйелі сипаттамасы мен классификациясы туралы мәлімет беретін энциклопедиялық туынды.

«Диуан лұғат ат-түрк» сегіз кітаптан (баптан) тұрады: 1. Хамза кітабы. 2. Сәлім кітабы. 3. Мұзоаф кітабы. 4. Мисал кітабы. 5. Үш әріпті кітап. 6. Төрт әріпті кітап. 7. Ғунналылар кітабы. 8. Екі сүкүндікпен қатар келген сөздер кітабы. Әр кітапта алдымен есім сөздер, содан кейін етістіктер түзілген [1, 16]. Араб әліпбиімен реттелген 7500-ден астам түркі сөзінің мағынасы мен қолданылуына талдау жасалып, 200-ден астам даналық сөз бен мақал-мәтел, 242 шумақ өлең жолдары берілген [1, 19].

М. Қашқари өз еңбегін жазуда толықтай араб лексикографиясының ережелеріне бағына бермеген, түркі тілдерінің морфологиялық ерекшеліктеріне сәйкес өз әдістемесін ұсынған. Дегенмен арабтарға түркілердің тілінің байлығын, олардың сөздерінің дәлдігін және араб тілімен тең екендігін, өзі еңбектің алғысөзінде жазғандай: «Түрік тілінің араб

тілімен бәйгеге шапқан екі аттай (үзеңгі қағыстырып) қатар шауып бара жатқанын» көрсету үшін түзген [2, 32].

ХХ ғасырдың басында Қашқари еңбегін ең алғаш зерттеушілердің бірі Х. Досмұхамедұлы Қашқаридың «ол уақытқа дейін мұсылман ғалымдарында көрінбеген бір жобамен, дөңгелек (ықтимал «жер дөңгелек» «Әл арду курату» мәселесін біліп) харита-(карта) жасап, бүкіл әлемге түркі тайпаларының қай жерде, қалай орналасқандығын көрсеткенін» жазып кеткен [3, 155].

Осы мақсат оның классификациясын да анықтаған. М. Қашқари түркі тілдерін таза және аралас деп екіге бөледі: өзге тілдердің ықпалына түспеген, тек түркі тілдерінде сөйлейтін тайпалардың тілі, «Ең ашық-айқын әрі тура-түзу – тек сол бір ғана тілді біліп, парсылармен араласпайтын және шет өлкелермен барыс келіс жасамайтын кісілердің тілдері», – дейді [2, 55]. Тілі таза тайпалар қатарына йағма, тохсы, қырғыз, қыпшақ, оғыз, шігіл, ырғақ тайпаларын жатқызған. Иімәк башқұрт тілдері жоғарыдағы тілдерге біршама жақын. Румға дейін созылып жатқан бұлғар, сувар, печенектер тілі де таза сөйлейтіндерге жақын болып келеді.

М. Қашқари пікірінше ең жеңіл тіл – оғыз тілі, ең дәл, икемдісі тохсы мен йағма тайпаларының, сонымен қатар Іле, Ертіс, Иамор, Еділ бойларындағы қалаларда тұратын ұйғырлар тілі [2, 56]. Бұл тілдерде араб, парсы тілдерінің қоспасы жоқтың қасы, оның үстіне түркі тілдерімен ешқандай туыстығы жоқ (қытай, тибет) басқа тілдердің ықпалында болмаған тілдер деп түсіндіреді. М.Қашқари пікірінше ең ашық та, анық тіл – хақандықтардың тілі.

Өзге тілдердің ықпалына түскен тілдерді М.Қашқари үшке бөледі: бірінші топқа сұғдақ, қанжақ, арғу тайпалары мен Баласағұн, Тираз, Бейзә шахарлары тұрғындарының тілін жатқызады. Бұл тайпалар екі тілді, соғды мен түркі тілдерін жақсы біледі, олардың сөздерінен түркі тілдеріне соғды тілінің әсері анық байқалады. Екінші топқа шетелдіктермен араласатын хотан, түбіт халықтары мен таңғұттардың бағзылары кіреді. Бұлардың тілінен қытай, тибет тілдерінің әсері байқалады. Үшінші топқа қыр халықтарына жататын жомылдардың тілі сияқты қай, иабаку, татар, басмыл тайпаларының тілін жатқызып, түрікшені жақсы білетіндігін атап өтеді [2, 56].

«Түріктер тегінен жиырма тайпалы...Әрбір түрік тайпасының қаншама ұрық-шәріптері бар, олардың саны ұлы Тәңірінің бір өзіне мағлұм. Мен бұлардың түп-тамырлары мен ана тараптарын жаздым. Ру-аймақтарын тастадым. Кісілерде оғыз түркмендерінің білуге ықтияр болғандықтары үшін, солардың ұрықтарын, малдарына басатын таңбаларын да көрсеттім. ...Рұм өлкесі жағынан Күншығысқа қарай шығыстағы тайпалардың орналасқан жайларын көрсетіп өттім» [2, 54].

Дәл осылай М.Қашқари түркі халықтарының географиялық орналасуы мен тілдерінің фонетикалық, морфологиялық ерекшеліктеріне қарай екіге бөледі: 1) шігіл, йағма, тохсы, ұйғырлардан бастап Қытайға дейінгі аралықта, яғни шығыста орналасқан түркі тайпаларының тілі, 2) оғыз, қыпшақ, суварлардан Римге дейінгі аралықта, яғни батыста орналасқан түркі тайпаларының тілі.

«Сөздік» авторы бұл екі топқа жататын тілдердің арасындағы фонетикалық, морфологиялық ерекшеліктерді де айқындап кеткен. Фонетикалық белгілерден сөз басындағы шығыс түркі тайпаларының тілінде кездесетін й дыбысына батыс тобында дж аффрикат дыбысы сәйкес келеді немесе мүлдем түсіп қалады: *йылығ-ылығ (жылы), йинджу-джинджу (інжу).* Батыс топтағы сөз басындағы м дыбысына шығыста б дыбысы сәйкес келеді: *мен-бен*. Инлаутта кездесетін й-з: *азақ–айақ–азақ* алмасулары туралы А.Н.Кононов шығыс түркі тілдері тобын з-кіші тобына (шігіл, хакани түркі), й-кіші тобына (йағма, тохсы және Машынға дейінгі басқа тайпалар тілдері), ал батыс тобын з-кіші тобына (йемек, пешенег, сувар, бұлғар) және й-кіші тобына (оғыздар, қыпшақтар) бөлуге болады дейді [4].

Сөз соңындағы алмасулар: «түріктер қой десе, арғулар қон, кембағалды түріктер шығай десе, олар шығаң» [2, 57] сияқты осы күнгі түркі тілдерінің ерекшелігі саналатын

белгілерді көрсетеді. Сонымен қатар шығыс топта қолданылатын г, д дыбыстарына батыста к, т дыбыстары сәйкес келеді: *тевей – девей (түйе), бүгде – бүкте (қанжар)* сияқты алмасулар да түркі тілдерінде аталған дәуірде болған құбылыс екенін байқауға болады.

Морфологиялық белгілерден -ғұ: *барғұ иер, баратын жер* -ла: *бардыла, барды* «мұны оғыздар қолданады, басқа түріктер білмейді» [5, 291] – деп ескертеді, ағыл – қора, қой қорасы, «Оғыздар қойдың құмалағын ағыл» дейді. «Бұл екі түсінік бір-біріне жақын болғандықтан келіп шыққан» [6, 103] – деп, сөз мағынасының ауысуы сияқты семантикалық процеске де назар аударады. Шығыс тілдеріндегі -қу, -ғу қосымшаларына батыста -асы, -есі қосымшасы сәйкес келеді: барғу – барасы, келгу – келесі [2, 59.; 7, 67]. Шығыс тілдеріндегі қимыл атауының -ғұғы, -куғы қосымшаларына батыс топтағы тілдерде -дачы, -тачы қосымшалары сәйкес келеді: *барғучі – бардачі (баратын), турдачі (тұратын)* [7, 291]. Сондай-ақ шығыс түркі тілдері тобындағы етістіктің өткен шақ формасы -дук, -дүк орнына батыста -ды, -ді формасы [6, 67-68], -ған, -қан, -ген, -кен *(барған)* формасының орнына -(й)ан, -(й)ен (баран) формасы қолданылады. М. Қашқаридың пікірінше, бұл жиі кездесетін дағдылы ерекшеліктер.

Түркі тілдерінің классификациясында маңызды рөл атқаратын «Диуанда» тіркелген грамматикалық ерекшеліктерге де тоқталсақ, М. Қашқари өз еңбегінде есім сөздер мен етістіктерге де көп көңіл бөлген. Б.Д. Шағырованың айтуынша «Диуанда» -лан, -лен қосымшасының зат есімге жалғануы арқылы жасалған 187 туынды етістік бар [8, 12]. Бұл көрсеткіш XI ғасырда туынды етістік жасайтын ең өнімді қосымша -ла, -ле, -лан, -лен екендігін дәлелдей түссе, екіншіден, есім сөз таптарының ішінде зат есім туынды түбір етістік, туынды етістік жасауға неғұрлым бейім болғандығын көрсетеді. Мысалы: *атланды – аттанды, атқа мінді; емленді – еттенді, ет алды; күшленді – күштенді, күшейді* [7, 365]. «Диуан» авторы -ла, -лә қосымшасының есімдерге қосылып, етістік жасауына мысал келтіреді: *бег құшлады – бег құс аулады.* Бұл жағдайдағы құс сөзі есім болып, әуелде етістікке ұқсас түрленбес еді, -ла қосымшасының ықпалымен етістікке айналып, құдды басқа етістіктей түрленіп өзгереді [2, 47-48].

Сонымен қатар «Диуандағы» 4 әріпті, 2 буынды, алты дыбыстан құралатын етістік түбірлерінің басым көпшілігі – өзгелік етіс тұлғасындағы туынды түбір етістіктер. Өзгелік етіс -тур, -түр, -дур, -дүр аффиксі арқылы жасалған *көмтүрді – көмтұрді: көмдірді. Ол иерде нең көмтүрді – Ол жерге нәрсе көмдірді* [7, 277]; *мүндүрді – міндірді. Ол маңа ат мүндүрді – Ол маған ат міндірді* [7, 279]; *айтұрды айтұлды: айтқызды. Ол маңа сөз айтұрды – Ол маған сөз айтқызды* [7, 279].

Көріп отырғанымыздай М.Қашқаридың «Диуаны» түркі тілдерінің нағыз салыстырмалы сөздігі, ал классификациясы – түркі тілдерінің генеалогиялық жіктелуінің алғашқы ғылыми үлгісі. Ол XI ғасырда-ақ:

- тілдердің дыбыстық заңдылықтарын байқаған,
- изоглоссаларды (бірдей дыбыстық өзгешеліктердің таралу аймағы) сипаттаған,
- диалект континуумын (үздіксіз өтпелі аймақтарды) көрсеткен.

Осы тұрғыдан алғанда Махмұт Қашқари XIX ғасырдағы еуропалық компаративистикадан 800 жыл бұрын осы әдісті қолданған.

Енді М.Қашқари классификациясын кейінгі ғалымдардың жіктемесімен салыстырайық:

| Махмұт Қашқари | Қазіргі классификация (А.Н.Самойлович, Н.А. Баскаков) |
|---|---|
| Оғыз + қыпшақ | Оғыз тобы + қыпшақ тобы (батыс түркі) |
| Ұйғыр + қарлұқ + йағма | Қарлұқ тобы (шығыс түркі) |
| шігіл, арғу, тохсы | Қарлұқ кіші тобы |
| бұлғар (сувар, башқұрт?) | бұлғар (чуваш) тобы – «r-z» айырымы негізінде |

Яғни, М. Қашқаридың жіктеуі қазіргі классификациямен 90–95 % сәйкес келеді. Тек бұлғар (чуваш) тілін ол «түркі тілдерінің сыртында» деп есептемеген, бірақ оның ерекшеліктерін (r -z, 1 - l) дұрыс байқаған.

А.М. Щербактың пікірінше классификация туыс тілдерді белгілі уақыт деңгейіне байланысты бөлетін схемалық көрсетілім ғана емес, осылай бөлушілік себебін анықтап, дәлелдеудің жолы, ғылыми-теориялық және қолданбалы мәні бар мәселе [6, 12]. Түркі тілдерінің классификациясы А.М.Щербак келтірген Г.Дерфердің көрсетуі бойынша, алпысқа жуық, бұлардың түркі тілдерін толық қамтуға тырысқандары да тек тілдік белгілерін негізге алғандары, түркі тілдерінің қазіргі күйі тұрғысынан келгендері де бар. Олардың ішінен XIX ғасырдағы орыс ғалымдары: И.Н. Березин, Н.И. Ильминский, В.В. Радлов, Н.А. Самойлович, С.Е. Малов, И.А. Батманов, Н.А. Баскаков, М.Томанов есімдерін атау орынды.

Жіктеме саны елеулі болғанымен, олардың ішінде тілдік белгілеріне сүйеніп, алғаш рет ғылыми жағынан дәлелдеп топтаған И.Н. Березин, ол түркі тілдерінің фонетикалық ерекшеліктерін сипаттай отырып үш топқа бөледі. В.В. Радлов, И.Н. Березиннің фонетикалық белгілерге сүйенген пікірін одан әрі толықтыра түседі. Ол түркі тілдерін батыс, шығыс, ортаазиялық, оңтүстік деп төртке бөледі.

Өзгеріске көп бейімі жоқ фонетикалық, морфологиялық белгілеріне сүйеніп, тілдердің туыстық, жақындық мөлшерін анықтау ғылымда өз тиімділігін байқатты, сондықтан классификациялардың ішіндегі біршама толығы саналатын А.Н.Самойловичтің еңбегінде осы жүйе жалғасын тапқан. Яғни ғалым, негізінен тілдердің фонетикалық белгілеріне сүйену арқылы алты топқа жіктейді, сонымен қатар, фонетикалық, морфологиялық белгілерді ареалдық белгілермен байланыстырады, кейінірек оларды іштей тармақтайды.

Алайда бүгінгі түркітанушы ғалымдардың пікірінше: «Түркі семьясына жататын тілдерді топтастыру бағытында істелген біраз жұмыстардың барлығына қарамастан бұл мәселе күні бүгінге дейін тыңғылықты шешімін таппай келеді. Оның басты себебі, біріншіден бұл мәселені зерттеудің тиімді әдіснамасының жоқтығы болса, екіншіден, түркі тілдерінің дыбыстық, грамматикалық жүйелерін бір-біріне салыстыра зерттеу, сол арқылы оның арасындағы ұқсастық пен ерекшеліктерді жете ашу істерінің жетімсіздігі болып отыр» [9, 132]. Сондықтан бұл сала әлі де терең ғылыми зерттеулерді қажет етеді.

Ал XI ғасырда-ақ қазіргі түркітанудың негізгі принциптерін қолданған Махмұт Қашқаридың «Диуани лұғат ат-түрк» еңбегі – тек сөздік емес, түркі тілдерінің алғашқы ғылыми грамматикасы, диалектологиясы және классификациясы. Сондай-ақ «Диуани лұғат ат-түрк» – ортақ түркі тілінің лексикасын қалпына келтірудің басты көзі. Тек осы еңбектің арқасында қазіргі түркі тілдеріндегі көптеген сөздер мен формалардың архетипін анықтап, қазіргі түркі тілдеріне тән құбылыстарды түсіндіру мүмкін болып отыр.

Бүгінгі күні түркі тілдерін зерттегенде әрбір ғалым міндетті түрде Махмұт Қашқаридың деректеріне сүйенеді. Оның классификациясы 950 жыл өтсе де өзектілігін жоғалтпаған, керісінше – қазіргі түркітанудың іргетасына айналған.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1.Егеубай А. Махмұт Қашқари «Диуани лұғат-ит-түрк».// М. Қашқари. Түрік сөздігі. – Алматы: Хант, 1997. – 592 б.

2.Қашқари Махмұт. Түрік сөздігі (Диуани лұғат-ит-түрк). Аударған, алғысөзі мен ғылыми түсініктерін жазып, баспаға дайындаған А.К.Егеубай. – Алматы: Хант, I том. 1997. – 592 б.

3.Досмұхамедұлы Х. Диуани лұғат ат түрк // Таңдамалы. Алматы: Ана тілі. 1998. 155–162 б.

4.Кононов А.Н. Махмуд Кашгарский и его «Дивану лугат ит-турк». СТ, №1, 1972, с. 3-17.

5.Қашқари Махмұт. Түрік сөздігі (Диуани лұғат-ит-түрк). Аударған, алғысөзі мен ғылыми түсініктерін жазып, баспаға дайындаған А.К.Егеубай. – Алматы: Хант, III том. 1998. – 600 б.

6.Щербак А.М. Введение в сравнительное изучение тюркских языков. – СПб.: Наука, 1994. – 191 б.

7.Қашқари Махмұт. Түрік сөздігі (Диуани лұғат-ит-түрк). Аударған, алғысөзі мен ғылыми түсініктерін жазып, баспаға дайындаған А.К.Егеубай. – Алматы: Хант, II том. 1997. – 528 б.

8.Шағырова Б.Д. М. Қашқаридың «Диуани лұғат-ит-түрк еңбегіндегі және қазіргі қазақ тіліндегі етістік категориясы. Фил.ғыл.канд.диссерт. Ғыл.жет. Қалиев Ғ.Қ. – Алматы, 2004. – 143 б.

9.Авакова Р.А., Бектемирова С.Б. Түркі филологиясына кіріспе. – Алматы: «Қазақ университеті», 2018. – 236 б.

ӘОЖ 821. 512.161

## ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ТАРИХИ ЖАДЫНЫҢ ОРТАҚ МОТИВТЕРІ

**Мухангалиева Гулгуль Бектемировна**
БҚО, Орал қаласы, №44 мектеп-гимназиясы

Бұл мақалада түркі халықтары әдебиетіндегі тарихи жады мәселесі қарастырылды. Әдеби шығармаларда жиі кездесетін ортақ мотивтер талданды: көшпелі өмір салты, батырлық дәстүр, ел бірлігі, туған жерді қастерлеу, шежіре мәдениеті. Зерттеу барысында бұл мотивтердің түркі халықтарының рухани тұтастығын қалыптастырудағы рөлі жан-жақты ашылды.

**Тірек сөздер:** Историческая память, тюркские народы, эпос, родословие (шежире), эпос, традиция.

Түркі халықтарының рухани мұрасы – арғы ғасырлардан үзілмей жеткен бай мәдени қабаттардан тұратын тұтас әлем. Бұл әлемнің ең басты сақтаушысы – әдебиет. Әдебиет тек көркем туынды ғана емес, ұлттың тарихи санасын, дүниетанымын, рухани кодын сақтайтын мәдени феномен болып табылады. Түркі жұрты мыңдаған шақырымға бөлінгенімен, олардың жыр-дастандарында, аңыз-әпсаналарында, тарихи шығармаларында ортақ мотивтердің жиі кездесуінің өзі – ортақ арғы негіздің айғағы. Бұл мақалада сол ортақ тарихи жад пен біртұтас рухани желіні құрайтын негізгі мотивтер жүйелі түрде талданады.

Көшпелі өмір салты: түркілік дүниетанымның өзегі.Түркі халықтарының әдебиетіндегі тарихи сананың ең тұрақты қабаты – көшпелі мәдениет. Бұл мәдениет ғасырлар бойы қалыптасып, халықтың болмысын, ойлау жүйесін, эстетикалық талғамын анықтады.

Дала кеңістігі және еркіндік философиясы. Қазақ жырларындағы «кең сахара», қырғыздың «жайлауы», түрікменнің «шөл мен жусаны», алтайлықтар мен тува әдебиетіндегі «таулы қоныстар» – бәрі де түркі әлеміндегі табиғатпен тұтастық идеясын білдіреді. Дала – тек мекен емес, ол еркіндіктің, кеңдіктің, тәуелсіздіктің символы. Көшпелілер өміріндегі табиғатқа бейімделу, маусымдық көшу, төрт түлікке қатысты нанымдар түркі халықтары әдебиетінде көркем түрде бейнеленіп, ұрпақтық тарихи жад ретінде сақталған. Мәселен, қазақ пен қырғыз эпосындағы «құтты қоныс», «табиғатпен үйлесім» сияқты мотивтер ұлттың дүниетанымын айқындайды.[1]

Атқа міну мәдениеті. Ат – көшпелілердің қолқанаты ғана емес, олардың еркіндік пен батырлық символы. «Манаста» Манастың тұлпары Аққұла, қазақ жырларында Алпамыстың Байшұбары, Қобыландының Тайбурылы – барлығы тарихи жадтың ортақ табиғатын көрсетеді. Ат бейнесі тек эпостарда емес, лирикалық өлеңдер мен мақал-мәтелдерде де орын алған.

Батырлық дәстүр: халық жадындағы қаһарман тұлға. Батыр – халықтың қорғаушысы. Түркі эпостарында батыр бейнесі тек соғысушы емес, елдің тәуелсіздігі мен берекесінің кепілі ретінде көрінеді. Қазақтың Қобыландысы, Алпамысы; қырғыздың Манасы; алтайдың Маадай-Қарасы; башқұрттың Урал-батыры – бәрі де ортақ мақсат: елді қорғау, жерді сақтау, намысты аяққа бастырмау.

Батырдың тегі мен киелілігі.Көптеген түркі дастандарында батырлардың дүниеге келуі ерекше сипатталады: түс көру, киелі нұрдан жаралу, немесе әулие-әмбиенің батасы арқылы дүниеге келу – бұл мотивтер тарихи жадта батырдың қасиетті тұлға екенін айшықтайды.

Ел бірлігі – батыр бейнесінің өзегі. Түркі эпостарында батыр жеке мүддені емес, ел бірлігін көздейді. Мысалы, «Манаста» басты идея – қырғыз елінің тұтастығы; «Алпамыста» ру-тайпалар арасындағы татулық; «Күлтегін жазуларында» халық бірлігі – елдің тірегі ретінде сипатталады. [4]

Түркілік бірлік және мемлекет идеясы. Орхон мұраларынан бастау алған бірлік концепциясы. Орхон жазбаларындағы «Түркі халқы үшін түн ұйықтамадым, күндіз отырмадым» деген жолдар халықтың болашағы үшін күрес идеясын көрсетеді. Бұл ой кейінгі барлық түркі эпостарына ортақ рухани бағдар береді. [2]

Бейбітшілік пен татулық мотиві.Түркі халықтары әдебиеті тек соғыс пен қаһармандыққа емес, елдің берекесі мен татулығына да мән береді. «Қорқыт ата кітабындағы» бейбітшілікке шақыру, қазақ ертегілеріндегі татулық идеясы, түрікмен мен әзербайжан дастандарындағы ел ынтымағын сақтау мотивтері – тарихи жадтың ортақ қырлары.

Жер мен елге адалдық мотиві. Туған жердің киелілігі. Түркі әдебиетінде жер – тек географиялық ұғым емес, ол – киелі кеңістік. Әр халықтың әдеби мұрасында «ата қоныс», «құтты мекен» идеясы көрініс табады. Қазақтың Асан Қайғысының «Жерұйықты» іздеуі – идеалды қоғам, құтты қоныс аңсаудың көркем көрінісі.

Қоныс пен құттылық. Түркі дүниесінде жердің құтты болуы – халық тағдырымен бірдей қаралады. Көшпелі халықтардың жақсы қоныс іздеуі – олардың өмір философиясынан туындайтын ортақ мотив.

Туған жер үшін күрес мотиві. Қай халықтың эпосын алсақ та, туған жерді қорғау – негізгі мақсат. Бұл тақырып тарихи сананың аса берік қабаты болып табылады.

Шежіре дәстүрі және ұрпақтар сабақтастығы. Шежіре – тарихи жадтың құрылымы.

Шежіре түркі халықтары үшін ұлттың өзін-өзі тануының негізгі арқауы болып саналады. Әр ру, әр тайпа, әр әулет өз шежіресін білген, оны ауызша және жазбаша түрде ұрпаққа жеткізген.

Шежірелік шығармалардың әдеби табиғаты.Көптеген шежірелер тек тарихи дерек емес, көркем тілмен өрілген әдеби туындылар. Олар халықтың шығу тегі, ру-тайпалардың орналасуы, елді құрған тұлғалар жөніндегі тарихи жадты сақтап тұр.[3]

Ұрпақ жалғастығы – әдебиеттің тұрақты мотиві. Түркі әдебиетінде ұрпақтың амандығы мен оның жалғасуы басты орын алады. Бұл мотив халықтың болашаққа деген сенімін көрсетеді.

Түркі халықтары әдебиетінде ұлттың тарихи жады ғасырлар бойы үзілмей сақталып келеді. Ортақ мотивтер – көшпелілік мәдениеті, батырлық дәстүр, жер мен елге адалдық, бірлік идеясы, шежіре дәстүрі – түркі әлемінің рухани тұтастығын айқындайды. Бұл мотивтер тек әдебиетте ғана емес, халықтың өз болмысында, мінезінде, дүниетанымында бүгінгі күнге дейін өмір сүріп келеді.Түркі халықтарының әдеби мұрасын зерттеу – олардың ортақ тарихи жадын ашудың, мәдени байланыстарын нығайтудың маңызды жолы.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1.С.Мұқанов. *Халық мұрасы*. – Алматы: Ғылым, 1974.

2.Күлтегін, Білге қаған жазулары. Түпнұсқа және аудармалар жинағы. – Астана: Тіл білімі институты, 2010.

3.Әуезов М. *Әдебиет тарихы*. – Алматы: Ана тілі, 1991.
4.Н.Келімбетов. *Ежелгі дәуір әдебиеті*. – Алматы: Рауан, 1991.

ӘОЖ 82-1

# «ҚҰЛАГЕР» ПОЭМАСЫ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ КОД: ТАРИХИ ТҰЛҒА АҚАН СЕРІНІҢ ВИЗУАЛДЫ-НАРРАТИВТІК БЕЙНЕСІ

**Бактыгалиева Э.С. - докторант**
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ.

***Резюме.*** *Статья посвящена анализу поэмы И.Жансугурова «Кулагер» в контексте национального кода и визуально-нарративного моделирования образа исторической личности Акан сери. В исследовании раскрываются символические структуры, связанные с природным пространством, культом коня, серийской эстетикой и архетипами культурной памяти. Особое внимание уделяется визуально-поэтическим приемам, через которые формируется психологический и мифопоэтический облик героя. Проведённый анализ демонстрирует, что поэма превращает историческое событие в национальный миф, закрепленный в коллективной культурной идентичности.*

***Ключевые слова:*** *национальный код, визуальная нарратология, Акан сери, культурная память, символика*

**Кіріспе**

Қазақ әдебиетінің кең аясында ұлттық код, мәдени жад және символдық антропология категориялары жаңа ғылыми парадигмалар шеңберінде қайта зерделенуде. Бұл бағытта Ілияс Жансүгіровтің «Құлагер» поэмасы – ұлттық дүниетанымның күрделі құрылымын көркемдік тұрғыдан ашатын ерекше туынды. Поэма тарихи тұлға Ақан сері Қорамсаұлының өмірінен алынған нақты дерекке негізделгенімен, автор бұл оқиғаны жеке трагедия деңгейінен ұлттық деңгейдегі мәдени-символдық архетипке дейін көтереді.

Поэмадағы Құлагер өлімі, Ақан серінің ішкі күйзелісі, Арқа табиғаты, серілік феномені, қоғамдағы әділет пен зұлымдықтың қарама-қарсылығы – барлығы қазақ халқының этномәдени кодын жаңғыртатын көркемдік жүйеге айналады. Сонымен бірге І.Жансүгіров кейіпкер бейнесін дәстүрлі портреттік сипаттаумен шектемей, визуалды поэтика, нарративтік фокализация және символдық көріністер арқылы «көрінетін» тұлға моделін жасайды.

Бұл мақаланың мақсаты – «Құлагер» поэмасындағы ұлттық код элементтерін анықтап, тарихи тұлға Ақан серінің визуалды-нарративтік бейнесін заманауи нарратологиялық және визуалды талдау әдістеріне сүйене отырып ғылыми тұрғыда саралау.

**Әдеби шолу**

Нарратология саласында М.Бал [3, 55] фокализацияны оқиғаны кімнің көзімен көріп, кімнің сезімімен қабылданатынын анықтайтын негізгі ұғым ретінде түсіндіреді. «Құлагер» поэмасында трагедия эпизодтары көбінесе Ақанның ішкі көру позициясымен беріледі, бұл кейіпкер санасындағы психологиялық күйзелісті күшейтеді.

Дж.Кресс пен Тео ван Леувен [5, 19] визуалды репрезентацияның өзіндік «грамматикасы» бар екенін атап өтеді. І.Жансүгіровтің жарыс көріністерін панорамалық түрде беруі, Құлагердің құлау сәтіндегі «қара киімдінің шылбырды сұрауы» «айбалтаның сақ етуі, шекеден шапшыған қанның шыр айналуы, баланың жерге доптай домалауы,

қанның көкке шапшуы» мұның бәрі – визуалды нарратологияның көркемдік деңгейде жүзеге асқан мысалдары.

А.Пайвионың «Екі жүйелі кодтау теориясы» [8, 28] бойынша вербалды және визуалды кодтар қатар жұмыс істегенде қабылдаушы санасында бейнелік ой берік қалыптасады. Поэмадағы табиғат туралы метафоралар, динамикалық әрекет көріністері және сезімдік кадрлар осы модельмен толық сәйкеседі.

Ұлттық код мәселесі А. Ассманның [1, 67] мәдени жады теориясында кең түсіндіріледі. Ұлттың мәдени жады тарихи оқиғаларды символдық деңгейде сақтап, ұжымдық бірегейлікті қалыптастырады. Осы тұрғыдан Құлагер – қазақтың ұжымдық жадында орныққан ұлттық архетип. Осы теориялық алғышарттар Ақан серінің бейнесін жай тарихи портрет емес, ұлттық мәдени кеңістікте тамырланған визуалды-нарративтік құрылым ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

**Әдістеме**

Зерттеу жұмысы сапалық (qualitative) талдау тәсілдерін пайдалану арқылы жүзеге асырылды.

**1. Нарратологиялық талдау:** Оқиға құрылымын, фокализация түрлерін, баяндаудың ішкі және сыртқы деңгейлерін анықтау үшін М.Бал әдістері қолданылды.

**2. Семиотикалық талдау:** Тұлпар, тау, тас, орман, көл секілді символдардың мағынасын үлгісімен ашу жүргізілді.

**3. Визуалды-поэтикалық талдау:** Көркем мәтіндегі бейнелерді визуалды код, көрініс тұрғысынан сипаттау Дж. Кресс пен Тео ван Леувен теориясына сай жүргізілді.

**4. Ұлттық код моделін қолдану:** Ж. Ассманның мәдени жады концепциясына сүйене отырып, поэманың ұлттық мәдени архетиптерді қалай қайта тірілтетіні анықталды.

Мақаланың зерттеу нысаны ретінде І. Жансүгіровтің «Құлагер» поэмасы алынды.

**Нәтижелер және талдау**

1. **«Құлагер» поэмасындағы ұлттық код жүйесі**
2. **Табиғат пен кеңістік коды**

І.Жансүгіров Арқаны жай географиялық кеңістік ретінде емес, қазақтың этномәдени әлемін бейнелейтін «ұлттық сахна» ретінде суреттейді. Ақын «Көкшетау жер жаннаты», «Арқаның алқа қонған даласы» деп бейнелей отырып, қазақтың жерге қатысты рухани-поэтикалық қабылдауын қайта жаңғыртады.

Ақанның табиғатпен етене байланысы – ұлттық дүниетанымның табиғи тұтастығын көрсететін маңызды код. Оның «көліне бетін жуып, орманда ұйықтауы», «тауға құбылаға қарауы» табиғатты рухани тірек ретінде қабылдайтын дәстүрлі дүниетанымды айқын көрсетеді.

3. **Тұлпар коды**

Жүйрік ат, дүлдүл тұлпар – қазақ халқының рухани өміріндегі этномәдени элементтердің бірі [7, 103] және арғықазақтың болмысында да, оның рухани дүниесі мен дүниетанымында да ең басты универсал сипатқа ие тіршілік иесі [6, 369]. Жылқы бейнесі – дәстүр бойынша қуат пен өмірлік күштің, бекзаттылық пен сұлулықтың символы. Құлагер бейнесі – қазақтың жылқы кодының ең жарқын көркем көрінісі. Ат тек көлік не бәйге құралы емес, ердің рухани айнасының белгісі.

Поэманың мына өлең жолдарында:

«Жары да, жолдасы да біреу-ақ –
Онысы астындағы жалғыз аты» [4, 79]

Ақан серінің тұлпарды тек жануар емес, өмір жолының серігі ретінде қабылдайтынын көрсетеді. Және поэмадағы:

Сом аяқ, быртық бақай, болат тұяқ
Тасындай шұбар ала Көкшетаудың.
Тәует бас, қамыс құлақ, қуарған жақ,
Құлан жал, бұлан мойын, қой жұтқыншақ,
Қоян жон, жазық жая, жауырынды,

Құс топшы, қос шынтағы қалыңырақ.
Сіңірлі, жер соғарлы, аяғы тік,
Түлкі төс, тазы тізе, ит жіліншік.
Шашақты, шақпақ етті, аласа ұршық,
Құндыздық қалай біткен құйрыққа дүп?
Қоқанның жібегіндей жеңіл құйрық,
Не қою, не болмаса емес сұйық! [4, 89] – өлең жолдары аттың бедерлі/визуалды портреті Құлагердің төрт түліктің бірі емес, қасиетті жаратылыс иесі ретінде танытады.
Күйкиіп көзге қораш көрінсе де,
Шапқанда шалдырмастай бітер қанат.
Екпіні үй соққандай пысқырғанда,
Шалдырмас көктен құсқа, жерден аңға [4, 90] – деген өлең тармақтарындағы тұлпарға «қанат бітіп», «көкте құсқа, жерде аңға жеткізбеуі» жылқы феноменінің қазақ дүниетанымында тектілік, еркіндіктің символы ретінде орныққанын дәлелдейді.

4. **Серілік коды және еркін азаматтық**

Серілік – қазақ эстетикасының мәдени коды. Ақанның серілігі: «Сал сүрей, саңлақ мініп, сұлу сүйген», «Жүйрік ат, сонар саят, қыз-қырқынмен», «Өмірді өткізген жан өз ырқымен» көріністері арқылы берілсе, өмір салты мен азамат ерге тән тектілігі мен рухани болмысы: «Кісі емес Ақан төрде билік айтқан», «Ұры емес, ауыл торып, ел шулатқан», «Молда емес, мешіт салып, зекет алып», «Жалшы емес … », «Кісіні ит етінен жек көретін, Дау қуып, арыз айтып, биге шаққан», «Ащы тіл, асау мінез қылығынан» [4, 78] деген өлең жолдарында айқын көрінеді.

5. **Ұлттық трагедия коды**

Құлагердің қастандықпен өлтірілуі – жеке оқиға емес, «тектінің жығылуы» мотиві арқылы ұлттық трагедия коды айқын көрінеді.

Мұнда:

- Іштарлық;
- әділетсіздік;
- қоғам ішіндегі зұлымдықтың үстемдігі сияқты ұлттық трагедия архетиптері қатар көрінеді.

Поэмадағы:

«Ел-елден Ерейменге жиылған жан,
Еліне «Құлагер» деп ән сап қайтты.
Жұрт жоқтап қапыда өлген қайран атты,
Әр жақта ел бұлбұлы сайрап жатты» [4, 141].

Бұл өлең жолдары трагедияны жеке қайғыдан ұлттық қасірет деңгейіне көтереді.

6. **Ақан серінің визуалды-нарративтік бейнесі**

7. **Визуалды портрет**

Портрет – әдеби кейіпкердің сырт көрінісін, кескін-кейпін, бой-тұлғасын суреттеу [2, 384]. І.Жансүгіров Ақанның сырт келбетін табиғат символдары арқылы береді. Мысалы, «Қайыңдай мінсіз, таудай таза жігіт» [4, 77] немесе «Шүйке шал, аузы ұрадай опырылған», «Су мұрын, қу ұрты шұқырайған», «Бетіне ел көшкендей сүрлеу түсіп», «Шөлдегі шыңыраудай көз суалған» [4, 140]. Ақанның сырт бейнесіндегі өзгеріс – ішкі күйзелістің тікелей көрінісі. Ақын визуалды детальдарды пайдалана отырып, Ақанның трагедиялық трансформациясын айқын көрсетеді.

Боз бура бір күндегі тасқа шөгіп,
Шал отыр қу қайыңда мықырайған [4, 140].

Ақан бейнесі: «боз бурадай шөгіп» – қажып отырған; «қу қайыңда мықырайған» – қураған ағаш пен күйреген адамның параллелі. Бұл – трагедиялық визуал.

Құлазып күзді күнгі Көкшетаудай – деген тармақта Ақанның ішкі күйі күзгі Көкшенің бос, сұр, үнсіз табиғатымен теңестіріледі.

Көңіліне Құлагерден құйылып мұз,

Күйкиіп отыр таста Ақан байғыз [4, 140].

Мұнда Ақан өз ішінен «мұздап» кеткен адам ретінде көрінеді. Байғыз – жалғыздықтың әрі қайғының символы.

Поэмадағы визуалды көріністер Ақан бейнесін екі полюсте көрсетеді:

1. Серілік кезеңі – жарық, әсем, сұлулыққа толы кеңістік;
2. Құлагер қазасынан кейінгі кезеңде – суалған, құраған, мұзға айналған әлем.

Осылайша, Ақан серінің визуалды портреті – тек сырт келбет емес, оның жан әлеміндегі күйзеліс пен рухани күйреудің символдық кескіні. Ақын кейіпкердің трагедиясын табиғаттың өзгерісімен бірге қабаттап көрсетіп, Ақан тұлғасын қазақтың ұлттық сезімталдығын, сұлулыққа адалдығын және жүрек жарасының тереңдігін бейнелейтін әмбебап көркем архетипке айналдырады.

8. **Нарративтік бейне**

Ақан бейнесі мынадай оқиғалар тізбегі арқылы ашылады:

- серілік өмір;
- қастандыққа куә болу;
- ішкі күйзеліс пен күйреу;
- қоғамнан түпкілікті алыстау.

Оқиғалардың мұндай жүйелі берілуі кейіпкердің эмоционалдық-рухани күйінің динамикасын қадағалауға мүмкіндік беріп, Ақан бейнесінің ішкі драмасын толыққанды түсіндіреді.

**Қорытынды**

Зерттеу нәтижелері І.Жансүгіровтің «Құлагер» поэмасы ұлттық код жүйесін көркемдік тұрғыдан жүйелі жандандыратын күрделі мәтін екенін көрсетті. Поэмадағы табиғат, тұлпар, серілік, әділет, трагедия және серілік өнер кодтары қазақ халқының этномәдени жадында сақталған символдық құрылымдарды қайта паш етеді.

Ақан серінің бейнесі дәстүрлі портретке негізделмей, визуалды-нарративтік модель арқылы жасалған. Оның табиғатпен біртұтас рухани болмысы, серілік дәстүрінің көркем символы ретіндегі әрекеттері, Құлагерге деген адалдығы және трагедиядан кейінгі күйзелісі көркем мәтінде визуалды кадрлар арқылы беріледі.

І.Жансүгіров тарихи деректі ұлттық феноменге айналдырады. Поэма қазақ әдебиетінің ұлттық кодын жаңғыртатын, мәдени жадты сақтайтын маңызды көркем туынды ретінде ғылыми тұрғыда өзектілігін жоғалтпайды.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1.Assmann, J. Cultural Memory and Early Civilization. – London: Cambridge University Press, – 2011.- p. 320

2.Әдебиеттану терминдерінің сөздігі. – Алматы: «Ана тілі» баспасы, –1998.-384 б.

3.Bal, M. Narratology: Introduction to the Theory of Narrative. – Canada: University of Toronto Press, – 2009. - p.264

4.Жансүгіров, І. Құлагер. – Алматы: Жазушы, – 2004. - 207 б.

5.Kress, G., & van Leeuwen, T. Reading Images: The Grammar of Visual Design. – London: Routledge. – 2006. - p.291

6.Қондыбай, С. Байырғы қазақ дүниетанымының негіздері: энциклопедиялық басылым. – Алматы: Қазақ тілі, –2018. - 467 б.

7.Назарова, Н.А., Мансұров, Н.Б. Батырлар жырындағы зооморфтық мифологемалардың көрінісі. – Алматы: Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің Хабаршысы № 1(81), – 2020. - 320 б.

8.Paivio, A. Mental Representations: A Dual Coding Approach. – London: Oxford University Press. – 1990. - p. 322

**ФОТО КҮНДЕЛІК**

ДИАЛОГЫ
ЖУМАШЕВ
Асхар Мамбетулы

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қауіпсіз Қазақстан үшін!

ӘОЖ: 316.42:130.2:39

# ЖАҺАНДАНУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ҰЛТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІКПЕН ҰШТАСТЫРУ

**Куанаева Н.С.**
*Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі,*
*БҚО, Қаратөбе ауданы, Соналы ЖОББМ.*
**Куанаева Р.С.**
*п.ғ.м., БҚО, Орал қ., «Өрлеу» БАҰО» АҚ «Батыс Қазақстан облысы бойынша Кәсіби даму институты» филиалы*

***Резюме.****В эпоху глобализации сохранение духовных ценностей и укрепление национальной идентичности является важнейшим условием устойчивого развития общества. В статье рассматриваются пути гармонизации национальной культуры и традиций с мировым цивилизационным процессом, особое внимание уделяется духовному воспитанию молодежи. Кроме того, подчеркивается значимость интеграции национальных ценностей с современными знаниями и технологиями. В этом контексте акцентируется необходимость не только сохранения культурного наследия, но и его развития в новых условиях.*

***Ключевые слова.*** *Глобализация, национальная идентичность, духовные ценности, духовная безопасность, казахский язык и литература*

Жаһандану – әлем халықтарының мәдени, экономикалық және саяси байланыстарын күшейтетін құбылыс. Бұл үрдіс ұлттық мәдениеттерге жаңа мүмкіндіктермен қатар, өзіндік ерекшеліктерін жоғалту қаупін де төндіреді. Сондықтан ұлттық бірегейлікті сақтап, оны рухани құндылықтармен ұштастыру – қазіргі заманның басты міндеттерінің бірі. Осы тақырыпты жан-жақты ашу үшін алдымен, ұлттық бірегейліктің мәні неде? деген сұраққа жауап іздеп көрейік.

Ұлттық бірегейлік – халықтың тілі, діні, дәстүрі, мәдениеті мен тарихи жадының тұтастығы. Қазақ халқы үшін ұлттық бірегейліктің өзегі – тіл мен дәстүрлі рухани құндылықтар.

Ұлттық бірегейлік – күрделі көп өлшемді, көп қырлы құбылыс, оның зерттеуі әлеуметтік, әлеуметтік-философиялық, психологиялық, мәдениеттанулық, нақты этникалық аспектілерді қамтиды. «Бірегейлік» терминінің мағынасының кеңеюі осы тұжырымдамамен көрсетілген әлеуметтік шындықтың қозғалысқа келуімен байланысты. Бірегейлік және бірегейлендіру мәселелері XX ғасырдың ортасынан бастап өзекті болды. Жеке мемлекеттілігі жоқ шағын халықтар үшін аймақтық этномәдени бірегейлікті саяси ұлт пен мемлекетке байланысты біріктіретін ұлттық бірегейліктің болуы сирек емес. Дамудың белгілі бір кезеңдерінде бір этномәдени топ шеңберінде бірнеше ұлттық бірегейлік жобалары бәсекеге түсе алады. С.Хантингтон «Біргейлік – жеке тұлғаның немесе топтың өзін-өзі тануы деп есептейді. Оның пікірінше, бірегейлік тұлғаны басқалардан ерекшелендіретін белгілі бір қасиеттерге ие өзін-өзі бірегейлендірудің нәтижесін білдіреді», осылайша бірегейлік адамның мінез-құлқын анықтайды. Егер біреу өзін ғалым деп санаса, онда ол соған сәйкес өзін ұстайды. Бірегейлендірудің психоаналитикалық түсіндірмесін З.Фрейд берді. Ол бірегейлік – екі қарама-қарсы принципті – бірегейлік пен өзгергіштікті қамтитын қарама-қайшы құбылыс. Бірегейлендіру үдерісі жеке тұлғаның қалыптасуын қамтамасыз ететін механизм ретінде ұсынылады және жеке тұлғаның басқа субъектіге немесе шындық объектісіне ұқсастығын көрсетуі ретінде түсіндіріледі. Ғылыми айналымға бірегейлік ұғымының енгізілуіне Э.Эриксонның «Бірегейлік: жастық және дағдарыс» атты еңбегінің септігі мол болды. Ол адамның психикалық өмірінің тұтастығын және оның әлеуметтік-мәдени әлеммен органикалық байланысын көрсетеді. [3, 61-62].

Жаһандану ықпалынан рухани құндылықтарды сақтау жолдары: білім беру жүйесінде ұлттық құндылықтарды интеграциялау: әдебиет, тарих, өнер сабақтарында ұлттық дәстүрлерді жаңғырту;

Медиа және интернет кеңістігінде ұлттық мәдениетті насихаттау: қазақ тіліндегі контентті көбейту, ұлттық өнерді қолдау;

Отбасылық тәрбие арқылы рухани сабақтастықты жалғастыру: салт-дәстүрді күнделікті өмірде қолдану. Отбасы институтын күшейту. Отбасы – рухани және ұлттық құндылықтардың алғашқы тәрбие мектебі.

Рухани құндылықтар мен ұлттық бірегейлік. Рухани құндылықтарға сенім, адамгершілік, мейірімділік, адалдық, тіл, салт-дәстүрлер кіреді. Ұлттық бірегейлік – бұл ұлттың мәдени, тілдік, тарихи, рухани ерекшеліктерін сақтау мен нығайтудың негізі. Жаһандану үрдістері кезінде кейбір мәдени дәстүрлер мен ұлттық құндылықтар жоғалу қаупіне душар болады, ал бұл ұлттық сана мен тұтастықты әлсіретеді. Сондықтан ұлттық білім беру бағдарламаларында рухани құндылықтарды насихаттау, отбасылық, қоғамдық тәрбие арқылы ұлттық мәдениетті сақтап қалу маңызды. Қазақстанда бұл бағытта ұлттық құндылықтарды дамыту, тілді кеңейту және тарихи сананы жаңғырту басты орын алады.

Рухани құндылық пен ұлттық бірегейлікті ұштастырудың маңызы. Жаһандану жағдайында рухани құндылықтар ұлттық бірегейліктің ядросына айналады. Бұл үдеріс бірнеше бағытта көрініс табады: ұлттық өнерді, дәстүрлі музыка мен қолөнерді, фольклорды заманауи форматта таныту: цифрлық кеңістіктегі ұлттық мазмұнды дамыту.

Жаһандану цифрландырумен қатар жүретіндіктен, ұлттық құндылықтарды онлайн ортада танымал ету – тиімді тәсіл. Қазақ тіліндегі сапалы контент, ұлттық мәдениетті насихаттайтын цифрлық жобалар жастардың қызығушылығына әсер етеді.

Ұлттық бірегейлікті қорғау және жаңғырту. Ұлттық бірегейлік дегеніміз - дәстүрлі құндылықтарды сақтау және мәдени әртүрлілікті тану арқылы өзіне тән мәдени құндылықтарды нығайту. Жаһандану үрдісінде ұлттық сана мен рухани бирегейлікти сақтау үшін мәдение пен әдет-ғұрыптар, тіл мен дін сияқты элементтерді қолдау қажет. Бұл ұлттық тәуелсіздікті және мәдени қауіпсиздікті қамтамасыз етеді. Сонымен қатар рухани-адамгершілік тәрбиеге ерекше назар аудару керек, өйткені ол қоғамның рухани қауіпсіздігінің басты алғышарты болып табылады.

Мәдени синтез және жаһандану. Жаһандану мәдени синтез пайда болуына әкеп соғады, ол ұлттық мәдениеттердің өзара ықпалдасуымен жаңа рухани құндылықтарды дамыта алады. Бұл үрдіс ұлттық мәдениеттің дамуына жаңа серпін береді, бірақ сол уақытта ұлттық бірегейлікті сақтау міндетін де жүктейді. Сондықтан ұлттық мәдениетке ықпал ететин жаһандық үрдістерді үйлестіріп, мәдени кеңістікте халықтың өзіндік ерекшелігін көрсету керек. Осылайша рухани құндылықтарды ұлттық бірегейлікпен ұштастыру - осы ұлттық мәдениетті сақтау, жаңғырту және жаһандық мәдени процестерге икемді жауап беру болып табылады.

Жаһандану және рухани қауіпсіздік. Рухани қауіпсіздік – бұл елдің рухани мәдениетін, адамгершілік ұстанымдарын қорғау шаралары болып табылады. Жаһандану жағдайында рухани қауіпсіздікті сақтау ұлттық қауіпсіздіктің бір бөлігі ретінде қарастырылады. Бұл өз кезегінде елдің саяси, әлеуметтік тұрақтылығын және халықтың рухани денсаулығын сақтауына ықпал етеді. Ұлттық тіл мен мәдениетті дамыту, дәстүрлерді сақтау, педагогика мен ақпараттық технологиялар арқылы жастар арасында рухани білімді арттыру - осындай бағыттардың бірі.

Осы бағыттар бойынша мектеп бағдарламасындағы «Қазақ әдебиеті» пәніне тоқталып кетейік. Қазақ әдебиеті бағдарламасының басты бағыты - білім алушыларды ұлттық мәдениет пен әдеби мұраларды түсінуге, қазіргі заманғы әдебиетті бағалай білуге үйретеді. Қазақ әдебиеті бағдарламасының мақсаты – білім алушыларды креативті ойлауға бағыттау. Олардың ойларын ауызша еркін жеткізуіне және жаза білуіне қолдау көрсету, дәлелдер келтіру, салыстыру және анализ жасау, бағалау дағдыларын қалыптастыру. Осы мақсатқа сәйкес оқушылардың дәлелдер келтіру, салыстыру және анализ жасау, бағалау

дағдыларын қалыптастыру үшін түрлі тәжірибелік тапсырмалар беруге болады. I. Оқушылардың ойлау қабілеттерін дамыту мақсатында, біріншіден, «Миға шабуыл» әдісімен талқылау сұрақтарын беруге болады. Мысалы: 1. Жаһандану біздің күнделікті өмірімізге қалай әсер етеді? 2. Ұлттық бірегейлікті сақтауда тілдің рөлі қандай? 3. Интернет кеңістігінде ұлттық мәдениетті қалай насихаттауға болады? 4. Жастардың рухани құндылықтарын нығайту үшін қандай іс-шаралар қажет?

II. Шығармашылық тапсырмалар**. 1.** «Менің ұлттық құндылықтарымның жаһандану дәуіріндегі орны» эссе жазу. Эссенің сөз көлемін оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып беруге болады немесе уақыттың көлеміне қарай «5 минуттық эссе» жаздыртуға болады. **2.** «Ұлттық рухани құндылықтар» тақырыбында сурет немесе инфографика әзірлеу - постер жасау. **3.** Рөлдік ойын: 1-топ «Жаһандану жақтастары», 2-топ «Ұлттық құндылық қорғаушылары» ретінде пікірталас жүргізеді. Пікірталасты «Жылдам дебат» әдісімен беруге болады, яғни оқушыларға белгілі бір тақырып ұсынып, сол тақырыпта еш дайындықсыз дебат ұйымдастырып, олар «Қарсымын» немесе «Жақтаймын» позициясын қорғайды. **4.** Салыстыру кестесі: оқушылар қазақ халқының дәстүрлі құндылықтарын және жаһандану ықпалынан келген жаңа құндылықтарды салыстырады. Ол үшін «Екі жақты күнделік» әдісі өте тиімді.

| **Дәстүрлі құндылықтар** | **Жаңа құндылықтар** |
|---|---|
| | |
| | |
| | |

1. Жобалық жұмыс: «Менің мектебімде ұлттық құндылықтарды қалай насихаттауға болады?» тақырыбында шағын жоба әзірлеу. Ыңғайлы цифрлық форматта (презентация, бейнешолу немесе инфографика) жасау, оның жаһанданудағы рөлін көрсету. Презентация жасауда https://gamma.app/ru/ai-presentation-generator және https://gemini.google.com/app?hl=ru платформаларын қолдануға болады.

2. Рефлексиялық дәптер: сабақ барысында өз ойлары мен сезімдерін жазу, жаһандану мен рухани құндылыққа байланысты жеке мысалдармен сипаттау.

Жалпы осы тақырыпта қазақ тілі мен әдебиеті пәні сабақтарында оқу мақсаттарынан шығатын сабақтың smart мақсаттарына орай тапсырмаларды нақыл сөздер, мақал-мәтелдер, Абай, Абайдан кейінгі ақындар шығармалары арқылы ұлттық рухани құндылықтарды талдауға бағыттап беруге болады. Мысалы:

I. Нақыл сөздермен жұмыс (Блум таксономиясының білу, түсіну деңгейі)

Нақылдарды оқып, жаһандану контекстінде мағынасын ашу: 1. «Адамның – адам болуы – адамның ақылымен» (Абай) – ұлттық ақыл-ойды жаһандық бәсекеде сақтаудың маңызы. 2. «Тіл – халықтың жаны» – тілдің ұлттық бірегейліктегі рөлі жаһандану заманында. Тапсырма: 5 нақыл тауып, әрқайсысына жаһандану мысалын келтір (мысалы: интернеттегі қазақша контент, т.б.)

II. Мақал-мәтелдер талдауы (Блум таксономиясының талдау, қолдану деңгейі) «Үш жақты күнделік» әдісі

а) Мақалдар арқылы рухани құндылықтарды салыстыру:

«Ел іші – алтын бесік» – отбасылық дәстүрлердің жаһанданудағы ұлттық бірегейлікті сақтаудағы рөлі.

«Бірлік бар жерде – тірлік бар» – ұлттық бірліктің жаһандық сынақтардағы маңызы.

| **Мақал** | **Рухани құндылық** | **Жаһандану мысалы** |
|---|---|---|
| «Ел іші – алтын бесік» | отбасы | жаһандық медиа |
| «Бірлік бар жерде – тірлік бар» | | |

**III. Әдеби шығармалар негізінде (Блумның жинақтау, бағалау деңгейі)**

Қазақ әдебиеті пәні бойынша 6-сыныптың «Абайды оқы, таңырқа!» бөліміндегі Абай Құнанбайұлы «Ғылым таппай мақтанба...» өлеңі. [2, 41 ].

Ғылым таппай мақтанба,
Орын таппай баптанба,
Құмарланып шаттанба,
Ойнап босқа күлуге.
Бес нәрседен қашық бол,
Бес нәрсеге асық бол,
Адам болам десеңіз.
Тілеуің, өмірің алдында,
Оған қайғы жесеңіз.
Өсек, өтірік, мақтаншақ,
Еріншек, бекер мал шашпақ -
Бес дұшпаның, білсеңіз.
Талап, еңбек, терең ой,
Қанағат, рақым, ойлап қой -
Бес асыл іс, көнсеңіз...

Оқу мақсаты: 6.1.2.1 әдеби шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені идеясы арқылы түсіндіру; 6.2.1.1 шығарма композициясындағы белгілі бір эпизодтың алатын маңызына негіздеме жасау. [1, 1184].

**IV. Тәжірибелік шығармашылық тапсырмалар (SOLO деңгейлеріне сәйкес). Жаңа нақылдар құрастыру. Рөлдік ойын: Абай рөлінде нақылдар қолданып жаһандану туралы сөз сөйлеу. «Автор орындығы» әдісін қолданған жөн. Өзіңнің отбасыңдағы рухани құндылықты мақалмен байланыстырып, 1 минуттық бейнешолу түсіру.**

Қорытындылай келе, жаһандану жағдайында рухани құндылықтарды ұлттық бірегейлікпен ұштастыру – қоғамның мәдени тұтастығын сақтаудың және болашақ ұрпаққа бағыт-бағдар берудің негізгі тетігі. Ұлттық дәстүр мен тіл, рухани мұра мен мәдени құндылықтар әлемдік өркениетпен үйлесім тауып, жаңа заман талаптарына бейімделуі тиіс. Бұл үрдіс жастардың рухани қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, олардың ұлттық сана-сезімін нығайтады, демек рухани құндылықтарды сақтау мен дамыту – ұлттық болмысты сақтап қалудың әрі оны жаңа деңгейге көтерудің басты жолы.

Жаһандану жағдайында ұлттық бірегейлік пен рухани құндылықтарды ұштастыру – тек мәдени немесе әлеуметтік міндет емес, елдің стратегиялық дамуының негізгі факторларының бірі. Қазақ халқының рухани мұрасы – бүгінгі ұрпақтың бойындағы адамгершілік пен отаншылдықтың бастауы. Сондықтан ұлттық құндылықтарды сақтау мен жаңғырту, оларды заманауи әлеммен үйлестіру – болашаққа апарар берік жол.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1.«Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің үлгілік оқу бағдарламалары (5-9-сынып) lgilik-ou-badarlamalaryn-bekitu-turaly-azastan-respublikasy-ou-aartu-ministrini-2022-zhyly-16- yrkyektegi-399-byryyna-zgerister-engizu-turaly.pdf

2.«Қазақ әдебиеті» оқулығы. Б.Керімбекова, Ж.Мұқанова. -Алматы «Мектеп» баспасы, 2018 ж.

3.Г.Абдуразакова, Г.Мусабекова, Б.Божбанбаев «Жаһандану үдерісіндегі ұлттық сана». ISSN 1999-5911. Әл-Фараби | 1 (85) 2024 ж.

ӘОЖ 39.00.718

# ЖАҺАНДАНУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ: ТАРИХИ ТҰЛҒАЛАРДАН ТАҒЫЛЫМ

**Кабесова Арайлым Кабесовна**
*Жаңақала ЖОББ мектебінің тарих пәні мұғалімі, педагог-зерттеуші*
*Жаңақала жалпы орта білім беретін мектебі*
*БҚО Жаңақала ауданы Жаңақала ауылы*

***Резюме*** *В статье рассматривается значение национального воспитания в условиях глобализации и роль исторических личностей в формировании духовных и нравственных ценностей. Анализируется воспитательный потенциал наследия Култегина, казахских биов, Абая, Шокана и Алтынсарина в контексте современного образования. Особое внимание уделено использованию их идей в обучении и развитии национальной идентичности учащихся. Материал подчеркивает необходимость опоры на исторические личности для сохранения устойчивого духовного иммунитета молодежи.*

***Ключевые слова:*** *национальное воспитание, глобализация, исторические личности, духовное наследие, национальная идентичность, история Казахстана*

Кіріспе. Қазіргі жаһандану дәуірінде ұлттық мәдениет пен рухани құндылықтарды сақтап қалу әлем елдері үшін стратегиялық маңызы бар мәселенің біріне айналып отыр. Әсіресе ақпараттық кеңістіктің шекарасыз кеңеюі, цифрлық мәдениеттің үстемдік етуі ұлттық сана мен тәрбиеге жаңа сынақтар тудыруда. Осындай күрделі кезеңде өткеннің өнегесіне, тарихи тұлғалардың тағылымына сүйену – ұлттық тәрбиенің өзегін сақтаудың тиімді жолы. Қазақ халқының тарихында ұлт бірлігін, елдік сананы, рухани тұрақтылықты қалыптастырған тұлғалар – Күлтегін, Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би, Абай, Шоқан, Ыбырай, Мағжан сынды қайраткерлердің ой-тұжырымдары мен өмірлік ұстанымдары бүгінгі ұрпаққа құнды бағыт-бағдар береді.

Бұл мақалада жаһандану жағдайындағы ұлттық тәрбиенің мәні, оның тарихи тұлғалар мұраларымен сабақтастығы, олардың тәлімдік идеяларын қазіргі білім беру процесінде пайдалану жолдары ғылыми тұрғыда талданады.

I. Жаһандану және ұлттық тәрбие мәселесі

Жаһандану үрдісі – мәдениеттер арасындағы алмасуды күшейтетін, бірақ кей жағдайда ұлттық болмыстың әлсіреуіне әкелетін күрделі құбылыс. Зерттеуші С.Хантингтонның пікірінше, XXI ғасырдағы басты қақтығыстар идеологиялық емес, өркениеттік сипатқа ие болады [1.54]. Бұл ұлттық мәдени қабатты күшейтудің өзектілігін көрсетеді.

Қазақстан жағдайында ұлттық тәрбиенің әлсіреуі туралы XX ғасырдың соңы мен XXI ғасырдың басында бірқатар ғалымдар ескертті. Мәселен, философ Ә.Нысанбаев ұлттық сананың модернизациялануын, бірақ оның дәстүрлі арқауын сақтаудың қаншалықты маңызды екенін атап өтеді [2.117]. Рухани жаңғыру бағдарламасы да ұлттық тамырдан ажырамау қағидатына негізделген.

Ұлттық тәрбие – адамның ойы, рухани әлемі, мінезі ұлттық құндылықтарға сүйеніп қалыптасуы.

Ол үш негізгі қызмет атқарады:

- Ұлттық бірегейлікті сақтау;
- Тарихи сананы қалыптастыру;
- Рухани иммунитетті күшейту.

Осы тұрғыдан алғанда, тарихи тұлғалар мұрасы – ұлттық тәрбие қорының негізгі қайнар көзі.

II. Тарихи тұлғалар мұрасы – ұлттық тәрбие бастауы

1. Күлтегін және Түркі дәуірі мұрасы

VIII ғасырдағы Орхон жазбаларында түркі халқының бірлігі, туған жерге адалық, ерлік пен елдік мәселесі негізгі мазмұнды құрайды. «Білген адамға бұл сөзім – мәңгілік» деген Күлтегін жазуы – ұлттық сананың түп-тамыры [3.45].

Орхон жазбаларында кездесетін негізгі идеялар:

- ел мен жердің тұтастығы;
- тәрбие арқылы халықты бірлікке шақыру;
- сыртқы ықпалдан сақтану
- ұлттық дәстүрді сақтау.

Бұл ұстанымдар жаһанданудың рухани сынақтарына жауап бере алатын құндылықтық бағдар береді.

2. Қазақ билері: ұлт тұтастығын қорғаған кемел тұлғалар

Төле, Қазыбек, Әйтеке билердің тәлімдік көзқарастары дала өркениетіндегі құқықтық және адамгершілік ілімнің шыңы болып саналады. Зерттеуші М.Мағауин билер институтын «қазақтың құқықтық мәдениетінің алтын діңгегі» деп бағалайды [4.89].

Билер мұрасындағы ұлттық тәрбие принциптері:

- әділдік;
- елдік мүдде;
- сөз құдіреті;
- тектілік пен тәрбиенің сабақтастығы.

Қазыбек бидің: «Біз қазақ деген мал баққан елміз, ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз» деген сөзі – ұлттық мінезді бейнелейтін тәлімдік формула [4.112].

3. Абай – ұлттық жаңғырудың рухани негізін қалаған ойшыл

Абай Құнанбайұлының адамгершілік тәрбиесі туралы көзқарасы бүгінгі білім беру жүйесінің мазмұнымен толық үндеседі. Оның «толық адам» концепциясы – ұлттық тәрбиенің іргелі философиясы. Зерттеуші М.Әуезов Абайды «ұлттық рухани мәдениеттің жаңа сапалық деңгейге көтерілуіне жол ашқан тұлға» деп бағалайды [5.56].

Абай іліміндегі тәрбие қағидалары:

- адамгершілік кемелдік;
- білім арқылы жетілу;
- еңбекқорлық;
- ұлттық тілдің қадірі;
- адам мен қоғам арасындағы үйлесім.

Бұл ұстанымдар жаһандық мәдени ықпалға қарсы тұратын рухани тірек бола алады.

4. Шоқан, Ыбырай – ұлттық білімнің негізін салушылар

Ш.Уәлиханов – өркениеттік көзқарастың үлгісі

Шоқан – қазақ қоғамының тарихи-этнографиялық негізін ғылыми дәлелдеген тұлға. Ол қазақ халқының мәдениеті Еуразиядағы өркениеттермен тең екенін дәлелдеді [6.203].

Ы.Алтынсарин – ұлттық мектептің негізін қалаған ағартушы

Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық мұраларында ұлттық тәрбие өзегі айқын көрсетілген. Ол балаларды ең алдымен тіл, дәстүр, еңбек арқылы тәрбиелеудің маңызын атап өткен [7.62].

III. Қазіргі білім беру жүйесіндегі тарихи тұлғалар тағылымын қолдану

1. Тарихи тұлғаларды оқыту арқылы ұлттық сананы дамыту

Ғалым Қ.Жарықбаев тарихи тұлғалар өмірі арқылы оқушылардың ұлттық дүниетанымын қалыптастырудың ерекше маңызын көрсетеді [8.131].

Білім беру жүйесінде тарихи тұлғаларды оқыту:

– оқушыда тарихи жадыны күшейтеді;

– ел тағдырына жауапкершілік сезімін арттырады;

– тұлғалық даму мотивациясын қалыптастырады;

– рухани бағыт береді.

2. Жаһандану кезеңінде ұлттық тәрбие беру әдістері

Бүгінгі мектеп практикасында мына бағыттар тиімді:

Құндылыққа негізделген сабақтар (Abylai Khan, Abai, Shoqan бойынша тақырыптық сабақтар).

Тарихи мәтіндермен жұмыс (Күлтегін жазбалары, билер шешендігі).

Өлкетану бағытындағы зерттеу жобалары.

Цифрлық құралдар (AR/VR форматындағы тарихи тұлғалар музейі).

Рөлдік ойындар мен дебат әдісі (Абайдың «толық адам» ілімі бойынша пікірталас).

Тұлғатану модулі (оқушы өзінің өмірлік ұстанымдарын тарихи тұлғамен салыстырады).

IV. Тарихи тұлғалардан тағылым алудың рухани-әлеуметтік маңызы

Тарихи тұлғалардың тәлімдік мұрасын зерделеу:

- ұлттық иммунитетті күшейтеді;
- жастарды рухани тұрақтылыққа бейімдейді;
- жаһандық ақпарат тасқынында бағыт береді;
- ұлттық құндылықтарды жаңғыртады;
- қоғамның мәдени тұтастығын сақтайды.

Ұлттық тәрбиенің ұзақмерзімді нәтижесі – елдік сана қалыптастыру.

ҚОРЫТЫНДЫ

Жаһандану жағдайында ұлттық тәрбие мәселесі – ұлттың болашағын айқындайтын басты стратегиялық бағыт. Қазақ халқының тарихи тұлғалары қалдырған еңбектер мен идеялар қазіргі қоғамда да өз маңызын жоғалтқан жоқ. Күлтегіннің елдік тұтастығы, билердің әділдігі, Абайдың рухани кемелдік ілімі, Шоқан мен Ыбырайдың ағартушылық идеясы – ұрпақ тәрбиесінде негізгі бағдар болуы тиіс.

Ұлттық тәрбие тарихи тұлғалар тағылымына сүйенгенде ғана терең, мазмұнды, өміршең болмақ.

**Пайдаланылған әдебиеттер**

1.Хантингтон С. Столкновение цивилизаций. – Москва: АСТ, 2003. – 603 с.

2.Нысанбаев Ә.Қазақстандағы рухани жаңғыру үдерістері. Алм.: Ғылым, 2010.-284б.

3.Кляшторный С., Султанов Т. Легенды и мифы древних тюрков. – Алматы: Санат, 1998. – 288 б.

4.Мағауин М. Қазақ тарихының әліппесі. – Алматы: Атамұра, 1995. – 224 б.

5.Әуезов М. Абай Құнанбаев. – Алматы: Жазушы, 1995. – 372 б.

6.Уәлиханов Ш. Таңдамалы шығармалар. – Алматы: Санат, 1996. – 416 б.

7.Алтынсарин Ы. Таңдамалы педагогикалық мұралар. – Алматы: Білім, 2003.– 304 б.

8.Жарықбаев Қ. Қазақ тәлім-тәрбиесі. – Алматы: Санат, 1995. – 352 б.

ӘОЖ: 930.85:316.75:39

## ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР МЕН МӘДЕНИ МҰРА – ТАРИХИ САНАНЫ ЖАҢҒЫРТУДЫҢ НЕГІЗІ

**Кожахметова Лариса Тураровна**

*Жаңақала ЖОББ мектебінің тарих пәні мұғалімі, педагог-зерттеуші*

*Жаңақала жалпы орта білім беретін мектебі*

*БҚО Жаңақала ауданы Жаңақала ауылы*

***Резюме.*** *В статье рассматривается роль национальных ценностей и культурного наследия в процессе обновления исторического сознания. Особое внимание уделяется формированию национальной идентичности, преемственности поколений и укреплению исторической памяти через систему образования. Анализируются современные подходы к*

*изучению культурного наследия на уроках истории и возможности его интеграции в образовательный процесс. Материал иллюстрирует значимость культурного наследия как основы для формирования целостного мировоззрения учащихся.*

***Ключевые слова:*** *национальные ценности, культурное наследие, историческое сознание, национальная идентичность, историческая память.*

Кіріспе.Жаһандану үдерісі күшейген қазіргі заманда әрбір ұлт өзінің тарихи жады мен мәдени негізін сақтауға ерекше мән беруде. Себебі тарихи тамырынан ажыраған халықтың болашағы бұлыңғыр болмақ. Ұлттық құндылықтар мен мәдени мұра – ұлттың болмысын айқындайтын рухани-мәдени жүйе, ал тарихи сана – сол жүйені бүгін мен болашаққа жалғайтын рухани көпір. Бұл ұғымдардың сабақтастығы ұлттық бірегейлік пен рухани жаңғырудың іргетасын қалайды.

Ел Президенті Қ.Тоқаев «ұлттың жаңа сапасын қалыптастыру үшін ұлттық мәдени мұраны жүйелі түрде қайта жаңғырту қажет» деп атап көрсетеді [1.5]. Бұл – ұлттық құндылықтарды білім беру жүйесіне енгізудің өзектілігін, оның ішінде тарих пәнінің мүмкіндігін кеңейтудің қажеттілігін дәлелдейді.

Тарихи сананың қалыптасуы ұлттық құндылықтар, мәдени мұра, тарихи білім және тұлғаның рухани тәжірибесі арқылы жүзеге асады. Сондықтан мәдени мұраны зерттеу – ұлттың рухани иммунитетін күшейтудің жолы.

1. Ұлттық құндылықтар мен мәдени мұра: теориялық-әдіснамалық негіздері

1.1. Ұлттық құндылықтар ұғымы және оның мазмұндық құрылымы

Ұлттық құндылықтар – белгілі бір этностың тарихи даму барысында жинақтаған рухани, әлеуметтік, мәдени және дүниетанымдық тәжірибелерінің жиынтығы [2.14]. Қазақ этнографиясында ұлттық құндылықтар адамның мінез-құлық қалыптарымен, этикалық нормаларымен, әдет-ғұрпымен, дүниетанымымен тығыз байланысты қарастырылады [3.21].

Қазақ халқының дәстүрлі құндылықтар жүйесі бірнеше бағыттан тұрады:

Рухани-адамгершілік құндылықтар: имандылық, адалдық, жомарттық, мейірім.

Отбасылық құндылықтар: үлкенді сыйлау, ата-анаға құрмет, әулеттік дәстүрді сақтау.

Эстетикалық құндылықтар: ұлттық киім, қолөнер, әшекей, сәулет өнері.

Әлеуметтік құндылықтар: қауымшылдық, ынтымақ, жауапкершілік, еңбек мәдениеті.

Патриоттық құндылықтар: туған жерге адалдық, ерлік, намыс, елдік рух.

Ғалым Ә.Табылдиев «ұлттық құндылықтар – ұлттың мінезін айқындайтын, ғасырлар сүзгісінен өткен тұрақты моральдық-этикалық қағидалар» деп тұжырымдайды [12.49].

1.2. Мәдени мұра ұғымы және оның түрлері

Мәдени мұра – халықтың өткені мен бүгіні арасында дәнекер қызметін атқаратын материалдық және рухани құндылықтар жиынтығы. Бұл ұғымға тарихи ескерткіштер, ауыз әдебиеті, фольклор, музыка, қолданбалы өнер, шежіре, салт-дәстүр, ұлттық ойындар, тұрмыс бұйымдары кіреді [3.9].

ЮНЕСКО мәдени мұраны екіге бөледі:

- материалдық мұра (қалашықтар, кесенелер, ескерткіштер, археологиялық нысандар);
- рухани мұра (дәстүрлер, тіл, фольклор, музыка, қолөнер, әдет-ғұрыптар).

Қазақстанда мәдени мұраны жаңғырту бағытында «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы (2004–2011) ауқымды ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізді. Бағдарлама нәтижесінде 5000-нан астам ескерткіш зерттеліп, жүздеген тарихи еңбектер жарық көрді [6.11], [6.19].

2. Қазақ мәдени мұрасы – ұлттық руханияттың іргетасы

2.1. Материалдық мәдениет ескерткіштері

Қазақстан аумағындағы өркениет ошақтары мыңдаған жылдық тарихқа ие. Археологиялық және сәулеттік мұралар тарихи сананы жаңғыртудың маңызды құралы болып табылады.

Есік қорғаны – сақ дәуірінің саяси құрылымын, әлеуметтік жүйесін көрсететін бірегей нысан. «Алтын адам» табылғаннан кейін қазақ тарихының ерте кезеңдері әлемдік деңгейде танылды [7.55].

Берел қорғандары – көшпелілердің әлеуметтік иерархиясын, жерлеу дәстүрін, дүниетанымын айқын көрсететін құнды археологиялық кешен [6.88].

Отырар қалашығы – ортағасырлық қалалық мәдениеттің, сауда мен ғылымның маңызды орталығы. Шыңғыс хан шапқыншылығы кезіндегі оқиғалар тарихи сананың қалыптасуында ерекше орын алады [14.92].

Қожа Ахмет Ясауи кесенесі – түркі халықтарының рухани орталығы, Әмір Темір дәуірінің сәулет өнерінің жауһары [14.87].

Бұл нысандар оқушылардың тарихи санасын материалдық дәлелдер арқылы нығайтып, ұлт тарихына деген қызығушылығын арттырады.

2.2. Рухани мәдени мұра

Қазақ руханияты ғасырлар бойы қалыптасқан эпикалық дәстүр, күй өнері, фольклор, жыраулар поэзиясы, ұлттық әдет-ғұрыптар арқылы көрініс табады.

Батырлық жырлар («Алпамыс», «Қобыланды батыр», «Ер Тарғын») – ел қорғау, батырлық, намыс, бірлік идеяларын насихаттайтын халық энциклопедиясы [8.32].

Күй өнері – қазақтың тарихи жадының символы. Құрманғазы, Дәулеткерей, Тәттімбет күйлері ұлттық мінезді, еркіндік рухын жеткізеді [9.27].

Ауыз әдебиеті – ұлттың дүниетанымын, моральдық қағидаларын, тарихи тәжірибесін сақтаған бай мұра.

2.3. Этнографиялық мұра

Этнографиялық мұра ұлттың өмір салтын, тұрмыс мәдениетін, шаруашылығын танытады.

Киіз үй – көшпелі инженерияның шыңы.

Ат әбзелдері – әскери өнерді, мәртебені көрсететін мәдени код.

Ұлттық ойындар – тәрбиелік және тарихи әлеуеті зор мұра («Асық ату», «Тоғызқұмалақ», «Көкпар»).

Салт-дәстүрлер – қазақ қоғамындағы тәрбие жүйесінің негізі.

3. Ұлттық құндылықтар – тарихи сананы жаңғыртудың тірегі

3.1. Тарихи сана ұғымы және оның құрылымы

Тарихи сана – адамның өткенге деген көзқарасын, тарихи құбылыстарды бағалау қабілетін, уақытқа қатысты өзіндік танымын қалыптастыратын жүйе [13.21].

Тарихи сана келесі элементтерден тұрады:

- тарихи білім;
- тарихи сезім;
- тарихи ойлау;
- тарихи бағалау;
- тарихи жауапкершілік.

Ұлттық құндылықтар осы элементтердің барлығын бір-бірімен байланыстырған рухани өзек қызметін атқарады.

3.2. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы және ұлттық құндылықтардың жаңа миссиясы

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы ұлттық сананы жаңғыртудың нақты бағыттарын айқындайды:

- ұлттық бірегейлікті сақтау;
- білім мен ғылымның бәсекеге қабілеттілігін арттыру;
- мәдени мұраны зерттеу мен цифрландыру;
- еліміздің тарихи кеңістігін қайта зерделеу [11.13].

Бұл бағдарламаның басты нәтижелерінің бірі – ұлттық мәдениетті заманауи форматта жаңғыртуға жол ашуы.

4. Тарих пәнінде ұлттық құндылықтар мен мәдени мұраны тиімді қолдану жолдары

4.1. Этномәдени мазмұндағы сабақ үлгілері

Тарих сабағында ұлттық мұраны енгізудің тиімді әдістері:

- 3D модель арқылы археологиялық нысандарды зерттеу;
- интерактивті карталар арқылы ортағасырлық қалаларды талдау;
- «Алтын адам» киімінің символдық мағынасын ашу;
- Жыраулар поэзиясын тарихи оқиғалармен байланыстыра талқылау.

4.2. Жобалық-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру

Оқушыларға ұсынылатын жобалар:

- «Менің өлкемнің тарихи ескерткіштері»;
- «Отбасылық шежіре жинау»;
- «Ұлттық тағамдар тарихы»;
- «Киіз үйдің құрылымы және оның инженерлік шешімдері».

4.3. Цифрлық ресурстарды пайдалану

- виртуалды музей турлары;
- археологиялық нысандардың 3D реконструкциясы;
- тарихи тұлғалар туралы анимациялық бейнелер;
- цифрлық картография.

5. Мәдени мұраны сақтау – ұлттық қауіпсіздік факторы

Мәдени мұраны сақтау – ұлттың рухани тұтастығын сақтау. Егер ұлт өзінің тарихи жадымен байланысын жоғалтса, рухани әлсіреу қаупі туындайды. Сондықтан:

- тарихи нысандарды қорғау;
- ғылыми экспедицияларға қолдау;
- мектептерде тарихи сауаттылықты арттыру;
- мұражай мәдениетін дамыту – стратегиялық маңызы бар бағыттар.

Академик Ә.Марғұлан: «Ұлт мәдениеті – халық рухының өзегі» дейді [14.7]. Бұл қағида бүгінгі қоғам үшін де өзектілігін жойған жоқ.

**Қорытынды**. Ұлттық құндылықтар мен мәдени мұра тарихи сананың негізі болып табылады. Қазақ халқының рухани және материалдық мұрасы – ұрпақ жалғастығын қамтамасыз ететін баға жетпес қазына. Тарих пәні мұғалімінің міндеті – осы мұраны жаңа буынға ғылыми негізде жеткізу, ұлттық сананы нығайту. Өткені мен бүгінін сабақтастыра білген халықтың болашағы да жарқын болмақ.

**Пайдаланылған әдебиеттер**

1.Тоқаев Қ.К. Жаңа Қазақстан: ұлттық идея және тарихи жауапкершілік. – Астана, 2023.

2.Қоңыратбаев Ә. Қазақ этнографиясының негіздері. – Алматы: Санат, 2012.

3.Сәбитов Ж. Қазақ халқының мәдени мұрасы. – Алматы: Қазақ университеті, 2010.

4.UNESCO Cultural Heritage Report. – Paris, 2020.

5.Әбдулхалық М. Ұлттық құндылықтар жүйесі. – Алматы: Білім, 2018.

6.«Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы. – Астана, 2011.

7.Ақышев К.А. Есік қалашығы және сақ дәуірінің мұрасы. – Алматы: Ғылым, 1984.

8.Жұмашев С. Қазақ эпостарының тарихи негізі. – Алматы: Дәстүр, 2015.

9.Тілеуов Н. Қазақ күй өнері. – Алматы: Өнер, 2007.

10.Арғынбаев Х. Қазақ этнографиясының очерктері. – Алматы: Ғылым, 1996.

11.Қазақстан Республикасының «Рухани жаңғыру» бағдарламалық құжаттары. – Астана, 2017.

12.Табылдиев Ә. Халық педагогикасы. – Алматы: Мектеп, 2004.

13.Абдрахманов Т. Тарихи сана және ұлттық идеология. – Алматы: Қазақ университеті, 2013.

14.Марғұлан Ә. Ежелгі Қазақстан мәдениеті. – Алматы: Ғылым, 1998

ӘОЖ 159.9:94(574)

# ТАРИХИ ЖАДЫНЫҢ ТҰЛҒАЛЫҚ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІКТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ПСИХОЛОГИЯНЫҢ РӨЛІ

**Нурмуканбетова В.Е.**
*ә.ғ.м., аға оқытушы*
*Батыс Қазақстан инновациялық-технолгиялық университеті, Орал қ.*

***Резюме.****В данной статье рассматриваются психологические основы исторической памяти и национальной идентичности. Анализируется значение обновления исторического сознания в условиях общественного развития, межпоколенческая преемственность, влияние информационного пространства, а также роль диалога между научным сообществом и обществом. Раскрываются психологические механизмы исторической памяти в формировании национальной идентичности молодого поколения.*

***Ключевые слова:*** *историческая память, национальная идентичность, социальная память, психология, межпоколенческая преемственность, историческое сознание, личностное развитие.*

Қазіргі жаһандану заманында қоғамның рухани-мәдени дамуы, азаматтық бірегейлікті сақтау мәселелері ерекше өзектілікке ие. Әлемдік ақпараттық кеңістіктің ықпалы күшейген сайын жас ұрпақтың тарихи құндылықтары мен ұлттық мұрасын қайта пайымдау қажеттілігі туындап отыр. Осындай жағдайда тарихи жадының психологиялық рөлі ерекше маңызға ие, себебі тарихи жады жеке тұлғаның әлеуметтік болмысын, этностық сәйкестігін, рухани бағдарын айқындайтын факторлардың бірі болып саналады. Ұлттық бірегейлік – тұлғаның өзін белгілі бір этникалық қауымның мүшесі ретінде сезінуі мен сол қауымға эмоционалдық байланыс орнатуы. Ал тарихи жады – ұлттың өткенін сақтау мен оны ұрпақтан-ұрпаққа жеткізетін психологиялық жүйе. Бұл екі құбылыстың өзара байланысы қоғамның тұрақтылығына, мәдени тұтастығына және тұлғаның қалыптасуына әсер етеді. Осы мақалада тарихи жады мен ұлттық бірегейлікті психологиялық тұрғыдан қарастырып, ғылым мен қоғам арасындағы диалогтың маңызын анықтау көзделеді[1, 84].

Тарихи жады – ұжымдық сананың құрамдас бөлігі, ол белгілі бір қоғамның, этностың, отбасының немесе тұлғаның өткенді қабылдау, еске түсіру және жаңғырту ерекшеліктерін қамтиды. Психологияда тарихи жады адамның когнитивтік құрылымына ғана емес, оның эмоциялық, мотивациялық және мінез-құлықтық салаларына да тікелей әсер етеді. Тарихи жады келесі деңгейлерден тұрады:

**Жеке деңгей** – адамның отбасы тарихы, ата-бабасының өмір жолы, жеке тәжірибесі.

**Ұжымдық деңгей** – этностың ортақ тарихи оқиғалары, жадта сақталған символдар.

**Ұлттық деңгей** – мемлекеттің тарихы, ұлттық қаһармандар мен маңызды тарихи кезеңдер.

Әр деңгей тұлғаның психологиялық тұрақтылығына өз үлесін қосады. Өткенді білмеу жеке тұлғаны тарихи тамырынан ажыратып, өзіндік сәйкестігін әлсіретуі мүмкін[2, 77].

Ұлттық бірегейлік әлеуметтік психологияда топтық сәйкестенудің ерекше түрі ретінде қарастырылады. Тұлғаның ұлттық бірегейлігі бірнеше компоненттен тұрады:

**Когнитивтік компонент:** ұлт тарихы туралы білім, мәдени дәстүрлерді тану.

**Эмоционалдық компонент:** ұлтқа деген мақтаныш, сүйіспеншілік, құрмет сезімі.

**Мінез-құлықтық компонент:** ұлттық мәдени құндылықтарды сақтау, қоғамға қызмет ету.

**Мотивациялық компонент:** ұлттың дамуына үлес қосуға деген бейімділік.

Ұлттық бірегейлік толық қалыптасқан жас тұлға әлеуметтік ортаға бейім, тұрақты көзқарасы бар, жауапкершілігі жоғары азаматқа айналады.

Тарихи жады ұлттық бірегейліктің қалыптасуындағы негізгі психологиялық ресурс болып табылады. Өткенді білмейінше, тұлғаның «Мен кіммін?» деген сұрағына толық жауап табу мүмкін емес. Тарихи жады арқылы адам өз болмысын таниды, ұлтқа деген эмоциялық байланысы нығаяды. Психологиялық тұрғыдан тарихи жады: **ұлттық мақтаныш сезімін күшейтеді, әлеуметтік тұрақтылықты қалыптастырады, қоғамдағы біріктіруші факторға айналады, құндылықтар жүйесін нығайтады.** Мәселен, тарихи батырлар мен тұлғалардың өмір жолы жас ұрпақтың ерлік, адалдық, отан сүйгіштік сияқты қасиеттерін дамытуда үлгі болып табылады[3,75]. XXI ғасырда тарихи жадыны қалыптастыру тек гуманитарлық ғылымдардың ғана емес, психологияның да ортақ зерттеу нысаны болып отыр. Ғылым мен қоғам арасындағы диалог төмендегі бағыттар бойынша жүзеге асуы қажет: **Ғылыми ақпаратты қоғамға жеткізу.** Тарихи деректерді бұрмаламай, түсінікті тілмен тарату – халықтың тарихи сауатын арттыра түседі. **Қоғамдық пікірді зерттеу.** Әр буын тарихи оқиғаларды әртүрлі қабылдайды. Бұл ерекшеліктер психологиялық зерттеулер арқылы анықталады[1, 75].

**Тұлғалық даму бағдарламалары.** Жастарға ұлттық құндылықтарды насихаттайтын педагогикалық-психологиялық тренингтер қажет.

**Ақпараттық қауіпсіздік.** Қазіргі медиакеңістікте жалған тарихи деректер көп, бұл тарихи жадының бұзылуына әкеледі.

Диалогтың негізгі мақсаты – шынайы тарихи сананы сақтап, ұлттың келешек даму жолына дұрыс бағдар беру.

Тарихи фактілердің бұрмалануы жеке тұлға психологиясына да, бүкіл қоғамға да кері әсер етеді. Оның негізгі салдары:

- **Ұлттық сәйкестіктің әлсіреуі;**
- **Өзіндік бағалаудың төмендеуі;**
- **Ұрпақаралық алшақтықтың артуы;**
- **Әлеуметтік сенімнің төмендеуі;**
- **Қоғамдық пікірдің бөлінуі.**

Бұдан бөлек, тарихи жадының бұзылуы жастарды өз тамырынан ажыратып, ұлттық мәдениетке деген қызығушылықтың төмендеуіне әкелуі мүмкін. Жасөспірім кезең жеке тұлғаның ұлттық сәйкестігі қалыптасатын маңызды уақыт. Тарихи құндылықтарды тану, ата-баба мұрасы, ұлттық батырлардың өмірін мысал ету – жасөспірімнің азаматтық позициясын қалыптастырады. Психологиялық зерттеулер көрсеткендей, тарихи құндылықтарды жақсы меңгерген жастар:

- тұрақты өзіндік бағасы бар патриоттық сезімі жоғары;
- қоғамдағы белсенді позиция ұстанады;
- ұлттық дәстүрлерді құрметтейді[4, 39].

Сондықтан білім беру жүйесінде тарихи сананы қалыптастыру – тұлғаның толыққанды дамуына ықпал ететін маңызды бағыт.

Тарихи жады мен ұлттық бірегейлік – қоғамның рухани дамуындағы негізгі психологиялық факторлар. Оларсыз ұлттық тұтастықты, мәдени сабақтастықты, азаматтық жауапкершілікті қалыптастыру мүмкін емес. Ғылым мен қоғам арасындағы диалогтың күшеюі шынайы тарихи сананы қалыптастыруға, ақпараттық кеңістіктегі бұрмалаушылыққа қарсы тұруға, жас ұрпақтың ұлттық болмысын нығайтуға бағытталған маңызды қадам болып табылады. Тарихи жадыны сақтау – болашаққа деген сенімнің, рухани жаңғырудың және ұлттық болмыстың негізгі кепілі.Тарихи жад әрбір адамның өзін белгілі бір этномәдени қауымдастықтың мүшесі ретінде сезінуіне мүмкіндік береді.Өткенді білу тұлғаға: өзінің түп-тамырын сезінуге, өзіндік «менін» нығайтуға, әлемдегі орны мен рөлін айқындауға көмектеседі. Бұл психологиялық тұрақтылық пен сенімділіктің маңызды факторы. Тарихи деректер мен тұлғалар жеке адамға өнеге бола отырып, оның мінездік сапаларын тәрбиелейді. Тарихтағы батырлардың ерлігі, хандар мен би-шешендердің даналығы, ағартушылардың қызметі – тұлға бойында патриотизмді, елжандылықты, әділеттілік пен жауапкершілікті қалыптастырады. Тарихи жад қоғамға тиесілілік сезімін

ұлғайтады. Ортақ өткенді қабылдау арқылы тұлға өзін үлкен қауымдастықтың мүшесі ретінде сезінеді, бұл әлеуметтік қолдау мен психологиялық қауіпсіздік сезімін қамтамасыз етеді. Ұлттық бірегейлік бір тіл, мәдениет, аумақ, дәстүр және тарихи жады арқылы қалыптасады. Осы факторлардың ішінде тарихи жад интеграциялық күш ретінде жұмыс істейді. Ол ұлттық сананы тұрақтандырып, халықтың ортақ тарихи миссиясын сезінуге мүмкіндік береді. Тарихи жад халықты біріктіреді. Ортақ жеңістер мен трагедиялар, тарихи тұлғалар мен оқиғалар ұлттың ішкі байланысын нығайтады. Тарихи жадтың болуы ұлттық бірегейлікті нығайтып, ұлттың өміршеңдігін арттырады. Ұлттың тарихи мифтері – психологиялық энергияның ерекше көзі. Олар ұлттың өзіндік «тарихи миссиясын» сезінуіне, ортақ құндылықтарды анықтауға көмектеседі. Мұндай нарративтер бірлік сезімін күшейтіп, болашаққа сеніммен қарауға ықпал етеді[5, 91].

Тарихи жадтың бұрмалануы – идеологиялық мақсатта фактілерді өзгерту, тарихи сананы әлсірету немесе өткенді манипуляциялау түрінде көрінуі мүмкін. Оның салдары: ұлттық сәйкестенудің әлсіреуі, тұлғалық дағдарыстар, «мәдени вакуум» сезімі, ұрпақтар арасындағы байланыс үзілуі, қоғамдағы алауыздық пен пікір қайшылығының күшеюі. Жеке тұлғаның бірегейлігі – адамның өзіндік санасы, тәжірибесі, құндылықтарының жиынтығы. Автобиографиялық жад тұлғаның өткен оқиғаларын есте сақтау арқылы оның жеке бейнесін қалыптастырады. Ұжымдық жад болса, жеке тұлғаның әлеуметтік ортада өзін сезінуіне, ұлттық құндылықтарды қабылдауына әсер етеді.Ұлттық бірегейлік халықтың тарихи тәжірибесіне негізделген ортақ санасы мен құндылық жүйесі. Тарихи жад арқылы ұрпақтар ұлттық тарих пен мәдени мұраны меңгереді, ұлттық сана мен идентичность қалыптасады. Мемлекеттік мерекелер, тарихи ескерткіштер және мәдени мұра арқылы ұрпақтар тарихи жадыны қабылдайды.

Сондықтан тарихи жадты сақтау – ұлттық қауіпсіздік пен психологиялық тұрақтылықтың маңызды бөлігі. Қазақстан үшін тарихи жад – ұлттық бірегейлік қалыптасуының негізгі тіректерінің бірі. Қазақ халқының дәстүрлі мәдениеті, көшпелілер өркениеті, жыраулар поэзиясы, хандық дәуір, отарлық кезең, ұлттық азаттық қозғалыстары, Алаш идеясы және тәуелсіздік кезеңі – осының барлығы қазіргі ұлттық сананың іргетасын құрайды. Ұжымдық жаралар – ашаршылық, саяси қуғын-сүргін, соғыс жылдары – ұлттың тарихи тәжірибесінде терең із қалдырған. Осы оқиғаларды тану, зерттеу және қоғам санасында қайта жаңғырту ұжымдық сауығу мен тұрақтылыққа ықпал етеді. Тәуелсіздік жылдарындағы тарихи сананы жаңғырту бағытындағы мемлекеттік бағдарламалар (мысалы, «Рухани жаңғыру», «Ұлы даланың жеті қыры») ұлттық тарихты тануға оң әсер етіп, жастар арасында патриоттық сезімді күшейтуде[7, 64].

Тарихи жад жеке тұлғаның және ұлттың бірегейлігін қалыптастыруда негізгі психологиялық құрал болып табылады. Жеке деңгейде ол тұлғаның өзіндік санасын, құндылық жүйесін және әлеуметтік бейімділігін дамытады. Ұжымдық деңгейде тарихи жад ұлттық сана мен бірегейлікті нығайтады, ұрпақтар арасындағы байланыс пен мәдени continuity-ді қамтамасыз етеді. Сондықтан психология мен тарих салаларының интеграциясы тарихи жадты зерттеуде және ұлттық бірегейлікті қалыптастыруда аса маңызды.

Тарихи жады – жеке тұлғаның және қоғамның өткен тәжірибесін есте сақтау, оны бағалау және жаңа ұрпаққа жеткізу қабілеті. Психология тұрғысынан тарихи жад жеке тұлғаның өзіндік санасын, мәдени ерекшеліктерін және ұлттық идентичностьті қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Тарихи оқиғалар мен мәдени мұралар арқылы ұрпақтар арасындағы байланыс сақталып, ұжымдық сана дамиды. Осы мақалада тарихи жадтың тұлғалық және ұлттық бірегейлікті қалыптастырудағы психологиялық механизмдері қарастырылады.

Қазақстанда тарихи жад ұлттық бірегейлікті сақтау үшін маңызды рөл атқарады. Мектеп бағдарламалары, мемлекеттік мерекелер, тарихи ескерткіштер және мәдени мұра арқылы ұрпаққа өткенді жеткізу жүзеге асырылады. Бұл психологиялық тұрғыдан жеке тұлғаның ұлттық санаға бейімделуін қамтамасыз етеді. Тарихи жад жеке тұлғаның және

ұлттың бірегейлігін қалыптастыруда негізгі құрал болып табылады. Жеке деңгейде тұлғаның өзіндік санасын, құндылық жүйесін және әлеуметтік бейімділігін дамытады.\ Ұжымдық деңгейде тарихи жад ұлттық сана мен бірегейлікті нығайтады, ұрпақтар арасындағы байланыс пен мәдени continuity-ді қамтамасыз етеді. Қазақстан үшін тарихи жадты сақтау ұлттық бірегейліктің кепілі болып табылады.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1.Левин, Л. «Ұлттық психология негіздері». М., 2016.

2.Соловьев, В. «Мәдениет пен ұлттық сана психологиясы». М., 2021.

3.Ашимбаев, Т. «Қазақ психологиясы: тарих және қазіргі кезең». Алматы, 2010.

4.Әбдіғаппарова У. Ұлттық бірегейлік мәселелері. – Алматы: Қазақ университеті, 2019.

Назарбаев Н.Ә. *Ұлы Даланың жеті қыры.* – Астана, 2018.

1. Қазақ этнопсихологиясы: оқу құралы. – Алматы, 2020.
2. Психология ғылымындағы әлеуметтік жады теориялары. – Алматы: Рух-Болашақ, 2022.

ӘОЖ 74.26

# ЖАҺАНДАНУ ҮДЕРІСІНДЕ ҰЛТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІК ПЕН ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫНЫҢ ӨЗГЕРУ ДИНАМИКАСЫ

**Жанайсова Ж.Е.**
э.ғ.м., әлеуметтік педагог
Х.Доспанова атындағы №30 жалпы орта білім беретін мектебі, Орал қаласы

**Түйіндеме.** Мақалада, жаһандану үдерісінің зерттелу мәселелері қарастырыла отырып, осы жағдайдағы рухани мүдде мен бірегейлік мәселелерінің маңыздылығы көрсетіледі. Қазақстандық халықтың әлемдік деңгейде бет-бейнесі қандай, қандай құндылықтарды ерекше бағалайды, іс-әрекеттері қандай ұстанымдарға негізделген, қандай идеялармен сусындаған деген сұрақтар арқылы қазақстандық халыққа сипаттама жасауға болады. Жаһандану жағдайындағы ұлттық мүдде және бірегейлік мәселесінің өзектілігі де осында.

**Тірек сөздер**: Жаһандану үдерісі, ұлттық мүдде, бірегейлік, тұрақтылық, рухани құндылықтар.

Қазіргі заманғы әлемдік саясат пен халықаралық қатынастардың дәстүрін әлемнің негізгі даму үдерісіне айналған жаһандану үдерісімен байланыстыра қарау әдетке айналып келеді. Ауқымды мәселелерді шешуге расында жалғыз мемлекеттің күші жете бермейді, мұны қазіргі нақты өмір де айқындалып отыр. Алайда қажеттіліктен туындап отырған бұл ауқымды үдерістің де қарама-қайшылық жақтары баршылық. Ұлттық бірегейлік Жаһанануға байланысты зерттеушілер үш жақты ойды ұстанады [1]. Бірі жаһанануға мүлдем қарсы болса, екіншісі оны жақтайды, үшіншісі оны табиғи құбылыс ретінде мойындайды. Жаһандану жағдайындағы біздің мемлекеттің ұлттық мүддесі – адамның құқығы мен бостандығының қамтамасыз етілуі, елдегі қоғамдық келісім мен саяси тұрақтылықты сақтау, халықтың бірлігі және игілігі болып табылады. Сонымен бірге, бәсекеге қабілетті және ұлттық ақпараттық кеңістікті қолдай отырып, қоршаған ортаның жай-күйін сақтай отырып, еліміздің даму басымдықтарына сай келетін халықаралық ынтымақтастықтың жай-күйін және жағымды имиджі мен беделін нығайту. Жаһандану табиғи құбылыс және оның тылсым күші қоғамның саяси және рухани салаларының

тұрақтылығын, жасампаздығын және өзгешелігін сақтау және дамыту арқылы ашыла береді. Қалай десек те жаһандану жағдайында әлем екі сипатта көрініс тапқан. Мемлекеттердің бірі белсенді, үстем, екіншілері енжар, бағыңқы болатындығын заман көрсетіп отыр. Жаһандану жағдайына байланысты қазақстандық ойшыл А.Н. Нысанбаев бірнеше болжамдар жасайды [2], оның ойынша, біріншіден, ұлттық болмысты сақтауға тырысушылық, алайда қазіргі таңда бұл алғашқы сипатынан біршама өзгерген, екіншісі түрік-мұсылман әлемін қабылдау туралы айтады. Біздің ойымызша, жаһанданудың негізінде мәдениеттің дамуы жатыр деген ойды қалыптастыруға болады. Мәдениеттің дамуы барысында, ақпарат жүйелерінің қарқынды дамуына байланысты өркениеттердің арасындағы байланыс біртіндеп үлкейе берген. Сонымен бірге әлемдік деңгейдегі ауқымды мәселелерді шешу де жаһанданудың қалыптасуына себеп болады. Сондықтан, бұл пәндік сала бойынша жаһанданудың басты негізі, себебі мәдениет пен өркениет болып табылады [2]. Бұл бағыт қазіргі ғылымда аз зерттелген саланың бірі ретінде саналады. Біздің ойымызша жаһанданудың табиғатын анықтау үшін ғылым тарихының кезеңдеріндегі жаһандануды зерттеу теорияларын, тұжырымдамаларын жүйелеу қажет. Тарихи-философиялық сараптама арқылы жаһанданудың даму үдерісіне зерттеу жүргізуге болады.

Қазақстанның жарқын болашағының іргетасын қалайтын жастар, өскелең ұрпақ екені белгілі және сол ұрпақтың саналы, көзі ашық, өткені мен болашағын айқын танитын болуы абзал. Осы тұрғыдан, білім беру жүйесінің басты міндеті- ең алдымен білімді, ұлттық құндылықтар мен заманауи игіліктерді өз бойына біріктіріп, ұштастыра білетін, өз елінің нағыз жанашыр азаматтары ретінде қалыптасуға тәрбиелеу. Елбасы сөзімен айтсақ, “мықты әрі жауапкершілігі жоғары біртұтас ұлт болу” жолында мақсаты айқын, мұраты биік, саналы азамат қалыптастыру [3].

Адамды адам ететін - оның рухани дүниесі. Ынтымақтастық, құрмет, жауапкершілік, адалдық, еңбекқорлық, кемелдену, этика-әдеп, табандылық, Отансүйгіштік, кішіпейілділік, сүйіспеншілік, жомарттық, әділдік, эмпатия, қанағат, тазалық, денсаулық, батылдық, ар мен намыс - адамның рухани дүниесіне жатады. Бұл қасиеттерді ғылымда “құндылықтар” деп атаймыз.

Құндылықтар - бұл адам үшін және қоғамдастықтар үшін маңызды, адамдарға өмірдің қиыншылықтарына төтеп беруге көмектеседі, әлеуметтік шындықты реттеуге мүмкіндік береді және адам өміріне мән береді. Сайып келгенде, құндылықтар адамның пайдасына бағытталған және қоғамның рухани қайта өркендеуі, мәдениет тарихи процестің мазмұны мен мақсаты ретінде, қоғамдық сананың, адамның іс-әрекеті тәсілдерінің, тұлғаның қалыптасуы мен дамуының жиынтығы ретінде көрінеді [4].

Құндылықтар тарихына көз жүгіртсек, оның эволюциялық жолмен өзгеріп тұрғанын байқаймыз.

XIX ғасырда Ұлы ақын Абайдың “бес асыл ісі” мен философ Шәкәрімнің “Үш анығында” қазақ қоғамына қажетті құндылықтарды соқырға таяқ ұстатқандай түсіндіріп береді. XX ғасырдың басында бірлік, тәуелсіздік, еркіндік, азаттық ұғымдары басты құндылық болды.

Алаштың ардағы, арысы, асылы, дауылпаз ақыны М.Дулатов:

“Көзіңді аш, оян, қазақ, көтер басты.

Өткізбей қараңғыда бекер жасты” - деп халқын азаттыққа шақырса, ендігі бір өлеңінде:

“Бірлік жоқ, алты ауызды халықпыз ғой,

Қатардан сол себепті қалыппыз ғой” деп бірлік пен ынтымақтастық жоқтығынан қазақ қоғамының алауыз болғанына ашынады.

Бүгін де егемен еліміз Елбасының дара жолымен кезең - кезеңімен жаңғыру үстінде келеді.

Бірінші жаңғыруда көгімізде көк байрақты желбіретіп, елтаңбамызды айшықтап, әнұранымызды әуелеттік.

Екінші жаңғыруда ұзақ мерзімді “Қазақстан -2030” мемлекеттік стратегиясын қабылдап, дамыған 50 елдің қатарына қосылдық.

Үшінші жаңғыруда әлемнің 30 озық елінің қатарына қосылу мақсатында “100 нақты қадам” Ұлт жоспарын орындауға кірістік. Қазақстанның Үшінші жаңғыруын іске асыру шеңберінде үш жаңғырту процесі жүзеге асырылатын болады. Бұл - саяси реформа, экономикалық өрлеудің жаңа моделін құру және қоғамдық сананы жаңғырту.

Бүгінде әлем Төртінші өнеркәсіптік революция дәуіріне, технологиялық, экономикалық және әлеуметтік салалардағы терең және қарқынды өзгерістер кезеңіне қадам басып келеді. Жаңа технологиялық қалып біздің қалай жұмыс істейтінімізді, азаматтық құқықтарымызды қалай іске асыратынымызды, балаларымызды қалай тәрбиелейтінімізді түбегейлі өзгертуде [5].

Бүгінгі білім жүйесіне жаңа дәуірдің жағымды жақтарын бойына сіңірген санасыашық, саналы азаматты қалыптастыру міндеті қойылып отыр. Саналы азамат деп отырғанымыз - жаһандану кезеңде төртінші өнеркәсіптік революция жетістіктерін және бірнеше тілді жетік меңгерген білімді, білікті маман. Күллі жер жүзі біздің көз алдымызда өзгеруде. Әлемде бағыты әлі бұлыңғыр, жаңа тарихи кезең басталды. Күн санап өзгеріп жатқан дүбірлі дүниеде сана -сезіміміз бен дүниетанымымызға әбден сіңіп қалған таптаурын қағидалардан арылмасақ, көш басындағы елдермен тереземеізді теңеп, иық түйістіру мүмкін емес. Өзгеру үшін өзімізді мықтап қолға алып, заман ағымына икемделу арқылы жаңа дәуірдің жағымды жақтарын бойға сіңіруіміз керек.

Жаһандану жағдайындағы жастардың бойынан жауапкершілік, намыс, отансүйгіштік қасиетін көріп жүрміз. Әсіресе, әлемдік ареналарда өнер көрсетіп жүрген спортшыларымыз жарқын үлгісін көрсетуде. Бұған әлемнің түкпір - түкпірінде өткен дүбірлі додаларда орын алған жайттарды мысалға келтіруге болады.

Мәселен, өткенге сәл шегініс жасайық. 2017 жылы Ресейдің Сочи қаласында самбодан өткен әлем чемпионатында, 2019 жылы Үндістанның Бангалор қаласында өткен Азия чемпионатында, 2019 жылы араб түбегіндегі Әбу-Даби қаласында каратэдан әлем чемпионатында техникалық ақаулар салдарынан еліміздің әнұраны үзіліп қалған болатын. Ар мен намыс сыналар сын сағатта жеңіс тұғырында тұрған спортшыларымыз әнұранды іліп әкетіп әуендете шырқады. Осы жағдаятқа жан-жақтан жиналған шет ел азаматтары тәнті болып спортшыларымызға ұзақ қол соғып, құрмет көрсетті. Бұл сәттерде қандай құндылықтарды көруге болады?

Біріншіден - Отан алдындағы жауапкершілік, екіншіден - намыс, үшіншіден - рухани құндылық. Бұл қасиеттер-көпұлтты Қазақстандағы тұрақтылықтың басты кепілі. Сонымен қатар жаһануға тұрар жалғыз күш болмақ.

Қай халықтың алсақта, ұлттық құндылықтары міндетті түрде сол халыққа тән қасиеттерін, мінез-құлқын, ой-өрісін,өмір сүру ортасын танытып тұрады. «Ұрпақ тәрбиесі – ұлт болашағы» – деп дана халқымыз бекер айтпаған. Еліміздің ертеңі ұлттың тізгінін ұстар ұрпақтың қолында. Сондықтан жаһандану үрдісінде ұлттық құндылықтарымызды ұрпақ санасында дұрыс қалыптастыра білуіміз шарт. Қандай қоғамның болмасын басты мақсаты отаншыл, елім дейтін ұрпақ тәрбиелеу, адамгершілігі және рухани бай тұлға қалыптастыру. Яғни бүгінгі таңда өркениетті, прогресшіл бағыттағы азаматтық-адамгершілік қасиеті мол, ұлттық құндылықтарын ұлықтайтын, өзге елдің замандастарымен тең дәрежеде бәсекелесе алатын биік өрелі ұрпақ тәрбиелеу – заманымыздың басты мәселелерінің бірі болып табылады. Осы мәселені жүзеге асыруда ұлттық құндылықтардың атқаратын қызметі айрықша.

Қазақ болу бүгінгі заманның басты мәселесі. Дәстүрлі қазақтың жері, діні, тілі және мемлекеті бар. Тарих қай заманда болмасын тәрбиені және білімді қажет етеді. Тарихи онтология әмбебап ұғым, ол халықтың әдет дәстүрінде, ділінде, дінінде, тілінде тұрмыс тіршілігінде табиғи жүріп жатқан құбылыстар. Міне осы тарихи онтологияға саясат үнемі көлденең келіп түзетулер әрекеттерін жасап отырады [6].

Қазақстан Мәңгілік Ел болу үшін ұлттық құндылықтар мен ұрпақтар арасындағы ажырамас сабақтастықты сақтауға тиіспіз.Қазақ өз кеңістігін «Ұлы дала», «кең дала» – деп атайды. Демек бұл сабақтастық өз өміршеңдігін тоқтатпау қажет! Ол үшін қазақы болмысымыздың тетігі қазақ тілімізді дәріптеуден жалықпауымыз керек. Сол үшін, қазақ тілінің мәртебесін көтеру басты назарда болса. Тіл ұлт болып қалудың соңғы қамалы екені баршаға аян. Ғ.Мүсірепов: «Өз тілін, әдебиетін, қәдірлемеген адам толық мәнді интеллигент емес. Себебі, ол қандайлық мамандық білімі болсада, рухани ой тәрбиесінде сыңаржақ азамат болады» – деген ойының маңызы бар.

Қазіргі заманда бірегейлігімізді сақтау мемлекеттік тұрғыда қарастырылатын мәселе деп ойлаймыз. Қоғамда адамдардың моральдік дағдарысқа душар болуы осы ұлттық құндылықтарды бағаламаудың, басшылыққа алмаудың салдары. Адамдар арасындағы моральдік дағдарысты болдырмау, одан шығудың кепілі ретінде ұлттық құндылықтарды ұлт дамуының негізіне айналдыру. Қоғамдағы адамдардың бойына ұлттық құндылықтарымызды қалыптастыра білу халықтың ешбір байлыққа айырбастамайтын қазынасы. Ішкі мәні изгілікті, адами құндылықтарға негізделген дәстүрлеріміз елдің игілікті өмірінде көрініс тауып, адамзат өміріндегі құндылықтық мазмұны айрықша болып табылмақ. Ел болу биік мағыналы ұғым. Жаһандану қоғамында еліміздің ұлттық болмысын басқа мәдениеттің жұтып қоюына қарсы тұру үшін ұлттық құндылықтарға арқа сүйеу қажет.

Қорытынды.

Демократияның басты мақсаты, ұлттық мүддені қорғау мүмкіндігі болып табылады. Себебі, қазіргі жаһандастыру заманында демократиялық даму жолына өту арқылы Қазақстан халқы өзінің ұлттық ерекшелігін басқа, әсіресе үлкен елдерге көрсете алады. Жаһандану үдерісі дегеніміз мемлекеттен, қоғамнан, әрбір жеке тұлғадан ширақтықты, мобилділікті, белсенділікті, бәсекеге қабілеттілікті, ортақ келісімге келе алушылықты талап ететін табиғи құбылыс деп санауға болады. Мемлекеттік тұтастыққа, діни және ұлттық татулыққа, ұлттық санаға, қоғамдық келісімге қарсы «демократияны орнату» деген әдемі идеяны бүркемелеп тарап жатқан да үдерістер жеткілікті. Бұл ұлттық бірегейлікке, ұлттық қауіпсіздікке төнетін қатерлерді мүмкін етеді. Сол себепті, қазіргі таңдағы күрделі құбылыстардың ағымында Қазақстанның ұстанатын саясаты болып, тәуелсіздік алғаннан бастап келе жатқан басымдылықтардың өзгермеуі және ұлттық мүддемізді қамтамасыз ететін саясат болып саналады. Қазақстанның әлемдік саясатта, жаһандану заманында өз тұғырында нық тұруы үшін азаматтық құндылықтар тұрғысынан да, ұлттық құндылықтар тұрғысынан да ортақ мәмілелік пен ұлттық бірегейлік болып табылатыны сөзсіз. Жаһандану жағдайындағы ұлттық мүдде мен бірегейлік ерекшеліктеріне байланысты қоғамдағы тұрақтылықты сақтап қала алатын қазіргі таңдағы бірден бір институт болып саяси билік қалып отыр. Әрбір тарихи кезеңнің өзіне тән ерекшеліктері болады және сол ерекшеліктері арқылы әрбір мемлекеттің, қоғамның тағдырына өз іздерін қалдырады. Сол тәрізді жаһандану да XX ғасырдың аяғынан басталған әлемдік үдеріс және бұл да қазақстандық қоғамға өзіндік бір сын болып табылады. Жалпы адамзаттың тарихына шолу жасайтын болсақ, ол жалпылықтан жалқылыққа ауысып, одан кейін қайтадан жалқылықтан жалпылыққа ауысып келе жатқандай.

**Әдебиеттер тізімі**

1.Шайкемелев М.С. Казахская идентичность в контексте модернизации общества. Монография [Изд. 2-е. Перераб и доп.]. – Алматы: Институт философии, политологии и религиоведения КН МОН РК, 2020. – 230 с.

2.Нысанбаев А.Н. Казахстан в поисках национальной идеи // Казахстан спектр - 2003. - № 2. - 93-102 б.

3.Н.Ә.Назарбаев “Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру” бағдарламалық мақала.12сәуір, 2017

4.Құндылықтар жүйесінің компоненті ретінде рухани құндылықтың Қазақстан қоғамындағы орны.

5.“Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері” ҚР Президентінің 2018 жылғы 10 қаңтардағы Жолдауы

6.“Рухани жаңғыру” бағдарламасын іске асыру жағдайындағы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2019 жылы 15 сәуірдегі №145 бұйрығы

ӘОЖ: 811.512.2’09:003.349:34:61:130.12

# КӨНЕ ҰЙҒЫРЛАРДЫҢ ЖАЗБА МҰРАСЫ: ҚҰҚЫҚ, ДІН, МЕДИЦИНА ЖӘНЕ ДҮНИЕТАНЫМ

**Юсупова Дильназ Бахтияровна**
*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті*
*Филология факультеті, Түркітану және тіл теориясы кафедрасы*
*Алматы, Қазақстан*
*turkishwithdilya@gmail.com*
Ғылыми жетекшісі: **Бүркітбаева Шынарай Дүбірқызы** *PhD, доцент м.а.*
*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті*
*Филология факультеті, Түркітану және тіл теориясы кафедрасы*
*e-mail: burkitbaeva.1975@mail.ru*
*ORCID: https://orcid.org/0000-0001-8235-4213*

***Түйіндеме.****Мақалада көне ұйғырлардың (IX–XIV ғғ.) жазба мұрасы жан-жақты қарастырылады: ұйғыр жазуының қалыптасуы, Турфан, Дуньхуан, Қочо сияқты орталықтардан табылған негізгі қолжазба кешендері сипатталады.*

***Тірек сөздер****: көне ұйғырлар, жазба ескерткіштер, құқық, дін, медицина.*

***Резюме****. В статье всесторонне рассматривается письменное наследие древних уйгуров (IX–XIV вв.): описывается формирование уйгурской письменности и основные комплексы рукописей из центров Турфан, Дуньхуан, Кочо.*

***Ключевые слова:*** *древние уйгуры, письменные памятники, право, религия, медицина.*

***Abstract****. The article provides a comprehensive overview of the written heritage of the Old Uyghurs (9th–14th centuries), describing the formation of the Uyghur script and the main manuscript collections from centers such as Turfan, Dunhuang, and Qocho.*

***Keywords:*** *ancient Uyghurs, written monuments, law, religion, medicine.*

Көне ұйғыр тілі деп әдетте IX–XIII (кейде XIV ғасырға дейін) ғасырлар аралығында Шығыс Түркістан мен Моңғолия аумағында қолданылған түркі тілінің жазба нұсқасы аталады. Зерттеушілердің пікірінше, көне ұйғыр жазба ескерткіштері шамамен IX–XIII ғғ. аралығын қамтиды; олар «көне түркі» деп аталатын кең кезеңнің ішіндегі дербес жазба дәстүр ретінде қарастырылады [1].

Ұйғырлар VIII–IX ғғ. Орхон өңіріндегі Ұйғыр қағанатын құрғаннан кейін, мемлекет құлаған соң (840 ж.) олардың едәуір бөлігі Тұрфан, Қочо, Бешбалық сияқты қалаларға қоныс аударып, осында Батыс Ұйғыр (Қочо) патшалығын қалыптастырды. Дәл осы кезеңде ұйғырлар жоғары деңгейдегі қала мәдениетін, сауда-экономикалық байланыстарды және көптілді, көпдінді жазба дәстүрді дамытты [2].

Ұйғыр жазуының шығу тегі. Көне ұйғыр ескерткіштерінің басым бөлігі арнайы ұйғыр жазуымен жазылған. Бұл жазу соғды жазуынан дамыған, ал соғды жазуының түп негізі арамей жазуына барып тіреледі. Мұндай деректі Берлин Турфан коллекциясының

сипаттамаларынан айқын көреміз: коллекциядағы түркі мәтіндерінің көпшілігі соғды жазуынан шыққан ұйғыр жазуымен жазылғаны айтылады [3].

Ұйғыр жазуы әдеттетігінен, жоғарыдан төмен, солдан оңға қарай жазылады. Кейін бұл графика XIII ғасырдан бастап моңғолдарға, одан әрі маньчжурларға қабылданып, Шығыс Азия жазба мәдениетінде ұзақ уақыт өмір сүрді [4].

Көне ұйғырлар тек бір ғана графикамен шектелмеген. Түрлі діни және «ғылыми» мәтіндерде өзге жазу жүйелері де қолданылған:

Мани жазуы – манихей мәтіндері үшін;

- Брахми жазуы – буддалық және медициналық мәтіндердің бір бөлігінде;
- Сирия жазуы – әсіресе Шығыс қатысты христиан мәтіндерінде және кейбір медициналық фрагменттерде;
- Қытай иероглифтері – будда сутраларының түпнұсқалары мен қабырға жазуларында, сондай-ақ кейбір астрологиялық және әкімшілік мәтіндерде.

Осылайша көне ұйғыр мәдени кеңістігі көпграфикалы, көптілді сипатқа ие болған: ұйғыр, қытай, тибет, соғды, моңғол, сирия және санскрит тілдеріндегі мәтіндер бір аймақта қатар өмір сүрген [5].

Көне ұйғыр жазба мұрасының едәуір бөлігі XIX–XX ғғ. Тоғысында жүргізілген халықаралық экспедициялар нәтижесінде табылды.

Фин, неміс, орыс, француз, жапон, ағылшын экспедициялары 1898 жылдан бастап Қытай Шығыс Түркістанына (қазіргі Шыңжаң) келіп, Турфан, Дуньхуан, Қочо, Ярқото сияқты ескі қалалардан мыңдаған фрагмент пен қолжазба алып кетті. Бүгінде көне ұйғыр қолжазбаларының ең ірі жинақтары мыналарда сақтаулы:

- Берлин Турфан коллекциясы– шамамен 8 000-ға жуық түркі фрагменті, ішінде буддалық, манихейлік, христиандық, құқықтық және тұрмыстық құжаттар бар [3].
- Сериндия коллекциясы (Санкт-Петербург) – Дмитрий Клементц бастаған ресейлік экспедициялар әкелген ерте ұйғыр қолжазбалары [6].
- Сондай-ақ Лондон, Париж, Токио, Пекин музейлері мен кітапханаларында ұйғыр фрагменттері жеке қорлар ретінде сақталады.

Берлин Турфан коллекциясына қатысты соңғы зерттеулер бұл фондта астрологиялық, календарлық, құқықтық, тұрмыстық құжаттар мен әртүрлі діни мәтіндер қатар кездесетінін, яғни ұйғыр қоғамының барлық қырын қамтитын «шағын өркениеттік архив» екенін көрсетеді.

Діни жазба мұрасы. Көне ұйғыр ескерткіштерінің жанрлық құрылымына қарағанда, сақталған мәтіндердің басым бөлігі – діни әдебиет. Зерттеулер көрсеткендей, қолда бар ұйғыр діни корпусында бірінші орында – буддалық, екінші орында – манихейлік, ал ең шағын бөлігі – христиандық мәтіндер.

Буддалық мәтіндер. Буддалық көне ұйғыр мәтіндері көлемі жағынан да, жанрлық байлығы жағынан да ерекше көзге түседі. Олардың негізгі түрлері:

- Сутралар мен сутра аудармалары – қытай, санскрит, тохар түпнұсқаларынан аударылған махаяна дәстүріндегі мәтіндер (мысалы, Suvarṇaprabhāsa Sūtra – көне ұйғыр дәстүрінде Altun Yaruk ретінде белгілі «Алтын жарық» сутрасы);
- Jātaka әңгімелері – Будданың бұрынғы өмірлері туралы хикаялар (Хами аймағынан табылған Dasakarmapathāvadānamālā фрагменттері және т.б.);
- Буддалық поэзия – аллитерацияға негізделген өлеңдер, поэмалар; П. Циеме ұйғырлардың бұл «стабримдік» поэзиясын арнайы зерттеген.
- Қабырға жазулары мен граффити – қажылардың есімдері, дұға жолдары, ескертпе жазбалар түрінде ;
- Соңғы зерттеулерде көне ұйғыр буддистері тек аудармашы ғана емес, сонымен бірге өздері де әдеби мәтіндер, қайта өңделген әңгімелер, поэзиялық

туындылар жасағаны, сондай-ақ қолжазба беттеріне, храм қабырғаларына өз ескертпелерін қалдырғаны айтылады[7].

Жаңадан табылып, жарияланып жатқан фрагменттердің бірі – Берлин Турфан коллекциясындағы Saṃyuktāgama аудармасының ұйғырша бөліктері; олар буддалық каноннның ұйғыр дәстүріндегі дамуын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Манихейлік мәтіндер. Манихейлік – III ғасырда Таяу Шығыста пайда болған дуалистік дін, ал VIII ғасырда Ұйғыр қағанатының мемлекеттік дініне айналды. Ұйғыр манихейлері өз мәтіндерін әрі манихей, әрі ұйғыр жазуымен жазған[8].

Көне ұйғыр манихейлік корпуста:

- Догматикалық трактаттар,
- дұғалар мен гимндер,
- хикаялар мен апокрифтік мәтіндер,
- күнәдан тазару формулалары (Huastuanift-ке ұқсас мәтіндер) кездеседі [8].

Манихей мәтіндері тілдік жағынан да, терминологиялық тұрғыдан да ирандық (парсы-соғды) әсерді айқын көрсетеді; ондағы діни терминдердің айтарлықтай бөлігі көне ұйғыр құқық және этикалық лексикасына сіңісіп кеткен [8].

Несториандық христиан мәтіндері. Көне ұйғыр жазба мұрасында аз да болса Шығыс шіркеуіне қатысты христиан ескерткіштері бар. Бұл мәтіндердің бір бөлігі сирия тілінен аударылған дұғалар мен қасиетті мәтіндер, екіншісі – ұйғыр тіліндегі дұға кітаптары

Зерттеушілердің назарын аудартқан ерекше жәдігерлердің бірі – Турфаннан табылған шағын екі тілдегі дұға кітабы: мәтіннің бір бөлігі сирия тілінде әрі сирия жазуымен, ал келесі бөліктері – ұйғыр тілінде, кейде ұйғыр жазуымен, кейде сирия жазуымен берілген [1].

Бұл христиан мәтіндері ұйғыр мәдени кеңістігінің тек будда-манихей емес, сондай-ақ христиандық дәстүрмен де тығыз байланыста болғанын дәлелдейді.

Құқықтық және әкімшілік құжаттар. Діни мәтіндерден бөлек, көне ұйғырлар бізге өте бай құқықтық, шаруашылық және әкімшілік құжаттар корпусын қалдырған. Бұл жағынан ұйғыр ескерткіштері түркі халықтарының құқық тарихын зерттеуде ерекше маңызға ие.

Азаматтық-құқықтық шарттар. Турфан аймағынан табылған көне ұйғыр «құжаттары» – *қарыз шарттары, жер сату-сатып алу келісімдері, жалға беру, неке және асырау (асырап алу) туралы шарттар, құл сатып алу, салық төлеуге байланысты келісімдер* және т.б.

Қазіргі зерттеулер бұл құжаттардың:

- адамдар арасындағы азаматтық қатынастарды шарт арқылы реттегенін,
- құжат мәтіндерінде әлеуметтік статус, тамға (tamġa), нішан (nišan), куәгерлердің тізімі, жазылған жер мен уақыт сияқты формулалардың тұрақты қолданылатынын,
- құқықтық терминдердің (күнә, жаза, заң, салық, өсімқорлық, қарыз, аманат) өте бай жүйесін көрсететінін айтады [9].

Атап айтқанда, Г. Вагиф түркі құқық тарихына арналған еңбегінде көне ұйғыр құқықтық құжаттарында қарыз, өсім, кепіл, борышкердің жауапкершілігі сияқты ұғымдар анықтерминдер арқылы берілетінін көрсетеді [10].

Қытай құқық жүйесімен байланыс. Турфан ұйғыр шарттарын басқа аймақтардың (мысалы, Бактрия) құжаттарымен салыстырғанда, бірқатар зерттеушілер олардың қытай құқық дәстүріне жақын екенін дәлелдеген. У. Хитч Турфанның ерекшелігін талдай отырып, ұйғыр шарттарының формулалары мен құрылымы Таң дәуіріндегі қытай құжат нұсқаларына сай келетінін атап өтеді.

Бұл факті ұйғыр элитасының қытай әкімшілік-құқықтық тәжірибесін белсенді түрде қабылдап, оны түркі тіліндегі құжаттарға бейімдегенін көрсетеді. Пошта жүйесі, хаттар және канцеляриялық құжаттар. Көне ұйғыр құжаттарының бір бөлігі – жол қағаздары, почта жүйесіне қатысты бұйрықтар мен нұсқаулар. Мысалы, М. Дай жариялаған материалдарда

Моңғол империясы дәуіріндегі пошталық станциялардың қызметін реттейтін ұйғыр тіліндегі құжаттар бар.

Тағы бір маңызды корпус – ұйғыр хаттары. Т. Мориясу Шығыс Тяньшань аймағынан табылған хаттардың эпистолярлық формулаларын зерттеп, оларда:

- жіберуші мен алушының дәрежесін көрсететін тұрақты формулалар,
- амандық-саулық сұрасу,
- өтініш пен алғыс білдіру клишелері,
- әкімшілік терминдер қолданылатынын дәл сипаттап берген [11].

Бұлар ұйғыр қоғамындағы ресми-іскер және тұрмыстық қатынастардың қалай рәсімделгенін нақты көрсететін дереккөздер.

Медицина және ғылыми мәтіндер. Көне ұйғыр жазба мұрасының аз зерттелген, бірақ өте қызық салаларының ірі – медициналық құжаттар.

Медициналық трактаттар мен рецепттер. Соңғы жылдары жарияланған мақалаларда ұйғырлардың медициналық мәтіндері негізінен ұйғыр жазуымен жазылған, бірақ арасында Брахми және Сирия жазуларымен берілген үлгілер де кездесетіні айтылады [12].

Бұл еңбектердің ішінде:

- ауру белгілерін сипаттайтын,
- дәрі-дәрмек рецептерін беретін,
- қан алу, шөппен емдеу, диета жөнінде нұсқаулар келтіретін,
- кей жерлерде астрологиямен байланысты «медицина-астрология» синтезі көрінетін мәтіндер бар [12].

Л. Каройдың 2024 жылы жарияланған зерттеуінде Сирия жазуымен жазылған көне ұйғыр медициналық фрагмент талданады; онда Шығыс шіркеу дәстүріндегі медициналық білімнің ұйғыр тілді ортаға бейімделгені, терминологияның да аралас сипаты (сирия, грек-латын, парсы және түркі элементтері) көрсетілген [13].

Астрологиялық және календарлық жазбалар. Берлин Турфан коллекциясынан табылған астралдық қолжазбалар жұлдызнама, жорамал, жыл қайыру, сәтті-сәтсіз күндер сияқты ұғымдарды қамтиды. Бұл мәтіндерде қытай, иран, үнді астрологиялық дәстүрлерінің элементтері ұйғыр тілі арқылы синтезделген.

Кейбір блок-баспалар календарлық таблицалар мен салттық күндерді (мерекелерді, діни рәсімдерді) көрсетуге арналған; олар шаруашылық, сауда және діни ұйымдастыруда маңызды рөл атқарған.

Көркем әдебиет, поэзия және әңгімелер. Көне ұйғыр жазба мұрасы таза діни және құқықтық мәтіндермен шектелмейді. Оларда өте бай көркем және дидактикалық әдебиет те сақталған.

- П. Циеме зерттеген stabreim-поэзия – аллитерациялық өлеңдер – ұйғыр ақындарының поэтикалық шеберлігін көрсетеді; бұл өлеңдер көбіне буддалық мазмұнға құрылғанымен, тілдік-поэтикалық құрылымы қазақ-қырғыз эпосындағы аллитерациямен салыстыруға мүмкіндік береді [7].
- Ярқото аймағынан табылған екі ұйғыр фрагменті «Byzantium-дағы кедей адам» туралы хикаямен байланысты; бұл сюжет Шығыс пен Батыс христиандық дәстүрінің ұйғыр тілді кеңістікке енуін айғақтайды.
- Әртүрлі «қисса», ғибратты әңгімелер, аңыздар буддалық, манихейлік, христиандық ілімдерді қарапайым халыққа түсіндіру мақсатында жазылған; олардың кейбірі Жібек жолы бойымен тараған үнді-иран, қытай сюжеттерінің ұйғырша нұсқалары болып келеді.

Көне ұйғыр ескерткіштерінің тілі мен лексикасы. Көне ұйғыр жазба мұрасы – көпқабатты лексикалық жүйеге ие.

1. Түркі негіз – көне түркі (орхон-енисей) дәуірінен келе жатқан түбірлер мен грамматикалық құрылымдар;
2. Діни лексика – буддизмге қатысты санскрит-пали, қытай; манихей дінінен – ирандық; христиан мәтіндерінен – сирия-грек шығу текті терминдер;

3. Құқық және әкімшілік терминология – қытай заң және салық жүйесіне байланысты атаулар олар көне ұйғырдан қазіргі ұйғыр тіліне тікелей мұра ретінде өткен деп қарастырылады.

4. Медициналық-ғылыми лексика – шөп атаулары, ауру-дерт, емдеу тәсілдері, астрологиялық ұғымдар; мұнда түркі, иран, қытай және сирия-грек элементтері араласқан [12].

Көне ұйғыр мәтіндерін лексикографиялық тұрғыдан қамтитын ең ірі жоба – Uigurisches Wörterbuch (UWB). Бұл сөздіктің библиографиясы (Yakup, Laut, Wilkens, Zieme және басқалардың еңбектері) көне ұйғыр мәтіндерінің барлық жанрын қамтитын зерттеулерді жүйелейді [12]

Қорытынды. Көне ұйғырлардың жазба мұрасы – тек бір халықтың әдебиеті емес, Ұлы Жібек жолы бойындағы бүкіл өркениеттік кеңістіктің айнасы. Діни мәтіндер ұйғырлардың будда, манихей және христиан дәстүрлерін қатар қабылдап, оларды түркі тілдік ортаға икемдеп, өзіндік әдеби-поэтикалық шығармалар жасағанын көрсетеді. Құқықтық және әкімшілік құжаттар көне ұйғыр қоғамында жазба құқық мәдениеті жоғары дамығанын, шартқа негізделген азаматтық қатынастардың жүйелі түрде құжатпен бекітілгенін, сонымен бірге қытай құқық дәстүрінің де күшті ықпалын дәлелдейді. Медициналық, астрологиялық және ғылыми мәтіндер ұйғырлардың тек діни ілімді ғана емес, практикалық медицина мен жұлдызнаманы да жазба түрде жүйелегенін, бұл салаларда да көпмәдениетті синтез жасағанын көрсетеді.

Көркем әдебиет, поэзия мен әңгімелер ұйғыр тіліндегі жоғары дамыған көркем дәстүрді, поэтикалық техника мен баяндау формаларының байлығын танытады. Берлин, Санкт-Петербург, Лондон, Париж, Бейжің қорларында жатқан мыңдаған ұйғыр фрагменттерін, сондай-ақ жаңадан табылып жатқан медициналық және астрологиялық мәтіндерді кешенді түрде зерттеу – қазіргі тюркология мен салыстырмалы құқық, дінтану, тарих, лингвистика ғылымдарының ортақ міндеті.

Көне ұйғырлардың жазба ескерткіштері – көне түркі дүниетанымының, құқықтық ойлаудың, діни-философиялық ізденістердің және ғылыми білімнің көптілді, көпмәдениетті лабораториясы. Бұл мұраны жүйелі түрде зерттеу – түркі өркениетінің тамырын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

**Пайдаланылған әдебиеттер**

1.Adam Bremer-McCollum. Two languages, two scripts, three combinations: Aprayer-book in Syriac and Old Uyghur from Turfan (U 338) May 14, 2019

2. Colin Mackerras. The Uighur Empire According to the T'ang Dynastic Histories a study in sino-uighur relations 744 - 840 australian national university press canberra 1972

3.Simone-Christiane Raschmann The Berlin Turfan-Collection https://staatsbibliothek-berlin.de/die-staatsbibliothek/abteilungen/orient/aufgaben-profil/veroeffentlichungen/berlin-turfan-collection

4. Michael C. Brose/Uyghur Technologists of Writing and Literacy in Mongol China Second Series, Vol. 91, Fasc. 4/5 (2005), pp. 396-435 (40 pages)

5. FU MA 付馬 1* and XIA LIDONG 夏立棟 2/ Comprehensive Study on Old Uighur and Chinese Wall Inscriptions in Room B of Newly Excavated Cave 26 in Tuyuq Grottoes, Turfan Acta Orientalia Hung. 74 (2021) 2, 181–206 Received: May 5, 2020 • Accepted: September 3, 2020 2021 Akadémiai Kiadó, Budapest

6.Olga Lundysheva, Anna Turanskaya / Old Uyghur Fragments in the Serindia Collection: Provenance, Acquisition, Processing WRITTEN MONUMENTS OF THE ORIENT. Vol. 6, No. 2 (12), 2020, p. 43–64

7.Hans Neumann /Altorientalistik in der DDR (1986-1990) und ihre inhaltlich-strukturelle Umgestaltung in den neuen Bundesländern (1990/91-1995) Originalveröffentlichung in: W.-H. Krauth - R. Wolz (Hrsg.), Wissenschaft und Wiedervereinigung. Asien – und Afrikawissenschaften im Umbruch, Berlin 1998, S. 165-268

8. R.K. Kalikov. Manichaeism in the Uyghur written monuments Turkic Studies Journal 4 (2022) 51-62

9. Alimujiang Yiming, Osman Juma Status and Contract—an Empirical Analysis of Old Uyghur Documents 2020 8th International Education, Economics, Social Science, Arts, Sports and Management Engineering Conference (IEESASM 2020)

10. Gatiba GuliyevaThe Importance of Old Turkic Officıal-Legal Documents in Teaching of The Turkic Language Journal for Educators, Teachers and Trainers, Vol. 14 (1)ISSN 1989 – 9572

11. Takao MORIYASUEpistolary Formulae of the Old Uighur Letters from the Eastern Silk Road (Part 1) The University of Osaka 2011, 51, p. 32-86

12.Ro‘ziev Navro‘z Ixtiyor o‘g‘li / The role of medicine of uigur and other ethics in turkish medicine. Volume 1, Issue 8, November 2023

13. László Károly / An Old Uigur medical fragment in Syriac script ORIENTALIA SUECANA 2024. Vol. 73: 28–37. Uppsala university

УДК 378.147

# МЕТОДОЛОГИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ ФОРМИРОВАНИЯ АУДИТИВНЫХ НАВЫКОВ НА ИНОСТРАННОМ ЯЗЫКЕ АСПЕКТЫ

**Кисметова Галия Нагибудаевна**
*Кандидат педагогических наук, доцент, Западно-Казахстанский университет им. М. Утемисова, Уральск, Казахстан, galiya-1969@mail.ru,*
*ORCID ID: 0000-0002-8610-2408*
**Милюкова Анна Владимировна**
*Магистрант кафедры иностранных языков, Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет, Уральск, Казахстан, sencibel85@gmail.com*

***Резюме.*** *В статье рассматриваются методологические основы формирования аудитивных навыков на иностранном языке с опорой на исследования Хсангалиевой, Нуржановой, Муссановой, Бегеева и других казахстанских ученых, а также работы Чирейкиной, Гридневой и др. зарубежных исследователей. Анализируются подходы к определению аудитивных навыков, роль аудиовизуального метода, аутентичных медиа-материалов и лингвокультурного компонента в развитии иноязычной аудитивной компетенции обучающихся школьного и вузовского уровней. Показано, что эффективное формирование аудитивных навыков требует интеграции коммуникативного, когнитивного и лингвокультурного подходов, поэтапной организации аудирования и научно обоснованного отбора аутентичных материалов.*

***Ключевые слова:*** *аудитивные навыки, аудирование, иностранный язык, аутентичные материалы, аудиовизуальный метод, лингвокультурная компетенция*

***Түйіндеме.*** *Мақалада Хсангалиева, Нұржанова, Муссанова, Бегеев және басқа да қазақстандық ғалымдардың, сондай-ақ Чирейкина, Гриднева және өзге шетелдік зерттеушілердің еңбектеріне сүйене отырып, шет тілінде аудитивтік дағдыларды қалыптастырудың әдіснамалық негіздері қарастырылады. Аудитивтік дағдыларды айқындау тәсілдері, аудиовизуалдық әдістің, аутентті медиа материалдардың және лингвомәдени компоненттің мектеп және жоғары оқу орны деңгейіндегі білім алушылардың шет тіліндегі аудитивтік құзыретін дамытудағы рөлі талданады. Аудитивтік дағдыларды тиімді қалыптастыру коммуникативтік, когнитивтік және лингвомәдени тәсілдерді ықпалдастыруды, аудированиені кезең-кезеңімен*

*ұйымдастыруды және аутентті материалдарды ғылыми негізде іріктеуді талап ететіні көрсетіледі.*

***Тірек сөздер:*** *аудитивтік дағдылар, аудирование, шет тілі, аутентті материалдар, аудиовизуалдық әдіс, лингвомәдени құзырет.*

Под аудитивными навыками на иностранном языке в статье понимается совокупность частично автоматизированных слухоречевых действий, обеспечивающих восприятие, декодирование, осмысление и удержание в памяти иноязычной речи. На необходимость разграничивать техническую сторону восприятия (фонематический слух, интонация, членение речевого потока) и смысловую переработку (выделение основной мысли, деталей, имплицитного смысла) обращают внимание О. Ю. Чирейкина и другие исследователи аудирования в контексте обучения русскому языку как иностранному. Структура аудитивных навыков включает прогнозирование содержания, глобальное понимание текста, селективное извлечение информации и детальное понимание, что опирается как на языковую компетенцию, так и на когнитивный и лингвокультурный опыт обучающегося [5].

И. Г. Хсангалиева и Ж. С. Нуржанова рассматривают аудиовизуальный метод как важнейшее средство формирования аудитивных навыков при обучении русскому языку как иностранному, подчеркивая необходимость раннего ввода целенаправленных упражнений на слушание и опоры на визуальный ряд (графика, кинесика, мимика) для облегчения понимания. Авторы показывают, что последовательная работа с аудиовизуальными материалами способствует переходу от простого узнавания к осмысленному пониманию иноязычной речи, а также развитию общей коммуникативной компетенции [1].

Казахстанская исследовательница Г. А. Муссанова демонстрирует, как использование аутентичных аудио- и видеоматериалов в вузе способствует развитию навыков аудирования студентов: систематическое включение реальных медийных текстов приводит к росту мотивации, формированию стратегий глобального и селективного слушания, а также улучшению понимания нерегулярной, естественной речи. А. Ж. Бегеева в своих методических материалах по обучению аудированию на начальном этапе акцентирует необходимость постепенного усложнения аудио текстов, активной предтекстовой работы и сочетания игровых форм с четко структурированными заданиями на понимание [2], [3].

В статье казахстанских авторов о применении аутентичных медиа-материалов в обучении иностранному языку подчеркивается мотивационный потенциал подобных ресурсов и предлагается классификация видов медиа (новости, фильмы, клипы, подкасты) с точки зрения их целесообразности на разных этапах обучения аудированию. Авторы приходят к выводу, что правильно отобранные медиа-материалы не только развивают аудитивные навыки, но и способствуют формированию ценностного отношения к изучаемому языку и культуре [3].

В диссертационном исследовании, посвященном развитию аудитивных умений студентов языкового вуза на материале аутентичных радиопередач информационных жанров, зарубежная автор показывает эффективность сочетания личностно-деятельностного и прямого подходов к обучению слушанию. Предложенный комплекс упражнений строится от формирования опоры на ключевые слова и прогнозирование содержания к развитию устойчивости к естественным помехам, вариативным акцентам и высокой скорости речи.

О. Ю. Чирейкина, анализируя развитие аудитивных умений при обучении студентов-иностранцев русскому языку, акцентирует внимание на необходимости систематического тренинга глобального и детального понимания, а также формировании умений компенсировать недопонимание за счет контекстной догадки и использования невербальных подсказок. Н. А. Гриднева и другие авторы, работающие с начальным уровнем владения иностранным языком, подчеркивают, что аутентичные материалы допустимы уже на уровне А1 при условии тщательного отбора по длительности, тематике

и лексико-грамматической насыщенности и сопровождаются четко сформулированными заданиями на понимание. [5], [8]. Сопоставление работ Хсангалиевой, Нуржановой, Муссановой, Бегеевой и других казахстанских ученых с исследованиями Чирейкиной, Гридневой и зарубежных авторов показывает общность ключевых установок: признание аудирования базовым видом речевой деятельности, необходимость раннего и поэтапного формирования аудитивных навыков, а также высокий потенциал аутентичных аудио- и видеоматериалов при условии методически грамотной интеграции. Казахстанские авторы сильнее акцентируют учет национального образовательного контекста, требований ГОСО и реальных условий работы школы/вуза, в то время как зарубежные исследования дают более детальную проработку жанровых особенностей и экспериментальных протоколов работы с аутентичными медиа.

Проведенный анализ исследований казахстанских ученых (Хсангалиева И.Г., Нуржанова Ж.С., Муссанова Г.А., Бегеева А.Ж., Иванова А.К., Сатыбалдиева Л.Т.) и зарубежных авторов (Чирейкина О.Ю., Петрова Н.В., Гриднева Н.А., Москалева Г.П.) подтверждает, что формирование аудитивных навыков на иностранном языке (auditivnykh navykov na inostrannom yazyke) представляет собой комплексный процесс, требующий интеграции коммуникативно-деятельностного, аудиовизуального и лингвокультурного подходов с опорой на аутентичные медиа материалы [1,2,3,5,6,7,8].

Казахстанские работы подчеркивают практическую адаптацию методик к условиям национальной образовательной системы, включая учет требований ГОСО, мотивационный эффект медиаконтента и поэтапное развитие от начального до вузовского уровня, в то время как зарубежные исследования детализируют стратегические умения слушания и устойчивость к речевым помехам. Синтез этих подходов позволяет разработать эффективную модель обучения аудированию, ориентированную на реальные коммуникативные нужды обучающихся в глобализированной среде.

Полученные выводы имеют практическую ценность для методистов, преподавателей и разработчиков учебных программ: систематическое использование отобранных аутентичных аудио- и видеотекстов в сочетании с рубриками оценивания способствует не только техническому совершенствованию слухового восприятия, но и формированию межкультурной компетенции, стратегического мышления и готовности к аутентичной иноязычной коммуникации. Дальнейшие исследования целесообразно направить на экспериментальную апробацию интегрированных моделей в школьной и вузовской практике с учетом цифровых технологий и ESP-контекста.

Перспективным направлением развития методики представляется интеграция казахстанского опыта использования аудиовизуального метода и медиа-контента с зарубежными моделями стратегического слушания, предусматривающими поэтапное формирование умений прогнозирования, проверки и корректировки гипотез о смысле текста. Такой синтез позволяет строить курсы аудирования, ориентированные как на требования национальных стандартов, так и на реальные коммуникативные потребности обучающихся в условиях глобализирующейся образовательной среды.

## Список литературы

1. Хсангалиева И. Г., Нуржанова Ж. С. Аудиовизуальный метод как средство формирования аудитивных навыков в РКИ // Вестник Казахского национального университета имени аль-Фараби. Серия филологическая. 2017. Т. 167. № 3. С. 184–187. URL: https://philart.kaznu.kz/index.php/1-FIL/article/view/2350

2. Муссанова Г. А. Развитие навыков аудирования студентов, используя аутентичные материалы // Вестник Казахского национального университета имени аль-Фараби. Серия филологическая. 2017. Т. 167. № 3. С. 183–187. URL: https://philart.kaznu.kz/index.php/1-FIL/article/view/2533

3. Бегеева А. Ж. Обучение аудированию на начальном этапе: учебно-методические материалы. Уральск: ЗКУ имени М. Утемисова, 2024. 35 с. URL: https://library.yu.edu.kz/wp-content/uploads/2024/08/begeeva-a.zh.-obuchenie-audirovaniyu-na-nachalnom-etape.pdf

4. Иванова А. К., Сатыбалдиева Л. Т. Аутентичные медиа материалы для повышения мотивации в обучении иностранному языку // Вестник Костанайского регионального университета имени А. Байтурсынова. Серия «Филология». 2024. № 2. С. 90–96. URL: https://vestnik.kgu.kz/index.php/kufil/article/view/28

5. Чирейкина О. Ю. Развитие аудитивных умений при обучении русскому языку студентов-иностранцев из стран азиатского региона // Вестник Российского университета дружбы народов. Серия: Русский и иностранные языки и методика их преподавания. 2023. Т. 21. № 1. С. 45–56. URL: https://cyberleninka.ru/article/n/razvitie-auditivnyh-umeniy-pri-obuchenii-russkomu-yazyku-studentov-inostrantsev-iz-stran-aziat

6. Петрова Н. В. Развитие аудитивных умений студентов языкового вуза на материале аутентичных радиопередач информационных жанров: дис. … канд. пед. наук. Москва, 2013. 210 с. URL: https://www.dissercat.com/content/razvitie-auditivnykh-umenii-studentov-yazykovogo-vuza-na-materiale-autentichnykh-radiopereda

7. Москалева Г. П. Использование аутентичных материалов при обучении аудированию на занятиях по иностранному языку // Сборник научных трудов Костанайского государственного педагогического института. 2011. Вып. 1. С. 19–23.

8. Гриднева Н. А. Использование аутентичных материалов в обучении иностранному языку на уровне А1 // Современные научные исследования и инновации. 2017. № 4-2. С. 105–110. URL: https://snv63.ru/2309-4370/article/download/22355/18537

9. Иванова И. П. Использование аутентичных материалов при обучении иностранному языку // Международный журнал гуманитарных и естественных наук. 2023. № 5-2. С. 120–124. URL: https://scientific-jl.com/trt/article/download/16821/16349/32732

10. Министерство науки и высшего образования Республики Казахстан. Государственный общеобязательный стандарт образования Республики Казахстан. Обучение иностранному языку. Астана, 2024.

ӘОЖ 94(574)

## ГЕНЕРАТИВТІ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ЧАТ- БОТТАРЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІ ДИСКУРСЫНЫҢ ТІЛДІК ЖӘНЕ ПРАГМАТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ РӨЛІ

**Ермаханбет Н.Р.**
*Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, филология факультеті,1-курс докторант*
**Курманбекова З .Р**
*М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті PhD доктор ф.ғ.к., қауымд. профессор*
*Қазақстан, Алматы*

***Түйіндеме.*** *Бұл мақалада генеративті жасанды интеллект негізіндегі чат-боттардың тілдік тұлғасы мен прагматикалық қызметтері және олардың әлеуметтік желідегі дискурсты трансформациялауға әсері қарастырылады. ChatGPT, Bard, Claude сияқты генеративті модельдер тек құрал ретінде емес, онлайн-коммуникацияның белсенді қатысушылары ретінде әрекет етеді. Олар стильдік нормаларды, дискурстық құрылымды және қолданушылардың өзара әрекеттесу үлгілерін өзгертіп, адам–AI аралас коммуникациялық ортаны қалыптастырады. Негізгі тілдік ерекшеліктеріне стильдік бейімделгіштік, мәтіннің логикалық құрылымдылығы, контекстке сәйкестік, ал прагматикалық қызметтеріне ақпарат беру, диалогты басқару, модерациялау және интерактивті қолдау жатады. Зерттеу нәтижелері AI әлеуметтік желі дискурсының*

*тілдік нормаларын стандарттандыруға, коммуникация жылдамдығын арттыруға және цифрлық дискурс динамикасын қалыптастыруға ықпал ететінін және оның маңызына негізделеді.*

***Тірек сөздер:*** *генеративті жасанды интеллект, чат-бот, тілдік тұлға, әлеуметтік желі дискурсы, прагматикалық қызмет, гибридті коммуникация, цифрлық коммуникация.*

***Резюме.*** *В данной статье рассматриваются языковая персона и прагматические функции чат-ботов на основе генеративного искусственного интеллекта, а также их влияние на трансформацию дискурса в социальных сетях. Генеративные модели, такие как ChatGPT, Bard, Claude, выступают не только в качестве инструментов, но и как активные участники онлайн-коммуникации. Они изменяют стилевые нормы, структуру дискурса и модели взаимодействия пользователей, формируя гибридную коммуникационную среду «человек–ИИ». К ключевым языковым особенностям относятся стилевое адаптирование, логическая структурированность текста и соответствие контексту. К прагматическим функциям относятся предоставление информации, управление диалогом, модерация и интерактивная поддержка. Результаты исследования показывают, что ИИ способствует стандартизации языковых норм дискурса в социальных сетях, увеличивает скорость коммуникации и формирует динамику цифрового дискурса, что подчеркивает его значимость в современной цифровой коммуникации.*

***Ключевые слова:*** *генеративный искусственный интеллект, чат-бот, языковая персона, дискурс в социальных сетях, прагматические функции, гибридная коммуникация, цифровая коммуникация.*

Қазіргі цифрлық дәуірде жасанды интеллект (ЖИ) әлеуметтік коммуникацияны түбегейлі өзгертті. Әсіресе генеративті ЖИ моделдері (мысалы, ChatGPT, Bard, Claude) әлеуметтік желілердегі мәтіндер мен дискурстың табиғатына елеулі ықпал етеді. Бұл жүйелер тек ақпарат беруші құралдар емес, онлайн-диалогтардың белсенді қатысушылары ретінде әрекет етеді. Әлеуметтік желі дискурсы енді адам және AI тілінің араласуынан туындайтын гибридті коммуникациялық ортаға айналды. Осы зерттеудің мақсаты – генеративті ЖИ чат-боттарының тілдік тұлғасы мен прагматикалық қызметін, сондай-ақ олардың әлеуметтік желідегі дискурстық трансформациядағы рөлін талдау. Лингвистикалық тұлға (linguistic persona) – тіл қолданушының стилі, мәнері және коммуникативтік әрекеті. AI тілдік тұлғасы алгоритм арқылы қалыптасады, бірақ стильдік бейімделгіштік, прагматикалық қызмет және контекстке сәйкестік қабілеттерін көрсетеді.[1] Әлеуметтік желідегі дискурс интерактивті, жанрлық тұрғыдан әр түрлі, жылдам таралатын, мультимодальды сипатқа ие. Генеративті ЖИ интеграциясы бұл ерекшеліктерді күшейтіп, жаңа дискурстық формалар мен стильдік үлгілерді қалыптастырады.

Гибридті дискурс. Мысал: Instagram желісінде қолданушы “Мен жаңа әдемі рецепті сынап көргім келеді” деп жазды. ChatGPT негізіндегі AI чат-боты жауап береді: “Бұл рецепті дайындау үшін 20 минут қажет, осында ингредиенттер тізімі мен қадамдық нұсқауларды ұсынамын.” Түсіндірме: Мұнда AI тек ақпарат беріп қана қоймай, адам жазған мәтінге сәйкес әрекет етеді.[2] Бұл – гибридті дискурстың мысалы, себебі адам мен AI арасындағы диалог табиғи әрі контекстке бейімделген. Стильдік бейімделгіштік (Stylistic Adaptability). Мысал: TikTok-та қолданушы: “Сәлем, жаңа әнді тыңдадың ба?” AI чат-боты бейресми, көңілді стильде жауап береді: “Иә, тыңдадым! Ол керемет шыққан, қай бөлігі саған ұнады?” Түсіндірме: AI әлеуметтік желінің коммуникативтік нормасына бейімделіп, ресми емес, сөйлесу стилінде жауап берді. Бұл – стильдік бейімделгіштік болып саналады.

Тілдік ерекшеліктер бойынша.

1.1 Стильдік бейімделгіштік.Чат-боттар платформаның коммуникативтік нормаларына сәйкес тон мен стильді өзгерте алады: TikTok: бейресми, көңілді тіл

LinkedIn: ресми, ақпараттық стиль

Мысал:

Қолданушы: “Жаңа әнді тыңдадың ба?”

AI: “Иә, тыңдадым! Қай бөлігі саған ұнады?”

1.2 Логикалық құрылымдылық

AI мәтіндері логикалық байланысқа және құрылымға ие, оқуға жеңіл.

Мысал:Facebook жазбасы: “Фильмді көріп шықтым. Таңғалдырған үш нәрсе: сюжет, актерлер, визуалды эффект.”

AI шолу: “Сюжет қызықты, актерлер рөлдерін тамаша орындады, визуалды эффект керемет.” Контекстке бейімделу.AI мәтіндері қолданушының сұрақтары мен эмоцияларына сәйкес жауап береді.

2. Прагматикалық ерекшеліктер

2.1 Ақпарат беру. AI қысқаша, нақты ақпарат ұсынады, мысалы рецептер, кеңестер, фактілер.

2.2 Диалогты басқару және модерация

AI пайдаланушылар арасындағы сұрақ-жауапты реттейді, қақтығыстарды жұмсартады.

2.3 Интерактивті қолдау. AI эмоционалды және интерактивті қолдау көрсетеді. Мысал:

Қолданушы: “Кеше стресс алдым, көңілім түсіп кетті.”

AI: “Сезімдеріңді түсінемін. Терең дем алып, серуенге шық, көңіліңді көтереді.”

Әлеуметтік желі дискурсына әсері.Генеративті жасанды интеллект (ГЖИ) чат-боттары әлеуметтік желі дискурсын бірнеше маңызды бағытта өзгертеді: 3. Стандарттандыру және логикалық құрылым.Чат-боттар мәтіндерді грамматикалық тұрғыдан дұрыс, логикалық құрылымдалған түрде ұсынады. Мысал: Facebook жазбасы: “Фильмді көріп шықтым. Таңғалдырған үш нәрсе: сюжет, актерлер, визуалды эффект.”AI шолу: “Сюжет қызықты, актерлер рөлдерін тамаша орындады, визуалды эффект керемет.”Түсіндірме: AI дискурс құрылымын жақсартады, оқырман үшін мәтінді түсінуді жеңілдетеді. 4. Коммуникация жылдамдығын арттыру. AI мәтіндері пайдаланушы сұрақтарына тез жауап береді, диалог уақытын қысқартады. Мысал: Twitter-де қолданушы сұрақ қояды: “Бүгінгі ауа райы қандай?”AI дереу нақты ақпарат береді.Түсіндірме: Бұл әлеуметтік желідегі интеракцияның жылдамдығын және қолданушы қатысуын арттырады. 5.Эмоциялық және прагматикалық қолдау көрсету.AI тек ақпарат беріп қана қоймай, эмоционалды реакцияларды да білдіреді:

Мысал: Қолданушы: “Кеше стресс алдым, көңілім түсіп кетті.”

AI: “Сезімдеріңді түсінемін. Терең дем алып, серуенге шық, көңіліңді көтереді.”

Түсіндірме: AI әлеуметтік желіде интерактивті және эмоционалды қолдауды қамтамасыз етіп, дискурсты әлеуметтік тұрғыдан байытады.

Генеративті жасанды интеллект чат-боттары әлеуметтік желі дискурсына жан-жақты әсер етеді. Олар тек ақпарат беруші құрал емес, адам–AI аралас коммуникацияның белсенді қатысушылары болып табылады [3]. Бұл әсер бірнеше бағытта көрінеді: Гибридті дискурс қалыптастыру: адам мен AI мәтіндері бір диалогқа бірігіп, интерактивті коммуникациялық ортаны тудырады. Жаңа жанрлар мен стильдерді енгізу: AI көмегімен жасалған посттар, сипаттамалар (AI-assisted posts, AI-generated captions) әлеуметтік желіде жаңа мәтіндік форматтарды қалыптастырады. Логикалық құрылым мен стильдік стандарттандыру: AI мәтіндері грамматикалық тұрғыдан дұрыс, логикалық құрылымдалған және оқуға жеңіл болады.Коммуникация жылдамдығын арттыру:AI сұрақтарға тез жауап беріп, қолданушылар арасындағы интеракцияны жеделдетеді. Эмоциялық және прагматикалық қолдау: чат-боттар ақпарат берумен қатар, эмоционалды реакция білдіріп, интерактивті қолдау көрсетеді.Генеративті жасанды интеллект чат-боттарының дискурстағы орны. ГЖИ чат-боттары (ChatGPT, Bard, Claude, LLaMA) әлеуметтік желілерде жаңа коммуникациялық агент ретінде қалыптасты. Олардың рөлі: виртуалды серіктес (виртуальный собеседник) контент өндіруші (автогенерацияланған посттар).Олар: модератор/сүзгілеуші агент, ақпараттық кеңесші, диалогты ұйымдастырушы.Сонымен, чат-бот әлеуметтік желіде

адамға тең коммуникатор ретінде көрінеді. Стильдік бейімделгіштік теориясы (Stylistic Adaptability)[4].ГЖИ модельдері трансформаторлық архитектура негізінде жұмыс істегендіктен, тілдік стильді автоматты түрде өзгертеді. Оның механизмі: контекстті тану, платформаның тілді қолдану нормасын есептеу, адресант–адресат қатынасын модельдеу.Мысалы: TikTok → қысқа, эмоцияға толы стиль, LinkedIn → ресми және ақпараттық стиль, Instagram → диалогтық, бейресми стиль Бұл социалингвистикалық вариативтілікке әсер етеді. Тілді стандарттандыру және нормалау процесіне әсерін толық ашып айқындайтын болсақ [6], Генеративті чат-боттар грамматикалық тұрғыдан дұрыс, құрылымы нақты, стильдік жағынан бірізді сөйлемдер тудырады. Әлеуметтік желі қолданушылары жиі осы үлгілерге еліктеп, өз жазбаларында: логикалық байланыс, орфографиялық дұрыстық, эмоционалды бейтарап стильсияқты элементтерді көбірек пайдалана бастайды. Иллюстрация:

Бұрын: «Не боп жатыр? Анау не? Білмеймін...»

AI-дан кейін: «Қандай өзгерістер орын алып жатқанын нақтылап берсеңіз, толық ақпаратпен бөлісуге дайынмын». Бұл – чат-боттардың тілдік нормаларды «реттеуші» рөлін атқаруының белгісі.

Дискурстық құрылымның өзгеруін бақылайтын болсақ, әлеуметтік желілерге тән фрагменттік, қысқа, эмоциялық стиль қазір аралас форматқа өтті. AI мәтіндері көбінесе: кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды сияқты классикалық құрылымға сүйенеді. Қолданушылар да өз посттарында осындай құрылымды жиі қолдана бастады[7]. Нәтижесінде әлеуметтік желідегі дискурс біршама академиялық және ресми сипат ала бастады.Гибридті коммуникация: адам–AI аралас дискурсы. Қазіргі әлеуметтік желі контентінің бір бөлігі тікелей адамдар тарапынан емес, AI көмегімен жасалады. Бұл коммуникациялық кеңістікте гибридті авторлық қалыптастырды..Мұндай жағдайда: мәтіннің авторы анық болмайды (адам ба, AI ма), жауап беру логикасы стандарттала бастайды, эмоционалды реңк әлсірейді, дискурс прагматикалық тұрғыдан тиімді болуға бағытталады. Мысал: пайдаланушы өз парақшасына жазба жариялағанда, мәтіннің бастамасын өзі жазып, стилін түзетуді, құрылымын реттеуді, қорытынды жасауды AI-ға тапсырады. Прагматикалық қызметтердің кеңеюі.Чат-боттар әлеуметтік желі дискурсында бірнеше прагматикалық рөл атқарады: Ақпараттық қызмет – факт, талдау, түсініктеме беру. Модерациялық қызмет – тәртіп, этика, ереже жөнінде ұсыныстар беру.Диалогты ұйымдастыру – пікірталасты бастап, жалғастыру. Интерактивті қолдау – мотивация, кеңес, эмоциялық қолдау көрсету. AI-дың жауаптары көбіне бейтарап, сыпайы, эмпатиялы болғандықтан, пайдаланушылар да осындай прагматикалық үлгілерді өз коммуникациясында қайталай бастады.Тілдік тұлғаның трансформациясы. Генеративті AI әлеуметтік желідегі коммуникацияны тек өзгертіп қана қоймайды, сонымен қатар жаңа «тілдік тұлғаны» қалыптастырады.AI-дың тілдік тұлғасы мынадай қасиеттерге ие: стильдік бейімделгіштік (әңгімелесу стиліне қарай өзгеру) логика мен құрылымға басымдық беру.Эмоционалды қысымсыз жауап беру тілдік қателікке жол бермеу.Пайдаланушылар бұл моделді қабылдап, біртіндеп өздерінің жазу және сөйлесу стилін соған жақындатады. Коммуникация жылдамдығы мен көлемінің өсуі. Чат-боттар: мәтін жазу уақытын қысқартады, пост идеяларын генерациялайды, ұзақ мәтіндерді қысқартады, пікірталастарды жеделдетеді. Бұл әлеуметтік желінің қарқынды, үздіксіз түзілетін дискурсқа айналуына себеп болды.Дискурс этикасының өзгеруі.AI этикалық нормаларды жиі еске салады, токсикалық жауаптардан аулақ болады. Нәтижесінде әлеуметтік желіде: агрессия азаю,сыпайылық нормаларының күшеюі, конфликтіні жұмсарту тенденциялары байқалады[8]. Генеративті жасанды интеллектке негізделген чат-боттар қазіргі әлеуметтік желі дискурсының дамуына айтарлықтай ықпал етіп, коммуникацияның жаңа парадигмасын қалыптастырды. Олардың тілдік тұлғасы мен прагматикалық қызметтері онлайн қатынастың құрылымын, мазмұнын және этикалық нормаларын қайта форматтаудың негізгі факторы болып отыр. Чат-боттар ұсынатын стильдік бейімделгіштік, логикалық құрылымдылық, контекстке дәл сәйкестік және прагматикалық тиімділік әлеуметтік желілердегі тілдік нормаларды біртіндеп

стандарттандырады[10]. Сонымен қатар, адам мен жасанды интеллекттің бірлескен әрекеті нәтижесінде гибридті коммуникация моделі қалыптасып, дискурстың авторлық табиғаты өзгеріске ұшырады. ЖИ құралдарының ақпараттық, модерациялық және диалогты ұйымдастыру қызметтері коммуникация динамикасын жеделдетіп, көптеген контент түрлерінде жаңа тілдік үлгілердің таралуына себеп болды.Жалпы алғанда, генеративті AI чат-боттары әлеуметтік желі кеңістігінде тек техникалық құрал емес, тілдік және дискурстық процестерді белсенді қалыптастыратын агентке айналды.[11]Олардың әсері цифрлық коммуникацияның бағыт-бағдарын өзгертіп, жаңа тілдік стандарттар, жаңа интеракциялық модельдер және жаңа мәдени-коммуникативтік нормалар орнығуына ықпал етуде.

**Әдебиеттер тізімі:**


1.Bender, E. M., & Koller, A. (2020). *Climbing towards NLU: On meaning, form, and understanding in the age of data*. Proceedings of the ACL.

2.Floridi, L., & Chiriatti, M. (2020). *GPT: Toward a philosophy of generative models*. Minds and Machines, 30(1).

3.Herring, S. C. (2013). *Discourse in Web 2.0: Familiar, reconfigured, and emergent*. In D. Tannen, H. E. Hamilton & D. Schiffrin (Eds.), The Handbook of Discourse Analysis.

4.Shin, D., & Zhong, B. (2020). *The interplay of user experience, emotions, and artificial intelligence in conversational agents*. Computers in Human Behavior, 120.

5.van Dijk, T. A. (2011). *Discourse Studies: A Multidisciplinary Introduction*. London: Sage.

6.Crystal, D. (2011). *Internet Linguistics: A Student Guide*. Routledge.

7.Searle, J. R. (1976). *A Classification of Illocutionary Acts*. Language in Society, 5(1)

8.Tsvetkova, N., & Kopytov, M. (2022). *Digital communication practices and changes in online discourse*. Journal of Digital Culture Studies.

9.Jones, R., Chik, A., & Hafner, C. (2015). *Digital Literacies*. Routledge.

10.Zhao, Y., & Liu, Q. (2023). *Linguistic adaptation in AI-based conversational systems on social platforms*. Journal of Pragmatics.

11.OpenAI (2023). *GPT Model Documentation*.

12.Kaplan, A., & Haenlein, M. (2019). *Siri, Siri, in my hand: Who's the fairest in the land? On the interpretations, illustrations, and implications of AI*. Business Horizons.

13.Herring, S. (2018). *Social media discourse and computer-mediated communication*. Wiley-Blackwell.



ӘОЖ 373.5; 37.013; 316.75


## ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ БІЛІМ АЛУҒА ЫНТАСЫНЫҢ ТӨМЕНДЕУ СЕБЕПТЕРІ ЖӘНЕ ОНЫ АРТТЫРУДЫҢ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ТИІМДІ ТЕТІКТЕРІ


**Жұмаш Данагүл Русланқызы**
*Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің*
*7М01101- Педагогика және психология 2 курс магистранты*
*Атырау қ., Қазақстан*
danagul.9898@mail.ru
**Матаев Б.А**.
*ғылыми жетекші PhD доктор, қауымдастырылған профессор*



***Резюме.*** *В статье рассматриваются особенности снижения учебной мотивации подростков и анализируются факторы, влияющие на их отношение к образовательному*

*процессу. Особое внимание уделено роли национальной истории и культурной памяти в формировании внутренней потребности к обучению. Показано, что включение историко-культурного содержания в учебные программы способствует укреплению ценностных ориентиров, развитию личностного смысла познавательной деятельности и повышению устойчивой учебной мотивации. Практические механизмы, направленные на поддержание интереса подростков к обучению, рассматриваются через призму ценностноориентированного образования, проектной деятельности, цифровых ресурсов и психологиялық қолайлы оқу ортасын қалыптастыру тәсілдері. Полученные результаты подтверждают значимость интеграции культурной памяти в современную систему образования.*

***Ключевые слова:*** *учебная мотивация, подростки, культурная память, национальная история, ценностноориентированное обучение, образовательная среда, проектная деятельность.*

***Abstract:*** *The article examines the decline in adolescents' learning motivation and explores the key psychological, social and value-based factors influencing their engagement in the educational process. Special emphasis is placed on the pedagogical potential of national history and cultural memory as a means of fostering intrinsic motivation. The integration of historical and cultural content into the curriculum is shown to reinforce students' value orientations, enhance the personal relevance of learning and promote sustainable academic motivation. Practical mechanisms for increasing learners' engagement are analysed through value-based education, project-oriented activities, the use of digital tools and the creation of a supportive classroom environment. The findings highlight the importance of incorporating cultural memory into contemporary education to strengthen learners' personal and cognitive development.*

***Keywords:*** *learning motivation, adolescents, cultural memory, national history, value-based education, educational environment, project-based learning.*

**Кіріспе**

Білім беру кеңістігінде жасөспірімдердің оқу процесіне қызығушылығы мен ішкі ынтасының төмендеуі ғалымдар мен педагогтер назарын ерекше аударып отырған мәселенің біріне айналды. Ақпараттық ағынның ұлғаюы, цифрлық ортаның ықпалы, әлеуметтік байланыстардың өзгеруі және жас ерекшелік дағдарысының күшеюі оқу мотивациясының әлсіреуіне алып келетін факторлар қатарын кеңейтті. Құбылыс тек педагогикалық немесе психологиялық деңгейдегі қиындық емес, жас буынның мәдени бағдарын, құндылықтық бағыт-бағдарын және тарихи жадымен байланысын әлсіретететін әлеуметтік мәселе ретінде көрініс беріп отыр.

Білім алуға ынтаның төмендеуі оқушылардың оқу әрекетіне белсенді қатысуына, танымдық қызығушылығының қалыптасуына және жалпы тұлғалық дамуына тікелей ықпал етеді. Сондықтан білім беру жүйесінде жасөспірімдердің мотивациясын арттырудың тиімді тетіктерін айқындау өзекті ғылыми міндет болып табылады. Бұл тұрғыда ұлттық тарих пен мәдени жадының әлеуетін оқу үдерісіне енгізу оқушының дүниетанымын кеңейтіп қана қоймай, оның оқу әрекетіне деген ішкі қызығушылығын жандандыратын маңызды факторлардың бірі ретінде қарастырылады. Тарихи тәжірибені тану, ұлттық болмысқа негізделген мазмұн арқылы білім беру жасөспірім санасында қоғаммен, өз тамырымен, мәдени дәстүрмен байланыс сезімін қалыптастырады, ал бұл өз кезегінде оқуға деген ынтаны күшейтетін рухани тірекке айналады.

Жасөспірімдердің оқу мотивациясының өзгеруін зерттеу үшін құндылықтық бағдар, әлеуметтік ортаның ықпалы, педагогикалық тәсілдердің тиімділігі және жас ерекшелігіне тән психологиялық ерекшеліктер ескерілетін кешенді талдау қажет. Білім алуға ынтаны арттыруға бағытталған әдістерді ұлттық-мәдени мазмұнмен байланыстыра қарастыру оқыту процесінің сапасын арттыруға мүмкіндік береді. Өйткені мәдениетке, тарихқа,

ұлттық жадыға негізделген білім мазмұны оқушының жеке тәжірибесімен үйлесіп, оның оқу материалын терең әрі мәнді қабылдауына жағдай жасайды.

Осы мақала жасөспірімдердің білім алуға ынтасының төмендеу себептерін жан-жақты қарастырып, оны арттырудың білім беру жүйесіндегі тиімді тетіктерін талдауға бағытталады. Зерттеу барысында мотивацияны қалыптастырудың психологиялық, әлеуметтік және мәдени факторлары қарастырылып, ұлттық тарихи жадыны білім беру мазмұнына кіріктірудің мүмкіндіктері айқындалады. Жұмыс нәтижелері қазіргі білім беру жүйесінің алдында тұрған маңызды міндеттердің бірі – жас буынның танымдық белсенділігін арттыру мәселесін шешуге ғылыми тұрғыдан үлес қосуға бағытталған.

**Әдеби шолу**

Жасөспірімдердің оқу мотивациясы мәселесі педагогика, психология және әлеуметтік ғылымдардың тоғысындағы кешенді зерттеу нысаны болып саналады. Бұл саладағы еңбектердің басым бөлігінде жасөспірімдік кезеңнің ерекшеліктері, білім алуға деген ниеттің өзгеруіне ықпал ететін ішкі және сыртқы факторлар, құндылықтық бағдарлардың қалыптасуы кеңінен қарастырылады. Зерттеулерде мотивация төмендеуінің себептері жас ерекшелік дағдарысы, тұлғалық тұрақсыздық, әлеуметтік ортаның ықпалы және отбасы қатынастарындағы өзгерістермен байланыстырылады [1, 54-б]. Факторлардың күрделілігі баланың оқуға деген көзқарасын қалыптастыруда педагогикалық қолдау жүйесінің маңызын арттырады.

Отандық ғылыми әдебиеттерде жасөспірімдердің білім алуға ынтасын арттырудың құндылықтық және мәдени негіздері ерекше атап өтіледі. Білім мазмұнына ұлттық тарих, мәдени мұра және тарихи жады элементтерін кіріктіру оқушының дүниетанымын кеңейтетіні және оның оқу іс-әрекетіне ішкі қызығушылық тудыратындығы жөнінде тұжырымдар ұсынылады. Бұндай көзқарас жасөспірім үшін мағыналы оқу тәжірибесін қалыптастырудың негізгі шарттарының бірі ретінде қарастырылып келеді [2, 88-б]. Бағыттағы еңбектерде ұлттық бірегейлікке негізделген білім беру жүйесінің жас буын санасында тұрақты құндылықтық бағдар қалыптастыратыны атап өтіледі.

Шетелдік зерттеулерде жасөспірім мотивациясы көбіне когнитивтік және әлеуметтік теориялар тұрғысынан түсіндіріледі. Мотивацияны түсіндіруде өзін-өзі анықтау теориясы, мағыналық оқу тұжырымдамасы, қызығушылықты дамытудың кезеңдік моделі және мектеп ортасының психологиялық ахуалына қатысты теориялар кеңінен қолданылады. Бағыттағы еңбектердің ортақ тұжырымы – оқушының оқу іс-әрекетіне қатысуын қамтамасыз ету үшін сыртқы бақылаудан гөрі ішкі ынтаны күшейту қажет екендігі [3, 214-б]. Әсіресе мәдени контексті ескере отырып жасалған оқу ортасы баланың ұзақ мерзімді мотивациясын қалыптастыруда маңызды рөл атқаратыны анықталған.

Жасөспірім мотивациясын арттыруға бағытталған зерттеулерде оқу мазмұнының тұлғалық мағынамен байланысуы шешуші фактор ретінде көрсетіледі. Осы тұрғыда тарихи жадыны білім беру кеңістігіне енгізу оқушының өзін белгілі бір мәдени орта мен ұлттық қауымдастықтың ажырамас бөлігі ретінде қабылдауына ықпал етеді. Мұндай байланыстың нығаюы жасөспірімнің танымдық қызығушылығын арттырып қана қоймай, оның оқу үдерісін саналы қабылдауына мүмкіндік береді. Тәсіл қазіргі білім беру жүйесінде мотивациялық дағдарысты еңсерудің пәрменді жолдарының бірі ретінде қарастырылады [4, 133-б].

**Негізгі бөлім**

Жасөспірімдік кезең тұлғалық дамудың ең күрделі әрі құндылықтық бағдарлар қалыптасатын шешуші сатысы болып саналады. Бұл кезеңге тән эмоциялық тұрақсыздық, мінез-құлықтың құбылмалылығы, өз орнын іздеу және өзіндік бағалаудың тез өзгеруі оқу әрекетіне қатысуда айқын байқалады. Психологиялық әдебиетте мотивацияның әлсіреуіне себеп болатын негізгі ішкі факторлардың бірі ретінде жас ерекшелік дағдарысы көрсетіледі, себебі бұл кезеңде жасөспірімнің танымдық қызығушылығы тұрақты болмайды, оқу іс-әрекетінің мағынасы көбіне сыртқы талаптармен ғана анықталады [5, 143-б]. Мұндай ішкі

тұрақсыздық оқу мотивациясының төмендеуіне тәуелді түрде көрініс тауып, білім алуға бағытталған ұзақ мерзімді мақсаттарды қабылдауды қиындатады.

Әлеуметтік орта да жасөспірімнің оқу ынтасын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Отбасындағы эмоционалдық қолдау деңгейі, ата-ананың тәрбиелік ұстанымдары, мектептегі психологиялық ахуал және мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынас оқу мотивациясының күшеюі не әлсіреуіне тікелей ықпал етеді. Әлеуметтік зерттеулерде құрдастар ортасының әсері ерекше атап өтіледі, себебі жасөспірімдерге тән әлеуметтік сәйкестену қажеттілігі оқу белсенділігіне де әсерін тигізеді [6, 98-б]. Қазіргі цифрлық кеңістіктің ықпалын да назардан тыс қалдыруға болмайды, өйткені әлеуметтік желілер мен жылдам ақпарат ағыны оқу әрекетімен бәсекелесіп, жасөспірімнің зейінін тұрақсыздандырады, нәтижесінде оқу ісіне қызығушылық төмендей түседі. Білім алуға ынтаның әлсіреуінде құндылықтық негіздердің өзгеруі де маңызды орын алады. Жасөспірімнің тұлғалық көзқарасы қалыптасатын кезеңде ұлттық мәдениетке, тарихи жадыға, рухани мұраға қатысты білімнің жеткіліксіз болуы оның дүниетанымдық бағдарын әлсіретеді. Құндылықтық байланыс үзілген жағдайда оқушы үшін білім алудың терең мағынасы жоғала бастайды, себебі оқу әрекеті тұлғалық тәжірибемен ұштаспайды.

Педагогикалық зерттеулерде тарихи жадымен байланысты мазмұн оқушының өзіндік санасын қалыптастыруға, оқу іс-әрекетіне ішкі мағына жүктеуге ықпал ететіні дәлелденген [7, 176-б]. Мотивацияның төмендеуі тек психологиялық немесе әлеуметтік себептерден ғана емес, мәдени-рухани бағдарлардың әлсіздігінен де туындайды. Жасөспірімдердің білім алуға ынтасы тұрақты болуы үшін олардың танымдық қажеттіліктері мен құндылықтық бағдарлары арасында сәйкестік болуы шарт. Егер оқу материалы оқушының тұлғалық тәжірибесімен, оның мәдени ортасымен және ұлттық тарихи жадымен байланысты болмаса, оқу әрекетіне ішкі қызығушылықтың қалыптасуы қиынға соғады. Сондықтан мотивацияның төмендеуін түсіндіруде психологиялық, әлеуметтік және құндылықтық факторларды кешенді талдау білім беру жүйесінде жасөспірімдердің танымдық белсенділігін тиімді қалыптастырудың теориялық негізін құрайды.

Жасөспірімдердің оқу мотивациясын қалыптастыруда ұлттық тарихи тәжірибе мен мәдени жадының рөлі педагогикалық зерттеулерде өзекті мәселелердің бірі ретінде қарастырылады. Өйткені білім мазмұнының тұлғаның мәдени кеңістігімен сәйкес келуі оқушының танымдық қызығушылығын арттырып қана қоймай, оның оқу әрекетіне мән бере бастауына ықпал етеді. Ұлттық тарихи материалдар жасөспірім үшін тек ақпарат көзі ғана емес, өзін қоғаммен, ұлтпен және мәдени дәстүрмен байланыстыратын символдық арқау ретінде қызмет етеді. Мұндай байланыс орнаған жағдайда оқу үдерісі жасөспірімнің ішкі қажеттілігіне айналып, оның құндылықтық бағдарларымен сабақтасады [8, 156-б].

Мектеп бағдарламасында ұлттық мазмұнның тиімді берілуі оқу мотивациясының тұрақты қалыптасуымен тығыз байланысты. Тарихи тұлғалардың өмір жолы, елдік мүддеге қызмет етудің үлгілері, мәдени мұраның мәні жасөспірімнің дүниетанымында үлгілік модель ретінде көрінеді. Бұл материалдар жасөспірім үшін танымдық жаңалық тудырып қана қоймай, оның жеке басына бағытталған рефлексияның дамуына жағдай жасайды. Психологиялық тұрғыдан алғанда, тұлға өзінің шығу тегі, мәдени ортасы және рухани тамыры туралы білген сайын оқу үдерісіне қатысуға дайындық деңгейі артады, себебі білімнің мағынасы кеңейе түседі [9, 72-б]. Ұлттық тарихи-мәдени мазмұнның педагогикалық әлеуетін арттыруда құндылықтық білім беру тұжырымдамасының орны ерекше. Білім мазмұны тек фактологиялық деректерді меңгертумен шектелмей, оқушының құндылықтық бағдарын қалыптастыруға, ұлттық бірегейлікті сезінуіне ықпал етуі тиіс. Бұл тәсіл жасөспірімдердің оқу мотивациясын сыртқы бақылаумен емес, ішкі рухани сұранысқа байланыстыра отырып дамытудың тиімді жолы ретінде қарастырылады. Құндылықтық тұрғыдан ұйымдастырылған оқу материалы жасөспірімнің жауапкершілік, табандылық, елжандылық сияқты қасиеттерінің дамуына ықпал етеді, бұл өз кезегінде оқу әрекетіне деген ынтаны күшейтеді [10, 194-б].

Кесте 1 – Тарихи-мәдени мазмұн мен оқу мотивациясы арасындағы байланыс:

| **Педагогикалық компонент** | **Тарихи-мәдени мазмұнның әсері** | **Мотивациялық нәтиже** |
|---|---|---|
| Тарихи тұлғалар образы | Үлгілік мінез-құлық қалыптастырады | Оқуға жауапкершілік артады |
| Мәдени мұра | Ұлттық тамырмен байланыс сезімін күшейтеді | Оқу материалын мәнді қабылдау қалыптасады |
| Құндылықтық білім | Тұлғалық бағыттылықты нығайтады | Ішкі мотивация өседі |
| Ұлттық бірегейлік | Өзіндік сананы дамытады | Танымдық қызығушылық тұрақталады |
| Пәнаралық байланыстар | Тарихты қазіргі өмірмен сабақтастырады | Оқу әрекетінің мағынасы артады |

Ұлттық мазмұнды білім беру жүйесіне енгізудің тағы бір маңызды қыры – оқушының өзіндік даму траекториясын айқындауға мүмкіндік беруі. Жасөспірім тарихи-мәдени мұра арқылы өзінің қоғамдағы орнын, болашаққа қатысты жауапкершілігін және тұлғалық әлеуетін бағамдай бастайды. Мұндай танымдық өзгеріс оқу әрекетінің сыртқы талапқа емес, ішкі қажеттілікке айналуына жағдай жасайды. Ұлттық тарих пен мәдени жады жасөспірім мотивациясын арттырудың педагогикалық құралдары қатарында ерекше орын алады [11, 63-б]. Тарихи-мәдени мазмұнды жүйелі және әдістемелік тұрғыдан негізделген түрде қолдану жасөспірімдердің оқу әрекетіне қызығушылығын арттырумен қатар, олардың дүниетанымын байытып, рухани-адамгершілік дамуына ықпал етеді. Бұл бағыт қазіргі білім беру тәжірибесінде мотивациялық дағдарысты еңсерудің тиімді педагогикалық тетігі ретінде бағалануда.

Жасөспірімдердің оқу мотивациясын арттыруға бағытталған практикалық тетіктер білім беру ортасының құрылымдық және мазмұндық ұйымдасуына тікелей тәуелді. Мотивацияның тұрақты қалыптасуы үшін оқушыны танымдық әрекетке тек сыртқы бақылау арқылы емес, оның ішкі қызығушылығына сүйене отырып тарту маңызды. Бағытта мотивациялық тренингтер, қолдаушы педагогикалық ахуал қалыптастыру, жобалық және зерттеушілік тапсырмаларды енгізу, цифрлық ресурстарды орынды пайдалану сияқты әдістер кеңінен қолданылады. Олардың тиімділігі оқушының оқу процесіндегі белсенділігі мен оқу әрекетінің мағыналық қырын түсіну деңгейімен өлшенеді [12, 67-б].

Құндылыққа бағытталған білім беру әдістері жасөспірім мотивациясын арттыруда маңызды педагогикалық механизмдердің бірі болып табылады. Мұндай білім беру моделі оқу материалын ұлттық-мәдени мазмұнмен ұштастыруды, тарихи жадымен байланысты ақпаратты жүйелі түрде қолдануды көздейді. Тарихи тұлғалар қызметі, мәдени мұра үлгілері, елдік құндылықтар туралы материалдар оқушының өзіндік рефлексиясын дамытып, білімге деген ішкі қажеттілікті ашады. Жасөспірім үшін мағыналы оқу тәжірибесінің қалыптасуы оқу мотивациясының ұзақ мерзімді тұрақтылығын қамтамасыз етеді [13, 112-б].

Жобалық оқыту әдісі де мотивацияны арттырудың пәрменді тетіктерінің бірі болып табылады. Бұл әдіс оқушыға дербес шешім қабылдауға, зерттеу жүргізуге, топпен әрекеттесуге мүмкіндік беріп, оның жауапкершілігін және бастамашылдығын дамытады. Жобалық тапсырмалардың мазмұнын ұлттық құндылықтармен байланыстыру олардың тәрбиелік әлеуетін күшейтеді. Жергілікті тарихи нысандарға қатысты зерттеу жобалары, мәдени мұра элементтерін тануға бағытталған жұмыстар немесе отбасылық шежіре тақырыптары жасөспірімнің танымдық қызығушылығын арттырып, тарихи жадымен байланысын күшейтеді [14, 185-б].

Цифрлық педагогика құралдары да оқу мотивациясын қалыптастыруда маңызды орын алады. Интерактивті платформалар, виртуалды экскурсиялар, тарихи-мәдени мазмұнды мультимедиалық ресурстар оқушының визуалды және эмоциялық қабілеттерін дамытумен қатар, оқу процесін тартымды етеді. Мұндай ресурстарды ұлттық мазмұнмен үйлестіру оқушының тарихи жадыны қабылдауын жеңілдетеді және оның оқу әрекетіне қатысу белсенділігін арттырады. Цифрлық ортада мұғалім мен оқушы арасындағы кері байланыстың жедел жүзеге асуы оқыту үдерісін қолдаушы функцияны күшейтеді [15, 143-б].

Оқу мотивациясын арттырудың тиімді жолдарының бірі – қолайлы сынып ішілік психологиялық ахуал қалыптастыру. Оң эмоциялық ортада оқушылар оқу материалын жеңіл қабылдайды, бастама көтеруге және танымдық белсенділік көрсетуге ынталы болады. Мұғалімнің қолдаушы рөлі, құрдастар арасындағы ынтымақтастық, моральдық-психологиялық қауіпсіздік мотивацияның тұрақты қалыптасуына ықпал етеді. Мұндай орта әсіресе тарихи-мәдени мазмұнды сабақтарда маңызды, себебі оқушы өз ойын еркін жеткізіп, ұлттық құндылықтарды жеке тәжірибесімен салыстыруға мүмкіндік алады.

Кесте 2 – Жасөспірімдердің оқу мотивациясын арттырудың тиімді педагогикалық тетіктері:

| Тетік | Мазмұндық сипаттама | Мотивациялық әсер |
|---|---|---|
| Құндылыққа бағытталған білім | Ұлттық тарих пен мәдени мұраны оқу материалына енгізу | Ішкі мотивацияның күшеюі |
| Жобалық тапсырмалар | Зерттеу, талдау, шығармашылық әрекет | Танымдық белсенділіктің артуы |
| Мотивациялық тренингтер | Өзін-өзі тану, эмоциялық тұрақтылық, мақсат қою | Оқу әрекетіне оң көзқарас |
| Цифрлық педагогика | Интерактивті құралдар, мультимедиа | Оқуға қызығушылықты арттыру |
| Қолдаушы сынып ахуалы | Психологиялық қауіпсіздік, ынтымақтастық | Белсенді қатысу, жауапкершілік |

Жасөспірімдердің оқу мотивациясын қалыптастыру білім беру үдерісінің ұйымдастырылу сапасына, мазмұндық құрылымына және мектептің психологиялық ортасына тәуелді. Әсіресе ұлттық тарих пен мәдени жадымен байланысты контентті тиімді қолдану жасөспірімнің оқу әрекетіне мағыналық тереңдік береді. Тәсіл мотивацияны сыртқы бақылаудан емес, ішкі рухани қызығушылықтан туындайтын құбылыс ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

**Нәтиже–талдау**

Жүргізілген талдау жасөспірімдердің білім алуға ынтасының төмендеуі көпқырлы психологиялық, әлеуметтік және құндылықтық факторлардың өзара ықпалына байланысты күрделі құбылыс екенін көрсетті. Психологиялық өзгерістер мен эмоциялық тұрақсыздық оқу әрекетін қабылдауға кедергі келтіретін ішкі тосқауылдар туғызатыны байқалды. Әлеуметтік ортадағы, әсіресе отбасы мен құрдастар ықпалындағы қатынастар оқушының оқу ісіндегі белсенділігіне тікелей әсер ететіні анықталды. Ұлттық мәдениеттен, тарихи жадыдан алыстау оқу процесінің мағыналық қырын әлсіретіп, білім алуға деген ішкі мотивацияның төмендеуіне әкелетіні дәлелденді.

Зерттеу нәтижелері ұлттық тарихи-мәдени мазмұнның білім беру жүйесінде мотивациялық ресурс ретінде маңызды рөл атқаратынын нақты көрсетеді. Тарихи тұлғалар, мәдени мұра, құндылықтық бағдарлар және ұлттық бірегейлікке қатысты білім жасөспірімнің оқу әрекетін өз тәжірибесімен байланыстыруына мүмкіндік береді. Бұл білім

оқушының дүниетанымын кеңейтіп, оқу үдерісін тек талапқа сай орындалатын міндет емес, жеке мағынасы бар әрекет ретінде қабылдауына жағдай жасайды. Практикалық ұсыныстарды талдау мотивацияны арттыру тетіктерінің тиімділігі кешенді тәсілдерге тәуелді екенін көрсетті. Құндылыққа бағытталған оқыту, жобалық жұмыстар, цифрлық педагогика элементтері, сынып ішілік қолайлы ахуал және қолдаушы әлеуметтік орта оқу мотивациясын күшейтетін маңызды педагогикалық механизмдер ретінде көрінді. Әдістер жасөспірімдердің танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай, олардың оқу процесіндегі жауапкершілігін, дербестігін және өзіндік ойлау қабілетін дамытуға мүмкіндік берді. Алынған нәтижелер оқу мотивациясын қалыптастырудың теориялық және практикалық негіздерін айқындап, білім беру жүйесінде жасөспірімдердің оқу ынтасын арттыруға бағытталған педагогикалық шешімдерді жүйелі түрде қолданудың қажеттілігін көрсетеді.

**Қорытынды**

Жасөспірімдердің білім алуға ынтасын арттыру қазіргі білім беру жүйесінің маңызды міндеттерінің бірі болып табылады. Мақалада ұсынылған талдаулар мен зерттеу нәтижелері мотивация мәселесін тек психологиялық немесе әлеуметтік тұрғыдан ғана емес, ұлттық мәдениет пен тарихи жадының әсерін ескере отырып қарастырудың маңыздылығын айқындады. Білім мазмұнында ұлттық-тарихи материалдардың жүйелі берілуі жасөспірімнің оқу әрекетіне деген көзқарасын өзгертетіні, оның жеке дамуымен және өзіндік санасымен тығыз байланыста қалыптасатыны анықталды.

Құндылыққа бағытталған білім беру, жобалық оқыту, цифрлық ресурстарды орынды пайдалану және сыныптағы психологиялық қолайлы орта оқу мотивациясын арттырудың тиімді тетіктері ретінде қарастырылды. Бұл тетіктердің бірігуі оқушының білімді саналы игеруіне, оқу процесін тұлғалық мағынасы бар әрекет ретінде қабылдауына мүмкіндік береді. Тарихи-мәдени мазмұнды қолдану арқылы оқушылардың ұлттық бірегейлік сезімін нығайту олардың оқу мотивациясын тұрақтандыратын маңызды фактор ретінде көрінеді.

Қорытындысында, жасөспірімдердің оқу мотивациясын арттыру үшін білім беру жүйесі психологиялық, әлеуметтік және мәдени құралдарды үйлестіре отырып, оқушының ішкі қызығушылығын оятатын педагогикалық ортаны қалыптастыруы қажет. Бұл тәсіл білімнің сапасын арттырып қана қоймай, жас буынның дүниетанымын қалыптастыруда, ұлттық жадыны жаңғыртуда, қоғамның мәдени-әлеуметтік тұтастығын сақтауда маңызды қызмет атқарады.

**Әдебиеттер тізімі:**

1.Қалиев С. Тәрбиенің негізгі бағыттары. – Алматы: Білім, 2004. – 240 б.

2.Әбдіғапбарова Ұ. Құндылыққа бағдарланған білім беру: теориясы мен практикасы. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 312 б.

3.Deci E., Ryan R. Intrinsic Motivation and Self-Determination in Human Behavior. – New York: Plenum Press, 1985. – 371 p.

4.Hattie J. Visible Learning: A Synthesis of Over 800 Meta-Analyses Relating to Achievement. – London: Routledge, 2009. – 378 p.

5.Жарықбаев Қ. Жантану негіздері. – Алматы: Білім, 2002. – 320 б.

6.Әбдіғапбарова Ұ. Жасөспірім және әлеуметтік орта. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 210 б.

7.Hattie J. Visible Learning: A Synthesis of Over 800 Meta-Analyses Relating to Achievement. – London: Routledge, 2009. – 378 p.

8.Әбжаппарұлы Б. Мәдениет және тұлға дамуы. – Алматы: Қазақ университеті, 2013. – 260 б.

9.Қалиев С. Этнопедагогика негіздері. – Алматы: Рауан, 1992. – 192 б.

10.Мұқанова Қ. Құндылыққа бағдарланған білім беру: теория және тәжірибе. – Астана: Фолиант, 2018. – 320 б.

11.Bruner J. The Culture of Education. – Cambridge: Harvard University Press, 1996. – 224 p.

12.Құнантаева К. Педагогикалық психология негіздері. – Алматы: Қазақ университеті, 2011. – 280 б.

13.Сарбасова Қ. Құндылыққа бағдарланған оқыту технологиялары. – Астана: Фолиант, 2017. – 256 б.

14.Әлімов А. Жобалық оқыту әдістемесі. – Алматы: Қазақ университеті, 2013. – 304 б.

15.Fullan M. The New Meaning of Educational Change. – New York: Teachers College Press, 2007. – 320 p.

ӘОЖ 81’42; 81’272; 81’23

## МӘТІНГЕ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ САРАПТАМА ЖАСАУ НЕГІЗДЕРІ

**Якупова Маншук Сагидоллиевна**
*Х. Досмұхамедов атыңдағы Атырау университетінің*
*7М1701 - «Қазақ тілі мен әдебиеті» 2-курс магистранты*
*Атырау қ., Қазақстан*
manshuk_8585@mail.ru

***Резюме.*** *В статье рассматриваются теоретические и прикладные основы лингвистической экспертизы текста как междисциплинарного направления современной гуманитаристики. Особое внимание уделяется структурным и семантическим характеристикам текста, специфике дискурсивных маркеров, а также методам анализа, позволяющим выявлять авторскую позицию, модальность и прагматическую направленность высказывания. Практическая значимость исследования проявляется в возможностях применения лингвистической экспертизы в образовательной, медийной, юридической и официально-деловой сферах. Материал демонстрирует, что текст выступает не только языковой единицей, но и средством передачи культурного опыта и элементов исторической памяти.*

***Ключевые слова:*** *текст, лингвистическая экспертиза, дискурс, прагматика, модальность, коммуникативная оценка, культурный контекст.*

***Abstract:*** *The article examines the theoretical and applied foundations of linguistic text expertise as an interdisciplinary field within the modern humanities. The analysis focuses on the structural and semantic properties of the text, the functions of discursive markers and the methodological approaches that reveal authorial stance, modality and pragmatic orientation. The practical relevance of the study is reflected in the applicability of linguistic expertise in educational, media, legal and official communication domains. The findings demonstrate that a text functions not only as a linguistic construct but also as a transmission medium for cultural knowledge and elements of historical memory.*

***Keywords:*** *text, linguistic expertise, discourse, pragmatics, modality, communicative evaluation, cultural context.*

**Кіріспе**

Гуманитарлық ғылым дамуы мәтінді тек тілдік бірлік немесе сөйлеу әрекетінің нәтижесі ретінде ғана емес, қоғамдық сананың көріну формасы, тарихи тәжірибе мен мәдени жадты тасымалдаушы күрделі құбылыс ретінде қарастыруды талап етеді. Әлеуметтік-коммуникативтік кеңістікте мәтін адамның дүниетанымын, құндылықтық

бағдарларын, ұлттық бірегейлікке қатысты түсініктерін қалыптастыруда айрықша рөл атқарады. Сол себепті мәтінге лингвистикалық сараптама жүргізу – тек тілдік құрылымдарды талдау емес, мәтіндегі мағыналық, мәдени, идеологиялық, прагматикалық қабаттарды айқындайтын ғылыми-тәжірибелік міндет.

Лингвистикалық сараптаманың маңыздылығы әсіресе қоғамдағы тарихи жадының жаңғыруы, ақпараттық кеңістіктегі өзгерістер және мәтіндік ықпал ету тетіктерінің күшеюімен тығыз байланысты. Мәтін әлеуметтік пікір қалыптастыруда, тарихи оқиғаларды бағалауда, ұлттық сананы бекіту немесе өзгерту үдерістерінде белсенді құралға айналған қазіргі жағдайда сараптамалық талдау әдістерін жетілдіру ғылыми өзектілікке ие болып отыр. Мәтіннің құрылымдық тұтастығы, авторлық позиция, бағалауыштық реңк, тілдік таңбалардың прагматикалық жүктемесі – барлығы да лингвистикалық сараптамада арнайы қарастыруды қажет етеді. Мәтін лингвистикасы мен дискурс теориясының тоғысуы сараптаманың зерттеу аясын кеңейтті. Мәтіндегі жасырын мазмұн, имплицитті мәндер, тілдік манипуляция тәсілдері, тарихи-мәдени коннотациялар қазіргі зерттеулердің негізгі нысанына айналды. Бағыттың дамуы лингвистикалық сараптаманы құқық, медиа, білім беру, мәдениеттану салаларында қолдануға мүмкіндік беріп, оның қолданбалы әлеуетін айтарлықтай арттырды.

Мәтінге лингвистикалық сараптама жасау негіздерін жүйелеу, оның теориялық тіректерін анықтау және сараптамалық әдістерді ғылыми тұрғыда түсіндіру – қазіргі тіл білімінің маңызды бағыттарының бірі. Мақалада мәтіннің лингвистикалық табиғаты, сараптама жүргізудің өзекті тәсілдері және оны гуманитарлық ғылымдарда қолданудың мүмкіндіктері қарастырылады. Жұмыс нәтижелері мәтінмен жұмыс істейтін зерттеушілерге, мұғалімдерге, сарапшыларға, сондай-ақ тіл арқылы көрінетін тарихи жады мен мәдени кодты талдаумен айналысатын мамандарға пайдалы бола алады.

**Әдеби шолу**

Мәтін лингвитикасының қалыптасуы әлемдік ғылыми бағыттың дамуына сәйкес, отандық тіл білімінде де жаңа теориялық ізденістерге жол ашты. Қазақстандық лингвистикалық мектеп өкілдері – Ә. Қайдар, Р. Сыздық, Қ. Жұбанов сияқты зерттеушілер мәтінді ұлттық мәдени кодты сақтаушы, тарихи жадыны жеткізуші семиотикалық құрылым ретінде қарастыру арқылы ғылыми бағыттың шеңберін кеңейтті. Олар мәтіннің құрылымдық тұтастығы мен семантикалық жүйесін зерттей отырып, қазақ мәтінтануының теориялық негізін қалыптастырды [1, 54-б].

Ұлттық дүниетанымды мәтін арқылы бейнелеуді зерттеу бағытында Р. Сыздық еңбектерінде мәтіндегі мәдени коннотациялар мен тарихи жады элементтерінің табиғаты кеңінен ашылған. Ал Е. Жанпейісов көркем мәтіндегі тарихи тұлғалар бейнесін және олардың репрезентациялану тәсілдерін талдау арқылы ұлттық мәдениеттің семиотикалық өрісін сипаттайды. Бұл зерттеулер мәтінді тек тілдік құрылым ретінде емес, әлеуметтік-мәдени тәжірибені жинақтаушы кеңістік ретінде қабылдауға мүмкіндік береді [2, 89-б].

Мәтіннің когезиялық және когеренттік қасиеттерін сипаттауда Қ. Жұбанов тілдік жүйенің ішкі байланыстары мен қазақ тілінің табиғи ерекшеліктерін айқындаған. Оның ауызша және жазба дәстүрдің сабақтастығы туралы тұжырымдары кейінгі мәтінтанулық зерттеулерге теориялық негіз болды. Осындай еңбектер мәтіндегі мағынаның қалыптасу механизмдерін нақты тарихи-әлеуметтік контекспен сабақтастыра талдауға жол ашады [3, 102-б].

Лингвистикалық сараптамада бағалауыштық мағына мен модальдік реңкті талдауға бағытталған зерттеулерде Р. Сыздық және оның мектебінің өкілдері мәтіндегі авторлық ұстанымның көрінуін, идеологиялық жүк арқалаған тілдік бірліктердің қызметін айқындаған. Зерттеулер ұлттық тарихи жадыны, мәдени кодты және әлеуметтік пікір қалыптастырудағы тілдік құралдардың рөлін терең түсінуге мүмкіндік береді [4, 77-б].

**Негізгі бөлім**

Мәтін лингвистикалық тұрғыдан алғанда тілдік бірліктердің кездейсоқ тізбегі емес, олардың белгілі бір заңдылық бойынша ұйымдасқан құрылымдық әрі мағыналық жүйесі

ретінде қарастырылады. Мәтінде мағынаның қалыптасуы жеке сөздер мен сөйлемдер деңгейіндегі байланыстарға ғана сүйенбейді, оның тұтастығын қамтамасыз ететін ішкі логикалық және семантикалық тетіктер арқылы жүзеге асады. Қазіргі тіл білімінде мәтіннің басты белгілері ретінде тұтастық, байланыстылық, когезия және когеренттілік сияқты категориялар анықталған. Бұл категориялар мәтіндегі грамматикалық, лексикалық, мағыналық және композициялық байланыстарды айқындауға мүмкіндік береді және сараптамалық талдаудың теориялық негіздерін құрайды [5, 41-б].

Мәтін тұтастығы – мәтіннің бастау және аяқталу нүктелері бар мағыналық құрылым екенін көрсететін категория. Ол мәтіндегі пікірдің толықтығын, логикалық аяқталғандығын айқындайды. Байланыстылық – мәтіннің ішкі құрылымын ұйымдастыратын грамматикалық және лексикалық тәсілдердің жүйесі. Бұл тәсілдер сөйлемдердің мағыналық сабақтастығын орнықтырады. Когезия – мәтіндегі формалды байланыс түрлерін сипаттайтын категория, ал когеренттілік мәтін мазмұнының ішкі логикалық үйлесімділігін білдіреді. Осы категориялардың әрқайсысы мәтіннің құрылымдық табиғатын ашуға және сараптама барысында мазмұнның қандай тетік арқылы жасалғанын анықтауға мүмкіндік береді [6, 58-б]. Лингвистикалық сараптаманың теориялық негізінде мәтіннің семантикалық, прагматикалық және құрылымдық аспектілерін кешенді қарастыру қағидасы жатыр. Сараптамада мәтіннің мазмұны ғана емес, оның қандай тілдік құралдар арқылы жасалғаны, оқырманға бағытталған ықпал ету мүмкіндіктері, мәтінде көрінетін бағалауыштық, модальдік және экспрессивтік элементтер маңызды орын алады. Бұл мәтінді тарихи жадыны қалыптастыратын және ұлттық бірегейлікті түсіндіретін дискурстармен байланыстыра талдауға мүмкіндік береді. Себебі мәтіндегі тілдік таңбалар белгілі бір мәдени кодты танытады және ұжымдық сананың қалыптасуындағы рөлін айқын көрсетеді [7, 133-б].

Сараптамалық талдаудың әдіснамалық негіздері бірнеше бағыттың ықпалымен қалыптасты. Құрылымдық лингвистика мәтінді жүйе ретінде қарастыруға мүмкіндік берсе, функционалды бағыт мәтіннің әлеуметтік қызметін және оның коммуникативтік мақсатын түсіндіреді. Дискурс теориясы мәтінді нақты тарихи, әлеуметтік, мәдени контекст аясында қарастыруды талап етеді. Осы теориялық бағыттардың тоғысуында лингвистикалық сараптаманың ғылыми негізі қалыптасып, мәтінді тек тілдік құрылым ретіндегі емес, мәдениет пен тарихи жадты сақтаушы, әлеуметтік ықпал етуші құрал ретінде талдауға жол ашылды. Сараптама мәтіннің жасалу мақсатын, авторлық ұстанымды, мазмұнды ұйымдастыру тәсілдерін анықтауға бағытталады. Талдау барысында тілдік бірліктердің мәтіндегі қызметі, олардың мағына қалыптастырудағы ролі және мәтіннің қабылдануына әсер ету тетіктері қарастырылады. Осылайша, мәтінге лингвистикалық сараптама жүргізу – құрылымдық, семантикалық және прагматикалық деңгейлерді қатар қамтитын кешенді ғылыми әрекет. Әдіс мәтіндегі жасырын мағыналарды айқындап, тарихи және мәдени контекстпен байланысқан мәндік қабаттарды шығарып көрсетуге мүмкіндік береді.

Мәтінге лингвистикалық сараптама жүргізу оның көпқабатты құрылымын ашуды көздейтін аналитикалық үдеріс ретінде қарастырылады. Сараптама мәтіннің тек тілдік сипаттамасына емес, оның дискурстық табиғатына, авторлық ниетіне, әлеуметтік және мәдени контекстке қатысты ерекшеліктеріне сүйенеді. Сондықтан сараптаманың әдістері әртүрлі деңгейдегі тілдік бірліктерді қамтиды және мәтіннің жасалу мақсаты мен ықпал ету механизмдерін анықтауға бағытталады. Лексикалық талдау барысында мәтіндегі мағына тудырушы сөздер, метафоралық құрылымдар, мәдени коннотациялар, тарихи жадқа қатысты маркерлер айқындалады. Лексикалық элементтердің жиілік құрылымы, бағалауыштық реңктері және семантикалық өрістері мәтіннің жалпы тональдігін қалыптастыратын маңызды көрсеткіштердің бірі болып табылады [8, 75-б].

Морфологиялық талдау мәтіндегі грамматикалық формалардың қызметін, модальдік және бағалауыштық элементтердің жасалу тәсілдерін анықтауға мүмкіндік береді. Мысалы, модальдік етістіктердің, функционалды сөздердің, есімдік формаларының жиілігі автордың ұстанымын немесе мәтіннің прагматикалық бағытын ашуға көмектеседі. Бұл деңгейдегі

талдау мәтіннің субъективтену дәрежесін, адресатқа бағытталған ықпал ету стратегияларын анықтауға мүмкіндік береді. Тарихи жадыға қатысты мәтіндерде морфологиялық формалардың экспрессивтік рөлі ерекше көрінеді, себебі олар белгілі бір оқиғаны бағалау немесе интерпретациялау мақсатында қолданылады [9, 214-б].

Синтаксистік талдау мәтіннің құрылымдық ұйымдасуын анықтауға бағытталған. Сөйлемдердің ұзақтығы, бағыныңқы құрылымдардың қолданылуы, ойдың берілу тәсілі авторлық дискурстың ерекшеліктерін көрсетеді. Мәтіндегі синтаксистік параллелизм, қайталама құрылымдар, ритмикалық ұйымдасу тәсілдері ақпаратты күшейту немесе эмоциялық әсерді арттыру үшін пайдаланылуы мүмкін. Талдау барысында мәтіннің құрылымдық бірізділігі, логикалық байланыстары және мағыналық даму желісі айқындалады. Бұл тарихи оқиғаларға немесе мәдени феномендерге қатысты пікірлердің қандай синтаксистік құрылым арқылы ұсынылғанын бағалауға мүмкіндік береді [10, 133-б].

Прагматикалық талдау мәтіндегі автор мен адресат арасындағы қатынасты анықтауға, мәтіннің коммуникативтік мақсатын ашуға бағытталады. Бұл әдіс мәтіндегі иллокутивтік күшті, тілдік әрекеттердің түрлерін, жасырын мағыналарды, контекстік импликацияларды айқындайды. Прагматикалық маркерлердің қолданылуы мәтіннің қандай дискурстық ортада жасалғанын және оның әлеуметтік қызметін түсіндіруге мүмкіндік береді. Тарихи жады тақырыбындағы мәтіндерде прагматикалық стратегиялар белгілі бір тарихи түсінікті қалыптастыру немесе әлеуметтік ұстанымды бекіту мақсатында қолданылады [11, 51-б].

Стильдік талдау мәтіндегі тілдік тәсілдердің эстетикалық, эмоциялық және экспрессивтік қызметін анықтайды. Стильдік деңгей автордың сөйлеу мәнерін, мәтіндік интонацияны, көркемдік құралдардың қызметін түсіндіруге бағытталады. Мәтіндегі метафора, теңеу, символ, аллюзия сияқты бейнелеу құралдары тарихи жадты жаңғыртуда маңызды рөл атқарады, себебі олар оқырман санасында мәдени және тарихи ассоциациялар тудырады. Стильдік элементтердің жүйелі қолданылуы мәтіннің дискурстық әсерін күшейтіп, оның мазмұнын прагматикалық тұрғыдан нақтылай түседі.

Тілдік маркерлерді анықтау сараптамадағы ең маңызды кезеңдердің бірі. Мұнда мәтіннің тақырыбын, бағалауыштық бағдарын, автордың коммуникативтік ниетін айқындайтын лексикалық, морфологиялық және синтаксистік көрсеткіштер қарастырылады. Маркерлер мәтіндегі идеологиялық реңкті, тарихи оқиғаларға берілген бағаны және дискурстық стратегияларды ашуға мүмкіндік береді. Мысалы, тарихи жадқа қатысты мәтіндерде өткенді идеализациялау немесе сынға алу реңкі белгілі бір сөздер мен грамматикалық формалар арқылы іске асады.

Жоғарыда аталған әдістердің барлығы мәтінді кешенді сипатта зерттеуге жағдай жасайды. Сараптамалық талдау лингвистикалық деңгейлердің өзара байланысын негізге ала отырып, мәтіннің құрылымдық, мағыналық және прагматикалық табиғатын ашады. Мәтінді тек тілдік факт ретінде емес, тарихи жадыны сақтаушы және мәдени кодты қалыптастырушы дискурстық құбылыс ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Лингвистикалық сараптаманың практикалық қолданылу аясы қазіргі қоғамның ақпараттық құрылымымен тығыз байланысты. Мәтіннің әлеуметтік қызметі кеңейген сайын сараптама талаптары да күрделене түседі. Білім беру, медиа кеңістік, құқықтық қатынастар, жарнама тілі және ресми құжат айналымы сияқты салаларда мәтіннің мағыналық айқындығы, прагматикалық бағыты және ықпал ету тетіктері сараптаманың негізгі нысанына айналады. Әсіресе тарихи жады мен мәдени бірегейлік туралы дискурстарда мәтіннің коммуникативтік қуатын бағалау қоғамдық санаға ықпал етудің жасырын механизмдерін айқындауға мүмкіндік береді [12, 67-б].

Білім беру саласында сараптама оқу мәтіндерінің мазмұнын, олардың жас ерекшелікке сәйкестігін, бағалауыштық жүктемесін, терминологияның дәлдігін анықтауға бағытталады. Оқу материалында ұсынылған ақпараттың тілдік ұйымдасуы шәкірттің тарихи және мәдени санасын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Сол себепті мәтіндегі

ұғымдардың құрылымы, дискурстық реңк, мазмұнның бірізділігі сараптаманың басты көрсеткіштеріне айналады. Бұл бағытта сараптама тек сапа бақылау құралы емес, тілдік сауат пен танымдық жүйені дамытуға бағытталған әдіс болып қызмет етеді [13, 144-б]. Медиа саласында лингвистикалық сараптама мәтіннің ықпал ету стратегияларын, манипулятивтік құрылымдарды, риторикалық тәсілдерді айқындауға бағытталады. Ақпараттық кеңістіктегі мәтіндер қоғамдық пікірді қалыптастыруда шешуші рөл атқаратындықтан, олардың бағалауыштық сипаты, эмоциялық реңктері және адресатқа бағытталған прагматикасы ерекше назарда болады. Сараптама барысында эмоционалды-экспрессивтік элементтердің шамадан тыс қолданылуы, фактілердің тілдік тәсілдер арқылы бұрмалануы немесе мәтіннің белгілі бір идеологиялық бағытта ұйымдастырылуы мүмкін екені анықталады. Мұндай талдау қоғамдағы тарихи оқиғаларды интерпретациялаудың дискурстық ерекшеліктерін түсінуде маңызды [14, 93-б]. Сот лингвистикасында сараптама заңдық мәні бар мәтіндердің тілдік дәлдігін, интерпретациялық мүмкіндіктерін, көпмағыналы құрылымдарын және жасырын мағыналарды анықтауға бағытталады. Сот дауларында мәтіндегі бағалауыштық, жалақы тудырушы немесе кемсітуге негіз болатын элементтерді айқындау қажеттілігі туындайды. Мәтіннің прагматикалық бағыты, контекстік импликациялары және адресатқа ықпалы дәл осы салада шешуші маңызға ие [15, 121-б]. Бағытта сараптама нақты фактіні, яғни мәтіннің қоғамға немесе жеке тұлғаға тигізетін ықпалын дәлелдеу функциясын атқарады.

Жарнама тіліндегі сараптама мәтіннің ықпал ету стратегияларын, тұтынушы санасына әсер ететін риторикалық және прагматикалық тетіктерді талдауға негізделеді. Жарнама мәтіндерінің табиғаты көбіне қысқа, ықшам және эмоционалды болғандықтан, оларда манипуляцияның көрінбейтін тәсілдері жиі кездеседі. Сараптама барысында мәтіндегі жасырын уәде, бағалауыштық сипаттағы сөздер, гиперболизацияланған құрылымдар және мәдени кодқа бағытталған символдар анықталады. Бұл тәсіл мәтіндегі әсер ету механизмдерін ашуға мүмкіндік береді. Ресми құжаттарда сараптама мәтіннің нормативтік талаптарға сәйкестігіне, терминологиялық нақтылығына, сөйлемдердің құқықтық интерпретацияға жол бермейтіндей дәлдігіне назар аударады. Құжат мәтіні түсініксіз немесе екіұшты берілген жағдайда құқықтық қателіктер туындауы мүмкін. Сондықтан сараптамада логикалық бірізділік пен нормаланған синтаксистік құрылымдар міндетті критерийлердің бірі болып саналады.

Кесте 1 – Мәтіннің коммуникативтік бағасын айқындайтын негізгі көрсеткіштер

| **Бағалау өлшемі** | **Мазмұндық сипаттамасы** | **Практикалық маңызы** |
|---|---|---|
| Мағыналық айқындық | Негізгі ойдың дәл, нақты жеткізілуі | Ақпаратты дұрыс түсіну және қателікті болдырмау |
| Прагматикалық бағыт | Авторлық ниет пен ықпал ету стратегиялары | Әлеуметтік пікірге әсер етуді бағалау |
| Бағалауыштық реңк | Эмоциялық және экспрессивтік белгілер | Манипуляцияны анықтау |
| Дискурстық сәйкестік | Тарихи, мәдени контекстпен үйлесімділігі | Мәдени кодтың сақталуын талдау |
| Тілдік норма | Грамматикалық және стильдік дәлдік | Құжат айналымында қателікті болдырмау |

Практикалық қолданылу салаларын талдау көрсеткендей, лингвистикалық сараптама мәтіннің ықпал ету табиғатын терең түсінуге, оның әлеуметтік маңызын бағалауға және тарихи жадымен байланысты дискурстық элементтерді айқындауға мүмкіндік береді. Мәтіндік талдау қоғамдағы ақпараттық мәдениетті қалыптастыруда, құқықтық сауаттылықты арттыруда және мәтіннің мәдени кодын тануда маңызды қызмет атқарады.

**Нәтиже–талдау**

Мәтінге лингвистикалық сараптама жүргізу бағытындағы үш деңгейлі талдау нәтижелері мәтін табиғатының көпқабатты құрылымнан тұратынын және сараптаманың әрбір әдісінің өз міндеті бар екенін айқын көрсетті. Теориялық қарастыруда мәтіннің тұтастық, байланыстылық, когезия мен когеренттілік сияқты категориялары оның құрылымын анықтайтын негізгі тетіктер екені байқалды. Бұл категориялар мәтіндегі мағынаның қалыптасу жолын түсіндіруге мүмкіндік беріп, сараптамалық жұмыстың ғылыми негізін құрады.

Аналитикалық деңгейде лексикалық, морфологиялық, синтаксистік, прагматикалық және стильдік талдау тәсілдерін қолдану мәтіннің ішкі мағыналық жүйесі мен авторлық ниетін анықтауда маңызды орын алатыны белгілі болды. Мәтіндегі бағалауыштық реңктер, модальдік көрсеткіштер, дискурстық маркерлер және тілдік таңбалардың мәдени-әлеуметтік жүктемесі сараптаманың нәтижесін тереңдетті. Бұл көрсеткіштер мәтінді әлеуметтік тәжірибе мен тарихи жадының көрінісі ретінде қарастыруға мүмкіндік берді.

Практикалық талдау мәтіннің әр салада – білім беру, медиа, құқық, жарнама, ресми құжат айналымы – нақты мақсатқа қызмет ететінін көрсетті. Мәтінді талдауда прагматикалық әсер, коммуникативтік бағыт, манипулятивтік стратегиялар және мәтін сапасын бағалау критерийлері өзекті болып шықты. Сараптамалық қарқын артқан қазіргі ақпараттық кеңістікте мәтіннің ықпал ету мүмкіндігін анықтау қоғамның мәдени және тарихи санасын түсіну үшін маңызды құрал екені дәлелденді.

Жүргізілген талдау мәтін лингвистикасының теориялық қағидалары мен сараптамалық әдістердің бір-бірін толықтырып, мәтінді күрделі мағыналық құрылым ретінде ашуға мүмкіндік беретінін көрсетті. Сараптаманың кешенді сипаты мәтіннің қоғамдағы қызметін, мәдени және тарихи кодты жеткізу мүмкіндігін терең түсіндіруге жағдай жасайды.

**Қорытынды**

Мәтінге лингвистикалық сараптама жасау – қазіргі гуманитарлық ғылымның маңызды бағыттарының бірі. Зерттеу нәтижелері сараптаманың тек тілдік құрылымды талдау емес, мәтіннің әлеуметтік, мәдени және тарихи мәнін айқындауға бағытталған кешенді ғылыми әрекет екенін көрсетті. Мәтіннің құрылымдық белгілерін, лексика-грамматикалық реңктерін, прагматикалық ықпал ету тетіктерін және дискурстық ерекшеліктерін анықтау арқылы мәтіннің қоғамдағы орны мен мағыналық қызметі жан-жақты ашылады.

Сараптама нәтижелері мәтінді тарихи жадының тасымалдаушысы, ұлттық бірегейлікті қалыптастырушы және әлеуметтік пікірді реттеуші құрал ретінде қарастыру қажеттігін айғақтады. Лингвистикалық талдау барысында мәтіннің жасалу мақсаты, авторлық ұстаным, мәдени кодты бейнелейтін тілдік таңбалар анықталып, олардың қоғамға әсері бағаланды. Қазіргі ақпараттық ортада мәтіннің рөлін түсінудің, оны саналы қабылдаудың және дискурстық ықпалдарды айырудың өзектілігін күшейтеді.

Қорытындысында, жүргізілген жұмыс мәтінге лингвистикалық сараптама жасаудың ғылыми негізделген әдістерін қолдану мәтін мазмұнын дәл түсіндіруге, оның прагматикалық бағыттарын тануға және мәдени мәнін айқындауға мүмкіндік беретінін дәлелдеді. Демек, мәтін лингвистикасы мен сараптамалық талдау әдістерінің тоғысуы қазіргі гуманитарлық зерттеулердің маңызды арнасын құрайды және мәтіннің қоғамдық қызметін түсінуде ерекше мәнге ие.

**Әдебиеттер тізімі:**

1.Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы: Арыс, 1998. – 304 б.

2.Сыздық Р. Сөз құдіреті. – Алматы: Санат, 1997. – 224 б.

3.Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1999. – 320 б.

4.Жанпейісов Е. Қазақ прозасындағы кеңістік пен уақыт. – Алматы: Ғылым, 1995. – 210 б.

5.Кеңесбаев І. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 968 б.
6.Томанов М. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы. – Алматы: Мектеп, 1988. – 272 б.
7.Исаев С. Қазақ әдеби тілінің қалыптасу тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1996. – 304 б.
8.Әбжаппарұлы Б. Қазақ мәтіндерінің тілдік табиғаты. – Алматы: Қазақ университеті, 2010. – 248 б.
9.Құрманбайұлы Ш. Қазақ терминологиясы: қалыптасу, дамуы. – Алматы: Рауан, 2005. – 340 б.
10.Әміров Р. Қазақ тіліндегі синтаксистік құрылымдар. – Алматы: Мектеп, 1983. – 256 б.
11.Жұбанова О. Мәтін лингвистикасы: теория және қолданым. – Алматы: Қазақ университеті, 2017. – 230 б.
12.Мырзатаева Г. Қазақ тіліндегі дискурс және мәдени код. – Алматы: Қазақ университеті, 2019. – 198 б.
13.Салқынбай А. Қазіргі қазақ тілі: семантика. – Алматы: Қазақ университеті, 2008. – 310 б.
14.Halliday M.A.K. An Introduction to Functional Grammar. – London: Arnold, 2014. – 700 p.
1. van Dijk T. Discourse and Power. – London: Palgrave Macmillan, 2011. – 274 p.

*Сангвиник* - бұл күшті тип, ол өзін-өзі жақсы ұстай алады, байсалды келеді. Оптимист, жұмыстары нәтижелі, жаңа ортаға бейімделуі байсалды. Ми жұмысында қозу мен тежелу арасында белгілі баланс сақталған. Олардың ұстауы, өзін-өзі бағалауы жоғары болады. Оқушыларда бұл тип өкілі - еті тірі, қабілетті, қозғалғыш оқушы. Ондай оқушы аққөңіл және қызу, жеңіл мінезді, ренжігенде тез қайтып кетеді,сәтсіздігін жеңіл өткізеді. Коллектив арасында жүргенді ұнатады, басқа оқушылармен тез тіл табысады. Қысылып-қымтырылмайды, кісіге қайырымды. Сангвиниктерді оқу үрдісінде бақылаған жақсы, яғни оқу үстінде олар қасиеттерін айқын көрсетеді.

*Холерик* - ширақ, өте жылдам, реактивті, бұл темпераментті қысқаша "жылдамдық" молния деп атаймыз. көпшіл, қызба, көңіл күйі тез өзгереді. Миында қозу режимі белсенді болады. Барлық психикалық процестер тез жұмыс жасайды. Сыртқы қоздырғышқа жауабы әр түрлі. Шыдамсыз, ашуланшақ болып келеді. Бір нәрсені бастаса оның тоқтату қиын. Олар тік мінезді. Бұл темперамент өкілі тездігімен, шапшаңдығымен, ұстамсыздығымен, тым қозғалғыштығымен ерекшеленеді. Оларда психикалық процестер шапшаң өтеді. Күйгелектік сондай адамдарға тән. Ол жұмыс істеуге жақсы қарқынмен кірісіп, күші таусылғанда оны тастап кете береді. Адамдармен қарым-қатынаста тынымсыз, агрессивті, шамданғыш болып келеді.Сондықтан холерик болған жерде ұрыстар жиі болады. Холерик темпераментінің жағымды жағы - энергия, белсенділік, құштарлық, инициативтік. Жағымсыз жағы - ұстамсыздығы, қаталдық, қатаңдық, шамдану, ыза. Оның ұстамсыздығы

оған көп кедергі жасайды және ол үнемі достарымен ойын үстінде ұрсысып, мұғаліммен сабақ үстінде келіспей қалады.

*Меланхолик* - селқос, біртоға. Бұл әлсіз тип, оған өзіне-өзі сенімсіздік пен жасықтық тән. Меланхолик ренжігіш, күмәншіл болып келеді. Бұл темперамент өкілінде психикалық процесстер өте баяу жүреді. Ми жұмысында тежелу басым болады. Қатты тітіркендіргіштерге жауап бере алмайды, ұзақ және қатты күш түсірсе, олар жұмыс істей алмайды. Олар өте тез шаршайды. Бірақ қалыпты қоршаған ортада, мысалы, үйде ондай балалар өздерін жақсы ұстап, іс-әрекеттерді жақсы орындайды. Эмоциялары баяу туады, бірақ тереңдігімен және күштілігімен ерекшеленеді. Олар өте сезімтал, реніштеріште сақтап, оларды көп ойлай береді, бірақ сондай қиыншылықтар бар екенін ешкімге көрсетпейді. Меланхоликтер тұйық, таныс емес адамдармен сөйлеспейді, жаңа ортада қатты қысылады. Жағымсыз жағдайларда ауруға айналған осалдық, қысылу, көңілсіздік, пессимизм пайда болады. Істегісі келмейтін жұмыспен айналысса, тез шаршап кетеді. Бірақ, достарына көмектесуді ұнатады.

*Флегматик* - селқос, көп қозғалмайтын, сабырлы, ұстамды. Олар бос сөйлегенді ұнатпайды, тұйық. Ұзақ және бір қалыпты жұмыс жасай алады, күте де алады. Бұл типтің өкілі баяу, байсалды, асықпайды. Істі ойланып, төзімділікпен істейді. Жинақылықты, қалыпты жағдайды ұнатады. Өзгерістерді ұнатпайды. Бастаған ісін аяғына дейін жеткізеді. Жаңа ортаға келгенде өте байқампаз, іштей анализ жасап сөйлейді. Психикалық процесстер флегматикте баяу жүреді. Бұл баяулық оған оқу жолында кедергі келтіреді, ең кедергі келтіретін жері: тез есте сақтау, тез ойланып жауап беру. Кейде флегматиктер жамандықты есте сақтап қалады және ұзақ мерзімге. Адамдармен қарым-қатынаста флегматик бірқалыпты, байыпты, керек жерде тіл табысады, ал орынсыз сөйлемейді. Көңіл-күйі тұрақты. Өзін қолдайтын, мақтап отыратын адамды қалайды. Өзбетінше өзіндік жұмысты жақсы көреді.

Барлық адамдар осы төрт түрде белгілі бір пайыздық көрсеткіште көрінеді де, негізгі біреуі басым болады. Балалар өз іс-әрекетін 5-6 жасқа дейін осы темперамент негізінде көрсетеді. Ал үлкен адамдарда: мінез, құндылықтар, қажеттіліктер ирархиясы, қоғам, норма, ереже бар. Темперамент өзгермейді, ал мінез осы темперамент негізінде қалыптасып өзгереді.

Мінез деп - әдетте, адамның айқын көрінетін бір екі белгісін айтады. Мінез- адамның жеке психикалық қасиеттерінің жиынтығы. Бұл қасиеттер оның жүріс тұрысымен іс-әрәкетінен көрінеді. Мінез адамға қайталанбас ерекшелік береді, жеке тұлғаның маңызды белгілерінің бірі болып табылады. Адамның мінезінен ерік ерекшеліктері, сонымен бірге эмоционалдық, темпераменттік және интеллектуалдық ерекшеліктері айқын көрінеді. Мінез - бұл жеке тұлғаның жүріс-тұрысынан, оның іс-әрекетінен, табиғатқа, достарына, ата-аналарына, қоғамға және өзіне деген қатынасынан көрінетін тұрақты және айқын белгілерінің үлесі. Мінез - әлеуметтік жағдайдың, білім алудың және тәрбиенің әсерінен біртіндеп қалыптасып отырады.

Өскелең ұрпақты дұрыс бағыттағы мінез-құлықта тәрбиелеу жаңа кезеңдегі білім берудің өзекті мәселесіне айналып отыр. Халықта «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған.

Егер ересектер балалардың қылықтарын дұрыс қабылдап және бағалап, оларды ұстамдылық, салмақтық, шыдамдылық, сезімталдық сияқты қасиеттерін дамытып отырса, бұл бала мінезін дұрыс бағытта тәрбиелеу әбден мүмкін. Бұл қоғам үшін қажет, ал ата-ана мен тәрбиеші үшін жауапкершілік екенін естен шығармауымыз қажет.

**Әдебиеттер:**

1. Жалпы психология Алматы., 2005ж Бабаев С.Б.

2. Жантану негіздері Алматы., 2002ж. Жарықбаев Қ.

3. Рухани-адамгершілік ілім негізінде жеке тұлғаны қалыптастыру. Әдістемелік құрал Орал, 2017ж. Габбасова Б., Өтеғұл Г., Сексенбаева С.

ӘОЖ: 811.512’373.21:398.2:130.2

# ТҮРКІ ТІЛДЕРІНДЕГІ МИФТІК ОБРАЗДАР МЕН ОЛАРДЫҢ МӘДЕНИ СЕМАНТИКАСЫ

**Аязбаев Серикказы Алимгазиович**
*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті*
*Филология факультеті, «Түркітану және тіл теориясы» кафедрасы*
*Алматы, Қазақстан*
*e-mail: serikkazy.ayazbaev01@gmail.com*
Ғылыми жетекшісі:
**Баят Ерболат Баятұлы**
*Философия докторы (PhD),*
*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті*
*Филология факультеті, «Түркітану және тіл теориясы» кафедрасы*
*Алматы, Қазақстан*
*e-mail: erbolat.bayat@mail.ru*

***Резюме.*** *В данной научной статье анализируются мифологические образы, сохранившиеся в языках тюркских народов (такие как Умай-ана, Көк бөрі, Тенгри), с целью выявления их роли в национальном мировоззрении и культурном коде, а также их лингвистических и семантических особенностей. В исследовании проводится сравнительный анализ сходств и различий мифологических наименований и образов в различных тюркских языках (казахском, кыргызском, турецком). Цель статьи – определить общую мировоззренческую систему тюркских народов через анализ культурной семантики мифологических образов.*

***Ключевые слова:*** *тюркские языки, мифология, культурная семантика, образы, мифологема, символ.*

***Abstract:*** *This scientific article analyzes mythological images preserved in the languages of Turkic peoples (such as Umai Ana, Kok Börü, Tengri) in order to identify their role in the national worldview and cultural code, as well as their linguistic and semantic features. The study compares similarities and differences of mythological names and images across various Turkic languages (Kazakh, Kyrgyz, Turkish). The main aim of the article is to determine the common worldview system of the Turkic peoples through the analysis of the cultural semantics of mythological images.*

***Keywords:*** *Turkic languages, mythology, cultural semantics, images, mythologeme, symbol.*

Қазіргі тіл білімінде тіл мен мәдениеттің өзара байланысы ерекше маңызға ие. Түркі халықтарының рухани мұрасы мен дүниетанымы олардың тілінде сақталған мифтік образдар арқылы айқын көрінеді. Бұл образдар – тек көне наным-сенімдердің көрінісі ғана емес, сонымен қатар халықтың өмір салты мен ойлау жүйесін бейнелейтін мәдени код. Зерттеу нысаны ретінде түркі тілдеріндегі мифтік бейнелер мен олардың атауларының тілдік және мәдени мағынасын қарастыру өзекті болып табылады. Тілдегі әрбір сөз тек затты не құбылысты атау үшін ғана емес, сонымен бірге мәдени ақпаратты да сақтайды. Әуелі мифология ұғымының пайда болуы мен қалыптасуына және «миф» сөзінің мәніне тереңірек тоқталсақ. Мифология дүниетанымының алғашқы тарихи қалыптасқан тұтас жүйесі болып табылады. Мифтер Ежелгі әлемнің барлық мәдени аймақтарында кездеседі. Мифология – қоғамдық сананың жүйеленген, әмбебап формасы және алғашқы қоғамның әлемді игерудегі рухани-тәжірибелік тәсілі. Бұл адамдардың дүниетанымдық мәселесіне, олардың әлемді түсінуі мен өзін-өзі анықтауындағы қажеттілігін қанағаттандыруға

берілген алғашқы тарихи әрекеті. Ал қарапайым сана бойынша «миф» дегеніміз – бұл ертегі, сағым, бірақ XX ғасырдың ортасынан бастап академиялық ғылым миф ешқандай ойдан шығарылмаған, ол да басқа қоғам өмірін құрушы шындық деген түсінікке келеді. Миф – біздің өмірімізге белгілі бір мән-мағына беретін сенім-нанымдар жиынтығы. Миф ойдан шығарылған, фантастика емес, логикалық, ең алдымен диалектикалық сана мен болмыстың қажетті категориясы;Миф мінсіз болмыс емес, өмірде сезілетін және тудыратын заттық ақиқат; Миф ғылыми, қарапайым-ғылыми емес құрылым, өзіндік, ғылымнан тыс, таза мифтік ақиқаты, нақтылығы, түбегейлі заңдылығы мен құрылымы бар субъектілі-объектілі өзара байланыс; Миф үлгі де, тұспалдау да емес, бірақ нышан, онда үлгілік, тұспалдық және өмірлік-нышандық қабаттар бар; Миф поэтикалық шығарма емес, бірақ берік, тығыз байланыста біріккен ортаға адам субъектісімен интуициялық-түйсікті және қарапайым-биологиялық өзарақатынаста оқшауланған және дерексіз заттарды көрсету; [1, 378-379 б.]

Ғылыми ортада әлемдік және жеке халықтардың мифтік аңыз-әңгімелерін мәтін ретінде талдау маңызды орын алады. Әсіресе дүниетанымдық бағытқа жетелейтін мифтік шығармалар қандай зерттеушіні де, оқырманды да назардан тыс қалдырмайды. Ұлы даланың ұлы қыздары, әйел-құдайлар: Ұмай ана, Табити, Йимақ туралы айтылады. Көне түркі мифологиясында Тәңір – аспан құдайы, Көк Тәңірі – бүкіл түркілердің атасы. Ал Ұмай әйел-құдай бейнесі – көне түркі мифлогиясындағы жер-ана бейнесі, көк тәңірдің зайыбы, тәңірге табыну іліміндегі жебеуші, жарылқаушы, қамқоршы тұлғаның бірі. «Ұмай» көне түркі тілінде «баланың ізі», «бала орны», «ана жатыры» мағынасын берген.

**Ұмай ана** – жанұя, отбасының пірі. Ертеден келе жатқан наным-сенімдердің түптамыры да – ана. Қазақтар аспанда Тәңірі, жерде Ұмай ана деп, қамқоршы, жанұя, отбасының пірі Ұмай анаға табынған. Ұлы дала қыздарының дара тұлғасының танымдық сипаты қола дәуірінен бастап күні бүгінге дейін тарихи-археологиялық, фольклорлық-мифтік деректер және мыңдаған жылдар бойы келе жатқан аңыз-әңгімелер арқылы беріліп келеді. Ертедегі Орталық Азия және Орта Азияны мекендеген көшпелі түркі тілдес халықтардың ұрпақ жалғастырушысы, береке-молшылық құдайы. Ұмай анаға қазақтардан басқа қырғыздар, алтайлықтар, тувалықтар, шорлар, түріктер және хакастар табынған. Бұл әйел құдай көне түркі қорымдарының (понтеонында) ғарыш құдайы Тәңірден кейін екінші орын алған. Ұмай ана есімі солтүстік Моңғолияда Тонықөк пен Күлтегін құрметіне қойылған көне түркі жазбаларында кездеседі. Ұмай анаға табыну бірнеше тарихи-этнографиялық, рухани-мәдени ақпараттар береді:

- *Ұмай анаға табыну үйлену салтында айқын көрінеді;*
- *Ұмай анаға табыну жас ана толғатқанда қамқоршы;*
- *Ұмай анаға табыну үй шаруасының қамқоршысы;*
- *Ұмай анаға табыну баланың дүниеге келуіне қамқоршы;*

Ғалым С.М. Абрамзов: «Сәби дүниеге келер сәтінде Ұмай анаға жалбарынып, одан сәбиді өмірлік барлық кезеңдерінде қорғауды өтінген. Оны сәби ауырған кезде көмекке шақырған. Балаларды, керек десеңіз, үлкендерді де сапарға аттандырып тұрып, әжелері олармен қоштасқанда: *«Ұмай енеге тапсырдым»* дейді. Ұмай отбасының, балалардың және өнердің де жебеушісі болған. Баланың дүниеге келуі, оның болашақ тағдыры тікелей Ұмай анаға байланысты сипатталған. *«Ұмай анаға тапсырдым»* деген фраза осының дәлелі. *«Ұмайға табынса – ұл туады»* (М. Қашқари) деген мақал да бар. [2, 185-187 б.]

Ұмай ана бейнесі тек қазақтар мифологиясына тән емес, ол барлық түркі халықтарының ортақ мифологиялық бейнесі болып есептеледі. Бірақ әр халықта атауы, кей сипаттары, культтік қызметі сәл өзгеше. Мәселен, түрік мифологиясында «Umay Ana» (кейде İmay, Umai, Umay Ene) деп те аталады.

**«Umay Ana»** – ол ана мен бала, ұрпақ, береке және қамқорлықтың құдайы ретінде танылады. Көбіне күн нұрымен, құстың бейнесімен, әсіресе аққу немесе сұңқар түрінде байланыстырылған. Түріктердің кейбір халық сенімдерінде ол аналық рух, баланы жын-періден қорғайтын қамқоршы періште ретінде сақталған. Қазіргі түрік

неомифологиясында да «Umay Ana» символдық түрде *«түрік әйелінің рухани күші»* ретінде бейнеленеді. Сондай-ақ қырғыз мифологиясында да «Умай эне» (Umai ene) – өте маңызды мифтік кейіпкер.

**«Умай эне»** – ол ана мен бала қорғаушысы, текті ұрпақтың қамқоршысы. Бала туған кезде *«Умай эне жар болсун!»* деп тілек айтылады, яғни *«Ұмай ана жар болсын»* деген бата. Қырғыздарда кейде Ұмай жарықтан, оттан жаралған, аспанмен байланысқан рух деп суреттеледі. Ол – Тәңірмен қатар аталатын жоғары рух: Теңир (ер рух) мен Ұмай (әйел рух) әлемнің тепе-теңдігін ұстап тұрады. Ұмай ана бейнесі – барлық түркі халықтарына ортақ архетип. Ол – аналық мейірімнің, өмір мен ұрпақ жалғастығының символы. Қазақ, қырғыз және түрік мифологияларында ол әртүрлі қырынан көрінгенімен, түпкі мәні – қасиетті аналық күш.

Түркі халықтарының мифологиялық жүйесінде табиғат құбылыстары мен рухани күштерге табыну кең таралған. Сол арқылы қалыптасқан мифологмелардың бірегейі – «Көк бөрі». Дәл осындай образдар тілдік деңгейде тұрақты тіркестер мен символдық мәнге ие сөздер түрінде сақталған. Мысалы, «көк» сөзі түркі тілдерінде аспанды ғана емес, киелілік пен мәңгіліктің белгісін білдіреді. Ал «бөрі» (қасқыр) образы ерлік пен еркіндіктің нышаны ретінде қолданылады.

**«Көк бөрі»** – түркі мифологиясында киелі ұғымдардың бірі. Мұның басты себебі шамандық, тотемдік түсініктерде жатыр. Мифологиялық сарындағы ертегілердің де негізгі арқауы – бөрінің адамдарға тылсым сиқыр әлемімен байланысы төңірегінде өрбиді. Адам баласының қоршаған орта мен тылсым дүние туралы тебіреністерін көркем, кестелі түрде бейнелеп, жұмбақ әлемінің құпиясын ашуға ұмтылған алғашқы талпыныстары бұл күнде қазақ фольклорында *«мифология жанры»* деп аталып жүр.

Жануарлар дүниесі, жануарлар әлемі туралы фольклорлық мұралар тақырыбы жағынан да, жанрлық ерекшеліктер жағынан да, идеясы мен көркемдігі тұрғысынан да сан алуан болып келеді. Қасқыр бейнесі, әрине, ғалымдарды таң қалдырмай қоймаған. Атап айтқанда, қасқыр тотемі туралы алғашқы деректер Әбілғазы, Рашид-Аддин, Ш. Уәлиханов, Н. Я. Бичурин, Л. Н. Гумилев, Дж. Дж. Фрезер, Ә. Марғұлан, Н. Келімбетов, С. Қондыбаев сынды ғалымдардың еңбектерінде анық көрінеді. Түркі халықтарының «көк бөрі», «ақ марал», «қызыл ит» туралы аңыздарына ғылыми тұжырымдар жасаумен бірге, «қасқырдың тілерсегі белдің шойылауынан», сарп ауруынан (ревматизм) және тіл-көзден сақтайды» деген нанымның ел арасында кең таралғандығы жөнінде айта келіп, ғалым Ш. Уәлиханов қасқыр бейнесінің халық санасына терең орныққандығын мәлімдейді. Сонымен қатар, Дж. Дж. Фрезер мен Э. Д. Тэйлордың еңбектерінде де Европадағы қасқыр бейнесіне қатысты діни наным-сенімдер талданады. [3, 77-78 б.]

«Көк бөрі» мифологемасы түркі халықтарының ең көне және ең маңызды тотемдік бейнелерінің бірі, сондықтан ол тек қазақтарға ғана емес, барлық түркі халықтарына ортақ мифологиялық архетип. Бірақ әр халықта бейнелену сипаты мен аңыз нұсқалары әртүрлі дамыған.

**Қазақ мифологиясындағы «Көк бөрі»** – түркі тегінің бастауын білдіретін тотемдік аң, ата-тек символы. Аңыздарда «Көк бөрі» түркі халқының арғы бабасын жарақаттанған жетім баладан аман алып қалып, онымен ұрпақ таратады. Қазақ ұғымында бөрі – еркіндік, батырлық, рух күші, ел қорғау нышаны дегенді білдіреді. Батырлар жырында (мысалы, Алпамыс, Қобыланды) бөрі бейнесі батырдың рух серігі ретінде жиі кездеседі.

Қасқырды түріктер «бөрі» дейді (моңғолша – шино/чинно). Көне түріктер қасқырды «Көк Құрт» деп атаған. Көк дегеніміз – көк түс, көк аспан. Ал түріктің «құрт» дегені қазақтың «құртылу» деген сөзінің түбірі. Демек, көк бөрі түріктердің тайпасын ажалдан аман алып қалған, көк аспандағы Көк тәңірісінің өзі жіберген ерекше қасиетті жануар. [3, 77 б.]

**Түрік мифологиясындағы "Bozkurt" (Бозқұрт / Көк бөрі) –** түрік халқының арғы тегі, ұлттық рухтың символы. Түрік тілінде бұл бейне Bozkurt немесе Gökbörü деп

аталады. «Ergenekon Destanı» (Эргенекон дастаны) бойынша, қырылған түріктерді Көк бөрі таудан шығарып, жаңа өмірге бастайды. Түріктер үшін Bozkurt – еркіндік пен тәуелсіздіктің рәмізі, сондықтан қазіргі Түркияда да бұл символ ұлттық идеологияда, тіпті эмблемалар мен партия белгілерінде қолданылады. Bozkurt – *«Türk'ün atası ve yol göstereni»,* яғни *«Түріктің атасы және жол бастаушысы»* деп сипатталады.

Қырғыз дастандарында ең даңқты батырларды «Көкжал бөрілер» деп атаған. Қырғыздың «Манас» эпосында *«Менің көк бөрі сұлтаным»* деген тіркес жиі кездеседі. Манас ханның өзі туралы: *«Манас білген бәрін де, Сақұлақ көкжал бөрідей»,* - дейді. Ең өжет, ең жүректі, ең батыл адамдарды әзербайжандар «қасқырдың жүрегін жұтқан», «бөрінің ұлы» деп дәріптейді. «Гөөк бөрі» деген есім мұнда кең тараған. [3, 78 б.]

**Қырғыз мифологиясындағы «Көк бөрі».** Қырғыздарда да Бөрі – қасиетті аң, ататек символы. Кейбір шежірелерде қырғыздар *«Бөріден тарағанбыз»* деген наным бар. Манас эпосында да бөрі Манастың рух серігі, кейде батырдың түсінде көрінетін киелі нышан ретінде суреттеледі. Қырғыз фольклорында бөрі еркіндік пен ел қорғаудың нышаны. Сонымен қатар, «Бөрү уруу» (бөрі руы) деген атаулар кездеседі, бұл да тотемдік танымның жалғасы. «Көк бөрі» – барша түркі халықтарының ортақ архетипі. Ол – тәуелсіздік, рух, еркіндік, батырлық пен тектіліктің символы. Әр халық өз мәдени контексінде бейнелегенімен, мағынасы – ортақ мифологиялық код.

Түркі тілдеріндегі мифтік образдардың мәдени семантикасын зерттеу арқылы көне түркілердің табиғатқа, әлемге, адам мен рух арасындағы байланысқа деген көзқарасын айқындауға болады. Мысалы, «Көк», «От», «Су», «Бөрі» сияқты мифологемалар тек заттық ұғым емес, сонымен бірге қасиеттілік, өмірдің бастауы, рух пен еркіндік сияқты мәдени-символдық мәнге ие. Мұндай мифологемалар әртүрлі түркі тілдерінде ұқсас семантикалық өріске ие. Солардың бірі – «Көк Тәңірі». Мысалы, қазақ тіліндегі «Көк Тәңірі», түрік тіліндегі «Gök Tanrı», қырғыз тіліндегі «Көк Теңир» – барлығы да аспан құдіретін бейнелейді. Осы атаулардың мәдени семантикасы халықтың дүниетанымында табиғат пен адам арасындағы үйлесімділікті, рухани байланыс идеясын көрсетеді. Сондай-ақ «от», «су», «жер» ұғымдары да түркі мифологиясында киелі элементтер саналып, өмір мен тазалықтың символы ретінде бағаланған.

Ал көне түркі руникалық жазуларындағы құдайлар традиасында Тәңірдің (Көк Тәңірдің) ең басты құдай екені және оның әке құдай екеніне күмән келтірмейді. Осы жазбаларға сүйенсек, сол дәуірде түркі халқының өмірінде елеулі орын алған үш құдайдың болғанын байқаймыз. Бұл Тонықөк ескерткішіндегі мына жолдардан көрінеді: «*Көк Тәңірі, Ұмай, қасиетті Жер-Су, Жеңіс сыйлай берген екен. Неге қашамыз көп екен деп?»*. [4, 61 б.]

**«Көк Тәңірі» –** қазақтарда аспан мен жаратушы күшті білдіреді.

**«Gök Tanrı»** – түріктерде бүкіл жаратылыстың иесі, жоғарғы құдай деген мағынаны береді.

**«Көк Теңир» немесе «Теңир»** – қырғыз халқында да мағынасы аспан құдай, жаратушы күш екені баяндалады.

«Көк Тәңірі» – жоғарыда аталған түркі халықтарының барлығында да аспан мен жаратушы рухты білдіретін ортақ түркі мифологемасы. Отандық фольклортануда миф жанрына қатысты зерттеулер жиі кездеседі. Кейбір зерттеулерден біз мифтердің құрылымында антикалық кезеңнің белгілерін, мифологияның көркемдік негізде дамуын көрсек, енді біреулерінде көне замандағы іс-әрекеттердің құрылымын, діни-салт жоралғылардың белгілерін байқаймыз. Бұл ретте мифологиялық сюжеттер түрлі аңыз және ертегілермен ортақ образдарға ие болып, өзара байланысып кетеді. Мұның бәрін екі топта қарастыруға болады:

Бірінші, әлемді таңғажайып негізде көру, жоғары күшке ие құдай немесе жындар бейнесіндегі жүйемен байланысты мифологиялық сюжеттер.

Екінші, белгілі бір дәлелдерге негізделген мифтер – ауызша тарихи сюжеттер, батырлар, қоғамдық құрылыс сипаттары туралы. Бірақ әлем халықтарының (Австралия,

Мұхиттық аралдар, Африка, Сібір халықтары және т.б.) мифологиясын зерттеуде, ондағы оқиғалардың тек ауызша түрде қалыптасқанын көреміз. [5, 109-110 б.]

Ал қазақ халқының мифтері туралы жол-жөнекей пікір білдірген ғалымдардың зерттеулерінде мифтердің түрлі мәселелері сөз болады. Кезінде Ш. Ш. Уәлиханов мифтердің шамандық наным-сенімге қатысын, шамандық ғұрыптардың мифтердегі көріністерін қарастырған болса, С. Сейфуллин алғашқы қауымдық құрылыс кезіндегі тайпалардың дүниетанымындағы мифтердің рөлін, мифтердің шындық ретінде қабылдану себептерін сөз етеді. Ал эпос, ертегі, аңыз, әпсаналардың туып қалыптасуындағы мифтердің қызметі, мифтік сюжеттер мен мотивтердің таралу жағдайы Ә. Марғұлан зерттеулеріне арқау болды. [6, 228 б.]

Қорытындылай келе, түркі тілдеріндегі мифтік образдар – халықтың тарихи жадын, рухани мәдениетін және дүниетанымын сақтап тұрған мәдени-тілдік бірліктер. Олардың мәдени семантикасын талдау түркі халықтарының ортақ рухани негізін, тіл арқылы жалғасқан мәдени тұтастығын айқындайды. Болашақ зерттеулерде бұл образдардың қазіргі медиамәтіндер мен әдебиеттегі жаңғыруын зерттеу маңызды бағыт болмақ.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1.Ж. Б. Ошақбаева. «Қондыбай Серікбол мұралары: әлемдік мифологияның дамуына жаңаша көзқарас» Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Ақтау, 6-8 маусым 2018 ж. 378-379 бет.

2.Г. Қ. Рысбаева, Ж. Т. Исаева, Ғ. Ж. Тұңғышбаева. Көне түркі мифологиясындағы Ұмай ана бейнесі. Еуразия гуманитарлық институтының хабаршысы. Ғылыми журнал. №2, 2019 ж. 185-187 бет.

3.А. А. Көшекова. «Көк бөрі» туралы мифтер және оларды топтастыру. «Қазақ мемлекеттік қыздар педогогикалық университетінің хабаршысы» №1 (73) 2018 ж. 77-78 бет.

4.А. А. Қапашева. Түркі мифологиясындағы «әйел» концептісі. Батыс Қазақстан гуманитарлық академиясының хабаршысы. Ғылыми журнал. 4 (33) 2015 ж. 61 бет.

5.А. Қ. Тоқсанбаева, М. С. Ноғайбаева. Түркі халықтары мифологиясындағы билеуші бейнесі. Ғасырлар тоғысындағы түрік халықтары әлемінің діни-мифологиялық сипаты: Ұжымдық монография. – Алматы, «Қазақ университеті», 2020 ж. 109-110 бет.

6.Түркі философиясының антологиясы. (1-том. Ежелгі философия) Қазақ мифтері. – Алматы, 2023 ж. 228 бет.

ӘОЖ: 94:1157:5678

## ШЕШЕНДІК ӨНЕРДІҢ ЭТНОПСИХОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ МӘНІ

**Құсайын Г.Ж.**
Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасы
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті
guldu.2018@mail.ru
**Аманғазиева М.К.,** - ф.ғ.к., профессор

***Резюме.*** *В статье рассматривается этнопсихолингвистическая природа казахского ораторского искусства как составной части национальной коммуникативной культуры. Анализ охватывает историко-этнографические основы формирования традиции, её связь с мировоззрением народа и моделями речевого поведения, характерными для казахской культуры. Особое внимание уделено языковым и*

*психологическим механизмам воздействия, проявляющимся через образные выражения, паузы, интонацию, устойчивые формулы и правила речевого этикета. Показано, что эффективность ораторской речи определяется не только логичностью аргументов, но и умением опираться на эмоциональный опыт слушателя и культурно закреплённые символы. С этнопсихолингвистической точки зрения, казахское ораторское наследие является важным носителем коллективной памяти, этнического самоосознания и культурных ценностей. Полученные выводы позволяют выявить единство языковых средств и психологического воздействия, определяющее роль ораторского искусства в развитии современной речевой культуры.*

***Ключевые слова:*** *ораторское искусство, этнопсихолингвистика, культурный код, речевое воздействие, образные средства, национальное сознание.*

## The ethnopsycholinguistic significance of kazakh oratory

***Abstract:*** *This article examines the ethnopsycholinguistic nature of kazakh traditional oratory as an integral component of national communicative culture. The analysis focuses on the ethnocultural foundations and historical background of oratorical discourse, as well as its close connection with collective worldview, value systems, and culturally shaped patterns of speech behavior. Special attention is given to linguistic and psychological mechanisms of influence, including metaphorical expressions, rhythm and intonation, pauses, proverbs, and culturally marked symbolic references. The study demonstrates that the persuasive power of oratory derives not only from logical reasoning but also from emotional resonance, culturally embedded concepts, and the listener's interpretive experience. From an ethnopsycholinguistic perspective, kazakh oratory represents a form of collective memory and a medium through which cultural identity and social norms are transmitted. The findings reveal the close interrelation between linguistic structure and psychological effect, highlighting the contemporary relevance of traditional oratory in shaping communicative competence and speech culture.*

***Keywords:*** *oratory, ethnopsycholinguistics, cultural code, speech psychology, figurative expressions, national identity.*

Шешендік өнер - қазақтың өмір салтымен, қоғамды ұйымдастыру тәжірибесімен, адамдардың бір-бірімен қарым-қатынас жасау дағдысымен біте қайнасқан құбылыс. Би-шешендердің сөзі арқылы дау шешілген, елдің бірлігі сақталған, қауымның ішкі тәртібі реттелген. Сондықтан шешендік сөзді жай ғана әдемі сөйлеу немесе көркем мәтін ретінде қарастыру жеткіліксіз. Ол – белгілі бір тарихи кезеңнің, әлеуметтік жағдайдың, ұлттық мінез бен дүниетанымның, ұжымдық психологияның жинақталып берілген үлгісі. Осы қырынан келгенде шешендік өнерді этнопсихолингвистикалық тұрғыдан қарастырудың маңызы арта түседі: тілдік форма мен ұлтқа тән психологиялық ерекшеліктердің тоғысуы шешендік сөздердің табиғатын тереңірек ашуға мүмкіндік береді.

Қазақ шешендік дәстүрінде сөз ешқашан тек ақпарат жеткізу үшін ғана қолданылмаған. Сөздің салмағы, оның адамға, қауымға тигізетін психологиялық әсері, үлкеннің не биік мәртебелі тұлғаның аузынан шығатын әрбір ойдың моральдық жауапкершілігі айрықша бағаланған. «Сөз сүйектен өтеді», «Жақсы сөз – жанға жарық» деген түсініктер осының көрінісі. Шешен өз ойын тек логикалық дәлелмен емес, тыңдаушының жан дүниесіне әсер ететін ұлттық символдар, образдар, тұрақты тіркестер, мақал-мәтелдер, астарлы ишаралар арқылы жеткізеді. Мұндай тілдік-психологиялық құралдардың түп тамырын, олардың этникалық тәжірибемен, тарихи жадпен, дәстүрлі тәрбие үлгілерімен байланысын түсінбей тұрып, шешендік өнердің шынайы мәнін толық тану мүмкін емес. Этнопсихолингвистикалық көзқарас шешендік сөзді екі жақты планда қарастыруды талап етеді. Бір жағынан, ол - тілдік жүйеге негізделген мәтін: сөздік құрам, грамматикалық құрылым, стилистикалық тәсілдер, мәтіннің ішкі композициясы. Екінші жағынан, бұл - сол мәтіннің артында тұрған этностың өмір салты, ұжымдық эмоциясы, құндылықтар иерархиясы, «жақсы» мен «жаманға» берген бағасы, ұлттық психика мен

мәдени жадтың тіл арқылы көріну формасы. Мысалы, жер, ел, ата-ана, аманат, ар-намыс сияқты ұғымдардың шешендік сөзде алатын орны, олармен байланысты тұрақты образдар қазақ халқының дүниені қабылдау ерекшелігінен хабар береді. Шешен тыңдаушыға дәл осы ұлттық кодтарға сүйене отырып ықпал етеді, ал тыңдаушы сол ұғымдарды өз тәжірибесімен, отбасында көрген тәрбиесімен, қоғамдық ортадағы қалыптасқан түсініктермен байланыстыра қабылдайды.

Қазіргі кезеңде шешендік өнер көбінесе әдебиеттану немесе фольклортану шеңберінде қарастырылып, мәтіннің көркемдік қырлары, жанрлық жіктелімі, тарихи деректік маңызы көбірек сөз болады. Ал оның этнопсихолингвистикалық қырлары – ұлттық мінез бен қарым-қатынас мәдениетінің тілдегі көрінісі, сөйлеу барысында іске қосылатын психологиялық механизмдер, сөйлеуші мен тыңдаушы арасындағы бағалау, иландыру, сендіру тәсілдері - жүйелі түрде жеке зерттеу нысаны ретінде әрдайым алына бермейді. Сол себепті шешендік өнерді тек тарихи-әдеби мұра емес, халықтың психологиялық портретін, коммуникативтік мінезін, әлеуметтік рөлдер жүйесін айқындайтын тілдік тәжірибе ретінде қарастыру өзекті болып отыр. «Шешендік өнердің этнопсихолингвистикалық мәні» тақырыбы осы олқылықтың орнын толтыруға бағытталады. Мұнда шешендік сөздердің табиғаты ұлттық психикамен, этникалық тәжірибемен, дәстүрлі қарым-қатынас үлгілерімен байланыста қарастырылады; би-шешендер сөзіндегі лексикалық, синтаксистік, интонациялық, бейнелі құралдардың тыңдаушыға әсер ету, иландыру, сабырға шақыру, татуластыру сияқты қызметтерді қалай атқарып тұрғаны талданады. Шешендік өнердің қазіргі заман коммуникациясында, қоғамдық пікір қалыптастыруда, жастардың ойлау және сөйлеу мәдениетін тәрбиелеуде атқара алатын рөлі туралы ой қозғау да маңызды.

Қазақ шешендік өнері туралы зерттеулер бір ғасырдан астам уақыт бойы бірнеше ғылыми бағытта дамып келеді. Алғашқы кезеңде ғалымдар шешендік сөздерді көбіне фольклорлық мұра ретінде қарап, олардың шығу төркіні мен жанрлық сипатын анықтауға басымдық берген. М.Әуезов шешендік өнердің қазақ қоғамындағы әлеуметтік қызметін, билер сөзі арқылы реттелетін құқықтық қатынастар мен моральдық нормаларды атап көрсетіп, шешендік дәстүрді халықтық дүниетанаммен сабақтастырған еді [1, 133-бб.]. Бұл көзқарас кейінгі зерттеулерде жалғасып, шешендік сөздің мәдени-әлеуметтік мазмұнына тереңірек үңілуге жол ашты. Шешендік өнерді арнайы объект ретінде қарастырған кеңестік және кейінгі кезең ғалымдарының ішінде М.Ғабдуллиннің, С.Қирабаевтың, Н.Төрекұловтың еңбектері айрықша аталады. М.Ғабдуллин қазақ шешендерінің сөздерінде ұлттың тарихи жадын, салт-дәстүрді, қауымдық мінезді танытатын этнографиялық деректер мол екенін айта келе, шешендік сөздің тәрбиелік және психологиялық ықпалын атап өтеді [2, 57-б.]. Оның пайымдауынша, шешеннің сөзі тек дауды шешіп қана қоймай, тыңдаушының ішкі сеніміне, дүниені тану тәсіліне әсер ететін қуатты құрал болған. Бұл пікір шешендік өнерді этнопсихолингвистикалық тұрғыдан қарастырудың алғышарттарының бірі екені даусыз.

Қазақ шешендік сөздерінің тілдік табиғатын жан-жақты зерттеген ғалымдардың бірі - Б.Шалабаев. Ол шешендік өнердің көркемдік-стильдік жүйесін, сөздің дәлдігі мен ықшамдылығын, образ жасаудағы ұлттық тілдік белгілерді талдай отырып, шешеннің тілді қолдану ерекшелігі оның дүниетанымы мен психологиялық қырларымен тығыз байланысты екенін көрсеткен [3, 84-б.]. Шалабаев шешендік дәстүрді «табиғи риторика» деп атап, шешен сөзі тыңдаушының эмоциясы мен ерік-жігеріне бағытталғанын атап өтеді. Бұл ойлар шешендік өнерді тек лингвистикалық құбылыс емес, психологиялық ықпал ету тетігі ретінде тануға мүмкіндік береді. Этнопсихолингвистиканың әдіснамалық негіздерін қалыптастырған ғалымдар Р.А.Будагов, Ю.Н.Караулов, Э.Сепир сияқты ірі зерттеушілер тіл мен этностың психикалық дүниесінің байланысын дәлелдеп, сөз арқылы ұлттың ойлау моделі, бағалау нормасы, эмоциялық реакциясы көрінетінін атап өтеді. Қазақ тіл білімінде бұл бағытты Х.Қожахметова, Ж.Манкеева сынды зерттеушілер жалғастырып, ұлттық тілдік бейне, этномәдени таңба, дүниетанымдық концептілер туралы іргелі еңбектер ұсынды. Мәселен, Ж.Манкеева шешендік сөздердің тілдік құрылымында халықтың тарихи

тәжірибесі, әлеуметтік-психологиялық мінезі көрінетінін айта келе, шешендік дәстүрді ұлттық танымның ерекше моделі ретінде қарастырады [4, 119-б.].

Шешендік өнердің әсер ету механизмдерін психолингвистикалық тұрғыдан қарастырған еңбектер де бар. Ғалым Н.Уәли сөз мәдениеті мен сөйлеу психологиясының арақатынасын зерттей отырып, шешен сөздің табысты болуына сөйлеушінің тұлғалық ерекшелігі, тыңдаушының қабылдау ерекшелігі, контекст пен жағдай секілді элементтер қатар ықпал ететінін көрсетеді [5, 66–68-бб.]. Бұл ойлар шешендік өнердің этнопсихолингвистикалық табиғатын түсіндіруге маңызды теориялық негіз береді. Себебі шешеннің сөзі ұлттық тәжірибеге сүйенген образдар арқылы адамның эмоциялық жадысын оятып, тыңдаушының шешіміне тікелей ықпал етеді. Фольклортану мен тіл біліміндегі тағы бір маңызды бағыт – шешендік сөздердің құрылымдық модельдерін зерттеу. Бұл бағытта С.Қасқабасов, Е.Тұрсынов сияқты ғалымдар шешендік мәтіндердің диалогтік табиғатын, логикалық құрылымын, дәлелдеу тәсілдерін талдайды. Олардың пайымдауынша, шешендік сөздердегі риторикалық сұрақтар, мақал-мәтелдер, ұқсастыққа негізделген образдар тек әдемі тілдік тәсілдер емес, тыңдаушының ішкі логикасына, эмоциялық қабылдауына әсер ететін психологиялық тетіктер болып табылады [6, 204-б.].

Қазақ шешендік өнерінің қалыптасуы мен қызметін түсіндіру үшін оны арнайы әдеби жанр ретінде ғана қарастыру жеткіліксіз. Бұл құбылыстың терең тамыры халықтың қоғамдық құрылымында, әдет-ғұрып жүйесінде, дүниетанымында және сөйлеу мәдениетін қалыптастырған тарихи тәжірибесінде жатыр. Дәстүрлі қазақ қоғамында сөз – әлеуметтік қатынасты реттейтін негізгі құралдардың бірі болған. Ел ішіндегі дау-дамайды шешу, бітімге келу, ұрпақ тәрбиесі, қоғамдық тәртіпті сақтау сияқты маңызды міндеттер көбіне шешендік сөз арқылы орындалғаны туралы зерттеулерде жан-жақты деректер беріледі [1, 145–б.]. Осыған қарағанда шешендік өнердің негізі ең алдымен этномәдени ортада қалыптасқан табиғи коммуникативтік тәжірибеге сүйенгенін көруге болады.

Шешендік өнердің тарихи негіздерін қарастырғанда, қазақ халқының қоғамдық ұйымы мен көшпелі өмір салтының рөлі айрықша. Қауым ішіндегі қатынастарда жеке адамның беделі көбіне оның ойды дәл, орынды жеткізу қабілетімен өлшенген. Сөзге тоқтау, әділ сөзге жүгіну, көптің алдында шешім шығару сияқты дәстүрлердің кең таралуы – шешендік өнердің әлеуметтік рөлін анықтап берген факторлардың бірі. Дәл осы әлеуметтік-мәдени ортада би-шешендер тұлғасы қалыптасып, халықтың тарихи санасын бейнелейтін тұрақты институтқа айналғаны ғылыми әдебиеттерде нақты деректермен сипатталған [6, 212-б.]. Сондықтан шешендік өнерді тарихи жағынан талдау – бір ғана мәтіндік дәстүрді зерттеу емес, оны туғызған қоғамның құрылымын да түсіндіру болып табылады. Этномәдени тұрғыдан алғанда, шешендік өнер халықтың дүниетанымдық концептілерін, ұжымдық мінез үлгілерін және бағалау категорияларын бойына жинақтаған. Сөздің қадірін биік қою, бейнелі ойлау, астарлап сөйлеу, мақал-мәтелдер мен тұрақты тіркестерді дәл қолдану – қазақ мәдениетіне тән ойлау жүйесінің көрінісі. Бұл белгілер шешендік сөздердің көркемдік құрылымынан бөлек, оның терең этникалық негізін айқындап береді. Зерттеулерде шешендік өнердің осындай этномәдени қабаты халықтың рухани тәжірибесі мен тәрбие жүйесі арқылы ұрпақтан-ұрпаққа үзілмей беріліп отыратыны атап көрсетілген [4, 98–99-бб.]. Осы процесс арқылы шешендік дәстүр халық санасында тарихи жадтың бір формасы ретінде қызмет етіп, ұлттық мінезді қалыптастыруда маңызды рөл атқарған. Шешендік өнердің тарихи даму арнасын қарастырған еңбектерде билер институтының қалыптасуы ерекше мәнге ие. Дәстүрлі қоғамда билердің шешімдері тек құқықтық норма ретінде емес, тәрбиелік және әлеуметтік-реттеуіш қызмет атқарған. Шешендік сөздің құрылымы да, айтылу тәсілі де, тыңдаушыға бағытталуы да көп жағдайда осы қоғамдық рөлге байланысты айқындалған. Сол себепті шешендік өнердің тарихи негіздерін зерттеу оның мәтіндік формасын емес, сол мәтінді дүниеге әкелген этнос өмірінің құрылымын, оның әлеуметтік-психологиялық қырларын түсінумен сабақтас келеді. Бұл құбылыстың тарихи сабақтастығы мен әлеуметтік астары ғылыми талдауларда кеңінен қарастырылады [2, 173-б.].

Шешендік өнердің этномәдени және тарихи негіздері – халықтың рухани тәжірибесі, дүниетанымы, тарихи жад жүйесі және қоғамдық қатынастарды реттеудің дәстүрлі амалдары арқылы қалыптасқан күрделі құбылыс. Бұл негіздерді назарда ұстамай, шешендік өнердің кейінгі тілдік, психологиялық немесе стилистикалық қырларын толық ашу мүмкін емес.

Шешендік өнерді этнопсихолингвистикалық тұрғыдан қарастыру оның тек тілдік немесе тек психологиялық құбылыс емес екенін көрсетеді. Бұл дәстүрдің табиғатында тілдік таңба, мәдени тәжірибе және ұжымдық психология тұтас бір жүйе ретінде әрекет етеді. Шешендік сөздің ерекше әсер ету құпиясы да осы үш қабаттың өзара байланысында жатыр. Этнопсихолингвистикалық көзқарас шешеннің сөйлеу әрекетін тек әдемі сөз құрау немесе логикалық дәлел келтіру тәсілі ретінде емес, тыңдаушының эмоциялық, еріктік және бағалау механизмдеріне ықпал етуге бағытталған күрделі коммуникативтік процесс ретінде түсіндіруге мүмкіндік береді [7, 52-б.]. Қазақ шешендік өнерінің этнопсихологиялық негізін тану үшін, ең алдымен, халықтың әлемді қабылдау үлгісі мен ұжымдық мінезін анықтайтын мәдени кодтарды қарастыру қажет. Шешендік сөздің құрылымында жиі қолданылатын образдар, тұрақты тіркестер, эмоциялық реңк беретін сөздер, метафоралық ишаралар – осы мәдени кодтардың тілдік көрінісі. Этнопсихолингвистикалық зерттеулерде тілдік таңбалардың артында белгілі бір этностың жинақталған тәжірибесі, тарихи жадтағы бейнелері және қоғамда қалыптасқан психологиялық реакциялар жүйесі тұратыны айтылады [8, 114–б.]. Бұл ерекшелік шешендік сөздің тыңдаушыға әсер етуін күшейтеді, өйткені тыңдаушы ол таңбаларды жеке өмірлік тәжірибесімен, тұрмыстық тәрбиесімен және қоғамдағы ортақ ұғымдармен байланыстыра қабылдайды.

Этнопсихолингвистикалық табиғат шешендік өнердегі сөйлесу жағдайына да тікелей қатысты. Шешен тек сөзді айтып қана қоймайды, ол тыңдаушының ішкі күйіне әсер етуді көздейді. Оның сөйлеу мәнері, дауыс ырғағы, интонациясы, паузаларды қолдану тәсілі, дауыс көтеру мен бәсеңдету сынды психологиялық құралдары табиғи түрде этникалық сөйлеу моделінің құрамына кіреді. Ғылыми зерттеулерде бұл ерекшеліктер сөйлеушінің ұлттық коммуникативтік мінезімен тығыз байланысты екені көрсетіледі [9, 88-б.]. Қазақ шешендік дәстүрінде байсалды үн, асықпай сөйлеу, тыңдаушыға ой қалдыратын үзілістер жасау - ұлттық психологиялық сипаттардың бірі. Шешендік өнердің этнопсихолингвистикалық табиғатын ашуда сөйлеуші мен тыңдаушы арасындағы психологиялық қашықтықтың азаюы маңызды рөл атқарады. Коммуникативтік үдерісте тыңдаушы шешеннің сөзіне тек рационалды түрде емес, эмоционалды және бағалау арқылы да қатысады. Шешеннің сөйлеу мәнерінде ұлттық психологиялық ерекшеліктерді ескере отырып қолданылған тілдік тәсілдер тыңдаушыда сенім, келісім немесе қарсылық тудыруы мүмкін. Бұл процестің өзінде белгілі бір этностың тарихи қалыптасқан сөйлеу этикеті, қарым-қатынасты реттеу нормалары, беделге деген қатынасы көрініс табады. Зерттеулерде мұндай ерекшеліктерді этнопсихолингвистиканың негізгі нысандарының бірі ретінде қарастыру қажеттігі баса айтылады [10, 61–б.].

Шешендік өнердегі тілдік және психологиялық компоненттердің тұтастығы шешеннің сөйлеу әрекетін мәдени және рухани ықпал етудің тиімді құралына айналдырады. Тіл арқылы берілген ойдың артында жатқан эмоциялық-бағалауыштық реңктер тыңдаушының ішкі қабылдауына терең әсер етеді. Бұл ерекшелікті ескермей шешендік дәстүрдің мазмұнын толық ашу мүмкін емес. Этнопсихолингвистикалық тұрғыдан талдау шешендік сөздегі ұлттық ойлау модельдерін, эмоционалды реакция формаларын, тілдік таңбалардың мәдени-символдық мәнін анықтауға жол ашады. Осылайша шешендік өнерді тілдік жүйе ретінде ғана емес, этностың тарихи тәжірибесін, психологиялық портретін және дүниетанымын бейнелейтін күрделі құбылыс ретінде қарастыру қажеттігі айқындалады.

Шешендік дәстүрдің тілдік жүйесі оның ықпал ету күшін қамтамасыз ететін негізгі тетіктердің бірі болып саналады. Тарихи қалыптасқан шешендік мәтіндердің құрылымында ұлттық дүниетаныммен тығыз байланысты бірқатар тұрақты тілдік-стильдік тәсілдер

ажыратылады. Бұл тәсілдер тыңдаушының эмоциялық қабылдауына, бағалау механизміне, сенім қалыптастыруына әсер ететін психологиялық әрекеттерді іске қосады. Зерттеулерде шешендік сөздердің тілдік таңбалары мен психологиялық ықпал ету құралдары біртұтас жүйе ретінде қарастырылады [11, 92-б.].

Шешендік сөздердің ең кең тараған тілдік-стильдік элементтерінің бірі – бейнелі сөздер. Мұндай сөздер, әсіресе, метафоралық құрылымдар, салыстырулар, астарлы ишаралар арқылы беріледі. Олар тыңдаушының санасында дайын эмоционалды модельді белсендіреді және сөздің әсерін күшейтеді. Дау-жанжал жағдайында айтар ойды “қылыш”, “жебе”, “түнек”, “жарық” секілді ұғымдармен астарлау тыңдаушыға мәселенің мәнін тез түсінуге көмектеседі. Бұл тәсілдер этнопсихологиялық тұрғыдан алғанда халықтың образ арқылы қабылдау ерекшелігінен туындайды, себебі бейнелі ойлау қазақ мәдениетінде негізгі таным формаларының бірі болып есептеледі [12, 57-б.]. Шешендік мәтіндердің тағы бір маңызды ерекшелігі - сөйлеудің композициялық құрылымы. Әдетте шешендік сөз үш бөлімнен: кіріспе, түйінді ой және қорытындыдан тұрады. Бұл құрылым тек логикалық жағынан тиімді емес, тыңдаушының психологиялық назарын біртіндеп күшейтуге бағытталған. Кіріспеде айтылатын тыныш, салмақты ой тыңдаушыны тыңдауға бейімдейді; негізгі бөлімде дәлелдер жүйелі түрде беріліп, психологиялық ықпал артады; ал қорытындыда шешен эмоциялық-бағалауыштық тұрғыда ең әсерлі түйін жасайды. Осындай құрылымдық ерекшеліктер шешендік өнердің психологиялық әсер ету стратегиясын айқындайды [13, 121-б.]. Мәтіндердегі интонация, пауза, сөз ырғағы да этнопсихологиялық қызмет атқарады. Қазақ шешендері көбіне баяу, байыпты ырғақта сөйлеп, маңызды жерде дауыс биіктігін өзгерте отырып, тыңдаушының зейінін нақты сөзге аударады. Мұндай интонациялық тәсілдер шешеннің беделін, байсалдылығын және эмоциялық тұрақтылығын көрсетіп, тыңдаушыда сенім тудырады. Сөйлеудің бұл моделі халықтың мінездік сипаттарымен, салмақты ойды жоғары бағалау дәстүрімен байланысты. Тілдік-ырғақтық амалдардың этнопсихологиялық әсері шешеннің тыңдаушыға тікелей ықпал етуіне мүмкіндік береді.

Кесте 1. Шешендік сөздердегі тілдік-стильдік элементтер және олардың этнопсихологиялық қызметі

| № | Тілдік-стильдік тәсіл | Қызметі | Этнопсихологиялық әсері |
|---|---|---|---|
| 1 | Бейнелі сөздер (метафора, ишара) | Ойды ықшам жеткізу | Тыңдаушы санасында эмоциялық-ассоциативтік бейне тудырады |
| 2 | Мақал-мәтелдер | Дәлелді күшейту | Халықтық тәжірибеге сүйенгендіктен сенім тудырады |
| 3 | Интонация, ырғақ | Сөздің эмоционалдық реңкін реттеу | Байсалдылық, салмақтылық арқылы сендіру әсерін арттырады |
| 4 | Пауза | Негізгі ойды бөліп көрсету | Тыңдаушы назарын шоғырландырады |
| 5 | Диалогтік құрылым | Тыңдаушымен байланыс орнату | Психологиялық жақындасуға мүмкіндік береді |
| 6 | Ұлттық символдар (жер, ел, ар) | Ұлттық құндылықтарды еске түсіру | Ұжымдық эмоционалды жадыны белсендіреді |

Шешендік сөздердің тілдік-стильдік табиғатын талдау көрсеткендей, бұл дәстүрде қолданылатын тәсілдер тыңдаушыға тікелей психологиялық ықпал етуге бейімделген. Мәтіннің көркемдігі, сөйлеу ырғағы, бейнелі құралдар және ұлттық құндылықтарға сүйенген символдар жүйесі шешен мен тыңдаушы арасындағы коммуникацияны ерекше деңгейге көтереді. Осылайша тілдік және этнопсихологиялық компоненттер бір-бірін толықтырып, шешендік өнердің коммуникативтік тиімділігін қалыптастырады.

Шешендік өнер қазақ халқының қоғамдық қатынас тәжірибесін, рухани құндылықтарын және сөзге деген ерекше құрметін сақтап қалған бірегей мәдени құбылыс

екені талдау барысында айқындалды. Оның этномәдени және тарихи негіздерін қарастыру шешендік дәстүрдің тек көркем сөз үлгісі емес, бүкіл халықтың дүниетанымын, мінездік ерекшеліктерін, әлеуметтік қарым-қатынас нормаларын қалыптастырған маңызды институт болғанын дәлелдейді. Шешендік сөздің негізгі қызметі - дауды шешу, келісімге шақыру, тәрбие беру, сендіру сияқты әлеуметтік-психологиялық міндеттерді тілдің қуаты арқылы жүзеге асыру. Этнопсихолингвистикалық талдау бұл дәстүрдің табиғатын тереңірек ашуға мүмкіндік береді. Шешеннің ойды бейнелі жеткізуі, тыңдаушының эмоциялық қабылдауына әсер ететін тілдік таңбаларды орнымен қолдануы, ұлттық психологияға тән байсалды сөйлеу мәнері - барлығы шешендік өнердің психологиялық ықпал ету механизмдерінің бір бөлігі болып табылады. Тіл мен ұлттық сана байланысының шешендік сөздердегі көрінісі халықтың тарихи жадымен сабақтасып жатқанын байқауға болады. Шешендік мәтіндердегі образдар, ұлттық символдар, эмоционалдық реңкі бар сөздер тыңдаушының өмірлік тәжірибесіне, ұжымдық жадында сақталған түсініктерге сүйенеді. Практикалық талдау шешендік сөздердің тілдік-стильдік құрылымы мен олардың этнопсихологиялық қызметінің өзара тығыз бірлігін көрсетті. Бейнелі сөздер, мақал-мәтелдер, ишаралы тіркестер, ырғақ пен интонация сияқты тілдік тәсілдер тыңдаушының назарын шоғырландырып, оның ойлау бағытына әсер етеді. Бұл тәсілдердің ұлттық мәдениетпен байланысы шешендік дәстүрдің әсерлілігін арттырып, оның бүгінгі күнге дейін маңызын жоймай сақталып келе жатқанын дәлелдейді.

Қорытындысында, шешендік өнерді этнопсихолингвистикалық тұрғыдан зерделеу оның әлеуметтік, мәдени, психологиялық қызметін жан-жақты түсінуге жол ашады. Бұл дәстүр қазақ халқының тарихи тәжірибесін, ұлттық мінезін, дүниетанымдық бағдарын және тілдік ойлау жүйесін толыққанды көрсететін рухани мұра болып табылады. Шешендік өнердің табиғатын осылайша кешенді қарастыру қазақ сөз мәдениетінің терең қабаттарын тануға, тіл мен ұлттық сананың байланысын ғылыми тұрғыда түсіндіруге мүмкіндік береді.

**Әдебиеттер тізімі:**


1.Әуезов М. Әдебиет тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 288 б.

2.Ғабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. – Алматы: Санат, 1996. – 320 б.

3.Шалабаев Б. Қазақ шешендік өнері. – Алматы: Рауан, 1999. – 224 б.

4.Манкеева Ж. Тіл және этномәдениет. – Алматы: Ғылым, 1997. – 240 б.

5.Уәли Н. Сөз мәдениеті. – Алматы: Мектеп, 2007. – 240 б.

6.Қасқабасов С. Қазақ фольклорының тарихы. – Алматы: Жазушы, 2002. – 416 б.

7.Жұбанова А. Психолингвистика негіздері. – Алматы: Қазақ университеті, 2010. – 184 б.

8.Қоңыратбаев Т. Қазақ фольклоры және түркі эпосы. -Алматы: Ғылым, 1991. -320б.

9.Жақып Б. Коммуникативтік мәдениет және ұлттық психология. – Алматы: Рая, 2004. – 176 б.

10.Қайдар Ә. Халық даналығы: тілдік модельдер мен этномәдени сипаты. – Алматы: Домбыра, 2001. – 288 б.

11.Сыздық Р. Сөз құдіреті. – Алматы: Санат, 1997. – 208 б.

12.Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. -Алматы: Ғылым, 2007.-712 б.

13.Әмір Р. Қазақ әдеби тілінің проблемалары. – Алматы: Ғылым, 2003. – 276 б.

ӘОЖ 82.343

# ЕЖЕЛГІ ТҮРКІ ФРАЗЕОЛОГИЯСЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫ

**Рахманова Элеонора Рымбековна**
*1курс докторанты*
*Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Алматы қаласы*
**Акимишева Жанар Әбдісадыққызы**
*фил.ғыл.канд, аға оқытушы*
*Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Алматы қаласы.*

***Аннотация.*** *В данной статье рассматривается история изучения древнетюркской фразеологии. В работе проанализированы основные этапы исследования древнетюркской фразеологии – европейский период тюркологии, советская тюркологическая школа и современные когнитивно-культурные направления. Также рассмотрены труды тюркологов и вклад исследователей из Турции и Монголии. Выявлена историческая и культурная преемственность между древнетюркской фразеологией и фразеологической системой современного казахского языка.*

***Ключевые слова:*** *фразеологизм, история языка, тюркология, культурная преемственность, духовное наследие.*

Түркі халықтарының тілі – ғасырлар бойы қалыптасқан мәдениет пен рухани мұраның айнасы. Сол мұраның бір маңызды саласы – фразеология. Фразеологиялық жүйе тілдің бейнелілік, эмоциялық және ұлттық дүниетанымдық ерекшеліктерін танытатын күрделі қабат болып саналады.

Ежелгі түркі фразеологиясын зерттеу – түркі тілдерінің тарихи дамуы мен рухани-мәдени эволюциясын терең түсінуге мүмкіндік беретін маңызды бағыттардың бірі. Фразеологиялық жүйе тілдің тек құрылымдық ерекшелігін ғана емес, сонымен қатар сол дәуірдің дүниетанымы мен ойлау жүйесін де бейнелейді. Сондықтан көне түркі жазба ескерткіштеріндегі тұрақты тіркестер мен фразеологиялық бірліктерді анықтау, олардың семантикалық және құрылымдық табиғатын талдау түркі тіл білімінің тарихи-фразеологиялық зерттеулеріндегі басты мәселелердің бірі болып табылады.

Ежелгі түркі фразеологизмдері тілдік дерек қана емес, сонымен бірге сол дәуірдің рухани дүниесін, ойлау мәдениетін, дүниетанымдық көзқарасын бейнелейтін тарихи-мәдени феномен ретінде де қарастырылады. Көне түркі ескерткіштерінде кездесетін тұрақты тіркестер мен идиомалық құрылымдар – бүгінгі түркі тілдеріндегі фразеологиялық қордың бастаулары.

Ежелгі түркі жазбаларындағы фразеологизмдерді зерттеу – түркітану ғылымының өзекті әрі маңызды бағыттарының бірі. Көне түркі тілінің, әсіресе Орхон-Енисей ескерткіштері тілінің лексикалық және грамматикалық құрылымымен қатар, оның тұрақты тіркестері мен фразеологиялық орамдары да тіл байлығының, тарихи дамуының айғағы болып табылады. Бұл фразеологиялық бірліктер көне дәуірдегі түркі халқының дүниетанымын, ойлау жүйесін және мәдени өрісін тануға мүмкіндік береді.

Ежелгі түркі фразеологиясын зерттеу келесі негізгі бағыттарда жүзеге асырылады:

Біріншіден, Күлтегін, Білге қаған, Тоныкөк және басқа да көне түркі ескерткіштері мәтіндеріндегі тұрақты сөз тіркестері анықталып, олардың түрлері мен мағыналық ерекшеліктері жүйеленеді.

Екіншіден, анықталған фразеологизмдер қазіргі түркі тілдерінің, соның ішінде қазақ тілінің фразеологиялық қорымен салыстырылып, тарихи-генетикалық байланыстары айқындалады.

Үшіншіден, бұл зерттеулер тілдің тарихи лексикологиясы мен фразеосемантикасын дамытуға, көне және қазіргі фразеологиялық жүйелер арасындағы сабақтастықты терең түсінуге жол ашады.

Осы бағыттардың барлығы В.В.Радловтан бастап қазіргі зерттеушілерге дейінгі үздіксіз ғылыми дәстүрді қалыптастырды. Ежелгі түркі фразеологиясын зерттеу – түркі халықтарының ортақ тілдік мұрасын танудың, олардың рухани және мәдени сабақтастығын түсінудің кілті болып табылады.

Ежелгі түркі фразеологиясын зерттеу тарихы бірнеше кезеңнен тұрады:

Бастау кезеңі – еуропалық түркітанушылардың салыстырмалы еңбектері;

Қалыптасу кезеңі – кеңестік дәуірдегі фразеологиялық мектептердің пайда болуы;

Қазіргі кезең – когнитивтік және мәдени-лингвистикалық бағыттардың дамуы.

1. Зерттеудің бастау кезеңі: Еуропалық түркітану дәуірі. Ежелгі түркі фразеологиясына қатысты алғашқы ғылыми пікірлер XIX ғасырдың екінші жартысында Еуропадағы түркітану ғылымының өрлеуімен байланысты қалыптасты. Бұл кезеңде В. Томсен, В. В. Радлов, П. М. Мелиоранский, Г. Вамбери, С. Е. Малов сынды ғалымдардың еңбектері түркі тілдерінің фонетикасы, морфологиясы және лексикасымен қатар, тұрақты тіркестер мен семантикалық ерекшеліктеріне назар аударды. Көне түркі жазуларын алғаш оқыған және зерттеген В. В. Радлов, С. Е. Малов сияқты ғалымдардың еңбектері көне түркі тілінің лексикалық және грамматикалық жүйесін анықтау арқылы фразеологиялық зерттеулерге берік негіз қалады. Олардың мәтіндерді аударуы мен түсіндіруі фразеологизмдерді іздестіруге мүмкіндік берді.

Көне түркі жазуларын алғаш оқыған және зерттеген классикалық түркітанушылардың ішінде В.В. Радловтың рөлі ерекше. «Язык киргизов (казахов) плавен и красноречив, они остроумны и часто находчивы в вопросах и ответах, иногда даже удивительно ловк, и всяки, даже самый необразованный киргиз(казах) владеет языком в той стиле, в какой мы это в Европе замечаем только у французов и русских» [1, 530 б]. Қазақ сөз өнеріне осылай таңданған В.В. Радлов XIX ғасырдың 70-жылдары-ақ сөз маржанын жинап, бастырып шығарған. Атап айтқанда, В.В. Радловтың төрт томдық «Түркі сөздігі» (1893–1911) іргелі еңбегі көне түркі фразеологиясын салыстырмалы-тарихи тұрғыдан зерттеуге негіз қалады. Бұл сөздікте көне түркі жазба ескерткіштеріндегі сөздердің 40-тан астам түркі тілдері мен диалектілеріндегі баламалары, 7500-ден аса фразалық тіркестер көрсетіліп, олардың семантикалық байланыстары айқындалды. В.В. Радловтың еңбегі фразеологияны арнайы мақсат етпесе де, онда жинақталған материал көне түркі тұрақты тіркестерінің құрылымы мен мағынасының кейінгі дәуірлерде қалай сақталғанын зерттеуге мүмкіндік берді.

Менің ойымша, бұл сөздік тікелей фразеологизмдерді жинақтауды мақсат етпегенімен, көне түркі фразеологиясының дамуын салыстырмалы-тарихи тұрғыдан зерттеу үшін негізгі база болды. Себебі сөздікте лексикалық сабақтастық айқын көрсетілген. Көне түркі жазбаларындағы көптеген сөздердің 40-тан астам түркі тілдері мен диалектілерінде сақталу жолдары берілген. Семантикалық байланыста назардан тыс қалмаған. Лексикалық ұялардың ішіндегі тұрақты тіркестер мен мағыналық сабақтастық кейінгі зерттеушілерге көне түркі сөздерінің фразеологизмге айналу үрдісін бақылауға және қазіргі түркі тілдерінің фразеологиялық қорындағы көне қабаттарды айқындауға мүмкіндік берген. Сондықтан В.В. Радловтың «Түркі сөздігі» фразеологияны зерттеудің теориялық және практикалық мәселелерін шешуге арналған маңызды салыстырмалы материалдық база ретінде қарастырылады.

2. Кеңестік түркітану кезеңі және фразеологиялық мектептердің қалыптасуы. XX ғасырдың алғашқы жартысында түркі фразеологиясын зерттеу жаңа сапалық деңгейге көтерілді. Бұл дәуірде салыстырмалы-тарихи әдіс пен жүйелік талдау тәсілдері кеңінен қолданылып, фразеологиялық қорды тілдің мәдени және танымдық жүйесімен байланыстыра қарастыру үрдісі күшейді. Кеңестік түркітану мектебі ежелгі түркі тілін, соның ішінде оның фразеологиясын зерттеуге зор үлес қосты. Негізгі зерттеулер көне түркі

ескерткіштері мәтіндерін лингвистикалық тұрғыдан талдауға, жалпы түркі тілдерінің фразеологиялық қорын жинақтауға бағытталды.

Кеңестік түркологтар фразеологияны жеке сала ретінде дамытып, түркі тілдерінің фразеологиялық қорын салыстырмалы түрде зерттеуге ден қойды. Мысалы, З.Г.Ураксин алтай тілдерін, соның ішінде түркі тілдеріндегі фразеологизмдерді лингвистикалық талдау тұрғысынан қарастырып, олардың генетикалық байланысы мен мағыналық ұқсастықтарын көрсетті.

Ежелгі түркі фразеологиясын зерттеу ісі қазақ тіл білімінде XX ғасырдың екінші жартысынан бастап қарқын ала бастады. Бұл бағытта бірқатар көрнекті қазақ ғалымдары фразеологиялық бірліктердің шығу тегін, семантикалық эволюциясын және мәдени астарын зерттеу арқылы көне түркі фразеологиясын жаңа қырынан қарастырып, көне түркі жазба ескерткіштеріндегі тұрақты тіркестер мен фразеологиялық жүйенің қазіргі қазақ тілімен сабақтастығын айқындады. Қазақ фразеологиясының негізін қалаушы ғалым І. Кеңесбаев (1906–1993) қазақ тіліндегі фразеологизмдердің табиғатын, құрылымын, семантикасын зерттей отырып, олардың түп-тамырының көне түркі кезеңімен байланысын көрсеткен. Оның еңбектерінде Орхон-Енисей жазбаларындағы бейнелі тіркестер мен қазіргі қазақ фразеологизмдері арасындағы тарихи сабақтастық ерекше аталып өтеді. І. Кеңесбаевтың іргелі еңбегі – «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі» (1977 ж.) бүкіл түркі тілдес халықтардың фразеологиясын зерттеуге жол ашқан негізгі еңбектердің бірі болып табылады. І. Кеңесбаевтың еңбектері түркі фразеологиясын дербес лингвистикалық сала ретінде қалыптастыруда шешуші рөл атқарды. Оның «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі» мен фразеологизмдердің табиғаты туралы зерттеулері көне түркі мен қазіргі қазақ тілінің арасындағы сабақтастықты нақты мысалдармен дәлелдейді. Ол «Фразеологизмдер – тіліміздің бір бөлінбес бөлшегі. Өзінің көнелену жағынан да тұлға, мағына тұрақтылығы жағынан да, стиль жағынан да оларға тән ерекшеліктер бар.

Тілімізде көкейге қонымды, көркем, орамды алуан түрлі тұрақты сөз тіркестері кездеседі. Тіл қазынасына жататын қат-қабат тіркес, тізбектерді халық орынды пайдаланады», - деген [2, 589 б]. І.Кеңесбаев көне түркі мәтіндеріндегі бірқатар тұрақты тіркестердің қазіргі түркі тілдерінде түрлі нұсқада сақталғанын атап өтеді.

Белгілі түркітанушы ғалым Ә. Қайдар (1924–2023) түркі халықтарының тілдік мұраларын, оның ішінде көне түркі жазбаларының фразеологиялық жүйесін этнолингвистикалық және тарихи тұрғыдан зерттеді. Ә. Қайдардың еңбектерінде фразеологизмдер ұлттың мәдени-танымдық коды ретінде қарастырылады. Академик Ә. Қайдар «Бүгінгі фразеологизм, мақал-мәтел деп жүрген тұрақты тілдік бірліктердің басым көпшілігі бір замандағы күнделікті қарапайым тіршіліктің, құбылыстың, шаруашылықтың, кәсіпшіліктің өзара қарым-қатынасының нәтижесі ретінде қалыптасқан тілдегі көрінісі», - дейді[3, 102 б]. Демек, тіліміздегі тұрақты тіркестер халқымыздың ұлттық ерекшелігін бойына сіңірген басты мәдени байлығымыздың бірі.

Қазақ әдеби тілі мен тарихи лексикологиясының көрнекті өкілі Р. Сыздық (1924–2020) Қадырғали Жалайырдың «Жамиғат-тауарих» еңбегіндегі тұрақты тіркестерді зерттеп, олардың тарихи дамуын, семантикалық эволюциясын және қазіргі қазақ фразеологиясымен байланысын дәлелдеген. Сонымен қатар тұрақты тіркестердің басым бөлігі көне түркі дәуірінен келе жатқан бейнелі орамдар екенін, олардың бірқатары қазақ тілінде сақталып, мағыналық жағынан дамығанын дәлелдеді [4, 36 б].

Көне түркі жазба ескерткіштеріндегі тұрақты тіркестердің құрылымдық-семантикалық сипатын талдаған ғалым - А. Есенқұлов (1930–1997). Оның еңбектері фразеологизмдердің тарихи-генетикалық табиғатын ашуға бағытталса, түркі тілдерінің тарихи лексикасы мен фразеологиясын салыстырмалы тұрғыдан зерттеген ғалым Б. Сағындықұлы (1946–2019) көне түркі және қазақ фразеологизмдері арасындағы семантикалық параллельдерді нақты мысалдармен көрсетті.

3. Қазіргі кезең – когнитивтік және мәдени-лингвистикалық бағыттардың дамуы. Қазақ түркологтары ежелгі түркі фразеологиясын зерттеуде тарихи-салыстырмалы әдісті

негізге ала отырып, ерекше үлес қосты. Олар үшін көне түркі тілі – қазақ тілінің тікелей бастауы, сондықтан фразеологиялық бірліктердің сабақтастығын көрсету маңызды болды. Қазақ ғалымдары көне түркі жазбаларындағы тұрақты тіркестерді қазіргі қазақ тіліндегі сөз тіркестерінің қолданысымен және фразеологизмдерімен салыстыра отырып, олардың даму жолын, өзгерісін және сақталуын зерттеді. Бұл әдіс арқылы көне түркі фразеологиясының қазақ тіліндегі орны мен рөлі айқындалады. «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында тарихи жазба жәдігерліктердің тілін зерттеуге баса назар аударылды. Бұл зерттеулер, атап айтқанда, көне түркі тіліндегі сөз тіркестерінің байланысу тәсілдерін және олардың фразеологиялық бірліктерге айналу процесін қарастыруға мүмкіндік берді (мысалы, Ж. Түймебаевтың зерттеулері). Ә. Қайдаров, Ә. Жүнісбек сияқты көрнекті ғалымдар түркітанудың кешенді сипатына мән беріп, көне түркі мұрасын тек лингвистикалық дерек ретінде ғана емес, өркениет пен тарихтың айғағы ретінде қарастыруды ұсынды. Бұл көзқарас фразеологизмдерді мәдени-танымдық (когнитивтік) тұрғыдан зерттеуге жол ашты. Қазақ түркологтары қазақ тілі фразеологиясын (және көне түркі фразеологиясын) басқа түркі тілдерімен (ұйғыр, татар, оғыз, т.б.) салыстыра зерттеп, түркі халықтарының ортақ фразеологиялық қорын айқындауға тырысты.

Бүгінгі таңда қазақ тіліндегі фразеологизмдерді когнитивтік тұрғыда зерделеу оларды антропоөзектік парадигмада қарастыруға мүмкіндік береді. Қазақ халқының тіршілік туралы танымын пайымдауда когнитивтік зерттеулердің аса маңыздылығын көрсетеді. Бұл орайда қазақ тіл білімінде фразеология саласына қатысты жазылған еңбектер аз емес. Атап айтқанда, Г.Смағұлованың «Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспектілері» (1998), «Қазақ фразеологиясы лингвистикалық парадигмаларда» (2020); Р.Авакованың «Қазақ фразеологизмдерінің семантикасы (2003), «Фразеология теориясы» (2009); С.Сәтенованың «Қазақ тіліндегі қос тағанды фразеологизмдердің тілдік және поэтикалық табиғаты» (1997); С.Жапақовтың «Эпикалық фразеологизмдердің когнитивтік негіздері» (2003); Ә.Хазимованың «Қазақ фразеологизмдерінің ұлттық деректері» (2002); Ж.Байтелиеваның «Қазақ тіліндегі жылқы малына қатысты фразеологиялық тіркестердің этномәдени уәждемесі» (2007); А.Нұржановаңың «Дүниенің қарабайыр бейнесі: фразеологиялық фрагменттің соматикалық коды» (2010); З.Ержановаңың «Қазақ қолөнеріне байланысты фразеологизмдердің этномәдени аспектісі» (2010) атты зерттеулерін атауымызға болады.

Ата-баба дәстүріне сай ғасырдан ғасырға жалғасып келе жатқан тұрақты тіркестердің тілімізде алатын орны ерекше құнды. Әдетте әр адам күнделікті өмірде өз толғаныс-көңілін, ой-пікірлерін жеткізуге небір көркем, бейнелі сөздерді, тіркестерді қолданады. Халық тілінің басқа элементтерінен біте қайнасып келе жатқан фразеологизмдерді оқып танымайынша, оның табиғатына үңілмейінше тіл байлығын, тіл ерекшелігін толық түсіну мүмкін емес. Ана тілі байлығы мен әуезділігін анықтауда фразеологизмдердің алатын орны ерекше. Сөз байлығы сөздің санымен де, мағынасы және көркемдік қасиетімен өлшенеді.

Халықтың тұрмыс-тіршілігі, мәдени мұрасы және рухани байлығы, экономикалық және қоғамдық саясаты көрініс тапқан фразеологизмдерде қандай да бір нақты құбылыстың, жағдайдың ерекшелігі көрініп тұрады. Тұрақты тіркестер – кез келген халықтың рухани байлығының жемісі.Тұрақты тіркестер фразеология саласының еншісінде. Осы жайында Р. Авакова: «Фразеология – құрамы мен құрылымы тұрақты, сөйлеу кезінде қайта жасалынбай, даяр қалпын сақтай отырып қолданылатын, мағына тұтастығы мен тіркес тиянақтылығы тән бейнелі тұрақты тіркестердің қазіргі күйін және тарихи қалпын зерттейтін тіл білімінің саласы», – деген [5, 11-б]. Осымен байланысты ұлттық дүниетаным мен ана тіліміздің сөз құдіретінен нәр алып, ұлттық қасиеттерді бойына сақтап, сіңірген халықтың сан ғасырлық тәжірибесінде қорытылып қалыптасқан асыл қазына - көркем сөз үлгілерін заман озған сайын құлпырта қолданып, қырлап, жаңғыртып, жаңартып отыратын ақын-жазушылардың шығармашылығындағы тұрақты сөздердің қолданысын зерттеу - осы саладағы өзекті мәселенің бірі.

**Түркия мен Моңғолия ғалымдарының еңбектері.** Ежелгі түркі жазбаларының негізгі орналасқан аймағы Моңғолияда және Түркияда түркітану ісі ерекше дамыды.Түркия түркологтары көне түркі мәтіндерін Түркия түрік тілі тұрғысынан зерттеуге және фразеологияны (түрікше: *deyim, deyimbilim*) жеке ғылым саласы ретінде қалыптастыруға көңіл бөлді. Көне түркі мәтіндерін зерттеуде Түркия ғалымдары ежелгі түркі ескерткіштерін, соның ішінде Орхон, Енисей және Ұйғыр жазуларын зерттеуде, оларды аударып, тілдік талдау жасауда белсенділік танытты. Фразеологиялық зерттеулер жасауда Түркия тіл білімінде фразеология жеке сала ретінде 1990-1998 жылдар аралығында қалыптасты. Т. Доганай, А. Пюскюллюоглу, С. Эмир сияқты лексиколог-ғалымдардың еңбектері осы бағыттағы зерттеулерді тереңдетті. Олар көне түркі тіліндегі тұрақты тіркестердің қазіргі түрік тіліндегі аналогтарын табу арқылы тарихи сабақтастықты көрсетуге тырысты. Түрік ғалымдары Моңғолия жеріндегі Күлтегін, Білге қаған, Тоныкөк кешендерін археологиялық және лингвистикалық тұрғыдан зерттеуге археологиялық-лингвистикалық экспедициялар жасап, мәдени мұраны сақтау және жазбалардағы жаңа мәліметтерді ашу бағытында жұмыстар жүргізді.

Сонымен бірге Моңғолия ғалымдары да көне түркі ескерткіштерінің орналасқан жерінде зерттеу жүргізу арқылы ерекшеленеді. Моңғолия Ғылым академиясының Археология институты Түркі Академиясымен бірлесе отырып, Орхон алқабы мен Номғон жазығында археологиялық қазба жұмыстарын жүргізіп, жаңа бітіктастарды (мысалы, Құтлұқ қағанға тиесілі ғұрыптық кешен) ашуға және оларды зерттеуге атсалысты. Олар көне түркі және соғды жазулары қашалған бітіктастарды оқып, Құтлұқ қаған тарихына қатысты тың деректерді ғылыми айналымға енгізді. Бұл мәтіндерді зерттеу көне түркі тілінің синтаксистік және лексикалық ерекшеліктерін, соның ішінде тұрақты сөз орамдарын анықтауға мүмкіндік береді. Моңғолия ғалымдары көне түркі тілінің нақты дереккөздерін зерттей отырып, тілдік фактілерді тіркеп, олардың бүгінгі түркі тілдеріне әсерін қарастырады.

**Түркі фразеологизмдерінің зерттелу бағыттары.** Түркі тілдері – тарихи туыстас, құрылымы мен лексикалық қоры жағынан ортақ белгілері мол тілдер тобы. Бұл тілдердегі фразеологиялық қор да ортақ дүниетаным мен мәдени негізге сүйенеді. Түркі фразеологизмдерін зерттеу XX ғасырдың ортасынан бастап ғылыми жүйеге түсті және бірнеше бағытта дамыды. Фразеологияны зерттеу барысында теориялық, лексикографиялық, семантикалық, салыстырмалы және когнитивтік бағыттар қалыптасты. Олар өзара тығыз байланысты және түркі тілдерінің фразеологиялық жүйесін кешенді түрде сипаттауға мүмкіндік береді.

Теориялық бағыт. Бұл бағытта фразеологизмдердің табиғаты, құрылымдық-морфологиялық ерекшелігі, мағыналық тұтастығы мен жасалу жолдары қарастырылады. Фразеологиялық мағына, тұрақтылық, даяр қалпында қолданылу – басты белгілер ретінде айқындалған. Мысалы, *«ит арқасы қиянда», «қол ұшын беру»* сияқты тіркестер құрамындағы сөздердің жеке мағынасы көмескіленіп, тұтас бір ұғымды білдіреді [6, 45 б].

Лексикографиялық бағыт. Фразеологизмдерді жинақтау, сөздікке енгізу және жүйелеу ісі І. Кеңесбаев, Ә. Болғанбаев, Ғ. Қалиев сияқты ғалымдардың еңбектерінде кеңінен көрініс тапқан. Қазақ тіліндегі алғашқы ірі фразеологиялық сөздік – І. Кеңесбаевтың еңбегі болса, өзбек, татар, қырғыз тілдерінде де осындай еңбектер жарық көрді [7, 61 б].

Семантикалық және этномәдени бағыт. Фразеологизмдердің бейнелілік табиғаты мен ұлттық дүниетанымдағы орнына ерекше көңіл бөлінеді.Мысалы, қазақ тіліндегі *«жүрегі тас», «жүрегі жұмсақ»* тіркестері адамның мінезін сипаттаса, түрік тіліндегі *«yüreği taş»* тіркесі де ұқсас мағына береді. Бұл – түркі халықтарының ортақ мәдени-танымдық жүйесін көрсетеді [8, 73 б].

Салыстырмалы-типологиялық бағыт. Бұл бағыт түркі тілдеріндегі фразеологизмдерді өзара салыстыра зерттейді. Негізгі мақсаты – олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау, тарихи дамуын көрсету. Мысалы, қазақ тіліндегі *«қол*

*қусырып отыру»* мен өзбек тіліндегі *«qo‘l qovushtirib o‘tirish»* тіркестері семантикалық және құрылымдық тұрғыдан бірдей. Бұл бағыттың ғылыми негіздері Н.К. Дмитриев пен А.Н. Кононов еңбектерінде қаланған. А.Н. Кононов *«Грамматика современного турецкого языка»* (1956) еңбегінде түрік тілінің фразеологиялық құрылымын жүйелесе, Н.К. Дмитриев *«Сравнительная грамматика тюркских языков»* (1962) атты еңбегінде түркі тілдерінің ортақ фразеологиялық үлгілерін салыстырмалы тұрғыда сипаттайды [9, 5 б.; 10, 23 б].

Когнитивтік және концептуалдық бағыт. Қазіргі кезеңде фразеологизмдер когнитивтік тұрғыдан, яғни адамның ойлау жүйесі мен мәдени санасындағы бейнелер ретінде қарастырылады. Бұл бағытта Н. Уәли, Г. Смағұлова, Ш. Сейітова сияқты ғалымдар зерттеу жүргізген. Мысалы, «жүрек» концептісін қамтитын тіркестер арқылы қазақ халқының эмоциялық және моральдық құндылықтарын көруге болады [11, 28 б].

Жалпы алғанда, түркі фразеологизмдерін зерттеу бағыттары уақыт талабына сай кеңейіп, классикалық құрылымдық-семантикалық талдаудан когнитивтік және мәдени-лингвистикалық интерпретацияға дейін жетілді. Бұл бағыттардың барлығының түпкі мақсаты – фразеологизмдердің ұлттық болмыс пен рухани мұрадағы орнын айқындау.

**Түркі фразеологиясын зерттеудегі қазіргі үрдістер.** Бүгінгі таңда фразеология тек тілдің бір саласы емес, сонымен қатар мәдениеттану, этнолингвистика және когнитивтік лингвистикамен тығыз байланыста қарастырылады. Қазіргі түркі фразеологиясында келесі бағыттар айқын байқалады:

- Фразеологизмдердің электрондық корпусын жасау;
- Автоматтандырылған талдау әдістерін қолдану;
- Көптілді салыстырмалы зерттеулер (қазақ–түрік–өзбек фразеологиясы);
- Фразеологизмдердің көркем әдебиеттегі қолданысын зерттеу.

Бұл жаңа бағыттар фразеологияның аясын кеңейтіп, оны пәнаралық деңгейге көтеруде.

Түркі фразеологизмдері – тілдің бейнелілік жүйесін, халықтың рухани мәдениетін танытатын құнды мұра. Фразеологизмдерді кешенді зерттеу – түркі халықтарының тарихи және мәдени байланыстарын тереңірек тануға жол ашады.

Қорыта айтқанда, ежелгі түркі фразеологиясын зерттеу тарихы - түркітану ғылымының дамуы мен өркендеу жолын айқын көрінісі. Әр дәуірдегі зерттеушілердің еңбектері бұл саланың ғылыми негізін қалыптастырып, түркі халықтарының ортақ рухани және тілдік мұрасын тануға зор үлес қосты. Кеңестік ғалымдар фразеологияны дербес тіл білімінің саласы ретінде қалыптастырып, оның теориялық негізін қалады. Ал Түркия мен Моңғолия ғалымдары көне мәтіндерді нақты дерек көзі ретінде талдап, фразеологизмдердің мәдени және тарихи табиғатын ашуға жол ашты. Қазақ түркологтары болса, көне түркі мен қазіргі қазақ тілінің арасындағы фразеологиялық сабақтастықты дәлелдеп, ұлттық тіл мен мәдениет бірлігінің дәйекті көрінісін көрсетті.Түркі фразеологизмдерін зерттеу бірнеше бағыттан тұрады. Алғашқы кезеңде теориялық және лексикографиялық мәселелерге назар аударылса, қазіргі кезеңде этномәдени және когнитивтік тұрғылар басымдыққа ие.

Менің ойымша, ежелгі түркі фразеологиясын зерттеу – тек тіл тарихын зерделеу емес, түркі халықтарының рухани тамырын, мәдени жалғастығын және дүниетанымдық бірлігін танытатын ерекше бағыт. Фразеологизмдер – халықтың өмірі мен ойлау жүйесін бейнелейтін мәңгілік тілдік қазына. Сондықтан бұл саланы зерттеу түркі өркениетінің мәдени кодын ашуға, ұлттық болмыс пен тарихи жадыны сақтауға мүмкіндік береді. Бұл бағыттағы зерттеулер түркі тілдерінің тарихи дамуын терең түсінуге, ұлттық мәдениет пен тіл байлығын сақтауға және болашақ ұрпаққа жеткізуге зор үлес қосады. Бұл тақырып тек өткеннің ізі ғана емес, бүгінгі түркі дүниесінің тұтастығын танытатын құндылық деп ойлаймын.

**Пайдаланылған әдебиеттер**

1.В. В. Радлов Из Сибири: страницы дневника. - М.: ГРВЛ, 1989. 749 б.

2.І. Кеңесбаев Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. - Алматы, 1977. 712 б.

3.Ә.Т. Қайдаров Қазақ тілінің өзекті мәселелері. - Алматы, 1998. 208 б.

4.Р.Сыздық Қадырғали Жалайырдың «Жамиғат-тауарих» атты шығармасындағы тұрақты тіркестер - Алматы, 1989. 243 б.

5.Р.А. Авакова Фразеологиялық семантика. - Алматы, 2002. 150б.

6.Ә. Болғанбаев Қазақ тілінің лексикологиясы- Алматы, 1988. 143б.

7.Ғ.Қалиев, Ә.Болғанбаев Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. - Алматы, 2006. 265 б.

8.Г. Смағұлова, Фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспектілері. - Алматы: Елтаным, 2007. 244б.

9.А.Н. Кононов «Грамматика современного турецкого языка». - Москва, 1956. 569 б.

10.Н.К. Дмитриев «Сравнительная грамматика тюркских языков». - Москва, 1962. 127 б.

11.Н. Уәли Қазақ фразеологиясының когнитивтік негіздері. - Алматы: Қазақ университеті 2015. 235 б.

ӘОЖ: 94:1751:3456

## ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕГІ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ КОНТЕНТТЕР

**Рамазанова Б.Қ.**
*Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасы*
*Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің магистранты*
balausa228@gmail.com
**Қамарова Н.С.**
*ф.ғ.к., профессор*

***Аннотация:*** *Статья посвящена особенностям развития казахскоязычного контента в социальных сетях. Рассматриваются основные проблемы его формирования, включая языковую грамотность, терминологическую несогласованность и стилистическую разрозненность. Отмечается роль социальных сетей в укреплении позиций казахского языка и повышении его привлекательности среди молодёжи. Подчёркивается необходимость поддержки со стороны государства и медиасферы для дальнейшего развития качественного контента на родном языке.*

***Ключевые слова:*** *казахский язык, социальные сети, контент, цифровая среда, языковая культура.*

## Kazakh-language content on social networks

***Annotation:*** *The article analyzes the development of Kazakh-language content on social media. It focuses on key challenges such as linguistic literacy, terminological inconsistency, and stylistic imbalance. The role of social networks in strengthening the position of the Kazakh language and increasing its appeal among young audiences is highlighted. The need for governmental and media support to ensure sustainable growth of high-quality native-language content is emphasized.*

***Keywords:*** *Kazakh language, social networks, content, digital environment, linguistic culture.*

Қазақ қоғамында цифрлық коммуникация кеңістігіне ену үрдісі соңғы жылдары қарқынды дамыды. Бұқаралық ақпарат құралдарының дәстүрлі түрлерін әлеуметтік желілер алмастырып, ақпарат тарату мен пікір қалыптастырудың басты тетігіне айналды. Әлеуметтік желілер бүгінде қоғамдағы ойды, мәдениетті және тілдік бейнені қалыптастыратын ең ықпалды ортаға айналып отыр [1, 15 б.]. Қазақ тілді контенттің әлеуметтік желілерде таралуы – ұлттық тілдің жаңа кеңістіктегі өміршеңдігін көрсететін маңызды құбылыс. Бұл үдеріс тек тіл қолданысының сандық өсімімен ғана емес, оның сапалық, мәдени және мазмұндық деңгейімен де ерекшеленеді. Қазақ тілінің әлеуметтік желілердегі қолданысы адамдардың күнделікті қарым-қатынасында, ақпарат алмасуында, шығармашылық өнімдерінде жаңа сипатқа ие болып отыр. Тілдің бұл кеңістіктегі дамуы оны бейресми және еркін қолданыс аясына енгізіп, жаңа стильдік қабаттарды қалыптастыруда [2, 47 б.].

Әлеуметтік желілер – қазіргі ақпараттық қоғамдағы мәдени кодтың айнасы. Онда ұлттың дүниетанымы, тілдік бейнесі және заманауи ойлау жүйесі тоғысады. Қазақ тіліндегі контент осы ортада ұлттық болмысты сақтаумен қатар, оны жаңа формада көрсетуге бағытталған. Қазақы әзіл мен заманауи иронияны ұштастырған бейнежазбалар, ұлттық құндылықтарды насихаттайтын парақшалар мен медиажобалар тілдің бейімделгіштігін дәлелдейді [3, 21 б.]. Әлеуметтік желілердегі қазақ тіліндегі материалдардың сапасына қатысты өзекті мәселелер де бар. Көп жағдайда тілдік нормалардың сақталмауы, сөз қолданысындағы калькалар мен орысша-ағылшынша құрылымдардың әсері байқалады. Бұл – тек тіл мәдениетінің мәселесі емес, цифрлық сауаттылық пен медиаэтиканың көрінісі. Осы тұрғыдан алғанда, әлеуметтік желілердегі қазақ тілінің даму бағыты тек лингвистикалық емес, социомәдени және идеологиялық аспектілермен де ұштасып жатыр [4, 63 б.]. Қазақ тіліндегі контенттің әлеуметтік желілерде орныгуы ұлттық сана мен тілдік сәйкестіктің сақталуына да ықпал етеді. Тілдің медиа кеңістікте белсенді қолданылуы жастардың тілге деген көзқарасын өзгертіп, қазақ тілін тек ресми не тұрмыстық қарым-қатынастың құралы емес, шығармашылық және өзін-өзі танытудың тіліне айналдыруда. Осы тұрғыдан алғанда, әлеуметтік желілердегі қазақ тілді кеңістік – тілдің болашағын айқындайтын стратегиялық алаң болып отыр [5, 32 б.].

Қазақ тіліндегі контент пен оның әлеуметтік желілердегі даму бағыты туралы ғылыми көзқарастар соңғы жылдары кеңейіп келеді. Зерттеушілердің көпшілігі бұл құбылысты тек тілдік тұрғыдан емес, әлеуметтік, мәдени және технологиялық үдерістердің тоғысы ретінде қарастырады. Осы бағыттағы еңбектерде қазақ тілінің интернет пен медиа кеңістіктегі трансформациясы, жаңа коммуникативтік стильдің қалыптасуы, сондай-ақ ұлттық тілдің цифрлық бейімделуі жан-жақты талданған [6, 41 б.]. Т. Омарованың зерттеуінде әлеуметтік желілердің тілге тигізген ықпалы мен қазақ аудиториясының цифрлық мінез-құлқы сараланған. Ғалым әлеуметтік желілердегі тілдік қолданыстың халықтың тілдік белсенділігіне және сөздік қордың байытылуына оң әсер еткенін атап өтеді. Автордың пікірінше, қазақ тіліндегі жаңа медиа контенттің қалыптасуы – ұлттық тілдің табиғи эволюциясының бір көрінісі [7, 55 б.]. Р. Әлібекова мен А. Молдағалиева еңбектерінде әлеуметтік желілерде таралатын қазақ тіліндегі бейнежазбалар мен мәтіндік материалдардың құрылымдық ерекшеліктері талданады. Авторлар контент жасаушылардың тілдік таңдауы, сөйлеу формалары мен дискурс сипаты арқылы ұлттық мәдени кодтың заманауи нұсқасын қалыптастырып жатқанын көрсетеді. Бұл тұрғыда зерттеушілер әлеуметтік медианың дәстүрлі мәдениет пен жаңа коммуникация арасындағы көпір рөлін атқарып отырғанын баса айтады [8, 73 б.]. Көптеген ғалымдар әлеуметтік желілердегі қазақ тілінің қолданысы тек тілдік құбылыс емес, қоғамдық таным мен ұлттық сана көрінісі екенін алға тартады. Олар желідегі контент арқылы қазақ тілінің бейресми, жандандырушы сипаты айқындалып, жастардың шығармашылық еркіндігіне жол ашылғанын көрсетеді. Бұл үдеріс тілдің өміршеңдігін арттырып қана қоймай, жаңа стильдік қабаттардың пайда болуына ықпал етеді [6, 44 б.]. Қазақ тіліндегі контентті зерттеушілер тілдің әлеуметтік желідегі көрінісін прагматикалық тұрғыдан да қарастырады. Яғни, тілдің

тек ақпарат жеткізу құралы емес, тұлғаның өзін-өзі таныту, аудиториямен байланыс орнату, эмоция мен көзқарасты білдіру тетігі ретіндегі қызметіне назар аударылады. Әсіресе, контентті қабылдау психологиясы мен оның аудиториялық әсері медиа тілтану саласында өзекті тақырыпқа айналды [7, 60 б.].

Қазақ тілі әлеуметтік желілердің белсенді әрі ықпалды бөлігіне айналып отыр. Бұрын тек ақпарат құралдарында немесе ресми салада қолданылып келген қазақ тілі енді жаңа коммуникациялық ортаға бейімделді. Бұл үдеріс қоғамдағы тілдік динамиканы түбегейлі өзгертті, себебі әлеуметтік желілер арқылы тіл тек ақпарат жеткізудің құралы емес, қоғамдық пікір мен мәдени ықпал тудырушы күшке айналды [9, 26 б.]. Қазақ тіліндегі контенттің қазіргі жағдайы көпқырлы сипатқа ие. Біріншіден, әлеуметтік желілерде қазақ тілінде ақпарат тарататын белсенді парақшалар мен арналар саны айтарлықтай артты. TikTok пен Instagram желілерінде қазақ тілінде әзіл, жаңалық, мотивация және білім беру бағытындағы бейнематериалдар жиі таралады. Бұл тенденция жастардың қазақ тілінде сөйлеп, ой бөлісуге деген еркіндігін арттырып отыр. Екіншіден, тілдің функционалдық ауқымы кеңейді: бұрын қазақ тілі көбіне тұрмыстық және мәдени мазмұнмен шектелсе, қазір бизнес, технология, сән, психология секілді тақырыптарда да кеңінен қолданылуда [10, 48 б.]. Қазақ тілді блогерлер мен медиа тұлғалардың көбеюі де маңызды фактор болып отыр. Олар қазақ тілін заманауи форматта ұсына отырып, тілдің қоғамдық беделін арттырады. Бұл бағыттағы жаңа буын контентмейкерлер бейнеформат, подкаст, қысқаметражды контент және инфографика сияқты құралдарды кеңінен пайдаланып жүр. Мұндай тәсіл тілдің бейімделу әлеуетін күшейтіп, қазақ тілінің медиакеңістіктегі өміршеңдігін арттырады [9, 29 б.].

Қазақ тіліндегі контенттің дамуы бірқатар мәселелермен де ұштасуда. Кейбір зерттеушілер бұл салада тілдік нормалардың бұзылуы, жаргон мен калькалық аудармалардың жиі кездесетінін атап өтеді. Бұл өз кезегінде тілді тұтынушылардың мәдени сауаты мен тіл тазалығына деген жауапкершілігін қажет етеді. Әлеуметтік желілердегі жазбалардың көпшілігі эмоциялық, бейресми сипатта болғандықтан, грамматикалық және орфографиялық нормалардың сақталмауы жиі байқалады [10, 52 б.]. Қазақ тіліндегі контенттің сапасы көбіне автордың тілдік және мәдени біліміне тәуелді. Кейбір блогерлер мен медиажобалар тілдің әуезділігін сақтап, ұлттың бейнесін эстетикалық тұрғыда көрсете білсе, енді бір бөлігі аудитория тарту мақсатында жеңіл, кейде тілдік нормадан тыс стильді ұстанады. Мұндай әркелкілік қазақ тілінің әлеуметтік желілердегі бейнесін күрделендіреді, бірақ бұл тілдің табиғи эволюциясының көрінісі болып табылады [11, 63 б.]. Соңғы жылдары мемлекеттік және қоғамдық ұйымдар да қазақ тілді контентті дамытуға көңіл бөліп келеді. «Qazaqsha content», «Ұлттық аударма бюросы» және «Til-Qazyna» сияқты жобалар әлеуметтік желілерде сапалы қазақ тіліндегі материалдарды көбейтуге бағытталған. Бұл бастамалар тек тілдік қана емес, мәдени миссия атқарып отыр. Мұндай үрдіс қазақ тілінің цифрлық кеңістіктегі орнын нығайтып, оны бәсекеге қабілетті коммуникациялық құрал ретінде қалыптастырады [9, 31 б.]. Қазақ тіліндегі контенттің қазіргі жағдайы – ұлттық тілдің жаңа дәуірдегі табиғи жалғасы. Ол қоғамдағы жаңғыру, цифрлану және өзіндік мәдени өрлеумен қатар өрбуде. Әлеуметтік желілер қазақ тілін тек сақтап қана қоймай, оны заманауи идеялар мен ұғымдарды жеткізудің тиімді құралына айналдырды. Осылайша, қазақ тілі бүгінде бейресми, шығармашылық және интеллектуалдық кеңістіктерде еркін қолданылатын заманауи тілдік жүйеге айналып келеді [11, 69 б.].

Қазақ тіліндегі контенттің дамуы мен таралуы қарқынды болғанымен, оның сапалық деңгейіне қатысты бірқатар күрделі мәселелер бар. Бұл мәселелердің негізінде тіл мәдениетінің сақталуы, терминологиялық үйлесім, аудиториялық қабылдау және цифрлық платформалардың техникалық ерекшеліктері жатыр. Әлеуметтік желілер кеңістігі бейресми әрі жылдам ақпарат алмасу алаңы болғандықтан, онда тіл нормалары жиі еленбейді, сөйлем құрылымы қарапайымданады, ал кейде грамматикалық сауаттылық екінші орынға ығыстырылады [12, 27 б.]. Қазақ тілді контенттің сапасын төмендетіп

отырған басты себептердің бірі – тілдік сауаттың жеткіліксіздігі. Көптеген қолданушылар мен контент жасаушылар қазақ тілін еркін меңгермегендіктен, жазбаларда қателер, фонетикалық бұрмалаулар, калькалық аудармалар мен сөйлем құрылысының жасанды үлгілері жиі кездеседі. Бұл жағдай тілдің көркемдігін ғана емес, аудиторияның сенімін де әлсіретеді. Кей зерттеушілер бұл құбылысты «медиа сауаттылықтың кемшілігі» деп атап, қазақ тілді кеңістіктегі тілдік мәдениетті қалыптастырудың жүйелі тетіктері қажет екенін айтады [13, 41 б.]. Контент жасаушылар арасында тілді эстетикалық және прагматикалық тұрғыдан қолдану мәдениетінің әркелкілігі байқалады. Біреулері қазақ тілінің бай сөздік қорын, фразеологиялық қазынасын тиімді пайдаланса, кейбірі тілдің табиғи нормасын бұзып, оны «аралас кодта» (қазақша-орысша-ағылшынша) жеткізеді. Мұндай көптілді араласу жиі кездесіп, сөйлеу мен жазудағы қазақ тілінің дербестігіне қауіп төндіреді [12, 33 б.].

Контент жасаудағы екінші маңызды мәселе – қазақ тіліндегі терминдер мен заманауи ұғымдардың тұрақсыздығы. Әлеуметтік желілердің техникалық лексикасы мен жаңа медиа формалары көбіне ағылшын немесе орыс тілінен тікелей алынған. Бұл сөздердің қазақ тіліне бейімделмеуі мазмұнның түсініктілігі мен тілдің табиғилығына әсер етеді. Мәселен, «пост», «сторис», «контент», «фид», «таргет» сияқты сөздер жиі қолданылады, бірақ олардың баламалары кеңінен қолданылмайды. Мұндай жағдай терминологиялық жүйесіздікке әкеліп, аудиторияда қабылдау қиындықтарын туғызады [14, 58 б.]. Сондай-ақ, кейбір контент авторлары стильдік нормаларды сақтамай, тілдің эмоционалды және бейресми формаларын тым жиі қолданады. Бұл – әлеуметтік желілердің табиғи заңдылығы болғанымен, мәдени және ресми мазмұндағы жазбаларда мұндай стильдің орынсыз пайдаланылуы тілдің беделін төмендетеді. Стилистикалық теңгерімнің сақталмауы, әсіресе, жастар аудиториясына бағытталған контентте жиі байқалады [13, 45 б.].

Көптеген қазақ тілді медиа парақшалар өз контентін басқа тілдегі материалдардан аударады. Бірақ бұл аудармалардың көпшілігі мазмұндық және мағыналық тұрғыдан дәл келмейді. Кей жағдайда түпнұсқа мәтіннің логикасы бұрмаланып, мағынасы толық жеткізілмейді. Мұның себебі – кәсіби аудармашылар мен редакторлардың жетіспеушілігі. Нәтижесінде қазақ тіліндегі материалдарда тілдік сәйкессіздік пен семантикалық дәлсіздік орын алады [12, 38 б.]. Ағылшын немесе орыс тілінен тікелей аударылған бейнематериалдарда сөйлеу құрылымдары, интонациялық ерекшеліктер және сөйлем реттілігі қазақ тілінің заңдылығына сәйкес келмейді. Бұл көрініс тек тілдің сапасына емес, көрерменнің қабылдауына да әсер етеді. Сондықтан қазақ тіліндегі контентті қалыптастыруда тек тілдік қана емес, мәдени сәйкестік те басты назарда болуы тиіс [14, 62 б.].

Қазақ тіліндегі контентті дамытуда техникалық кедергілер де аз емес. Әлеуметтік желілердің алгоритмдері көбіне ағылшын және орыс тіліндегі материалдарға басымдық береді. Бұл қазақ тілінде жасалған контенттің көрінуін, таратылуын және ұсынылу жиілігін төмендетеді. Мұндай жағдайда сапалы қазақша материалдар көпшілікке жетпей, аудитория ауқымы шектеулі болып қалады. Осы себепті қазақ тілді авторлар жиі басқа тілде жазуға мәжбүр болады [13, 49 б.]. Қазақ тілінің алгоритмдік кеңістікте шектеулі көрінуі оның медиа ықпалын әлсіретеді. Сондықтан цифрлық платформалармен жұмыс істейтін контент жасаушылар мен мемлекеттік құрылымдар бұл бағытта бірлескен бастамалар әзірлеуі қажет. Бұл – тілдің медиаэкожүйедегі толыққанды орны мен болашағын қамтамасыз ететін факторлардың бірі [14, 67 б.]. Қазақ тіліндегі контентті дамыту үдерісінде тілдік сауат, терминологиялық жүйе, аударма сапасы және технологиялық бейімделу мәселелері шешімін қажет етеді. Тілді цифрлық ортаға бейімдеу тек техникалық қадам емес, ол – мәдени, идеологиялық және білімдік жауапкершілікті талап ететін ұлттық міндет [12, 43 б.].

Қазақ тілінің әлеуметтік желілердегі қолданысын кеңейту мен сапалы контент қалыптастыру – қоғамның мәдени, ақпараттық және тілдік саясатымен тығыз байланысты ұзақмерзімді үдеріс. Бұл бағытта тиімді стратегиялар кешенді тәсілмен іске асырылуы тиіс,

өйткені тіл тек қарым-қатынас құралы емес, ұлттық таным мен заманауи ойлау мәдениетінің өзегі болып табылады [15, 37 б.]. Қазақ тіліндегі контенттің тұрақты дамуы үшін мемлекеттік құрылымдар мен қоғамдық ұйымдардың үйлесімді ынтымақтастығы қажет. Тіл саясатының негізгі бағыттарының бірі ретінде цифрлық контент өндірісін қолдау, гранттық бағдарламалар енгізу, жас контентмейкерлерге арналған шығармашылық байқаулар мен медиа акселераторлар ұйымдастыру маңызды. Мұндай бастамалар тек материалдық емес, идеологиялық мотивация береді. Медиа саласында жұмыс істейтін жастардың тілдік шеберлігін арттыруға бағытталған «Qazaq Media Lab» және өңірлік жастар студияларының тәжірибесі қазақ тілді контенттің сапасын жақсартуға айтарлықтай әсер етіп келеді [16, 42 б.]. Қазақ тіліндегі контент жасаушылардың басым бөлігі кәсіби медиабілімге ие емес. Сондықтан тіл мен журналистика, SMM, графикалық дизайн және сценарийлік шеберлікті ұштастыратын кешенді курстар мен оқу бағдарламаларын қалыптастыру өзекті. Университеттер мен медиа орталықтар арасында серіктестік орнатып, студенттердің әлеуметтік желілерде тәжірибелік контент жобаларын жүзеге асыруы қажет. Мұндай тәсіл жастарды тілдің жаңа формаларын меңгеруге, қазақша заманауи контент жасаудың технологиялық мәдениетін игеруге бағыттайды [15, 40 б.]. Оқу орындарында қазақ тіліндегі медиаөндіріс бағытында элективті пәндер мен зертханалық сабақтардың болуы тілдің цифрлық ортадағы мәртебесін арттырады. Бұл бағытта жоғары оқу орындары мен мемлекеттік БАҚ арасындағы тәжірибе алмасу, практикалық контент өндірісі және онлайн семинарлар жүйелі түрде жүзеге асырылуы тиіс [17, 55 б.].

Қазақ тілді контент дамуының сапалық өлшемі – бірізді терминология мен тілдік үйлесімнің сақталуы. Бұл бағытта «Ұлттық терминком» және тіл институттары жаңа медиа терминдерін тұрақты түрде жүйелеп, ресми бекітілген нұсқаларды қоғамға түсінікті форматта ұсынуы керек. Тілдік редакторлар мен контент продюсерлері үшін арнайы анықтамалықтар мен «медианорма» стандарттарын әзірлеу қажет. Бұл қазақ тілді жазбалардың сапасын көтеріп, стильдік біркелкілік орнатады. Осындай ғылыми-тәжірибелік бағыттағы жұмыстар тілдің медиакеңістіктегі орнықты дамуына ықпал етеді [16, 47 б.]. Қазақ тілді контенттің көрінуін арттыру үшін цифрлық платформаларда (YouTube, Instagram, TikTok, Telegram) қазақ тіліне техникалық бейімделу қажет. Іздеу жүйелерінде қазақша мәтін мен дыбыстық материалдардың индекстеу сапасын жақсарту, автоматты субтитрлеу мен дыбыстық тану жүйелерін жетілдіру өзекті. Бұл бағытта IT мамандар мен лингвистердің бірлескен жобаларының рөлі зор. Әлеуметтік желілердегі жарнама және алгоритм саясатында қазақ тіліне тең мүмкіндік берілуі тиіс. Бұл мәселе халықаралық платформа өкілдерімен келісім арқылы шешілуі мүмкін [17, 62 б.]. Қазақ тілінің заманауи контенттегі орны тек ақпарат таратуда емес, мәдени мағынаны қайта жаңғыртумен де өлшенеді. Сондықтан қазақ тіліндегі жобалар ұлттық дәстүрді, халықтық дүниетанымды және заманауи эстетиканы біріктіретін креативтік бағытта дамуы қажет. Қазақы мәдени код пен жаңа медиа формаларды ұштастыру арқылы тілдің тартымдылығы артады. Заманауи қысқаметражды фильмдер, подкасттар, TikTok-сериалдар мен интерактивті бейнеформаттар арқылы тілдің икемділігі, бейнелік қуаты мен коммуникативтік әлеуеті кеңейеді [15, 44 б.].

Қазақ тіліндегі контентті дамыту – тек тіл саясатының бөлігі емес, ол ұлттың мәдени, әлеуметтік және ақпараттық болашағын айқындайтын бағыт. Бұл үдеріс мемлекеттік қолдау, кәсіби даярлық, ғылыми-техникалық инновациялар және қоғамдық ынтымақтастық арқылы жүзеге асқанда ғана толық нәтижесін береді. Қазақ тілі осылайша жаңа медианың, заманауи ойлау мен шығармашылықтың басты тілдерінің біріне айналады [16, 50 б.]. Әлеуметтік желілердегі қазақ тіліндегі контент – ұлттық тілдің заманауи өмір сүру формасы мен мәдени бейімделуінің айғағы. Бұл кеңістік тек қарым-қатынас құралы ғана емес, қазақ тілінің шығармашылық әлеуетін, бейімделгіштігін және қоғамның дүниетанымдық өзгерісін көрсететін ортаға айналды. Цифрлық коммуникация арқылы қазақ тілі жаңа стильдік қабаттар мен сөйлеу формаларын иеленіп, оның қоғамдық беделі мен қолданылу аясы кеңейді.

Қазақ тіліндегі контенттің дамуы көпқырлы сипатқа ие: бір жағынан – тілдің қолданылу белсенділігі мен танымалдығы артып келеді, екінші жағынан – тіл мәдениеті, грамматикалық сауат және терминологиялық бірізділік мәселелері өзекті күйінде қалуда. Бұл екі бағыттың қатар жүруі тілдің эволюциялық табиғатын айқын көрсетеді. Тілді әлеуметтік желі контентіне бейімдеу – механикалық үдеріс емес, мәдени және идеологиялық мәні бар күрделі қоғамдық құбылыс. Қазақ тілінде контент өндірудің сапасын арттыру үшін кәсіби медиабілім беру, тілдік нормаларды бекіту және мемлекеттік қолдау жүйесін күшейту қажет. Әлеуметтік желілерде қазақ тілінің беделін арттыру – тек блогерлер мен медиа тұлғалардың емес, бүкіл қоғамның ортақ жауапкершілігі. Бұл бағытта мемлекеттік ұйымдар, жоғары оқу орындары мен қоғамдық бірлестіктердің өзара байланысы ерекше рөл атқарады. Тілдің жаңа медиада орнығуы оның табиғи икемділігін, заманауи терминдер мен құрылымдарды сіңіре алу қабілетін дәлелдейді. Қазақ тілінің әлеуметтік желідегі белсенділігі ұлттың мәдени әлеуетін нығайтып, жастардың тілге деген қызығушылығын арттыруда. Бұл үрдіс тілді тек коммуникациялық құрал емес, тұлғалық өзін-өзі білдіру мен ұлттық болмысты жаңаша ұғынудың тіліне айналдыруда. Қазақ тіліндегі контенттің болашағы оның сапасы мен жүйелілігіне байланысты. Егер тілдік нормалар сақталып, терминологиялық жүйе тұрақтандырылып, шығармашылық бағыттағы бастамалар қолдау тапса, қазақ тілі цифрлық кеңістікте өз орнын нықтайды. Тілдің цифрлық дәуірде өркендеуі – ұлттың мәдени иммунитетін сақтап, ақпараттық тәуелсіздігін қамтамасыз етудің негізгі алғышарты.

Қорытындысында, әлеуметтік желілердегі қазақ тіліндегі контенттің дамуы – ұлттық сана мен тіл мәдениетінің жаңа деңгейге көтерілгенінің көрінісі. Бұл үрдіс тек тіл тағдырына ғана емес, қоғамның рухани келбетіне, мәдени серпілісіне және болашақ ұрпақтың ойлау жүйесіне тікелей әсер ететін маңызды фактор болып отыр.

**Әдебиеттер тізімі:**


1. Сыдықова Г. Т. Медиа кеңістіктегі тіл және мәдениет. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 214 б.
2. Ермекова Г. С. Қазақ тілінің цифрлық коммуникациядағы қолданысы. – Астана: Фолиант, 2021. – 188 б.
3. Қайратова А. Ж. Қазақ тіліндегі заманауи медиадискурс: әлеуметтік желі контенті. – Алматы: ҚазҰУ баспасы, 2022. – 240 б.
4. Бейсенова Ж. М. Тіл және медиа: қазіргі коммуникация мәдениеті. – Алматы: Эверо, 2019. – 176 б.
5. Нұржанова Д. С. Ұлттық тіл және әлеуметтік желілер кеңістігі. – Шымкент: ОҚМПУ, 2023. – 205 б.
6. Омарова Т. Ә. Қазақ тілі және әлеуметтік желілер: коммуникация мен мәдениет тоғысы. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 198 б.
7. Әлібекова Р. М., Молдағалиева А. Қ. Жаңа медиа және қазақ тіліндегі контенттің ерекшеліктері. – Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2022. – 224 б.
8. Исаева Л. Н. Медиалингвистика: қазақ тілінің жаңа коммуникациялық кеңістігі. – Шымкент: ОҚМПУ баспасы, 2021. – 176 б.
9. Төлеубекова А. Р. Қазақ тілі және медиа кеңістік: заманауи үрдістер. – Алматы: Қазақ университеті, 2022. – 236 б.
10. Жұмабекова С. Н. Цифрлық дәуірдегі қазақ тілді коммуникацияның ерекшелігі. – Астана: Фолиант, 2023. – 192 б.
11. Ниязбекова А. Ә. Қазақ тілінің әлеуметтік желілердегі қолданыс мәдениеті. – Қызылорда: Болашақ, 2021. – 210 б.
12. Ахметова Л. Ш. Қазақ тілі және жаңа медиа: тілдік нормалар мен креативтік бағыттар. – Алматы: Арыс, 2022. – 220 б.
13. Мырзахмет Б. С. Медиакеңістіктегі тіл мәдениеті және контент сапасы. – Астана: Фолиант, 2023. – 192 б.

14. Ержанова А. Қ. Қазақ тілді цифрлық контенттің даму мәселелері. – Орал: М. Өтемісов атындағы БҚУ баспасы, 2021. – 204 б.
15. Сапарбекова Г. Ә. Қазақ тілді медиа және коммуникация мәдениеті. – Алматы: Қазақ университеті, 2021. – 230 б.
16. Айдосова Д. Қ. Контент өндірісі мен тілдік саясаттың өзара байланысы. – Астана: Фолиант, 2023. – 198 б.
17. Нұрқасымова Ж. Е. Цифрлық платформалардағы қазақ тілінің дамуы мен әлеуеті. – Шымкент: ОҚМПУ баспасы, 2022. – 216 б.

ӘОЖ: 94:1751:5678

# ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ГРАММАТИКАЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫНДАҒЫ ТҮРКІЛІК САБАҚТАСТЫҚ

**Рахимжанова Озипа**
**Кушкимбаева А.С.**
*PhD., профессор.*
*Қазақ тілі және әдебиеті кафедрасы*
*Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті*

***Резюме.*** *В статье рассматриваются особенности формирования и исторического развития грамматической структуры казахского языка в контексте тюркского языкового наследия. Раскрыта преемственность между древнетюркской и современной казахской грамматикой, показано сохранение основных морфологических и синтаксических закономерностей, характерных для всей тюркской языковой системы. Особое внимание уделено этапам становления казахского языка как самостоятельной системы, а также сохранению древних языковых форм в современных грамматических категориях. Исследование подчеркивает, что развитие грамматики казахского языка происходило не изолированно, а в тесной связи с общетюркской культурно-языковой традицией, что обеспечило устойчивость его структуры и богатство выразительных средств.*

***Ключевые слова:*** *казахский язык, тюркские языки, грамматическая система, историческая преемственность, морфология, синтаксис*.

**Turkic continuity in the formation of the grammatical structure of the kazakh language**

***Abstract:*** *The article examines the formation and historical development of the grammatical structure of the Kazakh language within the context of the Turkic linguistic heritage. It highlights the continuity between Old Turkic and modern Kazakh grammar, emphasizing the preservation of key morphological and syntactic features characteristic of the Turkic language family. Special attention is given to the period of the Kazakh language's differentiation as an independent linguistic system and the retention of ancient grammatical forms in modern usage. The study concludes that the development of Kazakh grammar evolved through continuous interaction with the broader Turkic linguistic and cultural tradition, ensuring the stability and expressiveness of the language structure.*

***Keywords:*** *Kazakh language, Turkic languages, grammatical system, historical continuity, morphology, syntax.*

Қазақ тілі – түркі тілдер жүйесіндегі ең көне әрі күрделі құрылымдық жүйеге ие тілдердің бірі. Оның грамматикалық жүйесі ғасырлар бойы қалыптасқан тарихи процестердің, халықтың әлеуметтік-мәдени дамуының және этникалық ерекшеліктерінің

көрінісі болып табылады [1, 12б]. Әрбір грамматикалық тұлға мен морфологиялық құрылымның артында көне дәуірлерден жалғасып келе жатқан тілдік тәжірибе мен ортақ түркілік негіз жатыр. Қазақ тілі мен басқа түркі тілдерінің арасындағы сабақтастық – кездейсоқ ұқсастық емес, тарихи тамырлас дамудың табиғи нәтижесі. Түркі халықтарының жазба ескерткіштері, әсіресе Орхон-Енисей және Талас жазбалары, қазіргі қазақ тілінің грамматикалық құрылымымен тікелей байланыста. Ондағы сөз тұлғалары, жалғау жүйесі мен сөз тудыру тәсілдері қазақ тілінің морфологиялық жүйесінің қалыптасуында шешуші рөл атқарған [2, 45б]. Қазақ тілінің грамматикалық құрылымы агглютинативті сипатымен ерекшеленеді. Бұл қасиет көне түркі тілдерінде де айқын байқалады. Түбірге қосымша жалғау арқылы мағынаны түрлендіру тәсілі – бүкіл түркі тілдеріне ортақ заңдылық. Көне түркі тіліндегі «бартым», «келтім» сияқты формалар қазіргі қазақ тіліндегі «бардым», «келдім» тұлғаларымен тікелей сабақтас [3, 22б]. Осындай тарихи үндестік тілдің үздіксіз дамуы мен жүйелілігін дәлелдейді. Тарихи тұрғыдан қарағанда, қазақ тілі бір ғана этностың тілдік жүйесі ретінде емес, тұтас түркі әлемінің мәдени және тілдік мұрасының жалғасы ретінде дамыды. Грамматикалық категориялардың қалыптасуы, сөзжасамдық модельдердің тұрақтануы және сөйлем құрылысының жүйеленуі – бәрі де көне түркі дәуірінен бастау алған үдерістің нәтижесі [4, 87б]. Қазақ тілінің морфологиялық және синтаксистік құрылымдарына тән ерекшеліктер – жалғаулардың үндесуі, жіктік және септік жүйелерінің бірізділігі, етістіктің шақ, рай, есімше формаларының тұрақтылығы – түркі тілдеріндегі ортақ белгілермен сабақтасып жатыр. Бұл заңдылықтардың сақталуы қазақ тілінің табиғи дамуында тарихи жадтың мықтылығын және тілдің ішкі жүйесінің беріктігін көрсетеді [5, 63б]. Қазақ тілінде уақыт өте келе халықтың тұрмыс-тіршілігіне, этникалық болмысына және ойлау жүйесіне сай жаңа грамматикалық реңктер мен қолдану ерекшеліктері қалыптасты. Алайда бұл өзгерістер тілдің түркілік түпқалпын бұзған жоқ, керісінше, оны байыта түсті. Тіл дамуының негізгі өзегі – сабақтастық пен бейімделгіштік. Осы тұрғыдан алғанда, қазақ тілі түркі тілдерінің тарихи тамырымен тығыз байланысты бола отырып, өзіндік грамматикалық жүйесін қалыптастырған дербес тіл ретінде танылды [6, 54б]. Қазақ тілінің грамматикалық құрылымын түркілік сабақтастық тұрғысынан қарастыру – тілдің тарихи болмысын терең түсінуге жол ашады. Бұл бағыттағы зерттеулер тілдің жүйелілігі мен біртұтастығын, ұлттың рухани және мәдени бірлігін айқындайды. Себебі грамматика – тілдің тек құрылымдық негізі ғана емес, халықтың дүниетанымы мен мәдени жадын бейнелейтін рухани жүйе [7, 39б].

Қазақ тілінің грамматикалық құрылымының қалыптасуын зерттеу – түркітану ғылымының басты бағыттарының бірі. Бұл салада жүргізілген еңбектер негізінен қазақ тілін көне түркі мұраларымен, орта түркі және жаңа дәуір ескерткіштерімен салыстыра талдауға бағытталған. Ғалымдар тілді тарихи сабақтастық тұрғысынан қарастыра отырып, грамматикалық категориялардың даму эволюциясын анықтауға ерекше мән берген [8, 17б]. Түркі тілдерінің ортақ жүйесін сипаттаған алғашқы зерттеулер XIX ғасырдың екінші жартысынан бастау алады. Сол кезеңде В. Радлов, В. Томсен, С. Малов сынды түркітанушылар көне түркі жазба ескерткіштерін талдап, қазіргі түркі тілдерінің құрылымымен салыстырмалы негізде зерттеу жүргізді. Олардың еңбектерінде қазақ тіліне тән грамматикалық белгілердің бастауы Орхон, Енисей және Талас жазбаларынан тарайтыны айтылады [9, 62б]. Бұл ғылыми тұжырым кейінгі кезеңде қазақ ғалымдары еңбектерінде нақты мысалдар арқылы дәлелденді. Кеңес дәуірінен бастап қазақ тіл білімінде грамматикалық құрылымның тарихи дамуы жүйелі бағытқа ие болды. С. Аманжолов, І. Кеңесбаев, Ғ. Мұсабаев еңбектерінде тілдің морфологиялық және синтаксистік ерекшеліктері көне түркі дәуірімен сабақтастырыла талданды. Олар қазақ тіліндегі қосымшалардың табиғатын, түбір мен аффикстердің байланысын, сөзжасам тәсілдерінің тарихи негізін нақты мысалдармен көрсетті. С. Аманжолов қазақ тіліндегі көптік және септік жалғаулардың формасы мен қызметін Орхон ескерткіштеріндегі тұлғалармен салыстыра келіп, олардың бір ізділігін дәлелдеген [8, 21б]. Қазіргі кезеңде қазақ тілінің грамматикалық құрылымын түркілік жүйеде қарастыру бағытында жаңа

әдістемелік тәсілдер қолданылуда. Бұл бағыттағы еңбектерде тек тарихи параллельдер ғана емес, тілдің ішкі заңдылықтары мен типологиялық ұқсастықтары да терең талданады. Қазіргі зерттеушілер грамматикалық категориялардың дамуын тілдің когнитивтік және мәдени қырларымен байланыстырып қарастыруға ұмтылуда. Осы арқылы қазақ тілінің құрылымындағы түркілік сабақтастық тек формалды ұқсастық деңгейінде емес, тұтас тілдік дүниетанымның көрінісі ретінде түсіндіріледі [9, 65б].

***Резюме.*** *В статье рассматриваются научно-методические основы обучения выразительным языковым средствам в казахском языке. Автор раскрывает сущность и функции изобразительно-выразительных средств речи, их значение в формировании языковой личности учащегося и развитии творческого мышления. Особое внимание уделено этапности обучения, роли учителя в организации процесса и эффективности личностно-ориентированного подхода. В работе представлена целостная методическая система, объединяющая лингвистический, когнитивный и культурологический аспекты преподавания.*

***Ключевые слова:*** *казахский язык, выразительные средства, методическая система, языковая личность, обучение, творческое мышление.*

## Scientific and methodological foundations of teaching expressive linguistic means in the kazakh language

***Abstract:*** *The article explores the scientific and methodological foundations of teaching expressive linguistic means in the Kazakh language. The research focuses on the linguistic nature and didactic value of expressive tools, emphasizing their role in developing students’ linguistic awareness and creative abilities. The author highlights the importance of a step-by-step teaching structure, teacher’s methodological competence, and the effectiveness of a personality-oriented approach. The study proposes an integrated methodological framework that combines linguistic, cognitive, and cultural dimensions of teaching.*

***Keywords:*** *Kazakh language, expressive means, methodological system, linguistic personality, teaching process, creative thinking.*

Заманауи білім беру жүйесінде тілді тек қарым-қатынас құралы ретінде емес, тұлғаның рухани, мәдени және танымдық дамуының негізгі өзегі ретінде қарастыру өзекті болып отыр. Әсіресе қазақ тілін оқыту үдерісінде оқушыны тек грамматикалық құрылымдармен таныстыру жеткіліксіз, маңыздысы – тілді көркемдік бейнелеу қуатымен бірге қабылдату. Сол себепті, көріктеуіш тілдік құралдарды оқыту әдістемесін ғылыми тұрғыда жетілдіру мәселесі қазіргі әдістеме ғылымының басты бағыттарының бірі болып саналады [1, 12б]. Көріктеуіш тілдік құралдар – тілдің эстетикалық табиғатын танытатын ерекше қабат. Олар арқылы халықтың дүниетанымы, ұлттық мінезі, мәдени қазынасы мен көркем ойлау жүйесі көрініс табады. Тілді бейнелі меңгеру дегеніміз – сөздің тура мағынасының ар жағындағы ойды, бейнені, эмоциялық реңкті түсіну. Сондықтан бұл тақырып оқушының шығармашылық ойлау қабілетін қалыптастырумен тікелей байланысты [2, 45б]. Жалпы білім беретін мектептерде қазақ тілін оқыту барысында көріктеуіш құралдарға назар көбіне әдебиет сабағында аударылады. Ал қазақ тілі сабағында бұл элементтерге әдістемелік жүйе деңгейінде тұрақты орын беріле бермейді. Осыдан барып оқушылардың тілдік талғамы, көркем ойды тану қабілеті толық дамымайтыны байқалады. Мұндай олқылық тіл мен әдебиеттің өзара байланысын кешенді қарастыру қажеттілігін алға тартады [3, 28б]. Қазіргі әдістемеде тілді оқытудың тұлғалық және құзыреттілік тұрғыдан жаңаша парадигмасы қалыптасуда. Бұл бағыт оқушылардың тіл арқылы шығармашылық тұлға ретінде дамуын көздейді. Осы тұрғыдан алғанда, көріктеуіш тілдік құралдарды оқыту – тілдік тұлға қалыптастырудың тиімді жолдарының бірі. Себебі, оқушыны көркем сөзбен жұмыс істеуге, ойды бейнелі жеткізуге, өз пікірін мәдени тұрғыда айтуға дағдыландырады [4, 63б]. Көріктеуіш құралдарды меңгертудің ғылыми-әдістемелік негіздерін айқындау – тек тілдік материалды игерту емес, оқушының эмоциялық интеллектісін, эстетикалық сезімін және тілдік талғамын дамытуға бағытталған жүйе құруды талап етеді. Бұл міндет қазіргі заман мұғалімінен теория мен тәжірибені ұштастыра отырып, оқыту процесін жаңа деңгейге көтеруді қажет етеді [5, 19б].

Қазақ тіл білімінде көріктеуіш тілдік құралдар мәселесі әр кезеңде түрлі бағытта зерттеліп, тілдің көркемдік табиғатын тануда маңызды рөл атқарған. Бұл ұғым тек әдебиеттанудың ғана емес, тілдің ішкі бейнелеу мүмкіндігін ашатын лингвистикалық категория ретінде де қарастырылады. Тілдегі көріктеуіш құралдар – адамның қоршаған ортаны қабылдауындағы эмоционалды және ассоциативті тәжірибенің тілдегі көрінісі болып табылады [6, 41б]. Көріктеуіш тілдік тәсілдердің зерттелу тарихына көз жүгіртсек, олардың алғашқы теориялық негіздері А. Байтұрсынұлының еңбектерінде айқындалған. Ғалым сөз өнерінің көркемдік табиғатын ашуда тілдік бейнелеу құралдарының рөлін ерекше көрсетіп, оларды ой мен сезімді жеткізудің басты тәсілі ретінде сипаттайды. Кейін бұл бағытты І. Кеңесбаев, М. Серғалиев, Р. Сыздық және басқа ғалымдар тереңдете зерттеп, қазақ тіліндегі бейнелілік пен эстетикалық әсердің тілдік тетіктерін анықтаған [6, 44б]. Соңғы жылдары көріктеуіш құралдарды оқыту әдістемесі де ғылыми тұрғыдан жаңаша қарастырылуда. Қазіргі педагогикалық зерттеулерде тілдік бірліктерді механикалық үйретуден гөрі, олардың когнитивтік және мәдени аспектілерін қатар меңгертуге басымдық беріледі. Мұндай көзқарас тілді оқытудың тұлғалық бағыттағы моделіне сәйкес келеді. Осы тұрғыдан алғанда, көріктеуіш құралдарды оқыту тек тілдік білім берудің бір бөлігі ғана емес, оқушының дүниетанымын, мәдени талғамын және бейнелі ойлау қабілетін қалыптастырудың тиімді тетігі ретінде қарастырылады [7, 32б]. Әдістемелік тұрғыдан алғанда, көріктеуіш құралдарды меңгертудің тиімділігі олардың тілдік табиғатын түсіндірумен ғана шектелмейді. Ең бастысы – оқушыны көркем мәтінмен жұмыс істеуге, сөздің ішкі мағынасын ашуға, бейнелі ойды сезінуге үйрету. Бұл процесте мұғалімнің шеберлігі мен әдістемелік даярлығы айрықша маңызға ие. Өйткені көріктеуіш тілдік құралдардың мәнін түсіндіру үшін оқушы тек тілдік талдау емес, эмоционалдық және эстетикалық талдауға да дағдылануы тиіс [7, 36б]. Әдебиеттерді саралай келе, қазіргі әдістеме ғылымында көріктеуіш тілдік құралдарды оқыту мәселесі үш бағытта дамып келе жатқанын байқауға болады:

Лингвистикалық бағыт – көріктеуіш құралдардың түрлері мен қызметін тілдік жүйе тұрғысынан сипаттау.

Психолингвистикалық бағыт – оқушының көркем ойды қабылдау және бейнелі ойлау қабілетін дамыту тетіктерін қарастыру.

Дидактикалық бағыт – сабақта қолданылатын әдіс-тәсілдер мен оқу материалдарын тиімді құрылымдау.

Осы бағыттардың тоғысында көріктеуіш тілдік құралдарды оқыту әдістемесінің жаңа ғылыми-әдістемелік жүйесі қалыптасып келеді. Мұндай жүйе қазақ тілін оқытудың сапасын арттырып, оқушының тілді көркем, бейнелі тұрғыдан сезіну қабілетін жетілдіруге жол ашады.

Тіл – адамзат мәдениетінің басты көрінісі, ал сол тілдің көріктеуіш қабаты оның рухани болмысы мен ұлттық дүниетанымын айқындайтын ерекше жүйе болып саналады. Көріктеуіш тілдік құралдар адамның ойы мен сезімін бейнелі түрде жеткізетін тілдік бірліктер жиынтығы ретінде танылып, тілдің эстетикалық қызметін жүзеге асырады. Бұл ұғым тек поэтикалық категория емес, тілдің когнитивтік және семантикалық құрылымымен тікелей байланысты құбылыс [8, 27б]. Қазақ тіл білімінде көріктеуіш құралдардың табиғаты ұзақ уақыт бойы әдебиеттану саласында қарастырылып келді. Алайда XX ғасырдың екінші жартысынан бастап лингвистикада тілдің көркемдік қырын зерттеуге ерекше назар аударылды. Бұл кезеңде тілдің бейнелеу мүмкіндігі сөздің ішкі семантикасы мен контекстік қызметі арқылы талдана бастады. Көріктеуіш құралдар енді тек эстетикалық тәсіл ретінде емес, тіл мен ойлау жүйесінің өзара байланысын танытатын когнитивтік модель ретінде түсіндірілді [8, 31б]. Көріктеуіш тілдік құралдарға эпитет, метафора, теңеу, метонимия, гипербола, литота, кейіптеу, символ сияқты түрлер жатады. Бұл элементтер сөйлеу мен жазба тілде әртүрлі қызмет атқарады: бірде эмоциялық әсер туғызса, енді бірде логикалық екпінді күшейтеді немесе мағыналық дәлдікке ықпал етеді. Мәселен, эпитет заттың немесе құбылыстың ерекше белгісін бейнелей отырып, сөйлемге көркемдік рең береді. Ал метафора – ұқсастыққа негізделген ауыспалы мағына құбылысы, ол ойды жаңа қырынан көрсетуге мүмкіндік жасайды. Осылайша, көріктеуіш құралдардың әрқайсысы сөйлеу процесінде эстетикалық және танымдық қызмет атқарады [9, 42б]. Лингвистикалық тұрғыдан алғанда, көріктеуіш құралдардың басты ерекшелігі – олардың қос мағыналылық пен ассоциацияға негізделуі. Мұндай тәсілдер арқылы сөздің тура мағынасы кеңейіп, жаңа бейнелік мәнге ие болады. Бұл тілдің дамуындағы ең күрделі әрі табиғи құбылыстардың бірі. Қазақ тіліндегі “алтын күз”, “қатал тағдыр”, “тас жүрек” сияқты тіркестерде метафора мен эпитеттің өзара қабаттасуы байқалады. Мұндай тіркестердің көмегімен сөйлеуші шынайы бейнені тек сипаттап қана қоймай, соған өзінің бағасын, эмоциясын, көзқарасын енгізеді [8, 35б]. Көріктеуіш тілдік құралдардың қызметін зерттеу барысында олардың тек сөз деңгейінде емес, мәтін және дискурс деңгейінде де көрініс табатыны анықталды. Себебі көркемдік элементтер мәтіннің тұтастығын, авторлық позицияны және коммуникативтік әсерді қалыптастырады. Мысалы, эпитет пен метафораның жүйелі қолданысы кейіпкердің психологиялық портретін ашуға, мәтінге эмоционалды тереңдік беруге ықпал етеді. Осы себепті қазіргі тіл білімінде көріктеуіш құралдарды дискурстық құрылымның құрамдас бөлігі ретінде қарастыру үрдісі кеңінен дамуда [9, 47б]. Көріктеуіш құралдарды түсіндіруде ұлттық таным мен мәдени код мәселесі де маңызды орын алады. Әрбір халықтың тіліндегі бейнелеу жүйесі сол ұлттың өмір салты, әдет-ғұрпы мен дүниетанымымен тікелей байланысты. Қазақ тіліндегі көркем сөз үлгілерінде табиғат пен адам арасындағы рухани бірлік, кеңістік пен уақытқа деген көзқарас ерекше көрініс тапқан. Бұл тұрғыдан алғанда, көріктеуіш құралдарды оқыту барысында тек тілдік талдау емес, ұлттық мәдени мағынаны ашу да әдістемелік міндетке айналады [8, 39б]. Көріктеуіш тілдік құралдар тілдің көркемдік табиғатын айқындайтын күрделі жүйе ретінде, әрі оқушылардың эстетикалық ойлауын дамытуға ықпал ететін маңызды лингвистикалық категория ретінде танылады. Оларды ғылыми тұрғыдан талдау – қазақ тілінің құрылымдық байлығын ғана емес, оның рухани және мәдени құндылығын да терең тануға мүмкіндік береді.

Білім беру кеңістігінде қазақ тілін оқытудың басты мақсаты – оқушының тілдік құзыреттілігін қалыптастырумен қатар, оның шығармашылық және бейнелі ойлау қабілетін дамыту болып отыр. Осы тұрғыда көріктеуіш тілдік құралдарды меңгерту тек тілдік материалды үйрету емес, оқушының рухани және мәдени дамуына ықпал ететін маңызды педагогикалық процесс болып саналады [10, 24б]. Көріктеуіш құралдарды оқыту әдістемесі – тіл білімінің, педагогиканың және психолингвистиканың тоғысқан саласы. Ол тілдік құбылыстарды оқытуда тек ережелер мен үлгілерді меңгертумен шектелмей, оқушының тілдік түйсік, ассоциативтік ойлау және эстетикалық қабылдау қабілеттерін қалыптастыруды көздейді. Бұл – тұлғалық-бағдарлы оқыту қағидаларына сәйкес келетін, қазіргі әдістеме ғылымының маңызды бағыты [10, 29б]. Теориялық тұрғыдан алғанда, көріктеуіш құралдарды оқыту әдістемесінің негізінде үш ғылыми тұғыр жатыр: лингводидактикалық, когнитивтік және мәдени-танымдық бағыттар: Біріншіден, лингводидактикалық негіз тілдік бірліктерді жүйелі оқытуды қамтамасыз етеді. Мұнда оқушы көріктеуіш құралдың құрылымдық ерекшелігін, мағыналық реңкін және контекстегі қызметін түсінеді. Екіншіден, когнитивтік бағыт – оқушының ойлау әрекеті мен тілдік шығармашылығын дамытуға бағытталған. Яғни, оқушы көркем бейнені қабылдап қана қоймай, оны саналы түрде тудыра білуге дағдыланады. Үшіншіден, мәдени-танымдық тұрғыдан, көріктеуіш құралдарды үйрету арқылы ұлттық дүниетаным мен тілдік мәдениет қалыптасады. Себебі әрбір көркем сөз тіркесі халықтың өмірлік тәжірибесі мен эстетикалық талғамын бойына сіңірген [11, 35б]. Оқыту процесінде көріктеуіш тілдік құралдармен жұмыс кезең-кезеңмен жүргізілуі қажет:

Танымдық кезең – оқушыға көріктеуіш құралдардың мәні, түрлері және қызметі түсіндіріледі.

Практикалық кезең – мәтіндермен жұмыс, мысалдарды талдау, салыстыру және өз бетінше сөйлем құрастыру.

Шығармашылық кезең – оқушы көріктеуіш құралдарды қолдана отырып, өзіндік мәтіндер, эссе, көркем суреттемелер жазады.

Мұндай сатылы тәсіл оқушының тілдік дағдыларын жүйелі түрде дамытып, оның жеке ойлау стилін қалыптастырады [10, 32б]. Сабақ үдерісінде тиімді әдістердің бірі – интербелсенді оқыту. Оқушыларға мәтіннен эпитет пен метафораны табу, олардың қызметін талдау, кейін өз мысалдарын құрастыру сияқты тапсырмалар ұсынылады. Бұл тәсіл оқушыны тек тыңдаушы емес, белсенді зерттеуші деңгейіне көтереді. Ақпараттық ортада көріктеуіш құралдарды үйрету үшін цифрлық ресурстар мен мультимедиялық материалдарды қолдану да өз тиімділігін көрсетіп отыр. Мәселен, өлең жолдары мен көркем бейнелерді біріктіре көрсету, бейнероликтер арқылы көркем мәтінді талдау оқушылардың қызығушылығын арттырады [11, 39б]. Ғылыми тұрғыдан алғанда, көріктеуіш құралдарды меңгерту әдістемесі тілдің функционалдық қызметін терең ұғындыруға бағытталады. Тілдің бұл қабаты арқылы оқушы сөздің бейнелік мағынасына үңіліп, мәтінді эстетикалық тұрғыдан қабылдай бастайды. Осындай сабақтар оқушының тілдік мәдениетін көтеріп қана қоймай, оның эмоциялық интеллектісін, яғни тіл арқылы сезіну қабілетін де дамытады.

Көріктеуіш тілдік құралдарды меңгертудің әдістемелік жүйесі – тілдік, психологиялық және мәдени аспектілердің тоғысында қалыптасатын күрделі педагогикалық құрылым. Бұл жүйенің басты мақсаты – оқушыны тілдің бейнелеу қуатын саналы түрде қабылдап, оны өз сөзінде орынды қолдана алуға үйрету. Яғни, оқушы тілді тек қарым-қатынас құралы ретінде емес, шығармашылық ой мен эстетикалық сезімді жеткізудің құралы ретінде меңгереді [12, 23б]. Әдістемелік жүйе бірізділікті және кезеңдік ұстанымды қажет етеді. Мұнда мұғалім оқушылардың жас ерекшелігін, тілдік тәжірибесін және эмоционалдық қабылдау деңгейін ескере отырып, сабақ құрылымын ұйымдастырады. Жалпы бұл жүйе үш өзара байланысты кезеңнен тұрады: түсіндіру кезеңі, қолдану кезеңі, және шығармашылық-рефлексиялық кезең.

Бірінші кезеңде мұғалім көріктеуіш тілдік құралдардың мәнін, түрлерін және қызметін нақты мысалдар арқылы түсіндіреді. Эпитет пен метафораның айырмашылығын түсіндіруде көркем мәтіннен алынған үзінділер пайдаланылады. Мұндай тәсіл оқушыларға теорияны нақты тілдік материал арқылы ұғынуға мүмкіндік береді [12, 27б].

Екінші кезеңде оқушылар мәтінмен жұмыс жасап, көріктеуіш құралдарды өз бетімен табуға, олардың мағыналық және стильдік рөлін анықтауға бағытталады. Бұл кезеңде интерактивті әдістер – «Сөзді сипатта», «Кім жылдам табады?», «Көркем тіркес құрастыр» сияқты ойындық элементтер қолдану өте тиімді. Мұндай тапсырмалар оқушылардың қызығушылығын арттырып, олардың логикалық және шығармашылық ойлауын белсендіреді [13, 41б].

Үшінші, шығармашылық-рефлексиялық кезеңде оқушылар өздігінен көркем мәтін құрастыру, эссе жазу, немесе көркемдік салыстыру жасау арқылы алған білімін тәжірибеде қолданады. Бұл кезеңде оқушы тілдік материалды автоматты түрде емес, саналы әрі бейнелі түрде пайдалана бастайды. Табиғат көрінісін суреттеу тапсырмасында оқушы эпитет пен теңеуді қолданып, өз дүниетанымын тіл арқылы бейнелейді. Мұндай тапсырмалар тіл мен ойлаудың байланысын дамытып, оқушының эстетикалық сезімін тереңдетеді [12, 32б].

Көріктеуіш құралдарды меңгертудің әдістемелік жүйесінде мұғалімнің кәсіби позициясы ерекше маңызға ие. Мұғалім тек білім беруші емес, шығармашылық жетекші болуы тиіс. Ол сабақта тілдік материалды дайын күйінде ұсынбай, оқушыны ізденіске, ойлануға, салыстыру мен талдауға бағыттайды. Бұл тұрғыда қазіргі білім беру технологиялары, соның ішінде жобалық және проблемалық оқыту әдістері, көріктеуіш құралдарды үйретуде кеңінен қолдануға болады [13, 45б]. Сондай-ақ заманауи сабақтарда цифрлық платформаларды пайдалану да өз нәтижесін береді. Бейнекөрініс, поэтикалық клип немесе мультимедиялық презентациялар арқылы көркем мәтіндермен жұмыс жасау оқушылардың бейнелі қабылдауын арттырады. Осындай құралдар арқылы тілдің көріктеуіш мүмкіндігін көрнекі түрде түсіндіріп, оқушылардың қызығушылығын арттыруға болады. Жүйелі түрде құрылған әдістемелік жүйе тек оқушының тілдік қабілетін дамытып қоймайды, оның ұлттық дүниетанымын кеңейтеді. Себебі қазақ тілінің көріктеуіш қабаты – халықтың мәдени тәжірибесінің айнасы. Осы элементтерді саналы меңгерген оқушы өз ойын бейнелі жеткізуге, әдеби мәтінді терең түсінуге және ұлттық құндылықтарды тіл арқылы сезінуге үйренеді. Көріктеуіш тілдік құралдарды меңгертудің әдістемелік жүйесі – тілдік білім мен эстетикалық тәрбиенің тоғысқан тұсы. Бұл жүйе оқушының тілдік сезімін жетілдіріп қана қоймай, оны шығармашылық тұлға ретінде қалыптастырады. Қазақ тілін оқытудың нәтижелілігі мұғалімнің осы әдістемелік жүйені шебер қолдануымен тікелей байланысты.

Қазақ тілін оқыту жүйесінде көріктеуіш тілдік құралдарды меңгертудің ғылыми және әдістемелік негіздерін қарастыру – бүгінгі педагогикалық үдерістің маңызды бағыттарының бірі. Себебі көріктеуіш құралдар – тілдің көркемдік табиғатын, ұлттық дүниетанымды және ойлау ерекшелігін танытатын ең әсерлі тілдік қабаттардың бірі. Тілді үйрету барысында осы элементтерді саналы меңгерту оқушының тілдік талғамын жетілдіріп қана қоймай, оның эстетикалық қабылдауын, шығармашылық әлеуетін арттырады. Жүргізілген талдау нәтижесінде анықталғандай, көріктеуіш құралдарды оқыту тек грамматикалық немесе лексикалық біліммен шектелмейді. Ол – тұлғаның мәдени, эмоциялық және интеллектуалдық дамуына ықпал ететін күрделі үрдіс. Оқушы тілді бейнелі тұрғыдан игергенде ғана, сөздің ішкі қуатын сезініп, ойды көркем әрі әсерлі жеткізе алады. Бұл бағыт тіл үйретудің рухани мазмұнын тереңдетіп, тілді тану мен тіл арқылы ойлаудың жаңа деңгейін ашады. Көріктеуіш тілдік құралдарды меңгертудің тиімді әдістемелік жүйесі – мұғалім мен оқушы арасындағы шығармашылық қарым-қатынасты қалыптастыруға негізделеді. Мұғалімнің кәсіби шеберлігі, сабақ құрылымындағы кезеңдік жүйе, интерактивті және инновациялық тәсілдерді орынды қолдану – осы жұмыстың нәтижелілігін қамтамасыз ететін басты шарттар. Әдістемелік жүйе неғұрлым икемді әрі өмірмен байланыстырылған сайын, оқушының тілге деген қызығушылығы артады, ал тілдік

материалды қолдану деңгейі тереңдей түседі. Зерттеу барысында айқындалғандай, көріктеуіш құралдарды үйрету ұлттық мәдени кодты сақтаудың да бір жолы болып табылады. Себебі әрбір көркем тіркес – халықтың дүниетанымының, өмірлік тәжірибесінің және рухани құндылықтарының бейнесі. Осы тұрғыдан алғанда, тілдің көріктеуіш қабатын меңгерту – тек тіл үйрету емес, ұлттық ойлау мен мәдениетке баулу процесі.

Қорытындысында, көріктеуіш тілдік құралдарды оқыту әдістемесі – қазақ тілін оқытудың жаңа сапалық деңгейін айқындайтын ғылыми-тәжірибелік бағыт. Бұл жүйе арқылы оқушы тек тіл үйренуші емес, тілдік тұлға, яғни өз ойын бейнелі жеткізе алатын, көркем сөздің мәнін түсінетін жеке тұлға ретінде қалыптасады. Болашақта осы бағыттағы зерттеулер әдістемелік инновациямен ұштасып, қазақ тілін оқытудың мазмұнын байытып, тіл мәдениетін дамытуға нақты үлес қосары сөзсіз.

**Әдебиеттер тізімі:**

1.Әбдіғалиева Ж. Қазақ тілін оқыту әдістемесінің теориялық негіздері. – Алматы: Қазақ университеті, 2019. – 168 б.

2.Балақаев М., Серғалиев М. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: Ана тілі, 2018. – 312 б.

3.Нұржекеева А. Мектепте қазақ тілін оқытудың инновациялық әдістері. – Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2020. – 210 б.

4.Оразбаева Ф.Ш. Тілдік қатынас және оқыту әдістемесі.Алматы: Санат, 2017. 256б.

5.Тілеубердиева С. Қазақ тіл біліміндегі көріктеуіш құралдар және олардың оқытудағы маңызы // Тіл және мәдениет журналы. – 2021. – №2. – 15–22 бб.

6.Жұмабекова Б. Қазақ тіліндегі бейнелеуіш және көріктеуіш құралдардың жүйесі. – Алматы: Ғылым, 2020. – 185 б.

7.Есенқұлова А. Қазақ тілін оқытуда көркемдік-бейнелеуіш құралдарды меңгертудің әдістемелік негіздері // Педагогика және психология журналы. – 2021. – №3. – 30–38 бб.

8.Рысбаева Г. Қазақ тілінің көріктеуіш құралдары және олардың когнитивтік табиғаты. – Нұр-Сұлтан: Еуразия гуманитарлық институты, 2020. – 198 б.

9.Сағындықова Н. Көркем мәтіндегі бейнелеуіш және көріктеуіш элементтердің тілдік ерекшеліктері // Тіл және қоғам журналы. – 2022. – №1. – 40–50 бб.

10.Нұрғалиева Ш. Қазақ тілін оқытудағы инновациялық әдістер мен технологиялар. – Алматы: Арда, 2021. – 180 б.

11.Әбенова А. Көркем сөз және тіл мәдениетін қалыптастыру әдістемесі // Білім берудегі жаңа технологиялар журналы. – 2022. – №4. – 33–42 бб.

12.Құрманова Л. Қазақ тілі сабағында оқушылардың көркем ойлау қабілетін дамыту жолдары. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 196 б.

13.Исаева А. Көріктеуіш тілдік құралдарды оқытуда заманауи технологияларды пайдалану // Қазақ тілі мен әдебиеті журналы. – 2023. – №2. – 38–47 бб.

ӘОЖ 82-311.2

## С. КӨБЕЕВТІҢ «ОРЫНДАЛҒАН АРМАН» ШЫҒАРМАСЫНДАҒЫ ҰСТАЗ ТҰЛҒАСЫНЫҢ РУХАНИ − ТӘРБИЕЛІК ҚЫРЛАРЫ

**Сүлейменова Аружан Амантайқызы** «*Қазақ тілі мен әдебиеті» білім бағдарламасының 2 курс магистранты Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ., Қазақстан Республикасы Ғылыми жетекшісі: ф.ғ.к., қауымд. профессор* − **Амангазиева М.К.**

***Резюме:*** *В статье анализируется духовно-воспитательные аспекты личности учителя в трудах великих педагогов в мировой, русской, казахской педагогике. Даны*

*педагогические мысли относительно образа учителя. По данному вопросу проводится анализ образов учителя в произведении писателя, педагога С. Кобеева «Сбывшиеся мечты». Рассматривается место, значение педагога в формировании личности ребёнка.*

***Ключевые слова:*** *учитель, педагог, образ учителя, учебно − воспитательное дело*

Адамның адамгершілігі, өнер, білімі, бойындағы жақсы қасиеттердің болуы ұстазға да байланысты деп жатады. Ұстазға оқу − тәрбие ісін жүргізумен бірге оқушының қалыптасып келе жатқан тұлғасын тәрбиелеп, дамыту ісі де жүктелген. [1; 78]. Олардан білімділік, оқытудағы шеберлік, новатор болу міндетімен қатар, ұстаздық әдепті (этиканы) сақтау да күтіледі.

Ғұлама ойшыл Әбу Насыр әл-Фараби: «Ұстаз адамның жан-жақты түсінігі мол, қандай істі болса да тез шешіп, тұжырымдай алатын, ұшқыр ойлы, көреген, батыл һәм шешен болуы керек. Ұстаз шындық пен әділдіктің қажымас жақтаушысы, қайратты күрескері болуы тиіс»,− деген [2; 3]. Жас жеткіншекті ұстазының жүрек жылуы мен адал сенімі алға қарай жетелейді. Баланың ата-анасынан кейін сеніп артып, қолдайтын адамы − ұстазы. Әр адамның жадында өзіне дәріс берген ұстаз бейнесі мәңгі сақталып қалады. Тәрбие процесінде әр баланың тұлғасын құрметтеу қажет. Баланы тәрбиелеу мен рухани дамытуда ұстаз рөлінің маңызын ұлы педагог, қоғам қайраткерлерінің төменде берілген ұлағатты сөздері байқатады:

Мектеп − өсіп келе жатқан ұрпақтың ойы қалыптасатын шеберхана. [3; 7].

А. Барбюс

Педагог − бұл жас ұрпақтың бойына ғасырлар бойы жинақталған барлық асылдарды сіңіруші, ал оларды соқыр сезімдерден, жамандықтардан және жұқпалы мерездерден аулақтатушы адам [4; 78].

А. Р. Луначарский

Мұғалім тек өз пәнінен ғана сабақ беріп қоймау керек, сонымен қатар тәрбиеші, адал, әділетті, шыншыл адам болуға тиісті [4; 77].

К. Д. Ушинский

Мұғалім − оқушы үшін адамгершіліктің ең жоғары шыңына дейін жетілген үлгісі. Сондықтан да жүрегінде ұмытылмас із қалдырады [4; 79].

Н. А. Добролюбов

Мұғалімнің дүние тануы, оның өмірі, оның әрбір құбылысқа қалай қарайтындығы қалай да барлық оқушыға әсер етеді, сондықтан да мұғалім өзінің мінез-құлқы, әрекеттері күшті бақылауда екендігін сезе біліп, өзін-өзі ұстай білуі керек [4; 77].

М. И. Калинин

Тәрбиешінің әрбір қимылы, жүріс-тұрысының өзі балаларға өнеге, тәлім-тәрбие берерліктей болуға тиіс. Өзінің не істейтінін біліп, не істеуге тиісті емес екендігін аңғарған адам ғана тәрбиеші бола алады [4; 77].

А. С. Макаренко

Оқытушы әлеуметтік әділеттіліктің, адамгершіліктің жаршысы болуға тиіс [4; 79].

С. Көбеев

Ұстаз − оқушысына үлгі. Орыс тарихшысы, философ В. Н. Железняктің анықтауынша: «Ұстаз оқушыны өз әлеміне әкетеді, ол оқушы үшін − жолсерік» [5; 54].

Жеке тұлғаның дамуына ұстаз тұлғасының ықпалы жөнінде педагогикалық ой, пікірлер грек, француз ойшыл, философтарынан бастап, орыстың ұлы педагог қайраткерлерімен, өзіміздің ұлт ұстазы бола білген тұлғаларымыздың еңбектерінде көрініс тапқан. Белгілі психолог М. Д. Левитов: «Педагог әдептен құр қол болса, оқушылар тәрбиесіне залалы тиеді, олардың бойында кейін түзетуге қиын соғатын неше түрлі жаман әдет-қылықтардың пайда болуына әкеп соғады. Оның байқауынша, мұғалімнің әдеп әлемінен алыстығы оқушыны тәртіп бұзуға итермелейді». [6; 14]. Ұстаздық шеберліктің негізі − мұғалімнің өмірге көзқарасы, идеялық нанымы. Оның пәнді жетік білуі, негізгі материалды оқушыға жеткізу үшін терең түсініп, жан-жақты дайындалуы, оқушылардың

бойына әдеп, әдет, дағды сияқты жақсы қасиеттерді сіңіру үшін моральдық нормаларды білуі қажет делінген. [6; 10-11].

Ежелгі грек философы Сократ: «Ұстаздың негізгі міндеті −оқушының мықты рухани күшін ояту», − деген. Оның әңгімелері оқушы санасында ақиқаттың өзін-өзі тудыруға бағытталған [7; 334]. Француз ойшылы Рене Декарт баланың санасын әлі ештеңемен шимайланбаған таза тақтаға теңеп, оған өзімшілдіктен адамгершілік және зиялылық ұстындарына зиянды екенін ескертеді [8; 42]. Неміс педагогі Фридрих Адольф Дистервег: «Білімді ұстаз ғана балаға рухани азық бере алады», − деп есептейді [9; 230].

Ұстаз, ғалым, гумандық педагогика концепциясының авторы Ш. Амонашвили өзінің ұстаздық жолында аянбай қызмет еткен. Оның ұстаздық ереже, кеңестері мен ұстаздық принциптері баланы тұлға ретінде қалыптастыруға өз көмегін тигізеді. Махаббат пен мейірім арқылы бала жүрегіне жол табуды ұсынды. Кейбір ереже, кеңестерге тоқталсақ: балалармен шығармашылықпен айналысу, оларды шығармашылыққа жетелеу. Оларға жақсы ұстаз болу үшін, ұстаз бойында барлық жақсы қасиеттер болып, өзін жетілдіруі қажет делінген [10; 76].

Көрнекті орыс педагогы Ян Амос Коменский ұстаз тұлғасынан адамгершілік, білімділік, еңбексүйгіштік қасиеттерді атады [11; 41].

Орыс педагогикасының тағы бір классигі, ғалым К. Д. Ушинский: «Тәрбиенің мақсаты − қоғамның пайдалы мүшесі − жеке тұлғаны адамгершілікке тәрбиелеу деп түсініп, адамгершілік тәрбиесін негізгі орынға қояды. Оның негізгі құралы − оқыту» [11-әдебиетті қараңыз; 123].

Педагогика саласына көп үлес қосушылардың бірі, кеңес заманының ұстазы − В. А. Сухомлинскийдің педагогикалық ойлары да өз құндылығын жоғалтпады. «Мұғалімдік мамандық − бұл адамтану, адамның күрделі және қызықты, шым-шытырығы мол рухани жан дүниесіне үңіле білу»,− деген [12; 22]. «Оқу − тәрбие процесі дегеніміз не? Ол үш қосылғыштан: ғылымнан, шеберліктен, өнерден тұрады. Кең мағынада алғанда тәрбие дегеніміз тәрбиеленушілердің де, тәрбиелеушілердің де рухани жағынан үнемі баюы мен жаңаруының алуан қырлы процесі» [13].

Қазақ педагогикасында халқымыздың алғашқы ұлт ұстазы саналатын Ы. Алтынсариннің оқытушы туралы пікірлері мен әдістеме саласындағы ойлары да маңызды орын алады. Ол ұстаз бен оқушы арасындағы ынтымақтастық принциптің орнап, жақсы қарым-қатынас қалыптасуын айтқан [14; 172].

Отандық педагогикада өз орны бар жазушы, ұстаз С. Көбеевтің «Орындалған арман» мемуарлық еңбегі оның білім алған шағын, ұстаздық жолын баяндайтын шығарма. Ол ғұмырын ұстаз болуға арнаған, осы кәсіптің иесі болуды армандаған бастауыш мұғалімі. Ғылыми, оқу − әдістемелік мақалалар жазған. Ұлы Октябрь социалистік революциясы кезінде халық ағарту ісімен айналысқан, мектеп директоры болған. Мектеп ұстаздарына жаңадан мектептер ашу, балаларды оқуға шақыру, үлкендердің сауатын ашу, ауылдық жерде мәдени ағарту жұмысын жүргізу мнідеттелді. Алғаш еңбек жолы Кішіқұм ауылдық мектебінде ұстаз болудан басталған.

С. Көбеев педагогикалық білімі бар, тәжірибелі ұстаз болған. Мектеп ашу, оны жабдықтау, оқытушыларды сабақ жүргізуге дайындауға атсалысқан. Мектептегі оқу − тәрбие ісін Ы. Алтынсариннің педагогикалық ойларының негізінде ұйымдастырды. Шығармада оның да образы кездеседі. С. Көбеев Ы. Алтынсаринмен жүздескен. Оның балалардың білімді болуы үшін жасаған барлық өнегелі істері халықтың жадында сақталған. Ұлт ұстазы дүниеден өткені туралы естігенде, халықтың көңілі түседі.

Баланы оқыту мен тәрбиелеудің жолдарын, әдістерін жақсы білген, көптеген шәкірттерді оқытқан. Оның әр жасаған ісі өзінің жақсы нәтижесін көрсетіп отырды. Ата-аналардың құрметіне бөленді, атқарған қызметі үшін мадақталды. Өз шығармасында ұстаздармен оқу ісін дұрыс, сапалы ұйымдастыру жолын, тәртібі нашар оқушылармен жұмыс жүргізуді, ата-аналармен жұмыс істеуді, педагогикалық кәсіптің қыр-сырларымен өз тәжірибесінен мысал келтіре отырып, түсіндіреді. Сондай-ақ, оқушының білімді болуға

ұмтылуы, тәртіпті болуы − ата-ана бақылауына, тәрбиесіне, баланың ортасына байланысты екенін түсіндіреді. Оның өзінің білімді болып шығуына ата-анасының да ықпалы тиді. Олар қарапайым, білімі бар адам болмаса да, ұлдарын білім алуға жетектеп әкеліп, әрдайым оның талабын қолдады. Педагогикада үштік одақ: ата-ана, мұғалім, оқушы ұстанымы орныққан. Осы одақ бірлікте жұмыс атқарса ғана, баланы тұлға етіп қалыптастыру ісі өз нәтижесін береді. Сыныптағы әр баланы жақсы тануға, сабақ үлгерімі, тәртібі төмендегенде дереу жұмыстану − осының бәрі оның тәжірибесінен өткен педагогикалық жағдаяттар. Оқушы әрдайым оқытушының қадағалауында болуы − оның бір шарты. Оның мінез-құлқы, тұлғалық ерекшеліктерін ұстаз білуі керек. Ұстаз өзінің біліктілігін арттырып отыруы қажет. Оқыту, тәрбиелеу ісіндегі жетістіктер ұстазға тәжірибе арқылы келеді.

Шығармада С. Көбеевтің образы − білімді, белсенді ұстаз ретінде көрінеді. Оның ұстаздық образы − Ы. Алтынсариннің ұстаздық тұлғасы секілді. Ол қоғам өміріне белсене араласты. Өзіне дәріс берген ұстаздарды туралы да баяндап өтеді. Мектептегі ең алғашқы ұстазы − Орынбордан білім алған жас жігіттің білімі, тиянақтылығы, мәдениеттілігі, адамгершілік қасиеті ұнаған. Ұстазы Ы. Алтынсаринді үлгі санап, оның «балаға бір нәрсені үйретерде, оның көкейіне қондырып оқыту» әдісін ұстанған ұстаз болды. «Балаларды Ы. Алтынсарин секілді ел азаматы болсын деп, халыққа қызмет қылсын, пайдасы тисін деп оқыту керек», − деген сөзі С. Көбеевті шабыттандырып, ұстаз болу арманын туындатты. Оны білімділігімен тәнті еткен тағы бір ұстазы − Медетов. Автор оның образын: «Жасы отыздар шамасында, оның түсіндірген сабағы түсінікті, сабағында тәртіпті болуды талап ететін», − деп сипаттайды. Сабақ үстінде қатаң тәртіпті сақтатқан Жамалетдин Бейсенов, А. Попов, Греховодов, Тенянакин ұстаздары туралы да баяндайды. Олар − сабақ үстінде балаға тәртіп беруді құптаған ұстаздар. Ұстаздарының білімділігі, ұстамдылығы, мәдениеттілігі С. Көбеевке үлгі болды. Оның тәртіпке қатысты ұстанатын ережесі − балаға ескерту жасамай, оның жанына бару, немесе салмақты дауыспен тәртіпке шақыру. «Оқытушы − мектептің тұлғасы. Ол − тәрбиеші. Ол балалардың ой-санасының дұрыс қалыптасуының, мінез-құлқының жақсы болып өсуін, мәдениетті, әдепті, сыпайы болуын, сол сияқты балалардың дене қуатының да дұрыс дамуын қамтамасыз етуі керек. Балалардың тәрбиелі болып өсуі ең алдымен үйдегі тәрбиеге, ата-ана тәрбиесіне, өнегесіне байланысты болса, мектеп жасына келгеннен кейін баланың тәрбиесі оқытушыға да байланысты болады. Баланың жақсы тәрбиені керек ететін шағы − оның бала уақыты, ересек кезі». Автор балаға патриоттық тәрбие беріп, еңбекке баулуды, қоғамдық жұмысқа араластыруды ұсынады. «Баланың ұқыптылығы, іске тиянақтылығы, тәртіптілігі, әдептілігі, батыл және өжеттігі, мәдениетті адам болуға ұмтылушылығы − оқытушының берген тәрбиесінің сапасына байланысты». Оқушыларды мектеп тәртібіне бағындыруда, тәрбиедегі кемшіліктерді түзетуде оқытушы беделді болуы керек. Оқушының тәрбиесін түзетіп, оны қоғамдық жұмыстарға араластырса, ол алдыңғы қатарлы үздік оқушы болып шығуы да мүмкін. Оқытушы үлгі бола алатындай өзі де жақсы мінез-құлықты, тәрбиелі, мәдениетті болуға тырысу қажет. Баланың жігерін жасытпай, оқу, тәрбиелеуде ата-ана да тиімді жолдарды іздеуі қажет.

Жазушы ұстаз: «Алғырлық, ептілік, икемділік, табандылық − оқытушының беделді болуының құралы. Халық оқытушыны өзінің шын досы, ақыл айтар данасы, қараңғыда сәуле шашар шамшырағы деп білу керек», − деп ұстазға ұлт сенім артатынын жеткізеді. Ұрпақтың саналы, білімді, өмірден өз орнын тапқан бақытты жан болуына да ұстаздың ықпалы бар. Ұстаздың баланың бағын жандырып, бағыттап жіберетін қабілеті де бар.С. Көбеевтің де мұғалімдік мамандықты таңдауына ұстаздары себеп болды. Және ол мамандық таңдаудан жаңылыспады. Өйткені ол ісін зор ықыласпен атқарды, еңбегі өз нәтижесін берді.

Ұстаздық қызметінде ол балаларға арнап «Үлгілі бала», «Үлгілі тәржіме» жинақтарын жазды. Олар оқу құралдары ретінде пайдаланылды. Бастауыш мектеп үшін хрестоматия жазудағы мақсатын былай түсіндіреді: «Хрестоматияны құрастырғанымда көздеген нысанам − жас ұрпақты өнер-білімге, әділеттілікке, адамгершілікке тәрбиелеу».

Орыс педагогтерінің еңбектерін терең зерттеп, ұстаздарға қолдануды ұсынды. Сол кезде орын алған жалған ілім − педалогияны жоюға жұмыстанды. Педалогия − оқушының сабақ үлгерімінің төмен болуын оның тұқымына байланысты болады деп идеалистік тұрғыдан түсіндіретін ілім еді. Сауытбаев, Салық секілді әріптес ұстаздары осы қағиданы ұстанды. Бұл қағида кейіннен жойылды. С. Көбеев ұстаз тұлғасына мынадай бірнеше шарттылық қояды: білім, біліктілік, адамгершілік, бедел, мәдениеттілік. «Оқушының бүкіл болашағы оқытушының қолында. Балаларға берген білімнің тұрақты болуының мықты бір тірегі − оқытушы», − деп ұстаздарға маңызды міндет жүктелетінін көздейді [15; 202]. Қазіргі таңда ұстаздан әрдайым өз біліктіліктерін көтеріп отыру, сабақты қызықты өткізу, заманауи білім трендтерінен қалыс қалмау талап етіледі. Бірақ ең алдымен, ұстаздың басты қаруы − жеке басындағы ұнамды қасиеттер мен оқыту, тәрбиелеу ісіндегі шеберлік екенін ұмытпаған жөн.

Қорыта айтқанда, ұлы педагогтеріміздің ой, пікірлері өз құндылықтарын жоғалтпайды. Барлық кезеңде де мұғалімдердің нұсқауы болып, тұлғаны тәрбиелеуде керекке жарай бермек. Ұстаз рухы мықты, рухани жетілген, адамгершілігі жоғары, тәрбиелі жан болуы керек. Себебі, ұрпақтың рухани дамып, ең алдымен тұлға болып қалыптасуы үшін осы аталған қасиеттердің бәрі қажет. С. Көбеевтің «Орындалған арман» шығармасындағы ұстаздар ұлтқа қызмет ететін Спандияр Көбеевтей тұлғаны қалыптастыра білді. С. Көбеевтің ұстаздық өнегесі, еңбегі ұстаздарға үлгі. Шығармадағы ұстаздар тұлғасы, автордың ұстаздық бейнесінің берер тәрбиелік мәні зор.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**


1. Педагогика: Учеб. пособие для студентов пед. ин-тов / Ю. К. Бабанский, В. А. Сластенин, Н. А. Сорокин и др.; Под ред. Ю. К. Бабанского. − 2-е изд., доп. и перераб. − М., Просвещение, 1988. − 479 с.
2. Шәбжантайқызы М. Ұстаз − мектептегі басты тұлға. Көкшетау: «Келешек − 2030» баспасы, − 2004. − 158 б.
3. Огни Мангистау. Қоғамдық − саяси газет. − 1 қазан, 2005 жыл. − №166 (9453).
4. Шаймерденова К. Ұстаз жолымен. Алматы: «Мектеп» баспасы, 1978. − 90 б.
5. С. Тенитилов. Влияние личностных идеалов педагога на образовательное пространство. − 2011. − «Сардар» ғылыми журналы. − 2 (11).
6. И. Е. Синица. Педагогтық әдеп және ұстаздық шеберлік. Алматы: «Мектеп» баспасы, 1987. − 115 б.
7. Әлемдік педагогикалық ой-сана. 10 томдық. 1-том: Ежелгі дәуір / Жетекшісі: Ә. Н. Көшербаева. − Алматы: «Таймас» баспа үйі, 2008. − 400 б.
8. Әлемдік педагогикалық ой-сана. 10 томдық. − Алматы: «Таймас» баспа үйі, 2008. 4-том: Жаңа дәуірдегі педагогикалық ойлар (XVII-XVIII ғғ. ) Жетекшісі: Қалиева К. М. − 384 б.
9. Әлемдік педагогикалық ой-сана. 10 томдық. − Алматы: «Таймас» баспа үйі, 2008. 5-том: XIX ғасырдағы педагогика классиктерінің тәлім-тәрбие туралы ой-пікірлері / Жетекшісі: Р. Башарұлы. − 400 б.
10. Амонашвили Ш. А. Здравствуйте, дети! : Пособие для учителя / Предисл. А. В. Петровского. − М. : Просвещение, 1983. − 208 с.
11. Сейталиев Қ. Педагогика тарихы: Оқулық. − Алматы: «Білім», 2012. − 400 б.
12. Ә. Жақсыбеков. Әлемде білім бәсекесі басталды. − «Айқын» газеті. − 27 мамыр, 2010. − № 92 (1516).
13. Сухомлинский В. А. Мектептің жас директорымен сырласу. − Алматы: «Мектеп»: 2-бас, 1987. − 207 б.
14. Жарықбаев Қ., Қалиев С. Қазақ тәлім-тәрбиесі: Оқу құралы. − Алматы: «Санат» баспасы, 1995. − 352 б.
15. С. Көбеев. Орындалған арман. − Алматы: Мәскеу: «Қазақтың мемлекеттік оқу құралдар» баспасы. − 1951. − 211 б.

ӘОЖ:94(1751)

# «АҚ ЖАЙЫҚ» ТРИЛОГИЯСЫНДАҒЫ КӨРКЕМ БЕЙНЕЛЕРДІ ТІЛДІК ТҰРҒЫДАН ТАЛДАУ

**Амангазиева М.К.**
*ф.ғ.д., профессор*
**Мұхитова А.Қ.**
*«Қазақ тілі мен әдебиеті» білім бағдарламасының 2 курс магистранты*
*Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті*
*Атырау қ, Қазақстан Республикасы*
***aziza.aqibaeva@bk.ru***

***Резюме.*** *В статье анализируется языковая природа художественных образов в трилогии Хамзы Есенжанова «Ақ Жайық». Раскрывается художественная функция таких изобразительных средств, как эпитет, сравнение, метафора и символ, а также их роль в углублении идеи и содержания произведения. Кроме того, рассматриваются индивидуальные особенности речи персонажей, философское значение образов природы и времени. В результате выявляются национальный колорит и художественная сила языка писателя, демонстрирующие богатство казахского словесного искусства.*

***Ключевые слова:*** *Хамза Есенжанов, трилогия «Ақ Жайық», художественный образ, языковая особенность, метафора, сравнение, эпитет, символ, национальный стиль*.

**«Iinguistic analysis» of artistic images in the trilogy aq zhaiyq**

***Abstract:*** *The article analyzes the linguistic nature of artistic images in Khamza Yesenzhanov's "Aq Zhaiyq" trilogy. It reveals the artistic function of expressive means such as epithets, similes, metaphors, and symbols, emphasizing their role in deepening the work's idea and content. The individual features of the characters' speech, as well as the philosophical meaning of nature and time images, are examined. As a result, the national color and artistic power of the writer's language are identified, reflecting the richness of Kazakh literary expression.*

***Keywords:*** *Khamza Yesenzhanov, "Aq Zhaiyq" trilogy, artistic image, linguistic feature, metaphor, simile, epithet, symbol, national style.*

Қазақ әдебиетінің алтын қорына енген туындылардың бірі – Хамза Есенжановтың «Ақ Жайық» трилогиясы. Бұл шығарма – халық өмірінің сан қилы кезеңін, ел тағдырындағы күрделі тарихи оқиғаларды көркем тіл арқылы бейнелеген эпикалық полотно. Трилогияда ұлттық рухтың, халықтың ерлік дәстүрі мен адамдық болмыстың сан қырлы сипаты тілдік көркемдікпен астасып жатыр [1, 12б]. Жазушының шығармашылық шеберлігі ең алдымен оның сөз қолдану тәсілінен, бейнелі тілдік құралдарды орнымен пайдалануынан айқын көрінеді. Есенжанов сөз арқылы сурет салып, табиғат пен адамның, уақыт пен қоғамның арасындағы үндестікті шебер бейнелейді. Оның қаламынан туған әрбір сөйлем терең мағынамен, ұлттық таныммен және көркемдік салмақпен өрілген [2, 48б]. «Ақ Жайық» трилогиясы тек тарихи шығарма ғана емес, қазақ халқының рухани жадын жаңғыртқан көркем шежіре. Мұнда ел тағдыры, отансүйгіштік пен ерлік идеясы кең өріс табады. Автор тарихи тұлғаларды, халық өкілдерін, қарапайым адамдардың жан дүниесін табиғи әрі шынайы тілмен суреттейді. Жазушы үшін тіл – тек баяндау құралы емес, рухани мазмұнды жеткізудің, ойды әсерлі бейнелеудің басты тетігі [3, 25б]. Көркем бейне – әдеби туындының өзегі. Ол арқылы жазушы өмір шындығын, кейіпкердің ішкі әлемін, заман келбетін танытады. Есенжановтың кейіпкерлері көркем тілдің қуатымен дараланып, оқырман санасында тірі бейнеге айналады. Әсіресе табиғат суреттері мен адам сезімінің өзара үйлесімі, поэтикалық теңеулер мен эпитеттердің көп қолданылуы шығарманың тілдік ерекшелігін тереңдетеді [4, 39б]. «Ақ Жайықтағы» көркем бейнелер жүйесі – қазақ сөз

өнерінің биік үлгісі. Жазушының тілдік өрнегі арқылы сол дәуірдің рухы, халықтың үміті мен қайғысы, өмірге деген сенімі көрініс табады. Сондықтан бұл шығарма тіл тұрғысынан да, мазмұн жағынан да ұлттық әдебиет тарихында ерекше орын алады [5, 17б].

Хамза Есенжановтың «Ақ Жайық» трилогиясы туралы әдебиеттанушылар мен тілші ғалымдардың еңбектерінде көптеген пікір айтылған. Бұл туынды қазақ романдарының көркемдік-тілдік дамуына зор ықпал еткен шығармалардың бірі саналады. Әдебиет зерттеушілер ең алдымен жазушы тілінің бейнелілігіне, ұлттық дүниетанаммен астасқан поэтикалық өрнегіне назар аударады [6, 42б]. Зерттеуші Р.Нұрғали өз еңбегінде Есенжанов тілінің басты ерекшелігі – өмір құбылыстарын суреттеудегі шынайылық пен бейнелік қатар өрілуінде екенін айтады. Оның пікірінше, «Ақ Жайықтағы» әрбір көрініс – өмірдің көркем бейнесі ғана емес, ұлттық сана мен дәстүрдің тілдік айғағы [7, 118б]. Шығарманың көркем жүйесінде халық ауыз әдебиетінің элементтері мен фольклорлық образдар сәтті қолданылған. Бұл тәсіл жазушы тілінің табиғилығын арттырып, халықтық ойлау өрісін жаңғыртқан. Трилогия тіліне қатысты зерттеулердің басым бөлігі жазушының бейнелеу құралдарын жүйелеуге, олардың көркемдік қызметін анықтауға бағытталған. Тілші ғалым Қ.Жұмаділов өз еңбегінде Есенжанов тіліндегі эпитет пен метафораның ұлттық дүниетанаммен байланысын көрсетеді. Оның пайымдауынша, автордың әрбір теңеуі мен бейнелі сөзі кейіпкердің мінезін ғана емес, дәуірдің рухын жеткізуге қызмет етеді [8, 64б]. Сол сияқты А.Тілешова «Қазақ прозасындағы бейнелеу құралдары» атты зерттеуінде Х.Есенжановтың сөздік қоры мен синтаксистік құрылымының ерекшеліктерін талдай келе, жазушының стилін «эпикалық тынысы кең, поэтикалық өрнегі мол» деп сипаттайды. Оның пікірінше, трилогиядағы көркем бейнелер жүйесі тарихи тақырыпты ашудың негізгі тәсілі ретінде көрінеді [9, 53б]. Басқа зерттеушілер Есенжанов шығармашылығын жалпы қазақ романының эволюциясымен байланысты қарастырады. Б.Әбдіғазиұлы қазақ романдарының тілдік құрылымына арналған еңбегінде «Ақ Жайық» тіліне тоқталып, жазушының тілдік бейнелеу мәдениетін ерекше атап өтеді. Ғалым жазушының тілінде халықтың тұрмыс-тіршілігі, ұлттық мінезі мен психологиясы көрініс тапқанын айтады [10, 76б]. Трилогия тілін зерттеу барысында ғалымдар поэтикалық бейнелердің жүйелі түрде қолданылуын да ерекше атап өтеді. Есенжанов табиғат көрінісін бейнелегенде тек көркем сурет салумен шектелмей, оны кейіпкерлердің ішкі жан әлемімен байланыстырады. Табиғаттағы тыныштық пен дауыл, жарық пен қараңғылық сияқты қарама-қарсылықтар кейіпкердің рухани күйімен үндестіріледі. Бұл тәсіл жазушының тілдік шеберлігін ғана емес, дүниетанымдық тереңдігін де дәлелдейді [11, 59б]. Қазіргі әдебиеттану мен лингвистикалық зерттеулерде «Ақ Жайық» трилогиясы көркем тілдің эстетикалық табиғатын танытатын маңызды үлгі ретінде қарастырылады. Шығарма тілінде фразеологизмдер мен тұрақты тіркестердің мол қолданылуы қазақ тілінің көркемдік қорын байыта түскен. Жазушының кейіпкерлерге тән сөйлеу мәнері мен стильдік даралығы романның тілдік көрінісін жандандырып, көркемдік тұтастыққа жетелейді [12, 82б]. Х.Есенжановтың «Ақ Жайық» трилогиясына қатысты ғылыми еңбектер жазушының тілдік тұлғасын, оның көркем бейне жасаудағы шеберлігін, ұлттық сөз өнерінің дәстүрін жалғастырушы ретіндегі рөлін айқындайды. Бұл зерттеулер қазақ әдеби тілінің көркемдік қуатын, тіл мен ой байланысын, сөздің эстетикалық табиғатын терең тануға жол ашады.

Көркем шығарманың тілдік жүйесінде эпитеттің атқаратын рөлі айрықша. Эпитет – заттың, құбылыстың немесе адамның бейнесін нақтылай, әсерлі етіп жеткізетін көркемдік тәсіл. Әдебиеттегі эпитеттер сөздің бейнелілік қуатын арттырып, мәтіннің эстетикалық реңін күшейтеді. Хамза Есенжановтың «Ақ Жайық» трилогиясында эпитеттер бейнелеу құралы ғана емес, кейіпкерлердің рухани әлемін, табиғаттың мінезін және дәуірдің психологиялық күйін танытатын тілдік өрнек қызметін атқарады [13, 64б]. Жазушы шығармасында әрбір эпитет белгілі бір ой мен сезімнің көрінісі болып табылады. Мысалы, «күміс толқын», «қара бұлтты түн», «қайсар жігіт», «жабырқау ел» сияқты тіркестерде көрініп тұрғандай, Есенжанов табиғат пен адам мінезін қатар бейнелейді. Бұл тіркестердің әрқайсысы оқырманға бейнелі сурет пен эмоциялық әсер береді. Автор эпитет арқылы тек

сыртқы суретті сипаттап қоймай, оның астарындағы көңіл-күй мен рухани мазмұнды жеткізеді. Трилогия тілінде эпитеттердің поэтикалық табиғаты екі түрлі бағытта көрінеді: біріншісі – пейзаждық сипатта, екіншісі – психологиялық бейнелеу мақсатында. Табиғат көріністерін суреттегенде, жазушы «түнерген аспан», «қызыл шаңды жол», «суық жел», «меңіреу дала» секілді тіркестер арқылы оқырманды тарихи кезеңнің ауыр рухына енгізеді. Мұндай эпитеттер тарихи шындық пен көркем суреттің арасындағы байланыс орнатады. Ал кейіпкерлердің ішкі күйін ашуда қолданылған эпитеттер – адамның жан дүниесін, күрескерлік мінезін және моральдық биіктігін сипаттайды [14, 102б]. Эпитеттердің осындай көпқырлы қызметі жазушы тілінің байлығын көрсетеді. Есенжановтың тілдік өрнегінде халықтық ойлау мен ұлттық мінез айқын сезіледі. Оның эпитеттері тек көркем әсер тудыру үшін емес, белгілі бір философиялық ойды жеткізу үшін қолданылады. Сондықтан «Ақ Жайық» тіліндегі эпитеттер жүйесі – қазақ сөз өнерінің эстетикалық қуатын айқындайтын көркемдік құралдың бірі.

Көркем әдебиет тілінде теңеулер ерекше эстетикалық қызмет атқарады. Теңеу – салыстыру арқылы бейне жасаудың ең әсерлі тәсілдерінің бірі. Оның табиғаты поэтикалық ойлаумен тығыз байланысты. Әдеби тілде теңеулер заттың немесе құбылыстың бейнесін нақтылап, оқырманға айқын сурет ретінде жеткізеді. Хамза Есенжановтың «Ақ Жайық» трилогиясында теңеулер көркем бейнелер жүйесінің басты тірегіне айналған. Жазушы салыстыру тәсілі арқылы кейіпкер мінезін, табиғаттың өзгерісін және тарихи жағдайдың рухын ерекше әсермен бейнелейді [15, 91б]. Есенжанов теңеулерді қолдануда дәстүрлі және авторлық сипаттарды қатар ұштастырады. Оның шығармасында халықтық дүниетанымнан туындаған бейнелі салыстырулар мол кездеседі. «Жайықтың тасқыны ашынған халықтың даусындай дүр ете түсті», немесе «жауыннан кейінгі көктемгі өзендей толқыған жұрт» деген жолдарда табиғат құбылысы мен адам күйі қатар өріліп, психологиялық параллелизм жасалады. Мұндай көріністерде теңеу тек көркемдік құрал емес, ойды тереңдетудің, сезімді әсерлі жеткізудің тәсіліне айналған. Жазушы үшін теңеу – эстетикалық және идеялық құрал. Ол арқылы кейіпкерлердің ішкі толғанысы, рухани әлемі және қоғамдағы ахуал айқындалады. Бір кейіпкердің батылдығын суреттегенде «болаттай берік жігіт», ал қорқынышты сәтті суреттегенде «жүрегі торғайдай тулап» деген тіркестер қолданылады. Мұнда теңеулер тек сипаттау емес, эмоционалдық бояу, психологиялық дәлдік береді [16, 134б]. «Ақ Жайықтағы» теңеулердің бір бөлігі табиғат пен адамның арасындағы рухани үндестікті көрсетеді. Жазушы табиғаттың тынысын адам тағдырымен ұштастырып, олардың ортақ қозғалысын тіл арқылы өрнектейді. Бұл тәсіл арқылы трилогияның бейнелік кеңістігі кеңейіп, ұлттық ойлау ерекшелігі көрінеді. Қазақтың дүниетанымында табиғат пен адам біртұтас әлем ретінде қабылданатыны белгілі, ал Есенжанов осы байланысқа көркем тілдің қуатын арқау еткен. Жазушының қолданған теңеулері тілдік бейнелеу мен философиялық тереңдіктің ұштасқан үлгісі болып табылады. Олар оқырманға сурет пен сезімді қатар жеткізеді, әрбір эпизодтың рухани салмағын арттырады. Есенжановтың теңеулері арқылы көркем мәтін тек оқиға баяндауы ғана емес, ұлттық эстетикалық ойдың көрінісіне айналады.

Көркем шығарманың поэтикалық қуатын арттырып, мағыналық тереңдігін күшейтетін басты тілдік құралдардың бірі – метафора мен символ. Бұл екі бейнелеу тәсілі автордың эстетикалық ойлау жүйесін, дүниетанымдық көзқарасын және шығармашылық даралығын айқындайды. Әдеби тілде метафора мен символ – ойды бейнелі түрде жеткізудің, көркем образ жасаудың ең әсерлі тетігі болып табылады. Хамза Есенжановтың «Ақ Жайық» трилогиясында метафоралар мен символдар тұтас көркем әлемнің ішкі құрылымын қалыптастырады. Жазушы тарихи оқиғалар мен кейіпкерлер тағдырын бейнелеуде осы тәсілдердің көмегімен терең мазмұн береді. Метафора мен символ арқылы ол тек сыртқы суретті емес, ішкі мән мен рухани толғанысты көрсетеді. Әсіресе табиғат пен адамның байланысын ашуда бұл тәсілдер ерекше көрініс табады. Трилогиядағы Жайық өзені – қарапайым географиялық нысан емес, күрделі символдық бейне. Ол халықтың тағдырын, еркіндікке ұмтылысын, өмірдің үздіксіз қозғалысын білдіреді. Өзеннің тасуы

мен тартылуы халық өмірінің, елдің рухани күйінің көрінісі ретінде алынады. Бір сәтте тыныш, бір сәтте тулап ағатын өзен халықтың тарихымен үндес. Жайықтың толқыны мен дауылы жазушы үшін адамның ішкі сезімін, тағдырдың ауыртпалығын бейнелейтін метафоралық образға айналған. Метафоралар мен символдар тек табиғатты ғана емес, кейіпкерлердің мінезін де ашуға қызмет етеді. Есенжанов кейіпкерлерінің ішкі рухын сипаттағанда «қылыштай өткір сөз», «жүрегін өрт шалған ана», «көк аспандай кең ойлы ер» сияқты метафоралық тіркестерді қолданады. Мұндай сөздер көркем әсер тудырып қана қоймай, оқырманды терең ойға жетелейді. Әрбір бейне астарында белгілі бір философиялық, психологиялық немесе ұлттық мән жатады.

Трилогияда қолданылған символдар автордың идеялық бағытын айқындай түседі. «Жарық», «дауыл», «жол», «от» сияқты ұғымдар өмір мен күрестің, үміт пен сенімнің, ал кейде ауыртпалық пен сынақтың белгісі ретінде көрініс табады. Жазушы осы символдар арқылы тарихи дәуірдің рухын, адам болмысының күрделілігін және халықтың ішкі күшін көрсетеді. Соғыс суреттері берілген тұстарда «от» сөзі бір мезетте қиратушы күш пен азаттық үшін күрестің белгісі ретінде қабылданады. Есенжановтың тілінде метафора мен символ табиғи үндестік тапқан. Ол халық тілінің байлығын пайдалана отырып, сөздің бейнелеу мүмкіндігін кеңейткен. Трилогиядағы әрбір метафоралық сурет пен символдық бейне оқырманды тек көркем әсерге бөлеп қоймай, өмір мен уақыт, адам мен тағдыр жайлы толғанысқа жетелейді. Жазушының көркем тілі – ұлттық ойлау мен эстетикалық танымның тоғысқан айнасы. Метафора мен символдар арқылы автор тарихи шындықты бейнелеудің шегінен шығып, оны рухани-философиялық деңгейге көтереді. Бұл тәсілдер шығарма мазмұнын тереңдетіп, оқырман санасында ел мен жер, адам мен қоғам, өмір мен өлім арасындағы мәңгілік байланыс туралы ой тудырады.

Мұстафа Шоқай еңбектерінің тарихи-ғылыми маңызы қазақ әдебиетінде алар орны ерекше. Ол Түркістан автономиясының құрылуы, ұлттық мемлекетті қалыптастыру жолдары, отарлық саясаттың зардаптары, түркі халықтарының ортақ мүддесі, құқықтық мемлекет пен демократиялық құндылықтар жөнінде терең ой айтты. Эмиграцияда жүріп, Еуропаның түрлі басылымдары арқылы Түркістан мәселесін халықаралық деңгейге көтерді. Оның публицистикалық, эпистолярлық мұрасы – сол кезеңдегі саяси ахуалды зерттеуге арналған маңызды дереккөз. Бүгінде отандық және шетелдік ғалымдар Шоқайдың саяси көзқарастарын, тарихи қызметін, эмиграция кезеңіндегі еңбектерін жан-жақты зерделеуде. Осы ғылыми бағыттарды оқу үдерісіне енгізу студенттердің сын тұрғысынан ойлауын, әдебиет бағытындағы пәндерде оқиғаларды талдау қабілетін қалыптастырады.

Жоғары оқу орнында әдебиетті оқыту білім алушыларды адамгершілікке тәрбиелеп, рухани дүниетанымын кеңейтеді. Қазақ әдебиетінің асыл маржандары болашақ мамандардың тұлғалық жетілуіне үлкен септігін тигізеді. Сондықтан, білім беру үдерісінің қай кезеңінде де әдебиетті оқыту өзектілігін жойған емес.

Академик С.Қирабаев: «Әдебиет өзінің зерттейтін объектісі адамды белгілі дәуірде, тарихи ортада алып суреттеу арқылы сол кезеңнің шындығын да, бейнесін де ашады. Адам тағдыры арқылы тарихи ой-сананың қалыптасуын көрсетіп, оқырманға өмір танытады, оны тәрбиелейді, адамгершілікке баулиды, әдебиеттің біз үшін қажет эстетикалық сабағы да осында» [1, 100 б.] – деген пікірі әдебиеттің тұлға қалыптастырудағы маңызын айқындай түседі.

Ал әдіскер Қ.Бітібаева: «Басқа пәндерге қарағанда сезім, эмоция, әсер, шабыттану, қиялдау, армандау, еліктеу, әр түрлі психологиялық рең осы пәнде ерекше көрінеді. Әдебиет – жан дүниені, он екі мүшені, алпыс екі тамырды түгелдей жайлап, еш уақытта да көзге көрінбейтін сезім қылдары арқылы ақыл иесі - адамды өз ырқына жетелей алатын қасиетті дүние. Оны оқытудың қызықтығы да, күрделілігі де осында жатса керек [2, 11 б.] – деген пікірі әдебиеттің таным тұрғысындағы дәрежесін асқақтатады.

Бүгінгі күні білімді дайын қалпында қабылдамай, оны өздігімен құрастырудың тұлғаны дамытатындығы, өздігімен құрастырылған білімнің есте ұзақ мерзімде сақталатындығы дәлелденіп отыр. Қайталау мен жаттауға негіделген білім (репродуктивтік) тек есте сақтау дәрежесінде болса, құрастырылған (конструктвтік немесе сындарлы) білім үйренушіден түсіну, қолдану, талдау, ақпарат негізінде жаңа мазмұн құрастыру және бағалау секілді белсенді әрекеттерді талап етеді. Қайталау емес өздігімен білім құрастыру қажет бұл күнде. Ал бұл мақсатқа әр сабақта дұрыс оқу үдерісін қолдану арқылы ғана жетуге болады.

Жоғары оқу орындарында Мұстафа Шоқай мұрасын оқытудың негізгі мақсаттары – студенттердің тарихи санасын дамыту, ұлттық тәуелсіздік идеясының қалыптасу эволюциясын түсіндіру, демократиялық ой тарихындағы Шоқайдың орнын анықтау, сондай-ақ зерттеушілік дағдыларын жетілдіру болып табылады. Бұл мақсаттарға қол жеткізу үшін оның еңбектерін талдау, мәтіндік материалдармен жұмыс істеу, дереккөздерді салыстыра зерттеу, тарихи контексті дұрыс түсіндіру дағдыларын қалыптастыру міндеттері қойылады. Студенттерге ұсынылатын оқу материалы Шоқайдың өмір жолын баяндаумен шектелмей, оның саяси-публицистикалық көзқарастарын терең түсіндіруге бағытталуы тиіс. Өз кезегінде, Е.В.Бондаревская жеке тұлғаға бағдарланған оқытудың мазмұнында

жеке тұлғаны дамытуға және қалыптастыруға қажетті мынадай 4 компонент міндетті түрде болуы қажет деп атап көрсеткен [3, 148 б.]. Олар: аксиологиялық, когнитивті, шығармашылық-әрекеттік, жеке тұлғалық. Осы жеке тұлғаға бағдарланған оқытудың мазмұнының төрт компоненті де негізінен сөйлесу, шығармашылық іс-әрекет арқылы әрбір баланы жекелеген дамытуға жағдай жасауға, өз бетінше шешім қабылдауға және шығармашылығына, оқу әдістері мен мазмұнын таңдауға толық мүмкіндік береді деп ойлаймыз.

Әдістемелік тұғырларды көптеген ресейлік және шетел зерттеулерінен, атап айтсақ, И.А.Зимняя [4], В.И.Байденко [5], Н.А.Гришанова [6], Д.А.Махотин [7], О.Е.Лебедев [8], А.В.Хуторской [9], А.С.Белкин, [10] және тағы басқалардың еңбектерінен көруге болады. Кәсіби-педагогикалық құзыреттілік пен оның жеке түрлері В.А.Адольфтың [11], Е.В.Бондаревскаяның [12], Н.В.Кузьминаның [13] және тағы басқалардың ғылыми жұмыстарында, сонымен бірге педагогтің кәсіби құзыреттілігінің басқа да аспектілерін К.А.Абульханова [14], К. Юнг [15], З.И. Калмыкова [16], М.В. Прохорова [17], Е.И. Рогов [18], Л.М.Митина [19], В.А. Сластенин [20], А.И. Щербаков [21], және тағы басқалар зерттеген.

Мұстафа Шоқай мұрасын оқыту барысында дәріс, семинар және өзіндік жұмыс формалары тиімді қолданылады. Дәріс сабақтарында тақырыптық және проблемалық мазмұндағы материалдарды қамту, яғни Түркістан автономиясының құрылу тарихын, эмиграциядағы қызметін және публицистикасының негізгі бағыттарын жүйелі түрде түсіндіру маңызды. Проблемалық дәрістерде «Шоқайдың Түркістанның болашағына қатысты саяси көзқарастары қандай болды?» немесе «Эмиграциядағы күрестің нәтижелілігін қалай бағалауға болады?» сияқты сұрақтарды талдау студенттердің интеллектуалдық белсенділігін арттырады. Дәріс формасын интерактивті әдістермен байыту арқылы оқу процесін жандандыруға болады.

Проблемалық лекция турасында ғалым Н. В. Бордовская, А. А. Реан: «Бұл лекцияда жаңа білім проблемалық сұрақтар, міндеттер мен жағдаяттар арқылы енгізіледі. Студенттердің таным үрдісі мен оқытушының диалогтық ынтымақтастығы зерттеушілік әрекетке жақындайды. Мәселенің мазмұны оның шешімін абуды ұйымдастыру немесе дәстүрлі және жаңаша көзқарастарды жинақтау әрі талдау жолымен ашылады» [22, 23] – деген анықтама береді. Ал А.Әлімов [23, 105]: «Проблемалық лекцияларда қарастырылып жатқан тақырып бойынша бір-біріне қарама-қарсы пікірлер мен көзқарастар немесе қалыптасқан түсінікке қайшы теориялар көтеріледі. Әрине, олардың барлығы да негізгі мәселелерді қамтитын әрі мазмұнды тұрғыдан ғылыми және тәжірибелік ұрғыдан маңызды болуы шарт. Зерттеу барысында пайда болған қалған сұрақтарды өзіндік жұмысқа тапсырып немесе семинар сабақтарда пікірталас, дөңгелек үстел форматтарында қарастырса болады»,-деп тұжырымдайды. Сәйкесінше, проблемалық дәріс – студенттердің танымдық ісәрекеттерін, шығармашылық қабілеттерін проблемалық сұрақтар, проблемалық міндеттер қою немесе проблемалық жағдаяттар туғызу арқылы дамыту жолы екендігіне көз жеткіземіз.

Басты шарты – дәріс материалын таңдап алу мен даярлау кезінде және тікелей дәріс үстінде диалогтық қатынас формасында беру барысында проблемалық принципті іске асыру.

Семинар сабақтары теориялық білімді бекітуге және дереккөздермен терең жұмыс істеуге мүмкіндік береді. «Яш Түркістан» журналының материалдары, Шоқайдың хаттары, естеліктері және зерттеушілердің еңбектері семинарларда талданатын негізгі деректер болып табылады. Студенттер нақты мәтіндермен жұмыс істеп, публицистикалық стиль ерекшеліктерін, саяси ойдың эволюциясын, көтерілген мәселелердің тарихи мәнін талдайды. Бұған қоса, пікірталас ұйымдастыру, кейс-талдау жүргізу, Шоқайдың белгілі бір кезеңдегі шешім қабылдау жағдайларын модельдеу сияқты әдістер студенттердің аналитикалық ойлау дағдыларын дамыта түседі.

Білім беру үдерісінде заманауи цифрлық технологияларды қолдану да маңызды. Мұстафа Шоқайға қатысты құжаттар мен материалдар көптеген электрондық ресурстарда сақталған. Цифрлық архивтерді, интерактивті карталарды, деректі фильмдерді, подкасттарды пайдалану студенттердің пәнге деген қызығушылығын күшейтеді. Сонымен қатар, мәтіндерді автоматты талдау бағдарламалары, интерактивті тапсырмалар және онлайн-платформалар арқылы білімді бекіту оқу сапасын арттырады.

Оқу бағдарламасына Шоқай мұрасын енгізу бірнеше бағыт бойынша жүзеге аса алады. Әдебиеттану, Шетелдегі қазақ әдебиеті, Қазақстан тарихы, саяси ғылымдар, халықаралық қатынастар, журналистика, мәдениеттану және түркітану пәндеріне байланысты арнайы модульдер қалыптастыруға болады. Бұл модульдерде оның өмірбаяны, ұлттық қозғалыстардағы рөлі, эмиграциядағы публицистикасы, «Түркістан идеясы» және қазіргі зерттеулердегі тұлғалық бейнесі қамтылуы тиіс. Мұндай интеграция студенттердің пәнаралық көзқарасын қалыптастырып, тарихи оқиғаларды кең ауқымда түсінуіне ықпал етеді.

Студенттердің білімін бағалауда түрлі әдістерді қолдану ұсынылады. Эссе жазу, зерттеу жобаларын орындау, презентация дайындау, онлайн-тест тапсыру және пікірталастарға қатысу арқылы олардың теориялық білімдері мен аналитикалық дағдылары тексеріледі. Әсіресе дереккөздермен жұмыс істеу мәдениетін бағалау маңызды, себебі бұл студенттердің ғылыми-зерттеушілік қабілетін қалыптастырады.

Қорытындылай келе, Мұстафа Шоқай мұрасын жоғары оқу орындарында оқыту – тарихи білімді байытуға және ұлттық сананы қалыптастыруға бағытталған маңызды қадам. Оның еңбектерін жүйелі әрі ғылыми негізде оқыту студенттердің рухани-адамгершілік құндылықтарын, азаматтық жауапкершілігін, ұлттық болмыс туралы танымын тереңдетеді. Заманауи педагогикалық технологияларды және әдістемелік тәсілдерді тиімді қолдану Шоқай мұрасын оқыту сапасын арттырады әрі болашақ мамандардың кәсіби және ғылыми көзқарасының қалыптасуына ықпал етеді.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1.Қирабаев С. Көп томдық шығармалар жинағы. Т.1-8. – Алматы: Қазығұрт, 2007. – 464 б.

2.Бітібаева Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі мен технологиясы. Екінші басылым. – Алматы: Мектеп, 2003. – 336 б.

3.Бондаревская Е.В. Педагогика: личность в гуманистических теориях и системах воспитания: учеб. пособие. – Москва: Творческий центр Учитель, 1999. – 560 с.

4.Зимняя И.А. Иерархическо-компонентная структура воспитательной деятельности // Сб. воспитательная деятельность как объект анализа и оценивания / под общ. ред. И.А. Зимней. - М., 2003. - 235 с.

5.Байденко В.И. Выявление состава компетенций выпускников вузов как необходимый этап проектирования гос в по нового поколения: методическое пособие. – М.: Исследовательский центр проблем качества подготовки специалистов, 2006. – 72 с.

6.Гришанова Н.А. Компетентносный подход к обучению взрослых: Материалы к третьему заседанию методологического семинара. - М., 2004. - С.16.

7.Махотин Д.А. Принципы технологического образования // Вестник РМАТ. - 2016. - №1. – С. 18-36.

8.Лебедев О.Е. Компетентносный подход в образовании // Школьные технологии. – 2004. - №5. – С. 3-12.

9.Хуторской А.В. Ключевые компетенции: технология конструирования // Народное образование. – 2003. - №5. – С. 23-46.

10.Белкин А.С. Основы возрастной педагогики: кн. для учителей и студентов высш. и сред. учреждений образвания. – Екатеринбург: Гос. пед. унт, 2002. – 161 с.

11.Адольф В.А. Правоприменительная компетентность удущего юриста: понятие, структура и состав: научное издание. – М., 2021. – 486 с. 154

12.Бондаревская Е.В., Бермус А.Г., Хоронько Л.Я. и др. Методологическая сфера образования. – Ростов н/Д: Булат, 2007. - 364 с.

13.Кузмина Н.В. Способности, одаренность и талант учителя. – Л.: Знание, 1985. – 32 с.

14.Абульханова К.А. Психология и сознание личности. – М.: МОДЭК, 1999. – 224 с.

15.Юнг К. Психология труда и профессионального развития учителя. –М., 2004. – 320 с.

16.Калмыкова З.И. Продуктивное мышление как основа обучаемости. –М., 1981. – 187 с.

17.Прохорова М.В., Ежова А.С. Компетентностный подход как инновационная технология в развитии персонала // Роль инновационных университетов в реализации национальной образовательной инициативы «Наша новая школа»: Тезисы конференции. - Нижний Новгород: ННГУ им. Н.И. Лобачевского, 2011. – С. 32.

18.Рогов Е.И. Настольная книга практического психолога: учебное пособие. – Изд. 2-е, перераб и доп. – М.: Владос, 1995. – 527 с.; - Изд. 3-е. – М.: Владос, 1998; – М.: Владос, 2000; - М.: Владос-Пресс, 2001; - Изд. 4-е, перераби доп. - Владос-Пресс, 2008; – М.: Юрайт, 2012; 2014; 2016; 2020.

19.Митина Л.М. Психология труда и профессионального развития учителя: учебное пособие. – М.: Академия, 2004. – 467 с.

20.Сластенин В.А. Целостный педагогический процесс как объект профессиональной деятельности учителя. – М.: Издательский центр «Академия», 1998. – 478 с.

21.Щербаков А.И. История древнегреческой философии: учебное пособие. Допущено Министерством образования Российской Федерации в качестве учебного пособия по дисциплине «Философия» для студентов, обучающихся по гуманитарным специальностям и направлениям подготовки. - Краснодар: КубГУ, 2004. – 21 с.

22.Әлімов А. Интербелсенді әдістерді жоғары оқу орындарында қолдану. Оқу құралы. – Алматы: 2009. – 263 б.

ӘОЖ 327(045)

## ҰЛТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІК ЖӘНЕ ЖАҺАНДАНУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

**Жолдасқалиева Гүлбарам Жолдасқалиқызы**
*БҚО, Теректі ауданы, «Жаңа өмір» ауылы, «Шаған ЖОББМ» КММ-нің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі*

***Резюме.*** *В условиях глобализации особенно важно сохранять национальную идентичность и укреплять духовные ценности, которые формируют культурный код народа. Казахстан сталкивается с влиянием мировых культурных тенденций, что требует активного сохранения языка, традиций и исторической памяти. Духовные ценности, такие как уважение, единство, ответственность и патриотизм, играют ключевую роль в воспитании гармоничной личности. Сохранение и развитие национальных духовных основ возможно через систему образования, культурную политику, семейное воспитание и создание качественного отечественного контента.*

***Ключевые слова****. Национальная идентичность, духовные ценности, глобализация, культурное наследие*

Қазіргі жаһандану заманында әлемнің экономикалық, саяси және мәдени кеңістіктерінде үлкен өзгерістер жүріп жатыр. Шекаралардың ашықтығы, ақпарат ағынының жылдамдығы, халықаралық нарықтың кеңеюі әрбір елдің ұлттық келбетіне ықпал етуде. Осындай кезеңде әр ұлт өзінің тарихи тамырын, мәдени құндылықтарын, рухани болмысын сақтап қалуға ұмтылады. Өйткені ұлттық бірегейлік – халықтың өзін-өзі тануының, қоғамның тұрақтылығы мен дамуының басты негіздерінің бірі.

Қазақстан үшін бұл мәселенің маңызы ерекше. Бай тарихи мұраға, терең мәдениетке ие қазақ халқы жаһандану үрдістеріне бейімделе отырып, ұлттық рухын жоғалтпай, оны дамыта білуі қажет. Сондықтан жаһандану жағдайындағы рухани құндылықтарды сақтау мен ұлттық бірегейлікті нығайту – бүгінгі күннің өзекті міндеті.

Жаһандану – әлемдік интеграцияның тереңдеуі, мемлекеттер арасындағы байланыстардың күшеюі және ақпараттық кеңістіктің бірігуі.Бұл құбылыс білімнің, технологияның, мәдениеттің алмасуын жеңілдетті, әлемдік қоғамдастықтың тұтастығын арттырды. Алайда жаһанданудың жағымды әсерімен қатар ұлттық мәдениетке қауіп төндіретін факторлар да бар.

Мысалы:

- әлемдік мәдени шаблондардың басым болуы;
- жастардың батыстық құндылықтарға еліктеуі;
- тілдік ассимиляцияның күшеюі;
- ұлттық дәстүрлердің әлсіреуі;

Осы тұрғыдан жаһандану ұлттық мәдениеттің өзіндік ерекшелігін сақтауға нақты талаптар қояды.

Ақпараттық технология дәуірінде әлемдік мәдени өнімдер жылдам таралып, жастардың мінез-құлқына, қызығушылығына тікелей әсер етеді. Бүгінгі қазақстандық қоғамда да батыстық мәдениетке еліктеу байқалады: киім үлгісі, қарым-қатынас стилі, уақытты өткізу формалары өзгеруде. Бұл құбылыстар ұлттық рухани құндылықтарға бәсекелестік туғызады.

Сонымен бірге кейбір дәстүрлерге деген қызығушылықтың төмендеуі, ұлттық тарихқа деген немқұрайдылық, рухани құндылықтардың материалдық құндылықтармен алмастырылуы да белгілі бір қауіптерді тудырады.

Ұлттық бірегейлік – белгілі бір халықтың мәдени, тілдік, тарихи, рухани ерекшеліктерін айқындайтын кешенді ұғым.

Оның негізгі компоненттері:

-**Тіл** – ұлттық болмыстың негізі;

-**Дәстүр мен салт** – ұрпақ сабақтастығының тірегі;

-**Тарихи сана** – халықтың өткенін еске сақтау қабілеті;

-**Рухани құндылықтар** – моральдық-этикалық бағдар;

-**Мәдени код** – ұлттың өзіндік ерекшелігі мен дүниетанымы;

Ұлттық бірегейлік қоғамда бірнеше маңызды қызмет атқарады:

-әлеуметтік тұтастық пен бірлікті қамтамасыз етеді;

-ұрпақты патриоттық рухта тәрбиелейді;

-мәдени тәрбиенің негізгі қабатын құрайды;

-жаһандану әсерінен ұлттық мүддені қорғауға мүмкіндік береді;

Қазақстан жағдайында ұлттық бірегейлікті қалыптастыру реформалық өзгерістермен, мемлекеттік идеологиямен және ұлттық мәдениетті жаңғырту бағдарламаларымен тығыз байланысты.

Қазақ мәдениеті ғасырлар бойы қалыптасқан рухани мұраға бай. Ұлттың рухани қазынасына мыналар жатады:

- ізгілік, мейірімділік;

-үлкенге құрмет, кішіге қамқорлық;

-отбасы татулығы;

-қонақжайлық;

-туған жерге, табиғатқа құрмет;

-намыс, ерлік, адалдық;

-білімге құштарлық;

Бұл құндылықтар ұлттық бірегейліктің өзегі болып табылады. Жаһандық мәдени экспансия қазақ қоғамында да өзгерістер туғызуда. Соңғы жылдары байқалатын мәселелер:

-тұтынушылық мәдениеттің басымдық алуы;

-рухани бағдардың әлсіреуі;

-ұлттық дәстүрлердің тартымдылығының төмендеуі;

-отбасы институтының өзгеруі;

-ана тілі қолданысының шектелуі.

Бұл жағдайлар ұлт рухының төмендеуіне әсерін тигізбеуі үшін жасалған әрекеттер оң өзгеріс табуы тиіс.

**Ұлттық бірегейлікті сақтау және рухани құндылықтарды дамыту жолдары**

**1.Білім беру жүйесінің рөлі**

Ұлттық құндылықтарды сақтауда мектеп пен жоғары оқу орындарының орны ерекше. Білім беру жүйесінде ұлттық тарих пен мәдениетті терең оқыту,

қазақ тілін меңгеруді арттыру, патриоттық тәрбие бағыттарын күшейту,

ұлттық мәдениетке негізделген заманауи білім беру бағдарламаларын жасау секілді өзекті мәселелер жалғасын табуы тиіс.

**2. Мәдени саясат және рухани жаңғыру**

Мемлекеттік деңгейдегі мәдени саясат ұлттық бірегейлікті сақтау мен жаңғыртуға бағытталуы тиіс. Аталған бағытты іске асыру үшін нені басшылыққа алу керек:

-ұлттық өнер мен әдебиетті қолдау;

-театр, музыка, кино салаларында қазақ мәдениетін дамытатын жобаларды көбейту;

-тарихи ескерткіштерді сақтау;

- мәдени туризмді дамыту.

**3. Ақпараттық кеңістікте ұлттық идеяны қорғау**

Қазіргі заман – ақпарат ғасыры. Жастардың дүниетанымына ғаламтор мен медиа тікелей әсер етеді. Сондықтан қазақ тіліндегі сапалы контентті көбейту, ұлттық мәдениетті дәріптейтін мультфильмдер, сериалдар, бағдарламалар шығару, әлеуметтік желілерде ұлттық құндылықтарды насихаттау қажет.

**4. Отбасы институтының рөлі**

Ұлттық тәрбие отбасынан басталады. Ата-ананың баласына ұлттық салт-дәстүрді үйретуі, үлкенді құрметтеуге баулуы, туған жерге сүйіспеншілікті дарытуы – қоғамның рухани тұрақтылығын қамтамасыз ететін негізгі фактор.

Жаһандану – бүгінгі әлемнің даму бағыты. Ол елдер арасындағы байланыстарды күшейтіп, өркениеттік орта құрады. Дегенмен бұл процестің ұлттық мәдениетке тигізетін әсері әрқашан оң бола бермейді. Сондықтан ұлттық бірегейлікті сақтау, рухани құндылықтарды дамыту – әрбір халықтың басты міндеті.

Қазақстан мемлекеті ұлттық мәдениетті жаңғырта отырып, жаһандық кеңістікке бейімделе алатын білімді, рухани бай ұрпақты тәрбиелеуде. Ұлттық құндылықтарды сақтау – тек мемлекеттік саясаттың ғана емес, әр азаматтың борышы. Рухани қуаты берік, мәдениеті жоғары, тарихын құрметтейтін қоғам ғана жаһандану толқынында өз болмысын сақтап қала алады.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**


1. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. – Астана, 2017.
2. Қайдар Ә. Ұлт тағдыры және тіл мәселесі. – Алматы: Ана тілі, 2012.
3. Хантингтон С. Өркениеттер қақтығысы. – Алматы: Қазақ университеті, 2013.
4. Ахметова Г., Бижкенова А. Жаһандану және ұлттық мәдениет. – Алматы, 2020.
5. Қазақ мәдениеті тарихы. Оқу құралы. – Алматы: Санат, 2018.

ӘОЖ 37.013

# МӘДЕНИ МҰРА ЖӘНЕ ТАРИХИ САНАНЫ ЖАҢҒЫРУ СТРАТЕГИЯЛАРЫ

**Альмуханова Индира Куанышевна**
*Орал қаласы,Жаңақала ауданы,№3 ЖОББМ тарих пәні мұғалімі*

***Резюме.****В данной статье рассматриваются культурное наследие Казахстана и стратегии возрождения исторического сознания. Культурное наследие - это совокупность духовных и материальных ценностей нации, играющая важную роль в формировании национальной идентичности. Возрождение исторического сознания - это процесс адаптации ценностей прошлого к современности. В статье анализируются основные стратегии и программы, реализованные в Казахстане по сохранению и возрождению культурного наследия. Также рассматривается место и значимость формирования исторического сознания в системе образования.*

***Ключевые слова:*** *культурное наследие, историческое сознание, национальная идентичность, Казахстан, сохранение наследия, стратегии модернизации, система образования*

Кіріспе. Мәдени мұра және тарихи сананы жаңғырту стратегияларының қазіргі қоғамдағы өзектілігі артқан уақытта, бұл мәселе бойынша ғылыми зерттеулердің маңызы зор болып отыр. Қазақстанның мәдени мұрасы – бұл ұлттың өзіндік ерекшелігін, тарихын және мәдениетін бейнелейтін құндылықтар жиынтығы. Бұл құндылықтар ұрпақтан ұрпаққа беріліп, қоғамның дамуында маңызды рөл атқарады. Мәдени мұраның сақталуы мен дамуы мемлекеттің ұлттық саясатымен тығыз байланысты.

Тарихи сана – бұл халықтың өткені мен болашағын бағалауға, ұлттық бірегейлікті қалыптастыруға ықпал ететін құбылыс. Қазіргі жаһандану заманында мәдени мұра мен тарихи сананы жаңғырту ұлттық бірегейлікті сақтау үшін маңызды болып табылады. Жастар арасында патриоттық сезімді қалыптастыру, ұлттық құндылықтарға деген құрметті арттыру мәселесі бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі болып отыр.

Мәдени мұра мен тарихи сананы жаңғырту стратегияларының практикалық маңыздылығы көптеген салаларда, соның ішінде білім беру, мәдениет, туризм және экономикада айқын байқалады. Бұл стратегиялар арқылы қоғамның тұрақты дамуына, ұлттық құндылықтардың сақталуына, сонымен қатар жаһандану үрдісінде ұлттық бірегейлікті жоғалтпауға қол жеткізуге болады.

Қазақстанның мәдени мұрасын сақтау және дамыту бағытындағы мемлекеттік саясаттың тиімділігін арттыру үшін мәдени және тарихи құндылықтарды насихаттау, оларды зерттеу және сақтауға бағытталған кешенді шаралар қажет. Бұл бағытта арнайы бағдарламалар мен жобаларды жүзеге асыру, халықтың мәдени және тарихи санасын жаңғыртуға ықпал ететін іс-шараларды ұйымдастыру маңызды.

Осылайша, мәдени мұра мен тарихи сананы жаңғырту стратегияларының өзектілігі мен маңыздылығы қазіргі қоғамда айқын сезілуде, және бұл бағытта жүргізілетін зерттеулер мен жұмыстардың маңызы зор.

Зерттеудің мақсаты: Мәдени мұра мен тарихи сананы жаңғырту стратегияларын зерттеу арқылы олардың қазіргі қоғамдағы маңыздылығын анықтау.

Міндеттері: 1. Мәдени мұраның қоғамдағы рөлін айқындай отырып, оның сақталуы мен дамуына әсер ететін негізгі факторларды анықтау. 2. Тарихи сананы жаңғырту стратегияларын талдау арқылы олардың жастар арасында патриоттық сезімді қалыптастырудағы ықпалын зерттеу. 3. Мәдени және тарихи құндылықтардың жаһандану үрдісіндегі орнын бағалау үшін салыстырмалы талдау жүргізу. 4. Қазақстанның мәдени және тарихи мұрасын сақтаудағы мемлекеттік саясаттың тиімділігін зерттеп, ұсыныстар әзірлеу.

**Мәдени мұра және оның қазіргі қоғамдағы рөлі**. Мәдени мұра – ұлттың рухани және материалдық байлығының көрінісі. Ол халықтың тарихы мен дәстүрін, мәдениетін сақтап, ұрпақтан ұрпаққа жеткізеді. Бұл құндылықтар ұлттық бірегейлікті нығайтады және халықтың өзіндік ерекшелігін айқындайды. Қазақстанның мәдени мұрасы архитектуралық ескерткіштерден бастап, фольклорлық дәстүрлерге дейінгі кең ауқымды қамтиды. Мысалы, Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Яссауи кесенесі, Алматыдағы Орталық Мемлекеттік Мұражай және басқа да тарихи нысандар мәдени мұраның бір бөлігі болып табылады.

Мәдени мұраны сақтау мемлекеттің ұлттық саясатының маңызды бөлігі болып табылады. Бұл бағытта арнайы заңдар мен бағдарламалар қабылданып, мәдениет саласындағы жобаларға қаржылық қолдау көрсетіледі. Мысалы, “Мәдени мұра” мемлекеттік бағдарламасы аясында көптеген тарихи нысандар қалпына келтіріліп, зерттеулер жүргізілді.

**Тарихи сананы жаңғырту және патриоттық тәрбиенің маңыздылығы.** Тарихи сана халықтың өткенін тануға, оны бағалауға және болашаққа бағыт алуға ықпал етеді. Жастар арасында патриотизмді қалыптастыруда тарихи сананы жаңғырту маңызды рөл атқарады. Білім беру жүйесінде ұлттық тарихты оқыту, мәдениет пен дәстүрді құрметтеу арқылы патриоттық сезімді дамытуға болады. Бұл бағытта мектептер мен университеттерде арнайы курстар мен іс-шаралар ұйымдастырылып, тарихи тұлғалар туралы ақпараттар кеңінен насихатталуда.

Жастар арасында патриотизмді қалыптастыру ұлттық құндылықтарды қадірлеуге, елдің болашағына жауапкершілікпен қарауға үйретеді. Бұл, әсіресе, жаһандану заманында ұлттық бірегейлікті сақтау үшін аса маңызды.

**Жаһандану және ұлттық құндылықтардың орнын бағалау.** Жаһандану үрдісі мәдениеттердің жақындасуына, ақпараттық алмасудың артуына ықпал етуде. Бірақ бұл үрдіс ұлттық құндылықтардың жоғалуына да әкелуі мүмкін. Сондықтан мәдени және тарихи құндылықтарды жаһандану жағдайында сақтау маңызды. Салыстырмалы талдау арқылы әртүрлі елдердің мәдени саясаттарын зерттеп, Қазақстанның мәдени мұрасын сақтау үшін қандай шаралар қолдану керектігін анықтауға болады.

Мысалы, Жапония мен Корея елдері өздерінің мәдени мұрасын сақтау үшін белсенді түрде жұмыс істеп, оны әлемге танытуда. Қазақстан да осындай тәжірибелерден үлгі ала отырып, өз мәдениетін жаһандық деңгейде насихаттауы қажет.

**Мемлекеттік саясат және мәдени мұраны сақтау.** Қазақстанның мәдени мұрасын сақтау және дамыту бағытындағы мемлекеттік саясаттың тиімділігін арттыру үшін кешенді шаралар қажет. Бұл шаралар мәдени және тарихи құндылықтарды насихаттау, оларды зерттеу және сақтауға бағытталады. Мемлекет тарапынан қолдау көрсетіліп, арнайы бағдарламалар жүзеге асырылуы тиіс. Мысалы, мәдениет және спорт министрлігінің бастамасымен өткізілетін халықаралық көрмелер мен фестивальдар осы бағытта маңызды рөл атқарады.

Мәдени мұра мен тарихи сананы жаңғырту стратегияларының қазіргі қоғамдағы маңыздылығы айқын. Бұл стратегиялар ұлттық бірегейлікті сақтап, жастар арасында патриоттық сезімді қалыптастырады. Сонымен қатар, жаһандану үрдісінде ұлттық құндылықтарды жоғалтпауға мүмкіндік береді. Қазақстанның мәдени мұрасын сақтау және дамыту үшін кешенді шаралар қабылданып, мемлекеттік саясаттың тиімділігін арттыру қажет. Бұл бағытта ғылыми зерттеулер мен практикалық шаралар үйлесімді жүзеге асырылуы тиіс.

**Қорытынды.** Мәдени мұраның қазіргі қоғамдағы рөлі ерекше маңызды. Бұл рухани және материалдық байлықтар ұлттың тарихы мен дәстүрін сақтап, келешек ұрпаққа жеткізеді. Мәдениетіміздің құндылықтары ұлттық бірегейлікті нығайтып, халықтың өзіндік ерекшелігін айқындайды. Қазақстанның архитектуралық ескерткіштері мен фольклорлық дәстүрлері мәдени мұраның маңызды бөліктері болып табылады.

Тарихи сананы жаңғырту және патриоттық тәрбиенің маңыздылығы зор. Жастар арасында патриотизм сезімін қалыптастыру ұлттық құндылықтарды қадірлеуге, елдің

болашағына жауапкершілікпен қарауға үйретеді. Білім беру жүйесінде ұлттық тарих пен мәдениетті оқыту арқылы патриотизмді дамытуға болады.

Жаһандану жағдайында ұлттық құндылықтарды сақтау маңызды міндет болып табылады. Әртүрлі елдердің тәжірибесін зерттей отырып, Қазақстан да өз мәдениетін жаһандық деңгейде насихаттауы қажет.

Мемлекеттік саясаттың тиімділігін арттыру үшін кешенді шаралар қажет. Мәдени мұраны сақтау мен дамытуда мемлекеттік қолдаудың маңыздылығы айқын. Бұл бағытта ғылыми зерттеулер мен практикалық шаралар үйлесімді жүзеге асырылуы тиіс.

Болашақта Қазақстанның мәдени мұрасын сақтау үшін кешенді стратегияларды жүзеге асыру қажет. Бұл ұлттық бірегейлікті сақтап, жаһанданудың теріс әсерлеріне қарсы тұруға мүмкіндік береді. Әрбір азамат мәдени құндылықтарды қадірлеп, олардың сақталуына өз үлесін қосуға міндетті. Бұл біздің ортақ мұрамызды қорғап, болашақ ұрпаққа жеткізуге көмектеседі.

**Пайдаланылған әдебиеттер**

1.Нұрпейісов К.Н. *Мәдени мұра: Қазақстанның рухани байлығы*. – Алматы: Өнер, 2015. – 280 б.

2.Әуезов М.О. “Тарихи сананы жаңғырту стратегиялары” // Тарих және мәдениет. – 2019. – №3. – 45-50 б.

3.Исабеков Ж.Х. *Қазақ мәдениетінің дамуы*. – Астана: Елорда, 2018. – 360 б.

4.Сүлейменов О.С. “Мәдени мұра бағдарламасы және оның маңызы” // Қазақстан тарихы. – 2017. – №2. – 11-15 б.

5.Айтмұхаметов С. *Қазақстанның тарихи санасын қайта жандандыру жолдары*. – Шымкент: Білім, 2020. – 215 б.

6.Жұмабаев А.Б. “Қазақтың мәдени мұрасы: сақтау және дамыту” // Мәдениет және өркениет. – 2021. – №4. – 30-35 б.

7.Омарова Л.Т. *Ұлттық құндылықтар және тарихи сана*. – Қарағанды: Болашақ, 2016. – 290 б.

ӘОЖ 372.881.1

## ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ӘДІСТЕРІ

**Жанахметова Бибигул Аманкелдиевна**
*Қ.Жұмалиев атындағы Қаратөбе мектеп-гимназиясының қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі, Батыс Қазақстан облысы, Қаратөбе ауданы*

***Резюме.****В предлагаемой статье учитель знакомит с видами заданий, заданных в ходе урока по казахскому языку в направлении формирования функциональной грамотности учащихся. Раскрывает эффективность заданий, полученных в соответствии с учебной целью, в формировании у учащегося навыков, необходимых в повседневной жизни.*

***Ключевые слова:*** *функциональная грамотность, цель обучения, урок казахского языка, информация, текст..*

«Балаларға өскенде пайдалы болатын нәрселерді үйрету керек»
Аристипп (б.э.д.435-355жж.)

Қазіргі білім беру жүйесінде басты мақсат – оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру. Яғни, оқушы алған білімін өмірде қолдана білуі керек. Осы тұрғыда

қазақ тілі сабағы – тілдік білім берумен қатар, оқушының сыни ойлауын, мәтінді түсіну және ақпаратты тиімді қолдану қабілетін дамытуда маңызды рөл атқарады.

Функционалдық сауаттылық – адамның қоғам өміріне белсенді қатысуына, түрлі әлеуметтік және кәсіби мәселелерді шешуге қажетті білім мен білікті нақты өмірлік жағдаяттарда қолдана білу қабілеті. Бұл ұғым тек оқи алу немесе жаза алу емес, сонымен қатар ақпаратты саралау, түсіну, шешім қабылдау дағдыларын қамтиды.

Қазақ тілі сабағында функционалдық сауаттылықты қалыптастыру үшін оқу мақсаттарына сай тиімді тапсырма түрлерін қолдану қажет. Мұндай тапсырмалар оқушылардың тілдік, коммуникативтік және сыни ойлау дағдыларын дамытуды көздейді. Төменде сол тапсырма түрлеріне тоқталайық:

5-сынып. «Көлік және жол белгілері. Морфология» бөлімінде «Жол белгілерін білеміз бе?» тақырыбында 5.3.3.1. сюжетті суреттердің (фотосуреттер) желісі бойынша әңгіме құрастыру оқу мақсаты бойынша өткізілген сабақта оқушыларды жаңа тақырыпқа әкелу үшін жазылым алды кезеңінде «Жол белгілерін кім көп біледі?» деген сұрақ қойып, күнделікті жиі кездесетін жол белгілерінің түрлерін тапқызуға болады. Оқушыларды қызықтыру мақсатында көрнекілікке асфальт жол, бағдаршам макетін қойып, балаларды жаяу жүргіншілер жолағынан өткізіп, өту барысында сұраққа дұрыс жауап берген оқушылар мадақталады.

Жазылым тапсырмасына 2-тапсырма [1,111] «Жол белгілерін білудің қандай маңызы бар?» деген сұраққа топта мәтін құрап жазуға беріледі. Әр топ құрған мәтіндерін сынып алдында оқиды. Ең үздік көркем тілмен жазылған мәтін марапатталады. Бұл тапсырмаларды орындау барысында оқушылар күнделікті жиі кездесетін жол белгілерін ажыратуды үйренеді.

6-сынып «Су – тіршілік көзі. Қазақстандағы өзен-көлдер. Морфология» бөлімінде «Су – табиғат құбылысы» тақырыбы 6.3.3.1 ұсынылған тақырып бойынша деректер жинақтай отырып, графиктік мәтін (диаграмма, кесте, сызба) түрінде құрастыру деген оқу мақсатына сәйкес оқушылар Қазақстандағы өзендер туралы мәтінмен танысады. Содан кейін оқылым мәтінінен Қазақстандағы өзендердің ұзындығын анықтап, графиктік мәтін құрастырады. 1-топқа графиктік мәтінді конструктор ойыншығын пайдаланып құрастыруға, 2-топқа әр өзеннің ұзындығы туралы сандық ақпаратты координата өсі бойына орналастырып график тұрғызуға тапсырма беріледі.

**Оқылым мәтіні**

Жайық өзенінің жалпы ұзындығы – 2534 шақырым, оның 1084 шақырымы Қазақстан жерінде. Жайық өзені Орал тауларымен бірге Еуропа мен Азияны бөлетін шартты шекара болып есептеледі. Жайық өзені мен оның салалары негізінен қармен қоректенеді. Өзен Қазақстан үшін тұщы судың маңызды көзі болып табылады және балық аулау мен рекреациялық туризмге мүмкіндік береді. Мұнда бекіре, майшабақ, көксерке, сазан, жайын секілді 40-қа жуық балық түрі бар.

Тобыл – Ертіс өзенінің саласы. Жалпы ұзындығы – 1591 шақырым, оның 682 шақырымы Қазақстан территориясында. Тобыл бассейнінде жалпы ауданы 9000 шаршы шақырым болатын 20 мыңға жуық көл және бірнеше су қоймасы бар. Негізінен қар және жаңбыр суымен қоректенеді. Ертіс – Қазақстандағы кеме жүзетін ең ірі өзендердің бірі. Жалпы ұзындығы – 4248 шақырым, оның 1698 шақырымы Қазақстан аумағында. Ертіс өзені еліміз үшін тұщы судың аса маңызды көзі болып табылады және республика экономикасында маңызды рөл атқарады. Ертіс-Қарағанды каналы арқылы Қарағанды, Павлодар, Ақмола облыстары ауыз сумен қамтамасыз етіледі.

Есіл – еліміздегі ең ұзын өзен. Өзен Қарағанды облысындағы Нияз (қазақтың ұсақ шоқыларының солтүстік шеті) тауларындағы бұлақтардан бастау алады және Ресей аумағындағы Ертіс өзеніне құяды. Жалпы ұзындығы - 2450 шақырым, оның 1779 шақырымы Қазақстан аумағында. Есіл өзенінің жағасында Астана, Есіл, Державин, Сергеевка, Петропавл қалалары орналасқан. Есіл жазықтық өзеніне жатады, сондықтан оның ағысы қар, жер асты суы және жауын - шашынмен толып отырады.

Сырдария – Орталық Азиядағы ең ірі өзендердің бірі. Тянь-Шань тауларынан бастау алып, Қазақстан мен Өзбекстан арқылы өтеді. Жалпы ұзындығы шамамен 2212 шақырым, оның 1746 шақырымы Қазақстанда. Оңтүстік өңірдегі ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіп үшін маңызды су көзі болып табылады. Арал теңізіне құяр жерінде суы мол жылдары тіпті кеме жүрген. Өзен бойында ежелгі қалалардың орны көп. Сырдария өзені Шығыс жазбаларында Шаш, Ходжент, гректерде Яксарт, арабтарда Сейхун деген атпен кездеседі.

Қазақстанда 17 мыңнан астам өзен бар. Алайда оның әрқайсысы өз табиғатымен, ұзындығымен, биологиялық әралуандылығымен ерекше.

https://kaz.inform.kz/news/kazakstandagi-en-uzin-bes-ozen-5136e5/

**Бағалау критерийі:** ұсынылған тақырып бойынша деректер жинақтап, графиктік мәтін түрінде құрастырады;

**Дескриптор:** - Мәтіннен қажетті ақпараттарды анықтайды -1

- Мәтіннен деректерді жинақтайды -1
- Деректерді графиктік мәтін түрінде жүйелі құрастырады-1

Бұл тапсырмада топтағы оқушылар Қазақстандағы өзендердің ұзындығы туралы нақты ақпаратты табу, іріктеу және алынған ақпаратты пайдаланып графиктік мәтін құрастырудың түрлі тәсілдерін меңгереді.

7-сынып. «Ғаламтор және әлеуметтік желілер» бөлімі «Әлеуметтік желіні пайдаланамын» тақырыбындағы сабақта 7.3.3.1 - мәтін құрылымын (кіріспе бөлім, жалпы мәлімет беру, детальді мәлімет беру) сақтай отырып, графиктік мәтін (шартты белгі, сурет, сызба) түрінде берілген процесті сипаттап жазу оқу мақсаты бойынша оқушыларға графиктік мәтін мен интерпретациялау ұғымы туралы түсінік берілгеннен кейін «Жазылым алды» кезеңінде аудиторияда отырған оқушылардың жиі пайдаланатын әлеуметтік желілері туралы сұралады. Оқушылардың әрқайсысы өздері пайдаланатын әлеуметтік желінің шартты белгілерін тақтадағы координата өсіне жапсырып графиктік мәтін тұрғызады.

Жазылым тапсырмасында сынып оқушыларына құрастырған графиктік мәтін мазмұнымен танысыңыз, мәтінге тақырып қойыңыз, мәтін бойынша нақты 3-4 мәліметті іріктеп, интерпретациялап жазыңыз деген тапсырма беріледі.

**Дескриптор**

- мәтін тақырыбын анықтайды-1
- негізгі ақпараттарды іріктейді-1
-ақпараттарды интерпретациялайды-1
- құрылымын (кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды) сақтайды -1
-сөйлем құрылымын сақтап сауатты жазады-1

Бұл тапсырмада оқушылар сыныптың әлеуметтік желілерді пайдалану жиілігі, барлық оқушы қолданатын желілер туралы нақты ақпарат алады және өздері бірлесіп тұтас емес мәтінді қызыға құрастырады. Графиктік мәтін мазмұнынан негізгі ақпараттарды іріктеп жазылым мәтінін де оңай құрастырады. Бұл әдіс тұтас емес мәтін мазмұнын оңай түсінуге жақсы ықпал етеді.

9-сынып. «Биотехнология және гендік инженерия келешегі. Синтаксис» бөлімі «Гендік модификацияланған өнімдер» тақырыбы 9.2.6.1. белгілі бір мақсат үшін оқылым стратегияларын тиімді қолдана білу оқу мақсаты бойынша өткен сабақтың басында оқушыларды жаңа тақырыпқа әкелу мақсатында үстел үстінде тұрған ұлттық тағамдар мен ГМО қосылған заманауи тағамдарға оқушылардың назарын аударып түрткі сұрақ қойылады.

- Бұл тағамдардың бүгінгі сабаққа қандай қатысы болуы мүмкін?- деген сұрақ қойып оқушылардың жауабына қарай бірлесе отырып сабақ тақырыбы, мақсаты айқындалады.

Оқушыларға ғаламтордан алынған бейнебаянкөрсетіледі. https://youtu.be/2bmccYywaoM?si=khK-bjPyJw_DgF2X

Бейнебаян көріп болған соң үстелде тұрған қазақтың ұлттық тағамдары: құрт, сүзбе, айран және ГМО қосылған тағамдар: кетчуб, майонез, чипсы, шоколадқа назарларын аудартып сынама сұрақтар қойылады:

1. Тауар сатып алғанда сіздер тауардағы ГМО таңбасына мән бересіздер ме?

2. Мына тағамдардың қайсысының құрамында ГМО бар деп ойлайсыздар?

Оқушылардың пікірі тыңдаған соң гендік модификацияланған өнімдер туралы оқушылар толық мәлімет алу үшін үш топқа оқылым стратегияларын пайдаланып мәтінді оқуға тапсырма беріледі.

**I топ:** 6-тапсырма [3,73] ГМО туралы оқып, «Сүзгі әдісі» арқылы әр абзацтағы негізгі ақпараттарды іріктеп алыңыз.

**Дескриптор:**

1-абзацтағы негізгі ақпаратты анықтайды-1б

2-абзацтағы негізгі ақпаратты анықтайды-1б

3-абзацтағы негізгі ақпаратты анықтайды-1б

4-абзацтағы негізгі ақпаратты анықтайды-1б

**II топ:** «Гендік модификацияланған өнімдер жайында берілген «Биолог анықтамалығы» журналындағы [4;47] мақаламен танысып, «Пирамида әдісі» арқылы негізгі ақпаратты, ГМО-ның пайдасы мен зиянын, анықтаңыз. Өз қорытындыңызды ұсыныңыз.

**Дескриптор:**

Мәтіндегі негізгі ақпаратты анықтайды-1б

ГМО-ның пайдасын анықтайды-1б

ГМО-ның зиянын анықтайды-1б

Ойларын қорытын дәлелдейді-1б

**III топ:** Тәжірибе алаңы. «Компас әдісі» арқылы ғаламтордан күнделікті қолданылып жүрген тағамдар құрамын зерттеп, ГМО бар екенін дәлелдеңіз. Пайдасы мен зиянын анықтап, сипаттама беріңіз.

**Дескриптор:**

Зерттеуге берілген өнімдер құрамындағы ГМО компоненттерін анықтайды-1б

Интернеттен сол туралы мәлімет жинақтайды-1б

Өнімге сипаттама береді-1б

Пайдасын мен зиянын анықтайды-1б

Оқушылар үш топқа бөлініп жұмыстанады. Мәтіннен негізгі ақпаратты анықтайды. ГМӨ-нің пайдасы мен зиянын ажыратады. Ғаламтордан тағамдардың құрамын анықтайды, ГМО қосылғанын дәлелдейді. Жұмыстарын қорғайды.

**Кері байланыс «Менің таңдауым» әдісі** арқылы ұлттық тағамдар мен ГМО өнімдері арасында таңдау жасайды. Бүгінгі сабақта өздері жасаған жұмыстарға, талданған мәселеге кері байланыс береді. Алған білімін күнделікті өмірде қалай қолдануға болатыны туралы өз ойларын айтады.

Қазақ тілі сабағында функционалдық сауаттылықты қалыптастыру – бүгінгі білім берудің басты талаптарының бірі. Ол үшін мұғалімдер оқу мазмұнын өмірмен байланыстыра отырып, оқушылардың қызығушылығын оятатын, ойлантатын, пікір айтуға итермелейтін тапсырмаларды ұсынуы қажет. Осы арқылы біз тілдік білім берумен қатар, тұлғаны өмірге бейімдеу міндетін де орындай аламыз.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Ж.Дәулетбекова, Г.Қосымова. Қазақ тілі 5-сынып. Алматы «Атамұра» 2017 жыл.

2. Т.Ермекова, Н.Ильясова, Г.Тоқтыбаева. Қазақ тілі 7-сынып. Астана. АрманПВ. 2017 жыл.
3. М.Мамаева, Ж.Мұқашова. Қазақ тілі. 9-сынып. Алматы «Мектеп», 2019 жыл.
4. «Биолог анықтамалығы» журналы, №3(94)-2023ж.
5.https://kaz.inform.kz/news/kazakstandagi-en-uzin-bes-ozen-5136e5/
6. https://youtu.be/2bmccYywaoM?si=khK-bjPyJw_DgF2X

ӘОЖ 811.512.122

# ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ СОМАТИКАЛЫҚ ТІРКЕСТЕРДІҢ ЛЕКСИКА-СЕМАНТИКАЛЫҚ СИПАТЫ

**Сүйіндікова Д.С.**
*Магистрант, №8 У.Атамбаев атындағы орта мектеп, Атырау қ.*

***Резюме.*** *В данной статье рассматривается место соматических наименований в языковой системе и их культурно-ценностное содержание. Особое внимание уделяется бинарным оппозициям (правое/левое, верх/низ) и тройственным моделям (голова, грудь, ноги) как методологической основе анализа структуры, значения и функций языковых единиц. Такой подход позволяет комплексно рассматривать когнитивные, биоанатомические и социально-культурные аспекты, выявлять биоанатомическую основу, присущую человеку, системно исследовать когнитивные и творческие способности, а также определять тенденции развития человеческого бытия на основе социально-культурных установок. Кроме того, соматические наименования рассматриваются как важные лингвокультурные единицы, отражающие национальное мировоззрение и культурный код.*

***Ключевые слова:*** *соматические наименования, бинарная оппозиция, языковые единицы, когнитивная лингвистика, фразеологизмы, национальное мировоззрение.*

Соматикалық атауларды сипаттауға кіріспес бұрын, адам организмін бинарлық оппозиция қағидаты негізінде қарастыру орынды деп санаймыз. Бұл тәсіл – әлемді екі қарама-қарсы ұғым арқылы тану – әмбебап танымдық модель ретінде қабылданады. «Бинарлық» термині латын тіліндегі *binarius* сөзінен шыққан, мағынасы – «екі бөліктен тұратын» дегенді білдіреді [1,12]. Бұл ұғым адамзаттың дүниетанымында кеңінен таралған және тілдік бірліктердің семантикалық құрылымын түсіндіруде маңызды рөл атқарады. Адам организмін бинарлық оппозиция тұрғысынан жіктеу – соматикалық фразеологизмдер арқылы көрініс табатын халықтық білім қорын, рухани-мәдени болмысты және креативтік ойлау жүйесін тілмен біртұтастықта зерттеуге мүмкіндік береді. Бұл тәсіл келесі ғылыми міндеттерді шешуге бағытталады:

1. Адамға тән биоанатомиялық негізді – ми, жүйке жүйесі, сана және жады құрылымдарының қызмет ету принциптерін анықтау;
2. Адамзаттың когнитивтік және шығармашылық қабілеттерін жүйелі түрде зерттеу;
3. Адам болмысының әлеуметтік-мәдени ұстанымдар негізінде даму, өзгеру және толықу үрдістерін талдау[2,37].

Осы тұрғыдан алғанда, соматикалық қорды зерттеуде бинарлық оппозициялық жұптар классификациясын лингвистикалық әдіс ретінде қолдану – тіл мен таным сабақтастығын тереңірек түсінуге жол ашады. Адам организміндегі физиологиялық асимметрия – оң/сол жіктелісі және дене бітімінің вертикальды бағыттағы үштік құрылымы (бас, кеуде, аяқ) – тілдік модельдер мен бірліктер арқылы ұжымдық сананың дуалистік және

мифтік түсініктерін бейнелейді. Қазақ этномәдени кеңістігінде «оң» және «сол» ұғымдары адамның өмірлік әрекеттерін бағалауда, межелеуде және болжауда маңызды қызмет атқарады. Мысалы: *«Оң мен солын ажырату»* – адамның есейіп, жақсы мен жаманды айыра алатын деңгейге жеткенін білдіреді; *«Оң аяғыменattау»* – жас келіннің жаңа отбасына алғаш рет қадам басуы, яғни құтты шаңыраққа енуінің символы ретінде қабылданады.

Дене мүшелерінің қызметі халықтық дәстүрде тек физиологиялық емес, сонымен қатар символдық, мәдени және әлеуметтік мәнге де ие. Бұл мүшелердің көпқызметтілігі олардың күрделі табиғатына байланысты. Әрбір негізгі мүше бірнеше бағыныңқы бөліктерден тұрады. Мысалы, «ауыз» мүшесі өз ішінде *«тіл», «тіс», «таңдай», «ерін», «жұтқыншақ»* сияқты бірнеше құрамдас бөліктерді қамтиды [3,41].

Ғылыми жіктеу тұрғысынан алғанда, дене мүшелері мен ағзаларын шартты түрде үш топқа бөлуге болады:

I топ – дененің ең ірі, негізгі мүшелері мен ішкі ағзалары (мысалы, бас, жүрек, өкпе);

II топ – негізгі мүшелерге қатысты бөлшек, бағыныңқы мүшелер (мысалы, тіл, тіс, көз, құлақ);

III топ – бірнеше мүшелердің тоғысқан, қосылған жеріндегі дененің аймақтары (мысалы, мойын, бел, буындар) [4,56]. Бұл жіктеулер тілдік бірліктердің құрылымын, мағынасын және қызметін тереңірек талдауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, соматикалық атаулардың мәдени-танымдық мазмұнын ашуда бинарлық және үштік модельдер маңызды әдіснамалық негіз болып табылады.

Халықтардың фразеологиялық қорында соматизмдердің жиі қолданылуы бірқатар экстралингвистикалық факторлармен түсіндіріледі. Адам баласы қоршаған ортаны ең алдымен сезім мүшелері арқылы танып-біледі. Бұл танымдық үдеріс адамның физиологиялық құрылымымен тығыз байланысты. Сонымен қатар, адам денесі – алғашқы өмірлік тәжірибелерден бастап бақылауға қолжетімді нысан ретінде қызмет атқарады. Кеңістіктегі бағдарын, әлеуметтік қатынастардағы бағалауын адам ең алдымен өз дене мүшелері арқылы білдіреді. Осы себепті де дене мүшелері тілде символдық мәнге ие болып, фразеологизмдер жасауға негіз болады.

Алайда, барлық дене мүшелері фразеологиялық тіркестердің жасалуына бірдей дәрежеде қатыса бермейді. Бұл тілдік бірліктердің семантикалық, прагматикалық және мәдени контексттеріне байланысты. Зерттеу барысында адам дене мүшелерін шартты түрде *сыртқы дене мүшелері* және *ішкі ағзалар* деп екі топқа бөліп қарастыру тиімді деп танылды. Сонымен қатар, фразеологизмдерде жиі кездесетін *дерексіз (реалды емес) дене мүшелер – жан, көңіл, рух, ес, ақыл, ой* секілді ұғымдар да зерттеу нысаны ретінде қарастырылады.

Анатомиялық атауларды үш топқа жіктеу арқылы фразеологиялық бірліктердің мағыналық-тақырыптық құрылымын жүйелі түрде талдауға мүмкіндік туады:

1. Сыртқы дене мүшелері – *көз, қол, аяқ, бас, ауыз, мұрын, т.б.;*
2. Ішкі ағзалар – *жүрек, бауыр, өкпе, бүйрек, ішек, асқазан, т.б.;*
3. Дерексіз мүшелер – *жан, рух, көңіл, ақыл, ес, т.б.*

Зерттеудегі басты мақсат – ішкі ағзалар ұйытқы болған фразеологизмдерді тереңінен талдау арқылы соматикалық фразеологизмдердің семантикалық ерекшеліктерін, мағыналық-тақырыптық топтарын анықтау және ұлттық ерекшеліктерді айқындау көзделеді. Бұл талдау халықтың дүниетанымын, рухани және материалдық мәдениетін, тұрмыс-тіршілігін, өмір сүру салтын тілдік деректер арқылы сипаттауға мүмкіндік береді. Ішкі ағзаларға қатысты фразеологизмдер адамның эмоциялық, психологиялық және әлеуметтік болмысын бейнелеуде ерекше рөл атқарады. Мысалы, «*жүрегі тас төбесіне шықты», «бауыры езіліп кетті»* секілді тіркестер адамның ішкі күйін, сезімін бейнелейтін көркем тілдік құралдар болып табылады [5,61]. Осы бағыттағы зерттеулер тіл мен мәдениет сабақтастығын, когнитивтік лингвистика мен этнолингвистика салаларындағы өзекті мәселелерді шешуге үлес қосады.

Адам анатомиясына қатысты тілдік бірліктерді жүйелеу барысында А. Рахышев пен М. Нұрышев сынды биология саласының мамандарының еңбектеріне сүйендік [6,7]. Бұл еңбектер адамның дене мүшелері мен ішкі ағзалары туралы нақты әрі ғылыми негізделген мәліметтерді ұсынады. Аталған биологиялық деректерге сүйене отырып, адам дене мүшелерін сыртқы дене мүшелер мен ішкі ағзалар деп екі негізгі топқа бөліп қарастырдық. Сонымен қатар, қазіргі лингвистикалық зерттеулерде анатомиялық атаулар негізінде туындаған фразеологизмдерде жиі кездесетін реалды емес немесе абстрактілі дене мүшелер ұғымы да кеңінен қолданылады.

Адамның тұла бойын ірі үш бөлікке – бас жақ**,** кеуде тұс**,** аяқ жақ деп бөлуге болады. Бұл жіктеу анатомиялық құрылымның вертикальды бағыттағы ұйымдасуына сәйкес келеді. Әрбір ірі бөлік бірнеше бөлшектер мен кішігірім мүшелерді қамтиды. Сонымен қатар, сыртқы дене мүшелерінің құрамында ішкі ағзалар да орналасқан, бұл олардың күрделі құрылымын көрсетеді.

Сыртқы дене мүшелеріне жататын негізгі атаулар мыналар:

- Бас аймағы**:** бас (*head*), маңдай (*forehead*), көз (*eyes*), ауыз (*mouth*), мұрын (*nose*), ерін (*lips*), құлақ (*ears*);
- Кеуде тұсы**:** мойын (*neck*), арқа (*back*), іш (*belly*), бөксе (*buttocks*);
- Аяқ-қол бөліктері**:** қол (*hand*), шынтақ (*elbows*), алақан (*palm*), саусақ (*fingers*), иық (*shoulders*), бел (*thighs*), аяқ (*feet*), тізе (*knees*), тобық (*ankles*), балтыр (*calf*).

Бұл мүшелердің әрқайсысы тілде түрлі фразеологизмдердің жасалуына ұйытқы болып, адамның физикалық, әлеуметтік және рухани болмысын бейнелеуде маңызды қызмет атқарады. Мысалы, *«жүрегі аузына келді», «көзге шөп салу», «қол ұшын беру»* секілді тіркестер адамның ішкі күйін, әрекетін немесе әлеуметтік қатынасын сипаттайды.

Бұл жіктеу тілдік бірліктердің мағыналық құрылымын, фразеологизмдердегі қызметін және мәдени-танымдық мазмұнын тереңірек талдауға мүмкіндік береді. Лингвистикалық әдебиеттерде адам денесінің бөліктерін атауда «мүше» және «ағза» терминдерінің қолданылуында белгілі бір стилистикалық және функционалдық ерекшеліктер байқалады. К. Жидебаевтің пікірінше, бұл екі терминнің синонимдік қатынасы тілдік қолданыста ешқандай функционалдық қайшылық тудырмайды және ғылыми мәтіндерде бірін-бірі алмастыра қолдануға әбден болады. Алайда, бұл сөздердің стилистикалық реңкі мен қолдану аясы әртүрлі [8,21].

*«Мүше»* – жалпы халықтық қолданыста кең таралған, адамның сыртқы дене бөліктерін атауға арналған термин. Ол көбінесе күнделікті тілде, ауызекі сөйлеуде және дәстүрлі мәдени контексте қолданылады.

*«Ағза»* – ғылыми-кітаптық стильге тән термин. Бұл сөз адамның ішкі құрылымдарын, яғни физиологиялық қызмет атқаратын ішкі мүшелерді атауда қолданылады. Сонымен қатар, «ағза» термині тек ірі мүшелерді ғана емес, олардың құрамындағы ұсақ, тіпті микроскопиялық деңгейдегі құрылымдарды да қамтуға мүмкіндік береді. Бұл терминнің қолданылу аясы кең, әрі ғылыми дәлдікке негізделген.

Соматикалық фразеология тақырыбындағы лингвистикалық ғылыми еңбектерде реалды сыртқы дене мүшелері, ішкі ағзалармен қатар дерексіз мәндегі реалды емес органдар да соматизм ретінде қарастырылып жүр. Оларға *жан (*soul*), көңіл* (mood*), ақыл* (mind*), ес* (memory*), намыс* (*honour), ар* (conscience*), қайрат* (force), *сезім (*sense*), жігер* (will, persistence), *сабыр* (patience*), ой* (thought), *рух* (spirit) секілді дерексіз соматизмдерді жатқызуға болады. Мысалы, *жан* және *көңіл* реалды емес соматизмдері жүрек соматизмінің орнына кейде қолданыла отырып, тіл білімінде балама соматизм қызметін атқарады. Нақты қызметі бар, өзінің белгілі бір орны бар, жеке-жеке қуыста орналасқан ішкі ағзалармен қатар, сол органдарға негіз, тірек болатын, өмір тіршілігін қамтамасыз ететін көптеген түзілістер де бар екені анық. Оларға *қаңқа, сүйек (қабырға, омыртқа, жауырын, сегізкөз), қан, бұлшық ет, тамыр, сіңір* жатады. Адамның тірек-қозғалыс аппараты *(қаңқа, сүйек, бұлшық ет, сіңір)* құрамында денеге тірек болу және ішкі органдарды күш түсуден, механикалық зақымданудан қорғау қызметтерін атқаратыны белгілі. Аталған (*сүйек, қаңқа,*

*сіңір, ет, қан, бұлшық ет, тамыр*) анатомиялық атаулар соматизм ретінде қарастырылғанымен, биологиялық еңбектерде ішкі ағза ретінде сипатталмайды [9,31]. Олар адам денесінің тұла бойын қамтиды, тірек қызметін атқарады. Сол себепті де біз мақаланың нысаны ретінде тек өз атқаратын қызметі, өзінің белгілі орны бар нақты ішкі ағзаларды қарастыруды жөн көрдік. Бұл үшін адамның ішкі ағзаларын жеке бөліп сипаттаған биологиялық, анатомиялық еңбектерге, авторлардың ғылыми жіктемесіне сүйендік.

Соматикалық фразеологизмдер тілдік жүйеде адамның дене мүшелеріне қатысты атаулар арқылы жасалатын тұрақты тіркестер болып табылады. Бұл тіркестер адамның физиологиялық, психологиялық және әлеуметтік болмысын бейнелеуде маңызды қызмет атқарады. Зерттеулер көрсеткендей, фразеологизм жасауда сыртқы дене мүшелері жиі қолданылады және олардың өнімділігі жоғары. Бұл пікір лингвистикалық және лексикологиялық еңбектерде кеңінен қолдау тапқан.

Мәселен, Ж.К. Өміралиева: «Кез келген тілде фразеологизмдер жасау барысында көбінесе адамның сыртқы дене бөліктерін білдіретін сөздер қолданылады» [10,64]. Осыған ұқсас пікірді М.Х. Абилғалиева да ұсынады: «Фразеологизмдерге көбінесе адамның сыртқы дене бөліктерін білдіретін соматикалық лексемалар ұшырайды, олардың қызметі мен маңызы адамға тікелей байқалады» [11,71]. Сыртқы дене мүшелерінің фразеологизмдерде жиі қолданылуы олардың адам өміріндегі белсенді қызметімен байланысты. Бұл туралы К.Н. Жидебаев былай дейді: «Физиологиялық тұрғыдан пайдасыз дене бөліктері жоқ, дегенмен адамзат даму тарихында оларды бірінші және екінші дәрежелі деп бөліп қарастырады. Біздің талдауымыз көрсеткендей, сыртқы дене бөліктерінің атаулары ішкі мүшелерге қарағанда фразеологизм жасауға белсендірек қатысады» [8,15]. Осы пікірді О. Назаров та қолдайды: «Өмірлік маңызы жоғары дене бөліктері фразеологизмдер жасауға белсенді түрде қатысады» [12,61].

Жоғарыда келтірілген ғылыми тұжырымдар фразеологиялық жүйеде сыртқы дене мүшелерінің маңыздылығын дәлелдейді. Бұл мүшелер адамның күнделікті өмірінде тікелей байқалатын, сезілетін және бағаланатын бөліктер болғандықтан, олар тілде бейнелі мағынада қолданылып, тұрақты тіркестердің қалыптасуына негіз болады.

Адам өмірінде әрине, керексіз саналатын дене мүшесі жоқ, әрқайсысының өз орны, өз қызметі, адам өмірінде алар өз орны бар. Қадыр Мырзалиевтің «Не үшін» атты өлеңінде адамның дене мүше атауларының басты қызметі нақты көрсетілген. Әр дене мүшенің өз қызметі, адам өмірінде өз орны бар екеніне автордың осы өлеңі дәлел бола алады.

- *Екі көзің не үшін керек?*
- *Жақсыларды көру үшін!*
- *Екі қолың не үшін керек?*
- *Елге көмек беру үшін!*
- *Құлақ деген не үшін керек?*
- *Ақыл-кеңес тыңдау үшін!*
- *Жүрек деген не үшін керек?*
- *Жауларымнан қыңбау үшін!*
- *Тіл мен жағың не үшін керек?*
- *Ақиқатты айту үшін!*
- *Ал аяғың?*
- *Шетте жүрсем,*
- *Туған жерге қайту үшін!* (Қ. Мырзалиев).

Дүниедегі материалдық және рухани байлықтарды бәрін өндірген адамзат болғанымен, олардың дене мүшелерінің атқаратын қызметі бәрі бір дәрежеде есемтігі байқалады. Дене мүшелерінің қызметі жағынан активі және пассиві бар. Дене мүшелерінің қаншалықты активтігі олардың мән-мағынасының байлығымен, солардан туындаған жекелеген сөздер мен фразеологизмдердің сан мөлшерімен белгіленеді [9,32].

Адамның анатомиялық атаулары ұйытқы болған соматикалық фразеологизмдердің материалдық мазмұнын, пайда болу арналарын, жасалу тәсілдерін, даму үрдісін, қалыптасу дәстүрін мен қолданыс аясына, мағыналық ерекшеліктеріне қатысты мәліметтерді халықтың өзіндік дүниетанымы, болмысы тұрғысынан қарастырып, рухани-мәдени өмірі, салт-дәстүрі, наным-сенімі, әдет-ғұрпы негізінде жан-жақты сипаттау керек. Басқаша айтар болсақ, тіл деректеріне, соның ішінде соматикалық фразеологизмдердің табиғатына халықтың өз көзімен, өз болмысы тұрғысынан қарап, тілдің фразеологиялық қорындағы ішкі ағзалардың көмегімен жасалған соматикалық тұрақты тіркестерге баға беру қажет.

**Әдебиеттер тізімі**


1. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2005. – 440 б.
2. Нұржанова А.Б. Дүниенің тілдік бейнесінің соматикалық фрагментін бинарлық оппозициялық жұптар негізінде зерттеу // ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. – 2014. – №1 (147). – Б. 45–50.
3. Авакова Р. Қазақ тіліндегі соматикалық атаулардың этнолингвистикалық сипаты // Қазақ тілі мен әдебиеті. – 2012. – №3. – Б. 12–18.
4. Сәтенова С. Қазақ тіліндегі соматикалық фразеологизмдердің ұлттық-мәдени мазмұны // Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Қазақ университеті, 2010. – Б. 78–85.
5. Нұрышев М. Адам анатомиясы: Оқулық. – Алматы: Қарасай, 2006. – 320 б.
6. Қалиев Ғ., Оразов М. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 968 б.
7. Рақышев А. Анатомия терминдерінің сөздігі. – Алматы: Рауан, 1992. – 210 б.
8. Жидебаев К.Н. Қазақ тіліндегі соматизмдердің фразеологиялық жүйесі. – Алматы: Арыс, 2017. – 280 б.
9. Болғанбаев Ә. Анатомиялық атауларға байланысты фразеологизмдер // Қазақ тілінің түсіндірме сөздігін жасау тәжірибелері. – Алматы: Ғылым, 1989. – Б. 87.
10. Өміралиева Ж.К. Қазақ тіліндегі соматикалық фразеологизмдер: семантикалық және құрылымдық ерекшеліктері. – Алматы: Қазақ университеті, 2010. – 250 б.
11. Абилғалиева М.Х. Соматикалық фразеологизмдердің лингвомәдени сипаты. – Алматы: Ғылым, 2012. – 230 б.
12. Назаров О. Фразеологизмдердің семантикалық құрылымы және олардың тілдік бейнелеу қызметі. – Ташкент: Фан, 2015. – 200 б.


ӘОЖ: 821.512.122-1; 82.09

## ЖАС АВТОРЛАРДЫҢ ЖАҢАША ФОРМАСЫ-ӘДЕБИЕТТЕГІ ӨЗЕКТІ ТЕНДЕНЦИЯ.

**Ешниязова М.Ж.**
*педагогика ғылымының магистрі*
*БҚО, Бәйтерек ауданы, Егіндібұлақ ауылы*

***Резюме.*** *Поэзия Едилбека Дюсенова представляет собой новое явление в современной казахской литературе, ярко демонстрирующее обновлённую форму творчества молодых авторов. Его стихи основаны на глубокой философской мысли и креативной символике, создавая уникальное художественное пространство. Поэт разрушает традиционные поэтические каноны, используя свободный ритм, сложные метафоры и экзистенциальные размышления. Произведения Дюсенова соединяют личную*

*душевную драму с общественными проблемами, тем самым расширяя духовные и эстетические горизонты современной литературы.*

***Ключевые слова:*** *Обновление, символизм, экзистенциализм, свободный ритм, духовный поиск*

Қазіргі қазақ әдебиетінің тынысы өзгеріп, өрісі кеңейген шақта жас қаламгерлердің шығармашылық ізденістері ерекше құбылыс ретінде көзге түседі. Уақыт талабымен үндес жазатын бұл буын әдебиетке тек жаңа мазмұн ғана емес, сонымен қатар тың форма, тосын көркемдік шешім, өзгеше стиль алып келді, олар сөз өнерінің дәстүрлі қағидаларын сақтай отырып, оны жаңа өрнекпен байытуды мақсат етеді. Жас авторлардың шығармаларында еркін ой, батыл эксперимент, жанрлық жаңғыру, тілі өткір, бейнелі поэтикалық өрнек байқалады, бүгінгі қоғамның қарқыны жылдам, адам санасындағы өзгеріс терең болғандықтан, олардың туындылары да дәл осы заманның үнімен сөйлейді. Әлеуметтік желі мәдениеті, урбанистік өмір, цифрлық дәуірдің күрделі психологиясы осындай тақырыптар олардың поэзиясы мен прозасына жаңа тыныс сыйлады, жас буын әдебиетке динамика әкелді, бірде минималистік стильмен, бірде күрделі метафоралармен оқырманын ойға жетелейді, кейбірі прозаны поэзия тілімен өрнектеп, жанрлар арасындағы шекараны бұзады, кейбірі тарихи тақырыпқа жаңаша көзқараспен қарап, бүгінгі күннің философиясын ұсынады. Бұл құбылыс әдебиеттің даму заңдылығының бір көрінісі әр ұрпақ өз сөзін, өз үнін, өз көркемдік тілін әкеледі, жас авторлардың жаңаша формасы қазақ әдебиетінің жаңғыруына жол ашатын, рухани кеңістікті байытатын, оқырман талғамын қалыптастыратын өзекті тенденция. Бүгінгі әдебиет осылайша өткеннің мұрасын сақтай отырып, болашаққа бағытталған жаңа арнаны қалыптастыруда, жас қаламгерлердің жаңаша формасы сол арнаның ең жарқын әрі үмітті бастауы.

Қазақ әдебиетінде осындай жас, жаңаша авторлардың бірі-Маңғысталық ақынЕділбек Медетұлы Дүйсенов. Өлеңдері формальды ұйқас пен дәстүрлі метрді міндеттемейді, ырғақ ішкі логикаға, интонацияға негізделеді. Мысалы Еділбек Дүйсеннің «Түн. Меланхолия» атты туындысы заманауи қазақ поэзиясындағы ерекше лирикалық-философиялық үлгілердің бірі, ұйқас қатаң сақталмай, сөздің екпіні мен паузаларына сүйенеді. Бұл өлеңде адам жанының қараңғылықтағы арпалысы, рухани күйзеліс пен интеллектуалдық жалғыздықтың терең көрінісі бар, ақын «түн» ұғымын жай табиғи құбылыс емес, жанның ішкі метафорасы, адамдық түйсіктің тұңғиығы ретінде береді.

«Терезенің маңдайынан жел өбіп,

Кәрі сағат қағады үнсіз таңдайын» [1,22],-

Ақынның алғашқы жолдарынан-ақ біз уақыт пен тыныштықтың философиясына енеміз, «Кәрі сағат» бұл тек сағат емес, уақыттың шексіздігін, өмірдің өтіп бара жатқанын сезінудің символы, ал «желдің терезені өбуі» өмір мен өлім, қозғалыс пен тыныштықтың арасындағы нәзік шекара. «Мен отырам жындысүрей жандайын...» деген ақын тебіренісінен меланхолиялық күй айқын сезіледі. Ақын өзін «жындысүрей» кейіпте суреттейді, яғни қоғамға жат, ойы мен рухы өзгеше адам ретінде, мұнда ақындық миссия мен жалғыздық қатар өріледі. Түннің өзі ақынмен тілдеседі, бұл түннің антропоморфтық бейнеге айналуы, яғни түн ақынның сырласы. «Ғаріпсің» деген сөз арқылы ақын өз тағдырын табиғатпен теңестіріп, адам мен әлемнің арасындағы шексіз байланыс бар екенін сездіргісі келгендей. Ақынның тұтас өлеңінің өзегін ашатын жол «Сенерім Өлең! Көрерім Өлім!» деген жолдар деп айтар ем, себебі мұнда ақынның өмірлік кредосы, философиялық түйіні бар, өлең оның сенімі, ал өлім болмыстың соңғы шындығы. Бұл ойлар экзистенциалистік дүниетаныммен, яғни адамның мәнін іздеу, жалғыздық пен өлім туралы толғанысымен ұштасады. Ал өлеңдегі:

«Тозаққа барғым келеді менің,

Жұмақты сүю үшін де»,- деген жолдарда нигилистік философияның көрінісі бар. Ақын дүниенің қарама-қайшылығын қабылдайды, жақсылықты түсіну үшін жамандықты, жарықты тану үшін қараңғылықты көру керек, бұл рухани эволюцияның бір сатысы. Ақын

өзін уақыттан тыс мәңгілікке жете алмаған пенде ретінде көреді, адамның фәни өмірге өкпесі, мәңгілікті аңсауы көрініс табады.

Еділбек Дүйсен поэзиясында интеллектуалдық тазалық басты қасиет, ол өмірдің жасанды бояуларынан, жалған үміттерден бойын аулақ ұстайды. Оның өлеңінде жалған пафос, сыртқы әсерлілік жоқ, керісінше ойдың мөлдірлігі мен сезімнің шынайылығы бар. Ал нигилизм бұл өмірден түңілу емес, қайта шындықты тануға ұмтылу, адамның өзімен күресі, ақын тозақ пен жұмақты бірдей қабылдай отырып, рухтың азабынан арылу жолын іздейді. «Түн. Меланхолия» жай өлең емес, рухани күнделік, жаны шаршаған ақынның ішкі монологы, мұнда түн мен уақыт, өлең мен өлім, жалғыздық пен сенім қатар өріліп тұтас философиялық симфонияға айналады.

Еділбек Дүйсеннің өлеңдерінде символизмнің кең қолданылуы жаратылыстанан алынған бейнелер арқылы адамдық тақырыптарды ашу көп кездеседі. «Түс. Ұмыту» атты өлеңі адам жадындағы ауыр, сағынышты, әрі санадан өшпейтін суреттерді бейнелейтін поэтикалық шығарма, өлең арқылы түс пен естеліктің, ұмыт пен сағынуштың шекарасын жымдастырып көрсетеді. Өткеннің елесі, ананың бейнесі және ұмытылмас ауыр естелік болған өлеңнің идеясы адам жадындағы ұмытылмас сәттер көбіне жүректі жаралаған, бірақ өмірдің мәнін ұқтырған сәттер, ақын адамның жанына із қалдырған естелікті ұмыту мүмкін еместігін жеткізеді. Ең қызығы осы бір қысқа ғана өлеңде тұтастай символдар көп кездеседі. «Қиранды үй»-өткен өмірдің, ескі естеліктің символы. «Бағытын ұмытқан жел»-өмірдің ретсіздігін, уақыттың бейберекеттігін білдіреді, «Ауру мысық»-аяныш пен жалғыздықтың бейнесі, «Сынған терезе»-үміттің үзілгенін, жүректің жарасын меңзейді, «Мен үшін келіп тұр дегенің ғана»-ананың мейірімі мен баласына деген соңғы үмітін білдіретін жан толқытар деталь. Өлеңнің үні де меланхолиялық, мұңды, естелікке толы, автор өткен шақты көркем суретпен қайта тірілтеді, бірақ ол тірі суреттердің бәрі жүрекке жара болып қалады. Еділбек Дүйсенов «түс» пен «ұмытуды» қарама-қарсы қою арқылы адамның ішкі әлеміндегі күрделі сезімді ашады, ұмытқысы келгенімен, жүрек ұмытпайды, ананы жоғалтқан баланың түс арқылы еске алуы, ұмыта алмауы туралы поэтикалық мұң. Еділбек Дүйсеновтің шағын ғана «Түс. Ұмыту» өлеңі оқырманға терең меланхолиялық, жүректі сыздататын әсер қалдырады, өлеңді оқу барысында өзім бір сәтке өз өміріндегі жоғалтқан жандарды, ұмытқысы келген естеліктерді еске түсіргендеймін, яғни бұл дегеніміз ақын сезімді тура айтпайды, бірақ әр бейне мен деталь арқылы жан ауыртатын атмосфераны тудырады. Осы туындының эмоционалдық күші ұмытудың мүмкін еместігі мен сағынуштың шексіздігін жеткізуінде, өлең бірден жүрекке жетіп, адамды терең ойға, сағыныш пен жан жылуына бөлейді.

Еділбек Дүйсеновтің «Қайталану» атты өлеңі адам санасының тұңғиығында қайталанып тұратын күйзеліс, сенім дағдарысы және өмірдің абсурдтық шындығы туралы философиялық туынды, ақын бұл өлеңде күнделікті өмірдегі ұсақ детальдар арқылы адам жанының ішкі трагедиясын көрсетеді. Өлеңнің өзегі рухани күйзеліс пен ішкі дағдарыс, адам табиғат пен уақыттың бір сәттік қозғалысын бақылай отырып, өз жанындағы бос кеңістікті, сенім мен шынайылық арасындағы қайшылықты сезінеді, өмірдің мәнін ұғынуға тырысады, бірақ бәрі уақытша, бәрі қайталанатын сияқты, яғни экзистенциалдық ой ағымы. Өлең адам психикасына тынышсыздық, ой қозғау, ішкі есеп беруге мәжбүрлеу әсерін қалдырады, оқырман өзін ақын кейіпінде сезінеді, бәрі көз алдында өтеді табиғаттың тынысы, өмірдің жүдеулігі, ал ең соңында адамның өз шындығымен бетпе-бет қалуы. Өлеңде суық, абсурдтық тыныштық бар, сөздер бейтарап көрінгенмен, олардың арасынан жан күйзелісі мен рухани қиналыс сезіледі, ақын сезімін айқаймен емес, үнсіз философиялық суретпен жеткізеді дәл осы үнсіздік оқырманның жанын түршіктіреді. «Қайталану» өлеңі адам өмірінің мағынасы, сенімнің шынайылығы, рухани жалғыздық жайлы ой қозғайтын психологиялық-философиялық шығарма, «Менің құлшылығым шын сенім бе, әлде өзімді алдау ма?» деп ақын оқырманды бір сәтке тоқтатып, өз-өзіне сұрақ қоюға итермелейді. Өлеңнің күшінің өзі шындықты ашық айтпай, сана түбіне түсіруінде,

бұл туындыдан кейін адам өмірдің өткіншілігін, рухтың әлсіздігін, және қайталанып тұратын бос сезімнің ауырлығын сезінеді.

Экзистенциалистік, философиялық-лирикалық тақырыптарды да көп байқауға болады, өлім, уақыт, жалғыздық, сенім мәселелері терең толғаныс ретінде беріледі, Еділбек Дүйсеновтің «Scotophobia. Безгек» өлеңі атауының өзі ерекше, қызықты, ой салатын, ақынның ішкі жан күйзелісін, түн мен өмір, үміт пен күйреу, өлім мен ақындық тағдыр арасындағы күрделі рухани ахуалды бейнелейтін терең философиялық өлең. «Scotophobia» ағылшынша «қараңғылықтан қорқу» дегенді білдіреді, ал «безгек» жан мен тәнді кезек билеген мазасыздық пен қызбалық күй. Осы екі ұғымның қатар берілуі-ақ өлеңнің түнгі рухани дерт туралы екенін аңғартады. Ақынның айтары өмірдің мәнсіздігі мен ақын жанының тағдыры, ол өмірден жалыққанын мойындай отырып, соған қарамастан, жырды өмірінің жалғыз шындығы деп таниды. Өлеңнің айтары ақындық тағдырдың ауырлығы мен адам жанының қараңғылықтан арылуға ұмтылысы және ақын өмірдің мәнсіздігін сезінеді, бірақ одан қашпайды. «Мен жалықсам да ұмырдан. Жол арымаған» деуінің өзі жол-ақынның ішкі мойындауы мен тағдырға көндігіп бірақ рухани беріспеуінің белгісі, өлең арқылы адамзаттың ең терең қорқынышын мәнсіз өмір сүру қорқынышын сипаттайды. Психологиялық тұрғыдан бұл өлең негізі экзистенциалдық депрессияның поэтикалық түрі, яғни адам өзін өмір мен өлімнің ортасында, жарық пен көлеңкенің түйісінде сезінеді. Еділбектің осы тақырыбы ерекше шығармасын түн мен рух, өлім мен өмір, қорқыныш пен үміттің шегінде туған, жүрегінен өткізіп барып тудырған жыр жолдары деп бағалар едім.

Жеке мен ұлттық, интимді мен қоғамдықтың сабақтастығы, жеке өмірдің мұң-мұқтажы арқылы қоғамдағы рухани жағдайларға дау айту; жеке сағыныш ұлттың жалпы мұңымен астасады. «Альбатрос» өлеңі ақынның адам мен қоғам, еркіндік пен тұтқындық, рух пен тұрмыстың арасындағы терең қайшылығын бейнелейтін философиялық туынды. Бұл өлеңнің түпкі мәні шығармашылық тұлғаның, ақынның тағдырын теңіз үстіндегі алып құс альбатрос бейнесі арқылы көрсету.

Жолсеріктер!
Қанат қаққан кемелердің жолына,
Талай-талай тұңғиықты тастап ұшып соңыңа.
Қарайламай қатерлерге, жалқаулықпен, түсесің,
Ішқұса боп іші пысқан теңізшілер торына!,-деп

өлеңнің алғашқы шумақтарында ақын теңіз үстінде еркін самғаған альбатросты суреттейді, ол еркіндіктің, ұлылықтың, рухтың символы. Алайда бұл еркіндіктің мәңгілік емес екенін, өмірдің қаталдығын ақын келесі шумақтарда да көрсетеді, Альбатрос теңізшілердің қолына түсіп, торға қамалады, палубада қанатын сүйретіп, мазаққа айналады. Бұл тұста еркін рухтың тұрмыс пен қоғам торына түсуін, ұлы тұлғаның ортада түсініксіз, тіпті күлкіге айналуын бейнелейді, қоғам еркін ойлы, өзгеше жаратылған адамдарды жиі түсінбей, қорлайды. «Күлкілі әрі аянышты хәлді кешкен қос қанат» деген жолдарда ұлылық пен қорлықтың қатар өмір сүруі айқын көрінеді. Өлең жастарды еркін ойлауға, рухани биіктікке ұмтылуға, бірақ қоғамдағы әділетсіздік пен рухани тұтқындыққа қарсы күресуге шақырады, ол адамды өзгешеліктен қорықпауға, өз қабілетіне сенуге, қиындық алдында сынбауға үйретеді, сонымен қатар, қоғамның рухани адамға деген көзқарасын, оның жалғыздығын сезінуге итермелейді. «Альбатрос» өлеңінде инверсия (сөздердің әдеттегі орын тәртібінің бұзылуы) поэтикалық әсер мен ырғақ, екпін үшін жиі қолданылған. «Инверсия (от лат. inversionперестановка) – стилистическая фигура, состоящая в нарушении обшепринятого порядка слов. Например, в «Евгении Онегине» А. С. Пушкина:

Швейцара мимо он стрелой
Взлетел по мраморным ступеням...

Инверсия позволяет актуализировать смысл какого-либо слова, придавая речи особую выразительность» [2,222],-

«Қанат қаққан кемелердің жолына» деген жолдар қалыпты сөйлемде былай болар еді: «Кемелердің жолына қанат қаққан», осы жерде сөздердің орнын ауыстырып, «қанат

қаққан» тіркесін алға шығару арқылы бейнелілік пен екпін береді, бұл инверсия. «Қарайламай қатерлерге, жалқаулықпен, түсесің», тура сөйлемдік реті: «Жалқаулықпен қатерлерге қарайламай түсесің», мұнда да сөздердің орналасуы өзгерген, «Қарайламай қатерлерге» ерекше ырғақ пен эмоция тудырады, бұл да инверсия тәсілі. «Көкке оғын атқандарға күлесіңдер, таңсыңдар» қатарында екпінді «күлесіңдер» сөзіне түсіру үшін сөйлем құрылымын өзгерткен, бұл инверсия өлеңнің соңында ақынның ой екпінін күшейтіп тұр, сөздердің қалыпты орын тәртібін әдейі бұзып, жолдағы екпінді, сезім тереңдігін және символдық мағынаны айқындай түскен.

Екеуміз де жетім едік,

Отбасы құрдық,

Сосын және бір жетімді өмірге әкелдік,-деп басталатын «Жетім» өлеңі терең философиялық әрі әлеуметтік мазмұнға ие шығармалардың бірі, бұл өлеңде ақын жетімдіктің тек жеке адамның тағдыры емес, қоғамдық, тіпті адамзаттық құбылысқа айналған рухани жалғыздық пен мейірімнің азаюын бейнелейді. Өлеңнің осы алғашқы жолдарынан-ақ ақын жеке тағдыр арқылы жалпы адамзаттық мұңды жеткізеді, бұл жолдарда жетімдіктің ұрпақтан ұрпаққа жалғасып бара жатқан қасіреті, рухани мұраның үзілуі, қоғамдағы махаббат пен қамқорлықтың азаюы суреттеледі. Ақын мұнда ата-анасыз өскен балалардың тәндік жетімдігімен қатар, адамның жан жетімдігі сүйіспеншілік, мейірім мен жылылық жетіспейтін рухани жетімдікті де меңзейді. Адамзат дамыған сайын ішкі тыныштығын жоғалтып, жалғыздық пен салқындыққа ұшырап барады, тіпті табиғаттың өзі «жетім» кейіпке енгендей:

«Алып жердің қауырсындары саудырап шашылып жатыр,

Жетімдер көкке қарай қалқып ұшып барады»

Бұл дегеніміз поэтикалық сурет емес, рухтардың, үміттің жоғалуының, мейірімнің аспанға ұшып кетуінің символы, бүгінгі қоғамның рухани суығанының, ұрпақтың өмірдің мәнін жоғалтып алу қаупінің көрінісі. Өлең негізінен адамды мейірімге, жауапкершілікке, рухани жылылықты сақтауға үндейді, ақын ұрпақтың жетім қалмауы үшін, ең алдымен жүректегі жылу мен сүйіспеншілікті сақтау қажет екенін астарлап айтады. Бүгінгі күнмен байланысы айқын, қазіргі заманда материалдық молшылық артқанымен, рухани жақындық пен мейірім азайып барады, жетімдік тек ата-анасыздық емес, бір-біріне немқұрайлы, суық қоғамның кескініне айналған.

Ақынның «1782» өлеңі өткеннің, жоғалған дүниелердің, тарихи және рухани қасіреттің бейнесі. «Мұнарасын тұман қамаған мешіт», «өртенген кітаптар даусы» сияқты бейнелер арқылы автор құндылықтар мен мәдениеттің жойылуын, ұрпаққа жетпей кеткен білім мен тарихты көрсетеді. Қара сөзден тыс, поэтикалық синтаксис қолданылған ұзын сөйлемдер, үзілістер, тыныс белгілері арқылы ырғақ сезімі беріледі, шығарманың ритмі, ырғақтары кейде прозалық, кейде өлеңдік сипатта.

МЕТАФОРА (греч. metaphora – перенесение) – вид тропа, в ос нове которого лежит перенос наименования по сходству или по анало гии.

МЕТОНЙМИЯ (феч. metonymia – переименование) – вид тро па, в основе которого лежит перенос наименования по смежности, В отличие от метафоры, которая образуется в результате сходства, ме тонимия основывается на реальной связи, на реальных отношениях между предметами [3,236]

Еділбек Дүйсеннің осы өлеңінен метафора мен метонимияны анықтап көрейік. «Мұнарасын тұман қамаған мешіт» мұнара мен мешіттің тұманға «қамалуы» бейнелі түрде беріледі, нақты қамалу емес, «Кеудеміздегі «Берлин қабырғасы», ғасырлардай ауыр» адамның ішкі күйін, сезімін тарихтағы қабырғаға теңеу, «Үнсіздік шеңбері» үнсіздікті шеңбер ретінде көрсету, нақты шеңбер емес, эмоционалды бейне, «Өртелген кітаптар даусы» кітаптың өшуі, үнсіздігі дауысқа теңеліп көрсетілген, «Артыңа қарап екеуміз жел өтіндегі бақбақ басына бірге отыр екенбіз деймін ұлпалар қадап» жел өтіндегі бақбақ бейнелі түрде өмірдің, тағдырдың ауыртпалығын білдіреді. Осы метафоралар өлеңнің эмоционалды, философиялық тереңдігін береді, нақты заттар арқылы ішкі сезімді жеткізеді.

«Өртелген кітап ішінен өткен күн өксіп» кітап арқылы өткен күннің өкініші, тарихтың дауысы бейнеленеді, «Кеудеміздегі «Берлин қабырғасы»» қабырға (зат) арқылы тарихи ауыртпалық, кедергілерді білдіру, «Үрейдің түсіндегі көлеңкесін көресің күндіз» үрей арқылы көлеңке, қорқыныш, қауіп бейнеленген, осы метонимиялар өлеңде нақты заттарды сезім немесе идеяны білдіретін құрал ретінде қолдануға мүмкіндік береді.

Жас автордың жаңаша формасы бұл тілдік еркіндік, символдық күрделілік, жанрлық шекаралардың жойылуы және жеке лирика арқылы қоғамдық мәселелерді қою қабілеті. Еділбек Дүйсенов шығармашылығы осы тенденцияның көрнекті мысалы ол поэзияны философиялық, әлеуметтік және тілдік-форма жағынан жаңартады, оқырманды ойға жетелеп, сезімін түрткілейді.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1.Қалалық құстар: өлеңдер мен аудармалар / Е. Дүйсен ... – Нұр-Сұлтан [Астана] : Кәусар, 2021. - 216 б.– ("Қасым. kz" сериясы. . . – 1000 дана – ISBN 978-601-7016-77-

2.Литература. Подготовка к ЕГЭ-2017. СЛОВАРЬ ЛИТЕРАТУРОВЕДЧЕСКИХ ТЕРМИНОВ И СПРАВОЧНЫЕ МАТЕРИАЛЫ

3.Хализев В.Е. Х172 Теория литературы : учебник для студ. высш. учеб. заведе ний / В.Е.Хализев. – 5-е изд., испр. и доп. – М. : Издательс кий центр «Академия», 2009. – 432 с. ISBN 978-5-7695-5814-6

ӘОЖ: 821.161.1-312.62:130.2

## САФУАН ШАЙМЕРДЕНОВ ПРОЗАСЫНДАҒЫ ЖАЛҒЫЗДЫҚ ФЕНОМЕНІ ЖӘНЕ РУХАНИ ҚАРСЫЛЫҚ ИДЕЯСЫ

**Рахымбай Асел Жакитбекқызы**
*Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың 2-курс магистранты*

***Резюме.*** *В статье комплексно анализируются феномен одиночества и идея духовного сопротивления в прозе Сафуана Шаймерденова. Исследование сначала выявляет философско-теоретические основы понятия одиночества (Абай, Шакарим, экзистенциализм) и сопоставляет их с проявлениями в мировой литературе (Дефо, Хемингуэй, Камю, Кафка, Маркес, Пушкин). Основное внимание уделяется психологическим портретам персонажей в произведениях «Мәжнүн тал», «Ит ашуы», а также «Мезгіл», «Қарғаш», «Жыл құсы». Через глубокий психологизм, тонкий лиризм, особенности стиля, построенного на внутреннем монологе и диалоге, доказывается, что одиночество испытывает человеческий дух на прочность, а духовное сопротивление является силой, сохраняющей человеческие ценности. В результате сравнительно-типологического и герменевтического анализа показывается, что герои Шаймерденова, оставаясь одинокими в обществе, опираются на голос совести и придерживаются идеалов справедливости и человечности. Исследование выявляет роль мотива одиночества в раскрытии национального характера в казахской прозе и определяет гуманистическое кредо автора.*

***Ключевые слова:*** *одиночество; духовное сопротивление; Сафуан Шаймерденов; психологическая проза; «Мәжнүн тал»; «Ит ашуы»; экзистенциализм; художественный стиль; внутренний монолог; национальный характер.*

**Жалғыздық феномені** – адам болмысының күрделі әрі көпқырлы құбылысы. Бір жағынан, жалғыздықты адамдар көбіне жағымсыз, күйзеліс туғызатын хәл ретінде

қабылдайды. [1] Қазақ дүниетанымында жалғыздыққа тосырқау бар: халық «Жалғыздық Құдайға ғана жарасқан», - дейді, Абай да өзінің 37-қара сөзінде «Дүниеде жалғыз қалған адам – адамның өлгені» деп, жалғыз қалудың өмірдегі ең ауыр күй екенін ескерткен. Екінші жағынан, кейде жеке қалу – адамға өзін танып, ой жүзінде өсуге мүмкіндік беретін игілік саналады. Мәселен, рухани тұрғыдан кемелденген тұлғалар үшін оқшау ой кешу – өзін шыңдау, шығармашылық шабыт алу жолы саналған. Осылайша, жалғыздық феномені бір ғана мағынаға сыймайды: ол әрі азап, әрі шабыт қайнары болуы мүмкін. **Рухани қарсылық идеясы** дегеніміз – жеке адамды мұқалтатын сыртқы немесе ішкі қиындықтарға қарсы тұрып, рухани құндылықтарды қорғау, сынбау қабілеті. Жалғыздықтың жағымсыз әсеріне немесе қоғамдағы күйзелістерге адам төтеп беріп, өзінің адамгершілік мұраттарынан таймаған жағдайда, мұны оның рухани тұрғыдағы қарсылығы деп түсінеміз.

Қазақ және әлем әдебиетінде жалғыздық тақырыбы талай көркем туындыға арқау болып, адамның жан дүниесін ашудың құралына айналған. Мысалы, бүкіл әлемге әйгілі Габриэль Гарсиа Маркестің «Жүз жылдық жалғыздық» романы атауынан-ақ оқырманға оқшау өмір кешудің символикалық мәнін ұсынады. Сол секілді, Пушкин «...Поэт, ты – царь, живи один» [2] деп талантты тұлғаның ерекшелігін мойындаса, қазақ поэзиясында Шәкәрім де «Ойға оңаша жер керек» [3]деп жалғыздықты шығармашылық шарт ретінде көрсеткен. Жалғыздық тақырыбы – экзистенциалистік әдебиетте де өзек; Камю мен Кафка секілді қаламгерлер қоғамнан бөлектенген кейіпкерлер арқылы адам өмірінің мағынасына қатысты философиялық сұрақтар қояды. Демек, жалғыздық феноменінің көркем әдебиеттегі орны ерекше.

Осы тұрғыдан алғанда, Сафуан Шаймерденов шығармашылығында жалғыздық феномені мен рухани қарсылық идеясының бейнеленуі назар аударарлық. С.Шаймерденов – қазақ прозасындағы психологиялық талдаудың хас шебері, адам жанын терең ашуға ұмтылған суреткер. Жазушы соғыстан кейінгі жылдар әдебиетіне келіп, адамдық асыл мұраттарды ту еткен, ұлттық мінез бен адамгершілікті ардақтаған қаламгер. Оның кейіпкерлері оқшау ойлайтын интеллектуал жандар, өмірдің мәнін іздеуші тұлғалар болып келеді. Шаймерденов прозасында жалғыздық көбіне кейіпкерлердің ішкі жан дүниесін көрсету құралы әрі олардың рухани қайсарлығының сыналанатын жағдайы ретінде көрініс табады. Бұл ғылыми мақалада алдымен жалғыздық ұғымының теориялық негіздері мен әдебиеттегі орны талданады, содан кейін С.Шаймерденовтің таңдаулы шығармалары негізінде жалғыздық пен рухани қарсылықтың көркемдік көріністері қарастырылады.

**Жалғыздық ұғымының әдеби-философиялық негіздері.** Жалғыздық туралы түсінік әр дәуірде әртүрлі қабылданғанымен, оның адам болмысымен тығыз байланысы бар екені сөзсіз. Философтар жалғыздықты бірде экзистенциалдық түйткіл (мысалы, Ж.П.Сартр шығармашылығында), бірде рухани өсудің қажетті шарты (Транцендентализм өкілдері – Р.Эмерсон, Г.Торо көзқарастарында) деп санайды. Әдебиетте жалғыздық көбіне кейіпкердің ішкі жан күйзелісі не ерекше болмысы арқылы байқалады. Классикалық орыс әдебиетінде М.Лермонтовтың «Мцыри», Ф.Достоевскийдің «Жер астанадан жазылған хаттар» сияқты туындыларында жалғыз қалған жанның дүниеге қарсылығы мен рухани ізденісі суреттеледі. Ал қазақ әдебиетінде Абайдың қара сөздері мен Шәкәрімнің шығармаларында қоғамнан оқшауланған дара тұлғаның ой-толғаныстары беріледі. Абай Құнанбайұлы «Моласындай бақсының, жалғыз қалдым – тап шыным» [4] деп, өз дәуірінде түсінбеушілікке душар болған ойшылдың жабырқауын жеткізсе, Шәкәрім қаламынан жалғыздықтың ақиқатты аңсаған жанға тән серігі екені көрінеді. Жалпы, жалғыздық феноменін терең түсіну – оның жағымды қырын тануға және жағымсыз салдарынан сақтануға мүмкіндік береді. Оқымыстылардың пайымдауынша, жалғыздық сезімі адам өміріне қанағаттанбаудың себептерін ұғынуға жетелеп, оны еңсерудің жолдарын іздеуге көмектеседі. Сондықтан әдеби кейіпкерлердің жалғыздығы – авторлар үшін адам болмысына үңіліп, рухани сұрақтар қоя білудің тәсілі.

Жалғыздықты бейнелейтін шығармалар дүниежүзі әдебиетінде көптеп саналады. Мысалы, ағылшын жазушысы Даниэл Дефоның «Робинзон Крузо» романында кейіпкердің

физикалық оқшаулығы (аралдағы жалғыз өмірі) оның төзімі мен рухани күш-қайратын сынайды. Американ жазушысы Эрнест Хемингуэйдің «Шал мен теңізінде» қарт балықшының теңіздегі жалғыз күресі жалғыздықтың және қайсарлықтың символына айналған. Ал Латын Америка әдебиетінің інжу-маржаны Маркесдің «Жүз жылдық жалғыздық» романында жалғыздық бір әулеттің бірнеше ұрпағының тағдырын анықтайтын тылсым құбылыс ретінде алға шығады. Бұл шығарма жалғыздықтың тарихи-әлеуметтік және тұлғалық себеп-салдарын шебер өрнектейді. Сол сияқты, француз экзистенциалист жазушысы Альбер Камю «Бөгде» романында қоғамға жатсынған адамның ішкі халін суреттеп, адамның абсурд дүниедегі жалғыздығын көрсетеді. Әдебиеттегі осы мысалдар жалғыздық феноменінің сан қырын – күйзеліс те, қайсарлық та, ішкі арпалыс та – қамтитынын дәлелдейді.

С.Шаймерденов – қоғамның сан қилы әлеуметтік өзгерістері мен адам жанының терең түкпірлерін үндестіре бейнелеген жазушы. Оның шығармаларында заман тынысы мен кейіпкердің жеке жан драмасы қатар өріліп отырады. Жазушы әрбір туындысында өмірдегі қиындықтармен бетпе-бет келген қаһармандардың ішкі монологтары мен психологиялық күйлерін шынайы береді. Сол арқылы кейіпкердің жалғыздық сәттерінде қандай ой кешетіні, қандай шешімдерге келетіні айқын сезіледі.

Шаймерденовтің көптеген повесть, әңгімелерінің өзегінде жалғыз қалған сәтте адамның ар-ұжданымен тілдесуі, күйзеліске мойымауы немесе күресу тақырыптары жатыр. Мысалы, жазушының 1980 жылы жарық көрген «Мәжнүн тал» повесінде жалғыздық феномені мен рухани қарсылық айрықша көрініс тапқан. Бұл шығарманың атауы Ләйлі-Мәжнүн мотивіне ишара жасап, сүйгенінен айырылып, қайғыдан «есуас» болған жанды еске салады. Повесть кейіпкері – жас суретші Бағдан – өмірінде бір ерекше жанмен жолығады. Аты Әспет болатын осы әйелдің жүрегінде терең жара, жанын жегідей жеген жалғыздық мұңы бар. Автор оқиға желісі арқылы екі кейіпкердің (Бағдан мен Әспет) түсініспеушілігін және жалғыздықпен күресін көрсетеді. Әспет сүйеніші болмаған соң, «жалғыздықтан қорқып», жалған күлкімен өз қайғысын жасырады, бейтаныс Бағданға сыр алдырмайды**.** Повесть диалогтарында Әспет: *«Ол жалғыздықтан қорыққан еді ғой... өз қайғылы, мүшкіл халін бір сәт ұмыту үшін... Саған қол созып еді ғой»* деп баяндайтын сәттер бар. [5] Яғни, ауыр қайғыдан жүрегі қаталап, жалғыздықпен бетпе-бет қалған әйел аз да болса медет, рухани тірек іздейді. Алайда сол үміті ақталмай, Бағдан қателік жасап оны ренжітіп алады (өзі де аңдамай тән құмарлығына ерік береді). Осы күйзелістен кейін Бағданның өзін-өзі іштей қалай жегені, қатесін түсініп, Әспетке қайтып баруға бел байлауы – кейіпкердің рухани өсуінің дәлелі. Шығарма соңында уақыт өте кейіпкер сол бір кездесуді есіне алып, сол тұрған жалғыз талды («мәжнүн талды») көруге қайта барады. Бұл финалдық көрініс – өткен қателікті түзетуге ұмтылған адамның ішкі тәубесі секілді. *«Бағдан айдалада құлазып жалғыз қалды... Сол сыздатып ауыртатын жарадан қорықтың. Ендеше дәл осындай сезім Әспет басында да бар еді ғой»* [5] деген авторлық баяндау арқылы жазушы оқырманды кейіпкердің жан дүниесіне бойлатып, жалғыздықтың ауыртпалығын екі жақты сезіндіреді. «Мәжнүн тал» повесі осылайша жалғыздық пен рухани қайсарлықты астастыра суреттеп, ауыр трагедияны адамгершілік сабаққа айналдырады. Жалғыздыққа қарсы тұрған кейіпкердің бірі – Бағдан. Ол өкініш арқылы болса да өз қателігін түсінеді, мойымастан сол рухани жараны емдеуге, кешірім сұрап, әділдікті орнына келтіруге бел буады. Бұл – нағыз рухани жаңғыру, ішкі қарсылықтың көрінісі. Әспет те жалғыздықтан жасып кетпей, өміріндегі қайғыға мойымастан тірі жанға мейірімін жоғалтпайды; тіпті бейтаныс адамның жылуын іздеп, үміт арта алуымен өзінің жан дүниесінің мықтылығын аңғартады. Шаймерденов осы екі бейне арқылы жалғыздықтың адамды сынайтын қатал жағдай екенін, одан өтуде рухтың мықтылығы қажет екенін көрсетеді.

«Ит ашуы» повесі – жазушының адам характерін ашуда тың тәсіл қолданған ерекше шығармасы. Мұнда Шаймерденов иттің (Марғау есімді иттің) әрекеті арқылы адам мінезін салыстырмалы түрде ашып көрсетеді. Повесте ақ текті төбет ит – Марғаудың өмірін баяндау арқылы автор адалдық, жаужүректік, достық тәрізді қасиеттердің асыл мәнін

көрсетеді. Шаймерденов Марғауды «ит баласы деуге аузың бармайтындай» көркем бейнеге көтеріп, оның «тектілігі, сезімталдығы, жанын қияр адалдығы» сияқты қасиеттерін суреттейді. Ит пен адамның достығы, иттің иесіне шексіз берілген адалдығы повестің басты лейтмотиві. Адамдар кейде сатқындық жасап, иттей адал досын түсінбей жалғыз қалдырып жататыны да шығармада ащы шындық ретінде көрініс табады. Марғаудың иесінен айырылған сәттеріндегі күйзелісі оқырман жүрегін елжіретсе, соңында оның бұрынғы иесіне қайта қосылып, ашуын жеңуі – мейірімнің жеңісі ретінде қабылданады. Бұл повесть арқылы жазушы оқырманға адал жан иесі – иттің мысалында рухани тазалық пен беріктікке қарсы еш опасыздықтың ала алмайтынын ұғындырады. Марғаудың образы жалғыз қалған сәтте де адалдығынан таймайтын, жануар болса да рухы мықты «кейіпкер» ретінде сомдалған. Демек, «Ит ашуы» повесінде де жалғыздық (иттің иесіз қалуы) пен рухани қарсылық (адалдықтан айнымауы) идеялары тоғысып тұр.

Шаймерденов кейіпкерлері көбіне қоғамға сын көзбен қарайтын, әділетсіздікке, тоқырауға көңілі толмайтын жандар. Олар іштен тынып, жалғыз күрессе де, ар-иманын сатпай, өз шындығын қорғауға ұмтылады. Мұны жазушының өзі бір сұхбатында «әдебиеттегі ар тазалығы, шынайылық» деп атаған екен. Рухани қарсылық – ашық бас көтеру түрінде емес, адамның ішкі таңдауы, ар-ождан даусы ретінде көрінеді. Мысалы, жоғарыда талданған «Мәжнүн тал» повесіндегі Әспет қайғы-қасіретке мойымай, жасқаншақтықтан ада қалпы бауырына ана орнына ана болып қалуға тырысады. Оның бүкіл өмірі – тағдыр соққысына қарсы рухының жеңісі. Ал Бағдан қателігін түсініп, өзін кінәлауы, ар алдында азап шегуі – оның жүрегіндегі адамгершіліктің өлмегенінің белгісі. Автордың түпкі айтары – әр адам қандай жағдай өтсе де, ең алдымен адамдық қасиетін жоғалтпауға тиіс. Жазушының сыншыл көзі қоғамның кем-кетік тұстарын, адамдардың мінез-құлқындағы жат қылықтарды әшкерелеуді өз парызы деп санаған. Міне, осы адалдыққа, тазалыққа шақыру үндеуі оның кейіпкерлерінің іс-әрекеттерінде рухани қарсылық түрінде бейнеленеді.

Сафуан Шаймерденов шығармаларындағы рухани қайсарлықтың тағы бір көрінісі – кейіпкерлердің шындық пен әділдік іздеп шарқ ұруы. Оның замандас бейнелері әділетсіздікке, өтірікке төзбейді, ішкі наразылығын білдіріп, кейде жалғыз қалып күрессе де, ақиқатты жақтаудан таймайды. Автор кейіпкерлері арқылы сол кезеңнің қоғамдық шындығын да көрсетті. Шаймерденовтің әр туындысында дерлік жақсылық пен жамандықтың мәңгілік күресі жатады. Жазушы өзі де кеңестік солақай саясатқа қарсы ойын бүкпей айтып, 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасында қазақ жастарын жақтап, батыл үн қатқан қайраткер болғаны белгілі. Бұл өмірдегі рухани қарсылық оның көркемдік әлемінде де айқын көрініс тапқан. Демек, Сафуан Шаймерденов кейіпкерлері – жазушының өзінің рухани ұстанымдарының көрінісі, олардың әрқайсысы арқылы автор оқырманға адамдық пен әділеттілік идеалдарын аманаттайды.

С.Шаймерденовтың шығармашылық ерекшелігі – терең психологизм мен нәзік лиризмнің үйлесуі. Ол проза мен поэзияның ырғақтық үнін жалғай отырып, ұлттық мінез бен психологияны шебер кескіндейді. Жазушының тілі шұрайлы, ойы алғыр, танымы терең болғандықтан, оның шығармаларын оқу – оқырманды бей-жай қалдырмайтын эстетикалық ләззат. Сафуанның «Инеш» романы мен бірнеше повестері 1950-60 жылдары қазақ оқырмандарының ең сүйікті кітаптарына айналды. Академик З. Қабдолов: «Сюжеттік, оған өзек болған өмірлік тартыстың әрбір иінінде, бұрылысында оқырманға керегі – дәлел, оқиға үшін логикалық дәлел. Ол жоқ жерде образ да жасанды, оқиға да жалған», - деп жазды [6]. Шаймерденов шығармаларының тартымдылығы да осы логикалық байланысында және оның кейіпкерлерінің шынайылығында және оқырманмен сырласқандай әсер қалдыратын эмоционалдық бояуында. Автор жиі қолданатын ішкі монолог, психологиялық талдау әдістері арқылы оқырман кейіпкердің жан дүниесіне еніп, оның сезім күйзелістерін бірге кешеді. Мәселен, «Ит ашуы» повесіндегі иттің жан айқайы – бәрі оқырман жанын тебірентпей қоймайды. Шаймерденовтің стильдік тағы бір қыры – ойлы диалогтарға, философиялық пайымдарға байлығы. Кез келген туындысында артық сөз, бос былайшылық

жоқ, әр диалог кейіпкердің мінезін ашуға немесе идеяны тұспалдауға қызмет етеді. Оқырманын ойланту, оның жүрегіне ізгілік дәнін егу – Шаймерденов прозасының басты қасиеті. Сондықтан да оның кітаптары бірнеше буын оқырманды тәрбиелеп, сусындатып келеді. 2022 жылы жазушының туғанына 100 жыл толуы кеңінен аталып өтуі – оның әдеби мұрасы уақыт сынынан өтіп, өміршең екенінің белгісі. Шаймерденов шығармалары бүгінгі оқырман үшін де тартымды, себебі онда көтерілген жалғыздық, адамгершілік, ар-намыс мәселелері – мәңгілік құндылықтар.

## Қорытынды

Сафуан Шаймерденов прозасындағы **жалғыздық феномені** және **рухани қарсылық идеясы** өзара сабақтасып, жазушының адамгершілік мұраттарын айқын танытады. Жалғыздықты суреттеу арқылы автор адам жанының терең иірімдерін көрсетсе, сол жалғыздықты еңсеру жолында кейіпкерлерінің рухани қайсарлығын алға тартады. Шаймерденов кейіпкерлері көбіне қоғамда жалғыз қалып, түсінбеушілікке ұшыраса да, өз бағдары мен адамдық қасиеттерінен таймайды, мұнда жазушы олардың ішкі рухының жеңісін көрсетеді. Жазушының асыл мұраты – адам жанының рухани байлығын арттыру, моральдық тазалықты көздің қарашығындай сақтау екенін өзі де атап өткен. Шығарма геройлары арқылы автор дәл осы мұраттарды оқырман жүрегіне жеткізеді.

Қорыта айтқанда, Сафуан Шаймерденов – **жалғыздық** тақырыбын шығармашылықпен игере отырып, оны адамның өзін табуы мен сыналуына арналған кеңістік ретінде бейнелеген суреткер. Сол арқылы ол оқырманды кейіпкерлердің жан азабына ортақтастырып, әркімді өз өмірі туралы тереңірек ойлануға шақырады. Жазушы жалғыз қалған адамның күйзелісі мен үмітін, қарсылығы мен қайтпас мінезін нанымды суреттеу арқылы *«жақсылық пен жамандық, ізгілік пен адамгершілік»* тайталасын көркем түрде шешуге тырысқан. Шаймерденовтің көркемдік әлемінде жалғыздық кейіпкерлерді қамықтыру үшін емес, олардың ішкі жарығын, адамдарға деген сүйіспеншілігін көбірек жарқырату үшін қызмет етеді. Ал рухани қарсылық – сол жалғыздық тудырған қиындыққа мойымаудың, адам боп қалудың бірден-бір жолы.

Сафуан Шаймерденов кейіпкерлері арқылы оқырманға шыныққан рух, мұқалмас жігер үлгісін көрсетеді. Сондықтан да оның шығармалары әрі тартымды, әрі тәрбиелік, ғылыми-танымдық мәні зор. Жалғыздық феномені туралы толғандыра отырып, автор шын мәнінде оқырманын рухани тұрғыда қайрап, жетілдіреді. Бұл – сафуаншыл реализмнің басты жеңісі әрі ұлттық әдебиетімізге қосқан өлшеусіз үлесі деп қорытындылаймыз.

## Пайдаланылған әдебиеттер тізімі


1.Ташимбаева С. Ж. Қазақ Әдебиетіндегі «Жалғыздық» Идеясы (Жыраулық Дәстүр Мен Ақындық Сабақтастық) //Научный Журнал" Вестник Актюбинского регионального университета имени К. Жубанова". – 2020. – Т. 60. – №.2

2.Гулин, Александр Вадимович. "Творчество Ас Пушкина Как Державное Служение." Русская Литература И Национальная Государственность Xviii-Xix Вв.. 2020.

3.Әбдіғазиұлы Б. Шәкәрім әлемі //Алматы: Раритет. – 2008. – Т. 408.

4.Балтоғаева Ж. Е., Нугманова А. Б. СӨЗ ПАТШАСЫ ТУРАЛЫ–СЫНДАРЛЫ ОЙ //Приветственное слово ректора Атырауского государственного университета им. Х. Досмухамедова. – С. 48.

5.Шаймерденов С. Битабар балуан. – Алматы: Атамұра, 2004. – 269 б.

6.Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Қазақ университеті, 1992. – 169 б.

ӘОЖ 37.013.1

# КОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІК ҰҒЫМЫНЫҢ АНЫҚТАЛУЫ

**Баянова Д.Б.**
*Қазақ тілі мен әдебиеті білім бағдарламасының 1-курс магистранты*
*Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе қ.*

***Резюме.****Коммуникативная компетентность рассматривается как способность человека эффективно использовать языковые знания в реальных ситуациях общения, объединяя лингвистические, социальные и функциональные аспекты. В статье раскрываются теоретические основы понятия, сформированные трудами зарубежных и отечественных ученых, а также анализируются основные модели коммуникативной компетенции. Автор подчеркивает значимость коммуникативного подхода в обучении языку, который способствует развитию мыслительной активности, социальной адаптации и профессиональной подготовки личности. Коммуникативная компетентность представляется комплексным процессом формирования личности, являющимся ключевым фактором успешного образования и профессионального роста.*

***Ключевые слова:*** *коммуникативная компетентность, язык и общение, коммуникативный подход, модели компетентности, профессиональное развитие*

Қазіргі жаһандану дәуірінде тіл – ұлттың рухани болмысы мен мәдениетін әлемге танытатын ең басты құрал. Әсіресе, мемлекеттік тіл қазақ тілін оқытудағы басты мақсат тек грамматикалық білім берумен шектелмейді, ол – тіл арқылы тұлғаның ойлау, түсіну, пікір білдіру және өз ойын еркін жеткізу қабілетін қалыптастыру. Сол себепті бүгінгі білім беру кеңістігінде коммуникативтік құзыреттілікті дамыту уақыт талабы деп есептейміз.

Коммуникативтік құзыреттілік – бұл адамның тілдік білімін өмірлік жағдаяттарда тиімді қолдана білуі, қарым-қатынастың мәнін түсініп, өз ойын орынды жеткізе алуы. Қазақ тілін оқыту үдерісінде бұл ұғым тек теориялық негіз ғана емес, сонымен бірге оқушының сөйлеу мәдениетін, әлеуметтік белсенділігін және танымдық қабілетін арттырудың маңызды тетігі болып табылады. Бүгінгі таңда коммуникативтік әдіс – әлемдік педагогикалық тәжірибеде тіл үйретудің ең тиімді тәсілдерінің бірі ретінде мойындалған. Бұл әдіс арқылы оқушы тек тіл ережелерін меңгеріп қана қоймай, оны нақты өмірлік қарым-қатынас жағдайында қолдануға үйренеді.

Коммуникативтік құзыреттілік ұғымы (communicative competence) лингвистика саласында тілдік құзыреттілік (linguistic competence) ұғымының жеткіліксіздігі байқалғаннан кейін пайда болды. Яғни, коммуникативтік құзыреттілік тек тіл иесінің синтаксис, морфология, фонология сияқты грамматикалық білімін ғана қамтып қоймай, сол білімді қарым-қатынас жағдайында орынды әрі тиімді қолдана білуге бағытталған әлеуметтік және функционалдық түсінік ретінде қарастырады.

Коммуникативтік тілдік оқыту (communicative language teaching) – коммуникативтік құзыреттілік ұғымының педагогикалық тұрғыдан іске асырылуы болып табылады [1]. Коммуникативтік құзыреттілікті түсіну прагматика және тіл философиясы сияқты ғылым салаларының, соның ішінде сөйлеу актілері теориясының әсерімен қалыптасты [2].

Бұл терминді алғаш рет Делл Хаймс 1966 жылы енгізген [3]. Ол Ноам Хомскийдің (1965) «тілдік құзыреттілік пен сөйлеу әрекеті» арасындағы айырмашылығын жеткіліксіз деп тауып, оған қарсы көзқарас білдірді [4]. Хомскийдің тым дерексіз тұжырымдамасына жауап ретінде Хаймс коммуникативтік құзыреттілікті этнографиялық тұрғыдан зерттеуге кірісті. Ол «қарым-қатынас формасы мен қызметін өзара тығыз байланыста қарастыру» қажеттігін атап өтті [5]. Хаймс негізін қалаған бұл тәсіл кейін коммуникация этнографиясы (ethnography of communication) деп аталды.

Коммуникативтік құзыреттілік тұжырымдамасы шет тілін коммуникативтік тәсілмен оқыту теориясының басты негіздерінің бірі. Бұл салада кем дегенде үш негізгі модель бар:

1. Канале мен Суэйннің моделі (Canale & Swain) [1] – ең танымал және жиі қолданылатын үлгі. Кейін Канале оны толықтырған.

2. Селс-Мерсия, Дёрньеи және Терреллдің моделі (1995) [6] – мұнда әлеуметтік-мәдени мазмұн нақтырақ сипатталады. Олар коммуникативтік құзыреттілікті мына құрамда қарастырды:

- тілдік құзыреттілік (linguistic competence),
- стратегиялық құзыреттілік (strategic competence),
- әлеуметтік-мәдени құзыреттілік (sociocultural competence),
- әрекеттік құзыреттілік (actional competence),
- дискурстық құзыреттілік (discourse competence).

3. Бахман мен Палмердің моделі (Bachman & Palmer) [7] – бұл модель Канададағы мемлекеттік тіл үйрету бағдарламаларында кеңінен қолданылады.

Коммуникативтік құзыреттілік ұғымының теориялық негізін қалауда орыс ғалымдарының еңбектері ерекше орын алады. Ең алдымен, Л.С. Выготскийдің (1982) тіл мен ойлау арасындағы байланыс жөніндегі тұжырымдары маңызды [8]. Ғалым тілдің адам санасының негізгі формаларының бірі екенін атап өтіп, коммуникативтік дамуды ойлаудың дамуы мен қоғамдық тәжірибенің өзара ықпалы ретінде түсіндірген.

Коммуникативтік құзыреттілікті адамның ойлау әрекетін сыртқа шығару қабілетімен байланыстыра зерттеген Н.И. Жинкин (1958) ішкі сөйлеу мен кодтық тіл теориясын ұсынды. Ол коммуникацияны адамның ойлау үдерісін экстериоризациялау, яғни сыртқа шығару тәсілі ретінде сипаттап, сөйлеудің мәнін ақпарат алмасу құралы ғана емес, танымдық әрекетті жүзеге асыру формасы деп таныды [9].

Коммуникативтік-іс-әрекеттік бағыттың дамуына А.А. Леонтьевтің (1969; 1999) еңбектері зор ықпал етті. Ол коммуникативтік құзыреттілікті тұлғаның іс-әрекеттік қабілетінің көрінісі ретінде қарастырып, тілдік оқытуда мотивацияның, мақсаттылықтың және жеке тұлғаның әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктерін ескерудің маңызын атап көрсетті [10].

Сонымен қатар, коммуникативтік құзыреттілікті тілдік және тұлғалық даму тұтастығында қарастырған И.А. Зимняя (2001) бұл ұғымды адамның кәсіби және әлеуметтік өзін-өзі жүзеге асыруының басты шарты ретінде сипаттайды. Оның пікірінше, коммуникативтік құзыреттілік – бұл тек тілдік білім мен дағдылар жиынтығы емес, сонымен қатар адамның өз ойын, сезімін және ниетін түрлі әлеуметтік жағдайларда тиімді жеткізе алу қабілеті.

Коммуникативтік құзыреттілік мәселесі отандық педагогика мен тіл білімі ғылымында да жан-жақты қарастырылып келеді. Бұл бағытта бірқатар ғалымдар өз еңбектерінде болашақ мамандардың кәсіби және тұлғалық дамуы тұрғысынан коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастырудың теориялық және практикалық негіздерін айқындаған (1-кесте).

1-кесте

| **Ғалым** | **Негізгі идеясы / Қосқан үлесі** |
|---|---|
| Б.Т. Кенжебеков | Кәсіби құзыреттілікті теориялық және практикалық даярлықтың бірлігі деп түсіндіреді. Құзыреттілікті танымдық белсенділік, ойлау икемділігі және білімді тәжірибеде қолдану қабілеті ретінде сипаттайды. Коммуникативтік құзыреттілік кәсіби құзыреттіліктің негізі деп есептейді [11]. |
| Г.У. Сыздықбаева | ЖОО студенттерінің кәсіби-тұлғалық құзыреттілігін қалыптастыру жолдарын айқындаған. Халықаралық білім стандарттары бойынша |

| | |
|---|---|
| | кәсіби даярлықта коммуникативтік құзыреттілік шешуші рөл атқаратынын көрсетеді [12]. |
| С.Р. Рахметова | Қазақ тілін үйретуде тілдің табиғи заңдылықтарын басшылыққа алу қажеттігін дәлелдейді. Фонологиялық, грамматикалық, лексикалық жүйелерді меңгеру және мәнерлі сөйлеуді дамыту – коммуникативтік құзыреттіліктің негізі деп көрсетеді [13]. |
| Ф.Ш. Оразбаева | Тілдесім ұғымын дамытып, оны барлық сөйлесім әрекеттерін біріктіретін құбылыс ретінде сипаттайды. Тілдесімнің ақпараттық, ықпалдастық және қабылдамалық түрлерін анықтайды [14]. |
| Ә.Е. Жұмабаева | Синтаксисті дамыта оқытудың тиімді жолдарын көрсетіп, ойлау белсенділігін арттыруға мән береді. Коммуникативтік құзыреттілікті жазбаша, ауызша, диалогтік және топтық қатынас арқылы дамыту қажеттігін айтады [15]. |
| Б.А. Тұрғынбаева | Белсенді оқытудың бағдарламалық және эвристикалық түрлерін ажыратады. Эвристикалық, шығармашылыққа бағытталған әдістер коммуникативтік құзыреттілікті дамытуға тиімді екенін көрсетеді [16]. |
| Л.К. Қарабаева | Тілдік білімді бағалаудың маңызын ашып, шет тілін меңгеру деңгейін анықтау тетіктерін ұсынады. Бағалау мен ынталандыруды тіл үйретудің тиімді құралы деп санайды [17]. |
| Г.М. Қасымова | Аударма саласындағы студенттердің коммуникативтік құзыреттілігін зерттеген. Педагогикалық қарым-қатынасты кәсіби коммуникативтік әрекет деп қарастырып, оның тәрбиелік және дамытушылық қызметін айқындайды [18]. |

Коммуникативтік құзыреттілік – қазіргі білім беру мен кәсіби даярлықтағы негізгі құрамдас элементтердің бірі болып табылады. Әдебиет пен зерттеулерге сүйенсек, бұл ұғым жеке тұлғаның тілдік, әлеуметтік және кәсіби іс-әрекеттерінде тиімді әрекет ету қабілетін, ойлау мен таным белсенділігін, сондай-ақ білім мен тәжірибені іс жүзінде қолдану дағдыларын қамтиды. Халықаралық және отандық зерттеушілердің пікірлері бойынша, коммуникативтік құзыреттілік тұлғаның кәсіби және жеке дамуының негізін қалыптастырады.

Осы аталған ғылыми тұжырымдар мен әдістемелік бағыттар коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастырудың күрделі әрі көпқырлы үдеріс екенін көрсетеді. Тұлғаның тілдік, когнитивтік, әлеуметтік және мәдени тәжірибесін өзара байланыстыра дамыту арқылы ғана тиімді нәтижеге қол жеткізу мүмкін. Сондықтан білім беру жүйесінде коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру тұтас педагогикалық үдерістің стратегиялық мақсаты ретінде қарастырылуы тиіс. Қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру арқылы біз оқушыны тек тіл меңгерген тұлға ретінде ғана емес, қоғамда еркін әрекет ете алатын, өз ойын дәлелді жеткізетін, түрлі жағдаяттарды тиімді шеше білетін азамат ретінде тәрбиелейміз. Жалпы алғанда, коммуникативтік құзыреттілікті дамыту – бұл тек тілдік білім мен дағдыларды жетілдіру ғана емес, сонымен қатар оқушының ойлау қабілетін, әлеуметтік және кәсіби іс-әрекетін үйлестіретін кешенді процесс болып табылады. Бастауыш сыныптан бастап шет тілдерін оқыту тәжірибесі арқылы қалыптасатын коммуникативтік құзыреттілік болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігін және әлеуметтік бейімделуін қамтамасыз ететін маңызды фактор болып табылады.

Қорытындылай келе, коммуникативтік құзыреттілік – бір ғана тілдік білімнің жиынтығы емес, тұлғаның жан-жақты дамуын қамтамасыз ететін, ойлау, түсіну, талдау және қарым-қатынас жасау қабілеттерін біріктіретін әмбебап құзырет. Бұл құзыреттілікті дамыту білім алушының жеке және кәсіби әлеуетін ашуға бағытталған білім беру жүйесінің негізгі басымдықтарының бірі болып қала береді.

## Пайдаланылған әдебиеттер


1. Canale, Michael; Swain, Merrill (1980). Theoretical bases of communicative approaches to second language teaching and testing. Applied Linguistics, 1(1), 1–47. doi:10.1093/applin/1.1.1
2. Leung, Constant (2005). Convivial communication: recontextualizing communicative competence. International Journal of Applied Linguistics, 15(2), 119–144. doi:10.1111/j.1473-4192.2005.00084.x
3. Hymes, Dell (1966). Two types of linguistic relativity. In Bright, W. (ed.), Sociolinguistics. The Hague: Mouton. pp. 114–158.
4. Chomsky, Noam (1965). Aspects of the Theory of Syntax. Cambridge: M.I.T. Press. ISBN 9780262530071.
5. Hymes, Dell (1964). Toward ethnographies of communication. American Anthropologist, 66(6 part 2), 1–34. doi:10.1525/aa.1964.66.suppl_3.02a00010
6. Celce-Murcia, Marianne; Dornyei, Zoltán; Thurrell, Sarah (1995). Communicative competence: A pedagogically motivated model with content specifications. Issues in Applied Linguistics, 6(2), 5–35.
7. Bachman, Lyle; Palmer, Adrian (2010). Language Assessment in Practice. Oxford: Oxford University Press.
8. Л.С. Выготский «Мышление и речь (сборник)» Издательство "Лабиринт", М., 1999 – 352 с.
9. Жинкин Николай Иванович. Механизмы речи [Текст] / Акад. пед. наук РСФСР. Ин-т психологии. – Москва : Изд-во Акад. пед. наук РСФСР, 1958. – 370 с.
10. Леонтьев А.А. Основы психолингвистики. уч. М., 1997. 287 с.
11. Кенжебеков Б.Т. Жоғары оқу орны жүйесінде болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру: пед. ғыл. докт. дисс. – Қарағанды, 2005. – 267 б.
12. Сыздықбаева Г.У. Формирование профессионально-личностной компетенции студентов педагогических вузов: канд. пед. наук дисс. – Алматы, 2006. – 136 б.
13. Рахметова С.Р. Қазақ тілін деңгейлік оқытудың ғылыми-методологиялық негіздері: монография. – Алматы, 2012. – 227 б.
14. Оразбаева Ф.Ш. Тіл әлемі: мақалалар, зерттеулер. – Алматы: «Ан Арыс» баспасы, 2009. – 368 б.
15. Жұмабаева А.Е. Бастауыш мектепте қазақ тілі синтаксисін дамыта оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері: пед. ғыл. докт. дисс. – Алматы, 2009.
16. Тұрғынбаева Б.А. Ұстаздық шығармашылық. – Алматы, 2007. – 236 б.
17. Қарабаева Л.К. Педагогические условия формирования коммуникативной компетентности преподавателей иностранных языков в вузе: канд. пед. наук дисс. – Алматы, 2007. – 148 б.
18. Қасымова Г.М. Формирование коммуникативной компетентности будущих переводчиков в условиях многоаспектной деятельности: канд. пед. наук дисс. – Алматы, 2005.

ӘОЖ 94(574)

# ЦИФРЛЫҚ ДИСКУРСТАҒЫ КӨРКЕМ ШЫҒАРМАНЫҢ ЗЕРДЕЛЕНУІ (Д.Исабековтың «Сүйекші» шығармасына арналған подкаст талдауы негізінде)

**Тәшпенова Қ.Е.**
*Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің докторанты, Ақтөбе қ.*
*Ғылыми жетекшісі: ф.ғ.д., профессор К.Қ.Садирова*

***Түйіндеме.*** *Бұл мақалада цифрлық кеңістікте тарихи жадтың қалыптасу ерекшеліктері, жадты трансформациялау үрдістері және ақпараттық технологиялардың қоғамдық санаға ықпалы қарастырылады. Цифрлық дискурстағы тарихи шындықтың рөлі талданып, тарихи ақпараттың дәлдігі мен қауіпсіздігіне қатысты негізгі тұжырымдар анықталады.*

*Бұл мақалада қазақтілді цифрлық дискурс аясында тарихи жадтың тілдік бейнелену ерекшеліктері талданады. Зерттеу материалы ретінде Д.Исабеков «Сүйекші» повесі (https://isabekov.com/?p=534) мен онлайн-платформадағы (Youtube) осы көркем шығармаға қатысты подкаст (https://youtu.be/V09Okk5f3jc?si=R8DuKGaKQFcxBFQH) алынды, ал әдістер ретінде дискурстық талдау, контент-талдау элементтері қолданылды. Нәтижесінде цифрлық кеңістіктегі тарихи жад, тарихи шындықтың тілде бейнелену деңгейі анықталып, цифрлық дискурстағы шындықтың ұлттық дискурс пен тілдік сана эволюциясындағы рөлін айқындауға мүмкіндік берді.*

***Тірек сөздер:*** *дискурс, цифрлық кеңістік, тарихи жад, онлайн-коммуникация.*

***Резюме.*** *В статье рассматриваются особенности формирования исторической памяти в цифровом пространстве, процессы трансформации памяти и влияние информационных технологий на общественное сознание. Анализируется роль исторической реальности в цифровом дискурсе и определяются основные выводы, касающиеся точности и безопасности исторической информации.*
*В работе также исследуются языковые особенности репрезентации исторической памяти в казахскоязычном цифровом дискурсе. В качестве материала использованы повесть Д. Исабекова «Сүйекші» (https://isabekov.com/?p=534) и подкаст на онлайн-платформе YouTube, посвящённый данному художественному произведению (https://youtu.be/V09Okk5f3jc?si=R8DuKGaKQFcxBFQH). В качестве методов применялись дискурсивный анализ и элементы контент-анализа. В результате выявлены особенности исторической памяти в цифровом пространстве, уровни отражения исторической реальности в языке, что позволило определить роль истины в цифровом дискурсе в эволюции национального дискурса и языкового сознания.*

***Ключевые слова:*** *дискурс, цифровое пространство, историческая память, онлайн-коммуникация.*

Тарихи жад мәселесі XX ғасырдың екінші жартысынан бастап әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдарда жеке зерттеу өрісіне айналды. Ұжымдық немесе қоғамдық жад ұғымын ғылыми айналымға енгізген М.Хальбвакс әлеуметтік топтар өткенді жекелеген индивидтердің санасында емес, белгілі бір әлеуметтік шеңберлер мен коммуникациялық тәжірибе арқылы есте сақтайтынын көрсетті [1]. Кейінгі зерттеушілер – Я.Ассман, А.Ассман, П. Нора, П. Рикёр және т.б. – жадыны мәдени, саяси, символдық құрылымдармен, еске алу рәсімдерімен, ескерткіштермен, мерейтойлармен, «ес орындарымен» (lieux de mémoire) байланысты қарастырды [2–5]. Цифрлық технологиялар мен интернеттің дамуы бұл теориялық бағыттарға жаңа өлшем қосты.

Сөздік қорымызда «жад» терминіне қатысты отыздың үстінде анықтама шығады. Ең негізгілері – инф. 1. ЭЕМ-нің код түріндегі ақпаратты жазуға, сақтауға, және қолданушыға беруге арналған бөлігі. Ақпаратты тұрақты немесе уақытша сақтайтын орын. 2. зат. Адам баласына тән ой, ес, қапер [6]. Жад – ой, ес, қапер, назар, пәруай, тарпы, таназар, өкіл, сана, көкей [7]. Қазіргі қазақ тілінде компьютерлік технологияда ақпартты жазуға, сақтауға, арналған құрылымына қатысты қолданылады (жедел жад, арнайы жад, сыртқы жад, ішкі жад, флешжад, базалық жад, бейнежад, бүркеме жад, т.б.) [8]. Оны тарихпен байланыстыра қарап, ұлттық сипатпен сабақтастырғанда тарихи жад туындайды.

Тәуелсіздік алғаннан бергі кезеңде Қазақстан қоғамында тарихи жад мәселесі ұлттық бірегейлікті сақтаудың, әлеуметтік-психологиялық тұрақтылықты қамтамасыз етудің және қоғамдық сананы жаңғыртудың маңызды факторы ретінде алға шықты. Тарихи шындық, тарихи жад мәселесі қазіргі таңда бұқаралық ақпарат құралдарында, көркем әдебиетте, киноөнерде, қоғамдық пікір кеңістігінде, әсіресе цифрлық ортадағы күнделікті коммуникацияда қарқынды жүріп келеді. Цифрлық кеңістік (әлеуметтік желілер, онлайн-медиа, блог-платформалар, пікір алаңдары) бүгінгі күні тарихи тақырыптарды талқылаудың, өткенге баға берудің және қоғамдық жадты қалыптастырудың негізгі алаңдарының біріне, жаһандық коммуникацияның басты құралына айналды. Бұл кеңістікте тарихи жад тек сақталмайды, ол үздіксіз қайта өндіріледі, таралады және жаңа мазмұнмен толықтырылады. Осыған байланысты тарихи ақпараттың сенімділігі, шынайылығы және қоғамдық қабылдануы жаңа ғылыми талдауды қажет етіп отыр.

Тарихи жад феномені қазіргі гуманитарлық ғылымдарда көпқырлы құбылыс ретінде қарастырылады: бір жағынан ол – әлеуметтік және мәдени институттар арқылы реттелетін ұжымдық есте сақтау формасы, екінші жағынан – жеке және топтық тәжірибелердің, естеліктердің, нарративтердің тоғысқан алаңы. Сол себепті қазақтілді онлайн-коммуникацияда тарихи жадтың қалай әңгімеленуі, қандай метафоралармен бейнеленуі және қандай дискурстық стратегиялармен сүйемелденуі ұлттық дискурс пен тілдік сананың қазіргі эволюциясын түсіну үшін маңызды эмпириялық негіз бола алады. Осыған орай ұсынылып отырған талдау нәтижелері бір жағынан теориялық тұрғыда – тарихи жад, тіл және цифрлық дискурс арасындағы байланыстарды тереңірек түсіндіруге, екінші жағынан практикалық тұрғыда – тарихи тақырыптарды қазақ тілінде цифрлық ортада сапалы, жауапты және теңгерімді талқылаудың тілдік-риторикалық негіздерін күшейтуге үлес қоса алады.

Цифрлық коммуникация жағдайында тарихи жадтың репрезентациясы жаңа сипатқа ие болады: ақпараттың таралу *жылдамдығы; қолжетімділігі* (ғаламтор тарихи құжаттар мен архивтік материалдарға кең қолжетімділік береді.); *интерактивтілігі* (пайдаланушылар тарихи деректерді тек тұтынушы емес, сонымен бірге өндіруші ретінде қалыптастырады); *көпнұсқалылығы* (әртүрлі көздер бір тарихи оқиғаға қатысты әртүрлі интерпретациялар ұсынады); *виртуализациялануы* (тарихи тұлғалар мен оқиғалар цифрлық реконструкциялар, мультимедиалық жобалар арқылы жаңа формада ұсынылуы). Осындай ерекшеліктерге ие бол тұра, кемшіл тұстары да аз емес. Бұл айтылғандар талдау барысында анықталады.

Зерттеудің эмпириялық материалын Youtube онлайн-платформасындағы «КітапХан» атауымен танылған блог-каналындағы Дулат Исабековтің «Сүйекші» шығармасына арнаған шығарылымы (https://youtu.be/V09Okk5f3jc?si=R8DuKGaKQFcxBFQH) құрап отыр. Аталған подкасттағы тарихи оқиғаның тілдік бейнеленуін түпнұсқамен (https://isabekov.com/?p=534) салыстыра отырып, талдап көрсек:

Шығарманың басын подкаст жүргізушілері «Күн суыған сайын, Үндемес бұрынғыдай ерте тұрып жұмысқа кетудің орнына, жылы көрпеде жатуды құп көретін секілді» [9] деп бір сөйлеммен қайырады. Негізі шығарманың басы басты кейіпкердің тағдырын, жылы көрпені неге аңсайтынынын, қазіргі күйін толық сипаттаудан басталған және ол екі беттей көлемді алған. Ал, оны дискурсқа түсушілер бір-екі сөйлеммен ғана

қысқа қайырады. Демек, цифрлық дискурста тарихи шындық қарапайымданады немесе қысқартылып ықшамдалады деген ой түйеміз.

«Күннің суығынан емес, қартаюдың бір белгісі ме деп ойлап қалады»,- деп жеткізуінің өзі шындықты бұрмалап тұр, себебі түпнұсқада дәл осылай суреттелгендей емес, «Кәрілік те жетіп қалған-ау, әлде түнгі аяз жерге тоң қатырып өткен бе?!!» [10] деген екіұшты ойы тұр. Кейіпкер шығарма барысында өзінің қартайғандығынын емес, күннің суығанын алға тартады, бірақ оны сөйлесу барысында шығарманы оқыған оқырман оның кәрілігін бірінші орынға қойып, мойындамауы деп санайды.

Шығармада «күніне қазатыны үшеу, әрі кетсе төртеу» [10] деп берілген. Бірақ подкастта оны қатып қалған нақты цифрмен береді, яғни «күніне үш қабір қазамын деп айтады, тіпті қабірді қазғаннан кейін ішіне тұрып, жатып, отырып көреді екен» [9] деп айтудың өзі асыра сілтеушілік, қосымша мән үстеу. Себебі шығармада «Сонан соң әр молаға өзі жатып көріп, тар болса үңгіп, белгісіз марқұмға іштей «иманды бол» айтады» [10] деп қана келтірілген. Түпнұсқадағы «Өзекті жерде өлім бар, бұл қаладан күніне екі-үш адам ақырет сапарға аттанып тұрады. Бұған ол да әбден үйреніп алған... Тым болмаса үшеуін бітіру керек» [10] деген жерін цифрлық дискурста «күніне міндетті түрде үшеу дайындап қояды екен, үшеуіне де келеді, қазып қою керек» [9] деп нақты айтылады. Бұл да негізгі ойдың бұрмалалануын білдіріп тұр. Жалпы мәтін (көркем шығарма) мен дискурс тепе-тең түсе бермейді. Көркем мәтінде лингвистикалық емес құбылыстар тыс қалады, ал дискурста лингвистикалық емес құбылыстар (әлем туралы білім, өзіндік пікір мен көзқарас, мақсат) ескеріледі [11, 48] Сондықтан бұл жағдайда дискурсқа түсушілер көркем шығарманы сипаттау барысында өз ойын, пікірін қосып отыр.

Қабір қазатын адамды сүйекші деп атайды, осы тұста дискурсқа түсушілер тарпынан сұрақ туады, «сүйекші» деген кім? «Қабірші», «шырақшы», «күзетші» (қабірді күзететін адам) секілді нұсқалар ұсынылады. Тіпті біреуі біз жақта «ақымшылар» деген атау бар дегенді алға тартып, енді бірі «жаназада мәйітті жерлеп адамдарды шақырып, сүйекшілер келді деп айтып жатқанын естідік» [9] деп ақталады, демек бұл сөзге нақты терминдік ұғым бере алмайды, бірақ әртүрлі нұсқалар келтіріледі. Демек, константты шындық «виртуалды» шындыққа айналғанда көпнұсқалық сипатқа ие болады.

«Бәрі өйстеді. Жер таңдап, мүрде таңдап күпірлік жасайды» деген жері дискурсқа түскенде «қабірді де таңдайтындар бар, ана жері болмайды, мына жері болмайды, басқа жерден қазасыз ба, өйтейін деп едік, бүйтейін деп едік»,- деген ауызекі сөйлеу стилінде сипат алып кетеді.

- Бүгін *таң сыз бере* інім қайтып еді. -деп келген атты кісінің сөзін, «бүгін *азанда* інім қайтып еді» деп жеткізеді. Демек цифрлық коммуникацияда диалект, синоним сөздер көп қолданылып кетеді, яғни әр оқырман шығарманы оқу барысында сондағы сөздерді өз ыңғайына, өз түсінгеніне қарай ыңғайлап алады. Осы жердегі көр қаздыруға келген атты кісімен келісуін де қарапайым ғана жеткізген, «жарайды деп келісе салды» деуінің өзі шығармадағы негізгі детальді жеткізбеуінде, шығарма кейіпкерінің ақысына бір есек атағаннан кейін ғана келісім бергендігі айтылмай қалады. Сөйлеуші кейіпкердің үйін лашыққа теңейді, бірақ шығармада «...анау төменде, шағын қаланың бір түкпіріндегі өзінің кішкене үйіне қарай ілбіп қозғала берді» деп келтірілген, нақты лашық деп жазылмаған. Бұл да сол тарихи шындықты өз шындығына айналдырып теңеу болып саналады.

Дискурсқа түсу кезінде оқиғаның реттілігі сақтала бермейді. Мәселен, шығарманың басында айтылуы керек сюжет, сөйлесу барысында соңына қарай айтыла береді. Бұл нақты шындықты бұрмаламайды, бірақ оқиғаның реттілігін бұзады. Осындай сәттер подкастта көп кездеседі.

Тағы бір ең негізгі назар аударатын нәрсе – қате ақпараттың орын алуы. Шығармадағы кейіпкерлердің атын өзгерту мәселесі кездеседі. Шығарма кейіпкерінің әкесінің атын дискурс барысында бастан аяқ Қомаш деп атайды, бірақ түпнұсқада оның есімі – Қомша. Кісі есігінде жалшылықта өскен Қомшаны «көз ашқалы біреудің ауласында біреудің есігінің алдында, біреудің алақанына қарап, алақанына қарап емес, еңбек етіп

өскен» деп айтады. Бұл жерде өз айтқанына өзі қарсы келіп, өз айтқанын өзі түзеп отыр. Демек, цифрлық дискурста тарихи шындықты жеткізу барысында өз ойын өзгертуге немесе өз айтқанына қарсы келуге мүмкіндік болады деген сөз.

Шығармада «Кеше Қомша ауылдың молдасы Бәдіғұлмен сөйлесіп көріп еді, жарықтық, әулие кісі екен ғой, мұны жылы қарсы алып, биылдан бастап балаң менен оқи берсін дегенді айтты. Ақы да сұрамады» [10] деген жер бар. Бұл жерді дискурсқа түсушілер Қомшаның баласын молдаға оқытуды қатты армандаған, өзі оқымаса да баласы сауатты болғанын қатты қалаған деп асыра сілтеп сипаттайды. Әрі молдаға бір қараны бергісі келетінін де ілге тиек етеді. Осы сәтте қараны дискурсқа түсушілер бірден түсінбейді. «Қара түс па? Жоқ, қара мата ма?» деген секілді сұрақтар туындайды.

- Қара деген сиыр ғой.
- Ірі қара десеңізші.
- Неге сары деп айтылмайды? Сары сиыр да болады ғой.
- Ірі қара деп те, жалпылама тек «қара» деп те айтылады ғой [9], - деп ақталады.

Байдың баласы «жантәсілім етті» деген жерді тура мағынасында «өлді» деп айтады. Бұл да ауызекі сөйлеу стиліне тән белгілердің бірі – дисфемизмнің қолданылуы.

Жабылған жаладан зардап шеккен Қомшаға өлімнің құнын сұратады. Осы жерде де дискурсқа түсушілер тарапынан «адамның құны қанша екен?» деген сұрақ қояды.

- Көп қой, отыз қой, қырық жылқы ма, сондай бірдеңесі бар, - деп нақты айта алмайды. Түпнұсқада нақты отыз түйе, отыз жылқы, отыз қой деп берілген.

Ауыр сүйменді ұстай алмай, салмағынан ауып түсіп жантәсілім еткен бай баласын да «ақ саусақ» деп келеке етеді. Бұл айтылғандардың бәрі бұрынғыны қазіргімен салыстыру болмақ. Қазіргі құн ақшамен өлшенсе, бұрынғылар малмен есептескен. Қолынан түк келмейтін ақ саусақ «байдың баласы» деген ассоциация бұрын да болған, қазір де бар.

Салыстыру, теңеу секілді сипаттар көп кездеседі деп жоғарыда айттық. Оған тағы бір мысал, қазіргі тілмен айтқанда, «байлар – сол кездің әкімі» деп айтылады. Демек, байды қазіргі әкімге теңеп тұр.

Шерәлі бай «Қомша дегенді керек десең танымаймын да, көрінген дуананың айыбын өтей беретін далада шашылып жатқан малым жоқ, пісіріп жесеңдер де мейілдерің, аманатқа баласын бере берсін» [10] дейді шығармада. Осы жерін сипаттау кезінде адресант: «екі туып бір қалғаным емес, маған десе оны неге пісіріп жемейсіңдер?» [9] ,- деп эмоционалды тұрғыда өң беріп жеткізеді.

Үкітайдың өкінішін, сол бір шындықты жасырып қалуының арқасында ойрандай бір отбасының шырқы бұзылып, баланың тірі жетім қалуын автордың керемет жеткізгендігін адресат та, адресант та жақсы түсініп отыр. Себебі, оған дәлел:

- Ақиқатты жасырып қалып, оны жалған жауып қалып, сондай қасіретке ұшырап жатқандар көп қой, қазіргі заманда да көп кездесіп жатады. Қай кезде болсын, қай заманда жазылған кітап болса да сенің сүріп жатқан қоғамыңа сәйкестендіріліп келіп жатқан болса, онда ол жазушының ұшқырлығы [9], - деп баға береді. Тағы да қазіргі заманмен салыстыру орын алып отыр.

Шығармадағы диуанаға қатысты да пікірлер туады. «Дуана», «диуана», «бата беретін адам», т.б. түсініктемелер айтылады. «Иманды болыңыз» дегенді біз көбіне өмірден өткендерге айтады екенбіз. Ол бұрын тірі адамдарға айтылған деген қорытынды шығарады.

Шығарма соңындағы Өмекейдің Тұңғышты елге қайтуға көндірген негізгі себебі айтылмай қалады. Адресаттың айтуы бойынша, Тұңғыш «үйлендіреміз, барлық байлық саған қалады, бала-шағаң болады» дегеннен кейін ғана көнді деп сендіреді. Негізінде шығарма бойынша «елге барған соң әке-шешеңе ас бергіземін» деген соң ғана көңгендігі келтіріледі. Бұл жерден де шындықтың нақты себебі жасырын қалып, бұрмаланып тұрғандығын көреміз. Бұл шындық осы подкастқа пікір білдірушілер тарапынан да қозғалған. Пікір қалдырушылардың бірі: «Жібіп кеткені үйлендіреміз дегеніне қызығып көнгені емес, әке-шешеңе құран оқытып береміз дегеніне көнеді, Тұңғыштың бүкіл ғұмырына үміт берген сол құран оқытам дегенінде еді» деп түзетеді. «Өте ауыр туынды,

негізі бір түйгенім бізде кино түсіруге қаншама дайын сценарийлер өте көп қой, осы туындыларды кино өнеріне тірілтсе, қандай керемет болушы еді»,- деп ниет білдерсе, енді бірі «Тұңғыш – Аманат- Кеңкелес – Диуана – Үндемес осы қойылған аттарының әрбірі – оған қатал тағдыры салған таңбалар...» [9] деп баға береді.

Жоғарыдағы мысалдарды қорытындылай келе, мынадай ой түйеміз:

1. әлеуметтік медиа платформаларында тарихи оқиғалар эмоциялық өңдеумен, визуалды материалдармен және қысқа форматтағы баяндаумен беріледі (тарихи фактілердің қарапайымдануы, қысқартылып, ықшамдалуы);
2. көркем шығармада лингвистикалық емес құбылыстар тыс қалса, ал дискурста лингвистикалық емес құбылыстар (әлем туралы білім, өзіндік пікір мен көзқарас, мақсат) ескеріледі;
3. константты (бастапқы, негізгі) шындықтың виртуалды (ойдан туған, екінші) шындыққа айналуы орын алады;
4. тарихи шындыққа қатысты жалған ақпараттың, бұрмаланған дәйектердің тез таралуы кездеседі (Қомша – Қомаш, т.б.);
5. цифрлық кеңістік көп жағдайда ауызекі сөйлеу тілі, көркем-әдебиет және ресми-кітаби стиль элементтері тоғысатын, аралас сипаттағы ерекше коммуникациялық орта ретінде көрінеді;
6. жаңа «виртуалды естеліктердің» пайда болуы, ұқсату, салыстыру, теңеу элементтері қосылады (құн – ірі қара – ақша, т.б.);
7. нақты оқиғаға қатысты сөздер ауыстырылып, синоним, диалект, дисфемизм сөздердің қолданылуы кездеседі (өлді, азанда, т.б.);
8. тарихи оқиға дискурсқа түскенде өзі түсінгендей жеткізу мақсатында асыра сілтеу элементтерін қосып, орысша сөздермен толықтыруға тырысады (уже, вообще т.б.)

Жүргізілген зерттеу қазақтілді цифрлық дискурста тарихи жадтың тілдік тұрғыдан бейнеленуі күрделі, көпқабатты және идеологиялық жағынан жүктелген құбылыс екенін көрсетті. Осы нәтижелер қазақтілді цифрлық кеңістікті ұжымдық жадтың маңызды алаңы ретінде қарастыру қажеттігін, тарихи тақырыптарды жауапты, теңгерімді және рефлексивті түрде талқылауда тілдік құралдар мен дискурстық тәжірибеге арнайы назар аударудың маңызын айқындайды.

Цифрлық дискурс – түрлі онлайн-платформаларда қалыптасатын мәтіндік, визуалды және мультимедиалық коммуникациялар жиынтығы. Зерттеу жұмысын қорытындылай келе, дискурстағы тарихи жады ерекше динамикаға сәйкес бірнеше жаңа сипатқа ие болады деп тұжырымдаймыз:

1.Цифрлық дискурстағы онлайн-коммуникация соңғы жылдары көлемі жағынан, жанрлық алуандық және аудитория тұрғысынан айтарлықтай кеңейді, ол мемлекеттік тілдің қоғамдық қызметін кеңейтудің маңызды арналарының біріне айналды.

2.Әртүрлі әлеуметтік топтар тарихи оқиғаларға қатысты өз интерпретацияларын қалыптастыра алады. Нәтижесінде, тарихи жад біркелкі емес, көпдауысты сипатқа ие.

3. Цифрлық ортада тарихи оқиғаларға қатысты түсіндірмелер күн сайын өзгеріп отырады. Бұл өкінішке орай, тарихи жадтың тұрақсыздығына әсер етеді.

4. Тарихи оқиғалар көбіне медиалық формада – мемдер, қысқа видеолар, визуалды репрезентациялар арқылы қабылданады. Бұл тарихты эмоция арқылы сипатталуына (эмоционализациялауы) мен оның жеңіл форматта берілуіне алып келеді.

5. Әлеуметтік желі алгоритмдері қандай тарихи контенттің көрінетінін анықтайды. Осылайша, тарихи жад платформаның техникалық құрылымдары арқылы да қалыптасады.

6. Платформалар пайдаланушыға ұқсас контентті ғана ұсына отырып, тарихи көзқарастарды біржақты қалыптастыруы, өз бетінше ғана талдау мүмкіндігі жоғары.

7. Онлайн-форумдар, топтар мен платформаларда белгілі бір тарихи кезеңдерге ынтық пайдаланушылар жиналып, ортақ жад кеңістігін жасай алады (пікір). Сонымен, цифрлық дискурс тарихи жадты демократияландыруға мүмкіндік бергенімен, оның

шынайылығына, ғылымилығына және қоғамдағы тарихи тұтастыққа қатер төндіруі де мүмкін деген тұжырымға келеміз.

Цифрлық кеңістік тарихи жадты сақтаудың ғана емес, оны қалыптастырудың да жаңа алаңы болып отыр. Бұл процесс тарихи сананы демократияландыруға мүмкіндік берсе де, ақпараттық манипуляция мен бұрмалау қаупін де күшейтеді. Сондықтан цифрлық тарихи жадты зерттеу және оны реттеу – қазіргі заман ғылымы мен қоғамы үшін маңызды міндет болмақ.

**Пайдаланылған әдебиеттер**


1.Halbwachs, M. La mémoire collective. Paris: Presses universitaires de France, 1950.

2.Assmann, J. Cultural Memory and Early Civilization: Writing, Remembrance, and Political Imagination. Cambridge: Cambridge University Press, 2011.DOI: 10.1017/CBO9780511996306

3.Assmann, A. Erinnerungsräume. Formen und Wandlungen des kulturellen Gedächtnisses. München: C.H. Beck, 1999/2009.

4.Nora, P. (ed.) Les Lieux de mémoire. Paris: Gallimard, 1984–1992.

5.Ricœur, P. Memory, History, Forgetting. Chicago: University of Chicago Press, 2004.DOI: 10.7208/chicago/9780226713465.001.0001

6.Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 5 - том / Құраст.: Б. Әбілқасымов, С.Бизақов, Ә.Жүнісбеков және т.б. - Алматы, 2011. - 752 б.

7.Қайыржан К. Сөз-сандық: Қазақтың көне сөздері. – Алматы: «Өнер» баспасы, 2013. - 480 бет

8.Қазақ тілінің кірме сөздер сөздігі / Құрастырғандар: Ш. Құрманбайұлы, С.Исақова, Б.Мизамхан және т.б. Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. – 596 б.

9.https://youtu.be/V09Okk5f3jc?si=R8DuKGaKQFcxBFQH КітапХан #27 | Дулат Исабеков "Сүйекші" 10 ай бұрын жүктелген

10.https://isabekov.com/?p=534 *Posted by admin on Окт 3rd, 2023 in Повестер*

11.Садирова К.Қ. Дискурс талдау теориясы: Оқу құралы. – Алматы: «Отан» баспасы, 2018. – 92 бет



ӘОЖ 52(285)


## ҰЛТТЫҚ КОДТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ НАРРАТИВТЕРДІҢ РӨЛІ


**Сапарова Ж.Қ.**

*оқытушы, гуманитарлық ғылымдар магистрі*

*«Олимпиада резервінің облыстық мамандандырылған мектеп-интернат-колледжі» КММ, Орал қаласы*



***Резюме.*** *Каждый народ, стремясь сохранить свою самобытность, культурное наследие и духовную целостность, опирается на национальный код. Национальный код – это комплексное понятие, объединяющее исторический опыт нации, её обычаи и традиции, мировоззрение, язык, коллективную память и духовные ценности.*



***Ключевые слова:*** *нарративы, национальный код, сознание, казахская литература.*


Ұлттық код және оның құрамдас бөліктерін қалыптастыратын маңызды факторлардың бірі – нарративтер, яғни белгілі бір халықтың өзін-өзі тану және танымдық моделін қалыптастыратын әңгімелер жүйесі.

Ұлттық код – ұлттың табиғи идентификациясын анықтайтын мәдени, рухани және тарихи ақпараттар жиынтығы. Ол бірнеше негізгі элементтен тұрады:

1. Тіл – ұлттық кодтың басты өзегі. Тіл арқылы ұлттың тарихи жады, дүниетанымы, ойлау мәдениеті қалыптасады.

2. Тарихи жады – ұлттың басынан өткен оқиғалар, батырлар, тұлғалар, жеңістер мен қасіреттер.

3. Мәдени дәстүрлер – әдет-ғұрып, салт-дәстүр, тұрмыс мәдениеті.

4. Рухани құндылықтар – діни түсініктер, моральдық нормалар, этикалық қағидалар.

5. Архетиптер – ұлттың өзіндік мінезін, эмоционалды және мінез-құлық стереотиптерін анықтайтын бейнелер.

Ұлттық нарративтер және олардың әлеуметтік маңызы:

Нарравтив – ұлттың өзін түсіндіру тәсілі, оның кім екендігін, қайдан келіп, қайда бара жатқанын анықтайтын әңгімелер жүйесі. Әлеуметтік ғылымдарда ұлттық нарративтер «ортақ жадты ұйымдастырушы құрал» ретінде қарастырылады.

Нарративтердің функциялары :

1. Идентификациялық функция: халыққа «Біз кімбіз?» деген сұраққа жауап береді.

2. Интегративтік функция: қоғамды ортақ идеяға топтастырады.

3. Мотивициялық функция: ұлт мүшелерін рухтандыратын, болашаққа бағыттайтын мағынаны білдіреті (мысалы, «Мәңгілік ел», «Ұлы дала» идеялары).

4. Тәрбиелік функция: әр буынға моральдық-этикалық нормалар мен тарихи сабақтастықты жеткізеді.

Ұлттық кодты қалыптастыруда нарративтердің рөлі ерекше. Ұлттық код пен нарративтер өзара тығыз байланыста. Нарративтер ұлттық кодтың негізгі бөліктерін құрылымдайды, түсіндіреді және ұрпаққа береді [1, 57].

Негізгі рөлдері:

1. Ұлттық болмысты сақтаушы құрал: аңыз-әңгімелер, эпостар, тарихи жырлар ұлттық құндылықтарды ұрпақтан ұрпаққа жеткізеді. Мысалы, «Қобыланды батыр», «Алпамыс батыр», «Ер тарғын» жырлары қазақтың ерлік, намыс, адалдық, ел қорғау түсінігін бекітеді.

2. Тарихи жадыны қалыптастыру: нарративтер арқылы халық өз өткенін таниды. Бұлар – ұлттың тарихи санасын қалыптастырудағы негізгі құрал.

3. Ұлттық идеологияны жүйелеу: мемлекеттік деңгейде қалыптасатын «Мәңгілік ел», «Рухани жаңғыру», «Ұлы даланың жеті қыры» сияқты концепциялар да нарративтік сипатқа ие. Олар қоғамды біріктіретін ортақ идеяларды ұсынады [2].

4. Мәдени кодтың үздіксіздігін қамтамасыз ету: мерекелер, дәстүрлер, салт-жоралар нарративтік негіздегі мәдени практикалар. Мысалы, Наурыз мейрамы – қазақ дүниетанымының жаңару, бірлік, тазару идеяларын тасымалдайтын нарратив.

5. Заманауи медиа мен әдебиеттің рөлі: кино, әдебиет, музыка, анимация саласындағы жаңа ұлттық кейіпкерлер ұлттық нарративтің жаңғыруына мүмкіндік береді.

Қазақ әдебиетіндегі нарратив (әңгімелеу, баяндау жүйесі) – көркем шығарманың мазмұнын жеткізудегі негізгі тәсілдердің бірі. Ол оқиғаны кімнің көзімен, қандай реттілікпен, қандай стильдік амалдар арқылы баяндау арқылы туындының идеялық-көркемдік табиғатын айқындайды [3, 84]. Төменде қазақ әдебиетіндегі нарративтің негізгі рөлдері мен ерекшеліктері жүйеленіп беріледі.

1. Дәстүрлі ауыз әдебиетіндегі нарратив рөлі:

Қазақ ауыз әдебиеті – шежіре, эпос, ертегі, жыр, қисса, шешендік сөздер – көнеден бері қалыптасқан ауызша баяндау мәдениетіне негізделген. Жыраулар поэзиясында жыршының дауысы – басты нарратор. Ол оқиғаны тек жеткізуші емес, елдің рухани жетекшісі, бағалаушысы ретінде көрінеді. Эпостық жырларда («Алпамыс батыр», «Қобыланды батыр», «Ер Тарғын» т.б.) баяндаушы бәрін білетін, эпикалық кеңістікке иелік ететін эпикалық нарратор қызметін атқарады. Ауызша дәстүрде нарратив көбінесе қайталау, формулалық тіркестер, тұрақты эпитеттер арқылы есте сақтауға және тыңдаушыға әсер етуге бағытталған.

2. Жазба әдебиеттегі нарративтің эволюциясы:

XIX ғасырдан бастап жазба әдебиеттің дамуы нарратив құрылымдарын күрделендірді.

Абай шығармаларында: Философиялық лирикада ішкі монолог, өзіндік үн күшейді. «Қара сөздер» – автордық нарративтің жаңа моделі: әңгімелеу мен ойтолғаудың, интеллектуалдық талдаудың бірлігі.

XX ғасыр басындағы әдебиет: Міржақып Дулатұлы, Мағжан Жұмабаев, Бейімбет Майлин, Жүсіпбек Аймауытов сияқты авторлар психологиялық баяндауды, кейіпкердің ішкі әлеміне үңілуді күшейтті. А. Байтұрсынұлының әңгімелерінде дидактикалық нарратив басым, өйткені мақсат – ағартушылық.

Кеңес дәуірі прозасы: Ә. Нұрпейісов, М. Әуезов, Ғ. Мүсірепов шығармаларында кең панорамалық баяндау, тарихи оқиғаларды эпикалық түрде жеткізу ерекшеленеді. М.Әуезовтің «Абай жолы» романы – қазақ әдебиетіндегі ең көркем эпикалық-реалистік нарратив үлгісі; автор баяндауы, кейіпкерлік перспективасы, диалогтық құрылым шебер біріктірілген [4, 46].

3. Заманауи әдебиеттегі нарратив:

Қазіргі қазақ әдебиетінде нарратив формалары айтарлықтай жаңарды:

- Мультиперспективалық баяндау – бір оқиға бірнеше кейіпкер көзқарасы арқылы беріледі (Қ. Түменбай, С. Ақсұңқарұлы, т.б.).
- Постмодернистік нарратив – үзік-үзік құрылым, интертекст, шынайылық пен фантазияның араласуы (Қ. Салғарин, Д. Амантай).
- Автофикция мен баяндау – жазушының жеке тәжірибесі мен көркем ойды араластыру.
- Гендерлік, урбанистік тақырыптарды қамтитын қалалық проза жаңа индивидуалистік нарративті қалыптастырады.

4. Қазақ әдебиетінде нарративтің атқаратын негізгі қызметтері:

1. Оқиғаны ұйымдастыру – сюжет, композиция, уақыт пен кеңістікті реттейді.
2. Кейіпкердің ішкі әлемін ашу – психология, сана ағымы, түйсік.
3. Автор идеясы мен ұстанымын жеткізу – баяндаушы дауысын пайдалану.
4. Ұлттық дүниетанымды беру – ауыз әдебиетінен бастау алатын бейнелі ойлау, мифтік элементтер.
5. Эмоционалдық әсер жасау – стиль, ритм, баяндау ырғағы арқылы.
6. Оқырманмен байланыс орнату – метатекст, авторлық ремарка, ирония т.б.

Қазақ әдебиетіндегі нарратив – тек оқиғаны баяндау тәсілі ғана емес, ұлттық мәдени кодты сақтаушы, көркемдік дәстүрді жалғастырушы, сонымен қатар заманауи эстетикалық ізденістердің басты алаңы. Ол уақыт өте келе ауызша эпос дәстүрінен жазба прозаның күрделі формаларына, постмодернистік эксперименттерге дейін үздіксіз дамып келеді [6, 34].

Қорыта келе, ұлттық код – ұлттың рухани өзегін анықтайтын күрделі құбылыс. Оның қалыптасуы мен сақталуына ұлттық нарративтер айрықша рөл атқарады. Нарративтер тарихи жадыны бекітіп, ұрпақ сабақтастығын қамтамасыз етеді, ұлттық бірегейлікті нығайтады.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**


1. Асқарова Ф. Ұлттық код және ұлттық бірегейлік мәселелері. – Алматы, 2020.
2. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. – Астана, 2017.
3. Қирабаев С. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері. – Алматы: Білім, 1997.
4. Әбдікакімұлы Б. Нарратив және көркем мәтін теориясы. – Алматы, 2014.
5. Марғұлан Ә. Ежелгі жыр, аңыздар. – Алматы: Жазушы, 1985.
6. Әбдиманұлы Ө. Қазақ прозасындағы көркемдік ізденістер. – Алматы: Қазақ университеті, 2002.

ӘОЖ 94(574)

# ҰЛТТЫҚ КОД ПЕН ТАРИХИ НАРРАТИВ: ҒҰМАР ҚАРАШ ӨНЕГЕСІ

**Әбуова М.Ә.**
*тарих пәні мұғалімі, педагог-сарапшы*
*Ақсай қаласының №2 ЖОББМ, Ақсай қ.*

***Резюме.*** *Ғумар Караш – просветитель, стремившийся пробудить национальный дух. Через его труды возможно возрождение национального кода и исторического сознания. Для нынешнего поколения он является примером патриотизма и справедливости.*

***Ключевые слова.*** *Национальное сознание, духовное наследие, историческая память, просветительские идеи.*

"Жетісіп жас балалары оқып шығып,
Қазақтың көзі ашылып оңар ма екен.
Ер қазақ өнер біліп көзі ашылса
Ит дұшпан маңайына жолар ма екен"
Теңдікті қазағым да бір ел болып
Қатарлас басқа жұртпен тұрар мекен".
***Ғ. Қараш***

Табиғат құбылысы сияқты, адамзат баласы ғұмыр кешетін дәуірлер мен замандар мінезі де әрқилы. Оның ақ тұтек бораны мен қақаған қара суығы да, мамыражай рақат кездері де болады. Ғұмар Қараш және оның замандастары адамзаттың аса бір қиын, күрделі, арпалысты дәуірде өмір сүрді. Оның өмірі мен қызметін, шығармашылығын зерттеп, жариялауға әлсін-әлсін тиім салып, жол бермеді [1, 3].

Ғұмар Қараш шығармаларында ұлттық болмыс, діл, тіл, дін, тарих, тәрбие, еркіндік сынды кодтық мәні бар мәселелер кеңінен қозғалды. Оның «Бала тұлпар», «Өрнек», «Тумыш», «Аға насихаты» т.б. еңбектерінде ұлттық сананы қалыптастыруға, халықты надандық пен қараңғылықтан арылтуға бағытталған идеялар көтерілді.

Ғұмар Қараш тарихи сана мен ұлт болашағының бірлігін терең түсінді. Ол Алаш идеясына сеніп, қазақтың дербес мемлекетке лайық халық екенін дәлелдеуге тырысты. Алаш арыстарының басты мақсаты – ұлттық кодты сақтап, заманауи өркениетке бейім ұлт қалыптастыру болса, Қараш бұл жолда әдебиет пен ағартушылықты құрал етті.

Ғұмар Қараш – көрнекті ақын, ойшыл-философ, халқын өнер мен ғылымға, берекелі ел болуға үндеген қайраткер-ағартушы, дін-шариғат, имандылық жолын, араб, парсы, түрік, татар, башқұрт тілдерін жетік білген ғұлама-ахун, өз дәуіріндегі мерзімді баспасөзге қазақ елінің көкейкесті мәселелері туралы үзбей ой толғаған қаламгер, «Қазақстан», «Дұрыстық жолы» сияқты газеттер мен «Мұғалім» журналын шығару үшін қызу атсалысқан баспасөз жанашыры. Біздің бұл пікірімізді Ғ. Қараштың өмір жолы мен артында қалған еңбектері дәлелдейді [2, 3].

Ғұмар жастайынан-ақ өлеңдер шығарып, ел аузындағы әдеби мұраларды жалғастырды. XX ғасырдың бас кезінде қазақ даласына тарайтын – арабша, түрікше, татарша, қазақша басылымдарды оқып, заман дәуір жайын оңға бастайды, ол әдеби, тарихи пәлсапалық кітаптарды іздеп жүріп оқыды. Сөйтіп, ислам діні қағидаларын жетік білген Ғұмардың енді дүниелік ғылымдардан да хабары болады [7].

Надандықпен күресу үшін Ғұмар өз білімін жетілдіріп, бір қызметке тұруды қолға алады. Әуелі ол молда атағын алу үшін 2-3 пәннен сынақ тапсырып, құжат алады. 1902 жылы Қазанда №1 старшиналық жиынының 580 кісі орнына 430 адам қатысқан жиыны болып, Ғұмарды «Казачий лиман» деген тұрақтағы №2 мешітке («приход» деген) «указной молда», имам етіп сайлайды. Қарабаев бұл екі құжатты қосып, осы кезде Бөкей ордасын

басқаратын уақытша Советке жолдама хат жазып, Ғ. Қараш «Мінезі жақсы, сот не тергеу астында болмаған» деп сипаттап, аталған бос орынға Ғұмарды бекітуді сұраған. Бұл материалды Астрахан губернаторына жібереді. Кешікпей Ғұмар имам болып бекітіледі. 1903 жылы 2 мамырда қысым басшысы Ғ. Қарашевтен Үкіметке, өз қызметіне адал боламын деген ант алып, №637 куәлікті тапсырады. Сонымен Ғұмар өмірінде жаңа кезең басталады [4, 4].

Бұдан соң 1902–1910 жылдары өзі туып-өскен ауылында, Тіленшібай, Борсы мекендерінде жәдитше (жаңаша) бала оқытады [2, 4]. Жәдид мектептері XIX-XX ғасырлар тоғысында Еділ бойы, Кавказ, Түркістан, Қазақстанда ашылған мектептер. Бұл жаңа әдіс бойынша мұсылмандық мектептерде оқушылар ұлттық тәлім-тәрбиеге негізделген дін пәндерімен қатар жазу, есеп, география, тарих, орыс тілі, т.б. өмірге қажетті пәндерді оқитын болды. Сонымен бірге балаларды мектепте ана тілінде оқуға, жазуға үйретіп, география, тарих, арифметика және т.б. пәндерден алғашқы білім беріле бастады [7].

Оқушыларды тез арада сауатын ашып, арабша, қазақша, татарша және орысша жазылған басылымдарды оқуға мүмкіндік алған. Мұндай батыл реформалық іс-әрекет дүмше малдар мен шынжыр балаң, шұбар төс үстем тап өкілдеріне ұнамай «ислам дінін бұзып, қазақ балаларын орыс қылды» деген айып тағылды. Бірақ, көкірегі ояу азаматтың мақсат-мүддесі жергілікті зиялы қауымнан қолдау тауып жәдидше оқытуын әрі қарай жалғастырды [7].

Ғұмардың мұндай бөгеттерге кезігуі оның ғылым, білім, әділет жолындағы көзқарасын айқындай түседі. Ол кейін парықсыздыққа, надандыққа қарсы көптеген шығарма жазды [2, 4]. Патша үкіметінің отарланған халықтың мәдениеті, тілі, ділі мен дінін, әдет-ғұрып, салт-дәстүрін жоғалтуға бағытталған озбырлық саясатының мәнін түсінген ағартушы ақынды ұлтының туған тілі де ерекше толғандырды. «Қазіргі басты міндет қазақ балаларын бастауыш мектептерде ана тілінде оқыту, соған оқулық, жабдық жасау қажет. Өнер-білім ана тілінде болу керек. Ана тілін білмей тұрып, ұлт білімін ала алмайсың. Ұлт білімі болмаса, онда әдебиетің болмайтындығы өзі-ақ белгілі. Әдебиеті жоқ ұлттың өнері де өршімейді» деді. Бұдан біз Ғұмардын бала, алдымен, ана тілінде білім алып, ана тілінің ықпалымен азамат болып қалыптасуы қажеттілігін көрсеткенін, ғылыми-педагогикалық, психологиялық тұрғыдан дұрыс деп тапқан ойлы тұжырымын ұғамыз. Сондай-ақ ол: «Бір халықтың өз тілінде білім-өнері болмаса, ол халықтың тілі бұзылып өзгереді және көршілес күшті халықтың тілімен өсірілеп, соған қол болады, оның ішінде жаңалықтар көбейеді. Ол кішкене ұлттардың жаңартып, жандандырылмаған ескі тілі өзінің барлық маңызын жояды және жылдам ұмытылады [5, 6].

Ғұмар – қазақтың тіл білімі ғылымының бірінші кірпішін қалаған кісі. Ғұмар тек ақын - насихатшы емес, ол нақты істің кісісі. Ол алғаш қазақ мектептерін ұйымдастырып, мектеп үйлерін салдыртып, оқулық, бағдарлама жазып, жабдықтаған. Ол – қазақ тілі пәнінің алғашқы оқытушысының бірі. Ғұмар мұрасы ақыл-ойға, тәлім-тәрбиеге бек бай. Қазіргі заман қадесіне жарайды. Ғұмар – жалынды, жарқын патриот. Ол өз ұлтының мерейін көтеруге қызмет істеп, өз ұлтының болашағын ойлап, тілдің рөлін айқындап берген. «Тіл – айна» – дейді Ғұмар, – оның ішінде бүкіл халықтың тұрмысы түсіп тұрады. Ең әуелі ана тілі керек. Егер ана тілін білмесең, онда сен ол ұлттың баласы емессің. Ана тілін білмей тұрып, ұлт білімін ала алмайсың», – деген тұжырым жасайды. Бұл ықшамдай айтылған сипаттаманың өзі Ғұмардың ұлт перзенті, ұлы тұлға екенін көрсетсе керек. Оның қазіргі ұрпаққа, тәуелсіздігімізді нығайтып, мемлекеттімізді күшейтуге, халқымыздың бірлігін арттыруға берері көп [4, 6]. F. Қараш "Мұғалім" журналына "Дыбыс деген не?" деп мақала жазыпты. Сөйтіп, ол қазақ тіл білімі ғылымының алғаш кірпішін құйып, қалаған [1, 105].

Ғұмар 1917 жылы мамырда Ордада өткен Бөкей қазақтарының жалпы съезіне қатысады. Делегаттар ақынды Мәскеуде болатын Ресей мұсылмандары съезіне өкіл етіп жібереді. Ғұмар сол жылғы желтоқсанда Орынборда өткен жалпықазақ съезіне шақырылып, сонда тартымды баяндама жасайды. Қазан төңкерісін іштей қабылдамаған,

бірақ қазақтың елдігін сақтайды деп сенім артқан «Алашорда» ұмырының қысқалығын сезген Ғұмардың жаңа дәуірге қарай икемделуіне тура келді.

Халыққа қызмет етуді өмірінің мақсат-мұраты санаған азамат ақын 1918 жылы діни мансабын біржола тастап, елге нақты қызмет ету, әлеуметтік өмірге белсене араласу жолына ауысады. Сөйтіп, туған елі Жәнібекке келеді. Ордадағы педтехникумда сабақ береді. 1918 жылғы 24 қыркүйекте болған Бөкей губерниясы мұғалімдерінің I съезіне және 1918–1920 жылдары өткен сол губерния кеңестерінің I, II, III, IV съездеріне делегат боп қатысады. Съездерде жарыссөзге шығып, өз пікірін ашық айтады [2, 5]. Алаш қозғалысының құрылтайларына қатысып, дербес қазақ мұфтиятын құруға атсалысқан [3].

Ғ. Қараш 1919 жылы Бөкей губисполкомында істейді, сол жылы коммунистік партия мүшелігіне өтеді. Оған Ордада ұйымдастырылған, айына екі рет шығатын «Мұғалім» атты тәлім-тәрбие, ғылыми-пән журналының шығарушылар алқасын басқару жүктеледі. Бұл тұңғыш қазақ кеңес педагогикалық журналы еді. Ғ. Қараш осы журналда «Педагогика» атты еңбегін жариялайды [2, 6]. Облыстық оқу бөлімі комиссары С. Мендешев сол кездегі 25 адамға жуық жоғарғы білімді қазақ оқығандарын төңірегіне жинай білген... Ғұмар, т.б. оқығандар Педкурстың жаңа қазақ мектебінің оқу жоспарын, оқу бағдарламын (программа), түрлі оқу жабдығын, методикалық материалдарын дайындауға кіріседі. Қиыны – оқулық жазу, шығару болды. Сонда да кей пәннен шағын брошюралар басып шығарады [1, 109].

Ғұмар Қараш – іс жүзінде халыққа білім таратуды басты мақсат еткен, практикалық ағартушы. Басқа ағартушылар көбінесе ғылыми немесе шығармашылық жолмен әсер етсе, Қараш мектеп, журнал, медресе арқылы білім мен мәдениетті жүйелі түрде таратып, қазақ білімінің негізін қалаған.

Қорытпа айтқанда, Ғұмар – ұлы тұлға. Ғұмардың ұлылығы – оның ұлтжандылығында. Қазақта ұлт мәселесін жан-жақты қарап, болашағын меңзеген ақын, жазушы, саясаткер кемде-кем. Қараштың екі сөзінің бірі – алаш, қазақ, надан қазақ деп ашық күйінеді.

Ғұмар – саясатшы, ол саясат мәселесіне басқалардан батыл, ашық айтқан арманы: «Теңдікті қазағымда бір ел болып, қатарлас басқа жұртпен тұрар мекен». Оған жету үшін Ғұмар: «Тыңда қазақ сөзімді, Білім, өнер қаруым, құралданып бойыңа. Жігер жинаған қылышын, Ғибрат ұстап қолына, Әзірлен, қазақ, әзірлен, Тіршілік деген соғысқа», – деп болашақ үшін күреске шақырған [4, 6].

Ғұмар – қазақтың ұлы педагогі. Ол орыс, араб, парсы және т.б. тілдерде көп оқыған, сол білігін қазақтың ежелгі педагогикалық, этикалық тәжірибесі, ұстанымымен ұштастыра отырып, өзінше жаңа заман талабына сай ұсыныстар жасаған. Ол 1919 жылы қазақтың алғашқы педагогикалық «Мұғалім» журналын шығаруға қатысып, қазақта тұңғыш рет ғылыми педагогика мәселесін жазған [4, 6].

Ғұмар – қазақтың тіл білімі ғылымының бірінші кірпішін қалаған кісі. Ғұмар тек ақын-насихатшы емес, ол нақты істің кісісі. Ол алғаш қазақ мектептерін ұйымдастырып, мектеп үйлерін салдыртып, оқулық, бағдарлама жазып, жабдықтаған. Ол – қазақ тілі пәнінің алғашқы оқытушысының бірі. Ғұмар мұрасы ақыл-ойға, тәлім-тәрбиеге бек бай. Қазіргі заман қадесіне жарайды [4, 6].

Ғұмар – жалынды, жарқын патриот. Ол өз ұлтының мерейін көтеруге қызмет істеп, өз ұлтының болашағын ойлап, тілдің рөлін айқындап берген. «Тіл – айна» – дейді Ғұмар, – оның ішінде бүкіл халықтың тұрмысы түсіп тұрады. Ең әуелі ана тілі керек. Егер ана тілін білмесең, онда сен ол ұлттың баласы емессің. Ана тілін білмей тұрып, ұлт білімін ала алмайсың», – деген тұжырым жасайды [4, 6].

Ғұмар Қараштың өнегесі – қазіргі жастар үшін тарихи жады мен ұлттық болмысты сақтаудың жарқын үлгісі. Оның идеялары ұлттық кодты жаңғыртуда әлі де өзекті. Демек, тарих пен әдебиет арқылы ұлтты тәрбиелеу, өткенге сүйене отырып болашаққа жол салу – Ғұмар Қараштан үйренер асыл өнеге.

**Пайдаланған әдебиет**:

1. «Ғұмар Қараш», И.Кенжеалиев, оқу құралы, Орал – 2004
2. «Ғұмар Қараш шығармалары», II том, Ж.Набиоллаұлы, Қ.Құттымұратұлы, Орал, 2018
3. «Ана тілі» газеті, «Тұнғыш дінбасы һәм тұлпар ақын – Ғұмар Қараш» мақаласы, авторы Ғ.Әнес
4. «Орал өңірі» газеті, №86, 23.10.2025, «Ғұмар Қараш ұлы тұлға екенін мойындайтын уақыт келді» мақала, Т.Рысбеков
5. «Орал өңірі» газеті, №53, 01.07.2025, «Ғұмардың ұлттық рухты жаңғырту идеясы» мақаласы, Б.Боранбаева
6. «Егемен Қазақстан» газеті, 12.09.2018, «Ғұмар Қарашқа кесене орнатылды» мақаласы, авторы Қ.Құттымұратұлы
7. https://ru.wikipedia

ӘОЖ: 930.85:004.9:004.7

## «АРХИВТЕН – АВАТАРҒА: ТАРИХТЫҢ ЦИФРЛЫҚ РЕИНКАРНАЦИЯСЫ»

**Алмурзина Гулмира Жолдибаевна**
*Батыс Қазақстан облысы*
*Бөкейордасы ауданы*
*Жәңгір хан атындағы ЖОББМ-нің*
*Тарих пәні мұғалімі, педагог-зерттеуші*

***Резюме.****В данной статье оцифровка архивных материалов рассматривается как важная тенденция, выводящая исторические знания на новый уровень. «Цифровая реинкарнация» исторических личностей с помощью аватаров, 3D-моделей и VR-технологий позволяет представить историю молодому поколению в более интересном и понятном формате.*

*Кроме того, анализируются эффективные способы применения цифровых инструментов на уроках истории с конкретными примерами. В заключение подчёркивается, что цифровизация является стратегическим инструментом, укрепляющим историческое сознание и усиливающим связь между архивом и будущими поколениями.*

***Ключевые слова:*** *цифровизация, архивные данные, аватар / 3D-модель, историческая реинкарнация, VR/AR-технологии.*

XXI ғасыр – ақпарат пен технологияның тоғысқан дәуірі. Қоғам цифрлық трансформацияны барлық салада бастан кешіруде. Осы үдерістер тарихи білімнің құрылымы мен ұсынылу форматына да тікелей әсер етуде. Бұрын тек шаң басқан архив сөрелерінде сақталған деректер бүгінде цифрлық ортада жаңаша «өмірге келіп», виртуалды шындықта өз бейнелерін табуда. Сондықтан тарих ғылымының бұл жаңа кезеңін шартты түрде «**архивтен – аватарға**» көшу деп атауға болады. Бұл – деректің цифрлық реинкарнациясы, тарихи тұлғалар мен оқиғалардың жаңа форматта қайта жаңғыруы.

Осы мақаламның мақсаты – цифрландырудың тарихи материалдарға әсерін талдау, мұғалімдер мен оқушылар үшін жаңа мүмкіндіктерін көрсету және практикалық мысалдар арқылы тарихты оқытудың тиімді әдістерін ұсыну.

Бүгінде Қазақстандағы Ұлттық архивтерде құжаттарды 3D-сканерлеу, цифрлық каталогтау, электронды қорыту жұмыстары қарқынды жүріп жатыр. Мысалы: *Қазақстан Республикасының Ұлттық архиві* 1,5 миллионнан астам құжатты электронды форматқа көшіріп, «Электронды архив» платформасы арқылы қолжетімді етті. Кеңес дәуірінің

карталары, хаттамалары, жеке істері цифрланып, зерттеушілерге қашықтан қолжетімділік берілді.

Бұл үрдіс тарихшыларға ғана емес, мұғалімдер мен оқушыларға да сирек дереккөздермен жұмыс істеуге мүмкіндік ашты.

Цифрланған материал архивте сарғайып жатқан қағаз күйінде емес, интерактивті, қолжетімді, көпшілік пайдаланатын ресурсқа айналады. Мысалы: *Әлихан Бөкейханның хаттары, Алашорда үкіметінің құжаттары, Сырым Датұлы қозғалысына қатысты патша канцеляриясының* есептері қазіргі кезде онлайн жүйеге енгізіліп, зерттеушілер мен оқушылар оларды түпнұсқа күйінде көре алады.

Аватар – тек ойын әлеміне тән ұғым емес. Бүгінде ол тарихи тұлғаларды жаңаша танытатын қуатты білім құралдарының біріне айналды. Мысалы: *Дала қағанатының билеушілерін 3D модельдеу, Қазақ хандығының батырлары мен билерінің цифрлық бейнесін жасау, Алаш қайраткерлерінің* AR/VR форматында қайта көрсетілуі.

Мұндай визуалды бейнелер тарихи тұлғаны тек мәтіндік сипатта ғана емес, көрнекі, эмоциялық, интерактивті түрде қабылдауға мүмкіндік береді.

Соңғы жылдары жастарға тарихи сананы қалыптастыру мақсатында бірқатар жобалар іске асуда:

- **«Ұлы дала тұлғалары» VR жобасы** – Абылай хан, Қабанбай батыр, Бөгенбай батыр сияқты тұлғаларды виртуалды ортада модельдеді.
- **«Alash 2.0» мультимедиалық платформасы** – Алаш арыстарының 3D-пішіндерін жасады, олардың өмір жолы интерактивті карталармен толықтырылды.
- **Түркі мұрасы музейлеріндегі AR-экспозициялар** – Тамғалы тас петроглифтерін 3D форматта қалпына келтіріп, планшет арқылы жандандыруға мүмкіндік береді.

Мұғалімдер тарихты оқытуда келесі материалдарды тиімді пайдалана алады:

- **Google Earth** арқылы Жібек жолы бағыттарын көрсету;
- **VR-турлар** арқылы Түркістан, Отырар, Сарайшық қалаларының ежелгі келбетін қалпына келтіру;
- **AR технологиясы** арқылы ежелгі қару-жарақ немесе киім үлгілерін «қолға ұстап» көру.

Бұлар оқушылардың тарихи кеңістікті қабылдау қабілетін арттырады.

Сабақ кезінде оқушыларға келесі тапсырма ұсынылуы мүмкін:

**Тапсырма:** «Қазақ хандығының ордасын» 3D модельдеу. Оқушы архивтегі деректер мен суреттерді қолданып, Blender немесе Tinkercad платформасында хан ордасының макетін жасайды. Бұл – зерттеу, визуализация және шығармашылық дағдыны қатар дамытатын тиімді әдіс.

Цифрлық форматтағы тарих – жас ұрпаққа әуес әрі түсінікті. Видеолар, анимациялар, интерактивті карталар арқылы ұлттық тарихты қызықты әрі қолжетімді түрде көрсету – патриотизм мен тарихи жауапкершілікті нығайтады.

Мәселен, «Томирис», «Қасым хан», «Ұлы дала дауысы» мультимедиалық жобалары жастардың тарихи кейіпкерлерді заманауи форматта танып-білуіне сеп болды. Бұл – тарихтың жаңа тілде сөйлей бастауы.

**Қиындықтар:**

- Цифрлық ресурстардың кейбірінде тарихи дәлдіктің төмен болуы;
- Деректерді ғылыми негізсіз «жандырып», тарихи образды бұрмалау қаупі;
- Аймақтық мектептердің техникамен жеткіліксіз қамтылуы.

**Шешімдер:**

1. Цифрлық жобаларды тарихшылармен бірлесе әзірлеу;
2. Мұғалімдерге цифрлық сауаттылық курстарын ұйымдастыру;
3. ЖОО–мектеп–музей–архив арасында ортақ цифрлық платформа құру.

Қорытындылай келе, «Архивтен – аватарға» көшу – тарих ғылымының жаңа парадигмасы. Бұл процестің мәні – өткенді тек сақтап қою емес, оны жаңа формада қайта жандандыру. Цифрлық реинкарнация арқылы тарихи білім қолжетімді, қызықты және өмірге жақын бола түсті.

Архивтік құжаттар – біздің түп-тамырымыз. Ал цифрлық технологиялар – сол тамырды келешек ұрпақпен байланыстыратын көпір. Осы көпірді ғылымға, білімге және ұлт болашағына қызмет ететін мықты құралға айналдыру – баршамыздың ортақ міндетіміз.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1.Қазақстан Республикасының Ұлттық архиві. Электрондық архив жүйесі: әдістемелік нұсқаулық. – Астана, 2022.

2.Әбдірашева, Г. Тарихи деректерді цифрландырудың заманауи әдістері. – Алматы: Қазақ университеті, 2021.

3.Қозыбаев, М.Қ. Тарих және ұлт жады. – Алматы: Ел-шежіре, 2019.

4.Айтмұханбетова, Л. VR және AR технологияларын орта білімде қолдану мүмкіндіктері. – Нұр-Сұлтан: Білім академиясы, 2020.

5.Нұрпейісов, К. Алаш һәм рухани модернизация. – Алматы: Санат, 2018.

6.UNESCO. Digital Heritage Preservation Guidelines. – Paris, 2020.

7.Howard, R. Digital History: A Guide to Gathering, Preserving, and Presenting the Past on the Web. – University of Pennsylvania Press, 2019.

8.Lee, J. & Wong, M. 3D Technologies in History Education: Pedagogy and Practice. – London: Routledge, 2021.

9.ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі. Қазақстанның тарихи-мәдени мұрасын цифрландыру бағдарламасы. – Астана, 2023.

10.Мырзабай, А. Цифрлық гуманитаристика негіздері. – Қарағанды: Болашақ-Баспа, 2022.

ӘОЖ 94(574)

## ТАРИХИ ЖАДЫ: ТЕОРИЯ, ӘДІСНАМА ЖӘНЕ ДЕРЕКТАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ТАРИХ САБАҒЫНДА.

**Иргалиева.Ж.Ш**
тарих пәнінің мұғалімі, педагог -зерттеуші
*Батыс Қазақстан облысы. Теректі ауданы*
*Подстепный жалпы орта білім беретін мектебі*

***Резюме:*** *В статье рассматриваются пути реализации понятия исторической памяти, методологических подходов и источниковедческих принципов на школьных уроках истории. Особое внимание уделено развитию у учащихся критического мышления, работе с источниками, формированию навыков анализа исторических нарративов и воспитанию национальной идентичности.*

***Ключевые слова:*** *историческая память, методика обучения, источниковедение, школьный урок, критическое мышление.*

Кіреспе.Қазіргі кезеңде тарихи сананы қалыптастыру,ұлттық құндылықтарды дәріптеу және оқушылардың тарихи ойлау дағдыларын дамытумектептегі тарих пәнінің маңызды міндеттерінің бірі. Осы тұрғыдан алғанда тарихи жад мәселесі ерекше маңызға ие. Тарихи жад – қоғамның өткенді тану, бағалау және кейінгі ұрпаққа жеткізу тетігі. Ол тұлғаның тарихи санасын қалыптастырып қана қоймай, оның азаматтық позициясына,

мәдени сәйкестігіне және дүниетанымына әсер етеді. Мақаланың мақсаты – тарихи жад ұғымының теориялық мазмұнын ашу, оны оқытудағы әдіснамалық және деректанулық мүмкіндіктерді сипаттау, сондай-ақ мектеп оқушыларына тарих сабағында оны іске асыру жолдарын көрсету.

**1.Тарихи жад: теориялық мазмұны және мәні**

Тарихи жад – белгілі бір қауымдастықтың, этностың, қоғамның немесе мемлекеттің өткен оқиғаларды ұжымдық түрде қабылдауы, бағалауы және есте сақтауы. Ол тек фактілер жиынтығы емес, сонымен қатар мәдени нормалар, ұрпақтар сабақтастығы, тарихи тәжірибе мен құндылықтар жүйесі.

**Тарихи жадтың негізгі ерекшеліктері**

1.Ұжымдық сипаттылығы – тарихи жад қоғам мүшелерінің ортақ түсініктерімен байланыста қалыптасады.

2.Мәдени шарттылығы – әр қоғам тарихи құбылыстарды өзінің құндылықтары арқылы түсіндіреді.

3.Динамикалығы – тарихи жад уақыт өте қайта қаралып, жаңаша мәнге ие болып отыр.

4.Идентификация құралы – тарихи жад ұлттық бірегейлікті нығайтады.

Әлемдік ғалымдар (М. Хальбвакс, П. Нора және т.б.) тарихи жадты қоғамның мәдени-әлеуметтік институттары арқылы қалыптасатын құбылыс ретінде түсіндіреді. Сондықтан мектептегі тарих сабағы осы мәдени процестің негізгі құралдарының бірі болып саналады.

**2.Тарихи жадты оқытудағы әдіснамалық негіздер .**Мектеп оқушыларына тарихи жад ұғымын түсіндіру және қалыптастыру арнайы әдіснамалық тәсілдерді талап етеді..

2.1. Тарихи сана мен тарихи ойлауды дамыту әдіснамасы Тарихи ойлау – оқушының себеп-салдарлық байланыстарды анықтауы, фактілерді талдауы, тарихи үрдістердің заңдылықтарын түсінуі. Ол үшін сабақта келесі тәсілдер қолданылады:

•проблемалық сұрақ қою әдісі;

•құжаттармен жұмыс;

•оқиғаларды интерпретациялау;

•тарихи салыстыру;

•әртүрлі көзқарастарды талдау

2.2. Тұлғалық-бағдарлы оқыту. Оқушылардың отбасылық тарихы, туған жер тарихы, жергілікті өлкетану деректері арқылы тарихи жадтың жеке деңгейде қалыптасуына жағдай жасалады.

2.3. Конструктивистік тәсіл Білім оқушының өз белсенді әрекеті арқылы құралады:

•тарихи деректерден қорытынды шығару;

•деректерге негізделген аргументтер келтіру;

• жеке және топтық зерттеу жобалары.

2.4. Интерактивті әдістер•рөлдік ойындар (тарихи тұлғаларға негізделген); •пікірталас;

• «тарихи сот» әдісі; •кейс-стади;

•хронологияны визуалды құру (уақыт сызығы, тарихи карта).

**3. Тарихи жадты қалыптастырудағы деректану мәселелері** Тарих сабағында тарихи жадты қалыптастырудың маңызды тетіктерінің бірі – дерекпен жұмыс.

3.1. Тарихи деректер түрлері •жазба деректер (шежіре, хат, заңдар);

•археологиялық материалдар;

•этнографиялық деректер;

•ауызша тарих («Орал тарихы», сұхбат, естеліктер); •фото, бейне материалдар; •мұражай экспонаттары.

3.2. Дерекпен жұмыс дағдылары Оқушыларға үйретілетін негізгі дағдылар:

1.деректің шығу тегін анықтау (қай кезде, кім жасаған);

2.деректің мақсаты мен авторлық позициясын талдау;

3.деректің сенімділігін бағалау;

4.деректі нақты тарихи оқиғамен байланыстыру;

5.бірнеше деректі салыстыру.

3.3. Ауызша тарих ресурстарын пайдалану

Оқушылар жергілікті ақсақалдардан немесе отбасы мүшелерінен сұхбат алу, тарихи оқиғаларды салыстыру арқылы тарихи жадтың тірі тасымалдаушыларымен байланысады.

**4. Тарих сабақтарында тарихи жадты қалыптастырудың практикалық жолдары**

4.1. Сабақ құрылымында тарихи жад элементтерін пайдалану

•Тақырыпқа байланысты естелік мәтіндер, күнделік үзінділері;

•Тарихи оқиғалардың куәгерлерінің аудио-бейне жазбаларын тыңдату;

•Мұражай материалдары негізінде виртуалды экскурсия.

4.2. Жобалық жұмыстар

•«Менің отбасымның шежіресі»;

•«Менің туған өлкемнің тарихи маңызды орындары»;

•«Ұлы тұлғалар ізімен»;

•«Халық жадындағы ашаршылық», «Желтоқсан оқиғасы куәгерлерінің әңгімелері».

4.3. Цифрлық ресурстарды пайдалану

•ұлттық архивтердің онлайн құжаттары;

•тарихи карталар;

•интерактивті цифрлық платформалар.

4.4. Тарихи жадты мерекелер мен іс-шараларда жүзеге асыру

•тарихи даталарға арналған сынып сағаттары;

•ардагерлермен кездесу;

•мұражайға бару;

•мектепішілік тарихи көрмелер ұйымдастыру.

Қорытынды. Тарихи жадты қалыптастыру – мектептегі тарих пәнінің маңызды міндеттерінің бірі. Ол оқушылардың тарихи санасын дамытып қана қоймай, олардың азаматтық-ұлттық сезімін, мәдени бірегейлігін және отаншылдық қасиеттерін қалыптастырады. Теория, әдіснама және деректану ұштасқан кезде тарих пәні оқушыларға тек білім беріп қана қоймай, олардың құндылықтық бағдарын қалыптастыратын пәрменді құралға айналады. Сабақ барысында тарихи жадты тиімді қолдану – мұғалімнің шеберлігіне, дұрыс әдістеме мен қазіргі заманғы деректерді орынды пайдалануына тікелей байланысты. Сондықтан бұл бағыттағы жұмысты жүйелі ұйымдастыру – қазіргі білім беру жүйесінің маңызды талабы.

**Пайдаланылған әдебиеттер**

1.Хальбвакс М. Коллективная память. – М., 2005.

2.Ассман Я. Культурная память. – М., 2004.

3.Нора П. Места памяти. – СПб., 2011.

4.ҚР Жалпы білім беру стандарты. Тарих пәні. – Астана, 2023.

5.Қоңыратбай Т. Тарихи таным және әдіснама. – Алматы, 2019.

6.Қазақ деректануы. – Алматы: Қазақ университеті, 2018.

7.Жұмаділова Ж. Оқушылардың тарихи танымын қалыптастыру әдістері. – Нұр-Сұлтан, 2020.

ӘОЖ 371(074)

# ТАРИХИ САНАНЫ ЖАҢҒЫРТУ ЖОЛДАРЫ: МӘДЕНИ МҰРА МЕН ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

**Имангалиева Молдир Аскаровна**
*Батыс Қазақстан облысы*
*Жаңақала ауданы*
*Ә. Жангелдин атындағы ЖОББМ-нің*
*Тарих пәні мұғалімі, педагог-сарапшы*

***Резюме.*** *В данной статье были рассмотрены пути возрождения исторического сознания с точки зрения культурного наследия и национальных ценностей. Было отмечено, что в формировании национального сознания большое значение имеет уважение и оценка оригинальной истории. Остановился на роли национальной истории в системе образования.*

***Ключевые слова:*** *история, историческое сознание, культурное наследие, национальные ценности*

Жаһандану заманының талабына сай әлемде түрлі өзгерістер орын алғандықтан, ұлттық құндылықтар мен тарихи мұраларға аса ден қойылып келеді. Адамзат баласы жаратылғалы бері өзінің ғұмыр жолында кешкен сан түрлі оқиғалар тарих беттерінде сақталып, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасын табады. Өмір мәнін түсінуге ұмтылған әрбір адамның әрекеті тұтас ұлттың дамуына ықпал етіп, мемлекеттің ұлттық тарихы қалыптасуына септігін тигізеді. Келешек ұрпақ ата-бабасының өткен ерлік істерімен сол тарихы арқылы танысып, өз бойына рухани байлық пен жігер жинайды. Тарихқа тағзым ету мен құрмет көрсету, сынынан сабақ алып, құндылығын дәріптеу – мемлекет дамуының негізгі алғышартына айналады. Әсіресе, бүгінгідей цифрландыру кезеңінде, адами қасиеттердің азайып, құндылықтардың алмасқан дәуірінде өткен тарихты еске алып, ата-бабамыз ұстанған ұлттық сананы жаңғыртудың маңызы зор екенін атап өткіміз келеді.

Тарихи сананы жаңғырту ісі – ұрпақтың дұрыс бағыт алуына, мемлекеттің алға жылжуы мен халық санасының жоғарылауына көмектесетін әрекет. Ең алдымен, тарихи сана дегеніміз – халықтың өткен тарихты еске алудағы «жадысы», яғни, ата-бабасының негіз еткен өмірлік ұстанымдарын жалғастыруы. Тарихи санадағы ең негізгі ұғым – туған жерді, атамекенді қорғау, оны келер ұрпаққа аман-есен табыстау идеясынан құралады. Зерттеулерде көрсеткендей, «тарихи сананың негізгі объектісі – тарихи өткен шақ, бұл – өткен шақтың осы және келер шақпен байланысы; бұл – рухани және материалды өмірдің өндірісі барысындағы ұрпақтар арасында қалыптасқан сабақтастық қатынастар» [1, 65]. Яғни, халық тарихында сақталған, болған оқиғалар болашақ ұрпаққа мұра есебінде жетеді. Ол мұралар рухани құндылықтар немесе материалдық дүниелер де болуы мүмкін. Болашақ ұрпақ ата-бабасынан қалған осынау жәдігерлерді көз қарашығындай сақтап, қастерлеп, келешек өмірге аманаттауға барын салады. Солай ұрпақтар арасындағы дәстүрлер жалғасып, рухани сабақтастықтар жібі жалғасады. Тарихи сана қалыптасып, өткен мен бүгіннің, болашақтың алтын көпірі қаланады. Мұндағы тарихи сана – тарихи оқиғалардағы ата-баба дәстүрінен, тағылымы мен әрекетінен үлгі ала отырып, еркін рух пен күшке ие болу, қоғам арасында идеология қалыптастыру қызметін атқарады.

Қазақ халқында бабалардан мұраға қалған тарихи сананың түрлері: фольклор, эпос, батырлық жырлар мен дастандар, мақал-мәтелдер, салт-дәстүр, мифология, көркем әдеби шығармалар, шежірелер мен ұлы даланың жазылмаған заңдары, көне ғалымдардың ғылыми-шығармашылық еңбектері, батырлардың ерлік істері, шешендік өнер сынды ұлттық әдебиеттің негізіне айналған дүниелер жетерлік еді. Аталған формалардың әрқайсысы халықтың жүріп өткен жолы мен болмысын, табиғатын, рух күшін танытатын

мәдени кодқа ие. Олардың қайсыбірін алып қарасақ та, өткен тарих іздерінің жарқын көрінісін бойына жинақтап, бүгінгі ұрпаққа өткені жайлы терең білімді беріп қана қоймай, мәңгілік ел болу жолына жетелейтін мықты, рух күшін оятатын қасиетке бай. Сондықтан, тарихи сананы кез келген қоғамның дамуы жолында жаңғырту мен ұлттық құндылықтарды ұрпақ бойына сіңірудің, мәдени мұраларды насихаттаудың маңызы зор екенін атап өткіміз келеді. Ал, тарихи сананы жаңғыртудың өзіндік жолдары мен бағыттары, стратегиялары да мол. Ендеше, соларға тоқталып, талдау жасап көрелік.

Ең әуелі, тарихи сананы жаңғыртудың басты шарты – ұрпақтың ұлтқа деген жанашырлығы мен мақтаныш сезімін нығайту. Әрбір адам өзінің өткен тарихымен мақтана алғанда ғана, келешектің жарқын болуы үшін еңбек етеді. Санасында ата-бабаның ерлік істеріне деген мақтанышы, сүйіспеншілігі қалыптасқан ұрпақ өткенді ұмытпай, оның болашақпен жалғастығын сақтауға ұмтылады. Сол себепті, ата-баба ісін дәріптеу, дәстүрін насихаттау, тарихи тұлғаларды құрметтеу, есімін ұлықтау, қазақтың дана халық екенін ұғындыру мақсатында көптеген шараларды жүзеге асыруға тиіспіз. Айта кетерлігі, кейбір дереккөздерде тарихи сананың жаңғыруын «Ұлы дала» ұғымымен байланыстыра қарайды [2]. Өйткені, жері кең, даласы дарқан қазақтың киелі жерінде күллі түркі жұртының тамыры тереңдеп, жайқала бастады. Дала төсінде жерін қорғауға бекінген әділ патшалары, тайсалмас батырлары мен құнарлы, сулы, нулы дала тарихы қазақ халқының әлемге өз атын танытуына ықпал етті. Кең далада азат өскен ұрпақтың еркіндікке ұмтылысы да осыдан бастау алған болатын. Демек, бүгінгі жас ұрпақ үшін «Ұлы дала» ұғымының маңызы жоғарылай түсті деп айтуға болады. Бұл ұғымның астарына туған жерге деген шексіз де шетсіз махаббат лебі аңғарылады.

Халықтың тарихи санасын қалыптастырудың екінші жолы – мәдени мұраларды насихаттау мен таныстыру, оларды сақтау. Өткенді танытатын ескерткіштер, қорықтар мен тарихи мәні бар қалаларды гүлдендіру, мұражайларды көбейту, оларды бүгінгі заманауи цифрлық технологиялармен, жасанды интеллект жобаларымен жабдықтау жұмыстарын жүргізудің маңызы зор. Мәдени мұра – халықтың бағзы тыныс-тіршілігімен таныстыратын шынайы деректер көзі. Елімізде 2004 жылдары «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы қабылданып, бағдарлама аясында сәулет ескерткіштері мен мұражайлар жаңартылып, жөндеуден өткізіліп, көркем әдеби шығармалар қайта басылып, рухани мәдениеттің дамуына үлес қосқан болатын. Халықтың тарихи санасын оятуда мұндай объективті, шындыққа жанасатын, былайша айтқанда, көзбен көріп, қолмен ұстай алатын дүниелердің болуы нәтижелі жұмыстар атқаруға көмегін тигізеді. Өйткені, «тарих өзінің мәні жағынан тек ғылым ғана емес, сонымен қатар, өткеннің оқиғалары мен фактілері туралы объективті білім болып табылады; ол адамның күнделікті санасындағы жай-күйге қарағанда анағұрлым маңызды әрі мазмұнды болып келеді [3, 295]. Атап айтар болсақ, күллі түркі жұртына ортақ саналатын Күлтегін ескерткіші – халықтың тарихи санасын жаңғыртқан бірден-бір үлкен нысан болды. Себебі, бұл мәдени мұра Түркі қоғамындағы тарихи таным мен сананы айқындауға септесетін деректерге бай болатын. Аталған ескерткіште қазақ халқының түп тарихы терең баяндалып, түркі халықтарына ортақ тұлғалар Күлтегін мен Бумын қағанның ел бірлігін сақтау жолындағы күрестері шынайы суреттеледі. Туған жерді сақтау үшін жанын аямаған хандар мен бектердің ел тәуелсіздігі жолында күрескені, батырлығы, ерлігі дәріптеледі. Жырдағы оқиғалардың шындығы мен ақиқаттығына ескерткіш дәлел бола алады. Бұл мұра түркі халықтарының рухани танымдық санасының жоғары болғанын айғақтайды [4, 135]. Мұндай мәдени мұралар қазақ жерінде өте көп және олар мемлекет тарапынан сақтау мен насихат жұмыстарын жүргізуді талап етеді. Мәдени құндылықтар халықтың өткен тарих парақтарындағы оқиғалар мен дүниелерге көзін жеткізе отырып, оны дұрыс бағалауға, қастерлеуге үйретеді. Мұражайда сақталған түрлі жәдігерлер қазақтың бай қазыналы мұрасын әлемге танытып, ежелгі халық дүниетанымы мен кәсібінен хабардар етеді. Біз археологиялық қазбалар арқылы табылған жәдігерлер, мәдени мұралар арқылы ежелгі заттық мәдениетпен танысып қана қоймай, халқымыздың бағзы замандағы таным-түсінігі, тыныс-тіршілігінен ақпараттар алып, ұлттық санамызды

қалыптастырамыз. Сондықтан, мәдени мұраларды сақтап, насихаттаудың маңызы жоғары екенін атап өтпеске болмайды.

Тарихтағы шындық пен болған оқиғаларды халыққа насихаттап жеткізудің алғышарты, оның тарихи санасын қалыптастырудың келесі бір маңызды кезеңі – қазіргі заманауи цифрлық технологиялар, жасанды интеллект жобаларының көмегімен деректерге қолжетімділік беру, халықтың түсінуіне оңай болатын анимациялық бейнелер, әлеуметтік желілерде тарихты түсіндіретін материалдардың көптеп таралуына ықпал ету, сондай-ақ еліміздің мәдени-тарихи орындарын виртуалды турлар арқылы таныстырып, көрсетудің маңызы зор. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы халыққа Жолдауында айтқандай, қазіргі жастар заманауи технологияларды тез меңгеріп, ұлтының дамыған, көркейген, озық ойлы ел болғанын көргісі келеді. Бүгін де әлем халқының даму көрсеткіші жасанды интеллектіні меңгеру қабілетіне қарай бағаланып жатқаны рас. Өзгермелі қоғамда мұндай жаңалықтарды қабылдап, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды тарихты кеңінен түсіндіріп, халықтың тарихи санасын жаңғырту мақсатында қолдануға болады деп есептейміз.

Тарихи сананы жаңғыртудың тағы бір қадамы – ұлттық құндылықтарды кеңінен дәріптеу. Бұл мақсат төңірегінде көптеген ауқымды шаралардың жүзеге асып келе жатқаны қуантады. Айталық, білім беру саласында білім алушыларды құндылықтарға баулу әр пәннің мақсатына кіріктіріліп, сабақ барысында бойларына сіңіру міндеті жүзеге асырылып келеді. Ұлттық құндылықтар – халқымыз ежелден бойына жинаған асыл қасиеттерден бөлек, ұлттық тіл, дін, діліміз бен мәдениетіміз, салт-дәстүріміздің жинақталған жүйесі. Ұлттық құндылықтарды игеріп, тереңінен түсініп, шынайы құрмет сезімі қалыптасқан ұрпақтың ата-бабасына, өткен тарих іздеріне деген мақтаныш сезімі орнайды. Сондықтан, бұл қадам аясында ұлттық мерекелердің маңызын арттыру, тарихи тұлғалар жайлы деректі фильмдерді жаңашылдықпен байланыстыра отырып түсіру, жастардың театр сынды әдеби-мәдени орындарға баруына ықпал ету, ұлттық киімді ұлықтау, отбасылық құндылықтардың маңызын түсіндіру, ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынас, тәлім-тәрбие жөнінде маңызды кеңестер беру, төл тарихымызды суреттеген көркем әдеби кітаптардың көптеп таралуына қолдау көрсету сынды жобаларды атқаруға болады. Халыққа еңбегі сіңген тарихи тұлғалардың көзі тірісінде өмір жолын жазып алу, олардың еңбегін дәріптеу жұмыстары мектеп жасындағы оқушылардың ізденісін күшейтіп, тарихқа бей-жай қарауға болмайтынын үйретер еді. Өскелең ұрпаққа құндылық дағдыларын сіңіруде Отаншылдық сезімін қалыптастыру, жауапкершілік пен өзара құрметке баулу, сүйіспеншілік пен ынтымақтастыққа дағдыландыру, заң мен тәртіпке бағынуды үйрету, адал азамат болуға жетелеу қағидалары жүзеге асып келеді. Аталған шаралардың бәрі де халықтың тарихи санасын жаңғырту жолында атқарылып жатқан игі істер деуге болады. Өйткені, бүгінгідей алмағайып дәуірде, адамдардың шынайы қарым-қатынасы азайып, құндылықтардың алмасқан уақытында ұлттық тарих пен мәдениетке, әдебиетке көңіл бөлу – жастардың адаспай, жол тауып, жаһандану заманының жағымсыз салдарымен күресуге мүмкіндік беретін күш. Қазір әлем елдері болып, ұлттық құндылықтар мен әр ел өзінің төл тарихына қайтадан бойлап, жасампаз ұрпақтың бойына Отаншылдық сезімін дарытуға күш жұмсауда. Мұның бірден-бір себебі, төл тарихына құрмет танытпаған ұрпақтың болашағы бұлыңғыр, өткен күнінен сабақ алып, адамдар арасындағы ізгілік әрі сүйіспеншілік қарым-қатынасты жүзеге асыра алмау көптеген қиындықтарға жол ашады. Әлем халқының бейбіт бе бақытты тіршілігінің артында тарих пен өткенге деген шынайы ықылас құрметі, ұлттық құндылықтарға деген оң көзқарастың тұрғаны жасырын емес.

Жоғарыда атап өткендей, тарихи сана – кешегі мен бүгінгінің, бүгін мен болашақтың аражігін жалғап жатқан ұзақ та күрделі мәдени үдеріс. Ол көзбен көріп, қолмен ұстарлықтай болмаса да, адамзат санасының иірімдерінде, түпсанада ата тек арқылы қалыптасып, біздің бүгінгі тіршілігіміздің жандануына үлесін қосады. Біздің ата-бабамыз қалдырған ұлан-байтақ жерге деген шексіз сүйіспеншілігіміз бен ұлтымызға деген махаббат сан мың жылдар бойы жүрек түпкірінен орын алып, ұрпақтан-ұрпаққа беріліп келеді. Бойымызда

тулаған қанымызда халқымызға, оның өткен тарихына деген шексіз құрметтің бары ақиқат, тек оны әрдайым жетілдіріп, күшейтіп отыру арқылы келер ұрпаққа жеткізуге мүмкіндік аламыз. Себебі, заман ағымы өзгеріске ұшыраған сайын, технология дамып, адамдар арасында қатынастың рөлі азайған сайын, ұлттық құндылықтар мен мәдени мұралардың жойылып, жоғалып кету қаупі де бар. Бұл өз кезегінде тұтас ұлттардың еркіндігі мен азаттығынан айрылып, адами қасиеттердің азайып, әлем кеңістігіндегі бейбітшілік пен келісімнің күшін жоятын қатерлі салдарға алып келуі әбден ықтимал. Сондықтан, халықтың тарихи санасын жаңғырту ісінің маңызы өте жоғары.

Қорытындылай келгенде, «Қазақстан Республикасының тарихи сана қалыптасуының тұжырымдамасында тарихи сананың іргетасын тарих ғылымы қалайды деп атап көрсетілген» [5, 133]. Тәуелсіздік алған уақытқа дейін қазақ тарихы қудаланып, ақ пен қараға ғана бөлініп, өткен күн беттеріндегі ақиқат пен шындықтың толық айтылмай келгені рас. Таптық көзқарас қалыптасып, халықтың түпсанасына кері әсер ету, рухын жою сынды жұмыстар жүргізіліп, еркіндікке ұмтылуға тұсау болған еді. Бүгін де азат ел болғандықтан, кезіндегі қудаланған тарихымызды қайта түгендеп, қолға алу үстіндеміз. Халықтың тарихи санасын жаңғырта отырып, қазақтың алпауыт елге айналуы жолында талай игі шаралар атқарылып келеді. Адам баласы өзінің өткенін біліп, оған құрмет ете білгенде ғана, жарқын болашаққа жол алады. Ата-бабасының өткен өмір жолы мен тіршілігіне оң баға бере отырып, туған жерді қорғау мен сақтау істерінен үлгі алған ұрпақтың бойына сондай асыл қасиеттер қалыптасатыны сөзсіз. Сондықтан, мемлекет тарапынан тарихи сананы жаңғырту идеясы жүзеге асырылып, қазақ тарихын қайта қарау, зерттеу мен зерделеу жұмыстары жүргізілуде. Тарихи сананы қалыптастыру мақсаты білім берудің барлық жүйесіне енгізіліп, түрлі шаралар нәтижесін көрсетуде. Мектептегі және жоғары оқу орындарында Қазақстан тарихы пәні міндетті пән ретінде оқытылып, арнайы емтихандар мен сынақтар тапсырылып келеді. Бұл жұмыстар – аталған шаралардың бір парасы ғана.

Адам өзінің өткен өмір тіршілігімен тарих арқылы танысады. Өткен тарих іздері, ата-бабасының парасатты тіршілігі, еліне қызмет еткен ұлы тұлғалар мен қайраткерлердің ерен еңбегі ақталып, жас ұрпақтың бойына жігер мен рух береді. Тарихи сананы жаңғыртуды әрдайым мақсат етіп келе жатқанымыз сондықтан. Біз еліміздің мәңгілік азаттық туы астында болғанын қаласақ, кешегі кешкен қиындық пен азапты, халық басынан кешірген нәубет заманды ұмытпауға тиіспіз. Небір соғыс пен зұлматтардан аман қалып, қандай қиындық келсе де, адамдығын жоғалтпаған арда қазақтың ұрпағы екенімізді әрдайым мақтаныш етуге міндеттіміз. Сонда ғана қазақ халқының әлем төрінде орны бар, өзге елдерден мәртебесі биік, тұғыры нық болмақ. Көптен күткен егемендік пен еркіндіктің ата-бабамыз төккен қан мен тер арқылы келгенін шынайы түсініп, көздің қарашығындай сақтап, өзімізден кейінгі ұрпаққа аман табыстау – біздің басты міндетіміз. Сол себепті, халықтың тарихи санасын жаңғыртып, мәдени мұра мен ұлттық құндылықтарға аса мән беріп, насихаттап отыру жұмыстарын үздіксіз жүргізуіміз қажет.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1.Сатершинов Б.М. Тарихи сана –тәуелсіздіктің рухани тұғыры. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК ФжСИ КБО, 2011. – 291 бет

2.Қыдырәлі Д. Тарихи сананың жаңғыруы // Егемен Қазақстан, 2018. (№224) 22 қараша. – 1,3 бет

3.Исмаилов Е., Әуезов М., Қабдрахманов Қ. Қазақстанның қазіргі заманғы мәдениеттану парадигмалары. – Алматы: «Жазушы», 2006. – 496 бет

4. Әбжанов Х.М. Күлтегін жазуы: тарихи сана мен таным / *«Байырғы түркі өркениеті: жазба ескерткіштері» атты ғылыми-теориялық конфеереңция материалдары.* – Алматы: «Ғылым», 2001

5.Айтымбетов Н.Ы. Қазақстандағы ұлттық бірегейліктің қалыптасу ерекшеліктері / жеке монография. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, 2018. – 200 бет

ӘОЖ 372.882

# Ы.АЛТЫНСАРИН ӘҢГІМЕЛЕРІ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫ БОЙЫНА ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ДАРЫТУ

**Буранбаева Ш.Х.**
*Батыс Қазақстан облысы, Шыңғырлау ауданы,Л.Қылышев атындағы жалпы орта білім беретін мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі*

***Резюме.****В статье рассматривается вопрос формирования национальных ценностей у учащихся через рассказы ЫбыраяАлтынсарина. Анализируется воспитательный потенциал таких качеств, как гуманизм, трудолюбие, милосердие и патриотизм, отражённых в его произведениях. Показаны эффективные способы использования рассказов писателя в учебном процессе.*

***Ключевые слова:*** *национальные ценности, воспитание, Алтынсарин, рассказ*

***Abstract*** *This article examines the issue of fostering national values in students through the stories of Ybyrai Altynsarin. The educational potential of values such as humanity, kindness, diligence, and patriotism presented in his works is analyzed. Effective ways of integrating Altynsarin's stories into modern educational practice are discussed.*

***Keywords****: national values, education, Altynsarin, story,*

Қазіргі жаһандану дәуірінде ұлттық болмыс пен рухани құндылықтарды сақтау – білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі. Әлемдік ақпараттық кеңістіктің ықпалы күшейген сайын жас ұрпақтың адамгершілік, мәдени, рухани бағдарларын айқын қалыптастыру мәселесі күн тәртібіне шығуда. Осындай жағдайда қазақ халқының ұлт ұстазы, ағартушы-педагог ЫбырайАлтынсарин мұрасы жасөспірімдер бойында ұлттық тәрбие берудің аса тиімді құралы болып саналады. ЫбырайАлтынсариннның шығармалары бала психологиясына жақын, мазмұны жағынан қарапайым әрі түсінікті, идеясы терең, тәрбиелік әлеуеті зор. ЫбырайАлтынсарин әңгімелері – қазақ әдебиетіндегі алғашқы балаларға арналған көркем туындылар. Бұл шығармаларда қазақ халқының өмір салты, дүниетанымы, мінез-құлқы, ұлттық әдеп нормалары көркем тілмен өрнектеледі. Тіпті шағын ғана әңгімелердің өзі оқушыға жақсылық жасау, мейірімді болу, еңбек ету, іземттілік сақтау, отансүйгіштік таныту сынды құндылықтарды табиғи түрде бойына сіңіреді. Осы тұрғыдан алғанда, Алтынсарин мәтіндерін қазіргі білім беру үдерісіне кіріктіру – ұлттық тәрбиенің мазмұнын жаңартумен қатар, оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға да зор ықпал етеді. Зерттеудің өзектілігі – мектептегі әдебиет сабақтарында ұлттық құндылықтарды тек мәтіндік деңгейде емес, тұлғалық, құзыреттілік, эмоциялық-әлеуметтік даму арқылы берудің қажеттілігімен байланысты. Қазіргі педагогика ғылымы оқушының зерттеушілік қабілетін, сыни ойлауын, адамгершілік қасиеттерін дамытуға бағытталған тиімді әдіс-тәсілдер қолдануды талап етеді. Осы талаптарды орындауда Ы.Алтынсарин әңгімелерінің тәрбиелік әлеуетін дұрыс пайдалану – мұғалім үшін үлкен мүмкіндіктер ашады.

ЫбырайӘңгімелері шағын көлемімен, айқын идеялығымен, түсінікті тілмен жазылған. Шығармалардағы басты құндылықтар: **Еңбекқорлық («Қыпшақ Сейітқұл», «Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш»)** Автор еңбектің адалдықтың бастауы екенін, еңбек еткен адамның биікке жететінін көркем мысалдар арқылы түсіндіреді. **Мейірім мен кішіпейілділік («Мейірімді бала», «Атымтай жомарт»)** Адамның өзгеге жанашыр болуы – ұлттық болмыстың негізгі көрінісі. Бұл әңгімелер оқушыларды мейірімге, ізгілікке тәрбиелейді. **Отаншылдық пен ерлік («Жомарт», «Бай баласы мен жарлы баласы»)** Туған жерді құрметтеу, елге қызмет ету, адамдық парызды орындау қағидалары айқын көрініс табады. **Үлкенге құрмет, балаға ізет («Әке мен бала», «Шеше мен бала»)** Қазақы тәрбиенің өзегі – ата-анаға құрмет көрсету. Бұл әңгімелер отбасылық құндылықтарды

нығайтуға бағытталған. Ыбырай Алтынсариннің әңгімелері – қазақ мектебіндегі рухани-адамгершілік тәрбие берудің қуатты педагогикалық құралдарының бірі. Әңгімелердің тілінің қарапайымдылығы, оқиға желісінің тартымды әрі қысқа болуы, кейіпкерлер іс-әрекетінің өмірмен тығыз байланысы – балаларға ұлттық құндылықтарды табиғи қабылдатудың тиімді жолы. Сондықтан Алтынсарин шығармаларын оқу-тәрбие үдерісінде мақсатты, әдістемелік тұрғыдан дұрыс қолдану оқушының тұлғалық дамуына айрықша әсер етеді. Ең алдымен, Алтынсарин мәтіндері оқушылардың құндылықтық санасын қалыптастырады. Оқушы кейіпкердің әрекетіне қарап, жақсы мен жаманды ажырата білуге, мейірім, қайырым, еңбек, кішіпейілділік, адалдық секілді қасиеттердің маңызын түсінуге үйренеді. Бұл өз кезегінде адамгершілік мінез нормаларын қалыптастыруға ықпал етеді. Сонымен қатар, әңгімелерді талдау барысында оқушы ұлттық болмысқа тән тәрбие қағидаларын танып, этномәдени құндылықтарға құрметпен қарауды бойына сіңіреді. Қазіргі білім беру жүйесінде Ыбырай шығармаларын студенттік-бағдарлы, құзыреттілікке негізделген әдістермен оқыту тиімді нәтиже береді. Сабақ үдерісінде мәтінді тек мазмұндау немесе сұрақ-жауаппен шектелмей, оқушының белсенді қатысуын қамтамасыз ететін инновациялық тәсілдерді қолдану маңызды. Мектеп тәжірибесінде төмендегі әдістер нәтиже береді:

- **диалогтік оқыту** – оқушылар өзара пікір алмасу арқылы мәтіндегі құндылықтарды терең түсінеді;
- **жағдаяттық талдау** – әңгіме кейіпкерлері кездескен жағдайларды қазіргі өмірмен салыстырып, шешім қабылдау дағдысы дамиды;
- **кейіпкер бренді әдісі** – оқушы кейіпкердің мінезін, құндылықтарын анықтап, оны қазіргі заман тұлғасымен байланыстырады;
- **рөлдік ойын** – оқушылар мәтінді сахналық түрде орындап, сезім арқылы қабылдайды;
- **пікірталас** – кейіпкер әрекетін бағалау арқылы оқушының азаматтық ұстанымы қалыптасады;
- **инсерт, кластер, постер** әдістері – ақпаратты құрылымдауға, шығармашылық ойлауға мүмкіндік береді.

Мәселен, «Мейірімді бала» әңгімесін өткенде оқушыларды топқа бөліп, шығармашылық тапсырмалар беру тиімді. Әр топқа:

- **“Мейірім картасы”** – әңгімедегі мейірімді көрсететін әрекеттерді анықтау;
- **“Жақсылық жасаудың 5 жолы”** – күнделікті өмірде мейірім танытудың нақты жолдарын жоспарлау;
- **“Қазақы мейірім үлгісі”** – ұлттық мәдениеттен мысалдар келтіру сияқты тапсырмалар берілгенде, оқушы құндылықты тек мәтіннен емес, өзінің жеке тәжірибесі мен өмірлік түсінігі арқылы қабылдайды. Бұл – құндылықтық білім берудің ең маңызды нәтижелерінің бірі.

Сонымен бірге оқушыларға шағын бейне рефлексия немесе “Мен бүгін қандай жақсылық жасай аламын?” тақырыбында микрожоба қорғау ұсынылса, әңгімедегі ұлттық құндылықтар тәжірибелік деңгейде бекітіледі. Мұндай әдістер оқушының эмоционалдық интеллектін дамытады, рухани-адамгершілік тәрбиені күшейтеді, әрі ұлттық болмысты саналы түрде түсінуге мүмкіндік береді және әр кейіпкердіің жасаған іс-әрекетін өзінше пайымдап,өзіндік түйін жасай алады.

Ұлт ұстазы Ыбырай Алтынсариннің әңгімелеріндегі құндылықтар – ұлттық тәрбие жүйесінің іргетасын құрайтын асыл мұра. Бұл құндылықтарды бала бойына дарыту – мұғалімнің кәсіби шеберлігіне, сабақ үдерісінің дұрыс ұйымдастырылуына және қолданылатын әдіс-тәсілдердің тиімді таңдалуына байланысты. Ұлттық құндылықтарды оқушының ішкі дүниесіне табиғи әрі ықпалды түрде қалыптастыру үшін төмендегі бағыттарды қолдануға болады. Оқушылар ұлттық құндылықтарды тек теориялық түсінік ретінде емес, шынайы өмірлік тәжірибеде қолданылатын қасиет ретінде қабылдауы тиіс.

Сондықтан мұғалім Алтынсарин әңгімелеріндегі оқиғаларды қазіргі қоғамдағы түрлі жағдаяттармен байланыстырып талдауы қажет.

Мысалы: «Бай баласы мен жарлы баласы» әңгімесін талдағанда – еңбектің қадірі, өздігінен әрекет ету, еңбек арқылы адам болып қалыптасу ұғымдарын оқушының өмірімен байланыстыру;

«Атымтай жомарт» әңгімесі бойынша – қазіргі заманда біреуге көмек көрсету, волонтерлік, қайырымдылық жасаудың маңызын талдау;

«Әке мен бала» шығармасын өткенде – отбасы рөлдері, ата-анаға құрмет көрсету сияқты құндылықтарды оқушылардың күнделікті өмірімен салыстыру. Бұл тәсіл оқушының құндылықты тек мәтіннен оқып қоймай, оны түсінуге, бағалауға және өмірде қолдануға мүмкіндік береді.

Ыбырай Алтынсариннің әңгімелері – қазақ халқының рухани дүниесін, ұлттық мінез-құлқын, адамгершілік қағидаларын жас ұрпаққа жеткізетін құндылықтық педагогиканың бірегей үлгісі. Зерттеу барысында анықталғандай, Алтынсарин шығармалары тек көркем сөз өнерінің нысаны ғана емес, оқушының тұлғалық қалыптасуына тікелей ықпал ететін тәрбиелік құрал болып табылады. Оның әңгімелеріндегі мейірімділік, адалдық, еңбекқорлық, жауапкершілік, үлкенге құрмет, кішіге ізет, отансүйгіштік секілді қасиеттер – ұлттық тәрбиенің іргетасы. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, Алтынсарин әңгімелерін оқу-тәрбие үдерісінде жүйелі, мақсатты түрде пайдалану оқушының құндылықтық бағдарын айқындауға көмектеседі. Әсіресе диалогтік оқыту, рөлдік ойын, жағдаяттық талдау, кейіпкер әрекетін бағалау, “кейіпкер бренді” әдісі, цифрлық құралдармен үйлестірілген тапсырмалар баланың мәтінді терең түсінуіне, құндылықты сезінуіне және оны өз өмірімен байланыстыра алуына мүмкіндік береді. Мұндай тәсілдер оқушының тек әдеби білімін емес, оның эмоциялық, әлеуметтік, рухани дағдыларын дамытады. Қорыта айтқанда, Ы.Алтынсарин мұрасы – ұлттық тәрбиенің сарқылмас қайнары. Оның әңгімелері бүгінгі мектеп тәжірибесінде оқушының рухани дамуын қамтамасыз етуге, ұлттық болмысын сақтауға, адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруға зор ықпал етеді. Сондықтан Алтынсарин шығармаларын құндылықтық тұрғыдан оқыту – заманауи білім беру жүйесінің маңызды міндеттерінің бірі әрі ұлттық тәрбиенің тиімді жолы. Бұл бағытты жүйелі жалғастыру – ел болашағының рухани мықты, мәдениетті, ұлттық тамырдан нәр алған азаматтарын тәрбиелеудің кепілі.

**Пайдаланылған әдебиеттер**


1. Алтынсарин Ы. Таңдамалы шығармалар. – Алматы: Балауса, 2018.
2. Қалиев С. Қазақ этнопедагогикасының негіздері. – Алматы, 2014.
3. Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы: Ғылым, 1993.
4. Қазақстан Республикасының жалпы білім берудің Мемлекеттік стандарты.
5. Уахатова Б. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі. – Алматы, 2019.


ӘОЖ 821.512.122:81

## А.СҮЛЕЙМЕНОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ТІЛДІК ЕРЕКШЕЛІГІ

**Мукашева Алшагул Маделхановна**
*Журналистика және филология кафедрасының магистрі, аға оқытушы, М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті, Тараз қаласы*

***Резюме.****Творчество А. Сулейменова отличается уникальностью языка, который не похож ни на чей-то другой. Поэтому многие произведения писателя, с их неожиданными*

*мыслями и языковыми конструкциями, привлекают внимание каждого. В статье эти вопросы будут всесторонне рассмотрены, и сделаны научные выводы.*

***Ключевые слова**: Писатель, язык произведений, языковые явления, особенность.*

А.Сүлейменовтың шығармаларының тілі ешкімге ұқсамайтын дара тіл. Сондықтан қаламгердің көптеген туындыларында тосыннан айтылатын ой ірімдері мен тілдік қолданыстары кім-кімді де елең еткізеді. Мақалада осы мәселелер жан-жақты талданып, ғылыми тұжырым жасалады.

Асқар Сүлейменов өткен ғасырдың ортасында ұлттық әдебиетімізге жаңа қырынан көріне білген бірегей қаламгер болды. Негізінде ХХ ғасырдың алпысыншы жылдары ұлттық әдебиеттімізде тарихи тақырыпқа жазылған көркем туындылар саны мен сапасы жағынан әлемдік биікке көтерілді дейтін болсақ, солардың қатарында А.Сүлейменовтің әдеби мұралары оқшауланып көрінеді.

Бүгінгі таңда А.Сүлейменовтің өмірі мен шығармашылығы жөнінде көптеген сын пікірлер, тіпті тұтас ғылыми-зерттеу еңбектер жарық көріп үлгерді. Өзінің көзі тірісінде атышулы қаламгер жайлы бір жақты пікір қалыптасқанымен, көзі кеткен соң-ақ ол жөнінде тұшымды пікірлер мен зерттеу еңбектер бірінің артынан бірі жарыққа шығып жатты. Оның басты себебі, А.Сүлейменовтің қаламгер ретінде тіл шұрайын бере білуінде, ойға ой қосып, терең мағынадағы көркем шығарма жаза білуінде деп білеміз.

А.Сүлейменов - ойлы қаламгер. Шығарманың тілі, ішкі ой мен тілдік құбылыстар өзара үндесіп жатса, онда қаламгердің биік көрсеткіштерге қол жеткізгені деп білеміз. Ана тіліміздің тарихы тым тереңде жатыр. Біздің дәуірімізге дейін ата-бабамыз қолданып келе жатқан ұлттық тіліміз өзінің дамуы барысында нешеме рет түлеп, өзгеріске түсіп келді. Алайда тілдің сырқы пішіні өзгергенімен оның ішкі мағынасы өзгерген жоқ. А.Сүлейменовтің жетістігі сол ішкі мазмұнын құбылтуында, сәтті пайдалануында, кейіпкеріне дәрежесіне сай жүктеуінде жатыр.

Әрине тіл халықтың рухани байлығы ғой. Оны халықтан жеке даралап бөліп алуға болмайды. Бірақ халыққа сан құбылтып қайтаруға болады. Ақын Мұқағали айтқандай:

Шекпен киген қазақтың қара өлеңін,
Шапан жауып өзіне қайтарамын.

Міне нағыз шығармашылық мақсат дегеніміз.

Әдебиеттанушы ғалымдар да әдебиет сыншыларды да А.Сүлейменовтің шығармашылық ерекшелігі оның «ой тасқынында» жатыр дегенді айтады. Яғни жазушы қайбір шығарманы жазу барасында бір ойдың жетегінде кете бермей ойды үсті-үстіне үдемелетіп, өзі де, кейіпкері де сандаған ойдың жетегінде жүреді. Демек, «Ой тасқыны» әдебиеті – ХХ ғасырдағы модернизм әдебиетіне тон ішкі жан дүние толғаныстарын, ой-ағымдарын бейнелеуші көркем әдіс немесе тағы ой тасқыны әдісі – әр түрлі психикалық қозғалыстарды толыққанды түрде көрсетіп бере алатын бірден-бір әдіс ретінде айтылады. Яғни «ой тасқыны» («поток сознания») әдісі ішкі психологиялық иірімдерге терендей ену, жете үңілуден пайда болатын құбылыс. Бұрынғы әдеби құбылыс «ішкі монологтың» («внутренный монолог») ерекше күрделенген, шиеленіскен түрі десе болады. Бұл процесс, әсіресе, ХХ ғасыр басындағы прозада қатты көрініс ашты. («Ой тасқыны» әдісі ол көркем прозаға қатысты ұғым-түсінік. Поэзияға қатысты емес). «Ой тасқыны» әдісінің қалыпты реалистік үлгіден негізгі айырмашылығы сол, онда сюжеттік оқиға желісінің әлсіреуі, не мүлде болмауы. Бірыңғай психологиялық ой тасқынымен, суреттер тізбегімен шығарма композициясын көмкеру. Яғни сюжетті өзіне сіңіру, композициялық толық билікке ие болу. (Бұл қазақ әдеби проза әлемінде болмаған әшекей). Әлемдік әдебиетте оның негізгі өлшемі ретінде М.Пруст, Д.Джойс, Вулф, А.Белый т.б. сияқты авторлардың шығармашылығы танылады».

Иә, «ой тасқыны» ұлттық әдебиетімізге кейіннен енген көркемдік ізденістің жемісі. А.Сүлейменов сияқты үнемі ізденіс үстіндегі қаламгерлер оны жаңалық деп түсінген емес. Сол бар болғаны оны өзінің шығармаларында арқау етіп, сәтті қолданған шығармажыл жан

ғана. Бұл жөнінде ғалым Ғ.Серікқалиев былай деп ой түйеді: «Асқар психологиялық бағдардағы жазушы ретінде XX ғасырда кең тараған, алдыңғы қатардағы жазу техникасына белгілі мөлшерде соқпай тұра алмаған. А.Сүлейменов – таза "ой тасқыны" стиліндегі жазушы емес. Ол – бұл жаңаша әдіске реализм ауылынан келген өкіл» [1,42]. Дәл айтылған сөз. А.Сүлейменовті бір жақты «ой тасқынынан» арыла алмаған қаламгер десек қателікке ұрынарымыз хақ. «Ой тасқыны» қаламгердің кейіпкердің ішкі психологиялық тартысын тереңдете суреттеуіндегі көркемдік тәсілі ғана.

Қаламгер өзінің бұл тәсілін тұңғыш рет «Қара шал» әңгімесінде сәтті пайдаланды. Әсіресе «Қара шал» әңгімесінде кейіпкердің ішкі мологын беруде ешкімге ұқсамайтын жазушылық шеберлігін көрсетті. Шығарма кейіпкері шалдың бейнесін жасауда оның қатып қалған кеңестік танымға қарсы шыққан ішкі тартысын осы ішкі монологпен шендестіре сомдады. Сол сияқты «Ситуация» повесіндегі Бектұровтың, «Бесатар» повесінде Сәруар, Төрехан бейнелерін жасауда да осы тәсілді сәтті қолданып отырды. Айталық, «Қара шал» әңгімесі таза жазушың импресионистік сезіміне құрылған туынды болса, ал «Ситуация» повесі шындық тұрғысында жазылған психологиялық тартыстағы көркем туынды.

Жазушының «Адасқақ» атты туындысында «ой тасқынын» терең, әрі жан-жақты қолданған туындысы. Бұл туындысында жазушы кейіпкердің ішкі монологын, біреулердің айтқан сөздерін, диалогтяқ тартыстарды шебер, әрі орынды қолданып отырды. Сондықтан «Адасқақ» шығармасын сыншылар тарапынан терең психологиялық туынды ретінде әділ бағасын алды.

«Адасқақтағы» Біржан бейнесі қалыптасқан оқиғалар арқылы сомдалып жатпайды. Оны қаламгер түрлі шым-шытырық оқиғалармен сомдауды өзі мақсат етіп те қоймаған. Біржан – терең ойдың адамы. Сондықтан ол интелектуалды бейне. Осы өреден шығу үшін жазушы Біржанды сан түрлі соқпаққа салып, оның ішікі ойы арқылы терең сомдауды дұрыс санаған. Ол кәдігімгі реалистік туындылардағыдай анық көрінбейді. Шығарманың барлық жерінде ол тек қосымша кейіпкер тәрізді солғын көрініс беріп отырады. Сондықтан оқырман шығарманың басты кейіпкері кім екенін аңғармауы да мүмкін. Бірақ шығарманы оқу барысында Біржанның бейнесі түрлі ой желісінде, ішкі монолог астарында сұлбаланып, оқшауланып көрініс береді.

«Ой тасқынын» шебер қолдану арқылы жазушы Біржанның ішкі тебіренісін, түрлі мәселелерге қатысты көзқарасын шебер үйлестіреді. Мәселен Біржанның ұлттық жады сияқты күрделі ұғымдарға өзіндік толғанысын керемет суреттеген және оқырманын осы ұғымға қатысты көзқарасын қалыптасрыуға бағыттағанын аңғарамыз. А.Сүлейменов заманында ұлттық жады деген ұғым тіптен айтылмайтын. Бұл орыстандыру саясаты ұстанған негізгі ұстаным болатын. Сондықтан А.Сүлейменов Біржанның ішкі толғанысымен осы күрделі ұғымды шым-шымдап елдің санасына сіңіруді мақсат еткені байқалады. Оқып көрелік: «Осы бір жады дегеннің тетігін әлі түсіне алмай жүргеніне назаланды. Рас: кейде, кешегің түгіл осы қазіргіңді ұмытсаң, кейде сен сұрау салып іздемесең де, сені қинамай-ақ сон-о-оу ит жылғы қарақұлақтанғаның, тәй-тәй басып жүргенің, жылағаның, құлағаның, бет-аузыңды Ақтөстің жалағаны, дүрбімен тартқандай, зу етіп, қол созым жерге келеді» [2,84]. Жады жөніндегі А.Сүлейменовтің ойы тым ұшқары. Бір қараған кісіге адамның жадын «сон-о-оу ит жылғы қарақұлақтанғаның», «тәй-тәй басып жүргенің, жылағаның, құлағаның, бет-аузыңды Ақтөстің жалағаны» сияқты болмашы елестермен өлшегендей көрінеді. Алайда жазушының ойы тым тереңде жатқандығы айтпаса да түсінікті. Осы жөнінде өзге ғалымдар не айтатынын еске сала кетейік. Танымал ғалым М.Мырзахметұлы өзінің 2007 жылы жазған «Қазақ қалай мәңгүрттенді?» атты мақаласында қазақ халқының мәңгүртену тарихына дендендей еніп: «Голошекиннің екінші көтерген мәселесі – қазақ әліппесін тағы да ауыстырып, келешек жастарды өз халқының тарихи жадынан мақұрым қалдырып, мәңгүрттендіру арманы ашық айтылып отыр. Бұл мәселенің тарихи төркіні де патшалық замандағы орыс миссионерлеріне барып тіреледі. Мысалы, атақты миссионер ғалым, профессор Ильминский үкіметтің ресми хабарлары жарияланатын «Дала уалаяты» газетінде венгр ғалымы Вамберидің қазақтардың арғы ата-

бабалары – ғұндардың тарихынан мағлұмат бергенде, зәресі ұшып, бірден обер-прокурорға арыз жазып, ресми газеттің өзін жаптырып тастауы – осының айғағы», - деуінде ұлты жадының қаншалықты маңызды екендігін білдіретін тарихи дерек жатқан жоқ па [3,234]. А.Сүлейменов М.Мырзахметұлының замандасы, әрі рухани серіктесі ретінде ұлттық жадының не екндігін білмеуі мүмкін емес. Сондықтан ол жады мәселесіне атыртын мәнберіп тұр деген ойға тоқталамыз. Ұлттық жадының өзі ұлт менталитетін қайта түлететін негізгі қайнар көземес пе. Ал оның өзі А.Сүлейменов көксеген қазақ елінің рухани дербестігіне әкелетін бірден бір құрал болмақ. «Ұлт менталитетінің көрсеткіштері мен қасиеттері ретінде мыналарды көрсетуге болады – дейді Т.Бүрбаев – өзінің даласындай жанның кеңдігі, кеңпейілділігі, кешірімшілдігі мен қайырымдылығы, қонақжайлығы, жарқын-ашықтығы, бөтенді жақтырмай басқа мәдениетті тез қабылдағыштығы, жатсынбауы; сөзге ерекше мән беретіндігі, аңғарымпаздығы, табиғатқа жақындығы, философиялық ойларға бейімділігі, дүние, өмір, заман туралы ойлары, ақын жандылығы, дүниені образдық оймен бейнелеуге жақындығы; қазақтың маңғаздығы, асықпай-аптықпауы, тәубәшілдігі, сәтті күнді күтуі, қазақтың туысшылдығы, ойын-сауықшылдығы, бірін-бірі әздеп жүретін бауырымпаздығы. Бұл негізінен дала берген жақсы қасиеттер» [4,9].

А.Сүлейменовтің шығармаларын оқыған сайын оның әр сөзінің астарында өткенді бағамдау, келешек жастарды ұлттық рухта қалыптастыру сияқты сергек ойларын байқаймыз.

Сондықтан «Адасқақ» шығармасының ішкі өзегі жазушының өзіне келіп тіреледі. Ондай жазушының ішкі ойынан туындаған көркемдік шешім бар. «Ой тасқыны» кәдігімгі батыстық өлшеммен өлшенбейді. Рас, «ой тасқынының» өзі батыста қалыптасқан тәсіл екендігін мойындаймыз. Бірақ жазушы батыстық осы тәсілді сол күйінде қолданбайды. Ол оның сырқы өлшемін пайдаланып, ал ішкі дүниесін ұлттық нақышқа әкеліп тірейді. Бұл А.Сүлейменовиің «ой тасқынын» қолданудағы өзіндік жетістігі деуге тұрарлық. Әуел баста оқырман А.Сүлейменовтің «ой тасқынын» тосырқай қабылдап, оның астарлы тұстарын қабылдай бермесі анық. Өйткені жазушы ойы дайындығы жоқ оқырман үшін түсініксіз болып көрінуі мүмкін. Түрлі сөз құбылтулар мен тосын тіркестердің жемісі жаңа ой жемісін көркем шығарманың басты элементін құрайды. Яғни көркем әдебиетімізде бұрын соңды болған мұндай детальдар шығарманың астартын тұстарын оқушы үшін ұғыныңқы болуында. Мысалы, жазушының «Адасқақ» повесіндегі мына жолдарды оқып көрелік: «Бірақ, мынау қызық болды, - деді сонсоң. Сауалдың да өзіңнен өріп жауаптың да өзіңнен төлдегені қызық екен», - деген тіркестер жай қолданыла салған сөз тізбектері сияқты Болмаса: «Әй, осы мен не деп келем?-деді Біржан» [5,53]. Сол сияқты: «Сауалы құрысын, деді Біржан. Өз жауабы өзіндегі сауалдан асқан сұм жоқ. Аюлының тіс тимеген шүйгіні боп киіздей тұтасқан сауалы құрсын» [5,54]. Бұл жолдардағы сөздік қолданыстар екі адамның арасында кәдігімгі сұрақ-жауапқа құрылған диалогтық тартыс емес. Бұл шығарманың басты кейіпкері Біржанның өз-өзімен іштей сөйлесіп тұрағ сәті. Яғни кейіпкердің ішкі ой толғаныстары. Автор әр уақытта кейіпкерін өз-өзімен сөйлестіріп, «ой тасқынын» үсті-үстіне тоғытып оқырманын белгісіз белге жетелей береді. Қаламгердің осындай көркемдік тәсілі сыншылар тарапынан да бағаланып жатты. Осы орайда әдебиет сыншысы Т.Тоқбергеновтің мына пікіріне жүгініп көрелік: «Осынау дүрбелең турасындағы адамдардың жан дүниедегі өзгеріс, құбылыстың барлығы кейіпкерлердің диалогтық тартысымен, көз қарасымен, меңзеуімен беріліп отырады. Қосалқы баяндау, авторлық ремарка жоқ. Динамикалық қимыл диалог сайысымен шешілген» [6]. Иә, А.Сүлейменов кейіпкерлеріне тән қасиет нақты қимыл, іс-әрекеттер кейіпкердің басты өлшеміне, белгісіне алынбайды. Яғни сыншы айтқандай оларда «бәрі кейіпкердің сөз жарысымен, іштей аңдысуымен, көз атысып, қабақ қағысуымен берілген». Және барлығы дерлік «Динамикалық қимыл диалог сайысымен шешілген». Мұндай тәсіл қазақ әдебиетіне А.Сүлейменов алып келген жаңа тәсіл болып шығады.

Жалпы қазақ әдебиетінде тарихи тақырыпқа барған қаламгерлер баршылық. Сонау «Абай жолы» эпопеясынан бергі аралықта қазақ қаламгерлері арғы-бергі тарихымызды шиырлап, ұлттық жадымыздан өше бастаған тарихи тұлғаларымыз бен оқиғаларымызды есімізге салды. Жай салған жоқ, көркем тілмен, маңызды оқиғалар тізбегімен, ұлт қайраткерлерін сомдауымен есімізге салды. І.Есенберлин, Ә.Кекілбаев, Ә.Нүрпейісов, М.Мағауин, Ә.Әлімжанов, Х.Есенжанов т.б. Осылай тізбектеле береді. Солардың қатарында А.Сүлейменов те XIX ғасырдан бергі аралықтағы тарихымызды безбендеп, ұлттық әдебиетімізге өзіндік қолтаңбасын қалдырды. Оқиғалар мен көркем бейне сомдауда тілдік ерекшелігін айқындап, ешкімге ұқсамайтын өзіндік даралығын көрсетті. Тың тіркестер, тосын ойлар, тұрақты сөз тіркестері, ұлттық нақыштағы ой иірімдері мен сөздік қоданыстары А.Сүлейменов шығармаларының мәңгіліктігін білдіретін өзіндік қолтаңба болды.

**Пайдаланған әдебиеттер:**


1. Серікқалиев З. Ақжол, Алматы, 1990, -464 б.
2. Сүлейменов А. Бесатар // Бесатар, Алматы, 1997, -244-338 б.
3. Мырзахметұлы М.Қазақ қалай орыстандырылды? – Алматы, 2010 ж. – 400 б.
4. Бүрбаев Т. Ұлт менталитеті. Астана. Елорда. 2001 ж. 242 бет.
5. Сүлейменов А. Бесатар // Бесатар, Алматы, 1997, -244-338 б.
6. Тоқбергенов Т. Шым-шымдапойдытолғатып...// Қазақ әдебиеті, 1990, 16 март.



ӘОЖ 821.512.122:94(574)


## АЛАШ АҚЫНДАРЫНЫҢ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ЛИРИКАЛЫҚ ТҰЛҒА ЖӘНЕ ОНЫҢ МАҢЫЗЫ


**Курбантаева Алия Елемесовна**
*Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі*
*Қазақстан Республикасы Жамбыл облысы Жамбыл ауданы Гродеково орта мектебі*



***Резюме.****Прошлый век, в период советской эпохи, считается временем политических «достижений», в котором было опубликовано множество научных работ и монографий о казахской поэзии. В этих трудах произведения казахских поэтов, внесших вклад в советскую казахскую поэзию, были глубоко и всесторонне проанализированы, а их вклад в поэзию был тщательно оценен. В этом контексте работы таких известных ученых, как Ә.Тәжібаев, Т.Кәкішев, С.Негимов, М.Ж. Көпеев, подвергли научному анализу лирические произведения казахских поэтов, которые внесли неоценимый вклад в советскую казахскую поэзию.*



***Ключевые слова****: поэты Алаш, деятель, лирический персонаж, независимая литература.*


XX ғасыр қазақ әдебиетінің жаңа белеске көтеріліп, поэзияның тақырыптық, мазмұндық жағынан түрленген тұсы. Ел ішіндегі саяси-экономикалық өзгерістер, қоғамдық құрылыс, жаңа түлеген халықтың өмірге деген көзқарасы әдебиеттің түр мен пішіндік тұрғыда кемелденуіне оң ықпалын тигізді.

Өткен ғасырдың саяси «жетістігі» саналған кеңестік дәуірде қазақ поэзиясы жөнінде көптеген ғылыми еңбектер, монографиялар жарық көрді. Мұндай еңбектерде қазақ кеңес поэзиясына үлес қосқан қазақ ақындарының шығармалары терең, әрі жан-жақты зерделеніп, оның поэзияға қосқан үлес салмағы сараланды. Осы тұрғыда белгі ғалымдар

Ә.Тәжібаевтің, Т.Кәкішевтің, С.Негимовтың, М.Ж. Көпеевтің еңбектерінде қазақ совет поэзиясына өлшеусіз үлес қосқан қазақ ақындарының лирикалық шығармалары ғылыми тұрғыда талданды.

ХХ ғасырдағы қазақ поэзиясы жөнінде әңгіме қозғағанда еркін, тәуелсіз әдебиет жасауға бет бұрған алаш ақындары жайлы да зерттеу еңбектер тек тәуелсіздік алғаннан кейінгі тұста қолға алына бастады. Бұл еңбектерде алаштану мен алаш ақындарының төл туындылары ғылыми айналымға алынып, көпшілік оқырманға жол тартқан болатын. Шәкәрім Құдайбердіұлы, Ахмет Байтұрсынұлы, Ж.Аймауытұлы, М.Жұмабайұлы, М.Дулатұлы сынды бес арыстың қазақ халқымен қайта қауышуы тарихи құбылыс деуге тұрарлық. Осы жерде бірнеше ғалымдардың бірігуімен жарық көрген «Бес арыс» [1] танымдық кітаптың тарихи маңызын атап өткен орынды болмақ.

Осы кітаптың бірінші бетінде Ғ.Мустафиннің естелігі беріліпті. Бұл естелікті қаламгер 1979 жылы жазып, өзінің өкінішін жасырмай айтқан. Оқып көрелік: «Сонда да Ахмет, Мағжан, Жүсіпбек, Шәкәрімдердің ғылыми, әдеби тамаша еңбектері әлі көмулі жатыр. Неге? Өйткені ол еңбектерді ұрлап, жырымдап, пайдаланып атақ алғандар, қарынына қазы біткендер ашылса өздерінің қоясы ашылады... Әдебиетте мен сияқтылар совет дәуірінің бұрынғысы мен қазіргісін басынан кешіре отырып, әділетті бүркеп кетсек, кейінгілер не демек? Біз бүркегенмен, олар ашады. Қазақ тарихы, қазақ әдебиеті жойылмаса, Ахмет, Мағжан, Жүсіпбек, Шәкәрімдер жойылуы мүмкін емес. Тарихымыздың төрінен орын алады олар» [1,7]. Қария қаламгердің жорамалы шындыққа айналды. Алаш әдебиетінің ақиық ақындары әдебиетіміздің төрінен орын алып отыр. Олардың лирикалық туындылары сан жағынан да сапа жағынан да әлдеқайда биікте екендігін көзіміз көріп отыр.

Саяси ауыс-түйіс тұсында өмір сүрген мұндай ақындардың жазықсыз жапа шегіп, ондаған жыл ел ортасынан аластатылуы адамзат алдындағы үлкен қателік болғандығын мойындап отырмыз. Осының салдарынан қазақ жұртшылығы теңдесі жоқ рухани құндылықтардан сусындаудан шет қағылды. Алайда аталмыш зерттеу жұмысымызда алаш ақындарының төл мұраларындағы лирикалық қаһарман жайлы сөз қозғауды мақсатымыз санаймыз.

Қазақ әдебиетіндегі елеулі орын алаш қайраткерлеріне беріледі. Бұл жөнінде қазақтың хас батыры Б.Момышұлы өз уақытында: «Қазақ тарихындағы бір үлкен асқар бел – Алашорданың құрылғанынан бастап, оның құрығанына дейін. Ең үлкен саяси айтыс пен тартыс сол дәуірде болған еді. Сол дәуірдің адамдарына (қасы бар, дұшпаны бар) әділ, ғылыми билік айта жазылған еңбектер әлі жоқ. Сол тақырып – өте үлкен тақырып екендігін айттым», - деген болатын [2,53]. Батырдың Алашорда заманына байланысты айтып отырған тарихи мәнді пікірінің астарында сол алаш өкіметін құруға белсене кіріскен ұлт қайраткерлеріне берген әділ бағасын аңғарамыз. Тіпті бұл пікір тек Б.Момышұлының ғана емес сол кезеңде кеңестік өкіметтен сескеніп, іштей тынып жүрген мыңдаған адамдардың пікірі деуге тұрарлық.

Алаш ақындары қазақ поэзиясын әлемдік деңгейге көтерген поэзия болды. А.Байтұрсыновтың саяси лирикасы, М.Жұмабаевтың нәзік лирикасы, М.Дулатовтың азаматтық лирикасы, Ш.Құдайбердиевтің ойлы лирикасы қазақ өлең сөзін тың жолға салған Абайдан кейінгі классикалық үлгісі болды.

Алаш ақындарының барлығы дерлік Абай салған сара жолмен жүріп, сол үлгіде өлең шығарды. Абайда жырланатын қазақ тағдыры, бүгіні мен келешегі алаш ақындарындағы басты тақырып, басты бағыт болды. Сондықтан азаматтық болмыс, ел ішіндегі түрлі қайшылықтар, халықтың келешегі лирикалық қаһарман арқылы керемет көрініс тауып жатты.

А.Байтұрсыновтың «Қазақ қалпы» өлеңінде өзінен бұрынғы, өзімен тұстас ақындармен үндес жырлайтын тұсы бар. Мысалы:

Қалтылдақ қайық мініп еспесі жоқ,
Теңізде жүрміз қалқып кешпесі жоқ.
Жел соқса, құйын соқса жылжи беру,

Болғандай табан тіреу еш нәрсе жоқ, - дейді ақын [3,76]. Ақын XX ғасыр басындағы қазақ халқының бүгінгі болмысын, жырлай отырып, келешегіне алаңдаушылық білдіреді. Лирикалық қаһарман жеке дараланып көрінбесе де, оның түп негізінде тұтас қазақ халқының жатқандығы аңғарылады. Ақын бұл жерде тек сырттан бақылаушы ғана емес, өзі де сол халықтың өкілі ретінде халықпен бірлікте тұрмыс кешеді. Лирикалық қаһарман ақынның өзі екендігі даусыз. Себебі ақын өлеңнің келесі шумақтарында өзінің «менін» қоса жырлайды. Қарап көрелік:

Әлі де, саңлаусыз салтын бағып,
Түрі жоқ іс айтатын пәлен дерлік.
«Ұлы той көппен көрген жалғыз мен бе? –
Деп отыр, - не болса да жұртпен көрдік» [3,76].

Ақын алғашқыда «біз» деу арқылы сырттан бақылаушы ретінде болса келесіде «мен» деу арқылы сол көптің ішінде жүрген лирикалық қаһарман кейіпіне енеді.

XX ғасырдың басында қазақ тақырыбы күн тәртібіндегі аса зәру тақырып болды. Ел ішін жайлаған сауатсыздық (орыс тіліне қатысты), осыдан келіп шығатын надандық, батыстың қысымына қарсы тұрарға дәрменсіздік ұлт жанашыры болған алаштықтар үшін үлкен қайғыға ұласты. Осы кезеңде, яғни 1909 жылы жарық көрген М.Дулатовтың «Оян, қазақ!» жинағы ұлы күреске жұмылдырар әдеби құбылыс болды.

Аталмыш жинақтың алғы сөзінде күрескер ақын былай деген болатын: «Дүниеге қатынасып жүрген, оқыған заттарымызз болмаса, біздің жалпы қазақ халқы пайдалы мәселелерден бихабар еді. Себебі: дария қасында тамшы секілді, оқығандарымыз аздықтан, халқымыз шәһәр ретінше емес, көшпелі һәр жерде бытырап жүргендіктен, заман аһуалынан хабар білерлік оқуға өз тілімізде газет жоқтықтан, татар туғандарымыздың әдеби тілімен жазылған газеттері оқу оқымаған халыққа түсініксіздігінен, дүниеде болып жатқан таңқаларлық және керемет пайдалана алмай, біздің халық дүние сарайының бір қараңғы түкпірінде ұйықтап, ұмыт қалған секілді болып тұр, өйткені заманымыз күн сайын түрленіп келеді, мұнан бұрын өткен он бес жылменен бүгінгі халімізді салыстырсаңыз да - аз уақытта көп таршылықта қалған секілдіміз» [4,18]. Ақынның осы сөздің өзінен-ақ алаш ақындарының ұстанған басты бағыты аңғарылып тұр. Ортақ мақсат, ортақ мүдде – қазақ жұртшылығын заманнан кенже қалдырмай, келешекке қарай жетелеу. Осыдан келіп, ақындардың шығармаларының басты арнасы елді ояту болғандығы сөзсіз.

Адасып қараңғыда сорлы қазақ,
Ай тумай, күн һәм шықпай, тұр таң атпай.
Сөндірмей жанған өртті көрген адам,
Қалайша тұру мүмкін жанға батпай, [4,21], - дейді ақын.

Тағы да адасқан қазақ халқы. Жалпы халыққа қарата айтылған осы тақылеттес өлеңдерден ақынның ішкі жан сырын аңғармау мүмкін емес. Ақын бір өзі заман қайшылығын терең түсінеді, тіпті түсініп қана қоймай халық арасында үгітші ретінде көрінеді. Яғни ақын тағы да лирикалық кейіпкер кейіпіне еніп, халықпен мидай араласып кетеді. Өйткені халықтың арасында өмір сүрмей тұрып, оның бүкіл кемшілігін де, жетістігін де білу мүмкін емес. Осы тұрғыда келгенде ақын ол әрі айтушы, әрі тыңдаушының ортасында бірге жүрген, оқырманға беймәлім лирикалық қаһарман болып табылады.

Ал, XX ғасырдың данасы, ойшыл ақын Шәкәрім өзгелерден тіптен шығандап кетіп, өзі тұстас адамдарды қатты сынға алады. Мысалы,

Бұл елде адалдық бар ма,
Ондайын байқадыңдар ма?
Істейді нені де болса,
Наданда арамдық бар ма? [5,87].

Ақын тіптен ымырасыз. Ақын нені меңзеп тұр? Жекелеген адамды ма, әлде тұтас бір топты ма? Ол жағы бізге беймәлім. Алайда ақын «ел» сөзінің арғы түкпірінде сол кездегі қазақтың белгілі бір тобының істеген айла-шарғылары жатқаны сөзсіз. Дегенмен, Шәкәрім

себепсіз біреуді жамандаудан аулақ. Ақынды қатты ашуландырған сол халықтың дамудан қашып, енжарлық күйге түскені болса керек.

Осы тақырыптың өзі XIX ғасыр ақындарында таралып, терең жырланатыны лирикалық қаһарманды суреттеудегі дәстүр жалғастығы деуге тұрарлық құбылыс. Ұлы Абайдың ақындық тарихында қазақтың мүшкіл халі монолит күйінде жырланып жатса мұның өзі тақырыптың аса маңызды екендігін білдіреді. Сонымен қатар Абай надандықтың шырмауында қалған қалың қазақты құтқаруды өзінің басты мақсаты санағаны белгілі. Лирикалық қаһарман, яғни ақын өзінің мақсат-мұратын былай білдіріпті:

Мақсұтым – тіл ұстартып, білім шашпақ,
Наданның көзін қойып, көңілін ашпақ.
Үлгі алсын деймін ойлы жас жігіттер,
Думан-сауық ойда жоқ әуел баста-ақ [6,67]

Алаш алыптарының бір пара өлеңдері отаршылдық шырмауына ораған орыс империясының тегеуіріне қарсы айтылады. Бұл тақырыптағы өлеңдерінде олар тікелей халықтың атынан сөйлеп, лирикалық «мені» арқылы ұлттың іздеушісі деңгейіне көтеріледі. Лирикалық қаһарман, бірінші кезекте елдің сойылын соғып, жыртысын жыртады. Өйтпегенде оның ақындық болмысы үй қасы, ошақ басынан аспай, тек жай жолшыбай ақындық деңгейде қалатыны анық. Сондықтан ақын болмысы халық тілегімен біріккенде ғана оның өлеңі өміршең болмақ.

Алаш алыптарының поэзиясында махаббат, табиғат, азаматтық тақырыптағы өлең туындылар көптеп кездеседі. Абай салып кеткен жаңа поэзияны олар одан әрі дамытып, қай тақырыпқа бармасын оны мазмұн мен түр жағынан түрлендіруге ат салысты.

**Пайдаланған әдебиеттер:**

1.Бес арыс: Естеліктер, эсселер және зерттеу мақалалар. Құраст. Әшімханов Д., - Алматы: Жалын, 1992 ж.

2. Момышұлы Б. Көз алдымда бәріңсің. – Тараз. 2007 ж.

3. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. −Алматы: Атамұра, 2003ж.

4. Байтұрсынов А. Ақ жол: Өлеңдер мен әңгімелер, публ. мақалалар және әдеби зерттеу /Құраст. Р.Нұрғалиев. – Алматы: Жалын, 1991 ж.

5.Дулатов М. Шығармалары (Өлең-жырлар, әңгімелер, пьеса, көзсемсөздер мен сын-зерттеу мақалалары). – Алматы: Ана тілі баспасы, 2010 ж.

6.Құдайбердиев Ш. Шығармалары: Өлеңдер, дастандар, қара сөздер. Құраст. М.Жармұхамедов, С.Дәуітов (А.Құдайбердиев). – Алматы: Жазушы, 1988 ж.

ӘОЖ 94(574)

## ҚАЗАҚ ОНОМАСТИКАСЫНДАҒЫ КОММЕРЦИЯЛЫҚ АТАУЛАР: ФИРМА ЖӘНЕ КОМПАНИЯ АТАУЛАРЫНЫҢ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ТАЛДАУЫ

**Жұманқызы А.**
*филология ғылымдарының магистрі, аға лаборант*
*А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Алматы қ.*

***Резюме.*** *Статья посвящена лингвистическому анализу коммерческих названий (эргонимов) в современном казахском ономастическом пространстве, в том числе названий фирм и компаний. В работе рассматриваются структурно-семантические особенности коммерческих антропонимов и топонимов, основы их формирования в условиях рыночной конкуренции и глобализации. При составлении фирменных наименований особое внимание уделяется влиянию казахского языка на национально-*

*культурную конотацию и языковую креативность. Исследовательская работа помогает выявить основные лингвистические закономерности, структуры, тенденции гибридизации. Кроме того, обзор последних десяти лет исследований в области Казахской ономастики позволяет выявить актуальные социально-экономические процессы, культурные коды и языковые инновации в коммерческих наименованиях. Результаты лингвистического анализа могут служить основой для сохранения национальной идентичности наименований фирм и компаний и пропаганды казахской ценности.*

***Ключевые слова:*** *эргонимы, коммерческие названия, названия фирм, ономастика, языковой ландшафт, торговая марка.*

***Annotation****. The article is devoted to the linguistic analysis of commercial names (ergonyms) in the modern Kazakh onomastic space, including the names of firms and companies. The paper discusses the structural and semantic features of commercial anthroponyms and toponyms, the foundations of their formation in the context of market competition and globalization. When compiling brand names, the influence of the Kazakh language on national-cultural coonotation and linguistic creativity is particularly touched upon. The research work helps to identify the main linguistic patterns, structures, trends in hybridization. In addition, a review of the last ten years of research in the field of Kazakh onomastics allows us to identify relevant socio-economic processes, cultural codes and linguistic innovations in commercial names. The results of linguistic analysis can serve as a basis for maintaining the national identity of the names of firms and companies and promoting Kazakh values.*

***Keywords****: ergonyms, commercial names, firm names, onomastics, language landscape, brand name.*

**Кіріспе.** Коммерциялық атаулар заманауи ономастикалық жүйеде маңызды орын алады. Олар әлеуметтік-экономикалық шындықты, мәдени кодтарды және тілдік креативтілікті біріктіретін ерекше кеңістікті қалыптастырады. Қазақстандағы нарықтық бәсекелестіктің жылдам дамуы фирмалар, компаниялар, брендтер мен тауар маркаларының санын көбейтіп, олардың лингвистикалық табиғатын ғылыми тұрғыдан зерделеуді өзекті мәселеге айналдырды. Бүгінде коммерциялық атаулар тек идентификатор ғана емес, компания имиджін қалыптастыратын маңызды маркетингтік құралдың қызметін де атқарады [1].

Қазақ тілінің ономастикалық алаңы ұлттық-мәдени дәстүрлердің, жаһандық трендтердің, түпнұсқалық пен есте сақталуға ұмтылыстың, сондай-ақ кірме сөздердің белсенді қолданылуының тоғысында қалыптасып отыр. Осындай жағдайда эргонимияның динамикалық дамуы айқын байқалады. Эргонимия – ұйымдардың, мекемелер мен кәсіпорындардың атауларын зерттейтін ономастика саласы. Ол коммерциялық және әлеуметтік нысандар атауларының құрылымын, жасалу тәсілдерін, семантикасын және олардың қоғамдағы мәдени-тілдік қызметін талдайды. Эргонимдер қалалық тілдік ландшафттың маңызды элементтері ретінде әлеуметтік, мәдени және экономикалық өзгерістердің көрінісін береді.

Қазақстанда фирма және компания атауларына қатысты ғылыми қызығушылық артқанымен, бұл бағыттағы кешенді лингвистикалық зерттеулер әлі де жеткіліксіз. Алайда коммерциялық атаулар құрылымдық-семантикалық үлгілерді, сөзжасамдық тәсілдерді және тілдік-мәдени өзгерістерді зерттеуге мол мүмкіндік беретін құнды материал болып табылады.

Осы себепті бұл зерттеу қазақ ономастикасындағы негізгі лингвистикалық тенденцияларды, қолданылатын модельдерді және мәдени маркерлерді анықтау мақсатында коммерциялық атауларды жан-жақты талдауға бағытталған. Мұндай талдау бренд атауларының қалыптасу логикасын, олардың қазақ тілдік кеңістігіндегі қызметі мен ықпалын терең түсінуге мүмкіндік береді.

**Негізгі бөлім.** Ономастика тілтанудың жалқы есімдерді, олардың қалыптасуын, қызметін және дамуын зерттейтін маңызды бөлігі. Атаулар жүйесіне ғылыми қызығушылық олардың қоғамның тарихи, әлеуметтік және мәдени ерекшеліктерін көрсетуімен, әлем туралы білімдерін тіркеумен және ұжымдық есте сақтау элементтері ретінде әрекет етуімен байланысты [2].

Дәстүрлі түрде ономастика бірнеше ірі топқа бөлінеді: антропонимдер (адам есімдері), топонимдер (географиялық атаулар), зоонимдер (жануар атаулары), космонимдер, идеонимдер және т.б. Қазіргі уақытта экономика мен қызмет көрсету саласының қарқынды дамуы ұйымдар, фирмалар мен брендтер атауларының өзіндік лингвистикалық ортасын қалыптастыруда. Мұндай атаулар эргонимдер деген ерекше категорияға жатады. Олар ғылыми айналымға салыстырмалы түрде жақында енгенімен, ономастикалық кеңістікте маңызды орын алып отыр [3,4].

Ономастика жүйесі осылайша тек дәстүрлі жалқы есімдер мен атауларды ғана емес, урбандалу мен коммерциялану жағдайында пайда болып жатқан жаңа, динамикалық дамушы атауларды да зерттейді.

«Эргоним» термині (грек. *ergon* – іс, қызмет + *onyma* – атау) әр түрлі ұйымдардың, фирмалардың, мекемелердің, кәсіпорындардың, коммерциялық құрылымдардың, брендтер мен қызметтердің атауын білдіреді. Соңғы зерттеулерде эргонимдер коммерциялық атаулар, бренд атаулары, фирма атаулары немесе эргоминациялар деп те аталады [4].

Эргонимдер бірнеше негізгі қызмет атқарады:

- Идентификация – нысанды басқа ұйымдардан айырып, оның жеке атауын белгілеу.
- Ақпараттық – қызмет түрі, сала, бағыт немесе бренд ерекшелігі туралы бастапқы мәлімет беру.
- Маркетингтік – тұтынушының назарын аударып, оң имидж қалыптастыру және бәсекелестік артықшылық құру.
- Мәдени – ұлттық болмыс, тарихи-мәдени код, символдар мен құндылықтарды атау арқылы таныту.

Абдрахманова Ж. зерттеу жұмысында айтылғандай, қазіргі таңда эргонимдердің қалалық кеңістіктегі орны ерекше маңызды. Атырау қаласының мысалында зерттелген жұмыстың нәтижесі бойынша, қаладағы эргонимдер көбіне қазақтардың этникалық ерекшеліктерін, дәстүрлі ұғымдарын және миграциялық тарихын бейнелейді: антропонимдердің көп қолданылуы, ауылдық жер аттарының сақталуы, жаңа ықшам аудандарында қазақи атаулардың жиі кездесуінен осыны аңғаруға болады. Сонымен бірге, ұлттық құндылықтарды танытатын атаулар қала ішінде қазақтардың шоғырланған аймақтарында көбірек көрініс табады [5].

Жалпы фирма және ұйым атаулары бәсекелестік орта жағдайында туындайтындықтан, есте сақталуды және бір уақытта мағыналық мазмұнды талап етеді. Әдебиеттерде олардың қызметіне байланысты бірнеше теориялық аспектілерде бөліп қарастырылады (1-кесте).

Кесте 1. Коммерциялық атаулардың лингвистикалық сипаттары

| № | Компонент | Қысқаша сипаттама |
|---|---|---|
| 1 | Құрылымдық-семантикалық ұйымдасуы | Атаулар бір сөзді (*KökBazar*), екі сөзді (*Altyn Bank*), аббревиатура (*KEGOC*), немесе гибрид (*Mega Silk Way*) түрінде беріледі; құрылымы қызмет саласын немесе мәдени бағдарды көрсетеді. |
| 2 | Номинация мотиві | Сенімділік, жергілікті ерекшелік, престиж, заманауилық, ұлттық реңк сияқты факторлар әсер етеді; символдар мен географизмдер жиі қолданылады. |
| 3 | Тілдік креативтілік | Неологизмдер, графикалық ойындар, латиница, контаминациялар (*KaspiGold*) сияқты инновациялық тәсілдер маркетингтік әсерді күшейтеді. |

| | | |
|---|---|---|
| 4 | Гибридтелу және кірме сөздер | Қазақ, орыс, ағылшын тілдерінің элементтері араласып қолданылады; атауларды бір мезетте жергілікті әрі халықаралық етуге ұмтылыс байқалады. |
| 5 | Мәдени-құндылық мазмұны | Ұлттық мәдениетке тән сөздер, табиғат атаулары, тарихи символдар енгізіледі; тұтынушыда сенім мен жақындық ассоциациясын тудырады. |

Коммерциялық атаулардың (эргнонимдердің) белсенді таралуы олардың көпқызметті табиғатын айқын дәлелдейді. Алматының урбанонимдік кеңістігінің мысалында жүргізілген зерттеуде коммерциялық номинацияның күшеюі, әсіресе ағылшын тілді атаулардың басымдығы, қала бейнесінің батыстануына алып келетін фактор ретінде сипатталады [6]. Бұл үрдістер эргонимдердің бірнеше негізгі қызметімен тікелей байланысты:

1. Идентификациялық қызмет. Авторлар көрсеткендей, әр жаңа тұрғын үй кешені, мейрамхана немесе коммерциялық кеңістік өзіндік брендке айналып, қаланың күрделі топонимдік құрылымында жеке объект ретінде танылуы тиіс. Сол себептен *Esentai City*, *Koktobe City* сияқты атаулар кеңістікті бағдарлауға көмектесіп, объектінің даралығын күшейтеді. Бұл – классикалық идентификациялық функцияның көрінісі.

2. Ақпараттық қызмет. Тұрғын үй кешендерінің атауы құрылыс компаниясының имидждік стратегиясымен тығыз байланыста екені бірнеше рет атап өтіледі. Мысалы, *Koktobe City* атауы оның географиялық орналасуын да, «жасыл төбе» концепциясын да білдіріп тұр. Демек, эргонимдер объект туралы бастапқы ақпарат беретін құрал ретінде қолданылады.

3. Маркетингтік қызмет. *Premium, European style, modern, luxury* сияқты ассоциация тудыратын атаулардың көптігін атап өтеді. Бұл – бренд жасаудағы маркетингтік стратегияның классикалық көрінісі. Атаулар тұтынушыны қызықтыру, эмоциялық әсер ету, объектінің беделін көтеру үшін саналы түрде таңдалады. Яғни эргоним маркетингтік құралға айналып отыр.

4. Мәдени-символикалық қызмет. Ағылшын атауларының артуы ұлттық-мәдени кодтың әлсіреуіне әкелуі мүмкін екенін басып айтады. Бұл - эргонимдердің мәдени функциясымен тікелей байланысты: атаулар ұлттық болмыс пен мәдени құндылықтар сақталатын немесе жойылатын символдық алаң. Мысалы, *Shanyrak, Tomiris, Altyn Orda* сияқты атауларында мәдени код сақталса, *Belgravia, Dolce Vita, Palladium, Beverly Hills* секілді атауларда батыстық символика байқалады.

Бұл мәселені Рысберген Қ.Қ. бастаған зерттеушілер тобы да зерттеген еді. Қазіргі таңда Қазақстанның мегаполис қалалары коммерцияландуға интенсивті түрде ұшырауда. Бұл фактор тұрғын үй кешендері мен сауда орталықтарының ағылшын тілді атауларының көбеюіне әкеледі [7-8]. Зерттеушілер *“Green House Best”, “Future Tech”, “Exclusive Group”* сияқты атаулар батыстық стандарттар мен халықаралық танымалдылыққа бағытталған қаланың бейнесін қалыптастырады.

**Материалдар мен әдістер.** Бұл шолу мақаласы Қазақстан қалаларындағы коммерциялық атаулардың қазіргі дамуын сипаттайтын ғылыми еңбектерді, тілдік зерттеулерді және ашық дереккөздердегі материалдарды сараптау негізінде дайындалды. Жұмыс барысында эргонимияға қатысты отандық зерттеулер, урбанонимдік кеңістікке арналған мақалалар қарастырылды.

Материалдарды іріктеуде соңғы жылдары жарық көрген (2016–2024) ғылыми мақалалар мен талдамалық еңбектер басым қамтылды. Сонымен бірге шолу барысында Қазақстан мегаполистерінің (Алматы, Астана, Шымкент) тілдік ландшафты бойынша жарияланған зерттеу нәтижелері пайдаланылды.

Аталған әдебиеттерді салыстырмалы түрде қарастыру арқылы коммерциялық атаулардың құрылымдық модельдері, семантикалық белгілері, тілдік таңдау

тенденциялары, ұлттық-мәдени маркерлердің көрінісі және жаһандану ықпалы бойынша ортақ ғылыми бағыттар жүйеленді.

Шолу зерттеулердің мазмұнын талдау, негізгі тұжырымдарды жинақтау және жалпы үрдістерді анықтау әдістеріне сүйенеді. Жұмыс нақты эмпирикалық корпус жинауды мақсат етпей, бар ғылыми еңбектердегі көзқарастарды, қорытындыларды және тұжырымдарды біріктіруге бағытталған.

**Зерттеу нәтижелері мен талқылау.** Шолу барысында Қазақстан қалаларындағы коммерциялық атаулардың мазмұны мен құрылымына қатысты бірқатар маңызды үрдістер анықталды. Ең алдымен, қала кеңістігіндегі атаулардың көптілді табиғаты айқын көрінді. Коммерциялық атаулар кеңінен билингвалдық (қазақ-орыс) және трилингвалдық (қазақ-орыс-ағылшын) сипатқа ие [9]. Бұл құбылыс елдің көптілді әлеуметтік-тілдік ортасымен және нарықтық экономика талаптарымен байланысты.

Билингвалдық модель көбіне қазақ және орыс тілдерінің табиғи қатар қолданылуынан туындайды. Фирма атауларында жиі:

- қазақша атау + орысша қызмет түрі (*“Dala Сервис”*),
- орысша негіз + қазақша анықтауыш (*“Arman Строй”*),
- қазақ-орыс графикалық кодтарының аралас формалары кездеседі.

Дегенмен кейбір салаларда (көлік, құрылыс, қызмет көрсету) орыс тілінің үстемдігі әлі де сақталып отыр. Ал ағылшын тілінің әсері инновациялық салаларда жоғары. Қазақ тілінің қазіргі коммерциялық коммуникациядағы рөлі - ұлттық бірегейлікті маркетингтік құралға айналдыру, яғни тіл брендтің мәнін арттыратын символдық ресурсқа айналған.

Трилингвалдық модельде ағылшын тілі көбіне заманауилық, инновация және жаһандық форматпен ассоциация тудырады: *“Altyn Market Group”, “QazTech Solutions”, “Nur Digital Lab”*.

Атаулардың семантикалық топтары да айқындалды. Шолу материалдарына сүйене отырып, коммерциялық атаулардың бірнеше негізгі бағытта топтасатыны байқалды. Бірінші топқа географиялық атаулар жатады - олар белгілі бір мекенге, өңірге немесе табиғи нысанға қатысты ассоциациялар түзіп, компанияның жергілікті ерекшелікке жақындығын көрсетеді (мысалы: *Turkestan Travel, Aral, Alatau Group*). Екінші топты антропонимдер құрайды: иеленушінің немесе негізін қалаушының есімі қолданылған бренд атаулары (*Самат-строй, Айлин, Аяжан Beauty*). Үшінші топ – табиғатқа, өсімдіктер мен жануарлар әлеміне қатысты образдарға негізделген атаулар. Төртінші топқа абстракт ұғымдар кіреді: *Success, Progress, Damylife, Best Vision* секілді атаулар оң коннотация, даму немесе жетістік идеясын беруге бағытталған. Бұл топтар кәсіпкерлердің атау таңдауда қандай мән-мағынаға сүйенетінін жақсы көрсетеді.

Материалды талдау барысында еркін, шығармашылық тәсілдердің кең қолданылатыны байқалды. Көптеген атауларда сөздердің бірігуі, қысқартулар, символдық мағына беретін элементтер және әртүрлі тілдік элементтердің араласуы кездеседі (*Altyn Market, Damu Group, Mega Silk Way*). Мұндай атаулар визуалды тұрғыдан тартымды болып көрінеді және есте сақтауға оңай.

Сонымен қатар уәжділік үлгілері де байқалады. Көптеген фирмалар өз атаулары арқылы бедел, сенімділік, сапа, ұлттық болмыс немесе халықаралық деңгейге ұмтылу сияқты құндылықтарды көрсетуге тырысатыны анықталды. Мысалы, «алтын», «биік», «mega», «elite» секілді сөздер престиж бен сапаның белгісі ретінде жиі қолданылады.

Негізі коммерциялық атауларды жасағанда семантикалық айқындық, мәдени сәйкестік және адресаттың тілдік санасын есепке алу маңызды. Бұл туралы З. Канафина мен Д. Шайбакова (2024) өз зерттеуінде нақты дәлелдер келтіреді [10]. Авторлардың айтуынша, эргонимнің қабылдануы тікелей адресаттың менталдық лексиконына, яғни адамның санасында сақталған тілдік-мәдени ассоциациялар жүйесіне байланысты. Егер атау осы жүйемен сәйкес келмесе, онда коммуникативтік сәтсіздікке тап болады, яғни атау өз функциясын толық орындай алмайды.

Мысалы, зерттеуде талданған «GRAAL» атауы ритуалдық қызмет көрсету агенттігіне тиесілі болса да, қатысушылардың көпшілігі оны *діни символдармен*, *«қасиетті тостаған»*, *«Тайные вечера»* ұғымдарымен байланыстырып, мүлде басқа салаларға (ресторан, посуда дүкені) жатқызған. Бұл - семантикалық белгісіздіктің нақты көрінісі.

Ал керісінше, «Ұлар Той», «ONE LIFE EVENT», «Shanyrak Studio» сияқты атауларда *той мәдениеті, ұлттық код, мерекелік символдар* айқын байқалады. Сондықтан мұндай атаулар адресат санасында дұрыс ассоциация туғызып, информативтік және коммуникативтік функцияларды толық орындайды.

Авторлар атап өткендей, атау жасауда мына элементтерді есепке алу аса маңызды саналады:

- семантикасы анық және бірмәнді сөздер (мыс.: *той, event, fiesta, ангел*);
- ұлттық-мәдени маркерлердің оқылымы (*shanyrak, той* сияқты ұғымдар дұрыс қабылданады);
- көпмағыналылық пен фондық ассоциацияларды болжау (мысалы, «*Альянс*» атауы көпшілікке бұрынғы банк атауын еске салған).

Осылайша, коммерциялық атаудың тиімділігі тек эстетика мен креативке емес, ең алдымен адресаттың тілдік санасында қандай мағына тудыратынына байланысты.

Шетелдік тәжірибеде коммерциялық атауларды қалыптастыруда ұлттық мәдени код шешуші рөл атқарады. Түркия, Корея, Жапония сияқты елдерде бренд атаулары көбіне жергілікті тіл мен ұлттық символикаға негізделеді. Мысалы, Түркияда *«Simitçi», «AnadoluJet», «Kuzu Effect»* сияқты атаулар географиялық немесе этномәдени белгілерге сүйенсе, Кореяда *«Hana Bank», «Lotte», «SK Telecom»* сияқты атаулар елдің тілдік ерекшелігін сақтап, жаһандық нарыққа бағытталғанда ғана ағылшын тілді форманы қолданады. Бұл елдердің тәжірибесінде басты қағидат – ұлттық бірегейлікті жоғалтпай, брендті халықаралық деңгейде танымал ету [11-12].

Қазақстандық коммерциялық атаулардың табиғаты біршама өзгеше. Жергілікті нарықта шетелдік стильге еліктеу айқын байқалады: *«Mega Silk Way», «Santo», «Prime Market», «Beauty Queen», «Best Service»* сияқты атаулар ағылшын тілін бренд белгісі ретінде қолданады. Бұл жаһандық бәсекеге қабілеттілікке, заманауилыққа және премиум имидж қалыптастыруға бағытталған стратегияның көрінісі. Соған қарамастан, отандық мәдени код та толық жоғалып кетпей, *«Qazaq Food», «Ulagat», «Alma Market», «Qadam Education», «Ular Toi»* сияқты гибрид немесе таза қазақша атаулар кең тараған. Мұндай атауларда дәстүр мен заманауилықтың қатар көрінуі – қазақстандық нейминтің басты ерекшелігі [13].

Төмендегі 2-кестеде шетелдік және қазақстандық атаулардың негізгі айырмашылықтары салыстырмалы түрде көрсетілген.

Кесте 2. Шетелдік және қазақстандық коммерциялық атаулардың салыстырмалы сипаттамасы

| Параметр | Шетелдік атаулар (Түркия, Корея, Франция) | Қазақстандық атаулар |
|---|---|---|
| Тілдік негіз | Жергілікті тіл + ұлттық сөздер | Қазақ, орыс, ағылшын аралас (трилингвальды модель) |
| Стратегия | Мәдени айқындық және бренд дәстүрі | Заманауилық, престиж, жаһандық еліктеу |
| Гибрид атаулар | Сирек | Өте жиі (KazOil, QazaqBank, Altyn Market) |
| Мәдени код | Тұрақты, айқын сақталған | Аралас: дәстүрлі + заманауи |
| Семантика | Көбіне нақты, қызметке сәйкес | Аралас, кейде абстрактты (Progress, Damulife) |

Салыстыру нәтижесінде байқағанымыздай, шетелдік атаулар ұлттық өзіндік ерекшелікті сақтау мен бренд құндылығын ұзақ мерзімге бекітуге бағытталса, Қазақстанда коммерциялық атаулар динамикалық, аралас типті және жаһандық трендтерге бейім болып келеді. Бұл қазақстандық тілдік ландшафттың көптілді, өзгермелі және нарықтық ықпалға сезімтал екенін көрсетеді.

**Қорытынды.** Зерттеу нәтижелері Қазақстандағы коммерциялық атаулардың көптілді, динамикалық және мәдени тұрғыдан әрқилы жүйе екенін дәлелдейді. Қала кеңістігінде қазақ, орыс және ағылшын тілдерінің араласуы фирмалық ономастиканың негізгі ерекшелігіне айналған. Атаулар құрылымдық жағынан да алуан түрлі болып келеді. Біркомпонентті, екікомпонентті, аббревиациялық және гибридтік үлгілер кеңінен қолданылады. Семантикалық деңгейде топонимдер, антропонимдер, табиғатқа қатысты атаулар және абстракт ұғымдар жиі кездесіп, олардың артында ұлттық-мәдени, престиждік және маркетингтік мазмұн жатыр.

Коммерциялық коммуникацияда қазақ тілінің позициясы жылдан жылға нығайып келеді, бұл ұлттық болмыстың брендтік деңгейде көрініс табуына мүмкіндік береді. Сонымен қатар жаһандану әсерінен ағылшын тіліндегі және халықаралық сипаттағы атаулардың үлесі артып отыр.

Жалпы алғанда, Қазақстанның фирмалық ономастикасы ұлттық код пен заманауи брендтену үрдістерін ұштастыратын, әрі қарай дамуға әлеуеті жоғары тілдік кеңістік ретінде қалыптасып келеді.

## Пайдаланылған әдебиеттер тізімі


1. Golomidova M. V., Sekacheva E. N. Urban Linguistic Landscape and Commercial Naming Practices. – Moscow: LAP Lambert Academic Publishing, 2022. – 176 p.
2. Shohamy E., Barni M., Ben-Rafael E. Linguistic Landscape in the Contemporary City. – Berlin: Springer, 2020. – 324 p.
3. Казнина Е.А. Современная ономастическая терминология: проблема понимания и перспективы развития // Верхневолжский филологический вестник. - 2022. - №3 (30) – С. 55-62.
4. Мадиева Г. Б., Рысберген Қ. Қ. Қазақ ономастикасының өзекті мәселелері. – Алматы: ҚР БҒМ Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, 2019. – 236 б.
5. Абдрахманова Ж. Эргонимдердің қалалық ономастикадағы орны // *Тілтаным*. – 2016. – №4. – Б. 47–54. 343-897-1-SM
6. Медетбекова П. Т., Әлмахан Ж. Е. Алматы қаласындағы қазақ-ағылшын тілдеріндегі эргонимдердің лексикалық ерекшеліктері // Ш. Уәлиханов атындағы КУ хабаршысы. Филология сериясы. – 2021. – №3. – Б. 19–27.
7. Rysbergen K. K., Pashan D. M., Sadyk D. A. Problems of Commercialisation and Commercial Nomination of the Urbanonymic Landscape of Almaty // RUDN Journal of Language Studies, Semiotics and Semantics. – 2024. – Vol. 15, No. 2. – P. 520–543.
8. Рысберген Қ. Қ., Садық Д. А., Рсалиева Н. Алматы қаласы ономастикалық кеңістігінің жаһандану жағдайындағы тілдік-әлеуметтік даму үдерісі // Аль-Фараби. – 2021. – №4(76). – Б. 101–115.
9. Садык Д. А., Рысберген Қ. Қ. Қалалық ономастикадағы тілдік саясат және урбонимдік жүйе. – Алматы: Қазақ университеті, 2021. – 198 б.
10. Канафина З. Т., Шайбакова Д. Д. Коммуникативный потенциал коммерческих эргонимов церемониальной сферы // Вестник Карагандинского университета. – 2024. – №3(115). – С. 74–84.

11. Üstünova K. Naming Practices in Turkish Commercial Landscape: Cultural and Linguistic Trends // Journal of Language and Linguistic Studies. – 2021. – Vol. 17, № 3. – P. 1458–1473.
12. Kim H., Park S. Global–Local Dynamics in Korean Brand Naming: A Linguistic Landscape Approach // International Journal of Multilingualism. – 2022. – Vol. 19, № 4. – P. 512–529.
13. Çelik S. Hybrid Naming in Global Branding: A Study of Mixed-Language Commercial Names // Linguistics Vanguard. – 2022. – Vol. 8, Special Issue 1. – P. 233–248.

УДК 37.035:

# РОЛЬ АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА В ФОРМИРОВАНИИ ИСТОРИЧЕСКОЙ ПАМЯТИ МОЛОДЁЖИ В УСЛОВИЯХ ГЛОБАЛИЗАЦИИ

**Голубева Виктория Алексеевна**
*Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет, г. Уральск*

***Түйіндеме.*** *Бұл мақалада жаһандану дәуірінде қазақстандық жастардың тарихи жадысының дамуына ағылшын тілінің әсері егжей-тегжейлі қарастырылады. Автор ағылшын тілі сабақтарында ұлттық тарих пен мәдениет бойынша материалдарды пайдаланудың маңыздылығын, сондай-ақ шет тілінің Қазақстанның мәдени мұрасын халықаралық деңгейде насихаттаудағы рөлін атап өтеді. Онда ағылшын тілі ұлттық бірегейлікті нығайта алады және жастардың өз елінің тарихына деген қызығушылығын арттыра алады деген қорытынды жасалады.*

***Тірек сөздер:*** *ағылшын тілі, жастар, тарихи жады, жаһандану, ұлттық бірегейлік.*

Современная молодёжь живёт в быстро меняющемся мире, где культурные границы становятся всё более условными. То, что раньше было доступно только в книгах или кино, теперь ежедневно появляется в телефонах, социальных сетях и медиа-контенте. Английский язык занимает особое место в этой среде: он стал не только средством обучения и профессионального развития, но и языком, через который молодёжь воспринимает значительную часть мировой культуры. Именно поэтому тема влияния английского языка на историческую память становится актуальной. Молодые люди, погружённые в глобальный информационный поток, могут постепенно терять связь с собственными культурными корнями. Но если подойти к обучению английскому языку осознанно, он может стать не угрозой для национальной идентичности, а наоборот - инструментом её укрепления.

**1. Глобализация и восприятие национальной истории молодёжью**

Глобализация – это не только экономические процессы, но и культурное влияние. Молодёжь слушает англоязычную музыку, смотрит голливудские фильмы, читает зарубежные блоги, следует за западными трендами. Всё это способствует созданию у молодого человека ощущения «гражданина мира».

С одной стороны, это расширяет кругозор, даёт свободу выбора и вдохновляет на развитие. Но, с другой стороны постоянное присутствие иностранного контента может отодвигать на второй план интерес к родной истории и культуре. Учёные отмечают, что историческая память формируется не только через учебники, но и через личные впечатления, символы, образы, культурные продукты [1]. Когда молодёжь чаще

сталкивается с иностранными образами, чем с отечественными, у неё может снижаться чувство национальной принадлежности.

В этих условиях важно не запрещать иностранный контент, а научиться работать с ним так, чтобы он дополнял, а не вытеснял национальные смыслы. И здесь как раз возникает роль английского языка как посредника между глобальным и локальным.

**2. Потенциал английского языка в укреплении исторической памяти и идентичности**

На первый взгляд может показаться, что английский язык лишь усиливает влияние глобализации и международных культурных потоков. Однако при правильной педагогической работе иностранный язык становится окном не только в мир, но и в собственную историю. **Во-первых,** английский язык позволяет расширить способы подачи исторического материала. Например, ученики могут читать о Казахстане в англоязычных адаптированных текстах, участвовать в международных проектах, где нужно представить свою страну, или смотреть документальные фильмы о национальном наследии с английскими субтитрами. Это помогает молодёжи взглянуть на свою историю под другим углом и осознать, что она интересна и достойна изучения не только внутри страны. **Во-вторых,** знание английского языка позволяет молодым людям самим становиться «представителями Казахстана» в глобальном мире. Студенты всё чаще участвуют в международных конференциях, форумах, онлайн-кружках, где рассказывают о своих традициях, национальных героях, исторических событиях. Когда молодёжь обучается рассказывать о своей культуре на английском языке, она начинает глубже осознавать её ценность. **В-третьих,** английский язык помогает наладить диалог между культурами. Молодые люди сравнивают традиции Казахстана и англоязычных стран, находят сходства, различия, учатся уважать разнообразие. Это формирует зрелую гражданскую позицию, основанную на осознанном выборе, а не на пассивном потреблении контента.

**3. Дидактические возможности объединения истории и английского языка**

Методика преподавания английского языка позволяет органично включать историческую тематику в учебный процесс. Ниже приведены наиболее эффективные подходы:

**1. CLIL-подход (интегрированное обучение предмету и языку)**

CLIL-подход предполагает изучение истории Казахстана через английский язык. Это один из самых эффективных способов объедин содержание и язык.

**Примеры тем и материалов:**

**«The Silk Road and Kazakhstan»** - учащиеся читают короткие адаптированные тексты о торговых путях, товарах, караванах, затем выполняют задания типа *“Match the words”, “True/False”, “Describe the route”*.

**«The Nomadic Civilization»** - изучение слов «yurt», «tribe», «nomad», «steppe», просмотр короткого видео о кочевом образе жизни[2].

**«Great Battles in Kazakh History»** -знакомство с ключевыми событиями: Аңырақай шайқасы, жоңғар шапқыншылығы, личность Абылай хана.

**«Kazakhstan in the XX century»** - обсуждение индустриализации, репрессий, целинной кампании в формате простых текстов + мини-обсуждения.

**«Independence Day of Kazakhstan»** - работа с символами: флаг, герб, Астана, ключевые даты.

**Типы CLIL-заданий:**

-создание таймлайна (*timeline*) на английском:

-заполнение таблиц: *“Cause-Result”, “Event -Key figures”*;

-мини-эссе: *“Why is the Silk Road important?”*;

-групповое составление *mind map* «Kazakh Culture».

**2. Проектная деятельность**

Проекты развивают самостоятельность, умение работать с информацией и оформлять собственные идеи на английском языке.

**Примеры проектов:**

-Мини-альбомы «Historical Places of Kazakhstan» Ученики выбирают одно место (Түркістан, Мавзолей Ходжи Ахмеда Ясави, Бозок, Тамгалы, Байтирек) и делают англоязычный буклет: история, легенда, география, интересные факты.

-«Kazakh Heroes in English»Проекты о личностях: *Abylai Khan, Kerey and Zhanibek, Al-Farabi, Abai, Ybyrai Altynsarin, Rakhymzhan Koshkarbayev*. Можно создать мини-видео, постер, комикс или инфографику.

-Семейная история: «My Family History» Ученики берут интервью у старшего поколения и представляют историю своей семьи на английском языке. Это сильный инструмент формирования личной связи с историей [3].

-«Kazakhstan on the World Map» Проект о роли Казахстана в международных отношениях: EXPO-2017, ООН, спортивные достижения.

-«Traditional Kazakh Clothing» Создание коллажа или мини-показа (*"History Fashion Show"*), где каждая группа описывает элементы национальной одежды на английском.

3. Чтение и обсуждение исторических текстов

Чтение на английском - один из самых доступных способов изучать историю.

Примеры текстов и тем:

-"The Golden Man" (Алтын Адам) -обсуждение археологических находок;

-"The Kazakh Khanate"- происхождение ханства, первые ханы;

-"The Great Steppe Culture" -традиции, быт, национальные обычаи;

-"Kazakhstan's Independence"- ключевые даты, символы государства;

**-"The Baikonur Cosmodrome"** - роль Казахстана в космической истории мира.

**Упражнения после чтения:**

-вопросы на понимание: *"Why did this event happen?"*

-составление планов текста;

-пересказ в парах;

-обсуждение в формате *"Agree/Disagree"*;

-мини-эссе: *"What historical person would you like to meet?"*

**4. Сравнительная культурология.**

Ученики могут сравнивать праздники, традиции, образовательные системы разных стран. Это развивает критическое мышление и чувство уважения к собственным корням.

**5. Использование цифровых ресурсов.**

Интерактивные карты, виртуальные музеи, исторические хроники, видеоролики на английском языке делают процесс изучения истории интереснее и ближе молодёжи.

**4. Сравнительная культурология**

Этот метод позволяет понять, что каждая культура уникальна. Сравнение помогает молодёжи ценить собственные традиции [4].

**Примеры сравнений:**

**Праздники:** Наурыз vs. Christmas/Thanksgiving.

**Обряды:** Қазақтың бесікке салу, тұсаукесер vs. европейские семейные традиции.

**Традиционная одежда:** камзол, саукеле vs. kimono, sari, European dress.

**Музыкальные инструменты:** домбра vs. guitar, violin.

**Кухня:** бауырсақ, қазы, ет асу vs. итальянская или японская кухня.

**Гостеприимство и обычаи приёма гостей** в разных странах.

**Примеры заданий:**

-таблица *"Similarities – Differences"*;

-небольшое устное выступление *"Why this tradition is important to my culture"*;

-мини-дебаты: *"Is it important to keep traditions today?"*.

**5. Использование цифровых ресурсов**

Современная молодёжь легче воспринимает историю через визуальный и интерактивный контент. Цифровые ресурсы делают уроки яркими и живыми.

**1) Виртуальные музеи:**

Национальный музей РК -ученики смотрят экспонаты и описывают понравившиеся на английском. «Kazakhstan Virtual Museum»- можно сделать задание *“Find and describe one historical artifact”*.

**2) Интерактивные карты Google Maps:**

Задание: отметить 5 исторических мест Казахстана и кратко подписать их на английском.

**3) Видео на YouTube или TED-Ed:**

-истории о Шёлковом пути, -ролики о традициях, -документальные фильмы о кочевниках. После просмотра -обсуждение *“What new facts did you learn?”*.

**4) Онлайн-викторины и платформы:**

Kahoot, Quizlet, Wordwall - создание игр по темам *“Kazakh History Vocabulary”*, *“Historical Facts Quiz” [5]*.

**5) Создание собственного цифрового контента:**

-запись короткого видео: *“My favourite historical place in Kazakhstan”*;

-создание Canva-постеров об историческом событии;

-аудиозапись интервью с родственниками.

**Заключение**

Таким образом, английский язык в условиях глобализации играет двойную роль. С одной стороны, он является проводником современных культурных влияний, а с другой при правильном подходе может стать мощным инструментом сохранения и укрепления исторической памяти. Обучение английскому языку, включающее материалы о культуре и истории Казахстана, помогает молодёжи лучше понимать своё прошлое, уважать национальные традиции и осознавать свою роль в обществе. Английский язык открывает путь к международному общению, но в то же время позволяет молодым людям уверенно представлять свою культуру в глобальном мире. Именно поэтому его значение в формировании исторической памяти и идентичности молодёжи нельзя недооценивать.

**Список литературы**

1. Смокотин В. М. и др. Язык всемирного общения и этнокультурная идентичность: комплементарность в условиях глобализации. – 2011.
2. Назарбаев Н. А. Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания. – Астана, 2017.
3. Jenkins J. Global Englishes: A Resource Book for Students. – Routledge, 2015.
4. Coyle D., Hood P., Marsh D. CLIL: Content and Language Integrated Learning. – Cambridge: CUP, 2010.
5. Smith A. National Identity. – Penguin Books, 1991.

ӘОЖ 811.512.122’373.7

## Тотемдік атауларға қатысты фразеологизмдердің жасалуы

**Миров М.О**.
*филология ғылымдарының кандидаты, доцент*
*Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті*
**Лукпанова Ш.Б.**
*гуманитарлық ғылымдар магистрі*
*Ақтөбе қаласы, №84 ЖББОМ*

***Abstract*** *The article examines Kazakh phraseological units formed on the basis of totemic animal names. The research relies strictly on phraseological dictionaries and authoritative*

*linguistic sources. The semantic, cultural, and mythological motivations of stable expressions related to the images of wolf, horse, birds of prey, dog, and camel are analyzed. The study demonstrates that totemic worldview elements are preserved in the national linguistic consciousness through stable phraseological units functioning as carriers of ethnocultural information.*

***Keywords:*** *totemism, phraseology, Kazakh language, ethnolinguistics, linguistic worldview.*

***Резюме.*** *В статье рассматриваются фразеологические единицы казахского языка, образованные на основе тотемных наименований животных. Исследование опирается исключительно на данные фразеологических словарей и фундаментальные труды по лингвистике и этнокультурологии. Анализируются семантические и культурные мотивы устойчивых выражений, связанных с образами волка, лошади, хищных птиц, собаки и верблюда. Доказывается, что элементы тотемистического мировоззрения сохраняются в языке через устойчивые фразеологические конструкции.*

***Ключевые слова:*** *тотемизм, фразеология, казахский язык, этнокультура.*

Бүгінгі танда қазақ тіл білімінде фразеологизмдер ұлттық болмысты, этномәдени тәжірибені, тарихи сананы бейнелейтін күрделі тілдік бірліктер ретінде қарастырылатыны белгілі. Әсіресе, тотемдік атауларға қатысты қалыптасқан фразеологизмдер халықтың көне мифологиялық танымымен, архаикалық дүниетанымымен тікелей сабақтасатны мойындалған ақиқат.Тотемизм – адамзат мәдениетінің бастапқы кезеңдерінде қалыптасқан наным-сенімдер жүйесі. Белгілі- бір ру немесе тайпа өз тегін, қорғаушы рухын жануармен немесе табиғи нысанмен байланыстырып, оны киелі деп таныған. Бұл сенім жүйесі уақыт өте келе символдық сипат алып, тілдік бірліктердің, соның ішінде фразеологизмдердің қалыптасуына негіз болды. Тотемизм – адам мен табиғаттың өзіндік тұтастығын түсінудің тәсілі болды, оған сәйкес дүниедегінің барлығы туыстас, түп-тамыры бір, табиғатта ұлы айналым орын алған, сол себептен де, мифтік дүниетанымда тірі мен өлі арасында, адам мен жануар арасында бөліп тұратын құз жоқ. Табиғат құбылыстарында ұлы күш, құдірет бар деп ұғыну, оның өз заңдылығына сай дамуына, түрлі құбылыстар мен заттар мәніне қол сұқпау, көшпелілердің негізгі дүниетанымдық ұстындарының бірі болды. Тотемизм – бір тұстан алып қарағанда, адамзат қоғамының мүшелері, екінші жағынан, белгілі өсімдіктер немесе жануарлар, жансыз заттар арасында туыстық қатынас бар дейтін түсінік. Қысқасы, хайуанаттар мен өсімдіктердің, табиғат құбылыстары мен материалдық заттардың белгілі бір типіне ру-тайпалардың ата тегі, жарылқаушысы деп тану тотемизмдік белгі болып табылады. Біз бұл мақалада – қазақ тіліндегі тотемдік атауларға қатысты фразеологизмдердің жасалу жолдарын, семантикалық уәжін және этномәдени мазмұнын анықтауға тырысамыз. Сондықтан,тотемизм ұғымының ғылыми негіздерін сипаттауды,тотемдік фразеологизмдерді семантикалық тұрғыдан жіктеуді,нақты тілдік және фольклорлық мысалдар арқылы талдау жасауды алдымызға міндет еттік.Қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымы көне мифологиялық түсініктерге негізделген. Солардың бірі – тотемизм. Тотемдік таным белгілі бір жануарды этностың қорғаушысы, тегі немесе киелі символы ретінде қабылдаудан туындайды. Бұл ұғымдар уақыт өте келе мифологиялық сипатынан ажырап, тілдік жүйеде тұрақты құрылымдар түрінде сақталды.Тілдегі тотемдік танымның ең тұрақты көрінісі – фразеологизмдер. Себебі фразеологиялық бірліктер ғасырлар бойы қалыптасқан, мағынасы тұтас, этномәдени уәжі бар тілдік құрылымдар болып табылады. Тотемдік атауларға қатысты фразеологизмдерді талдау қазақ тілінің мәдени-танымдық табиғатын терең түсінуге мүмкіндік береді. Мақаланың мақсаты – қазақ тіліндегі тотемдік жануар атауларына негізделген фразеологизмдерді фразеологиялық сөздіктер деректері арқылы жүйелі түрде талдау, олардың семантикалық және этномәдени уәжін анықтау.Зерттеудің әдіснамалық негізі – лексикографиялық және семантикалық талдау.

Дереккөздер:


- Кеңесбаев І. *Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі*. Алматы: Ғылым, 2007.
- Болғанбаев Ә., Қалиев Ғ. *Қазіргі қазақ тілінің фразеологиясы*. Алматы: Ана тілі, 1997.
- Манкеева Ж. *Қазақ тіліндегі мәдени лексика*. Алматы: Ғылым, 2008.
- Сыздықова Р. *Қазақ әдеби тілінің тарихы*. Алматы: Ана тілі, 2009.


Әдістер:

1. Фразеологиялық талдау – сөздіктердегі тіркестердің тұрақтылығын, мағыналық тұтастығын анықтау.

2. Семантикалық талдау – тотемдік компоненттің (бөрі, жылқы, ит, т.б.) мағынасы мен қолдану аясы.

3. Этнолингвистикалық интерпретация – тіркестердегі мәдени, мифологиялық мәнді көрсету.

4. Салыстырмалы талдау – қазақ тіліндегі тотемдік тіркестерді басқа тілдермен салыстыру (қысқаша).

Бөрі (қасқыр) тотеміне қатысты фразеологизмдер. Қасқыр – түркі халықтарының мифологиялық санасында тектілік, еркіндік және жауынгерлік символы.

Семантикалық топтар:

- Қауіп-қатерді білдіретін: «бөрідей тию», «бөріге жем болу»
- Қорғансыздықты бейнелейтін: «бөрі көрген иттей»
- Қаталдық, әділдік символы: «бөрінің аузы жесе де қан, жемесе де қан»

Нақты фразеологизмдер:

1. Бөрідей тию – тұтқиылдан, аяусыз шабуыл жасау (Кеңесбаев, 2007, 78-б.).
2. Бөріге жем болу – қорғансыз қалып, опат болу (Болғанбаев, Қалиев, 1997, 112-б.).
3. Бөрі көрген иттей – қатты сескену, үрейлену (Кеңесбаев, 2007, 81-б.).
4. Бөрінің аузы жесе де қан, жемесе де қан – кінәлі күйде қалу (Кеңесбаев, 2007, 83-б.).
5. Бөрінің иісін сезу – қауіпті алдын ала тану, болжам жасау (Манкеева, 2008, 178-б.).

Этнолингвистикалық талдау: бөрі бейнесі қауіпті күштің, үстемдіктің символы ретінде көрінеді. Батырлық, қауіптілік, тектілік – негізгі мәдени уәжі.

Жылқы тотеміне қатысты фразеологизмдер

Семантикалық топтар:

- Әлеуметтік мәртебе: «ат жалын тартып міну», «ат кекілін кесісу»
- Шеберлік, икемділік: «ат құлағында ойнау», «ат үсті қарау»
- Құнды зат: «ат басындай алтын»

Нақты фразеологизмдер:

1. *Ат жалын тартып міну* – ер жету, азамат болу (Кеңесбаев, 2007, 45-б.).
2. *Ат кекілін кесісу* – біржола араздасу (Болғанбаев, Қалиев, 1997, 39-б.).
3. *Ат құлағында ойнау* – аса шебер болу (Кеңесбаев, 2007, 47-б.).
4. *Ат басындай алтын* – аса қымбат (Жанпейісов, 1996, 118-б.).
5. *Ат үсті қарау* – үстірт қарау (Кеңесбаев, 2007, 52-б.).

Этнолингвистикалық талдау: жылқының тотемдік маңызы – еркіндік, батырлық, әлеуметтік мәртебе.

Құс (қыран, бүркіт) тотеміне қатысты фразеологизмдер

Нақты фразеологизмдер:

1. Қырандай қомдану – әрекетке дайындалу (Кеңесбаев, 2007, 201-б.).
2. Қыран бүркіттей шүйілу – батыл шабуыл жасау (Сыздықова, 2009, 156-б.).
3. Құс қанатындай – өте жеңіл (Болғанбаев, Қалиев, 1997, 214-б.).
4. Құстай ұшу – тез кету (Кеңесбаев, 2007, 205-б.).

Этнолингвистикалық талдау: биіктік, ерлік, билік символы

Ит тотеміне қатысты фразеологизмдер

Нақты фразеологизмдер:

1. Ит жанды – төзімді (Манкеева, 2008, 143-б.).
2. Ит өлген жер – алыс, қиян шет (Кеңесбаев, 2007, 312-б.).
3. Иттің баласы – жек көру (Болғанбаев, Қалиев, 1997, 198-б.).
4. Ит қорлық – ауыр қорлық (Кеңесбаев, 2007, 315-б.).

Этнолингвистикалық талдау**:** ит бейнесі теріс мінез бен қауіптілік ұғымымен байланысты.

Түйе тотеміне қатысты фразеологизмдер

Нақты фразеологизмдер:

1. Түйе үстінен сирақ үйту – ашкөздік (Болғанбаев, Қалиев, 1997, 267-б.).
2. Түймедейді түйедей ету – асыра сілтеу (Кеңесбаев, 2007, 356-б.).
3. Нар тәуекел – үлкен, батыл тәуекел (Манкеева, 2008, 201-б.).

Этнолингвистикалық талдау: шыдамдылық, қанағаттылық символы.

Салыстырмалы талдау

| Тотем | Қазақ тіліндегі фразеологизм | Орыс тіліндегі эквивалент |
|---|---|---|
| Бөрі | Бөрідей тию | кидаться как волк |
| Жылқы | Ат құлағында ойнау | ездить как лошадь |
| Құс | Құс қанатындай | легкий как перо |
| Ит | Ит жанды | терпеливый как пес |
| Түйе | Түймедейді түйедей ету | раздувать из мухи слона |

Қорытынды.Тотемдік фразеологизмдер этностың көне дүниетанымының тілдік көрінісі болып табылады.

- Бөрі – қауіптілік, батырлық
- Жылқы – еркіндік, мәртебе
- Құс – биіктік, ерлік
- Ит – төзімділік, қауіптілік
- Түйе – шыдамдылық

Бұл тіркестер қазақ тілінің мәдени-танымдық әлеуетін көрсетеді, ұлттық дәстүр мен тілдік сана сақталады.

## Пайдаланылған әдебиеттер


1. Кеңесбаев, І. *Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі*. Алматы: Ғылым, 2007.
2. Болғанбаев, Ә., Қалиев, Ғ. *Қазіргі қазақ тілінің фразеологиясы*. Алматы: Ана тілі, 1997.
3. Манкеева, Ж. *Қазақ тіліндегі мәдени лексика*. Алматы: Ғылым, 2008.
4. Сыздықова, Р. *Қазақ әдеби тілінің тарихы*. Алматы: Ана тілі, 2009.
5. Жанпейісов, Е. *Қазақ прозасының тілі*. Алматы: Ғылым, 1996.
6. Қондыбай, М. *Мифология: дәстүр және таным*. Алматы: Дайк-Пресс, 2004.
7. Фрэзер, Дж. *Золотая ветвь*. М.: Политиздат, 1980.
8. Тайлор, Э. *Primitive Culture*. Moscow: Politizdat, 1989.

ӘОЖ 16.21.51

# АС ӘЗІРЛЕУ ЕТІСТІКТЕРІНІҢ СЕМАНТИКАСЫ МЕН ПРАГМАТИКАСЫ: ӘР ТҮРЛІ ТІЛДЕРДЕГІ ЕТІСТІКТЕРДІ САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ

**С.Т. Айтхожаева**
*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 2-курс докторанты, Алматы қ.*

***Резюме.*** *В статье исследуется прагмалингвистическая характеристика глаголов приготовления пищи. Анализируются значения глаголов варить, жарить, кипятить, перемешивать и других, их употребление в процессе приготовления пищи, а также то, как каждый глагол интерпретируется в социальном, культурном и психологическом контексте. Глаголы приготовления пищи, раскрывая прагматические и культурные аспекты языка, демонстрируют взаимосвязь кулинарных традиций в обществе.*

***Ключевые слова:*** *прагмалингвистика, семантика, кулинарный дискурс, глагол, языковая прагматика, семантическая структура, прагматическое значение.*

Әр тілде ас әзірлеуге қатысты нұсқауларды берудің ерекше дәстүрлері мен тәсілдері бар, бұл рецепт мәтіндерін талдауды зерттеудің маңызды саласына айналдырады. Қолданбалы лингвистиканың бір саласы саналатын аспаздық лингвистика осы мәтіндерді талдауға және түсінуге бағытталған. Бұл сала – пәнаралық және морфология, синтаксис, семантика және прагматика сияқты әртүрлі лингвистикалық салаларды қамтиды. Тіл мен ас/тағам әр халықтың мәдениетін беру құралы ретінде қызмет етеді. «Аспаздық» (culinary) сөзі грек тілінен шыққан және «пісіру» дегенді білдіреді [1]. Ас әзірлеу мәдени дәстүрлерді қалыптастыру үдерісіне байланысты. Осылайша, аспаздық тәжірибені тамақ арқылы мәдениетті зерттеу әдісі ретінде қарастыруға болады.

Тағам тілі немесе аспаздық тіл әртүрлі грамматикалық құрылымдар мен үлгілерге бай. Сонымен қатар, ол синтаксис пен лексикамен тығыз байланысты [2, 20]. Аспаздыққа қатысты сөздер мен мағыналарды семантика және прагматика сияқты лингвистиканың салалары арқылы талдауға болады.

Прагматика – тілдік формалар, олардың қолданушылары мен тілді қолданатын контекст арасындағы байланысты зерттейтін тіл білімінің негізгі саласы. Дж. Мэй (2001) прагматиканы әлеуметтік жағдайларға байланысты орындылыққа баса назар аудара отырып, тілдің қарым-қатынаста қолданылуын зерттеу ретінде анықтайды [3]. Сол сияқты, Д. Кэмерон (2001) прагматиканы тілдің нақты әлемдегі жағдайларда сөзбе-сөз түсіндіруден тыс мағынаны қалай жеткізетінін зерттеу ретінде қарастырады [4]. Х.М. Алакраш пен Е.С. Бустан (2020) сияқты зерттеушілер прагматика сөйлеушінің ниетіне де, тыңдаушының түсіндіруіне де назар аударып, мағынаның қаншалықты жиі көрсетілетінін және анық көрсетілмейтінін айқындалады деп тұжырымдайды [5].

Генеративті семантика етістіктердің лексикалық мағынасын екі түрге бөліп көрсетеді: кейбіреулері нәтижені білдіреді (bake – «пісіру»), басқалары әрекет ету тәсілі (stir – «араластыру») [6]. Комплементарлық гипотезаға сәйкес, бір етістік мағынаның екі компонентін бір уақытта кодтай алмайды.

Аспаздық етістіктердің прагматикасын зерттеу өте маңызды, өйткені олардың таңдауы тек пісіру әдісін ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік және мәдени аспектілерді де көрсетеді. Мысалы, ағылшын тілінде *roast* («қуыру») үдеріс пен нәтижені болжайды, ал орыс және қазақ тілдерінде мұндай айырмашылықтар сөзжасамдық элементтер немесе контекст арқылы беріледі.

Прагмалингвистикалық тұрғыдан аспаздық етістіктерді салыстырмалы-салғастырмалы талдау негізінде әртүрлі тілдік және мәдени контексттерде директивті сөйлеу әрекеттерінің қалай жұмыс істейтіні байқалады.

- Абылай хан мен Абай Құнанбаев туралы қысқаша ертегілер мен әңгімелер;
- Ұлттық мерекелерді ұйымдастыру және олардың мағынасын түсіндіру;
- Қазақтың ұлттық ойындарын оқу және орындау;
- Қолданбалы өнер элементтері мен ою-өрнек туралы сабақтар.

Бұл әдістер баланың тарихи жадысын, мәдени құндылықтарға қызығушылығын арттыруға бағытталған. Сонымен қатар балалардың логикалық ойлау, есте сақтау және қиялдау қабілеттерін дамытуға ықпал етеді.[2;51]

Ойын – мектеп жасына дейінгі балалар үшін ең тиімді оқу әдісі болып саналады. Педагогикалық-психологиялық қолдау ойын арқылы жүзеге асырылғанда, балалардың танымдық процестері белсенді дамиды.

Ойын түрлері:

- Рөлдік ойындар – балалар тарихи кейіпкерлердің рөлін ойнап, оқиғаларды қайта құрастырады.
- Логикалық ойындар – тапсырмаларды шешу, салыстыру, қорытынды жасау.
- Сурет және қолөнер арқылы ойын – ұлттық ою-өрнектерді жасау, тарихи көріністерді бейнелеу.
- Құрастыру және пазлдар – тарихи оқиғаларды, ұлттық символдарды жинақтау.

Ойын арқылы балалар тек қызығушылықтарын арттырып қана қоймай, өз бетінше ойлау, шешім қабылдау, шығармашылық және зерттеушілік дағдыларын дамытады.

Танымдық процестерді дамытуда педагогикалық-психологиялық қолдаудың тиімді әдістері:

Жеке және топтық жұмыс – баланың жеке қабілетін ескере отырып, оқыту;

Интерактивті тапсырмалар – заманауи технологияларды пайдалану;

Мотивациялық ынталандыру – тапсырманы орындаған кезде баланы мадақтау;

Кері байланыс – бала әрекетін бағалау және түзету;

Қызығушылықты сақтау – қызықты, бейнелі, практикалық тапсырмалар ұсыну.

Бұл әдістер баланың зейінін, есте сақтауын, ойлауын және шығармашылық қабілетін жүйелі түрде дамытуға бағытталған.

Баланың танымдық дамуы педагог пен ата-ананың бірлескен жұмысына тәуелді. Педагог баланың танымдық белсенділігін ұйымдастырып, ұлттық мазмұнды меңгеруге бағыт береді. Ата-ана үйде қосымша қолдау көрсетіп, баланың тәжірибесін кеңейтеді.

Ата-аналар мен педагогтар:

- Бірлескен іс-шаралар ұйымдастырады;
- Ұлттық ойындар мен салт-дәстүрді үйде қайталап көрсетуге қатысады;
- Баланың қызығушылығын бақылап, дұрыс бағыт береді;
- Танымдық тапсырмаларды қызықты етіп, мотивациясын арттырады.

Бұл бірлескен әрекет балалардың когнитивті дамуын жеделдетеді және ұлттық санасын қалыптастырады.[3;315]

Мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық белсенділігін арттыру үшін заманауи педагогикалық әдістерді қолдану қажет. Инновациялық әдістер балалардың ойлау қабілетін, қиялын, есте сақтауын және зерттеушілік белсенділігін дамытудың тиімді тәсілі болып саналады.

Инновациялық әдістерге мыналар жатады:

Проектілік әдіс – балалар шағын зерттеу жұмыстарын орындайды, тәжірибелік тапсырмалар арқылы қорытынды шығарады. Мысалы, ұлттық ойындар немесе дәстүрлерді зерттеу жобасы балаларға тарихи және мәдени ақпаратты қызықты форматта меңгеруге мүмкіндік береді.

Интерактивті ойындар мен тапсырмалар – педагогтар цифрлық немесе дәстүрлі көрнекі құралдар арқылы балаларға тапсырмалар береді. Ойын арқылы бала белсенді түрде ақпарат қабылдайды және оны іс жүзінде қолданады.

Диалогтық әдіс – сұрақ-жауап, пікірталас ұйымдастыру, балалардың ойларын тыңдау арқылы когнитивті қабілеттерді дамыту. Диалог барысында бала логикалық ойлау, салыстыру және қорытынды жасау дағдыларын меңгереді.

Сюжеттік-рольдік ойындар – балалар тарихи кейіпкерлердің немесе ұлттық дәстүрлердің рөлін ойнай отырып, ойлау, қиялдау және әлеуметтік дағдыларын жетілдіреді.

Педагогикалық-психологиялық қолдау тек теориялық негізде ғана емес, практикалық тұрғыдан да маңызды. Ол баланың жеке қабілеттерін ескере отырып, оқу процесін тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік береді. [4;98]

Практикалық ұсыныстар:

Сабақтар мен ойындарды баланың жас ерекшелігіне сай бейімдеу;

Ұлттық мазмұнды сабақтарға кіріктіру: ертегілер, әндер, ойындар, көркем шығармалар;

Танымдық тапсырмаларды ойын элементтерімен үйлестіру;

Баланың жетістіктерін тұрақты түрде бақылау және мадақтау;

Педагог пен ата-ана арасындағы үздіксіз ақпарат алмасу және бірлескен әрекет.

Бұл әдістер балалардың зейінін, есте сақтауын, ойлау қабілетін, қиялын және зерттеушілік белсенділігін тиімді түрде дамытуға мүмкіндік береді.

Ұлттық тарих пен мәдениет элементтерін мектепке дейінгі білім беру процесіне енгізу балалардың тарихи жадысын, ұлттық сана-сезімін және мәдени құндылықтарға деген қызығушылығын қалыптастырады.

Мысалы:

- Қазақтың дәстүрлі ойындары мен мерекелерін практикалық түрде көрсету;
- Ұлттық қолөнер және ою-өрнек арқылы шығармашылық қабілетті дамыту;
- Тарихи кейіпкерлер мен халық ертегілері арқылы моральдық және этикалық құндылықтарды үйрету;
- Мультимедиа құралдары арқылы тарихи орындар мен көріністерді таныстыру.

Бұл тәсілдер балалардың когнитивті дамуына әсер етіп қана қоймай, олардың мәдени тұрғыдан саналы тұлға болып өсуіне мүмкіндік береді.[5;256]

Мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық процестерін дамытуда педагогикалық-психологиялық қолдаудың тиімділігін зерттеу бірнеше перспективалық бағыттар бойынша жалғастырылуы мүмкін: ұлттық мазмұнды цифрлық платформалар арқылы оқытудың тиімділігін талдау; баланың жеке психологиялық ерекшеліктеріне бейімделген педагогикалық стратегияларды әзірлеу; ойын және зерттеу әдістерін интеграциялау арқылы когнитивті қабілеттерді арттыру; ата-ана мен педагог арасындағы өзара әрекеттестікті жетілдіру; баланың зияткерлік дамуын ұзақ мерзімді бақылау және нәтижелерін бағалау.

Бұл зерттеулер мектепке дейінгі білім беру жүйесін жаңғыртып, ұлттық тарих пен жадыны жаңарту бағытындағы білім беру сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық процестерін дамытуда педагогикалық-психологиялық қолдаудың тиімділігі айқын көрінеді. Ұлттық тарих пен

мәдениет элементтерін енгізу балалардың қызығушылығы мен зерттеушілік белсенділігін арттырады. Ойын, көрнекі құралдар, интерактивті тапсырмалар, жеке және топтық жұмыс – танымдық процестерді дамытудағы негізгі құралдар болып саналады.

Педагог пен ата-ананың үйлесімді әрекеті баланың когнитивті дамуына, ұлттық құндылықтарды меңгеруіне және шығармашылық қабілеттерін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Мектепке дейінгі кезеңде бұл қолдау баланың мектепке дайындығын, зияткерлік және эмоционалды тұрақтылығын қамтамасыз етеді.

Сонымен, мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық процестерін дамытудағы педагогикалық-психологиялық қолдау ұлттық тарих пен жадыны жаңарту бағытында маңызды рөл атқарады және балаларды заманауи білім беру талаптарына сай дамытуға мүмкіндік береді.[6;98]

**Әдебиеттер тізімі:**


1. Қоянбаев Ж., Қоянбаев Р. Педагогика**.** – Алматы: Фолиант, 2020. 255 бет
2. Выготский Л.С. Психология развития ребенка. – М.: Педагогика, 2018. с.51
3. Давыдов В.В. Развитие мышления младших детей**.** – М.: Просвещение, 2017. С.315
4. Смирнова Е.О. Психология дошкольника**.** – М.: МГППУ, 2021. с.98
5. Қазақстан Республикасы БҒМ. Мектепке дейінгі білім мазмұнының жаңартылған стандарты**.** – Астана, 2021. 256бет
6. Nurtayeva A., Sadykova G. Digital Learning Tools in Kazakh Preschool Education**.** – Journal of Educational Research, 2024. p.98



ӘОЖ 323.1(574)


## ҰЛТТЫҚ ТАРИХТЫ ҚАБЫЛДАУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ: ҰРПАҚТЫҢ ӘЛЕМДІК ЖӘНЕ ДӘСТҮРЛІ ҚҰНДЫЛЫҚТАР АРАҚАТЫНАСЫ


**Изтелеуова С.С**.
*тарих және география пәні мұғалімі*
*Батыс Қазақстан облысы Ақсай қаласының № 4 жалпы орта білім беретін мектебі*



***Аннотация.*** *В статье рассматриваются особенности восприятия национальной истории в контексте мировоззренческих различий между поколениями. Особое внимание уделяется анализу соотношения восприятия молодежью глобальных ценностей и ее отношения к традиционным национальным ценностям в условиях глобализации. В ходе исследования выявляются социально-культурные факторы, влияющие на формирование исторического сознания, а также роль образовательного пространства и воздействие медиасреды. Показано, каким образом ценностный разрыв между поколениями отражается на осмыслении национальной истории, и обоснована значимость интерпретации исторического наследия с использованием современных подходов. В статье подчеркивается необходимость гармонизации традиционных ценностей и глобальных тенденций в процессе укрепления национальной идентичности.*



***Ключевые слова:*** *национальная история, историческое сознание, преемственность поколений, система ценностей, традиционные ценности, глобальные ценности, глобализация.*


XXI ғасыр – ақпараттық ағындар, мәдени жаһандану және цифрлық коммуникациялар дәуірі. Бұл жағдайда ұлттық тарихты қабылдау үрдісі түбегейлі өзгерістерге ұшырап отыр. Жаңа ұрпақ тарихты тек оқулықтар арқылы ғана емес,

әлеуметтік желілер, мультимедиа контенті, ашық дереккөздер арқылы таниды, яғни YouTube, TikTok, Instagram, түрлі сайттар мен ойындар арқылы біледі. Сондықтан олар үшін ұлттық тарихты түсіну форматы да өзгерді. Жастар әлемдік мәдениетке ашық, бірақ сонымен бірге өз халқының дәстүрі мен өткенін білгісі келеді. Осы екі бағыттың үйлесуі – қазіргі тарихи сананың басты ерекшелігі.

Нәтижесінде ұлттық тарихи сананың қалыптасуы әлемдік құндылықтармен, жаңа мәдени кодтармен және жаһандық трендтермен ұштасып келеді.

**Ұлттық тарихты қабылдаудың қазіргі ерекшеліктері:**

1. Ақпараттық орта ықпалы

Жас буын тарихи ақпаратты интернеттен жылдам әрі әртүрлі көздерден алады. Бұл бір жағынан тарихи білімді кеңейтсе, екінші жағынан деректердің сенімділігіне қатысты сын көзқарас қалыптастыруды талап етеді. Көптеген жастар визуалды форматтағы қысқа контентке (видео, инфографика, тарихи подкаст) көбірек сенім артады. Қазіргі оқушылар тарихи оқиғаларды видеодан немесе қызықты анимациялардан көргенді ұнатады. **Мысалы:** – 5–7 минуттық YouTube видеодан «Алтын Орда қалай құрылды?» деген сұраққа жауап алуға болады. – TikTok-та «Қарақыпшақ Қобыланды» туралы 1 минуттық қысқа роликтер өте танымал.

Бұл формат тарихты жеңіл әрі есте қаларлық етеді, бірақ кейде ақпарат толық болмауы немесе бұрмалануы мүмкін. Сондықтан әр деректі тексеру маңызды.

2. Тарихи сананың көпқырлылығы

Қазіргі ұрпақ үшін ұлттық тарих тек хронология емес, мәдениет, өнер, этнография, тұлғатану, шежіре сияқты құрамдас бөліктермен толыққан кең ауқымды ұғымға айналып келеді. Тарих жеке тұлғалық тәжірибемен байланысты психологиялық деңгейде қабылданады: отбасылық тарих, ру-тайпалық жад, өңірлік мәдени ерекшеліктер маңызды орын алады. Жастар отбасылық тарихқа көбірек қызығады.

**Мысалы:** – Атамыздың Ұлы Отан соғысына қатысқанын білу – Әжеміздің киіз басу немесе кіреуке тоқуды үйренуі – Шежіре арқылы өз тегін тану

Бұл деректер арқылы оқушы ұлттық тарихты өзімен байланыстыра алады, сонда ол тек оқулықтағы мәтін емес, тірі тарихқа айналады.

3. Тарихи оқиғаларды қайта пайымдау үрдісі

Жас ұрпақ тарихи тұлғаларды заманауи құндылықтар тұрғысынан бағалауға бейім. Әділдік, еркіндік, адам құқықтары, гендерлік теңдік сияқты ұғымдар тарихи оқиғаларды интерпретациялауда өлшем құралына айналуда. Жастар белгілі батырларды, билерді немесе хандарды қазіргі құндылықтар тұрғысынан түсінуге тырысады.**Мысалы:** – *Абылай хан* – тек билеуші емес, дипломат, өйткені ол үш держава арасында тепе-тең саясат жүргізді. – *Әлия мен Мәншүк* – тек батыр қыздар емес, әйелдердің ерлік пен теңдік символы. – *Ыбырай Алтынсарин* – қазіргі педагогиканың негізін қалаған жаңашыл.

**Әлемдік және дәстүрлі құндылықтар арақатынасы:**

1. Жаһандық құндылықтардың күшеюі

Жаңа буын демократия, еркін пікір айту, технологиялық ашықтық, шығармашылық және инновация секілді жалпыадамзаттық құндылықтарды күнделікті тәжірибеде басшылыққа алады. Бұл ұстанымдар ұлттық тарихты қабылдауға да ықпал етеді: жастар тарихи үдерістерді әлемдік өркениет контекстінде түсінуге талпынады. **Мысалы:** – Робототехника үйірмесі – Ағылшын тілін меңгеру – Google немесе Wikipedia арқылы әлемдік ақпаратқа қол жеткізу – Әлем тарихымен салыстыра отырып қазақ тарихын оқу.

2. Дәстүрлі құндылықтардың трансформациясы

Ұлттық салт-дәстүрлер, тіл, әдет-ғұрып және мәдени кодтар жаһанданудың ықпалымен жаңа формада сақталуда. Мысалы, дәстүрлі жыр-дастандар цифрлық форматта насихатталуда, ұлттық киім – сән индустриясының элементіне айналып келеді. Бұл – дәстүрлі құндылықтардың жойылуы емес, қайта жаңғыруының жаңа сатысы. **Мысалы:** – Наурыз мерекесінде ұлттық ойындарды TikTok челленджі ретінде өткізу – Қазақтың ұлттық киімі заманауи стильде сән көрсетілімдерінде қолданылуы – «Айтыс» – Youtube-тағы ең

көп қаралатын ұлттық контенттердің бірі – Домбыра үйренуді мобильді қосымша арқылы меңгеру

3. Екі құндылық жүйесінің үйлесуі

Жастар арасында «қазақи модернизм» деп сипаттауға болатын құбылыс байқалады. Яғни ұлттық тарихи мұра әлемдік мәдени кеңістікпен біріге отырып, жаңа сипатқа ие болуда: – ұлттық тарихты зерттеу инновациялық технологиялар арқылы іске асады; – мәдени мұра заманауи коммуникациялық платформаларда танымалданады;– қазақтың тарихи тұлғалары әлемдік деңгейдегі тұлғалармен салыстырмалы талдау арқылы насихатталады. **Мысалы:** – Оқушылар 3D модельдеу арқылы қазақ батырларының қару-жарағын жасап, музейге ұсына алады. – Minecraft немесе Roblox ойындарында «Қазақ хандығы» карталарын құрастырады. – Ұлттық билерді заманауи хореографиямен біріктіріп орындайды (мысалы, TikTok-тағы «Қара жорға» тренді).

**Жаңа ұрпақтың тарихи санасын қалыптастырудағы мәселелер мен мүмкіндіктері:**

**Қиындықтар:**

- ақпараттық кеңістіктегі жалған тарихи мәліметтердің көбеюі;
- тарихи оқиғаларды үстірт және фрагменттік қабылдау;
- ұлттық тарихқа деген қызығушылықтың әркелкі болуы.
- интернеттегі жалған ақпараттың көп болуы;
- тарихи оқиғаларды тек қысқаша контент арқылы ғана білу;
- оқушылардың тарихқа қызығуы әртүрлі.

**Мүмкіндіктер:**

- цифрлық архивтер мен мұрағаттардың қолжетімділігі;
- тарихи тақырыптағы жаңа жанрлардың (поп-ғылым, подкасттар, веб-документалистика) дамуы;
- жастардың шығармашылықпен ойлайтын жаңа буынының пайда болуы.
- Онлайн кітапханалар мен ұлттық архивтердің ашық болуы;
- Көркем фильмдер: *«Томирис», «Ұлы дала таңы», «Көшпенділер»* арқылы тарихқа қызығушылықтың артуы;

- Тарихи подкасттар, анимациялар, ұлттық мультфильмдер (мысалы, «Ер Төстік», «Күлтегін»).

Жаңа ұрпақтың ұлттық тарихты қабылдауы – динамикалық, көпқырлы және жаһандық мәдени үрдістермен тығыз байланысты құбылыс. Әлемдік және дәстүрлі құндылықтардың арақатынасы қарсы қою емес, керісінше синтез ретінде көрінеді. Ұлттық тарихты қазіргі заман талабына сай түсіндіру – жас буынның тарихи санасын нығайтып, мәдени тамырын сақтай отырып, әлемдік өркениетке ашық қоғам қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Жаңа ұрпақ тарихты бұрынғыдан өзгеше қабылдайды: бір жағынан смартфон арқылы әлем мәдениетіне ашық, екінші жағынан ұлттық дәстүр мен тарихты жаңа формада таниды. Дәстүр мен модерннің үйлесуі – қазіргі қазақ жастарының мәдени бейнесі. Ұлттық тарихты заманауи әдіспен түсіндіру арқылы біз жас ұрпақтың тарихи санасын күшейтіп, өз елінің өткенін құрметтейтін, болашағына сенімді азамат тәрбиелей аламыз деп сенемін.

## Пайдаланған әдебиеттер


1.Абділдин Ж.М. *Тарих философиясы және тарихи сана*. – Алматы: Қазақ университеті, 2018.

2.Қойгелдиев М.К. *Ұлттық тарих және тарихи зерде мәселелері*. – Алматы: Ғылым, 2019.

3.Әлпейісов А., Тұрсынов Е. Ұрпақаралық мәдени алшақтық және құндылықтық трансформация // *Қоғам және дәуір*. – 2021. – №3. – 45–52-бб.

4.Хант П., Карр Э. *Что такое история?* – Москва: Прогресс, 2017.

5.Smith A.D. *National Identity*. – London: Penguin Books, 1991.

ӘОЖ:930.271:94

# АЛТЫН ОРДА ЖАЗБА МҰРАЛАРЫ ТІЛІНДЕГІ ӘЛЕМНІҢ ТІЛДІК БЕЙНЕСІ

**Бақытова Ш.А.**
*7М1701 - «Қазақ тілі мен әдебиеті» 2 курс магистранты*
**Аяпова Г.Б.,** ф.ғ.к., қауымд., профессор
*Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті*
*Атырау қ., Қазақстан*
Shahi0596@mail.ru

***Аннотация:*** *В статье рассматриваются языковые особенности письменных памятников Золотой Орды как важного источника средневековой тюркской культурной традиции. Анализ проводится на материале лексических единиц, устойчивых выражений и символических образов, отражающих мировоззрение и социальные представления эпохи. Особое внимание уделяется механизмам формирования языковой картины мира и тем культурным кодам, которые сохраняются в структуре древних текстов. Полученные результаты показывают, что письменные памятники Золотой Орды представляют собой целостную модель восприятия мира, фиксирующую особенности ментальности и духовного опыта средневекового тюркского общества.*

***Ключевые слова:*** *языковая картина мира, письменные памятники, Золотая Орда, лексика, символика, культурный код.*

***Annotation:*** *The article explores the linguistic features of the written heritage of the Golden Horde as a significant source of medieval Turkic cultural tradition. The analysis focuses on lexical units, set expressions and symbolic forms that reflect the worldview and social perceptions of the period. Special attention is paid to the mechanisms through which the linguistic picture of the world is shaped and to the cultural codes preserved within the structure of ancient texts. The findings demonstrate that the written monuments of the Golden Horde represent an integrated model of world perception, preserving key aspects of the mentality and spiritual experience of medieval Turkic society.*

***Keywords:*** ***l****inguistic worldview, written heritage, Golden Horde, lexicon, symbolism, cultural code.*

Алтын Орда дәуірінен сақталған жазба мұралар түркі халықтарының ортағасырлық тілдік, мәдени және рухани кеңістігін танытатын аса маңызды дереккөздердің қатарына жатады. Бұл кезеңдегі жазба дәстүр бір жағынан Қыпшақ тіліне негізделген түркілік тілдік үрдістерді жалғастырса, екінші жағынан кең аймақты қамтыған көпэтносты қоғамның өзара ықпалдастығын көрсетеді. Осындай күрделі тарихи негізде қалыптасқан мәтіндер әлемді танудың тілдік үлгілерін, дүние туралы түсініктердің тіл арқылы жинақталған көріністерін сақтап қалған. Алтын Орда мұраларында кездесетін ұғымдар, атаулар жүйесі, тұрақтанған бейнелі құрылымдар сол заман адамдарының табиғатқа, қоғамға, адам өміріне қатысты түсініктерін тұтастай қамтиды. Әлемді қабылдау тәсілдері көбіне тілдік құралдар арқылы беріліп, ұлтқа тән ойлау өрнегі төл сөз жүйесінде айқындалады. Ортағасырлық мәтіндердің ішкі құрылымынан байқалатын ұғымдық өрістер, символдық мәнге ие атаулар мен бейнелер сол дәуірдің дүниетанымдық болмысын тануға мүмкіндік береді. Алтын Орда кезеңіндегі жазба ескерткіштердің тілінде кездесетін дүниенің тілдік бейнесі тек лексикалық қабатпен шектелмей, тұрақты тіркестер жүйесінен, метафоралық модельдерден, мәдени-танымдық кодтардан көрініс табады. Осы тілдік-мәдени қабаттардың жинақталуы арқылы ортағасырлық түркі әлемінің рухани келбеті, оның құндылықтар жүйесі мен ойлау дағдысы анық байқалады. Сондықтан Алтын Орда

мұраларындағы тілдік бейнелерді қарастыру тарихи тілдік дамуды ғана емес, сол дәуірдегі қоғамдық сананың мазмұнын тануға мүмкіндік беретін маңызды бағыттардың бірі болып табылады.

Алтын Орда дәуірінен жеткен жазба мұраларды тілдік тұрғыдан қарастыруда түркітану ғылымының қалыптасқан бағыттары мен ондағы жетекші еңбектердің орны айрықша. Түркі жазба ескерткіштерінің табиғатын анықтауда академик Ә. Қайдардың тілдік деректерге этномәдени мазмұнды қатар қарастыру тәсілі кеңінен қолданылады. Ол тілдегі әрбір атаудың артында сол халықтың дүниені тану жолы, рухани тәжірибесі, мәдени коды жатқанын айта келіп, тілдік таңбалардың этнолингвистикалық әлеуетін ашудың маңызын көрсеткен еді [1, 42-б]. Бұл әдістемелік бағдар Алтын Орда мұраларындағы әлем бейнесін талдауда да негіз бола алады.

Тарихи-филологиялық зерттеулер ішінде жазба дәстүрдің құрылымдық сипаттарын қарастырған еңбектер маңызды рөл атқарады. Мәселен, Ә. Құрышжанов Орта ғасырлардағы қыпшақ тілінің жазба үлгілерін салыстыра талдап, олардың тілдік жүйесіндегі тұрақты элементтерді анықтаған болатын [2, 15-б]. Оның еңбектеріндегі материалдар Алтын Орда кезеңіндегі жазба дәстүрдің қалыптасу арналары мен нормаларын айқындауға мүмкіндік береді.

Тіл және мәдениет байланысын қарастыру бағыты қазақ тіл білімінде XX ғасырдың соңынан бастап жаңа серпін алғаны белгілі. Бұл тұрғыда Г. Смағұлованың концептілерді тілдік қолданыс арқылы айқындайтын еңбектері ерекше назар аудартады. Ғалым сөздің ішкі мағына қабаттарының мәдени-танымдық мазмұнмен тығыз байланысты ашылатынын көрсетіп, әлем бейнесінің тілдегі көрінісін жүйелі түрде талдаудың қажеттігін атап өтеді [3, 88-б]. Оның этномәдени талдауға негізделген тәсілдері Алтын Орда мәтіндеріндегі концептосфераны ашуда әдіснамалық тірек бола алады.

Ж. Манкеева түркі тілдерінің тарихи-мәдени кеңістігін қарастыруда этнолингвистикалық материалдарды кешенді талдау қажеттігін атап көрсетеді. Ол тілдік бейненің қалыптасуы белгілі бір дәуірдің рухани, символдық және заттық мәдениетімен тізбектеле байланысатынын дәлелдеп, лексикалық жүйеден байқалатын дүниетанымдық мазмұнды кешенді сипатта қарастырады [4, 53-б]. Манкееваның көзқарастары Алтын Орда мұраларындағы көркем бейнелер, тұрақты сөз өрнектері мен мәдени кодтарды түсіндіруде қолдануға қолайлы.

Алтын Орда кезеңі түркі халықтарының ортағасырлық тілдік және мәдени дамуы ерекше қарқын алған тарихи белес саналады. Бұл дәуірден сақталған жазба деректер сол уақыттағы қоғамдық өмірдің, көпэтносты ортаның және саяси құрылымның күрделі сипатын танытады. Мәтіндердің тілдік табиғатын айқындау үшін олардың пайда болған әлеуметтік негізін, жазба дәстүрдің қалыптасу арналары мен мәдени ықпалдардың ерекшелігін қатар қарастыру қажет. Алтын Орда мұралары тек тілдік фактілердің жиынтығы емес, сол заманның мәдени жадын сақтаған рухани кешен ретінде танылады.

Ортағасырлық қыпшақ жазба тілі Алтын Орда аумағында кең қолданылғандықтан, бұл дәуірде жазылған мәтіндерде қыпшақтық элементтердің басымдығы байқалады. Ғ. Айдаров түркі жазба ескерткіштерінің тарихи негізін сипаттай келе, тілдік нормалар мен жазба дәстүрдің қалыптасуы белгілі бір саяси және этномәдени ортаға тәуелді болатынын атап көрсетеді [5, 61-б]. Бұл пікір Алтын Орда мұраларын талдауда да өзекті, себебі әрбір мәтіннің құрылымында аймақтық ерекшеліктер мен әлеуметтік қолданысқа байланысты өзгерістер қатар көрінеді. Алтын Орда дәуіріндегі жазба тілдің негізгі тірегі ретінде қызмет еткен қыпшақ тілі көптеген шығармаларда тұрақты жүйелік сипат алған. Қ. Өмірәлиев ортағасырлық түркі мәтіндерінің тілдік құрылымын зерделей отырып, қыпшақтық жазба үрдістің ішкі жүйесін, оның дыбыстық, морфологиялық және сөз тудыру ерекшеліктерін нақты көрсеткен болатын [6, 104-б]. Ғалымның тұжырымдары Алтын Орда мұраларының тілдік жүйесін қалыптастырған негізгі арналарды айқындауға мүмкіндік береді.

Алтын Орда кезеңінің тілдік кеңістігі туралы түсінікті тереңдететін тағы бір бағыт – жазба мәтіндердегі мәдени-танымдық қабаттарды анықтау. Дәл осы аспектіні Т. Жанұзақов

тарихи антропонимдер мен этномәдени атауларды талдау барысында көрсетіп, ортағасырлық түркі қоғамындағы тілдік таңбалардың мәдени мазмұнмен өзара сабақтасатынын дәлелдейді [7, 89-б]. Бұл көзқарас Алтын Орда жазба мұраларындағы әлем бейнесін тануға зор мүмкіндік береді, өйткені мәтіннің тілдік құрылымында сол дәуірдегі әлеуметтік мәртебе, этникалық құрам, рухани құндылықтар көрініс табады.

Жалпы дәуір тілдік жүйелердің тоғысуымен ерекшеленеді. Парсы, араб және моңғол мәдениеттерінің ықпалы мәтіндердің сөздік құрамынан, жазылу дәстүрінен, терминологиялық қабатынан көрінеді. Алайда негізгі тілдік тірек түркілік сипатта сақталған. Бұл жағдай жазба дәстүрдің аймақтық қыруар мәдениеттермен өзара байланыса отырып дамығанын байқатады. Мәтіндердің құрылымынан көрінетін полилингвалды сипат сол заман қоғамының көпқабатты әлеуметтік болмысын көрсетеді. Алтын Орда жазба мұраларының тілдік табиғаты – тарихи дәуірдің мәдени-әлеуметтік контекстімен тығыз байланысты құбылыс. Оның ішкі жүйесі түркілік негізге сүйенсе де, көптілді мәдени кеңістіктің ықпалымен байып, жаңа сапалық деңгейге көтерілген. Мұраларды тілдік тұрғыдан қарастыру тек деректерді сипаттау емес, тұтас бір тарихи дәуірдің рухани әлемін тіл арқылы тану үдерісін білдіреді.

Әлемнің тілдік бейнесі белгілі бір халықтың тарихи танымы мен мәдени тәжірибесінің тілдік құралдар арқылы жинақталған көрінісі ретінде қалыптасады. Бұл ұғымды түсіндіруде тілдік бірліктердің құрылымы мен олардың семантикалық өрістері маңызды рөл атқарады. Әлемді тану барысында адам санасында орныққан ұғымдар, бейнелер және құндылықтар жүйесі тілдік таңбалар арқылы бекіп, ұрпақтан ұрпаққа жалғасатын мәдени білімге айналады. Мұндай дүниетанымдық құрылым табиғи тілдің лексикалық, семантикалық, бейнелі және символдық қабаттарынан айқын байқалады [8, 54-б]. Тілдік бейненің қалыптасуында лексика негізгі тін болып табылады. Лексикалық атаулар тарихи тәжірибе нәтижесінде жинақталған ұғымдардың көрінісі ретінде қызмет етеді. Әсіресе табиғат құбылыстары, әлеуметтік қатынастар, рухани-этикалық түсініктерге қатысты сөздер халықтың әлемді тануда жасаған категорияларын көрсетеді. Лексикалық жүйе тек номинативтік қызмет атқармай, белгілі бір мәдени контексті де қамтиды. Ұғымдық мазмұнның кеңеюі, метафоралануы немесе символдық мәнге айналуы осы қабатта жүзеге асады [9, 112-б].

Әлемнің тілдік бейнесін айқындайтын маңызды механизмдердің бірі – концептілер жүйесі. Концептілер табиғи тілдегі кумулятивтік ақпаратты жинақтап, дүниенің мәдени-танымдық моделі ретінде қызмет етеді. Әрбір концепт белгілі бір мәдени кодты тасымалдап, халықтың санасында орныққан символикалық мағыналармен толықтырылады. Олардың құрылымында эмоционалдық, бағалауыштық, прагматикалық сипаттар қатар көрініс табады. Концептілер өзара байланыса отырып, белгілі бір ұғымдық өрістерді қалыптастырады және сол арқылы дүниенің тұтас тілдік моделін ұйымдастырады. Метафоралық жүйе де әлем бейнесін қалыптастыруда маңызды орын алады. Метафора тек көркемдік тәсіл емес, танымдық модель жасаудың негізгі құралдарының бірі болып саналады. Ол абстрактілі ұғымдарды нақты бейнелер арқылы ұғындыруға мүмкіндік береді. Метафоралық құрылымдар белгілі бір халықтың ойлау ерекшелігін, құндылықтар жүйесін, мәдени дәстүрлерін бейнелейді. Мәселен, кеңістік пен уақытты түсіндіруде қолданылатын метафоралар сол халықтың әлемді бағдарлау тәсілін анық көрсетеді. Метафоралардың тұрақтануы нәтижесінде тілдің ішкі бейнелілік жүйесі қалыптасады [10, 76-б]. Символдық модельдер тілдік бейненің ең көне қабаттарының бірін құрайды. Символдар абстрактілі мәнді жинақтап, белгілі бір нышандық образды бекітеді. Тілдегі символдық құрылымдар көбінесе тарихи сана мен мифологиялық дүниетанымның ізі ретінде сақталады. Олардың семантикасы кең әрі көпқабатты болып келеді. Мысалы, табиғатқа қатысты символдар әлемді бейнелеудің архетиптік негізін құраса, әлеуметтік өмірге қатысты символдар қоғамның рухани бағдарларын көрсетеді. Символдар жүйесі тілдің мәдени жадымен тығыз байланысты болып, әлемді қабылдаудың терең құрылымдарын ашуға мүмкіндік береді.

Кесте 1. Әлемнің тілдік бейнесін қалыптастыратын механизмдердің құрылымдық сипаттамасы:

| Механизм түрі | Негізгі қызметі | Танымдық деңгейі | Тілдік көрінісі |
|---|---|---|---|
| Лексикалық жүйе | Номинативтік және мәдени ақпаратты бекіту | Ұғымдық | Атаулар, сөздік қор, лексикалық өрістер |
| Концептілер жүйесі | Мәдени білімді жинақтау, түсіндіру | Концептуалдық | Концепт өрістері, ассоциациялар |
| Метафоралық модельдер | Абстрактілі мәнді бейнелі формада беру | Танымдық–когнитивтік | Метафоралар, бейнелі салыстырулар |
| Символдық құрылымдар | Мәдени-рухани мәнді нышандық түрде бейнелеу | Архетиптік | Символдар, мифологиялық кодтар |

Осы механизмдердің өзара ықпалы нәтижесінде тілде күрделі дүниетанымдық жүйе қалыптасады. Тілдік құрылымдар адамның әлемді қабылдауын тек суреттеп қана қоймай, сол қабылдауды қалыптастыратын когнитивтік құрал ретінде де қызмет етеді. Сондықтан әлемнің тілдік бейнесі табиғи тілдің барлық қабаттарын қамтитын көпқұрылымды жүйе ретінде танылады. Оның мазмұны тарихи дәуірлердің, мәдени тәжірибелердің және қоғамдық қатынастардың өзгеруіне сәйкес байып, жаңарып отырады.

Алтын Орда дәуірінен жеткен жазба мұралар өз құрылымында сол кезеңнің дүниетанымдық моделін, мәдени ұғымдар жүйесін және әлеуметтік қатынастар жөніндегі түсініктерін сақтаған тілдік дереккөз болып табылады. Ортағасырлық шығармаларда кездесетін атаулар, байланысқан тіркестер мен бейнелі құрылымдар тілдік жүйенің сол уақыттағы қызметін ғана емес, қоғамның рухани бағдарларын көрсететін мәдени таңбаларды да айқын танытады. Мұндай жазба материалдарда әлемді қабылдаудың өзіндік моделі қалыптасып, әрбір лексема белгілі бір ұғымдық кеңістіктің бөлшегіне айналады [11, 74-б].

Жазба деректердің тілінде табиғи құбылыстарды, кеңістік пен уақытты, әлеуметтік ортаны білдіретін ұғымдар жиі кезігеді. Әсіресе кеңістік бағдарын сипаттайтын сөздер мен тұрақты құрылымдар дүниетанымның бағытын анықтауға мүмкіндік береді. Ортағасырлық мәтіндерде күн бағыттарын білдіру үшін қолданылған нышандар нақты географиялық қана емес, символдық бағдар да атқарған. Осындай тілдік тәсілдер адамның әлемді реттеу механизмін көрсетіп, айналаны танудың мәдени жолын айқындайды. Жеке лексемалардың мәндік өрістерінде жинақталған рухани мазмұн қоғамның табиғатқа, билікке, адамға қатысты түсініктерінен хабар береді [12, 58-б]. Әлеуметтік өмірге қатысты сөз өрістері де дүниетанымның маңызды бөлігін құрайды. Қоғам құрылымын білдіретін атаулар, қарым–қатынас түрлерін сипаттайтын сөздер әлеуметтік рөлдерді түсіндірудің тілдік тетігі ретінде қызмет атқарған. Осындай атауларда сол дәуірдегі қоғамдық иерархияның көрінісі, билікке қатысты ұғымдардың жүйеленген моделі сақталған. Сөздердің мағынасы көбіне символдық реңкпен ұштасып, тек номинативтік емес, мәдени–әлеуметтік қызмет те атқарған. Сондықтан жазба ескерткіштердің тілін талдау қоғамды танудың да сенімді тәсілі болып табылады.

Ортағасырлық мұралардан байқалатын ерекше қабаттың бірі – бейнелі қолданыстар жүйесі. Метафоралық құрылымдар сол дәуір адамның көзқарасын, абстрактілі ұғымдарға берген түсіндірмесін және рухани ізденісін көрсетеді. Уақытты табиғи циклмен байланыстыра бейнелеу немесе адам болмысын жан–жануарлар әлемінің мысалдары арқылы беру – сол мәдениеттің танымдық ерекшелігіне тән амалдар. Мұндай құрылымдар тек эстетикалық мақсатта емес, дүниенің тұтастығын түсіндірудің когнитивтік тәсілі ретінде қолданылған [13, 91-б]. Бұған қоса, ортағасырлық мәтіндерде жиі кездесетін символдық нышандар да арнайы назар аудартады. Әсіресе табиғат құбылыстарына қатысты нышандар әлемді мифологиялық мазмұнда түсіндіру дәстүрін сақтаған. Мұндай символдар

мағынасы жағынан көпқырлы болып келеді, әрі олардың қызметін түсіндіру үшін тек тілдік дерек емес, тарихи–мәдени контекст те қажет. Символдық таңбалар дүниенің иерархиялық құрылымын көрсетіп, адам мен табиғат арасындағы байланыс туралы түсінікті тереңдетеді [14, 67-б]. Жекелеген туындылардан келтірілген мысалдар лексемалардың ұғымдық өрісін анықтауға мүмкіндік береді. Қолданыстағы сөздер жиі әлеуметтік мәртебе, билік жүйесі, рухани ұғымдар төңірегінде шоғырланып, мәтіннің ішкі құрылымын анықтайды. Мұндай сөздер қатарындағы мағыналық байланыстар арқылы дәуірдің мәдени картасын қалпына келтіруге болады. Ттұрақты тіркестердің құрамындағы семантикалық реңктер жалпы дүниетанымдық категориялармен сабақтасып, белгілі бір символдық жүйені бейнелейді.

Кесте 2. Алтын Орда жазба мұраларындағы негізгі мағыналық өрістердің құрылымдық ерекшелігі:

| **Мағыналық өріс** | **Мәтіндегі қызметі** | **Танымдық мазмұны** | **Бейнелеу тәсілі** |
|---|---|---|---|
| Кеңістікке қатысты атаулар | Бағдар беру, қозғалыс бағытын белгілеу | Табиғи әлем мен рухани бағыт арасындағы байланыс | Кеңістік метафоралары, бағыттық нышандар |
| Әлеуметтік атаулар | Қоғамдық рөлдерді сипаттау, әлеуметтік құрылымды көрсету | Иерархиялық жүйені түсіндіру, билік бейнесі | Номинативтік атаулар, символдық реңктер |
| Рухани–этикалық ұғымдар | Құндылықтарды реттеу, адамдық қасиеттерді бағалау | Моральдық–рухани түсініктердің мәдени негізі | Метафоралар, тұрақты мағыналық модельдер |
| Табиғат құбылыстары | Әлемді түсіндірудің метафоралық негізі | Мифологиялық қабылдаудың қалдығы | Символдар, бейнелі салыстырулар |

Жазба деректерді мағыналық тұрғыдан саралау ортағасырлық түркі қоғамының мәдени ойлау жүйесін тануға мүмкіндік береді. Лексемалар мен тіркестердің ішкі байланысы сол дәуірдегі рухани дүниенің құрылымын айқын көрсетіп, әлемді қабылдаудың тілдік моделі арқылы тарихи санаға қол жеткізуге жол ашады. Сондықтан бұл бөлімде қарастырылған материалдар Алтын Орда мұраларының тілдік табиғатын тануға ғана емес, сол қоғамның дүниетанымдық ұстанымдарын анықтауға да мүмкіндік береді.

Алтын Орда дәуірінен жеткен жазба мұралардың тілдік жүйесін талдау олардың құрылымында сақталған дүниетанымдық үлгілердің қалың қабаттарын айқын көрсетеді. Лексикалық бірліктер мен бейнелі құрылымдарда жинақталған мағыналар сол кезеңнің рухани тәжірибесін, әлеуметтік қатынастар жөніндегі түсініктерін және табиғат құбылыстарын тану тәсілдерін толық сақтап қалғаны байқалды. Талдау барысында қарастырылған мағыналық өрістердің әрқайсысы белгілі бір мәдени жүктемеге ие екені анықталды, бұл тілдің тек коммуникациялық құрал ретінде ғана емес, тарихи–мәдени жадтың негізгі тасымалдаушысы ретіндегі рөлін айқындайды.

Мәтіндердегі кеңістікті білдіретін атаулар белгілі бір бағыттық бағдармен қатар, сол кезеңнің мәдени құндылықтарын да көрсететін символдық қызмет атқарғаны байқалды. Әлеуметтік өмірге қатысты сөздер қоғам құрылымын бейнелеудің тиімді тетігі ретінде көрініп, билік, мәртебе және жауапкершілік ұғымдарының қалыптасқан жүйесін нақты көрсетті. Рухани–этикалық мазмұндағы лексемаларда адамның ішкі әлеміне қатысты түсініктердің, ұжымдық құндылықтар мен моральдық өлшемдердің орныққан моделі сақталғаны анықталды. Бейнелі құрылымдардың табиғаты да кең көлемді танымдық мазмұнға негізделгені байқалды. Метафоралар мен символдық нышандар адамның әлемді бейнелеу қабілетін көрсетіп қана қоймай, сол қоғамға тән ұғымдық жіктеудің ішкі логикасын да танытты. Әсіресе табиғат құбылыстарын абстрактілі мәнмен

байланыстыратын символдар дүниені тұтастықта қабылдаудың ортағасырлық тәсілін ашуға мүмкіндік берді.

Алтын Орда жазба мұраларының тілдік табиғатын талдау олардың мәдени–танымдық мәнін терең ашуға мүмкіндік берді. Ортағасырлық жазба мәтіндерде сақталған лексикалық қабат, концептілер жүйесі, бейнелі құрылымдар мен символдық нышандар сол дәуірдің рухани және әлеуметтік әлемін жүйелі түрде көрсететіні дәлелденді. Әлемнің тілдік бейнесі бұл мұраларда тұтас мәдени модель ретінде көрініс тапқан және тілдік құрылымдар арқылы жинақталған тарихи жадтың маңызды бөлшегіне айналған. Тілдік деректерді саралай отырып, Алтын Орда қоғамына тән дүниені жіктеу тәсілдері, табиғатты бейнелеу дағдылары, әлеуметтік қатынастар құрылымы және рухани құндылықтар жүйесі анықталды. Мәтіндерде қолданылған атаулар мен бейнелі өрнектердің мағыналық тереңдігі олардың тек тілдік қызметпен шектелмей, мәдени кодтарды сақтаған әмбебап семиотикалық жүйе ретінде де қызмет атқаратынын көрсетті. Бұл өз кезегінде көне жазба мұраларды тек тілдік тұрғыдан емес, кешенді танымдық көзқараспен қарастырудың маңыздылығын айқындайды.

Қорытындысында, Алтын Орда кезеңінен жеткен мәтіндер сол дәуірдің ойлау өрнегін, құндылықтар бағдарын және әлемді түсіндірудің тарихи тәжірибесін нақты бейнелейтін тілдік куәлік ретінде танылды. Мұндай жазба мұралар түркі дүниесінің мәдени сабақтастығын сақтауда айрықша рөл атқарады және қазіргі түркітанудың ғылыми негізін кеңейтетін маңызды дереккөз болып табылады.

**Әдебиеттер тізімі:**


1. Қайдар Ә. Халық даналығы (қазақтың этнолингвистикалық сөздігі). – Алматы: Арыс, 2004. – 560 б.
2. Құрышжанов Ә. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. – Алматы: Ғылым, 1986. – 256 б.
3. Смағұлова Г. Қазақ тіліндегі эмоция, экспрессия және бағалау. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 230 б.
4. Манкеева Ж. Тіл және мәдениет: этнолингвистикалық ізденістер. – Алматы: Ғылым, 1997. – 280 б.
5. Айдаров Ғ. Орхон–Енисей жазба ескерткіштерінің тілі. – Алматы: Санат, 1995. – 320 б.
6. Өмірәлиев Қ. XIV–XV ғасырлардағы қазақ поэзиясының тілі. – Алматы: Ғылым, 1983. – 240 б.
7. Жанұзақов Т. Қазақ ономастикасы. – Алматы: Ғылым, 1982. – 216 б.
8. Қазақ тілінің семантикасы. – Алматы: Қазақ университеті, 2005. – 384 б.
9. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Ғылым, 2012. – 296 б.
10. Таным және тіл: жинақ. – Алматы: Арда, 2014. – 218 б.
11. Орта ғасырлардағы түркі дүниетанымы. – Алматы: Қазақ университеті, 2011. – 212 б.
12. Түркі жазба дәстүрінің тарихи негіздері. – Алматы: Білім, 2009. – 264 б.
13. Түркі әлемі: мәдени–танымдық модельдер. – Алматы: Жазушы, 2013. – 296 б.
14. Қазақ мәдениетінің архетиптері. – Алматы: Арда, 2015. – 240 б.

**УДК 93/94**

# КАЗАКСТАН КАК ЦЕНТР ТЮРКСКОГО КУЛЬТУРНО-ОБРАЗОВАТЕЛЬНОГО ПРОСТРАНСТВА: ИСТОРИЧЕСКИЕ ПРЕДПОСЫЛКИ И СОВРЕМЕННЫЕ РЕАЛИИ

**Абдрахманова Райса Лесовна,**
*кандидат исторических наук, ассоциированный профессор*
*Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет*
*г.Уральск, Казахстан*
*r.l.abdrahmanova@mail.ru*

**Түйіндеме.** Мақалада түркі кеңістігіндегі мәдени-білім беру байланыстарының тарихи сабақтастығы сараланып, Қазақстанның түркі мәдени кеңістігінің орталығы ретінде қалыптасуының негізгі алғышарттары айқындалады. Сонымен қатар тарихи жадты жаңғырту және мәдени бірегейлікті нығайту мақсатында түркі мұрасын ұлттық білім беру жүйесіне енгізу мәселелері қарастырылады.

**Тірек сөздер.** Қазақстан, түркі әлемі, мәдени-білім беру ынтымақтастығы, түркі интеграциясы, бірлік, тіл, дәстүрлер.

Вступление Казахстана на путь независимого развития и установления дипломатических отношений с другими странами стимулирует повышение внимания исследователей к проблемам сотрудничества нашей Республики с субъектами мирового сообщества, и прежде всего с тюркскими государствами. И в вопросах взаимодействия с тюркскими государствами Казахстан занимает активную позицию. Лидирующее значение для Казахстана имеет сближение со странами тюркского мира - Турцией, Кыргызстаном, Узбекистаном, Туркменистаном, Азербайджаном. Основой тесных взаимоотношений с этими странами является языковое и конфессиональное родство, схожесть исторического и культурного наследия, а также геополитические, геоэкономическими и культурно-духовные причины.

Как отмечает Президент Республики Казахстан К.К.Токаев, Казахстан является землей отцов Тюркского мира, поэтому наша страна придает особое значение развитию всестороннего взаимодействия с тюркскими государствами. Казахстан заинтересован в дальнейшем укреплении нашего сотрудничества и выведении его на новый уровень [1].

Систематическое осмысление и изучение традиций культурных взаимодействий тюркоязычных стран, особенности их влияния друг на друга, взаимопонимание и обмен является актуальным и практически значимым прежде всего в культурно-образовательном пространстве.

В целом, вопросы тюркской интеграции имеют исторические корни. Сторонники интеграции – это, прежде всего, сами тюркские народы, которые даже на генетическом уровне помнят общее происхождение и получают дополнительные импульсы родства в языке, культуре, обычаях, традициях и музыке.

В исторической ретроспективе первым сторонником тюркской интеграции надо признать Исмаила Гаспаралы. В издаваемой им с 1883 года газете «Терджиман» он пропагандирует идеи тюркского единства. Кроме этого, Гаспаралы был основоположником течения «джадидизм», которое в одном из своих аспектов включало и выраженный импульс к тюркской интеграции.

Активным сторонником тюркской интеграции и, по сути, соратником Гаспаралы был выдающийся казахский политический деятель Салимгерей Жантурин. Его теоретическим вкладом в идею тюркской интеграции стал изданный в Уфе в 1911 году словарь терминов «Лугат», в котором были представлены арабские и персидские слова, вошедшие в тюркский язык. Салимгерей Жантурин стал одним из организаторов

Всероссийских съездов мусульман. Так на Третьем Всероссийский съезд мусульман было принято решение по вопросам образования, состоявшее из 33 пунктов. Был рассмотрен вопрос об открытии начальных и средних школ для детей мусульман во всех населенных пунктах, об обучении их на родном языке с использованием арабской графики. Согласно царскому указу от 3 июня 1907 года, было запрещено выбирать в Думу депутата от Туркестанского края, и Салимгерей Жантурин принимает решение отдать часть своих земельных участков в Уфе Мустафе Шокаю, студенту Санкт-Петербургского университета, чтобы он, как землевладелец, мог принять участие в выборах [2].

Значительную роль в деле тюркской интеграции в начале XX века в условиях царской России сыграли также Ахмед бек Агаоглу; Габдрешит Ибрагимов; Али-Мардан бек Топчубашев; Муса Бигеев; ШахихайдарСыртланов; Садри Максуди и другие [3, 125].

Теоретическую основу пантюркизма впервые обозначил в своей работе «Три вида политики» Юсуф Акчура. В ней известный тюркский политический деятель сопоставляет три вида политики, инициируемой вТурецкой Республике: османизм, исламизм и тюркизм, отдавая предпочтение последнему. Его идеи развил позднее Али бек Гусейнзаде, который «сформулировал три принципа, необходимых для выживания и прогресса народа: тюркизм, исламизм и европеизация. По его словам, «этот путь означает, что мы должны быть воодушевлены тюркскими чувствами, верить в ислам и должны обогащать себя плодами современной европейской цивилизации» [4, 51].

В первые годы после Октябрьской революции в России идеи тюркизма еще некоторое время достаточно активно пропагандируются. В этом смысле большое значение имел Первый тюркологический съезд, состоявшийся в 1926 году в Баку, который сыграл особую роль в распространении идеи тюркского единства, и в судьбе самих тюркологов 1920-1930-ых годов.

Если говорить о вкладе тюркологов того времени в идею тюркского единства, одним из первых надо назвать имя Халид-Саида Ходжаева. Его вклад в тюркологию трудно переоценить. Прежде всего, это работа «Сравнительная морфология османского, узбекского и казахского языков», опубликованная в 1926 году на турецком языке [3,126].

Вклад в идею тюркского единства внес и другой выдающийся политический деятель тюркского мира Санжар Асфендияров. Он часто встречался с представителями зарубежного Востока и на практике пытался проводить идею тюркской интеграции [5, 158].

В Казахстане самым ярким сторонником идеи тюркского единства был Мустафа Шокай. Уже в 1914-1916 годах, будучи секретарем мусульманской фракции и депутатом IV Государственной думы, он выступает с позиций всех тюркских народов, находившихся в колониальной зависимости. В 1917 году он начинает издание в Ташкенте газеты «Бірлік туы», где провозглашает идею независимости всех тюркоязычных народов. В апреле того же года в Ташкенте проходит съезд общественных организаций Туркестанского края, на котором создается Туркестанский Национальный Совет, а его председателем становится М. Шокай. В ноябре этого года создается в Коканде новое государство – Туркестанская автономия, в котором Шокай был вначале министром иностранных дел, затем – председателем правительства. В годы эмиграции М. Шокай написал немало трудов, посвященных Туркестану и тюркскому единству [6, 99].

Таким образом, проведенный выше анализ позволил сделать вывод о том, что идея тюркской интеграции в современном формате имеет, по меньшей мере, полуторавековую историю. После обретения независимости и появления новыхтюркских государств идея тюркской интеграции обрела новый смысл и импульсы. Была создана полнокровная международная организация – Тюркский совет, который получил статус наблюдателя в Совете безопасности ООН, а затем Секретариат ССТГ, ТюркПА, Тюрксой, Тюркская академия, Совет аксакалов все эти организации сыграли важную роль в становлении организационных структур тюркской интеграции.

В процессе построения многосторонних отношений с тюркоязычными государствами культурные контакты играют важное значение, хотя не являются доминирующими.

Во-первых, если говорить о культурных связей Казахстана с Турецкой Республикой, то начало контактам было положено подписанием в мае 1992 г. правительствами двух государств Соглашения о сотрудничестве в области культуры, науки, образования и спорта [7, 175].

В начале 90-х гг. Турция придавала огромное значение информационному освещению своих проектов, связанных с тюркскими республиками. Важным этапом стало проведение совместных праздничных мероприятий. В апреле 1995 г. прошли мероприятия, посвященные 150-летию Абая в Анкаре, Стамбуле, Салихлы, Измире с участием делегации из Казахстана. Среди проектов, предлагаемых Турецкой Республикой, особую заинтересованность Казахстан проявил к подготовке специалистов в области культуры, а также планам по реставрации мавзолея Ходжи Ахмета Яссави.

В Алматы открыт Турецкий культурный центр, при нем функционирует библиотека, работают курсы по обучению турецкому языку. Также в центре могут предоставить информацию об обучении в Турецкой Республике, о государственной системе, истории и культурных традициях Турции.

Что касается культурных связи Казахстана с Азербайджаном то их объединяет общая история и стратегия взаимовыгодного партнерства в будущем. В целях развития культурных связей в 1993 году в Баку создано общество дружбы «Азербайджан-Казахстан». Под эгидой Общества дружбы известный кинорежиссер Азербайджана Октай Миркасимов снял документальный фильм «Тяжелые годы... Хорошее счастье» [8].

Согласно программе Министерства культуры двух стран проводятся Дни культуры Казахстана в Азербайджанской Республике и Дни культуры Азербайджана в Казахстане.

Азербайджанский ученый Муса Гасымлы уделяет внимание вопросам научно-образовательных и культурных связей с Казахстаном и Центральной Азии. Исследуя культурные связи, автор делает правильный вывод о том, что расширение культурных связей оказывает положительное влияние на политические взаимоотношения государств. Он пишет: «Культурные связи тюркских народов Центральной Азии и Азербайджана имеют глубокие корни, подтверждая общность происхождения, религии и, соответственно, схожесть языка и, частично, обычаев, параллели исторического развития и исторических судеб» [9,112]. Из этого следует, что необходимо дать новый импульс дальнейшему углублению отношений между двумя странами в этой области.

Не менее важны культурные связи между Узбекистаном и Казахстаном. Так, мастера из Узбекистана регулярно участвуют в проводимой в Алматы Центральноазиатской выставке-ярмарке ремесленников. Узбекские кинематографисты демонстрируют свои художественные фильмы на конкурсных показах кинофестивалей, проводимых в Казахстане. В Узбекистане насчитывается более 100 казахских национально-фольклорных и эстрадных коллективов.

Следующий важный партнер в сфере культурно-духовного сотрудничества это Кыргызстан. Так, в рамках официального визита президента Казахстана Касым-Жомарта Токаева в Кыргызстан особое внимание было так же уделено вопросам культурного сотрудничества между двумя братскими странами. В Бишкеке Касым-Жомарт Токаев и Садыр Жапаров приняли участие в церемонии открытия памятника выдающемуся казахскому поэту и просветителю Абаю Кунанбаеву на центральной аллее Театрального сквера.

Важным было и то что, в 2021 году в Бишкеке прошли дни культуры Казахстана [10]. А в 2022-м в честь юбилея, 30-летия установлению дипломатических отношений между двумя братскими государствами, в столице Казахстана и других городах прошли дни культуры Кыргызстана.

Таким образом, анализ вопросов культурного сотрудничества позволяет сделать вывод не только о важности культурного сотрудничества в общем контексте взаимоотношений Казахстана и тюркских государств, но и его больших перспективах развития.

Сотрудничество в образовательной сфере - основной фактор успеха партнерства в будущем, и в сфере данного сотрудничества Казахстан, также, проявляет большую инициативу. Стратегически важным является формирование общего культурно-просветительского пространства считает Президент страны К.К. [11].

Так в начале 1990-х годов президенты Казахстана и Турции подписали договор о сотрудничестве в сферах образования и науки, реализовали проект, в рамках которого казахстанская молодежь проходила обучение в высших учебных заведениях Турции. В апреле 1991 г. был открыт первый в тюркоязычном мире Международный Казахско-Турецкий университет. В 1992-1995 гг. в городах Казахстана открылись 25 казахско-турецких лицеев и одна начальная школа.

Международный турецко-казахский университет имени Ходжи Ахмета Яссави, также был создан в соответствии с межправительственным соглашением между Казахстаном и Турцией 31 октября 1992 года. С момента своего создания он остается одним из новаторских и наиболее значимых элементов казахстанско-турецкого сотрудничества в образовательной и культурной сферах. Вместе с тем, стоит отметить, что Казахстан сегодня - единственная страна в Центральной Азии, где находится филиал Института Юнуса Эмре (является филиалом Фонда Юнуса Эмре).

Что касается Казахстана и Узбекистана, между научными и учебными заведениями двух стран прямые взаимоотношения в области обмена учёными, преподавателями и студентами. В частности, представители обеих стран принимают участие в различных международных конференциях, проводимых в Узбекистане и в Казахстане. В частности, многие ученые выступали с докладами на конференциях и читают лекции в ведущих вузах Казахстана – таких, как Евразийский университет им. Л.Н. Гумилёва, Казахский национальный университет им. Аль-Фараби.

В 2007 году между Министерством культуры и информации Республики Казахстан и Агентством «Узархив» при Кабинете Министров Республики Узбекистан заключено Соглашение о сотрудничестве в области архивного дела. При этом, в ходе научных командировок (2013-2015 гг.) Национальным центром археографии и источниковедения под руководством доктора исторических наук, профессора Тулибаевой Ж. М. был изучен Рукописный фонд Института востоковедения Академии наук Республики Узбекистан. В итоге были выявлены источники по древней истории Казахстана, которые содержат ценные сведения по истории формирования тюркских народов. На их основе подготовлен сборник архивных материалов «История Казахстана в письменных памятниках XV-XIX веков».

**Қорытынды.** Қорытындылай келе, қазақ және ағылшын тілдеріндегі етістіктің морфологиялық құрылымы арасындағы түбегейлі айырмашылықтар анықталды. Қазақ тілі агглютинативті, жоғары синтетикалық сипатқа ие болғандықтан, етістік формалары бір морфологиялық құралмен (конъюгациялармен) біріктірілген көпжақты грамматикалық категорияларды береді. Әрбір қосылыстың өзіндік мәні бар және бір-біріне параллель қолданылады, бұл сөз формасының құрылымдық күрделілігін арттырады. Екінші жағынан, ағылшын тілі салғастырмалы түрде аналитикалық болып табылады және етістік формалары аз ғана өзгерістерге ұшырайды; негізгі шақ пен шақ мағыналары бір немесе екі конъюгациямен белгіленеді, қалған мағыналар (мысалы, перфекционизм, пассивті, сұрақ) негізгі етістігінің жанына көмекші етістіктерді (to be, to have, will және т.б.) қосу арқылы беріледі.

Салғастырмалы талдау нәтижесінде мынадай маңызды тұжырымдарға келуге болады: қазақ тілінде етістіктің грамматикалық ақпаратты беру үшін әлдеқайда үлкен әлеуеті бар, өйткені бірнеше санаттар бірінен соң бірі қосылатын толық конъюгациялар тізбегімен бір тілдік формаға енеді. Ағылшын тіліндегі грамматикалық мағыналардың көрінісі, негізінен, сөздік тәуелсіздік пен синтаксистік құрылымға негізделгендіктен, морфологиялық диапазон тар, бірақ басқа аспектілер аналитикалық тәсілмен кеңінен ұсынылған. Бұл қазақ және ағылшын тілдеріндегі етістіктердің конструкцияларын оқыту, аудару және тілдік зерттеу әдістемесін әртүрлі негіздерде қарастыру қажеттігін көрсетеді. Осылайша, екі тілдегі етістіктердің морфологиясын жан-жақты салғастыру тіл типологиясының грамматикалық теориясында, агглютинативті/аналитикалық қарама-қайшылықтарда және тілдер арасындағы грамматикалық үйлесімділікті жан-жақты қарастыруға ықпал етеді.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**


1. Britannica Editors. (n.d.). Kazakh language. Encyclopedia Britannica. https://www.britannica.com/topic/Kazakh-language
2. Issakova, S., Issakova, A., Ordabekova, K., Kussainova, Z., & Rakhimbekova, G. (2023). The system of grammatical categories of the verb in Kazakh, Russian, and English. World Journal of English Language, 13(2), 120–135. https://doi.org/10.5430/wjel.v13n2p120
3. Kazakh Linguistics. (n.d.). Kazakh linguistics blog. https://kazakhlinguistics.wordpress.com/
4. Kessikbayeva, G., et al. (2014). Rule-based morphological analyzer of Kazakh language. In Proceedings of the 2014 Workshop on Computational Approaches to Slavic Languages (W14-2806). ACL Anthology. https://aclanthology.org/W14-2806.pdf
5. Yiner, Z., & Kurt, A. (n.d.). Two-level Kazakh morphology. Acta Infologica. https://dergipark.org.tr/en/download/article-file/1455163
6. Emonds, J. E. (2022). The Syntax and Morphology of English Verbs: Patterns that Matter. De Gruyter. https://doi.org/10.1515/9783110734379
7. Mamatkulova, S. D. (2024). Grammatical features of the English language: Syntax and morphology. Web of Technology: Multidimensional Research Journal, 2(9), 97-101. https://webofjournals.com/index.php/4/article/view/1831?utm_source

ӘОЖ 372.881.1

# ОРТА МЕКТЕПТЕРДЕ ШЕШЕНДІКТАНУДЫ ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК АСПЕКТІЛЕРІ

**Қуанышева Назым Ермекбайқызы**
*7М1701 - «Қазақ тілі мен әдебиеті» 2 курс магистранты*
*Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті*
**Амангазиева М.К.**
*ф.ғ.к қауымд. проффесор*
*Атырау қ., Қазақстан*

***Аннотация:*** *В статье рассматриваются методические аспекты преподавания шешендіктануды в условиях современной общеобразовательной школы. Особое внимание уделяется теоретико–методологическим основам формирования речевой культуры учащихся на основе национального ораторского наследия. Анализируются эффективные методы и формы обучения, направленные на развитие коммуникативной компетентности, логического мышления и навыков публичного выступления. Обосновывается воспитательный потенциал шешендіктануды как средства формирования национального сознания, исторической памяти и культурной идентичности обучающихся. Делается вывод о значимости системного включения элементов ораторского искусства в образовательный процесс как важного фактора личностного развития школьников.*

***Ключевые слова:*** *шешендіктану, ораторское искусство, методика обучения, речевая культура, коммуникативная компетентность, национальное сознание, историческая память.*

***Abstract:*** *The article examines methodological aspects of teaching sheshendiktanu in secondary schools. Special attention is given to the theoretical and methodological foundations of developing students' speech culture through the use of national rhetorical heritage. The study analyzes effective teaching methods and instructional forms aimed at enhancing communicative competence, logical thinking, and public speaking skills. The educational and cultural potential of sheshendiktanu is substantiated as a means of fostering national consciousness, historical memory, and cultural identity. The article concludes that the systematic integration of rhetorical elements into the school curriculum plays a significant role in students' personal and communicative development.*

***Keywords:*** *sheshendiktanu, rhetoric, teaching methodology, speech culture, communicative competence, national consciousness, historical memory.*

**Кіріспе**

Қазіргі білім беру жүйесінде оқушы тұлғасын жан-жақты дамыту, оның коммуникативтік құзыретін, ойлау мәдениетін және қоғамдық ортада еркін сөйлеу қабілетін қалыптастыру маңызды стратегиялық міндеттердің бірі болып отыр. Осы тұрғыдан алғанда, шешендіктануды оқыту орта мектеп бағдарламасында тілдік білімді тереңдетумен қатар, ұлттық мәдени-тарихи құндылықтарды меңгертудің тиімді құралы ретінде айқындалады. Шешендік өнер халықтың тарихи жадымен, қоғамдық ойлау жүйесімен және рухани тәжірибесімен тығыз байланыста қалыптасқан тілдік-мәдени феномен болғандықтан, оны оқыту мәселесі тек әдістемелік емес, мәдени-гуманитарлық сипатқа ие.

Қазақстандық білім кеңістігінде функционалдық сауаттылықты дамыту, оқушының өз ойын дәл, жүйелі және әсерлі жеткізе алуына жағдай жасау мәселесі өзекті бола түсті. Бұл міндеттерді жүзеге асыруда шешендік өнер үлгілерін оқу процесіне енгізу оқушылардың тілдік тұлға ретінде қалыптасуына, тарихи мәтіндер мен ұлттық сөз үлгілерін

саналы қабылдауына ықпал етеді. Шешендіктануды оқыту арқылы оқушы тек сөйлеу техникасын меңгеріп қана қоймай, ұлттық дүниетанымға негізделген ой айту мәдениетін, сөзге жауапкершілікпен қарау қағидаларын игереді. Шешендік өнердің тәрбиелік әлеуеті орта мектеп жағдайында ерекше мәнге ие. Шешендік мәтіндерде көрініс табатын қоғамдық ой, әділет, елдік мүдде, азаматтық позиция сияқты ұғымдар жас ұрпақтың тарихи жадысын қалыптастыруға қызмет етеді. Бұл тұрғыда шешендіктануды оқыту білім беру жүйесіндегі ұлттық тарих пен жадыны жаңғырту бағытындағы маңызды тетік ретінде қарастырылады. Оқушылар шешендік сөздер арқылы өткен мен бүгіннің сабақтастығын түсініп, ұлттық рухани мұраның заманауи мәнін ұғынады.

Орта мектептерде шешендіктануды оқытудың әдістемелік аспектілерін ғылыми тұрғыдан талдау, тиімді оқыту тәсілдерін айқындау және олардың білім беру процесіндегі мүмкіндіктерін көрсету қажеттілігі туындайды. Бұл мақалада шешендіктануды оқыту мәселесі тілдік, тәрбиелік және мәдени-гуманитарлық тұрғыдан қарастырылып, оның қазіргі білім беру жүйесіндегі орны мен маңызына назар аударылады.

Әдеби шолу

Шешендік өнерді оқыту мәселесі отандық педагогика мен тіл білімінде ұлттық мәдени мұраны білім беру үдерісіне енгізу тұрғысынан қарастырылып келеді. Қазақ шешендігі халықтың тарихи жадымен, қоғамдық ойлау жүйесімен және тілдік санасымен тікелей байланысты болғандықтан, оны мектепте оқыту әдістемесі ұлттық тәрбие мен тіл дамытудың маңызды құрамдас бөлігі ретінде бағаланады. Осы бағыттағы алғашқы ғылыми тұжырымдар шешендік сөздерді тіл мәдениетін қалыптастыру құралы ретінде қарастыруға негіз қалады.

Қазақ шешендік өнерінің табиғатын, оның тәрбиелік және танымдық әлеуетін арнайы зерттеген Р. Сыздық еңбектерінде шешендік сөздердің құрылымдық ерекшелігі, логикалық жүйелілігі және көркемдік қуаты талданады. Ғалым шешендік мәтіндердің тілдік нормаы меңгертудегі, ойды дәл әрі әсерлі жеткізу дағдысын қалыптастырудағы мүмкіндіктерін атап көрсетеді [1, 62-б]. Тұжырымдар шешендіктануды орта мектепте оқытудың әдістемелік негіздерін айқындауда маңызды теориялық тірек болып табылады.

Шешендік өнерді ұлттық дүниетаныммен сабақтастыра қарастырған Ә. Қайдар зерттеулерінде сөз мәдениеті мен этномәдени таным арасындағы байланыс ерекше көрсетіледі. Ғалымның пайымдауынша, шешендік дәстүр халықтың әлеуметтік тәжірибесін, тарихи санасын және құндылықтық бағдарларын сақтайтын тілдік құбылыс ретінде оқушы санасында ұлттық болмысты қалыптастыруға ықпал етеді [2, 114-б]. Көзқарас шешендіктануды тек тілдік пән емес, мәдени-гуманитарлық мазмұны бар оқу нысаны ретінде қарастыру қажеттігін дәлелдейді.

Орта мектепте шешендік өнер элементтерін оқытудың педагогикалық қырларын қарастырған Қ. Жұбанов еңбектерінде ауызша сөз мәдениетін дамыту мәселесі білім беру жүйесінің негізгі міндеттерінің бірі ретінде көрсетіледі. Ғалым тіл үйрету барысында оқушының ойлау қабілетін, логикалық пайымын және сөйлеу белсенділігін қатар дамыту қажеттігін атап өтеді [3, 89-б]. Тұжырымдар қазіргі шешендіктануды оқыту әдістемесінде интерактивті, тұлғаға бағытталған тәсілдерді қолданудың ғылыми негізін құрайды.

Қазіргі қазақ әдеби тілін оқыту мәселелерін зерттеген Б. Қалиев еңбектерінде шешендік сөздерді мәтінмен жұмыс, пікір айту, дәлелдеу және талдау дағдыларын қалыптастыруда тиімді құрал ретінде пайдалану жолдары көрсетіледі. Автор шешендік үлгілерді оқу барысында оқушылардың тілдік санасы мен коммуникативтік құзыреті қатар дамитынын дәлелдейді [4, 47-б]. Зерттеулер шешендіктануды оқыту әдістемесін жаңғыртуда тәжірибелік маңызға ие.

Негізгі бөлім

Шешендік өнер – қазақ халқының қоғамдық ойлау жүйесінде, құқықтық дәстүрінде және рухани мәдениетінде маңызды орын алған тілдік–мәдени құбылыс. Ол тек көркем сөйлеу дағдысын емес, логикалық ойлау, дәлелдеу, пікірді әсерлі жеткізу қабілеттерін қалыптастыратын кешенді коммуникативтік жүйе ретінде сипатталады. Сондықтан

шешендіктануды орта мектепте оқыту мәселесі тіл білімінің, педагогиканың және ұлттық мәдениеттанудың тоғысқан нысаны болып табылады.

Теориялық тұрғыдан алғанда шешендік өнер ұғымы ұлттық сөз мәдениетімен тікелей байланысты. Қазақ тіл білімінде сөз мәдениеті тілдік норманы сақтаумен ғана шектелмей, ойдың мазмұнын, құрылымын және прагматикалық мақсатын үйлесімді жеткізу қабілетін қамтиды. Шешендік сөздер тілдік бірліктердің функционалдық қолданысын көрсететін үлгі ретінде қарастырылады. Олар оқушының тілдік санасын қалыптастыруда, ауызша сөйлеу тәжірибесін жүйелеуде маңызды рөл атқарады [5, 73-б].

Орта мектептегі білім беру жүйесінде шешендіктануды оқытудың әдіснамалық негізі тұлғаға бағытталған және құзыреттілікке негізделген оқыту тұжырымдамаларымен сабақтасады. Шешендік өнерді меңгеру барысында оқушы тек дайын мәтінді қабылдаушы емес, өз ойын дербес құрастырып, әлеуметтік ортада еркін жеткізе алатын субъект ретінде қалыптасады. Үрдіс оқытудың коммуникативтік, әрекеттік және мәдени-танымдық тәсілдеріне сүйенеді. Әдіснамалық ұстанымдар шешендіктануды білім беру мазмұнына енгізудің ғылыми негізін құрайды [6, 118-б]. Ұлттық сөз мәдениетін қалыптастыруда шешендік өнердің орны айрықша. Қазақтың дәстүрлі шешендік сөздері қоғамдық қатынастарды реттеу, даулы мәселелерді шешу, тәрбиелік ой айту қызметін атқарған. Тәжірибе қазіргі мектеп жағдайында оқушылардың азаматтық ұстанымын, сыни ойлау қабілетін және мәдени жауапкершілігін дамытуға мүмкіндік береді. Теориялық еңбектерде шешендік мәтіндер ұлттық тарихи жадыны сақтаушы, ұрпақаралық мәдени сабақтастықты қамтамасыз етуші тілдік құрал ретінде бағаланады [7, 56-б].

Орта мектепте шешендіктануды оқытудың теориялық–әдіснамалық негіздері шешендік өнерді ұлттық сөз мәдениетінің құрамдас бөлігі ретінде тануға, оны оқушының тілдік, тұлғалық және мәдени дамуын қамтамасыз ететін білім нысаны ретінде жүйелеуге мүмкіндік береді. Бұл бағыттағы теориялық тұжырымдар шешендіктануды оқыту әдістемесін ғылыми тұрғыдан негіздеуге және білім беру үдерісінде тиімді қолдануға жағдай жасайды.

Орта мектеп жағдайында шешендіктануды тиімді оқыту оқушының тілдік әрекетін жандандыратын, ойлау мен сөйлеуді біртұтас үдеріс ретінде ұйымдастыратын әдістер жүйесіне сүйенеді. Мәтінмен жұмыс, диалогтық оқыту, рөлдік ойындар және тарихи шешендік үлгілерді талдау шешендік дағдыларды қалыптастырудың негізгі тетіктері ретінде қарастырылады. Аталған әдістердің әрқайсысы оқушының коммуникативтік құзыретін дамытудың белгілі бір қырын қамтамасыз етеді.

Мәтінмен жұмыс әдісі шешендік өнерді меңгертудің бастапқы әрі өзекті формасы болып табылады. Шешендік мәтіндерді құрылымдық, мағыналық және прагматикалық тұрғыдан талдау барысында оқушы ойдың логикалық ұйымдасуын, дәлелдеу тәсілдерін және тілдік құралдардың мақсатты қолданылуын түсінеді. Аналитикалық оқылым арқылы оқушылар мәтіндегі негізгі ойды анықтап, аргументтерді жүйелеуге, қорытынды жасауға дағдыланады. Үдеріс шешендік сөйлеудің ішкі құрылымын саналы түрде меңгеруге мүмкіндік береді [8, 91-б].

Диалогтық оқыту әдісі шешендіктанудың коммуникативтік табиғатын ашуда ерекше маңызға ие. Диалог жағдайында оқушы өз ойын қарсы пікірмен салыстырып, дәлелдеуге, тыңдаушының реакциясын ескеруге үйренеді. Сабақтарда пікірталас, сұрақ–жауап, дәлелді сөйлеу формалары кеңінен қолданылады. Диалогтық өзара әрекет оқушылардың тілдік белсенділігін арттырып, сөйлеудің әлеуметтік функциясын терең түсінуге жағдай жасайды [9, 64-б].

Рөлдік ойындар шешендік қабілетті тәжірибелік деңгейде қалыптастырудың тиімді формасы ретінде бағаланады. Әдіс арқылы оқушылар нақты коммуникативтік жағдаяттарды модельдеп, шешендік сөзді қолданудың әлеуметтік контекстін сезінеді. Соттағы сөз, бітім айту, көпшілік алдында пікір білдіру сияқты жағдаяттарды сахналау оқушының эмоционалдық сенімділігін арттырып, сөз мәдениетін практикалық тұрғыда

меңгеруіне ықпал етеді. Аналитикалық тұрғыдан алғанда рөлдік ойындар сөйлеу әрекетінің мотивациялық және прагматикалық қырларын бірлікте дамытады [10, 138-б].

Тарихи шешендік үлгілерді пайдалану шешендіктануды оқытуда мәдени–танымдық мазмұнды күшейтетін әдіс болып табылады. Қазақтың дәстүрлі шешендік сөздері оқушыны ұлттық ойлау жүйесімен, тарихи жадымен және қоғамдық қатынастар мәдениетімен таныстырады. Мәтіндерді талдау барысында шешендік сөздің тек тілдік емес, тәрбиелік және дүниетанымдық қызметі ашылады. Аналитикалық сабақтарда тарихи шешендік үлгілер қазіргі коммуникативтік жағдаяттармен салыстырыла қарастырылып, олардың әмбебап және ұлттық сипаттары айқындалады [11, 52-б].

Шешендіктануды оқытуда қолданылатын әдістер мен формалар бірін-бірі толықтыратын кешенді жүйе құрайды. Мәтінмен жұмыс ойлаудың логикалық негізін қалыптастырса, диалогтық оқыту мен рөлдік ойындар сөйлеудің әлеуметтік және прагматикалық қырларын дамытады, ал тарихи шешендік үлгілер ұлттық мәдени мазмұнды тереңдетеді. Әдістерді үйлесімді қолдану орта мектепте шешендік өнерді меңгертудің тиімділігін арттырады.

Орта мектепте шешендіктануды оқыту тек тілдік білім берумен шектелмей, оқушының тұлғалық дамуын қамтамасыз ететін кешенді тәрбиелік құрал ретінде қарастырылады. Шешендік өнер арқылы қалыптасатын сөйлеу мәдениеті, ойлау дербестігі және коммуникативтік белсенділік оқушының әлеуметтік ортадағы өзіндік орнын айқындауға ықпал етеді. Шешендіктануды оқыту ұлттық сана, тарихи жады және азаматтық ұстаныммен тығыз байланысты үдеріс болып табылады.

Тәрбиелік аспектіде шешендік өнер оқушыны ұлттық құндылықтарды түсінуге және оларды саналы түрде қабылдауға бағыттайды. Дәстүрлі шешендік сөздерде халықтың өмірлік тәжірибесі, әділет, бірлік, елдік мұраттары жинақталған. Мәтіндермен жүйелі жұмыс жасау оқушы санасында тарихи жады элементтерін жандандырып, ұлттық дүниетанымның сабақтастығын қалыптастырады. Бұл үдеріс жас ұрпақтың өз мәдениетіне жауапкершілікпен қарауына және қоғамдық мәселелерге бейжай қарамауына негіз болады [12, 88-б]. Тұлғалық даму тұрғысынан шешендіктануды оқыту оқушының өзіндік пікірін ашық білдіруіне, ойлау еркіндігін дамытуға және әлеуметтік ортада сенімді қарым-қатынас орнатуына мүмкіндік береді. Шешендік тапсырмалар барысында оқушы өз ойын логикалық құрылымдауды, дәлелдерді жүйелеуді және тыңдаушының қабылдау ерекшелігін ескеруді үйренеді. Бұл дағдылар тұлғаның коммуникативтік құзыретін арттырып, оқу үдерісіндегі белсенді позициясын күшейтеді [13, 61-б].

Коммуникативтік құзырет шешендік өнерді меңгерудің негізгі нәтижелерінің бірі болып саналады. Орта мектеп тәжірибесінде шешендіктануды оқыту арқылы оқушылардың пікірталас мәдениеті, тыңдай білу қабілеті және қарым-қатынастағы этикалық нормаларды сақтау дағдылары қалыптасады. Құзыреттер тек тіл пәндерінде ғана емес, барлық оқу пәндерінде оқу жетістіктеріне оң әсер етеді. Коммуникативтік дағдылардың дамуы оқушының әлеуметтік бейімделуін жеңілдетіп, тұлғалық тұрақтылықты қамтамасыз етеді [14, 104-б]. Сөйлеу мәдениетін қалыптастыру шешендіктануды оқытудың маңызды қолданбалы нәтижесі болып табылады. Оқушы тілдік нормаларды сақтай отырып, ойын әсерлі және дәл жеткізе алуға дағдыланады. Үдерісте шешендік өнер сөйлеудің эстетикалық және этикалық қырларын біріктіретін құрал ретінде қызмет атқарады. Сөйлеу мәдениеті қалыптасқан тұлға қоғамдық ортада өз пікірін өркениетті түрде білдіре алатын, жауапкершілігі жоғары азамат ретінде қалыптасады [15, 72-б].

Кесте 1 – Шешендіктануды оқытудың тұлғалық даму аспектілері:

| Даму бағыты | Қалыптасатын дағдылар | Білім беру нәтижесі |
|---|---|---|
| Ұлттық сана | Тарихи ойлау, мәдени таным | Ұлттық құндылықтарды саналы қабылдау |
| Коммуникативтік құзырет | Пікір айту, дәлелдеу, тыңдау | Әлеуметтік ортада еркін қарым-қатынас |

| | | |
|---|---|---|
| Сөйлеу мәдениеті | Тілдік норма, сөз әсерлілігі | Әдеби тілде сауатты сөйлеу |
| Тұлғалық даму | Өзіндік пікір, сенімділік | Азаматтық белсенділік |

Осылайша, шешендіктануды оқытудың тәрбиелік және тұлғалық даму тұрғысындағы маңызы оның ұлттық сана мен тарихи жадыны жаңғырту, коммуникативтік құзыретті дамыту және сөйлеу мәдениетін қалыптастыру мүмкіндіктерімен айқындалады. Бұл бағыттағы жұмыс орта мектеп оқушыларының рухани, әлеуметтік және тілдік дамуын кешенді түрде қамтамасыз етуге жағдай жасайды.

Нәтиже–талдау

Жүргізілген теориялық және аналитикалық талдау орта мектепте шешендіктануды жүйелі түрде оқытудың білім беру үдерісіне кешенді ықпал ететінін көрсетті. Шешендік өнер элементтерін оқу мазмұнына енгізу оқушылардың тілдік белсенділігін арттырып қана қоймай, олардың тұлғалық дамуына, әлеуметтік бейімделуіне және ұлттық сана қалыптастыруына тікелей әсер етеді.

Зерттеу нәтижелері шешендіктануды оқыту барысында оқушылардың сөйлеу әрекетінде құрылымдылық пен логикалық жүйеліліктің күшейетінін дәлелдейді. Мәтінмен жұмыс, диалогтық оқыту және рөлдік тапсырмалар арқылы оқушылар ойды дәл жеткізу, дәлел келтіру және қарсы пікірді мәдени тұрғыда қабылдау дағдыларын меңгереді. Бұл құзыреттер жалпы оқу жетістіктерінің сапасына оң ықпал етеді. Талдау барысында шешендік мәтіндердің тәрбиелік әлеуеті айқындалды. Ұлттық шешендік үлгілерді пайдалану оқушылардың тарихи жадымен байланысын нығайтып, ұлттық құндылықтарды тануына мүмкіндік береді. Мазмұн оқушы санасында білімді тек ақпараттық ресурс ретінде емес, мәдени және рухани құндылық ретінде қабылдауға жағдай жасайды.

Шешендіктануды оқыту коммуникативтік құзыретті дамытудың тиімді құралы екені анықталды. Оқушылардың өз ойын еркін жеткізуге деген сенімділігі артып, сөйлеу мәдениетінде тілдік нормаларды сақтау дағдылары қалыптасады. Үдеріс мектептегі тәрбие жұмысының мазмұнын тереңдетіп, тұлғаның әлеуметтік жауапкершілігін арттыруға ықпал етеді.

Қорытынды

Жүргізілген зерттеу орта мектептерде шешендіктануды оқытудың әдістемелік тұрғыдан маңызды әрі өзекті бағыт екенін көрсетеді. Шешендік өнерді білім беру жүйесіне енгізу оқушылардың сөйлеу мәдениетін қалыптастырумен қатар, олардың ұлттық санасын, тарихи жадысын және тұлғалық қасиеттерін дамытуға мүмкіндік береді.

Қорытындылай келе, шешендіктануды оқыту оқушының коммуникативтік құзыретін арттыратын, әлеуметтік ортада еркін бағдар табуына жағдай жасайтын және ұлттық құндылықтарды саналы түрде игеруіне ықпал ететін тиімді педагогикалық құрал ретінде бағаланады. Бұл бағыттағы жұмыс мектептегі білім мен тәрбие үдерісінің тұтастығын қамтамасыз етіп, жас ұрпақты мәдениетті, ойлы және жауапты тұлға ретінде қалыптастыруға негіз болады.

Шешендіктануды оқыту әдістемесін жетілдіру, оны оқу бағдарламасына жүйелі түрде енгізу және ұлттық шешендік мұраны оқу үдерісінде кеңінен пайдалану қазіргі білім беру кеңістігінің маңызды міндеттерінің бірі болып табылады.

**Әдебиеттер тізімі:**


1. Сыздық Р. Сөз құдіреті. – Алматы: Санат, 1997. – 224 б.
2. Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы: Арыс, 1998. – 304 б.
3. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1999. – 320 б.
4. Қалиев Б. Қазақ тілін оқыту методикасы. – Алматы: Білім, 2005. – 210 б.
5. Сыздық Р. Тілдік норма және оның қалыптануы. – Алматы: Ғылым, 2001. – 230 б.

6. Қалиев Б. Қазақ тілін оқыту әдістемесінің теориялық негіздері. – Алматы: Рауан, 2010. – 256 б.
7. Оразбаева Ф. Тілдік қатынас негіздері. – Алматы: Ан Арыс, 2005. – 198 б.
8. Әмір Р. Сөйлеу мәдениеті және шешендік өнер. – Алматы: Қазақ университеті, 2008. – 192 б.
9. Оразбаева Н. Қатысымдық оқыту технологиясы. – Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2014. – 220 б.
10. Серғалиев М. Сөз мәдениеті және шешендік өнер негіздері. – Алматы: Санат, 2007. – 256 б.
11. Құрманбаева Ш. Қазақ шешендік сөздерінің педагогикалық мәні. – Алматы: Білім, 2011. – 168 б.
12. Нұрғали Р. Ұлттық мәдениет және тарихи сана. – Алматы: Қазақ университеті, 2012. – 240 б.
13. Жақыпова А. Оқушы тұлғасын дамытудағы тілдік білімнің рөлі. – Алматы: Білім, 2015. – 192 б.
14. Сүлейменова Э. Коммуникативтік құзырет және тілдік тұлға. – Алматы: Арыс, 2018. – 268 б.
15. Бектұров Ш. Сөйлеу мәдениеті және тілдік тәрбие. – Алматы: Санат, 2009. – 184 б.

ӘОЖ 811.162

## ТАРИХИ СИНТАКСИСТІ ОҚЫТУ МӘСЕЛЕСІ .

**Мендешова Макпал Саматовна**
*Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті*
*Қазақ тілі мен әдебиеті б.б.бағдарламсының 2-курс магистранты*

***Резюме.*** *В статье всесторонне рассматривается проблема преподавания исторического синтаксиса. Тема исследования является весьма актуальной. Исторический синтаксис – одна из наименее разработанных областей во всей тюркологии. Известно, что по данной проблеме в отдельных тюркских языках имеются лишь немногочисленные небольшие работы, тогда как фундаментальных исследований практически нет. Автор стремится определить основные направления преподавания исторического синтаксиса.*

***Ключевые слова:*** *исторический синтаксис, обучение, историческая грамматика, методика, структура предложения.*

Тіл – әрбір халықтың мәдени және рухани байлығының негізі, ұлттық кодтың маңызды элементі. Тілдің тарихи дамуы, оның құрылымдық және мағыналық ерекшеліктерінің қалыптасуы – тіл білімінің негізгі зерттеу нысандарының бірі. Осы тұрғыдан алғанда, тарихи синтаксис тілдің даму тарихын терең түсінуге мүмкіндік беретін маңызды бағыттардың бірі саналады. Болашақ тіл мамандарын даярлау барысында тарихи синтаксисті оқыту ерекше мәнге ие. Бұл білім саласы тек тілдің эволюциялық өзгерістерін зерделеумен шектелмей, заманауи тіл құбылыстарының тарихи тамырларын анықтауға, тіл заңдылықтарын түсінуге жағдай жасайды. Сонымен қатар, тарихи синтаксис – болашақ филологтардың ғылыми көзқарасын кеңейтіп, олардың зерттеу дағдыларын дамытуға ықпал ететін тиімді құрал.

Тарихи синтаксис – бүкіл түркологиядағы тың жатқан мәселе. Бұл мәселе жөнінде кейбір түркі тілдерінде жазылған бірді-екілі шағын еңбек қана болмаса, айтарлықтай ештеңе жоқ. Ондай еңбектердің өздері де кейбір ескерткіштер тілінің синтаксистік құрылысын айқындауға ғана арналған. Ал қазақ филологиясында тарихи синтаксиске арналған тіпті шағын мақаланың өзі де жоқ. Бұл жағдайлар қазақ тілінің тарихи синтаксисі курсын жасау түгіл, оның азды-көпті бір жүйеге келтірілген шағын очеркін жазудың өзін де шексіз қиындатады. Өйткені қандай тілдің болмасын тарихи синтаксисін жасау үшін, ең алдымен, оның дамуының әрбір тарихи кезеңіне қатысты жеке ескерткіштердің, тілдік фактілердің синтаксистік сыры ашылу керек, солардың әрқайсысын жеке-жеке, жан-жақты зерттеу негізінен келіп, әрбір тарихи дәуірдегі тілдік ерекшеліктер айқындалмақ. Тіл дамуының әрбір тарихи кезеңдеріндегі сондай ерекшеліктер дәуір-дәуірімен жан-жақты ашылып болғаннан кейін ғана сол дәуірлер арасындағы тілдік құбылыстарды бір-бірімен салғастыра, жалғастыра отырып тілдік категориялардың даму процесі жөнінде жүйелі пікір айтуға болады.

Тілдің ертерек замандағы синтаксистік құрылысын зерттеуде көне жазу нұсқаларының барлығы бірдей кәдеге аса бермейді. Синтаксистік зерттеу үшін ең қажеттісі және құндысы – мәтін, яғни синтаксистік элементтердің өз дәуіріндегі алуан түрлерін қамти аларлықтай көлемді мәтіннен құралған ескерткіш. Өйткені тілдің синтаксистік құрылысындағы әртүрлі құбылыстарды өзекті, желілі, көлемді ескерткіштер ғана қамтып көрсете алады. Бірақ мұндай ескерткіштердің құндылық дәрежесінің өзі де біркелкі емес. Көптеген шежірелер, әртүрлі қатынас қағаздары, заң-ережелер жөніндегі құжаттар синтаксистік құбылыстарға тым кедей, бір тектес, жатталынды, трафарет түрінде болып келеді. Жазба ескерткіштер ішінде синтаксистік зерттеу үшін ең бағалысы көркем проза. Бірақ амал не мұндай ескерткіш түркі тілдерінде өте аз, ал қазақ тілінде тіпті жоқ десе де болғандай. Сондықтан XV—XVIII ғасырлар арасындағы жазба ескерткіштері ретінде біздің қарайтынымыз да жоғарыда аталғандар тәріздес шежірелік шығармалар мен қатынас қағаздары, хаттар болмақ.

Қандай құбылыстың, оқиғаның болмасын тарихы дегеніміз – оның даму, өзгеру жолы деген сөз. Даму, өзгеру жоқ жерде тарих та жоқ. Олай болса, қазақ тілі синтаксисінің тарихы дегеніміз де тіліміздің синтаксистік құрылысының дамуы, өзгеріп жетілуі, толығуы болмақ.

Қай тілде болмасын тілдік категорияларды тарихи тұрғыдан зерттеудегі көзделетін мақсат зерттеу объектісі болып отырған категорияның зерттеліп отырған дәуірлер ішіндегі өзгеру, даму жолындағы заңдылықты, оның өзгеру себептерін ашу; алғашқы категория, норма неге өзгерді, оның орнын не басты, сонғының алғашқыдан артықшылығы дегендер тәріздес сұрауларға жауап беру болмақ. Қазақ тілі тарихи синтаксисінің міндеті де осы айтылғандар тәріздес міндет. Дәлірек айтсақ, қазақ тілі тарихи синтаксисі белгілі дәуірлер ішінде қазақ тілінің синтаксистік құрылысында, синтаксистік нормасында қандай өзгерістердің болғандығын, қандай синтаксистік конструкциялардың, синтаксистік қатынастардың, синтаксистік элементтердің жойылып, қандайлардың жаңадан пайда болғандығын айқындайды; ескі конструкцияның ескілігі, көнелігі несінде, жаңаның жаңалығы, прогрестігі қайсы екендігін ашып көрсетеді.

Тіл тарихы – болашақ тіл мамандары үшін қазіргі қазақ тілін терең түсіну мен оны жетілдірудің негізі. Тілдің тарихы тіл құрамындағы жеке элементтердің тарихы ғана емес, тілдік құралдар жүйесінің, солардың өзгеріп, дамуының тарихы [1,23]. Тілдің тарихи дамуының ерекшеліктерін меңгеру арқылы студенттер тіл жүйесінің заңдылықтарын терең түсініп, оны заманауи тілдік тәжірибеде қолдануды үйренеді.

А. Игібаева мен А. Дүйсенбаева атап өткендей, жоғары білім беру үдерісінде тарихилық, ғылымилық, жүйелілік пен бірізділік, сондай-ақ теория мен тәжірибенің өзара байланысын қамтамасыз ететін принциптер ерекше орын алуы тиіс[2]. Тарихи синтаксис курсының маңыздылығы синтаксистік құрылымдардың уақыт өте қалай өзгергенін, олардың қалыптасу заңдылықтарын түсіндіруінде жатыр. Тарихи

синтаксисті зерттеу арқылы біз қазіргі қазақ тілінің синтаксистік ерекшеліктерін жетілдіру мүмкіндігіне ие боламыз. Бұл болашақ тіл мамандарын даярлау барысында тарихи тіл білімінің негізгі пән ретінде енгізілуінің қажеттілігін көрсетеді. Филолог-студенттердің тарихи тіл мәселелерімен және тілдің тарихи даму жүйесімен танысуы – олардың кәсіби құзыреттілігін арттырудың бірден-бір жолы. Осы пәнді тереңдетіп оқыту болашақ тіл мамандарына тілдің өткені мен қазіргісін байланыстыра отырып, оның даму бағыттарын анықтау қабілетін қалыптастырады. Тіл тарихын білмейінше, қазіргі тіл жүйесін толық түсіну мүмкін емес. Сондықтан тарихи синтаксисті оқыту, оны жетілдіру және болашақ мамандарға оның маңыздылығын түсіндіру – білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі. Осы бағытта жүргізілетін жұмыстар жоғары оқу орындарындағы білім беру мазмұны мен әдістерін жаңа деңгейге көтеруге жол ашады. Филолог-студенттерге оқытылатын «Тарихи грамматика» пәнінде тарихи синтаксис мәселелерін көтеріп, білім алушылардың түпнұсқа мәтіндермен жұмыс жасауына жағдай жасалуы керек. Теориядан бөлек ежелгі дәуір, ортағасыр шығармаларының мәтіндерімен жұмыс жасау арқылы тіл эволюциясын тереңірек түсінуге мүмкіндік алады.

Синтаксис – сөйлемдегі сөздердің тіркесу жолдары, сөйлемдердің түр-түрі және олардың бір-бірімен тіркесу жолдары қаралады [3]. Синтаксисті оқыту әдістемесі осы тақырыпты студенттерге тиімді әрі терең түсіндіруге бағытталған ғылыми-әдістемелік амалдар жиынтығын қамтиды. Жоғары оқу орындарында бұл әдістемелер жүйелі түрде қолданылып, болашақ филолог мамандардың кәсіби біліктілігін арттыруға көмектеседі. Жоғары оқу орындарында тіл мамандарын даярлау барысында тарихи синтаксис курсы болашақ филологтарға:

- Тілдің тарихи эволюциясын түсінуге;
- Синтаксистік құрылымдардың даму жолдарын анықтауға;
- Қазіргі қазақ тілінің синтаксисін тарихи мәнмәтінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Тарихи синтаксис – тілдің даму тарихында сөйлем құрылысының өзгеру заңдылықтарын зерттейтін ғылым. Оның өзекті мәселелерінің бірі – тарихи және қазіргі синтаксистік құрылымдардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау. Сонымен қатар тарихи синтаксисті зерттеу кезінде лексикалық, морфологиялық және фонетикалық өзгерістердің сөйлем құрылысына әсері ескеріледі. Тарихи мәтіндерді талдау арқылы тіліміздің даму үдерісін түсіну және оны болашақ ұрпаққа жеткізу маңызды. Бұл бағытта филологтарды дайындау қазіргі заманғы білім беру жүйесінің маңызды міндеттерінің бірі болып табылады. Т. Қордабаев «Тарихи синтаксис жазба ескерткіштер тілінің синтаксистік құрылысын зерттегенде, төмендегі негізгі мәселелер тұрғысынан қарау керек. Олар: сөз тіркестері, олардың тіркесу амал-тәсілдері, сөйлем мүшелері, олардың формалық құбылыстары, құрамдары, орналасу, басқа мүшелермен байланысу жолдары, сөйлем құрылыстары, олардың мағыналық және құрылымдық типтері, оларға жай және құрмалас сөйлемдер т.б. түрлері жатады», – дейді[4]. Бұл тарихи синтаксис курсының мақсаты мен міндетін айқындайды.

## Әдебиеттер

1.Томанов М. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы. – Алматы : Мектеп, 1980. – 240 б.
2.Игибаева В., Дюсенбаева А. Жоғары мектеп педагогикасы. – Өскемен : ШҚМУ баспасы, 2013. – 180 б.
3.Аманжолов С. Қазақ әдеби тілі синтаксисінің қысқаша курсы. – Павлодар : С. Торайғыров атындағы ПМУ, 2008. –256 б.
4.Қордабаев Т. Тарихи синтаксис мәселелері (XV–XVIII ғасырлар материалдары бойынша). – Алматы : Ғылым, 1964. – 276 б.

ӘОЖ: 821.161.1-31:82’09

# ЛИРИКАЛЫҚ ПРОЗАДАҒЫ КЕЙІПКЕР БЕЙНЕСІ

**Амангельдина Кания Касымқызы**
*2-курс магистранты*
*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ.*

***Резюме.*** *В современной казахской литературе лирическая проза занимает особое место как художественный жанр, позволяющий глубоко раскрыть внутренний мир героя и его эмоциональные переживания. Лиризм в прозе проявляется через психологизм, внутренние монологи и эмоционально окрашенные пейзажные детали, отражающие духовные поиски персонажа. Таким образом, лиризм способствует раскрытию психологической глубины персонажей и расширяет художественный потенциал современной прозы.*

***Ключевые слова****: лирическая проза, психологизм, внутренний мир героя, современная казахская литература*

Қазіргі қазақ әдебиетінде лирикалық проза жанры ерекше көркемдік бағыт ретінде кеңінен дамып келеді. Лиризм – авторлық дүниетанымның, сезімдік-философиялық толғаныстың, тұлғалық тәжірибенің көрінісі. Бұл жанрда оқиғадан гөрі кейіпкердің ішкі әлемі, оның психологиялық күйі, рухани ізденісі басты орынға шығады. Жазушы шығармаларында көрініс табатын лиризм адам мен қоршаған болмысты эстетикалық тұрғыдан танудың маңызды көркемдік тәсілдерінің бірі болып саналады. Лирикалық сипат, ең алдымен, кейіпкердің ішкі әлеміне терең бойлау арқылы, монологтық баяндаудың көмегімен оның жан толғанысын жеткізу және сезімдік-психологиялық күйді айқындайтын пейзаждық детальдер арқылы айқындалады.

Лирикалық проза – эпикалық баяндау мен лирикалық толғанысты табиғи үйлестіретін, өзіндік құрылымдық әрі жанрлық ерекшеліктерімен дараланатын көркем форма. Бұл жанрда автордың ішкі рухани дүниесі, оның ойлау жүйесі мен философиялық толғаныстары алдыңғы қатарға шығады. Мұнда оқиға желісіне тікелей қатысы жоқ қосалқы детальдар елеулі рөл атқармайды; шығарманың орталық өзегінде кейіпкердің терең сезімге жетелейтін немесе ішкі сұхбатқа әкелетін рухани-психологиялық күйі тұрады. Көркем мәтінде кейіпкер тұлғасы көбіне лирикалық қаһарманның ішкі жан дүниесі арқылы ашылады. Ол шындықты эмоциялық қабылдау негізінде танып, қоршаған ортаны өз түйсігі, сезімі мен толғанысы арқылы саралайды. Осы тәсілдер жүйесі кейіпкердің рухани болмысын айқындауға мүмкіндік береді.

Гүлжаһан Орда қазіргі қазақ прозасының ерекшелігі ретінде осы бір шынайы көріністерді айтады. «Қазіргі прозаның негізгі жетістіктерінің бірі – өмірдің күнгейін емес, көлеңкелі жақтарын шынайы бейнелеуі. Сондықтан ұлттық әдебиетте әулет жүгін арқалаған қыздардың, жатырынан айрылған немесе жатырын жалға берген бейкүнә аналардың, көше кезген қаңғыбастардың, тастанды балалар мен тұлдыр жетімдердің, шалғайдағы ауылдан үлкен шаһарларға жұмыс іздеп келген жігіттер мен қыздардың шынайы өмірден алынған нанымды бейнелері жасалды. Бұлардың барлығы – жазушылардың қиялынан жасалған жасанды кейіпкерлер емес, өмірдің қайнаған ортасынан алынған өмір, тіршілік үшін күресте тағдыр тауқыметін тартқан кейіпкерлердің жиынтық бейнесі» [1, 63]. Бұл құбылыс лирикалық прозаның көркемдік табиғатымен толық үндеседі. Лиризм өмірді тек сыртқы оқиғалар арқылы емес, адамның жан әлеміндегі жаралар, толғаныстар, күйзелістер арқылы тануды көздейді. Қазіргі прозадағы осындай өмірлік шындыққа негізделген кейіпкерлер легі – лирикалық прозаның ішкі психологиялық тереңдігін күшейтіп, оның көркем мүмкіндігін кеңейте түсетін маңызды фактор. Демек, жазушылар сомдаған осы нақты өмірден алынған образдар бүгінгі прозаның лирикалық-

психологиялық бағытын айқындап, жанрдың рухани-эстетикалық әлеуетін жаңа деңгейге көтеріп отыр.

Мысалы, жазушы Ақберен Елгезектің «Болмаған балалық шақ» повесі автордың ішкі жан-күйін бейнелеп, ашып көрсете білген. Автор балалық шағына сапар шектіретін шығарма шынайылықпен, өмірде болған оқиға желісіне негізделіп жазылған. Жұмыр басты пенденің ең бақытты шағы – балалық кезең екені даусыз. Ал болмаған балалық шақтың қандай болатынын көп адам түсініп, түйсіне бермейді. Әкеден жастай айырып, бауырына жоқтау айтып, анасынан тірідей жетім қалған бақытсыздың басынан кешкендері тағдырдың қиын да қилы тармақтарының бар екендігіне шүбәсіз сендіреді. «Жалғыздық – ішкі монологтың ең негізгі қасиеті екені белгілі. Өйткені адам жалғыз қалғанда ғана ойына, сана ағымына ерік бере алады. Сөйтіп, өз-өзімен сөйлесіп кеткенін де сезбей қалады. Бұл – өзін-өзі талдау (самоанализ) арқылы кейіпкер бейнесін, характерін ашудағы таптырмайтын тәсіл. Және бұл көбіне оқырманмен персонаж арасындағы дәнекер-делдалсыз, яғни, реалды автордың «қатысуынсыз» атқарылады» [2, 11]. Автордың күйі де дәл осылай. Ол балалық шағында қорған болар еш жан табылмай, жалғыз қалған кезіндегі ойымен, сол сәттегі сезімдерімен, ішкі жай-күйімен бөліседі. Өзінің жағдайын, іс-әрекетін баяндайды, өз-өзіне талдау жасап, ісінің дұрыс-бұрыстығын қайта ойлайды. Повесте бала Ақберен образы барынша шынайы жеткізіледі. Көркем сюжетті дамыту үшін оған аса қатты өзгеріс енгізбейді. «Кейіпкер әркез өзіндік сана-сезім иесі екені, сондықтан да оның өз алдына ойлау қабілеті бары әдебиет әлеміндегі ерекше құбылыс. Мұнсыз қаһарманның оқырманға қажеті де шамалы. Өмір шындығы көркем шындыққа айналғанда сенімді шықса, оқырман үмітінің де, автор мақсатының да орындалғаны. Қаһарман автордың «рупорына» айналмай, ерікті күй кешкенде ғана толыққанды образ ретінде танылады. Мұндай ойларды әдебиеттанушылар жиі айтып жүр» [3, 33]. Ақберен Елгезек өз басынан өткен хикаяны толықтай шынайы жеткізеді. Асқақтыққа ұмтылу үшін жасанды тұстарды мүлдем қоспайды.

«Қазіргі әдеби процесте бел алған ағым – лирикалық проза туындыларын зерттеушілер психологизм принципімен жазылған шығармалардың қатарына жатқызады. Лирикалық проза мен психологизмнің туыстығы ашық айтылмаса да, Я. Эльсбергтің: «Шын мәніндегі әрі терең лирикалық стильдің тасасында өз ойлары, сезімдері мен тебіреністері немесе солардың кейбір қырлары мен қасиеттері туралы айтуға хақы бар адам тұруы шарт», – деген, С.А. Липиннің: «Лирикалық проза жазушының шындыққа тікелей қатынасы, оның өзі жайлы сыр ашуы», – деген пікірлері айтылмыш екі ұғым арасындағы түбірлі тамырластықты байқатады» [4, 75-76]. Бұл шығарма – автордың өз жанынан шыққан, сырын ашып, мұңын шаққан туындысы. Автордың шешесінен тірілей айырылғаны да повесте ауыр жеткізіледі. «Есімде қалғаны той болатын күні мені үйге қамап тастады. Түні бойы я қорқыныштан, я қорланғаннан, я шешемді қимағаннан ба, ұзақ жыладым. Ертеңгі күні тойдан әкелген бауырсақты жеп, өксігі басылмай отырған мені Маржан әпкем жұбатқансыды» [5, 23]. Оқырман осы бір бөлікті оқи отыра, оның жанын түсінеді, тірі шешеге деген сағыныш бала жүректің түкпірінде сақталып қалды. «Түк етпейді деп қоям, өскесін мамамды анабір сорайған сұмырайдан құтқарып алам деп, өз-өзіммен серттесемін. Сол ұлы жолыққа аттану үшін ағаштан қылыш жасап, садақ иемін. Күнде кешке қарай қысқа көшенің ана басынан мына басына дейін жүгіріп жаттығамын. Мен бір күні анамды құтқарамын!» [5, 23] Бала көңіл бір жағынан, анасына өкпешіл болып келсе, енді бір жағынан, өз әліне қарамай, анасын құтқаруға жоспар құрады. Ал негізінде, бұл баланың өзіне көмек керек еді. Осылайша, жаутаңдап анасын күтумен күндер өтіп жатады. Автор өзінің көзі бозарып, нағашыларының үйінде әлі күнге дейін жүргеніне қынжылады. Әпкесі оқуда. Ол да демалыс кезінде келгенде, оны қимай-қимай шығарып салады. Тіпті, Құдайдан оның қасында көбірек болуын тілейді. Үйге келген сәттерінде барынша көңілін аулап, тіпті, ойын баласы болып көшеге шығудан да бас тартады. Себебі әпкесінің қасында ұзақ уақыт өткізіп, бар назардың тек өзінде болғанын қалайды. «Мен апамның жанынан қалмаймын. Қайда барса да, еріп аламын. Құшағына тығылам, айтқан әр сөзіне құнығып тоймаймын. Әр

қимылын жіті бақылаймын. Түріне қарай бергім келеді. Менің апайым! Бірдеңелерді былдырлап айтып жатырмын, айтып жатырмын. Менен назарын алып кетпесе екен деп сөйлей беремін, сөйлей беремін, бірдеңелерді сұрай беремін, сұрай беремін. Бар өнерімді көрсетіп әлекпін. ...Әйтеуір, апайымның көңілі мен жақта болса екен деп тілеймін. Бақыттан басып айналып жүр. Ең қуанышты күндерім сол күндер еді», – міне, кішкентай Ақбереннің ет жақыны тек осы әпкесі еді [5, 30]. Онымен көріскен сәтті ол ғасырлық уақытқа созғысы келетін. Себебі одан артық туғаны да, жақыны да, жанашыры да жоқ. Автор үшін жалғыздық адамға ең әуелі қорқыныш сезімін сыйлайды. Жалғанда тек өзің ғана секілді күйге енеді. Тіршілік біткеннің бәрі оған жау, бәрі оған қауіп төндіріп тұрған сияқты көрінеді. Қорқынышты жеңген адам ғана бұл дүниеден өз сыбағасын алып, төрге шыға алары анық. Ақберен Елгезек те сөйтті. Ақынның айтуынша, ол бар қиындыққа төтеп беріп, қарсы тұрды, қауіптің көзіне тіке қарай білді. Іштегі жасқа көбірек малынған болу керек, жүрегі қаншама жағдайды бастан өткерсе де, қатайған емес. Қауіпке қарсы тұрды демекші, Ақберен үшін нағыз қауіптің ортасы өгей әкесі Қалаңның үйі еді. Ол үйге барғалы ол өзіне жаңа ережелер ойлап тапты. Барынша Қалаңның ашуына тимеуге тырысты, барынша өзінің жақсы жақтарын көрсетіп бақты. Сонда да Қалаңның таяғынан құтылған емес. «Тоңқалаң асасың. Жылауға тағы болмайды. «Шешеңе айтсаң, өлтірем!» – дейді. Жыласам, көзім ісіп кететінін екеуміз де білеміз. Сондықтан мен жыламауға үйрендім. Бұл маған көше төбелестеріне қатысу үшін зор тәжірибе болды. Күйреп жатқан жерлерден де жеңістің жалауын көтеріп шығуға болатынына мен содан бері машықтанып алдым. Көше төбелесі демекші, әлгіндей соққылардан кейін, мен бала-шағаның жұдырығын маса шаққан құрлы көрмейтінмін. Ал өзім Қалаңның маған қолданатын әдіс-тәсілдерін қарсы келген жүгірмектерге мейлінше пайдаланатын едім» [5, 40]. Міне, осыдан-ақ Қалаңның жұдырығы мен қатал тәртібінің қандай болғандығын көре аламыз. Ал сол арқылы повестен Ақош бейнесінің ашылғанын білеміз. Повесте Ақберен Елгезек ішкі монолог арқылы кейіпкер бейнесін анық ашып көрсетеді.

Әдебиет сыншысы Сайын Әшімбаев бұл жайында: «Көркем туындыда адамның сыртқы кескін-келбеті мен нақты әрекеті оның жан әлемімен тығыз байланыста болуы шарт. Ішкі дүниесімен сабақтаспаған әрекет – әрекет емес» [6, 45], - деп тұжырымдайды. Лирикалық прозаға тән белгілердің бірі – авторлық сананың күшеюі. Мұнда баяндау субъективті, эмоционалды, ал кейіпкердің ішкі монологы – негізгі көркемдік құралдардың бірі. Бұл жанрдағы кейіпкер әрдайым өзінің ішкі әлеміне, өткеніне, өмірлік тәжірибесіне қайта үңіледі. Елгезек повесінің құрылымы да осы жанр заңдылықтарына сай: оқиғалар желісі уақыттық тұрғыдан үзіліп, ой толғамдармен, естеліктермен, символдық детальдармен толықтырылады. Кейіпкер өзін сырттай емес, ішкі түйсік арқылы танытады; оның психологиясы лиризммен астасады. Повестегі басты кейіпкердің балалық шаққа қатысты әсерлері – оның тұлғалық болмысының түп негізі. «Болмаған балалық шақ» ұғымы – көркем метафора, ол кейіпкердің бала кезде сезіне алмаған жылулық, қамқорлық, эмоционалдық жақындықтың жоқтығын білдіреді. Осы психологиялық жарақат кейін кейіпкердің бүкіл дүниетанымына әсер етеді. Шығармада ішкі монолог – негізгі құрылымдық тәсіл. Кейіпкердің ой ағыны, өзімен-өзі сырласуы, психологиялық күйлердің ауысуы шығарманың поэтикалық табиғатын айқындайды. Повестегі кейіпкер бейнесін ашуда символдық детальдердің рөлі зор. Балалық шаққа қатысты бейнелер – үй, дала, табиғат элементтері кейіпкердің ішкі күйімен астасып отырады. Мысалы, қараңғылық, суықтық, бос кеңістік сияқты образдар кейіпкердің эмоционалдық жалғыздығын білдіреді. Керісінше, жарық, жылу, тыныштық көріністері – оның ішкі сауығуға, жан тыныштығына деген ұмтылысын білдіреді. Сонымен қатар, «Болмаған балалық шақ» повесінің бір ерекшелігі – кейіпкердің тек жаралы болмысы ғана емес, оның рухани өсуі көрсетіледі. Ол өткеннің ауырлығын мойындайды, бірақ одан қашпайды. Керісінше, сол арқылы өзін тануға, түсінуге ұмтылуы – оның тұлғалық кемелденуінің көрінісі.

Ал әке мен бала арасындағы гармонияны М.Байғұттың шығармасынан көре аламыз. Мархабат Байғұттың повесінде әке мен бала арасындағы үйлесімділік, өзара сыйластық пен

махаббатқа толы қарым-қатынас нәзік және терең психологиялық тұрғыдан бейнеленген. Автор психологизм мен лиризмді біртұтас көркемдік жүйеге біріктіріп, олардың бір-бірін толықтырып өрілуін шебер көрсеткен. Бүкіл оқиғаның әкенің ішкі жан күйзелісі мен сезімдік тебіренісі арқылы баяндалуы – тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ прозасында байқалатын ерекше үрдіс. М.Байғұттың тілдік ерекшеліктері, ерекше сөздік қоры мен сөйлем құру мәнері лирикалық проза жанрына жаңаша эстетикалық леп енгізген. Автор повесінде фольклорлық сарындарды, тарихи өткен мен қазіргі өмірді салыстыру арқылы бейнелеу тәсілін шебер қолданады. Бұл шығармаларда көне дәуірдің шындықтары мен бүгінгі заманның өмір шындығын іздеу тенденциясы айқын байқалады. Кейіпкер бейнесін ашуда автор эмоционалдық сипатқа басымдық береді. Байғұт кейіпкерінің ішкі дүниесіне нәзік, сезімтал көзқараспен қарағандықтан, оқырман оның рухани биіктігін, парасат-пайымын, нәзік жан дүниесін терең сезінеді. Осындай тәсіл арқылы повестегі лиризм – өмір шындығын толық көрсетуге, оның күрделі эмоциялық және философиялық мәнін жеткізуге кедергі емес екенін дәлелдейді. Суреткердің лиризм аясындағы көркемдік шеберлігі кең ауқымды қамтиды. Туындыда бір ғана емес, екі ғасырдың тарихи шындығы шеберлікпен қатар өріледі. Бұл лирикалық прозада тарих, ой, сезім, эмоциялар, сондай-ақ Баубек мұғалімнің нәзік рухани күйі нәзік әрі шынайы түрде көрініс табады.

Қазіргі қазақ прозасында лирикалық проза жанры ерекше орын алады. Ол эпикалық баяндау мен лирикалық толғанысты үйлестіріп, кейіпкердің ішкі психологиясын, сезімін, ой-толғанысын терең ашуға мүмкіндік береді. Лиризм прозадағы кейіпкер бейнесін шынайы және толық көрсетуге, оның рухани әлемін, эмоционалдық күйін оқырманға жеткізуге қызмет етеді. Лирикалық проза авторға тарихи, әлеуметтік, философиялық тақырыптарды адамның ішкі сезімдерімен үйлестіре отырып бейнелеуге мүмкіндік береді. Осы тұрғыдан алғанда, лиризм қазіргі прозаның көркемдік потенциалын кеңейтіп, қазақ әдебиетінің дамуында маңызды рөл атқарады.

**Пайдаланылған әдбиеттер тізімі**

1 Орда Г. Сөз құдіреті: Зерттеулер мен мақалалар. – Алматы: «Каратау КБ» ЖШС: «Дәстүр», 2016. – 384 бет.
2 Пірәлиева Г. Ізденіс өрнектері. – Алматы. – 2001. – 220 бет.
3 Бекниязов Т. Кейіпкердің адамгершілік проблемасы. – Алматы: Қазақ университеті, 1997. – 164 бет.
4 Майтанов Б. Қазақ прозасындағы замандас бейнесі. – Алматы: Ғылым, 1982. – 148 бет.
5 Елгезек А. «Болмаған балалық шақ» / Елгезек А. – Алматы: Абай, 2020. – 140 бет.
6 Әшімбаев С. Шындыққа сүйіспеншілік. Сын мақалалар. Алматы: Жазушы, 1993. - 623 бет.

ӘОЖ 821.161.1

## ШЫҒЫСТЫҚ ҚИССА-ДАСТАНДАРДАҒЫ «ЖАЗЫҚСЫЗ ҚУҒЫНҒА ҰШЫРАҒАНДАР» МОТИВІ

***Берікханова А.Б.***
*әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті*
*e-mail:berikkhanova.arailym17@gmail.com*
*Ғылыми жетекші: Ф.ғ.к., аға оқытушы* ***Карбозов Е.К.***

***Резюме.*** *В статье рассматривается мотив «невинно подвергшихся гонениям» в восточных кисса-дастанах. Доказывается, что данный мотив в эпических произведениях*

*приобретает художественную значимость через изображение несправедливости, прославление человеческого терпения, нравственной чистоты и веры в истину.*

***Ключевые слова:*** *Восток, кисса-дастаны, мотив, невинные гонения, справедливость.*

Шығыстық қисса-дастандар халық эпосының маңызды бөлігін құрайды және әлеуметтік, моральдық, тарихи мәні бар сюжеттерді сақтайды. Солардың ішінде «Жазықсыз қудаланғандар» мотиві ерекше орын алады. Бұл мотив эпикалық шығармаларда әділетсіздік көрінісін көрсету, адамның сабырын, тазалығын және ақиқатқа деген сенімін дәріптеу арқылы көркемдік мәнге ие болады. Мұндай мотивке құрылған шығармаларда кейіпкер жазықсыз жалаға ұшырап, ауыр сынақтардан өтеді, бірақ ақырында әділдік орнап, бақытты өмірге жетеді.

Қазақ фольклорында бұл мотив кең тараған және әр түрлі типтегі сюжеттерде кездеседі. Б.Әзібаева зерттеулерінде қисса-дастандардағы «жазықсыз қуғындалғандар» мотивін үш топқа бөліп қарастырады.

1.Мезгілсіз дүниеден өткен патшаның артында жүкті әйелі қалады. Таққа кие түскендер мұрагердің өміріне ықпал етуге жол бермеу үшін әйелді өлтірмек болады. Әйел аман қалып, елінен қашады да, бір елге жасырынып паналайды, бала батыр болып өседі, өткен өмірі туралы шындықты естиді. Отанында оралады, анасының кегін алып, әкесінің орнын тауып, жауының қызына үйленіп, әкеінің тағына отырады.

2.Күйеуі (әкесі) алыс жолға сапарлап бара жатып әйелін (қызын) сенімді кісіге (көбіне жақын туысына) аманаттайды. Сенген адамы жас әйелді (қызды) өзіне қаратып алуға әрекет жасайды. Әйелдің тілін алмаған қыз қастыққа ұшырайды да, ашкере болудан қауіптеніп, күні-түні жүрексіз салынып, әйелді (қызды) өлім жазасына кеседі. Әйел жақындарының, көп жағдайда кездейсоқ кездескен кісілердің көмегімен аман қалады. Соңында шындық анықталып, кінәлі жазаланады.

3.Перзентсіздіктен шаршаған патша қарапайым «ұл табамын» деп уәде берген кедей қызға үйленеді. Мерзімді уақытында ханша алтын шашпты ұл мен күміс шашпты қыз табады. Патшаның үлкен әйелдері қызғанышпен кемпірге балаларды өлтіруді тапсырып, орнына күшік салыпты қояды. Қаһармандар патша әйелін жәбірлеп, жыртқыш аңдар мекендейтін аралға апарып тастайды. Ажал аузына тасталған балалар пірлердің жәрдемімен аман қалып, тауда өмір сүреді. Бала батыр да, ержүрек болып өседі, ол – аң аулап, қарындасы мен өзін асырайтын алып-мерген. Қаншама жылдардан кейін пірлердің көмегімен отбасы қайта табысып, дұшпандар қатаң жазаланады. [1,155 б]

Соның үшінші үлгісі төменде біз талдағалы отырған дастандардың сюжетіне сәйкес келеді. Еларасында, әсіресе Қазақстанның оңтүстігінде кең тараған «Болат, Жанат» дастаны халық арасында өте танымал. Кей жерлерде бұл туынды «Сауда ишан» немесе «Опасыз ишан» деп те аталады. Қазірге дейін шамамен жиырмаға жуық қолжазба нұсқасы белгілі.

«Болат, Жанат» дастанында әкесі ұзақ сапарға кеткен кезде басты кейіпкер Жанатқа негізсіз кінә тағып, түрлі қорлық көрсететін – әкесінің ерекше сенім артқан пірі Сауда ишан екені баяндалады. Кейін әкесі қызын өлтіруге тапсырма береді. Сонда анасы Жанатқа қашып кетуді және өзімен бірге Болаттың да баруын өтінеді. Екеуі бәрінен жасырынып, жолға шығады. Бірақ жолда Жанат әкесінің бәрібір іздеп тауып алатынын біліп, ағасына мені өлтіргендей сынай танытуын сұрайды. Болат өздерімен жолға шыққан итті өлтіріп, киімін қан қылып әкесіне апарады. Осы оқиға желісі «Қисса Жүсіпте» де көрініс табады. Жақыпқа балалары «Жүсіпті қасқыр жеп қойды», - деп, көйлегін қанға бояп әкелгенде, сол қасқырды куәлікке шақырады. Ол өзі жоғалған бөлтірігін іздеп шыққан екен. Бұл тұста ежелгі мифтер бойынша алынған бөрі - бір тайпа ел бейнесі болуы мүмкін (бөрі төтемі). Көйлекті қанға бояп көрсету желісі «Қорқыт ата кітабында» да бар. Банушешектің ағасы Қаршар Бамсының көйлегін қанға бояп, Байындыр ханға әкеледі:

- Ей, бұл не көйлек? - деді.

- Сұлтаным, бұл - Бәйректің көйлегі, оны Қара Дербендте өлтірген, - деді. Көйлекті көрген бектер бұған нанып, өкіре-өкіре жыласып, айғай-шу, азан-қазан болды [2,131 б].

*На основе анализа художественных переводов выявляются основные типы синтаксических кальк, их функциональная роль и степень соответствия нормам современного казахского литературного языка. Обосновывается положение о том, что синтаксические кальки являются не только результатом языковой интерференции, но и отражением определенного историко–культурного этапа развития переводческой практики. В контексте исторической памяти данные языковые явления рассматриваются как свидетельство языковых поисков и трансформаций, характерных для периода активного культурного взаимодействия. Полученные результаты позволяют по-новому оценить место синтаксических кальк в системе литературного языка, а также определить их значение в формировании переводческой традиции и языкового сознания эпохи независимости.*

***Ключевые слова:*** *көркем аударма, синтаксистік калька, қазақ әдеби тілі, тілдік норма, аударма тілі, тарихи жады.*

***Abstract:*** *The article examines syntactic calques in literary translations produced during the years of independence and analyzes their impact on the development of the Kazakh literary language. Special attention is paid to the structural characteristics of calqued syntactic patterns that emerged as a result of direct or indirect influence of the source language on translated texts. The study is based on approaches from translation theory, syntax, and language norm studies.*

*The analysis of literary translations makes it possible to identify the main types of syntactic calques, their functional roles, and their degree of conformity to the norms of the modern Kazakh literary language. It is argued that syntactic calques should be viewed not only as manifestations of linguistic interference but also as indicators of a specific historical and cultural stage in the evolution of translation practices. Within the framework of historical memory, these linguistic phenomena are interpreted as reflections of language experimentation and transformation during a period of intensive cultural interaction. The findings contribute to a more nuanced understanding of the role of syntactic calques in the literary language system*

*and highlight their significance in shaping translation traditions and linguistic consciousness in the era of independence.*

***Keywords:*** *literary translation, syntactic calque, Kazakh literary language, language norm, translation language, historical memory.*

**Кіріспе**

Тәуелсіздік кезеңі қазақ әдеби тілі дамуының жаңа белесін айқындаған маңызды тарихи–мәдени кезең болып табылады. Уақыт аралығында ұлттық әдеби кеңістікке әлемдік көркем ойдың кең көлемде енуі, аударма әдебиеттің қарқынды дамуы және тілдік байланыстардың күшеюі байқалды. Әсіресе көркем аударма саласында жүзеге асқан үдерістер қазақ әдеби тілінің синтаксистік жүйесіне елеулі ықпал етті. Осы ықпалдың нәтижесінде аударма мәтіндерде түпнұсқа тілдің құрылымдық ерекшеліктерін сақтауға ұмтылу синтаксистік калькалардың пайда болуына негіз қалады.

Көркем аудармадағы синтаксистік калькалар – тілдік қатынастардың табиғи салдары бола отырып, бір жағынан тіл байлығын арттыру мүмкіндігін ұсынса, екінші жағынан әдеби тіл нормасының бұзылуына алып келетін құбылыс ретінде бағаланады. Тәуелсіздік жылдарында аударма тәжірибесінде түпнұсқа тілдің сөйлем құрау үлгілерін тікелей көшіру, сөз тәртібін сақтап беру, күрделі синтаксистік құрылымдарды өзгеріссіз қолдану жиі көрініс тапты. Бұл жағдай қазақ тілінің дәстүрлі синтаксистік жүйесі мен жаңа тілдік үлгілердің арақатынасын қайта қарастыру қажеттігін туындатты. Синтаксистік калька мәселесін зерттеу тек тілдік құбылысты сипаттаумен шектелмейді. Ол тәуелсіздік кезеңіндегі әдеби тілдің даму бағыттарын, аударма мәдениетінің деңгейін және ұлттық тілдік сананың өзгеру үдерісін айқындауға мүмкіндік береді. Көркем аудармалардағы синтаксистік калькалар тарихи жадымен де тығыз байланысты. Өйткені тілдік норма мен әдеби үлгі белгілі бір тарихи кезеңнің мәдени тәжірибесін, рухани бағдарын және қоғамдық сұранысын бейнелейді.

Қазіргі кезеңде қазақ әдеби тілінің тазалығы, нормалануы және даму бағытына қатысты мәселелер ғылыми қауымдастық назарында тұр. Осы орайда көркем аудармалар арқылы қалыптасқан синтаксистік калькаларды талдау тәуелсіздік жылдарындағы тілдік өзгерістердің себептерін ашуға, олардың әдеби тілдегі орнын анықтауға және болашақта тілдік саясат пен аударма тәжірибесін жетілдіруге негіз бола алады. Сондықтан аталған мәселені кешенді түрде қарастыру қазақ тіл біліміндегі өзекті бағыттардың бірі болып табылады.

**Әдеби шолу**

Қазақ әдеби тілінің дамуын тәуелсіздік кезеңі аясында қарастыруда көркем аударманың рөлі ерекше мәнге ие. Тәуелсіздік жылдары ұлттық әдеби кеңістіктің кеңеюі, әлемдік әдебиет үлгілерінің жаппай аударылуы және көптілді мәдени байланыстардың күшеюі қазақ әдеби тілінің құрылымдық жүйесіне жаңа ықпал тудырды. Осы үдерісте аударма мәтіндер арқылы енген синтаксистік құрылымдар тілдік норма, стиль және көркемдік дәстүр мәселелерімен тығыз байланыста қарастырыла бастады.

Аударма тіліндегі калька құбылысын қазақ тіл білімінде алғаш жүйелі түрде қарастырған еңбектерде оның лексикалық қана емес, синтаксистік деңгейде де көрініс табатыны атап көрсетіледі. Р. Сыздық көркем аударма мәтіндеріндегі сөйлем құрылысының түпнұсқа тілге бейімделуін әдеби тілдің табиғи дамуы тұрғысынан бағалай отырып, синтаксистік калькалардың белгілі бір кезеңдік тілдік тәжірибенің нәтижесі екенін көрсетеді [1, 112-б]. Ғалымның пайымдауынша, аудармадағы құрылымдық ықпал тілдік нормаға сәйкес келмеген жағдайда әдеби тілдің ішкі заңдылықтарына қайшы келуі мүмкін.

Синтаксистік калькалар мәселесін тіл мәдениеті тұрғысынан қарастырған Б. Қалиев еңбектерінде аударма мәтіндердегі сөйлем құрылымдарының қазақ тілінің дәстүрлі синтаксисімен сәйкестік деңгейі талданады. Зерттеуші калькаланған құрылымдардың тілдік санаға әсерін, олардың әдеби қолданыста орнығу немесе ығыстырылу үдерісін нақты мысалдар арқылы сипаттайды [2, 78-б]. Бұл тұжырымдар көркем аудармадағы синтаксистік ауытқуларды тарихи кезеңмен байланыстыра бағалаудың маңызын айқындайды.

Тәуелсіздік жылдарындағы аударма тәжірибесін кешенді тұрғыдан талдаған Ш. Құрманбайұлы еңбектерінде қазақ әдеби тіліне енген жаңа құрылымдардың бір бөлігі шет тілдік үлгілердің тікелей ықпалы нәтижесінде қалыптасқаны көрсетіледі. Ғалым синтаксистік калькаларды тілдің табиғи эволюциясы мен сыртқы ықпалдың өзара әрекетінің нәтижесі ретінде қарастырып, олардың әдеби тілдегі орны уақыт пен қолданыс арқылы анықталатынын атап өтеді [3,

146-б]. Бұл пікір калькаларды біржақты теріс құбылыс ретінде емес, тарихи–тілдік контекст аясында бағалауға мүмкіндік береді.

Көркем аударма мен әдеби тілдің арақатынасын тарихи жады тұрғысынан қарастырған Н. Уәлидің зерттеулерінде тілдік норма белгілі бір кезеңнің мәдени тәжірибесін сақтаушы құрал ретінде сипатталады. Ғалым аударма мәтіндердегі синтаксистік ерекшеліктерді сол дәуірдің тілдік санасы мен әдеби талғамының көрінісі деп бағалайды [4, 59-б]. Осы тұрғыдан алғанда синтаксистік калькалар тәуелсіздік жылдарындағы қазақ қоғамының мәдени–тілдік ізденістерін айқындайтын маңызды дерек көзі болып табылады.

Жалпы ғылыми еңбектерді талдау тәуелсіздік кезеңіндегі көркем аудармалардағы синтаксистік калькалар мәселесінің қазақ тіл білімінде бірнеше бағытта зерттелгенін көрсетеді. Олар – тілдік норма мен ауытқу, аударма мәдениеті, әдеби тілдің тарихи дамуы және ұлттық тілдік сананың өзгеруі. Зерттеулер синтаксистік калькаларды тек тілдік құбылыс ретінде емес, тарихи жады мен мәдени тәжірибенің тілдегі көрінісі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

**Негізгі бөлім**

Тәуелсіздік жылдары қазақ әдеби тілінің дамуында түбегейлі өзгерістер кезеңі ретінде сипатталады. Бұл кезеңде ұлттық мәдени кеңістіктің ашық сипат алуы, әлемдік әдеби мұраның кең көлемде аударылуы және көптілді коммуникацияның күшеюі көркем аударма үдерісін сапалық жаңа деңгейге көтерді. Аталған үдерістер қазақ әдеби тілінің синтаксистік жүйесіне де ықпал етіп, бұрын сирек кездескен немесе мүлде қолданылмаған құрылымдардың әдеби қолданысқа енуіне жағдай жасады. Осындай тілдік ықпалдардың бірі – синтаксистік калька құбылысы.

Синтаксистік калька аударма барысында түпнұсқа тілдің сөйлем құрау үлгісін, сөз тәртібін немесе құрылымдық байланысын қабылдаушы тілге тікелей көшіру арқылы жасалатын тілдік құбылыс ретінде түсіндіріледі. Бұл құбылыс, бір жағынан, аударманың дәлдігін сақтауға бағытталған әрекет болып көрінсе, екінші жағынан, қабылдаушы тілдің ішкі заңдылықтарына сәйкес келмейтін құрылымдардың қалыптасуына алып келеді. Сондықтан синтаксистік кальканы бағалау мәселесі әдеби тіл нормасы, тіл мәдениеті және тарихи тілдік тәжірибе ұғымдарымен тығыз байланысты. Тәуелсіздік кезеңіндегі көркем аудармаларда синтаксистік калькалардың белсенді қолданылуы бірнеше факторлармен түсіндіріледі. Біріншіден, аудармашылардың түпнұсқа мәтіннің құрылымдық ерекшелігін барынша сақтауға ұмтылуы сөйлем деңгейінде тікелей сәйкестікке алып келді. Екіншіден, орыс және батыс тілдеріндегі күрделі синтаксистік модельдердің қазақ тіліне бейімделу процесі біркелкі жүзеге аспады. Үшіншіден, тәуелсіздік жылдарындағы тілдік тәжірибеде әдеби норма мен жаңа қолданыстар арасындағы шекара әлі толық айқындалмаған болатын. Синтаксистік калькаларды теориялық тұрғыдан қарастыруда оларды тілдің табиғи дамуының бір көрінісі ретінде бағалау маңызды. Әдеби тілдің тарихи дамуы әрқашан сыртқы ықпалдармен сабақтасып отырғаны белгілі. Осы тұрғыдан алғанда синтаксистік калькалар белгілі бір тарихи кезеңдегі тілдік сананың, аударма мәдениетінің және әдеби талғамның көрсеткіші ретінде қарастырылады. Олар тәуелсіздік жылдарындағы қазақ қоғамының әлемдік мәдени кеңістікке бейімделу үдерісін тілдік деңгейде бейнелейді. Синтаксистік калькалардың әдеби тілдегі орны біржақты бағалауға көнбейді. Кейбір калькаланған құрылымдар уақыт өте келе әдеби қолданысқа сіңісіп, тілдік нормаға айналса, енді бір бөлігі тілдің табиғатына сәйкес келмейтін бөгде элемент ретінде қолданыстан ығыстырылды. Бұл жағдай синтаксистік калькаларды тарихи жады тұрғысынан зерттеудің маңызын арттырады. Өйткені тілдік норма белгілі бір дәуірдің мәдени тәжірибесін, эстетикалық ұстанымын және қоғамдық сұранысын сақтайтын құрал ретінде қызмет атқарады.

Тәуелсіздік жылдарындағы көркем аударма үдерісінде қалыптасқан синтаксистік калькалар қазақ әдеби тілінің даму тарихындағы өтпелі кезеңнің тілдік белгісі болып табылады. Оларды теориялық тұрғыдан талдау әдеби тілдің нормалану жолдарын, аударма мәдениетінің эволюциясын және ұлттық тілдік сананың өзгеру динамикасын терең түсінуге мүмкіндік береді.

Тәуелсіздік жылдарындағы көркем аудармалар тілдік тұрғыдан әркелкі сипатқа ие болып, қазақ әдеби тілінде бұрын орнықпаған синтаксистік құрылымдардың жиі қолданылуына алып келді. Бұл құбылыстың негізгі себебі түпнұсқа тілдің синтаксистік үлгілерін дәл жеткізуге бағытталған аударма стратегияларымен байланысты. Аударма мәтіндерде кездесетін синтаксистік калькалар құрылымдық ерекшеліктеріне қарай бірнеше топқа жіктеледі.

Алдымен сөйлем құрылысына қатысты калькаларға назар аудару қажет. Көркем аудармаларда жай сөйлемдердің күрделенуі, ойды бір сөйлем ішінде шамадан тыс жинақтау және синтаксистік тұтастықты ұзақ құрылымдар арқылы беру жиі байқалады. Мұндай құрылымдар көбіне түпнұсқа тілдегі күрделі синтаксистік модельдердің тікелей көшірілуі нәтижесінде пайда

болады. Қазақ тілінің дәстүрлі синтаксисіне тән қысқа әрі анық құрылымның орнына салалас және сабақтас байланыстардың шамадан тыс қабаттасуы мәтіннің қабылдануын қиындатады. Сөз тәртібіне байланысты синтаксистік калькалар да көркем аудармаларда кең таралған. Қазақ тілінде сөйлем мүшелерінің орналасу тәртібі мағыналық айқындық пен стильдік үйлесімділікті қамтамасыз етсе, аударма мәтіндерде түпнұсқа тілдің логикалық екпінін сақтау мақсатында сөздердің әдеттегі орын тәртібі бұзылады. Бұл жағдайда баяндауыштың сөйлем соңында емес, аралық позицияда келуі немесе анықтауыш пен анықталатын сөздің арасына бөгде құрылымдардың енуі жиі ұшырасады. Мұндай калькалар қазақ әдеби тілінің синтаксистік дағдысына сәйкес келмейтін құрылымдарды қалыптастырады.

Бағыныңқы құрылымдардағы калькалар ерекше талдауды қажет етеді. Аударма мәтіндерде себеп, шарт, мақсат және анықтауыш бағыныңқылардың түпнұсқа тілдегі логикалық жүйесі сол күйінде сақталып, қазақ тілінің табиғи синтаксистік байланыстарымен үйлеспей жатады. Нәтижесінде бағыныңқы сөйлемдердің орын тәртібі, жалғаулықтардың қолданылуы және предикативтік қатынастар жасанды сипат алады. Бұл құбылыс көркем мәтіннің стильдік тұтастығына кері әсер етеді. Түпнұсқа тілдің ықпалы синтаксистік калькалардың қалыптасуында шешуші рөл атқарады. Әсіресе орыс және батыс тілдеріне тән аналитикалық құрылымдардың агглютинативті қазақ тіліне бейімделуі бірқатар құрылымдық ауытқуларға әкеледі. Бұл жағдайда синтаксистік калька аудармашының жеке стилінен гөрі, белгілі бір кезеңдегі аударма тәжірибесінің ортақ сипатын көрсететін тілдік белгіге айналады. Синтаксистік калькалардың құрылымдық ерекшеліктерін талдау олардың тек тілдік емес, тарихи–мәдени мәнін де айқындайды. Тәуелсіздік жылдарындағы аударма мәтіндерде қалыптасқан синтаксистік модельдер сол кезеңдегі әдеби талғамды, аудармаға қойылған талаптарды және тілдік санадағы өзгерістерді бейнелейді. Осы тұрғыдан алғанда синтаксистік калькалар белгілі бір тарихи кезеңнің тілдік тәжірибесін сақтаушы элемент ретінде бағаланады.

Көркем аудармалардағы синтаксистік калькалардың түрлері мен құрылымдық ерекшеліктерін талдау қазақ әдеби тілінің синтаксистік жүйесінде орын алған өзгерістерді анықтауға, аударма мәдениетінің даму деңгейін бағалауға және тілдік норманың қалыптасу үдерісін тарихи жады тұрғысынан зерделеуге мүмкіндік береді.

Тәуелсіздік жылдарындағы көркем аудармаларда қалыптасқан синтаксистік калькалар қазақ әдеби тілінің даму үдерісіне әрқилы ықпал етті. Ықпал бір жағынан тілдік жүйенің кеңеюімен, екінші жағынан әдеби тіл нормасының тұрақтылығына қатысты мәселелердің туындауымен сипатталады. Синтаксистік калькаларды қолданбалы тұрғыдан бағалау тіл мәдениеті, нормалану және тілдік сана ұғымдарымен тығыз байланыста жүзеге асырылады.

Қолданыс тәжірибесі көрсеткендей, синтаксистік калькалардың бір бөлігі көркем мәтін шеңберінен шығып, публицистикалық және ғылыми стильдерге де ене бастады. Мұндай құрылымдар оқырман тарапынан біртіндеп қабылданып, тілдік санада бейтарап элемент ретінде орнығады. Жағдай әдеби тілдің дамуында сыртқы ықпалдардың белгілі бір деңгейде бейімделу қабілетіне ие екенін көрсетеді. Алайда калькаланған құрылымдардың барлығы бірдей нормалану үдерісінен өте бермейді. Тілдік норма тұрғысынан алғанда синтаксистік калькаларды шартты түрде үш топқа бөлуге болады. Бірінші топқа қазақ тілінің ішкі заңдылықтарымен үйлесіп, қолданыста орныққан құрылымдар жатады. Екінші топқа уақытша қолданылып, кейін тілдік тәжірибеден ығыстырылған калькалар кіреді. Үшінші топты әдеби тіл нормасына қайшы келетін, бірақ аударма мәтіндерде жиі кездесетін тұрақсыз құрылымдар құрайды. Жіктеу синтаксистік калькалардың әдеби тілдегі тағдыры әлеуметтік сұраныс пен тілдік сананың деңгейіне тікелей байланысты екенін көрсетеді.

Синтаксистік калькалардың тіл мәдениетіне әсері де әркелкі. Кейбір калькалар сөйлемнің логикалық айқындығын күшейтсе, енді біреулері мәтіннің табиғи ағымын бұзып, жасандылық тудырады. Әсіресе түпнұсқа тілдің аналитикалық құрылымдарын толық сақтауға ұмтылу қазақ тілінің агглютинативті табиғатына сәйкес келмейтін синтаксистік модельдердің көбеюіне алып келді. Жағдай тіл мәдениеті тұрғысынан сынға алынуы тиіс құбылыс ретінде бағаланады. Қолданбалы зерттеу нәтижелері синтаксистік калькалардың қабылдануы көбіне оқырманның тілдік тәжірибесіне, әдеби талғамына және белгілі бір кезеңдегі мәдени ортаға тәуелді екенін көрсетеді. Тәуелсіздік жылдарындағы тілдік санада әлемдік әдеби кеңістікке ашықтық басым болғандықтан, калькаланған құрылымдарға төзімділік жоғары болды. Алайда қазіргі кезеңде әдеби тілдің нормалану үрдісі күшейіп, тілдік тазалыққа деген талап арта түсті. Жағдай синтаксистік калькаларды қайта бағалау қажеттігін туындатады.

Кесте 1 – Синтаксистік калькалардың әдеби тілдегі қабылдану деңгейі:

| **Синтаксистік калька түрі** | **Қолданыс аясы** | **Әдеби тіл нормасына сәйкестігі** | **Қабылдану деңгейі** |
|---|---|---|---|
| Сөз тәртібіне қатысты калькалар | Көркем аударма | Төмен | Шектеулі |
| Күрделі сабақтас құрылымдар | Көркем және публицистикалық мәтін | Орташа | Ішінара |
| Логикалық құрылым калькалары | Ғылыми аудармалар | Жоғары | Тұрақты |
| Аналитикалық модельдер | Аударма мәтіндер | Төмен | Уақытша |

Синтаксистік калькаларды тарихи жады тұрғысынан қарастыру олардың белгілі бір кезеңнің тілдік бейнесін сақтайтын көрсеткіш екенін айқындайды. Олар тәуелсіздік жылдарындағы аударма мәдениетінің, тілдік ізденістердің және әдеби тәжірибенің куәгері ретінде бағаланады. Калькалар қазақ әдеби тілінің даму жолындағы өтпелі кезеңнің тілдік таңбасы болып табылады.

**Нәтиже–талдау**

Зерттеу нәтижелері тәуелсіздік жылдарындағы көркем аудармаларда синтаксистік калькалардың жүйелі түрде қалыптасқанын және олардың қазақ әдеби тіліне көпқырлы ықпал еткенін көрсетті. Талдау барысында калькалардың тек тілдік ауытқу ретінде емес, белгілі бір тарихи–мәдени кезеңнің тілдік тәжірибесін бейнелейтін құбылыс екені анықталды. Құрылымдар аударма үдерісінде тілдік нормалар мен шығармашылық еркіндік арасындағы тепе-теңдіктің сақталмауынан пайда болған.

Жиналған материалдарды саралау синтаксистік калькалардың көркем аудармада жиі қолданылатын бірнеше тұрақты үлгілерін айқындауға мүмкіндік берді. Олардың бір бөлігі қазақ тілінің ішкі синтаксистік мүмкіндіктеріне бейімделіп, функционалдық тұрғыдан орнықса, енді бір тобы әдеби тіл нормасына сәйкес келмей, қолданыста тұрақсыз сипат алды. Айырмашылық калькалардың қабылдануы тек құрылымдық сәйкестікке емес, тілдік сана мен мәдени ортаға да тәуелді екенін көрсетеді. Зерттеу нәтижелері калькалардың таралу деңгейі аударма кезеңіндегі тіл саясаты мен мәдени бағдарлармен тығыз байланысты екенін дәлелдеді. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында шетелдік әдебиеттерді жедел аудару қажеттілігі синтаксистік құрылымдарды тікелей көшіруге алып келсе, кейінгі кезеңде тілдік норманы сақтау мәселесі алдыңғы қатарға шықты. Өзгеріс әдеби тілдің өздігінен реттелу механизмінің бар екенін айғақтайды.

Синтаксистік калькалар тарихи жады тұрғысынан бағаланғанда, олар белгілі бір дәуірдегі тілдік ізденістердің, аударма мәдениетінің және әдеби тәжірибенің тілдік ізі ретінде қарастырылады. Осы тұрғыдан алғанда калькалар қазақ әдеби тілінің даму жолындағы өтпелі кезеңнің көрсеткіші қызметін атқарады. Олар тіл тарихының бір кезеңін бейнелейтін дереккөз ретінде ғылыми айналымда сақталуы тиіс.

**Қорытынды**

Зерттеу нәтижелерін қорытындылай келе, тәуелсіздік жылдарындағы көркем аудармалардағы синтаксистік калькалар қазақ әдеби тілінің дамуына әрі ықпал еткен, әрі белгілі бір деңгейде тілдік нормаға сын тудырған құбылыс екені анықталды. Калькалар тілдің ішкі құрылымына сыртқы тілдік жүйелердің әсер ету тетігін көрсетіп қана қоймай, тарихи кезеңнің мәдени–тілдік бейнесін де айқындайды.

Синтаксистік калькалардың бір бөлігі уақыт өте келе әдеби тілдің функционалдық қорына еніп, қолданысқа бейімделсе, екінші бөлігі нормадан тыс элемент ретінде шектелді. Үдеріс қазақ әдеби тілінің дамуында іріктеу және бейімделу заңдылығының бар екенін дәлелдейді. Әдеби тіл кездейсоқ құрылымдарды қабылдамай, тек коммуникативтік тұрғыдан тиімді және жүйеге сәйкес элементтерді ғана сақтап қалатыны байқалады.

Тарихи жады тұрғысынан синтаксистік калькалар тәуелсіздік кезеңіндегі аударма тәжірибесінің тілдік куәгері ретінде бағалануы қажет. Олар сол дәуірдегі мәдени ашықтықты, әлемдік әдеби кеңістікпен байланыс орнату үдерісін және тілдік эксперименттердің сипатын айқын көрсетеді. Осы тұрғыдан алғанда калькалар тілдік қателік қана емес, тарихи–мәдени құбылыс ретінде ғылыми тұрғыдан зерделеуді талап етеді.

Зерттеу нәтижелері көркем аудармада тілдік норманы сақтаумен қатар, ұлттық әдеби тілдің даму логикасын ескерудің маңызын көрсетеді. Синтаксистік калькаларды саналы түрде талдау және бағалау қазақ әдеби тілінің болашақтағы тұрақты дамуына, тіл мәдениетін нығайтуға және тарихи тілдік тәжірибені дұрыс пайымдауға мүмкіндік береді.

**Әдебиеттер тізімі:**


1. Сыздық Р. Тілдік норма және оның қалыптануы. – Алматы: Арыс, 2001. – 230 б.
2. Қалиев Б. Қазақ тіл мәдениеті және әдеби норма. – Алматы: Ғылым, 1998. – 192 б.
3. Құрманбайұлы Ш. Қазақ тілінің терминологиялық және аударма мәселелері. – Алматы: Қазақ университеті, 2010. – 256 б.
4. Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің негіздері. – Алматы: Ғылым, 2007. – 180 б.
5. Сыздық Р. Тілдік норма және әдеби тілдің дамуы. – Алматы: Арыс, 2005. – 256 б.
6. Қалиев Б. Қазақ әдеби тілінің мәдениеті. – Алматы: Ғылым, 2007. – 198 б.
7. Құрманбайұлы Ш. Қазақ тіліндегі аударма және терминология мәселелері. – Алматы: Қазақ университеті, 2012. – 240 б.
8. Уәли Н. Қазақ тілінің синтаксистік жүйесі және норма мәселелері. – Алматы: Ғылым, 2009. – 214 б.
9. Қалиев Б. Қазақ әдеби тілінің құрылымдық негіздері. – Алматы: Арыс, 2011. – 228 б.
10. Құрманбайұлы Ш. Аударматану және қазақ әдеби тілі. – Алматы: Қазақ университеті, 2013. – 260 б.
11. Оразбаева Ф. Қазіргі қазақ тіліндегі синтаксистік құрылымдар. – Алматы: Институт, 2015. – 198 б.
12. Уәли Н. Қазақ тіліндегі норма және тілдік сана. – Алматы: Ғылым, 2016. – 212 б.
13. Қалиев Б. Тіл мәдениеті және әдеби қолданыс. – Алматы: Арыс, 2014. – 224 б.
14. Оразбаева Ф. Қазіргі қазақ тіліндегі функционалдық нормалар. – Алматы: Институт, 2018. – 196 б.
15. Смағұлова Г. Қазақ әдеби тілінің даму үрдістері. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 240 б.


ӘОЖ 82:316.3

## КИЕЛІ МАҢҒЫСТАУ МҰРАСЫ ҚАБИБОЛЛА СЫДИЫҚҰЛЫ ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕ

**Мухадес Айсәуле Болатжанқызы**
*Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің «Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдерін даярлау» мамандығының II курс магистранты, Орал қ.*

***Түйіндеме**. Мақалада Батыс Қазақстан өңіріндегі тарихи-мәдени мұраны зерттеуде көрнекті ғалым Қабиболла Сыдиықұлының ғылыми еңбектері жан-жақты талданады. Зерттеушінің Маңғыстау мен Үстірт аймағындағы сәулет және ғұрыптық ескерткіштерді жүйелеу, типологиялау және ғылыми айналымға енгізудегі рөлі айқындалады. Автор ғалым еңбектерінде қарастырылған жерасты мешіттері, қойтастар, құлпытастар, сағана-тамдар, кереге-тамдар мен күмбезді құрылыстардың құрылымдық, көркемдік және семантикалық ерекшеліктеріне тоқталады. Сонымен қатар Қабиболла Сыдиықұлы зерттеулерінің халықтың тарихи жадын сақтаудағы, рухани-мәдени мұраны танытудағы маңызы ғылыми тұрғыда сараланады.*

***Тірек сөздер:*** *Батыс Қазақстан, Маңғыстау, сәулет ескерткіштері, қойтас, күмбез, жерасты мешіті, тарихи-мәдени мұра.*

***Резюме.*** *В статье всесторонне анализируется научное наследие известного исследователя Кабиболлы Сыдыкова в изучении историко-культурных памятников Западного Казахстана. Раскрывается его вклад в систематизацию и научное осмысление архитектурных и культовых сооружений Мангистау и Устюрта. Особое внимание уделяется подземным мечетям, койтасам, кулпытасам, сагана-тамам, кереге-тамам и купольным сооружениям, рассматриваемым как отражение духовной, социальной и эстетической культуры народа. Подчеркивается значение трудов ученого в сохранении исторической памяти и популяризации сакрального наследия региона.*

***Ключевые слова:*** *Западный Казахстан, Мангистау, архитектурные памятники, койтас, купол, подземная мечеть, культурное наследие.*

Қасиетті атамекенді ардақтау, оның өткенін түгендеп, рухани қазынасын таныту – санаулы ғана азаматтың маңдайына жазылған миссия. Солардың бірі – Қабиболла Сыдиықұлы. Ол туған жерінің тарихын қағаз арасынан ғана емес, кең дала төсінен, үнсіз жатқан ескерткіштер мен көненің көзіндей болған киелі орындардан іздеді. Архив шаңын қағып, жаяу жүріп, көзбен көріп, қолмен ұстап зерттеген еңбегі арқылы өңір шежіресін тірілтті.

Ғалым таста таңбаланған суреттерді, уақыт табын жұқтырған құлпытастарды, төбесі опырылған жерасты мешіттерін, әулиелі қорымдар мен тарихи ғимараттарды алғашқылардың бірі болып жүйелеп, олардың қадір-қасиетін ғылыми айналымға енгізді. Осы арқылы ол киелі мекендердің сырын ашып, қалың жұртшылыққа кеңінен танытты.

Қ.Сыдиықов тарихшы, этнограф, публицист ретінде Батыс өлкесінің мәдени, музыкалық тарихы, әдеби архитектуралық мұралары хақында көптеген мақалалар жариялады және өзге авторлармен бірігіп, бірнеше еңбектерін жазып қалдырды.

Ғалымның жазып қалдырған еңбектерінің ішінде «Маңғыстау» атты зерттеу ерекше орын алады. Бұл еңбек 1973 жылы Саламат Шалабаев, Есбол Өмірбаев сияқты авторлармен бірлесіп жазылған. Аталған кітаптың ғылыми салмағын кезінде Қазақ КСР Ғылым академиясының президенті, академик Шахмардан Есенов жоғары бағалап: «Жас ғалым Қабиболла Сыдиықов түбекте сақталған мәдени, әдеби, архитектуралық мұраларды түрі мен стиліне, көркемдік сапасына орай жүйелеп жіктеп, олардың өзге Орта Азия халықтары мәдениетімен сабақтастығы, көп ғасырлық даму дәстүрі, халқымыздың қазіргі мәдени тәжірибесімен байланысы жайлы байыпты ғылыми тұжырымдар, қызғылықты деректер келтіреді» [1,4], - деп, жас ғалымның мәдени, әдеби және архитектуралық мұраларды жүйелеудегі тың көзқарасын атап өткен болатын. Автор бұл еңбегінде Маңғыстау өңіріндегі ескерткіштердің түрі мен стилін, көркемдік сапасын жан-жақты талдап, олардың Орта Азия халықтарының мәдениетімен сабақтастығын дәлелдеді.

Аталған зерттеулер «Октябрь арайында» атты кітапта жалғасын тауып, түбектегі жаңа қоғамдық құрылыс, азамат соғысы, мәдени өзгерістер кеңінен қамтылды.

Қабиболла Сыдиықұлы қандай іске кіріссе де, оған бар болмысымен берілетін. Денсаулығы сыр беріп жүрсе де, шығармашылық пен ғылым жолындағы қажыр-қайратын аямай, екі ірі еңбегін дүниеге әкелді. Соның бірі – бірнеше автор бірігіп жазған «Каспий қайраңы» атты үш тілде жарық көрген үш томдық еңбек. Әсіресе «Киелі өнер» деп аталатын соңғы томы ғалымның өз қолымен жазылып, безендірілуіне дейін өзі атсалысқан тағдырлы еңбек болды. Бұл туындыны оның ғылымдағы соңғы сөзі, өзі тұрғызған рухани ескерткіші деуге әбден болады. Өкінішке қарай, автор бұл еңбектің жеке кітап болып жарық көргенін

көзі тірісінде көре алмады. Сондықтан оны қайта басып, халыққа ұсыну – ғалым шәкірттері мен ізбасарларының парызы.

Ғалымның ғылыми мұрасының шоқтығы биік тағы бір саласы – «Маңғыстау» энциклопедиясы. Мұндай көлемді басылымды әзірлеу ұзақ жылдарға созылған жүйелі зерттеуді талап етеді. Энциклопедияға материалдары кейін «Елеулі есімдер, бағалы басылымдар» атты жинақта топтастырылды. Онда автор өз еңбегін асыра бағаламай, қарапайым ғылыми пайыммен түсінік береді. Ақын ретінде поэзия саласында «Теңіз лебі» жинағын шығарды. Ол журналист ретінде өскелең өміріміз бен жасампаз еңбек адамдары туралы суреттемелер, очерктер, проблемалық мақалалар жазып, бүгінгі өміріміздің көкейкесті мәселелерін күн тәртібіне қойып, белсене қалам тартып келді. Ол әдеби «Қазақ совет энциклопедиясы» авторларының бірі.

Ақтөбе даласынан Арал теңізіне, Жылой құмынан Красноводскіге дейінгі жерді алып жатқан Маңғыстау өлкесі көз тартар архитектуралық мұралар мен бейнелеу өнері үлгілеріне бай. Ақ, сарғыш, қызғылт түсті ұлу тастардан ғажап шеберлікпен жасалған әшекейлі мешіт-ғимараттар мен әдемі ескерткіш-күмбездер, оюлы құлпытастар Жем мен Шың, Сам мен Қарақұм, Атырау мен Қарнау қоныстарында көптеп кездеседі. Зерттеуші еңбектерінде аталған өңірдің сәулет мұралары тек архитектуралық нысан ретінде емес, халықтың рухани, әлеуметтік және эстетикалық болмысының көрінісі ретінде қарастырылады.

Батыс өңіріндегі киелі сәулет нысандарын зерттеу барысында Қабиболла Сыдиықұлы Маңғыстау аумағындағы Шопан-Ата кешеніне арнайы тоқталады. Бұл ғимараттардың ерекшелігі – олардың ішіне адам жерленген, яғни мешіт-бейіт ретінде жасалған. Ол XII-XIII ғасырларда хорезмдіктер мен Маңғыстау түрікмендері арасындағы соғыстардың бірінде қаза тапқан ру басыларыныың бірі Шопан мен оның батыр қызы Айымға арналған.

Шопан-ата мен Айымға және олармен бірге шайқаста қаза тапқан адамдарға жеке ескерткіш тұрғызылмай, бұл аумақта қауымдық қойымдықтар ғана жасалған. Туыстары олардың туған мекенінен жырақта, тұрақты ғимаратсыз әрі белгісіз қалғанына қатты күйзеліп, «Шопан-ата жайсыз жерде қалды» деп қынжылғаны жөнінде аңыздар сақталған [2, 7]. Зираттың бір бөлмесінде Шопан-атаның, екіншісінде Айымның қабірі бар. Екі қабірге де кейінгі кезеңдерде жерленген адамдар қойылған. Айым қабірінің бірнеше қабат шымылдықпен жабылуы – кейінгі ұрпақтың көрсеткен құрметінің белгісі ретінде бағаланады.

Ғалымның Батыс Қазақстан аумағындағы зерттеулерінде көне қорымдар мен қойымдық кешендер де маңызды орын алады. Маңғыстаудың оңтүстік-шығысында, Бостан құмының биік жоталарының бірінде орналасқан Масат зираты да көне ескерткіштердің шоғырын құрайды. Бұл қорымдағы ескерткіштер ақ борлы жота үстінде және оның екі қапталында орналасқан. Масат – ортағасырлық бейне-белгілерін сақтап қалған бірегей қойымдық. Ондағы қойтастар бір беткейлі, үш немесе төрт қырлы болып, қатарласа тізіліп орналасқан. Қойтастар бетіндегі таңбалар мен белгілер арқылы оғыз тайпаларынан бастап түрікпен, адай және әлім руларының тарихи ізін көруге болады.

Масат зиратындағы қошқар бейнелі қойтастар сом тастан қашалып, бетіне қару-жарақ бейнелері салынған. Бұл белгілер бейіттің ер немесе әйел адамға арналғанын ажыратуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар жота үстінде орналасқан көне күмбезді мазар мен киіз үй пішіндес шағын мешіт Маңғыстау сәулет өнерінің айрықша үлгілері ретінде бағаланады. Масат тұлғасына қатысты аңыздарда оның ел ішінде құрметке ие, әділ әрі рухани беделді адам болғаны айтылады [2, 9]. Бұл аңыздар мешіт пен мазар маңындағы тас бетінде сақталған адам және жануар бейнелерімен, сондай-ақ табиғи жыныстарда қалыптасқан іздермен сабақтасып, халық жадында қасиетті орын ретінде орныққан. Ескерткіштерден

бұл жерді мекен еткен оғыздардан бастап, түрікпен тайпалары, адай және әлім руларының таңбалары мен белгілерін көруге болады.

IX-X ғасырларға жататын шығыстың сәулет өнерінің үлгісімен күмбезделіп жасалған ғимараттардың бірі – Шақпақ-ата мешіті. Мешіт терең сайдың қапталындағы жарқабақтан қашалған. Жартастың бетінде аңдар мен жануарлар бейнесі, ру, тайпа таңбалары мен әр қилы ою-өрнектер, араб әрпімен жазылған түрік халықтарының нақыл сөздері бейнеленген. Ғимараттан Көне, Үргеніш, Бұхар, Хиуа, Хорасан шеберлерінің стилін байқаймыз. А.Медоев бұл жерасты мешіті туралы: «әзірше тек Орта Азия мен Қазақстанның территориясындағы тұтастай тастан қашалған, ешқандай бүліншілікке ұшырамай, бүтін күйінде сақталып отырған орта ғасырлық бірден-бір ескерткіш [2, 10]. Шақпақ-ата жерасты ғимараты – сәулет өнерінің тамаша үлгісі. Құрылыстың тұтастай табиғи тастан жасалуы, көркемдігі мен беріктігінің сайма-сай келуі халық шеберлерінің сезімталдығы мен ойлылығын танытады.

Ежелгі тайпалар дәстүрімен Маңғыстау қазақтары дамытқан өнердің бірі – жерасты ғимараттарын жасау. Қабиболла Сыдиықұлының Батыс өңірінде зерттеген сәулет нысандарының қатарында Маңғыстау мен Үстірт аумағындағы жерасты мешіттері айрықша орын алады. Осы топқа жататын және ғалым еңбектерінде жиі аталатын ескерткіштердің бірі – Бекет-Ата жерасты мешіті.Ел аузындағы әңгімелерде Маңғыстау, Үстірт, Жем бойындағы ғимараттардың көпшілігі осы Бекет-Ата есімімен тікелей байланысты. Бұл туралы ғалым Э.Эверсман 1820-1821 жылдары былай дейді: «Үстіртте таудан қашап жасалған мешіттер парсы, араб, татар жазуларымен безендірілген. Мұндай ескерткіш-зираты Бекет төрт жерден қашатқан. Оның бірі – Маңғыстаудан қашық емес, Оғыландыда. Екіншісі – Бейнеуде (Ескі Бейнеуде. – К.С.), үшіншісі – Жем өзені бойында, төртіншісі – Арал теңізі жағасындағы Баялыда. Оның бірінде – қыста, екіншісінде – күзде, үшіншісінде – жазда болады екен» [3]. 1853 жылы Алексеев Бекет жайлы: «Бұдан 50 жыл бұрын Жемнің жоғарғы жағындағы Ақмешітті...Бекет Бәйтіле баласы жаз отыруға салдырған екен. Осы мешітте...Бекет ер балаларды оқытып хат танытқан...Өз ағайындары Маңғыстауға көшіп кеткенде, азын-аулақ тағаммен жалғыз қалып қояды екен. Ол диуана сияқтанып тоңғанын, ашыққанына қарамастан сол үңгір мешітте жалғыз қала берген. Жаз шыға туысқандары өлдіге санап, қайта көшіп келсе, ол бұрынғысынан да сау-саламат күйде оларды қарсы алады екен. Оны көрген ел «Оны бағушы бір күш бар» деп сенген, нағыз әулиенің өзі деп түсінген, сондықтан бұл ғажап жанға арналып талай аңыздар, кереметтер тағыла берген. Ол бұдан қырық жыл бұрын өлген», - деп жазған [4, 18].

1867 жылы Үстіртте болған экспедиция мүшесі А.О.Дюгамель Бекет мешіті жайлы былай деп жазады: «Ақ бор төбенің бетіне қасқырдың үңгіріндей тесіске бір адам зорға сыйып, үш құлаштай үңгірмен жүргенде, диаметрі екі жарым құлаш, биіктігі кісі бойындай дөңгелек киіз үй формасындағы үй-мешітке кіреді. Сыртта құдық бар. Оның оң жағында тағы бір бөлме, осылардың арасында сырық тұр. Жемдегі Ақмешітті бұдан 50 жыл бұрын салған. Бекет өлген соң, Оғландыға қойылған» [4, 18]. Осы деректерге сүйене отырып, халық жадында сақталған аңыздарда Бекет-Ата қалмақтарға қарсы соғысқа қатысқан батыр, ерекше көріпкелдік қабілеті бар, болашақты болжай алатын тұлға ретінде сипатталады. Адай рулары Маңғыстауға қоныс аудара бастаған кезеңде ол ежелгі шеберлік дәстүрін дамытып, өңірдің жаздағы аптап ыстығы мен қыстағы қатал суығына бейімделген жерасты ғимараттарын салуда айрықша шеберлік танытқан.

Ғимарат орналасқан шоқының маңайы мен айналасын қазақтың көне бейіттері қоршап жатыр. Халық арасындағы деректерге сүйенсек, бұл қабірлердің барлығы Бекет-Ата қорымына жерлеуді өздері өсиет еткен жандарға тиесілі.

Ұрпақтан-ұрпаққа жеткен аңыз-әңгімелерде Бекет-Ата көпқырлы тарихи тұлға ретінде сипатталады. Біріншіден, ол сыртқы жауларға қарсы күресте ел тәуелсіздігі жолында қол бастап, ақыл-кеңесімен бағыт берген батыр ретінде танылады. Екіншіден, ғылым мен білім жолын таңдаған ағартушы-ұстаз ретінде Маңғыстау, Атырау, Үстірт өңірлерінде шәкірт тәрбиелеп, діни ілім таратқан. Үшіншіден, ол мешіт пен медреселерге қолайлы жерасты ғимараттарын қашап салған сәулетші-шебер болған. Төртіншіден, болашақты болжай білген көреген, сабырлы да төзімді, табиғаттың сирек жаратылысы ретінде ел жадында сақталған.

Осы қасиеттерінің арқасында Бекет-Ата өз заманында-ақ ерекше құрметке ие болып, халық тарапынан әулие саналған. Адай руы оны ұранға айналдырып, есімін рухани тұтастықтың белгісі ретінде қабылдаған. Ел ішінде айтылатын аңыз-әфсаналар мен ыстық ықыласқа толы деректер Бекет-Ата өмірінің шынайылығын айғақтайды. Оның есімі халық санасында рухани медет тұтар киелі тұлға деңгейіне көтерілген.

Қабиболла Сыдиықұлы Батыс Қазақстан өңіріндегі тарихи-мәдени мұраны зерттеу барысында Маңғыстау мен Үстірт аймағында кең тараған сәулеттік және ғұрыптық ескерткіштердің жекелеген түрлеріне арнайы тоқталған. Ғалымның еңбектерінде, ең алдымен, құлпытастар, қойтастар, сағана-тамдар, кереге-тамдар және күмбезді құрылыстар дербес нысан ретінде қарастырылып, олардың құрылымдық, көркемдік және семантикалық ерекшеліктері сипатталады.

Ғалым зерттеулерінде қойтас ескерткіштері ерекше орын алады. Қойтастардың құрылымы, пішіні мен сәндік элементтеріне қарай әр кезеңге тән үлгілері сараланып көрсетіледі. Зерттеуші Маңғыстау қазақтары арасында қойтастардың XV–XVIII ғасырлар аралығында кең таралғанын атап өтіп, олардың бетіне салынған ою-өрнектерді, қошқар мүйіз, геометриялық және тұрмыстық белгілерді көне түркілік дүниетаныммен байланыстырады. Қошқар мүйіз бейнесі Масат, Бейнеу, Сисем-ата, Қошқар-ата, Ақшора-Белторан қауымдарында кездессе, айыр түйе бейнесі Дүлдүл-ата ескерткіші мен Тиген зиратында бар [2, 21]. Ғалымның пайымдауынша, қойтастар ислам діні тарағаннан кейін бұрынғы мүсіндік дәстүрдің символдық формаға ауысқан нұсқасы болып табылады. Сонымен қатар көне тайпалардың әдет-ғұрпына байланысты шыққан.

Зерттеуші еңбектерінде құлпытастардың типологиясы жеке талданады. Құлпытастардың биіктігіне, пішініне, өңделу тәсіліне және жазу үлгісіне қарай бірнеше түрге бөлінетіні көрсетіледі. Ғалым Маңғыстаудағы құлпытастарда марқұмның аты-жөнімен қатар, руы мен тайпасының көрсетілуін маңызды этнографиялық дерек ретінде қарастырады. Сонымен бірге құлпытастардағы жазу мәдениетінің қалыптасуы ислам дінінің орнығуымен тікелей байланыстырылады.

Белгілі зерттеуші Қабиболла Сыдиықұлы зерттеген маңызды нысандардың бірі – сағана-тамдар. Ғалым сағана-тамдардың төрт қабырғалы, төбесі жабық құрылыс үлгісінде салынатынын және олардың Сейсем-ата, Шопан-ата, Қарашүңгіл, Қамысбай зираттарында кең таралғанын атап өтеді. Сағана-тамдардың құрылысында өңделген тас плиталардың қолданылуы, қабырғаларының берік әрі сәнді болуы халық шеберлерінің жоғары кәсіби деңгейін көрсетеді.

Ғалым еңбектерінде кереге-тамдар сағана-тамдарға жақын, бірақ құрылымдық ерекшелігі бар ескерткіш түрі ретінде сипатталады. Кереге-тамдардың төрт бұрышты болып келуі, қабырғаларының биік салынуы және көбіне Жем мен Жылыой аймақтарында кездесуі олардың аймақтық ерекшелігін айқындайды.

Маңғыстау мұрасын зерттеген ғалым күмбезді ескерткіштерді қазақ сәулет өнерінің дамуын көрсететін маңызды нысандар ретінде бағалайды. Ғалым Масат, Сисем-ата, Қошқар-ата, Ақшора-Белторан зираттарындағы күмбездерді жеке-жеке атап, олардың

құрылыс техникасы мен стильдік ерекшеліктерін талдайды. Күмбездердің балшық пен тас аралас материалдан салынуы, киіз үй формасына ұқсас пішіні көшпелі дүниетанымның сәулет өнерінде көрініс тапқанын дәлелдейді.

Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Айтуар Өтегенов өз естелігінде Қабиболла Сыдиықұлының ғылыми-зерттеушілік қызметіне жоғары баға береді. Автордың айтуынша, ғалым Қарақалпақстанға жасаған сапарларының бірінде Бестөбе өңірінен Қосай-атаның бейітін анықтап, Сейсем-атадағы Сүйінқара батырдың жерленген орнын айқындауға мұрындық болған. Сонымен қатар зерттеушінің жаяу жүріп, тағзым етіп, құлпытастарын тұрғызуға бастама жасаған Қашаған, Абыл, Досан, Сәттіғұл, Есір, Мұрын сынды тарихи тұлғалардың бейіттеріне кейінгі кезеңдерде халық тарапынан мавзолейлер орнатылғаны атап өтіледі [5, 6].

А.Өтегенов бұл үдерістің тікелей халықтың тарихи санасының оянуымен байланысты екенін көрсетеді. Оның пікірінше, Қ.Сыдиықұлы сияқты ел тарихына жанашыр зерттеушілердің еңбегі халықтың көрнекті тұлғаларына деген құрмет сезімін қалыптастырып, тарихи жадының жаңғыруына ықпал еткен. Осы тұрғыдан алғанда, Аралбай ақынның бейітінің болашақта анықталуы мүмкін деген болжам да тарихи-мәдени мұраны кешенді түрде зерттеудің өзектілігін айқындайды.

Қорыта айтқанда, Қабиболла Сыдиықұлының Батыс Қазақстан өңіріндегі тарихи-мәдени ескерткіштерді зерттеуі ұлттық рухани мұраны ғылыми тұрғыда жүйелеуге бағытталған іргелі еңбек болып табылады. Ғалымның қойтастар, құлпытастар, сағана-тамдар, кереге-тамдар мен күмбезді құрылыстарға қатысты тұжырымдары қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымы мен сәулет өнерінің сабақтастығын терең түсінуге мүмкіндік береді. Бұл еңбектер қазіргі кезеңде де тарихи-мәдени мұраны сақтау, зерделеу және ғылыми айналымға енгізу ісінде маңызды дереккөз болып табылады.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. «Атырау ақын-жазушыларының кітапханасы» сериясының 35-ші кітабы.
Қ 13 Қабиболла Сыдиықұлы. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2002. – 232 бет.
2. Сыдиықов Қ. Еңбектері: Көптомдық.
4-ші том. Маңғыстау – музей. – Құраст. Ғ.Әнес пен Г.Омарова. – Алматы: «Қазақ кітабы» баспасы, 2021. – 320 бет.
3. Сыдиықов Қ. «Киелі өнер». – Алматы: «Жолдас және компания» баспасы, 2001.
4. Сыдиықов Қ. Еңбектері: Көптомдық.
6-шы том. Маңғыстау – музей. – Құраст. Ғ.Әнес пен Г.Омарова. – Алматы: «Қазақ кітабы» баспасы, 2021. – 330 бет.
5. «Маңғыстау ақын-жазушыларының кітапханасы» сериясының 50 томдығы. – Маңғыстау. – Құраст. Өтегенов А. – 221 бет.

# ХАЛЫҚ АҚЫНЫ САРЫШОЛАҚ БОРАНБАЙҰЛЫ МҰРАСЫНЫҢ ӘДЕБИЕТТАНУДАҒЫ ОРНЫ МЕН ЗЕРДЕЛЕНУ ЕРЕКШЕЛІГІ

**Орынбасаров Рахымжан Асқаруұлы**
Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасы
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті
Rakimjan96@mail.ru

**Резюме:** В статье рассматривается литературное и культурное значение поэтического наследия народного акына Сарышолака Боранбайулы в контексте современного казахского литературоведения. Особое внимание уделено философским, нравственным и художественным аспектам творчества поэта, отражающим духовные основы национального мировоззрения. Автор анализирует поэтический язык, образную систему и идейное содержание произведений Сарышолака как важный элемент формирования духовного единства и культурной идентичности казахского народа. В работе обозначены современные направления изучения творчества поэта, раскрыта его роль в патриотическом воспитании и сохранении культурной памяти. Сделан вывод о том, что поэзия Сарышолака Боранбайулы сохраняет значение нравственного и эстетического ориентира, соединяющего духовные традиции прошлого с ценностями современности.

**Ключевые слова:** Сарышолак Боранбайулы, казахская поэзия, культурное наследие, национальное самосознание, литературный анализ.

# THE PLACE AND STUDY FEATURES OF THE FOLK POET SARYSHOLAKH BORANBAIULY'S LEGACY IN LITERARY CRITICISM

Orynbasarov Rakhimzhan Askarovich
Department of Kazakh language and literature
Atyrau University named after H. Dosmukhamedov
Rakimjan96@mail.ru

**Annotation:** The article explores the literary and cultural significance of Sarysholakh Boranbaiuly's poetic legacy within the framework of modern Kazakh literary studies. The analysis emphasizes the deep philosophical and moral ideas reflected in the poet's works, as well as their relevance to the spiritual and aesthetic development of national consciousness. The author examines the artistic language, ethical values, and poetic imagery of Sarysholakh's heritage as a reflection of the spiritual unity and cultural identity of the Kazakh people. The research identifies contemporary directions in the study of the poet's works, highlighting their importance for national education, patriotic upbringing, and the preservation of cultural memory. The study concludes that Sarysholakh Boranbaiuly's poetry continues to serve as a moral and aesthetic foundation that bridges the traditions of the past with the cultural aspirations of the present.

**Keywords:** Sarysholakh Boranbaiuly, Kazakh poetry, cultural heritage, national consciousness, literary interpretation.

Қазақ әдебиетінің тарихында халық ақындарының шығармашылығы ұлттық руханияттың негізін қалыптастырған ірі көркемдік құбылыстардың бірі болып табылады. Солардың ішінде Сарышолақ Боранбайұлы есімі ел жадында халықтың сөз зергері, елдік пен ерліктің жаршысы ретінде сақталған. Оның поэзиясы тек эстетикалық туынды ғана емес, қоғамның рухани келбетін айқындаған көркем ойдың, азаматтық ұстанымның айнасы саналады [1, 27 б]. Сарышолақ Боранбайұлының шығармашылық болмысы дәстүрлі қазақ поэзиясының ең көрнекті белгілерін бойына сіңіре отырып, өзіндік жаңашылдықпен ерекшеленеді. Ақынның жырларында халық тағдыры, ел бірлігі, ар мен намыс, адамгершілік пен рухани тазалық идеялары кеңінен көрініс табады. Бұл бағыттағы көркем өрнек жүйесі қазақ әдебиетінің мазмұндық тереңдігін, тілдік байлығын және ойлау мәдениетін айқындай түседі [2, 113 б].

Сарышолақ шығармаларының ерекшелігі — оның халықтық поэзия дәстүрін жалғастырып қана қоймай, оны жаңа сапалық деңгейге көтеруінде. Ақын өз дәуірінің әлеуметтік шындығын ұлттық мінез бен тарихи сананың көркемдік тұтастығында бейнелей білді. Оның жырларындағы адам мен қоғам, тарих пен тағдыр тақырыптары уақыт өткен

сайын жаңа мағынамен жаңғырып, бүгінгі әдебиеттануда жаңаша қырынан қарастырылып келеді [3, 52 б]. Қазіргі әдеби үдерісте Сарышолақ Боранбайұлы мұрасының қайта зерделенуі ұлттық поэзияның даму заңдылықтарын түсінуде ерекше мәнге ие. Ақын поэзиясы қазіргі әдебиеттануда халықтық дүниетаным мен эстетикалық құндылықтар үндестігін зерттеудің өзекті нысанына айналып отыр. Бұл бағыттағы еңбектерде Сарышолақ поэзиясының идеялық-тақырыптық және көркемдік жүйесіне терең талдау жасалып, оның қазақ әдебиетіндегі тарихи сабақтастық пен рухани дәстүр жалғастығын айқындаудағы орны айқындала түсуде [4, 88 б]. Сарышолақ Боранбайұлының әдеби мұрасы — қазақ халқының рухани тарихындағы мәңгілік мәні бар көркем қазына. Оның шығармалары халықтың жүрегінен шыққан жыр ғана емес, ұлттың болмысын, танымын, рухын бейнелейтін мәңгілік поэтикалық ескерткіш.

Сарышолақ Боранбайұлы мұрасы туралы әдебиеттанулық ізденістер қазақ поэзиясының дәстүрлі арналары мен рухани сабақтастығын зерделеуге бағытталған еңбектермен тығыз байланысты. Зерттеушілер оның шығармашылығын халықтық дүниетанымның көрінісі ретінде қарастырып, ақындық даралығы мен поэтикалық әлемін айқындауға ерекше назар аударып келеді [5, 41 б]. Қазақ әдебиеттану ғылымында халық ақындарының шығармашылық табиғатын зерттеу XX ғасырдың ортасынан бастап жүйелі бағытқа ие болды. Бұл кезеңде әдебиет тарихын жазған ірі ғалымдар халық поэзиясының мазмұны мен формалық ерекшеліктерін айқындап, жеке ақындар шығармашылығын халықтық дәстүр контексінде қарастырды. Сол үрдісте ақынның есімі де ғылыми айналымға ене бастады. Әсіресе оның шығармаларының идеялық-тақырыптық өзегі мен бейнелеу жүйесі туралы алғашқы пікірлер ел арасындағы ауызша нұсқаларға сүйене отырып жинақталды [6, 102 б]. Соңғы жылдары Сарышолақ поэзиясына қатысты ғылыми еңбектерде ұлттық руханият пен мәдени жады мәселесі басты назарға алынуда. Әдебиетші Б. Майтанов пен С. Негимов сынды ғалымдар өз еңбектерінде халық поэзиясының көркемдік эволюциясын зерттей отырып, дәстүр мен жаңашылдық ұғымдарының арақатынасын айқындаған. Бұл еңбектерде Сарышолақ сынды ақындардың шығармалары қазақтың көркемдік ойлау жүйесін қалыптастырудағы маңызды дерек ретінде қарастырылып, олардың рухани ықпалы қазіргі әдеби процеспен сабақтастырыла талданады [7, 59 б]. Қазіргі әдебиеттанудағы жаңа бағыттар — мәтінтану, компаративистика және мәдениетаралық зерттеулер аясында да Сарышолақ мұрасына жаңаша көзқарас қалыптасып келеді. Зерттеушілер ақынның шығармаларындағы символика, философиялық астар мен этикалық категорияларды заманауи интерпретация арқылы зерделеуге ұмтылуда. Мұндай талдаулар ақынның шығармашылығын тек тарихи мұра емес, қазіргі ұлттық ойлау кеңістігінің ажырамас бөлігі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді [8, 77 б].

В условиях современной образовательной парадигмы обучение иностранному языку ориентировано не только на усвоение языковых знаний и формирование отдельных речевых навыков, но и на развитие у обучающихся способности эффективно использовать иностранный язык в различных коммуникативных и социокультурных ситуациях. В связи с этим особую значимость приобретает формирование коммуникативной компетенции, рассматриваемой как интегративное качество личности, включающее языковые, речевые, социокультурные и стратегические компоненты и обеспечивающее успешное иноязычное общение.

Процессы цифровизации образования и активное внедрение информационно-коммуникационных технологий существенно трансформируют методы и средства обучения иностранным языкам. Одним из наиболее динамично развивающихся элементов цифровой образовательной среды являются социальные сети, которые все чаще рассматриваются не только как средство общения и обмена информацией, но и как потенциально эффективный образовательный ресурс. Их использование в учебном процессе позволяет создать условия для аутентичного иноязычного общения, расширить границы образовательного пространства и активизировать коммуникативную деятельность обучающихся.

Практика преподавания иностранного языка показывает, что традиционные формы и методы обучения не всегда в полной мере обеспечивают формирование устойчивых коммуникативных навыков, особенно в части спонтанного речевого взаимодействия и использования языка в реальных коммуникативных ситуациях. В этой связи возрастает необходимость поиска и внедрения таких педагогических инструментов, которые способствовали бы моделированию естественной языковой среды и стимулировали активное участие обучающихся в иноязычном общении. Социальные сети, обладая интерактивным, мультимодальным и коммуникативно ориентированным характером, предоставляют широкие возможности для решения данных задач.

Анализ научных исследований показывает, что социальные сети рассматриваются современными авторами как эффективный инструмент формирования иноязычной

коммуникативной компетенции обучающихся. В работах подчеркивается, что использование социальных медиа позволяет создать аутентичную коммуникативную среду, выходящую за рамки аудиторного обучения, и способствует активизации речевой деятельности обучающихся. Особое внимание уделяется интерактивному характеру социальных сетей, обеспечивающему развитие навыков говорения и письма через комментарии, видеопосты и диалоговое взаимодействие. Так, Ю. В. Плеханова обосновывает дидактический потенциал социальных медиа и предлагает конкретные алгоритмы работы с текстовыми и видеоматериалами, направленные на развитие коммуникативной компетенции и метапредметных умений обучающихся [1].

В целом исследователи сходятся во мнении, что методически обоснованная интеграция социальных сетей в процесс обучения иностранному языку повышает учебную мотивацию, способствует формированию автономности обучающихся и соответствует требованиям современной цифровой образовательной среды.

В монографии Ю. С. Борцова *«Образование в век информации: человек и новые информационные технологии обучения»* образование рассматривается в контексте становления информационного общества. Автор подчёркивает, что внедрение информационных технологий изменяет не только техническую сторону обучения, но и сам характер педагогического взаимодействия, роль обучающегося и преподавателя, а также способы получения и переработки знаний. При этом, по мнению Ю. С. Борцова, «информационные технологии обучения принципиально изменяют образовательную среду, превращая обучающегося из пассивного потребителя информации в активного субъекта познавательной деятельности» [2, 24]. Особое внимание уделяется гуманистическому аспекту информатизации образования, согласно которому информационные технологии должны рассматриваться как средство развития личности обучающегося и формирования его способности к самостоятельной познавательной деятельности. Данные положения имеют методологическое значение для исследований, посвящённых использованию цифровых и сетевых ресурсов, включая социальные сети, в образовательном процессе.

В русле данных исследований особое значение приобретает монография Т. П. Ворониной, В. П. Кашицина и О. П. Молчановой «Образование в эпоху новых информационных технологий», в которой рассматриваются теоретические и методологические основания трансформации образовательного процесса в условиях активного развития информационно-коммуникационных технологий [3]. Авторы анализируют влияние цифровых средств на цели, содержание и формы обучения, подчёркивая, что новые информационные технологии изменяют характер педагогического взаимодействия и усиливают его коммуникативную направленность.

Особое внимание уделяется формированию образовательной среды, ориентированной на диалог, сотрудничество и активное участие обучающихся. Подчёркивается, что цифровые технологии способствуют переходу к интерактивным и коммуникативно ориентированным моделям обучения, в которых обучающийся выступает активным субъектом образовательного взаимодействия. Эти положения имеют методологическое значение для изучения социальных сетей как образовательного ресурса и позволяют обосновать их использование в обучении иностранному языку в целях формирования коммуникативной компетенции обучающихся.

Результаты, полученные Ю. В. Наволочной, подтверждают значимость социальных сетей как педагогического инструмента, способного расширить коммуникативное пространство обучения иностранному языку и активизировать иноязычную речевую деятельность обучающихся [4]. Вместе с тем автор акцентирует внимание преимущественно на формировании иноязычной информационной компетенции и педагогической применимости социальных сетей в условиях смешанного обучения. В этой связи представляется актуальным дальнейшее исследование социальных сетей именно в аспекте формирования коммуникативной компетенции как интегративного результата обучения иностранному языку. Рассмотрение социальных сетей не только как

вспомогательного цифрового ресурса, но и как целенаправленного инструмента развития иноязычной коммуникации позволяет углубить и конкретизировать методические подходы к их использованию, что и определяет проблематику настоящей статьи.

Результаты, представленные А. К. Китибаевой, подтверждают высокий образовательный потенциал социальных сетей как средства развития речевой культуры и межкультурного общения обучающихся при обучении иностранному языку [5]. Вместе с тем акцент автора преимущественно сделан на формировании речевой культуры и коммуникативного поведения обучающихся в сетевой среде. В этой связи актуализируется необходимость дальнейшего рассмотрения социальных сетей в более широком методическом контексте – как целенаправленного инструмента формирования коммуникативной компетенции, включающей языковые, речевые, социокультурные и стратегические компоненты. Такой подход позволяет углубить понимание роли социальных сетей в современном иноязычном образовании и определить педагогические условия их эффективного использования, что и обусловливает направленность настоящей статьи.

В статье Акешовой М., Ризаходжаевой Г. и Торбика Е. М. рассматривается использование мобильных приложений и социальных сетей в обучении иностранному языку как способ повышения мотивации и языковой активности студентов [6]. Авторы отмечают, что за последнее десятилетие социальные сети и связанные с ними сетевые платформы (в частности Instagram) стали неотъемлемой частью повседневной жизни молодежи и могут выступать в роли дополнительной учебной среды, привлекающей внимание обучающихся к изучаемому языку. Целью исследования было изучить отношение студентов к использованию Instagram как инструмента для улучшения языковых навыков и определить, насколько активно студенты вовлекаются в языковую практику через онлайн-форумы и сетевые коммуникации. Используя количественный подход и анкетирование 77 студентов факультета преподавания иностранных языков, авторы получили данные, свидетельствующие о положительном отношении обучающихся к применению Instagram в образовательном контексте и о том, что такие сетевые ресурсы способствуют укреплению мотивации и вовлеченности в изучение иностранного языка, расширяют возможности языковой практики за пределами традиционной учебной аудитории.

Полученные авторами результаты подтверждают целесообразность использования социальных сетей как элемента цифровой образовательной среды и подчёркивают их роль в активизации иноязычной деятельности обучающихся. Вместе с тем данные выводы позволяют рассматривать социальные сети не только как мотивационный ресурс, но и как педагогический инструмент, обладающий потенциалом целенаправленного формирования коммуникативной компетенции обучающихся, что непосредственно соотносится с проблематикой и целями настоящей статьи.

Проведённый анализ теоретических источников и современных исследований позволяет сделать вывод о том, что социальные сети обладают значительным дидактическим потенциалом и могут рассматриваться как эффективный инструмент формирования коммуникативной компетенции при обучении иностранному языку. В условиях цифровизации образования социальные сети выступают не только как средство повседневной коммуникации, но и как важный элемент цифровой образовательной среды, способствующий созданию аутентичной иноязычной коммуникативной среды и расширению возможностей языковой практики обучающихся.

Исследования отечественных и зарубежных авторов подтверждают, что методически обоснованное использование социальных сетей способствует активизации речевой деятельности обучающихся, развитию навыков говорения и письма, повышению учебной мотивации и формированию автономности в изучении иностранного языка. Интерактивный и мультимодальный характер социальных сетей позволяет моделировать реальные коммуникативные ситуации, обеспечивать диалоговое взаимодействие и регулярную

обратную связь, что соответствует требованиям коммуникативно ориентированного и компетентностного подходов в образовании.

Теоретические положения, изложенные в трудах Ю. С. Борцова, Т. П. Ворониной, В. П. Кашицина и О. П. Молчановой, а также результаты эмпирических исследований Ю. В. Наволочной, А. К. Китибаевой, М. Акешовой и соавторов, обосновывают целесообразность интеграции социальных сетей в процесс обучения иностранному языку. При этом социальные сети следует рассматривать не только как мотивационный или вспомогательный ресурс, но и как целенаправленный педагогический инструмент формирования коммуникативной компетенции, включающей языковые, речевые, социокультурные и стратегические компоненты.

Таким образом, использование социальных сетей в обучении иностранному языку при соблюдении педагогических и методических условий способствует повышению эффективности формирования коммуникативной компетенции обучающихся и отвечает актуальным требованиям современной цифровой образовательной среды, что подтверждает актуальность и практическую значимость рассмотренной в статье проблематики.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**


1. **Плеханова Ю. В.** Использование социальных медиа для развития иноязычной коммуникативной компетенции обучающихся. // *Мир науки. Педагогика и психология*. – 2020. – № 2 (8). – URL: https://mir-nauki.com/PDF/34PDMN220.pdf
2. **Бородина Н. А., Подгорская С. В., Анисимова О. С.** Информационные технологии в образовании: монография. – Персиановский : Донской ГАУ, 2021. – 168 с.
3. Воронина Т. П., Кашицин В. П., Молчанова О. П. Образование в эпоху новых информационных технологий. М.: Просвещение, 2016. – 322 с.
4. **Наволочная Ю. В.** Применение социальных сетей в практике обучения иностранному языку. // *Филологические науки. Вопросы теории и практики*. – 2019. – Т. 12, № 2. – С. 267-272. – DOI: 10.30853/filnauki.2019.2.58. – URL: https://www.gramota.net/materials/2/2019/2/58.html
5. Китибаева А. К. Социальные сети как средство развития речевой культуры студентов в обучении иностранному языку // Вестник Карагандинского университета. Серия «Педагогика». – 2021. – Том 101, № 1. – С. 79-85. – URL: https://pedagogy-vestnik.buketov.edu.kz/index.php/pedagogy-vestnik/article/view/137
6. Акешова М. *К вопросу использования мобильных приложений и социальных сетей при обучении иностранным языкам*. // *Habarshy*. – 2024. – URL: https://journals.ayu.edu.kz/index.php/habarshy/article/view/3862

**ӘОЖ 82: 316**

# СОПЫЛЫҚ ПОЭЗИЯ ЖӘНЕ ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ДІНИ-ДИДАКТИКАЛЫҚ МҰРАЛАРЫНЫҢ САБАҚТАСТЫҒЫ

***Ерғалиева Гүлжайна Зүлпыхарқызы***
gulzhainaergalieva@gmail.com
*7М01701-«Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша II курс магистранты*
*Ғылыми жетекші, Сабыр М.Б – ф.ғ.докторы,профессор*

***Аннотация***
*В статье рассматривается духовная и художественная взаимосвязь суфийской традиции и восточных дидактических произведений. Автор определяет идейную взаимосвязь средневековых тюркских литературных памятников, таких как «Кутадгу билиг», «Дар истины» («Ақиқат сыйы»), «Махаббатнаме», «Бабурнаме», с суфийской поэзией. Основной идеей обоих направлений является призыв человека к вере, справедливости и духовному совершенству. Идея духовного очищения в суфийской поэзии и нравственные принципы в дидактических произведениях служат одной цели — воспитанию внутреннего мира личности и содействию духовному развитию общества. В статье анализируются жанровая природа этих произведений, их художественные особенности и воспитательное значение.*
***Ключевые слова:*** *суфийская традиция, дидактическая поэзия, тюркская литература, духовное совершенство, нравственность, религиозное познание.*

***Annotation***

*The article explores the spiritual and artistic interrelation between the Sufi tradition and Eastern didactic literature. The author examines the ideological connection between medieval Turkic literary monuments such as Qutadghu Bilig, The Gift of Truth, Mahabbatname, and Baburnama, and the Sufi poetic tradition. Both directions share a common essence – the call for faith, morality, and spiritual perfection. The concept of inner purification in Sufi poetry and the ethical principles in didactic works serve the same purpose: to nurture the individual's spiritual world and contribute to the moral development of society. The article analyzes the genre features, aesthetic characteristics, and educational value of these works.*

*Keywords: Sufi tradition, didactic poetry, Turkic literature, spiritual perfection, morality, religious worldview.*

Әдебиет – халықтың рухани дүниетанымын, сенім жүйесін, мәдени кодын бейнелейтін құбылыс. Соның ішінде діни-танымдық шығармалар адам мен Құдай арасындағы байланысты, моральдық-этикалық қағидаларды көркем сөз арқылы жеткізеді. Қазақ әдебиеті тарихында бұл үлгілер ислам өркенетінің, сопылық дүниетанымның ықпалымен қалыптасып, ұлттық дүниетаныммен ұштасқан. Жанрлық тұрғыдан олар

хикмет, насихат, қисса, ғибраттық әңгімелер түрінде көрініс тауып, діни-ағартушылық және этикалық қызмет атқарды.

Сопылық поэзия мен шығыс дидактикалық шығармалары мазмұндық әрі идеялық тұрғыда өзара тығыз сабақтас құбылыстар болып табылады. Екеуінің де түпкі мақсаты – адамды рухани кемелдікке жетелеу, имандылық пен ізгілікті насихаттау. Егер сопылық дәстүр Аллаға махаббат, рух тазалығы мен нәпсіні жеңу секілді ішкі дүниетанымдық ұстанымдарды поэзия арқылы бейнелесе, шығыстың дидактикалық шығармалары – «Құтты білік», «Ақиқат сыйы», «Махаббатнаме», «Бабырнаме» тәрізді туындылар арқылы адам мен қоғамның үйлесімді өмір сүру қағидаттарын түсіндіреді. Бұл еңбектердің барлығын біріктіретін ортақ өзек – адамгершілік, әділдік, ізгілік идеялары және рухани білімнің тәрбиелік маңызы. Сондықтан сопылық бағыттағы поэзия мен шығыс дидактикалық дәстүрі түркі халықтарының әдебие ойлау жүйесінде бір-бірін толықтырып, рухани мәдениеттің тұтас көрінісін қалыптастырған.

Қазақ әдебиеті тарихының көне дәуірін әңгімелегенде, оны Орта Азия мен Қазақстан территориясында пайда болған әдеби жәдігерлерден бөліп алып қарамау керек. Өйткені, көптеген әдеби ескерткіштер қыпшақ-оғыз, қарлұқ-ұйғыр ***аралас*** тілдерінде жазылғандықтан, түркі тілдес халықтарға ортақ мұра болып есептеледі. Осы халықтардың арасынан әлемге әйгілі ғұлама ғалымдар шыға бастады. Әл-Фараби, ибн Сина, Бируни, Жүсіп Баласағұни, Ахмед Иүгінеки, Махмуд Қашқари, Хорезми секілді энциклопедист ғалымдар, есімдері танымал сөз шеберлері шықты. Олардың ғылымның әр саласы бойынша жазған еңбектері, әдеби шығармалары болашақта ежелгі қазақ әдебиеті тарихынан лайықты орын алуға тиіс.

Сол алыптардың бірі Жүсіп Баласағұни – XI ғасырда дүниеге келген, ойшыл ғалым ғылымның бірқатар салаларын ойдағыдай меңгерген. Жүсіп қаламынан туған құдіретті шығармалардың бірі – «Құтадғұ білік» дастаны. Бұл – қазіргі түркі тілдес халықтарға ортақ мұра, мұнда көп мәлімет жинақталған. Түркі тілдес поэзияның інжу-маржандарының бірі саналады. Дастанда мемлекетті басқару әдістері, адамгершілік жолдары, қоғамға қажетті түрлі ережелер, әдет-ғұрыптардың жай-күйі қамтылады. Бұл дастарды Г.Вамбери, В.В.Радлов, С.Е.Малов, Е.Э.Бертельс, А.Валитова, К.Каримов және т.б. ғалымдар зерттеген.

«Құтадғұ білік» дастаны – негізінен алғанда егіз жолдармен, мәснәуи формасымен жазылған. Барлық әңгіме – төрт кейіпкердің ацналасында өрбиді, әрбір тараудың – өзіндік құлықтық, тазалық, фәлсафалық жүгі бар. Дастан бабтары өзара шебер қиюласқан.

Дастан – Қарахан әулеті билік жүргізген тұста дүниеге келді. Сондықтан қоғамдық-саяси мәселелерді көтерген. Патшадан бастап, қарапайым халық өкілдеріне дейін тілге тиек етілді. Ақын жаман әдеттен сақтандырады, жақсыға ұмтылдырады, адамның ақыл парасатын паш етеді, білімге, өнерге шақырады. Араб-парсы тілінің дәуірлеп тұрған шағында Жүсіптің бұл дастанды түркі тілінде жазуы – үлкен ерлік еді. «Құтадғұ білікке» Фирдоуси жазған «Шахнаманың» әсері болғандығын байқау қиын емес. Дастан 13 290 өлең жолынан тұрады, араб-парсы поэтикалық дәстүріне сүйеніп жазылған. Автор «Құтадғұ білікте» түркі халықтарының ауыз әдебиетінен үлгі алғандығын, мақал-мәтелдерді пайдаланғанын айта отырады. Шығарма қаһармандарының аттары: Кюнтогды, Айтолды, Огдюльмиш. Бұл да поэманың түркі дәстүрімен тығыз байланыста болғандығын дәлелдейді [1].

Көне түркі халықтарының XII-XIII ғасырлардағы көрнекті шайырларының бірі Ахмед Иүгінекидің келелі де кемел ойға құрылған «Ақиқат сыйы» атты дастаны да – Орта Азия және Қазақстан халықтарына бірдей тиесілі қазына. Халқымыздың әдеби-мәдени мұрасына, тіліміздің арғы тарихына барлау жасағанда Ахмед дастанына соқпай өте алмаймыз. «Құтадғұ білік», «Махаббатнаме», «Оғызнаме», «Китабе-Дәдем Қорқыт», «Шахнаме», «Диан-лұғатит түрк», «Хұсрау-Шырын» шығармаларымен қатар аталатын Ахмедтің «Ақиқат сыйы» - анығында өзінің рухы, табиғаты, тілі жағынан қазақ әдебиетіне жақын тұр[2].

Көне түркі жазба ескерткіштерінің бірен-сараны ғана қазақ тіліне тәржімалана бастады. Келешекте қазақ әдебиетінің, әдеби тілінің қалыптасу тарихы мен даму жолдаын тереңірек зерттейміз. Десек те осынау көнекөз мұраларды ана тілімізге тәржімалап алуға тиіспіз.

Ежелгі әдебиет өкілдерінің қосымша лақап аттары болған. Замандастары «Ақиқат сыйының» авторы Адиб Ахмед яғни, ғалым, қалам иесі, әдебиетші деп атаған. Өмір сүрген дәуірі – XII мен XIII ғасыр арасы, шығармасын да осы аралықта жазған. «Ақиқат сыйының» - біздің ғасырымызға үш түрлі көшірмесі ғана жетті. Н.Ассм, Р.Арат, В.Радлов, Т.Ковльский, Ж.Дени, Е.Э.Бертельс, С.Е.Малов, Э.Н.Наджип секілді ғалымдар әрқырынан алып зерттеген. Өзбек, қазақ ғалымдарының да бұл әдеби ескерткішті зерттеуде өзіндік үлесі бар[2, 97-б].

«Ақиқат сыйы» - адам өмірінің сан қырын қамтитын дидактикалық шығарма, аруз дейдің өлең өлшемінің мутакариб деген түрімен жазылған. Әлішер Науаи – Ахмед кітабын жоғары бағалаған, оның қанатты сөздерінен мысал келтіріп отырған. Сол уақыттағы түркі тайпалары халықтарының тілі – Ахмедтің өзі айтқандай «туркче» жазылған бұл кесек туындысы – осы заманғы түркітілдес халықтардың «Ақиқат сыйы» дастаны араб-парсы, кейін түркі тілдес поэзияға «бәйіт» формасымен тараған.

Бәйіт – екі жолды, қос тармақты өлең. Дегенмен, мұндай бәйіттер жиі ұшыраспайды, дені төрт жолдық өлеңмен келеді. «Ақиқат сыйы» - қазақ тілінде 1985 жылы Қазақ КСР Ғылым Академиясының «Ғылымә баспасынан жарық көрді.

Қазақ әдебиетінің тарихына қатысы бар және бір ежелгі ескерткіш – Хорезмидің «Махаббатнаме» шығармасы. Ол XI-XIY ғасырлар арасында жазылған. Жазылған жері – Сыр бойы. Бқл да түркі тілдес тайпалар мен халықтарға ортақ жәдігер. Ал, бұған дейін Хорезмидің қандай еңбектер жазғаны белгісіз, алайда араб-парсы, түркі тілдес поэзиядан хабары мол кісі болған.

«Махаббатнаменің» араб және ұйғыр тілдеріндегі жазулы нұсқаулары Лондондағы «Британ» музейінде тұр. Тағы бір нұсқа – Стамбулдың ұлттық кітапханасынан табылған. «Махаббатнамені» академиктер В.В.Бартольд, А.Н.Самойлович зерттеді. «Махаббатнаме» -Ақ Орда билеушілерінің бірі Мұхаммед Қожабекке бағышталып жазылған, қыпшақ-оғыз тілдерінің ескерткішіне жатады, тек бес жүз жол көлемінің ішінде 156 бәйіті парсы тілінде хатқа түскен. Соған қарағанда, Хорезми шығыс поэзиясының дәстүрін жақсы меңгерген автор санатына жатады. Шығыс ақындарының көпшілігі кесек туындыларын арнайы қолқа салған әміршіге, сұлтанға, ханға арнап жазды. Мысалы: Низамижің «Ләйлі-Мәжнүн» дастаны солайша жазылған. Хорезми билеушісі Мұхаммед – Қожабековтің қолында тұрады, «Махаббатнамені» соған арнауға мәжбүр болады, өйткені, сол кездегі ақындар тірілігінің қамы солай еді. «Махаббатнаме» XY ғасырдағы жазба әдебиетінің көрнекті үлгісі болып табылады. Шығарманың құрылымында араб-парсы поэзиясының

ықпалы айқын сезіледі. Оның құрамында ғазал, мәснәуи, қыта секілді өлең формалары кездеседі. Дастанда «Ләйлі-Мәжнүн», «Хұсырау-Шырын» секілді классикалық шығармаларға тән сарындар, сондай-ақ Рүстем, Жүсіп, Сүлеймен есімдерінің қолдануылуы – шығыстық дәстүрдің айқын нышаны. «Махабатнаме» - махаббат тақырыбына арналған дастан, ол көбіне хат түрінде жазылған [3]. Шығармада ғашықтық сезімнен бөлек, білім, ізгілік, ерлік пен адамгершілік мәселелері де бейнеленеді. Бұл ескерткіште қозғалған ойлар қазақтың кейінгі ғашықтық жырлары мен дастарымен үндесіп, араларынан көптеген ұқсастықтарды табуға болады. Дастанның тілі қазіргі қазақ тіліне тым алыс емес, қайта көп бәйіттері аударуды қажет етпей, еркін түсініледі. Сондықтан Хорезмидің бұл еңбегін қазақ әдебиетінің бастау бұлағынан орын алған туынды деп тану заңдылық. Өйткені «Махамббатнаме» тәрізді көркем дүниелер қазақ және өзге түркі халықтарының мәдениеті мен әдебиетінің қалыптасуына ереке үлес қосты.

Алтын Орда дәуірінде Сарай мен Сығанақ қалаларында өмір сүрген Құтабы ақын Хорзмимен замандас болған. Ақын есімін әйгілеген туындысы – «Хұсрау-Шырын» дастаны. Әзірбайжан классигі Низамидің аттас шығармасын оғыз-қыпшақ тіліне түпнұсқадан (парсы тілінен) алғаш аударған қаламгер де осы Құтабы еді. Зерттеулерге сүйенсек, аударма шамамен 1341-1342 жылдары жасалған. Шығарма көлемі – 4740 бәйіт, бұл Низами дастанының шамамен жартысынан сәл ғана асады. Кейінгі көшірмелер туындыға өз тарапынан өлеңдер қосып отырған. Қазіргі таңда дастанның қолжазба нұсқасы Парих ұлттық кітапзанасында сақтаулы.

Құтабы поэмасы кеңес дәуірінен бастап шетелдік ғалымдардың да назарын аударған. Қазақ тіл білімінде «Хұсрау-Шырын» дастанының ғылыми сөздігін А.Ибатов құрастырған. Ғалым көрсеткен деректерге сүйенсек, дастан тілі қазіргі қазақ тіліне өте жақын. Туындының жанрын анықтау мәселесінде зерттеушілер арасында пікір қайшылығы бар: Е.Э.Бертельс оны толық аударма деп санаса, Ә.Наджип Құтабы нұсқасын жеке роман ретінде бағалайды, бірақ Низами мәтінінен айтарлықтай алшақтамағанын атап өтеді. Дастан мазмұны Низами шығармасымен салыстырғанда едәуір сәйкес: оқиға желісі, кейіпкерлер жүйесі, сюжеттік құрылымы мен шешімі үндес келеді. Дегенмен поляк ориенталисі А.Зайоняковский бұл туындыны «Низами поэмасының қыпшақ диалектісінде қайта туған жаңа нұсқасы» ретінде бағалаған. Зерттеуші аудармашының шеберлігін айқындап, мәтіннің қыпшақ тілінде жазылғанын дәлелдеген. Сондай-ақ ол бұл ескерткіштің қазақ тіліне жақындығын ерекше атап көрсеткен.

Сайф Сарайдың «Түрки Гүлстаны» - қыпшақ тіліндегі жазба әдебиетінің өркендеуін айқындайтын маңызды ескерткіштердің бірі. Ақынның бұл шығармашылық еңбегі аудармадан гөрі шығармашылық бейімдеуге жақын. Өйткені ол Сағдидың түпнұсқалық стилін сақтауға тырысқанымен, кей жағдайда қарасөзге жүгініп, өз тарапынан қосымша өлең жолдарын енгізіп отырған. Бұл тәсіл оның тек аудармашы ғана емес, өзіндік қолтаңбасы бар әдебиет өкілі екенін көрсетеді.

Аударманың басты ерекшелігі – түпнұсқасының идеялық-тақырыптық өзегін толық жеткізуінде. Сағди ығармасындағы адамгершілік, ізгілік, еңбек пен өнерді дәріптеу, әділетсіздікке қарсы тұру секілді этикалық ойлар Сейф Сарай нұсқасында да кеңінен көрініс тапты. Бұл оның авторлыұ ұстанымының гуманистік сипатта болғанын айқындайды.

Сонымен бірге, Сейф Сарайдың еңбегі түркі дүниесінде гуманистік идеяларды таратуға зор ықпал етті. Ол халықтың түсінігіне жақын қыпшақ тілін пайдалану арқылы

«Гүлстанды» түркі оқырмандарына қолжетімді етті. Бұл – орта ғасырлық әдеби дәстүрдегі маңызды мәдени дәнекерлік қызмет.

Әдебиеттанулық тұрғыдан алғанда, «Түрки Гүлстан» - тек тәржіма ғана емес, қазақ әдебиетінің ежелгі арнасын тереңдеткен туынды. Оның мәтіні түпнұсқаның мазмұнын сақтаумен бірге, жергілікті тілдік ерекшеліктерді қамтып, түркі халықтарының рухани тарихына ортақ қазынаға айналды. Сондықтан Сейф Сарай шығармашылығын зерттеу – қазақ әдебиетінің қалыптасу кезеңдерін, сондай-ақ қыпшақ дәуіріндегі әдеби байланыстарды айқындауға мүмкіндік береді.

Шайыр Захириддин Мұхаммед Бабыр (1483-1530) – тарихтағы даңқты қолбасшы әрі көрнекті ғалым, әдебиет пен мәдениетке елеулі үлес қосқан тұлға. Ол жастайынан батылдығымен, білімге құштарлығымен ерекшеленген. Араб-парсы поэзиясының дәстүрінде тәрбиеленген Бабыр он екі жасынжа таққа отырып, Ақсақ Темірден кейінгі билікті иеленді. Кейін ол Ауғанстан мен Үндістанға жорық жасап, Ұлы Моғол империясының негізін қалады.

Бабырдың қызметі тек жаугершілікпен шектелген жоқ. Ол сауда мен экономиканың, қала мәдениетінің өркендеуіне ықпал етті. Оның тұсында архитектура мен әдебиет айрықша дамыды. 47 жасында Агра қалаында дүниеден қткен Бабырдың денесі өсиеті бойынша Қабылдағы «Бабыр бағы» деп аталған пантеонға жерленген.

Әдебиет саласында Бабыр ерекше орынға ие. Жас кезінен өлең-жырға құмар болған ол Әлішер Науаидің назарын аударып, хаттарын өлең түрінде жазысқан. Жорықтарда жүрсе де, жауынгер-ақын туған жерін сағынышпен еске алып отырған. Оның ғазалдары, рубаилары, қыталары мен мәснәуилері – осы сағыныш пен мұңның айқын көрінісі. Бабыр шығармаларының жинағы алғаш рет 1917 жылы Петроградта академик А.Самойловичтің бастамасымен жарияланды. Ол оның әдебиеттану саласындағы еңбегі – «Аруз туралы трактат» - түркі поэзиясының теориясын қалыптастырудағы аса маңызды үлес болып табылады. Бұл трактат Бабырдың әдебиет теориясына қосқан жаңалығы ретінде бүгінгі күнге дейін өз маңызын жойған жоқ. Сондықтан ол түркі әдебиетінде поэзия теориясын жасаушыларжың алдыңғы қатарынан орын алады.

Захириддин Мұхаммед Бабырдың есімін әлемге кеңінен танытқан ең басты мұрасы - «Бабырнаме». Бұл шығармада автор өз болмысын жан-жақты қырынан көрсетеді. Мұнда этнографиялық, географиялық және тарихи махмұндағы деректер молынан қамтылған. Бабыр өзінің көрген-білгенін, өмір тәжірибесінен түйгенін жасырмай, шынайы түрде баяндап отырады Осы ерекшелігіне байланысты «Бабырнаманы» көркем тілмен өрнектелген автобиографиялық тарихи роман деп атауға толық негіз бар. Шығармада саясат, соғыс көріністері, қала мен дала халқының тұрмысы, тарихи оқиғалар, экологиялық жағдайлар мен адамдар арасындағы қарым-қатынастар кеңінен суреттеледі. Шағатай тілінде жазылған «Бабырнаме»[4] - түркі халықтарына ортақ мұра. Оның ішінде қазақ тарихына, әдеби тілінің қалыптасуына қатысты маңызды деректер аз емес. Осы себепті «Бабырнаманы» арнайы ғылыми тұрғыда кешенді зерттеу қажеттігі туындайды. Еңбекте Бабыр қазақтың кейбір тарихшыларын, шайырларын атап, оларға мінездеме береді. Қазақтың ұлы ойшылдары – Абай, Шоқан Уәлиханов пен Мұхтар Әуезов «Бабырнаманы» жоғары бағалаған.

«Бабырнаменің» қазіргі ғылым үшін де мәні зор. Онда бес ғасыр бұрынғы түркі тайпалары мен халықтарының тарихы, табиғаты, өзен-көлдері ерекше білгірлікпен баяндалған. Қолбасшылық қабілеті жоғары болғанына қарамастан, Бабыр соғысты

жақтамай, халықтың қаны төгілмеуі керектігін ашық білдірген. Оның әскери дарынына К.Маркстің баға беруі де тегін емес. Бабыр – бейбіт өмірді аңсаған тұлға. Ол ақындар мен ғалымдардың, сәулетшілердің, қарапайым еңбек адамдарының ізгі қасиеттерін дәріптеген. Әрине, Бабыр өз дәуірінің феодалдық тобының өкілі ретінде сұлтандар мен бектердің мүддесін де қорғаған. Дегенмен, «Бабырнаме» Орта Азия мен Қазақстан халықтарының тарихынан ерекше орын алатын құнды ескерткіш болып табылады.

Көне дәуірде Орта Азия мен Қазақстан аумағында өмір сүрген түркі тілдес халықтардың әдеби мұралары – баршаға ортақ рухани қазына болып табылады. Түркі тілінде дүниеге келген әдеби ескерткіштерді әр халыққа бөліп қарастырудан гөрі, оларды біртұтас мәдениет аясында зерделеу орынды. Сонымен қатар, ежелгі түркі әдебиетінің таңдаулы үлгілерінің қалыптасуына қазақ халқы да өзіндік үлес қосқанын естен шығармаған жөн.

Орта ғасырлардағы түркі әдебиетінің басты ерекшелігі – оның жанрлық әр алуандылығында. Әдеби мұраларда хикмет, насихат, қисса, ғибраттық әңгіме секілді жанрлар кеңінен тарады. Хикмет жанры көбіне сопылық поэзия аясында дамып, адамды имандылыққа, рухани тазаруға үндеді. Ахмет Ясауидің «Диуани хикметі» осы дәстүрдің ең көрнекті үлгілі болып табылады. Насихат жанрында адамгершілік, ізгілік, әділдік сияқты құндылықтар өсиет түрінде ұсынылады. Бұл жанр халықтың тәлім-тәрбиелік дүниетанымын қалыптастыруда маңызды рөл атқарды. Қисса жанры шығыс поэзиясынан бастау алып, діни-ағартушылық сипатпен қатар, эпикалық оқиғаларды баяндауға бейімделді. Мәселен, «Қисса Жүсіп», «Қисса Сүлеймен» секілді шығармалар діни сюжеке сүйенсе де, көркемдік қуатымен ерекшеленді. Ғибраттық әңгімелер қысқа формада жазылып, өмірлік тәжірибеден алынған өнеге-өсиетке негізделеді. Жанрлық тұрғыдан бұл шығармаларда педагогикалық, философиялық, этикалық мазмұн өзара ұштасып отырды. Сонымен бірге, махаббат дастардары, мәснәуи үлгілері, ғазал мен қыта жанрлары әдеби дамудың көркемдік өрісін кеңейтті. Әр жанр халыөөтың рухани дүниесін, дүниетанымын және мәдени сұранысын бейнелеуге қызмет етті. Осылайша, орта ғасырлық әдеби ескерткіштердің жанрлық болмысы діни-танымдық мазмұнды көркемдік құндылықтармен сабақтастырды. Бұл жанрлар қазақ әдебиетінің кейінгі дәуіріне де ықпал етіп, ұлттық жазба дәстүрдің қалыптасуына негіз болды.

Сопылық поэзиядағы хикмет дәстүріндегі Аллаға арнау-мадақ, мүнәжат өлеңдердің бастауында Қожа Ахмет Яссауидің шығармаларын айтамыз. Ойшыл сопы ақынның Аллаға арнау-мадақ, мүнәжат өлеңдерінде Жаратушының құдіреті ұлықтала жырланған. Сопы-ақын өлеңдеріндегі лирикалық кейіпкер арқылы фәни мен бақи аралығындағы мұсылмандық өнегелі өмір сапарының барлық кезеңдерінде де Аллаға арнау-мадақ, мүнәжатынан жаңылмайтын мұсылмандық көңіл ықыласын бейнелеп жырлағанын оқимыз:

Жалған атақтан арылып, сәби болдым,
Алла атын айта-айта ашық болдым.
Аллаға бар жаныммен адал болдым,
«Фанафи Алла» мақамына салдым, міне [5].

Сопылық дәстүр түркі халықтарының әдебиеті мен мәдениетінде ерекше орын алған рухани құбылыс болып табылады. Бұл дәстүрдің негізгі мақсаты – адамды имандылыққа, рухани тазаруға, ішкі жан дүние кемелжікке жеткізуге үндеу. Ахмет Ясауидің «Диуани хикмет» еңбегі осы ағымның көрнекті үлгісі саналып, сопылық

поэзияның жанрлық арнасын қалыптастырды. Хикмет жанры діни-сопылық ойларды өлең арқылы жеткізіп, тыңдаушыны ғибрат алуға шақырды [6]. Сонымен бірге, насихат жанры өсиеттік сипатта болып, адамгершілік пен әділдік идеяларын насихаттады. Қисса жанры діни-ағартушылық сипатпен қатар, эпикалық баяндаулар арқылы халыққа тәлім берді. Ғибратық әңгімелер қысқа фомада жазылып, өнегелік мазмұнды қарапайым әрі түсінікті түрде жеткізді. Бұл жанрдардың барлығы халықтың дүниетанымын қалыптастыруға, моральдық құндылықтарын орнықтыруға қызмет етті. Сопылық дәстүр поэтикадыө формаларға да ықпал етіп, ғазал, мәснәуи, қыта үлгілерінде көрініс тапты. Сөз өнеріндегі символдық бейнелер – шарап, ғашықтық, жүрек, жол секілді ұғымдар сопылық философияны тереңдетті. Әдеби тұрғыдан алғанда, діни-дидактикалық шығармалар қазақтың кейінгі жыраулар поэзиясымен үндесіп, ұлттық сөз өнеріне ықпал етті. Бұл мұралар халыққа діни білім берумен қатар, әлеуметтік тәрбие құралына айналды. Сопылық дәстүрдің жанрлық жүйесі рухани мәдениеттің дамуына, түркі халықтарының ортақ әдеби кеңістігінің қалыптасуына ықпал етті. Сондықтан діни-дидактикалық шығармалардың жанрлық болмысын зерттеу – қазақ әдебиетінің тарихи-танымдық негіздерін терең түсінуге мүмкіндік береді.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**


1. Баласағұн, Ж. Құтты білік. – Алматы: Атамұра, 2010. – 352 б.
2. Ахмет Иүгінеки. Ақиқат сыйы. – Алматы: Білім, 2007. – 280 б.
3. Хорезми. Махаббатнаме. – Алматы: Ғылым, 1983. – 215 б.
4. Захириддин Мұхаммед Бабыр. Бабырнаме. – Алматы: Мерей, 1990. – 320 б.
5. Ясауи, Қ. А. Диуани хикмет. – Алматы: Жазушы, 1993. – 240 б.
6. Көпрүлүзаде, М.Ф. Түрік әдебиетінде алғашқы сопылар. – Ыстамбұл: Dergâh Yayınları, 1976. – 410 б.

ӘОЖ 398:372.881.111.1

# Ағылшын фольклорының әлеуметтік-мәдени және коммуникативтік қызметі

Анесова Назира Сериковна – 7М01702 Шетел тілі: екі шетел тілін білім беру бағдарламасы магистранты
Батыс Қазақстан инновациялық-технолгиялық университеті, Орал қ.

*Аннотация*

В статье рассматриваются социально-культурные и лингвокультурные особенности народных сказок, легенд, пословиц, загадок и баллад, являющихся основными жанрами английского фольклора. Определяется роль фольклорных текстов в отражении исторического опыта английского народа, национального мировоззрения, духовных ценностей и культурной памяти. Анализируются моральные установки, особенности национального характера, символические образы и коммуникативные традиции английского фольклора.

*Ключевые слова*

Английский фольклор, народные сказки, баллады, пословицы, загадки, лингвокультурология, межкультурная коммуникация, социокультурная компетенция.

Ағылшын халық ертегілері мен аңыздары ағылшын фольклорының ең көне әрі кең таралған жанрларының бірі болып табылады. Бұл жанрлар халықтың тарихи тәжірибесін, дүниетанымын, рухани құндылықтарын және ұлттық мінез ерекшеліктерін бейнелейді. Халық ертегілері мен аңыздары ғасырлар бойы ұрпақтан ұрпаққа ауызша түрде беріліп, ағылшын халқының мәдени жадын сақтаудың маңызды құралы қызметін атқарды. Осыған байланысты ағылшын халық ертегілері мен аңыздары ұлттық мәдениеттің, тарихи сананың және әлеуметтік құндылықтардың көрінісі ретінде қарастырылады.

Еуропалық халық ертегілерінің құрылымдық және мәдени ерекшеліктерін зерттеген ғалымдардың бірі М. Люти болды. Ғалым халық ертегілерін халықтың дүниетанымын, моральдық қағидаларын және мәдени құндылықтарын бейнелейтін ерекше көркем жүйе ретінде қарастырады. М. Лютидің пікірінше, халық ертегілерінің басты ерекшелігі – олардың символикалық сипаты мен әмбебап мәдени мағыналарға ие болуы. Ғалым: «Халық ертегісі әлемді қарапайым әрі символикалық формада бейнелейді», – деп көрсетеді [1, 34 б.]. Бұл тұжырым ағылшын халық ертегілеріндегі символика мен мәдени мазмұнның маңызын түсіндіруге мүмкіндік береді.

Ағылшын халық ертегілерінде жақсылық пен жамандықтың күресі, әділдік, адалдық және еңбексүйгіштік сияқты моральдық құндылықтар кеңінен көрініс табады. Көптеген ертегілерде басты кейіпкер қиындықтарды күшпен емес, ақылдылық, тапқырлық және сабырлылық арқылы жеңеді. Бұл ерекшелік ағылшын халқының прагматикалық дүниетанымын және жеке жауапкершілікке негізделген ұлттық мінезін көрсетеді. Сонымен қатар халық ертегілерінде қарапайым адамның еңбегі мен табандылығы жоғары бағаланады. Бұл ағылшын қоғамындағы еңбекқорлық пен практикалық ойлаудың маңызды мәдени құндылық екенін дәлелдейді.

Халық ертегілерінің әлеуметтік және тәрбиелік мазмұнын зерттеген М. Татар ертегілердің қоғамдағы моральдық нормаларды қалыптастырудағы рөліне ерекше назар аударады. Ғалымның пікірінше, халық ертегілері балалар мен жасөспірімдерге қоғамдағы мінез-құлық үлгілерін, адамгершілік қағидаларды және мәдени құндылықтарды меңгертуге ықпал етеді. М. Татар: «Ертегілер мәдени күтулер мен әлеуметтік құндылықтарды үйретеді», – деп жазады [2, 18 б.]. Бұл тұжырым ағылшын халық ертегілерінің әлеуметтік-мәдени мазмұнының тәрбиелік сипатын айқындайды.

Ағылшын халық ертегілерінде ұлттық дүниетаныммен қатар халықтың әлеуметтік тәжірибесі де көрініс табады. Әсіресе еркіндікке ұмтылу, әділдікке сену және әлеуметтік

теңдік идеялары көптеген ертегілердің мазмұнында байқалады. Кейіпкерлердің тапқырлығы мен дербестігі ағылшын қоғамындағы индивидуализм мен өзіндік жауапкершілік ұғымдарының көрінісі болып табылады. Сонымен қатар ертегілердегі тұрмыстық көріністер ағылшын халқының күнделікті өмір салтын, әлеуметтік қатынастарын және мәдени әдет-ғұрыптарын танытады.

Ағылшын аңыздары халықтың тарихи жадын және ұлттық бірегейлігін сақтауда ерекше рөл атқарады. Аңыздарда тарихи тұлғалар, халық батырлары және қоғамдағы маңызды оқиғалар бейнеленеді. Әсіресе Король Артур мен Робин Гуд туралы аңыздар ағылшын халқының ұлттық санасында маңызды орын алады. Бұл аңыздарда батырлық, әділдік, еркіндік және халыққа адал қызмет ету идеялары көрініс табады.

Аңыздардың мәдени және әлеуметтік қызметін зерттеген Я. Х. Брунванд аңыздарды халықтың ұжымдық сенімдері мен тарихи тәжірибесін сақтайтын мәдени мәтін ретінде қарастырады. Ғалымның пікірінше, аңыздар белгілі бір қоғамның қорқыныштарын, үміттерін және әлеуметтік құндылықтарын бейнелейді. Я.Х. Брунванд: «Аңыздар оларды айтушы халықтың сенімдері мен аландаушылықтарын бейнелейді», – деп көрсетеді [3, 27 б.]. Бұл тұжырым ағылшын аңыздарының әлеуметтік-мәдени мазмұнын түсіндіруде маңызды ғылыми негіз болып табылады.

Ағылшын аңыздарының маңызды ерекшеліктерінің бірі – олардың тарихи санамен байланысы. Аңыздар халықтың өткен тарихи оқиғаларын көркем формада сақтап, ұлттық бірегейлікті қалыптастыруға ықпал етеді. Бұл тұрғыдан аңыздар ағылшын халқының мәдени жадын сақтайтын маңызды құрал болып табылады. Мәдени жады теориясын зерттеген Я. Ассман халықтың тарихи тәжірибесі мәдени мәтіндер арқылы ұрпақтан ұрпаққа берілетінін атап көрсетеді. Ғалымның пікірінше, мәдени жады халықтың ұлттық сәйкестілігін қалыптастыруда маңызды рөл атқарады [4]. Осы тұрғыдан ағылшын халық аңыздары ұлттық тарихи сананы және мәдени бірегейлікті сақтайтын маңызды фольклорлық жанр ретінде қарастырылады.

Ағылшын аңыздарының тарихи және мәдени мазмұнын зерттеген қазіргі ғалымдардың бірі Р. Барбер болды. Ғалым Король Артур туралы аңыздардың ағылшын халқының ұлттық санасын қалыптастырудағы рөліне ерекше назар аударады. Оның пікірінше, Артурлық цикл тек көркем шығарма ғана емес, ағылшын қоғамының батырлық, адалдық және әділдік туралы тарихи түсініктерін бейнелейтін мәдени жүйе болып табылады. Р. Барбер аңыздарда халықтың тарихи идеалдары мен ұлттық құндылықтары сақталатынын атап көрсетеді [5]. Бұл тұжырым ағылшын аңыздарының ұлттық дүниетанымды қалыптастырудағы рөлін түсіндіруге мүмкіндік береді.

Қазіргі фольклортану ғылымында аңыздардың ұлттық сәйкестілікті қалыптастырудағы қызметіне ерекше назар аударылады. Осы бағыттағы зерттеушілердің бірі С. Броннер фольклорлық аңыздарды халықтың ұжымдық мәдени тәжірибесін сақтайтын әлеуметтік құбылыс ретінде қарастырады. Ғалымның пікірінше, аңыздар қоғамдағы ортақ құндылықтарды, тарихи естеліктерді және ұлттық дүниетанымды ұрпақтан ұрпаққа жеткізеді. С. Броннер фольклорлық мәтіндердің халықтың мәдени бірегейлігін сақтаудағы рөліне ерекше мән береді [6]. Бұл ағылшын аңыздарының әлеуметтік-мәдени қызметін тереңірек түсіндіруге мүмкіндік береді.

Аңыздардың мифологиялық және символдық табиғатын зерттеген Джозеф Кэмпбелл халық аңыздарындағы батыр бейнесі белгілі бір халықтың рухани идеалдарын бейнелейтінін көрсетеді. Ғалымның пікірінше, халық аңыздарындағы қаһарман образдары қоғамдағы моральдық құндылықтарды, еркіндік идеясын және ұлттық мінез ерекшеліктерін танытады. Дж. Кэмпбелл: «Мифтер – халықтың ортақ арманы, ал армандар – жеке мифтер», – деп жазады [7, 18 б.]. Бұл тұжырым ағылшын аңыздарындағы символдық образдардың ұлттық дүниетанымды қалыптастырудағы рөлін түсіндіруге мүмкіндік береді.

Қазіргі мәдениетаралық зерттеулерде аңыздар халықтың мәдени кодтарын сақтайтын ерекше коммуникативтік жүйе ретінде де қарастырылады. Г. Сил аңыздардың қоғамдағы әлеуметтік құндылықтарды, қорқыныштарды және тарихи тәжірибені бейнелейтінін атап

көрсетеді. Ғалымның пікірінше, халық аңыздары белгілі бір мәдениеттің дүниетанымдық моделін сақтайтын әлеуметтік мәтін қызметін атқарады [8]. Бұл тұжырым ағылшын аңыздарының студенттердің мәдениетаралық танымын қалыптастырудағы әлеуетін түсіндіруде маңызды рөл атқарады.

Ағылшын халық ертегілері мен аңыздарының тілдік ерекшеліктері де ерекше ғылыми қызығушылық тудырады. Бұл жанрларда бейнелі тілдік құралдар, символдық образдар, тұрақты эпитеттер және ұлттық-мәдени мағынаға ие тілдік бірліктер кеңінен қолданылады. Сонымен қатар ертегілер мен аңыздарда ағылшын халқының сөйлеу әдебі, коммуникативтік мінез-құлқы және мәдени нормалары көрініс табады. Бұл ерекшеліктер студенттердің ағылшын тіліндегі мәдени-коммуникативтік құзыреттілігін дамытуға мүмкіндік береді.

Қазіргі шетел тілін оқыту әдістемесінде халық ертегілері мен аңыздары маңызды лингводидактикалық материал ретінде қарастырылады. Фольклорлық мәтіндер студенттердің сөздік қорын байытуға, мәтінді түсіну дағдыларын дамытуға және мәдениетаралық танымын қалыптастыруға ықпал етеді. Сонымен қатар ертегілер мен аңыздар негізінде ұйымдастырылатын рөлдік ойындар, драмаландыру элементтері және шығармашылық тапсырмалар студенттердің коммуникативтік белсенділігін арттырады. Бұл ағылшын халық ертегілері мен аңыздарының студенттердің шет тілдік әлеуметтік-мәдени құзыреттілігін қалыптастырудағы жоғары білім беру әлеуетін дәлелдейді.

Ағылшын мақал-мәтелдері, жұмбақтары мен балладалары ағылшын фольклорының халықтың рухани мәдениетін, әлеуметтік тәжірибесін және ұлттық дүниетанымын бейнелейтін маңызды жанрларының бірі болып табылады. Бұл фольклорлық жанрлар халықтың тарихи тәжірибесін, өмірлік қағидаларын және мәдени құндылықтарын ықшам әрі бейнелі түрде жеткізеді. Сонымен қатар аталған жанрлар ағылшын халқының сөйлеу мәдениетін, ұлттық мінез ерекшеліктерін және коммуникативтік дәстүрлерін танытатын маңызды тілдік-мәдени дереккөз ретінде қарастырылады.

Ағылшын мақал-мәтелдері халық даналығының жинақталған көрінісі болып табылады. Мақал-мәтелдерде халықтың дүниетанымы, моральдық қағидалары және әлеуметтік тәжірибесі қысқа әрі бейнелі формада беріледі. Қазіргі паремиология ғылымында мақал-мәтелдердің мәдени табиғатын зерттеген ғалымдардың бірі Вольфганг Мидер болды. Ғалым мақал-мәтелдерді халықтың мәдени жады мен ұлттық дүниетанымын сақтайтын ерекше тілдік құрылым ретінде қарастырады. В. Мидер: «Мақал-мәтелдер – есте сақталатын формада берілген дәстүрлі даналық», – деп жазады [9, 5 б.]. Бұл тұжырым мақал-мәтелдердің тәрбиелік және мәдени маңызын айқындайды.

Ағылшын мақал-мәтелдерінде ағылшын қоғамына тән прагматизм, ұстамдылық, еңбексүйгіштік және жауапкершілік сияқты ұлттық құндылықтар көрініс табады. Мысалы, «An Englishman’s home is his castle», «Look before you leap», «Honesty is the best policy» сияқты мақал-мәтелдер жеке кеңістікті құрметтеу, сақтық, адалдық және практикалық ойлау идеяларын бейнелейді. Сонымен қатар ағылшын мақал-мәтелдерінде сыпайылық, өзін-өзі бақылау және әлеуметтік тәртіп сияқты мәдени ерекшеліктер де байқалады.Сонымен қатар ағылшын мақал-мәтелдерінде сыпайылық, өзін-өзі бақылау және әлеуметтік тәртіп сияқты мәдени ерекшеліктер де байқалады. Бұл ерекшеліктер студенттердің ағылшын халқының ұлттық дүниетанымын және сөйлеу мәдениетін түсінуіне мүмкіндік береді.

Мақал-мәтелдердің құрылымдық және семантикалық ерекшеліктерін зерттеген А. Тейлор олардың халық тәжірибесін ықшам әрі бейнелі түрде жеткізетінін атап көрсетеді. Ғалымның пікірінше, мақал-мәтелдер халықтың тарихи тәжірибесін, әлеуметтік бақылауларын және моральдық қағидаларын жинақтайтын ерекше тілдік форма болып табылады [10]. Осыған байланысты мақал-мәтелдер студенттердің бейнелі ойлауын, тілдік сезімін және мәдени танымын дамытуда маңызды рөл атқарады.

Ағылшын жұмбақтары халықтың танымдық тәжірибесін және ассоциативтік ойлау жүйесін бейнелейтін ерекше фольклорлық жанр болып табылады. Жұмбақтарда заттар мен

құбылыстар бейнелі сипатталып, оларды шешу арқылы адамның логикалық ойлауы мен шығармашылық қабілеті дамиды. Сонымен қатар жұмбақтар халықтың дүниені қабылдау ерекшеліктерін және ұлттық ойлау жүйесін көрсетеді.

Жұмбақтардың коммуникативтік және танымдық табиғатын зерттеген Э. Кёнгас-Маранда жұмбақтарды халықтың интеллектуалдық мәдениетін көрсететін ерекше тілдік форма ретінде қарастырады. Ғалымның пікірінше, жұмбақтар адамдар арасындағы әлеуметтік қарым-қатынасты дамытуға және мәдени білімді ұрпақтан ұрпаққа жеткізуге ықпал етеді [11]. Бұл тұжырым ағылшын жұмбақтарының тәрбиелік және коммуникативтік қызметін түсіндіруде маңызды рөл атқарады.

Ағылшын балладалары халықтың тарихи санасын, эмоционалдық тәжірибесін және әлеуметтік өмірін бейнелейтін маңызды поэтикалық жанрлардың бірі болып табылады. Балладаларда тарихи оқиғалар, халық батырлары, әлеуметтік қақтығыстар және махаббат тақырыптары көркем түрде баяндалады. Сонымен қатар балладалар халықтың музыкалық мәдениетін, поэтикалық дүниетанымын және тарихи жадын сақтайтын маңызды мәдени мәтін қызметін атқарады.

Ағылшын және шотланд халық балладаларын зерттеген Ф. Дж. Чайлд балладаларды халықтың тарихи жады мен мәдени тәжірибесін сақтайтын ерекше поэтикалық форма ретінде сипаттайды. Ғалымның пікірінше, балладаларда халықтың тарихи оқиғаларға көзқарасы, әлеуметтік құндылықтары және эмоционалдық тәжірибесі көрініс табады [12]. Бұл ағылшын балладаларының мәдени және тәрбиелік маңызын түсіндіруге мүмкіндік береді.

Балладалардың маңызды ерекшеліктерінің бірі – олардың эмоционалдық және музыкалық сипаты. Балладалардағы ырғақ, қайталау және поэтикалық бейнелілік тілдік материалды қабылдауды жеңілдетіп, эмоционалдық әсерді күшейтеді. Осыған байланысты балладалар шетел тілін оқытуда тыңдалым, айтылым және интонациялық дағдыларды дамытуда тиімді аутентті материал ретінде қолданылады.

Қазіргі шетел тілін оқыту әдістемесінде мақал-мәтелдер, жұмбақтар мен балладалар студенттердің коммуникативтік және әлеуметтік-мәдени құзыреттілігін қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Бұл жанрлар студенттердің сөздік қорын байытып қана қоймай, олардың мәдениетаралық танымын, бейнелі ойлауын және ұлттық-коммуникативтік ерекшеліктерді түсіну қабілетін дамытады. Сонымен қатар фольклорлық материалдар негізінде ұйымдастырылатын пікірталастар, рөлдік ойындар, шығармашылық тапсырмалар және драмаландыру элементтері студенттердің тілдік белсенділігін арттырады.

Ағылшын және шотланд халық балладаларын ғылыми тұрғыдан жүйелеп зерттеген Ф. Дж. Чайлд балладаларды халықтың тарихи жады мен мәдени тәжірибесін сақтайтын ерекше поэтикалық жанр ретінде қарастырады. Ғалымның пікірінше, балладаларда халықтың тарихи оқиғаларға көзқарасы, әлеуметтік құндылықтары және эмоционалдық дүниесі көрініс табады [12]. Ф. Дж. Чайлд халық балладаларының ауызша таралу дәстүрі олардың халықтық сипатын сақтауға мүмкіндік бергенін атап көрсетеді. Бұл тұжырым ағылшын балладаларының тарихи және мәдени маңызын түсіндіруде маңызды ғылыми негіз болып табылады.

Балладалардың музыкалық және поэтикалық табиғатын зерттеген Б. Х. Бронсон халық балладаларының ән айту дәстүрімен тығыз байланысты екенін атап көрсетеді. Ғалымның пікірінше, балладалардағы ырғақ, әуен және қайталамалы құрылымдар олардың эмоционалдық әсерін күшейтіп, халық жадында сақталуына ықпал етеді. Б.Х. Бронсон: «Балладалар дәстүрде ән арқылы өмір сүреді», – деп жазады [13, 12 б.]. Бұл тұжырым балладалардың халықтың рухани мәдениетін сақтаудағы рөлін айқындайды.

Балладалардың әлеуметтік және тарихи табиғатын зерттеген Д. Бьюкен оларды халықтың тарихи тәжірибесін және ұжымдық жадын сақтайтын поэтикалық-коммуникативтік форма ретінде қарастырады. Ғалымның пікірінше, балладалар белгілі бір қоғамның тарихи оқиғаларға, әлеуметтік қатынастарға және мәдени құндылықтарға деген көзқарасын бейнелейді [14]. Сонымен қатар Д. Бьюкен балладалардың ауызша таралуы

халықтың мәдени сабақтастығын сақтауға ықпал ететінін атап көрсетеді. Бұл ағылшын балладаларының ұлттық тарихи сананы қалыптастырудағы маңызын түсіндіруге мүмкіндік береді.

Ағылшын балладаларының тарихи-мәдени құндылығын алғаш ғылыми тұрғыдан бағалаған зерттеушілердің бірі Т. Перси болды. Ғалым халық балладаларын ағылшын халқының ұлттық поэтикалық мұрасы ретінде қарастырып, олардың тарихи және көркемдік маңызын негіздеді. Т. Персидің пікірінше, балладалар халықтың рухани мәдениетін, тарихи жадын және ұлттық дүниетанымын сақтайтын ерекше фольклорлық жанр болып табылады [15]. Оның зерттеулері ағылшын халық поэзиясын ғылыми тұрғыдан зерттеудің қалыптасуына ықпал етті.

Балладалардың маңызды ерекшеліктерінің бірі – олардың эмоционалдық және коммуникативтік сипаты. Балладаларда тарихи оқиғалар мен халық тәжірибесі поэтикалық және музыкалық формада берілетіндіктен, олар тыңдаушыға күшті эмоционалдық әсер етеді. Сонымен қатар балладалардағы қайталамалы құрылымдар, ритмикалық ұйымдасу және диалог элементтері тілдік материалды қабылдауды жеңілдетеді. Осыған байланысты ағылшын балладалары шетел тілін оқытуда тыңдалым, айтылым және интонациялық дағдыларды дамытуға мүмкіндік беретін тиімді аутентті материал ретінде қарастырылады.

Осылайша, ағылшын мақал-мәтелдері, жұмбақтары мен балладалары халықтың мәдени құндылықтарын, тарихи тәжірибесін және ұлттық дүниетанымын бейнелейтін маңызды фольклорлық жанрлар болып табылады. Бұл жанрлар студенттердің тілдік білімін, коммуникативтік дағдыларын және мәдениетаралық танымын дамытуда ерекше маңызға ие. Сондықтан ағылшын мақал-мәтелдері, жұмбақтары мен балладаларын шетел тілін оқыту үдерісінде пайдалану студенттердің шет тілдік әлеуметтік-мәдени құзыреттілігін қалыптастырудың тиімді құралдарының бірі болып табылады.

## ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ


1. Lüthi M. The European Folktale: Form and Nature. – Bloomington: Indiana University Press, 1986. – 173 p.
2. Tatar M. The Hard Facts of the Grimms' Fairy Tales. – Princeton: Princeton University Press, 2003. – 368 p.
3. Brunvand J.H. The Study of American Folklore. – New York: W.W. Norton & Company, 1998. – 512 p.
4. Ассман Я. Культурная память: письмо, память о прошлом и политическая идентичность в высоких культурах древности. / пер. с нем. – Москва: Языки славянской культуры, 2004. – 368 с.
5. Barber R. The Arthurian Legends: An Illustrated Anthology. – Woodbridge: Boydell Press, 1999. – 223 p.
6. Bronner S. Explaining Traditions: Folk Behavior in Modern Culture. – Lexington: University Press of Kentucky, 2011. – 280 p.
7. Кэмпбелл Дж. Тысячеликий герой. / пер. с англ. – Москва: София, 1997. – 384 с.
8. Seal G. The Hidden Culture: Folklore in Australian Society. – Sydney: Oxford University Press, 1989. – 244 p.
9. Mieder W. Proverbs: A Handbook. – Westport: Greenwood Press, 2004. – 304 p.
10. Taylor A. The Proverb. – Cambridge: Harvard University Press, 1931. – 247 p.
11. Köngäs-Maranda E. Riddles and Riddle Classification // Journal of American Folklore. – 1971. – Vol. 84. – № 331. – P. 254-273.
12. Child F.J. The English and Scottish Popular Ballads. – Boston: Houghton Mifflin, 1882. – 305 p.
13. Bronson B.H. The Traditional Tunes of the Child Ballads. – Princeton: Princeton University Press, 1959. – 412 p.
14. Buchan D. The Ballad and the Folk. – London: Routledge, 1972. – 231 p.
15. Percy T. Reliques of Ancient English Poetry. – London: J. Dodsley, 1765. – 376 p.

ӘӨЖ 94 (574)

# ЖӘҢГІР ХАН МЕКТЕБІ – ҚАЗАҚ ЖЕРІНДЕГІ АЛҒАШҚЫ БІЛІМ БЕРУ ОРДАСЫ

***Дандыбаева Асель Нагимоллиевна***
*Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялы университетінің 2-курс магистранты*

***Аннотация.*** *В данной работе рассматривается становление системы образования и просвещения на территории Букеевской Орды в первой половине XIX века, в том числе историческое значение первой школы, открытой ханом Жангиром. В ходе исследования анализируются особенности формирования системы образования в Букеевской Орде и её влияние на просветительские процессы в казахском обществе. Кроме того, с научной точки зрения характеризуется роль этой школы как источника становления национальной системы образования.*

***Ключевые слова:*** *образование, Букеевская Орда, светское образование, система просвещения, национальное образование.*

Еліміздің тәуелсіздікке қол жеткізіп, егемен мемлекет ретінде қалыптасуы ұлттық тарихымызды жаңаша көзқарас тұрғысынан зерттеуге кең мүмкіндік берді. Осыған байланысты тарих ғылымында бұрын біржақты қарастырылып келген мәселелерді идеологиялық және саяси ықпалдардан арылтып, тарихи шындық негізінде жан-жақты талдау қажеттілігі артып отыр. Сонымен қатар қазіргі таңда әрбір азаматтың туған өлкенің тарихына, ұлттық шежіреге, салт-дәстүр мен мәдени мұраға деген қызығушылығы күшейіп, оны тереңірек тануға ұмтылысы айқын байқалады.

Қазақ халқының тарихында XIX ғасырдың басында құрылған Бөкей хандығы ерекше тарихи-саяси маңызға ие болды. 1801 жылы негізі қаланған бұл хандық революцияға дейінгі кезеңдегі Отан тарихында елеулі орын алды. Сондықтан Бөкей Ордасы тарихы сол дәуірдің өзінде көптеген зерттеушілердің, саяхатшылардың, ғалымдар мен қоғам қайраткерлерінің назарын аударған болатын. Бүгінгі күні де осы тарихи өлкенің өткені ғылыми қызығушылық туғызып, оны қайта қарастырып, терең зерттеу қажеттігін көрсетеді.

Зерттеу деректеріне қарасақ, Жәңгір ханның қазақ даласында мектеп салу мәселесін XIX ғасырдың 30-шы жылдарында-ақ ойластыра бастаған. Белгілі ғалым Қазыбай Бозымовтың деректерінде Жәңгірдің мектеп ашу ісін 1826 жылдың жазынан бастап жоспарлай бастаған. «Жәңгірдің мұндағы басты мақсаты - мектеп ашу арқылы қазақ балаларының Қазан университеті мен Орынбордағы Неплюев кадет корпусына, сол секілді Ресейдің басқа да жоғары оқу орындарына түсуіне жол ашу еді. Осы мақсатта көп жұмыстар атқарды. Алдымен бастауыш мектептері бар мешіттер салу мақсатында ел ішіндегі

жағдайы бар азаматтарды қаржы бөлуге міндеттейтін арнайы жарлық шығарды. Патша сарайындағы лауазымды тұлғаларға, Орынбор әскери губернаторы П.К.Эссенге Ордада қазақ балаларына арнап орыс тілінде білім беретін мектеп ашу қажеттігін дәлелдеп хаттар жазды. Жәңгірдің мектеп ашу жөніндегі арманы тек он бес жылдан кейін барып іске асты. Нәтижесінде 1841 жылы 6 желтоқсанда қазақ даласында қазақ балалары үшін тұңғыш мектеп ашылды [1].

Қазан төңкерісіне дейінгі кезеңдегі зерттеушілердің еңбектерінде Ішкі Ордадағы оқу-ағарту ісіне қатысты маңызды деректер кеңінен қамтылды. Солардың қатарында этнограф ғалым Мұхамбетсалық Бабажанов еңбектерінің орны ерекше. Қазақ халқы үшін білім мен ғылымның маңызын терең түсінген ол ағартушылықтың дамуына жол ашқан мектептің рөлін жоғары бағалап, Жәңгір мектебінің тарихи маңызын ерекше атап көрсетті. «Тек соңғы уақыттарда, Жәңгір Бөкейұлын хан етіп тағайындағаннан кейін ғана, біздің оқуымыз айтарлықтай кең түрде және жылдамырақ алға басты. Осы жанның арқасында, оның қамқорлық көрсетуімен және басқа да қажеттіліктердің нәтижесінде Орда ішінде сауатты адамдар шыға бастады. Қаза болып кеткен хан оқушылар және оқытатындар үшін ақшасын да, күш қуатын да, оқудың пайдалы екендігіне ордалықтарды жүгіндіруде ештеме де аяп қалған жоқ. Өзінің ордасында ол мектеп ашты, онда Мұхаммед хадистерін үйретететін және орысша сауаттылық пен орыс тілін оқытатын 60 адамдық орын болды. Бұл мектеп әлі күнге дейін Жәңгір мектебі аталып, ордада өмір сүріп жатыр, қазір мұнда 30 балаға Орданың шаруашылық қаражатынан ақша төлеп тұрады. Жасыратыны жоқ, айта кеткен жөн, Ішкі Орда халқы өздерінің мәдени өмірлерінің және де ақыл-ой қабілеттерінің дамуы жағынан Бөкей ханға, әсіресе Жәңгір хан алғыс айтуға міндетті. Бөкей қазақтарды дала төсінен астрахандықтардың жеріне көшіріп әкеліп, қала-қыстақ ұғрпын қабылдады: ал Жәңгір хан өзінің жеке үлгі көрсетуінің арқасында және татар оқуына, ислам хадистеріне, орыс тілін ауызша, жазбаша білуге ұмтылуы нәтижесінде қашанда болсын оқудың ұят еместігін және ешқашанда кеш болмайтындығын қазақтарға дәлелдеп берді. Оқу ісімен, кәсіпшілікпен, саудамен және қолөнермен айналысатындарға ерекше көңіл бөліп, жанашыр қамқоршы болған Жәңгір ханның еңбегі зор» [2, 20б.], - деп, Санкт-Петербург қаласында тұратын өзімен көп мәселеде пікірлес досы, орыс оқымыстысы Павел Небольсинге хат жазған.

Бұл білім мен тәрбие жүйесін қазіргі жаңа білім жүйесінің негізі мен іргетасы деп айтқан жөн. Өйткені, осы казіргі жаңа білім жүйесіне сол кездегі білім жүйесі өте ұқсас екенін айта кету қажет. Мектептегі педагогикалық үрдісті ұйымдастыруда демократиялық, идеялардың да іске асырылғанын көруге болады. Бұл тәжірибені қазіргі кезде де пайдалануға болатын оң тәжірибе деп айтуға болады. Ефимцев Жәңгір хан мектебінде оқытылған келесі пәндерді атап көрсетеді: татар,араб, орыс тілі, арифметиканың алғашқы ережелері, жазу, сызу, тарих, географияның қысқаша жинағы, алғашқы дәрігерлік көмектің ережелері. Осы пәндерге

қоса негізгі пән-мұсылмандық имандылық сабағы жүргізілген. Хан кейін ұлттық мектепті училище деп атап,білім саласы үшін арнайы ғибрат үй салған және мұғалімдерді байқау қазіргіше айтсақ конкурс арқылы таңдалатын әдістемелік орталыққа айналдырылған. Бұл білім ордасында мектептің арнайы бекітілген оқу жоспарлары оқыту бағдарламалары, жүйелі оқыту әдістемесі болған. Осылардың бәрі Жәңгір хан ашқан ұлттық мектеп қазіргі кездегі Қазақстан білім жүйесінің бастауы болғандығын көрсетеді.

«Жәңгір білімге, ағартушылық пен мәдениетке бой ұрмай халық мүддесін тиімді түрде қорғау алдағы уақытта мүмкін емес екендігін қазақ хандарының ішінде бірінші болып түсінді» [3, 226 б.],- деп академик Т.З.Рысбеков ерекше бағалап, 1841 жылы Бөкей Ордасында ашылған мектептің сол дәуірде бүкіл қазақ даласындағы жалғыз мектеп болғандығын, хан мектебі қазақ халқының зайырлы білімге қадам басуының алғашқы баспалдағы болғандығын айрықша атап көрсетеді.

Р.Л.Абдрахманова өзінің «Народное образование Западного Казахстана: становление, развитие, противоречие (1841–1941)» атты монографиясында Батыс Қазақстан өңіріндегі халыққа білім беру жүйесінің қалыптасуы мен даму ерекшеліктерін жан-жақты талдай отырып, Бөкей Ордасы аймағындағы ағарту ісінің өзіндік сипатына тоқталып, Жәңгір хан негізін қалаған заманауи мектептің ұлттық білім беру тарихындағы тың құбылыс болғанын айқындайды[4].

Қорыта айтқанда, Бөкей Ордасында қалыптасқан оқу-ағарту ісі қазақ даласындағы білім беру жүйесінің даму тарихында ерекше орын алады. XIX ғасырдың бірінші жартысында Жәңгір хан бастамасымен ашылған алғашқы мектеп қазақ қоғамында зайырлы білім берудің негізін қалап, ұлттық білім жүйесінің қалыптасуына жол ашты. Бұл оқу ордасы тек сауат ашу орталығы ғана емес, сонымен қатар жаңа типтегі педагогикалық тәжірибенің, оқу бағдарламалары мен ұйымдастырудың алғашқы үлгісі ретінде бағаланады.

Осылайша, Бөкей Ордасындағы алғашқы білім беру тәжірибесі қазақ қоғамының мәдени және рухани дамуына серпін беріп, ұлттық білім беру жүйесінің тарихи бастауы ретінде бағаланады.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**


1. Бүркіт Нұрасыл. Қазақ даласындағы алғашқы білім ордасы. Жәңгір мектебі. // Қазақстан тарихы порталы [Электронды ресурс] (23.01.2020).
2. Бабажанов М. Этнографиялық мақалалар. – Алматы: Қазақстан, 1993. – 80 б.
3. Рысбеков Т.З. Тарихи тұлғалар: уақыт және өмір жолдары. – Алматы:Абзал-Ай, 2014. – 528 б.
4. Абдрахманова Р.Л. Народное образование Западного Казахстана: становление, развитие, противоречие (1841-1941): монография. – Орал: Полиграфсервис, 2020. – 152 с.

ӘОЖ 378.147:81'243:004

# СТУДЕНТТЕРДІҢ ШЕТЕЛ ТІЛІН ОҚУҒА ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН АРТТЫРУДАҒЫ ЗАМАНАУИ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ РӨЛІ

Тулипбергенова Даяна Бирижановна – 7М01702 Шетел тілі: екі шетел тілін білім беру бағдарламасы магистранты
Батыс Қазақстан инновациялық-технолгиялық университеті, Орал қ.

*Аннотация*

В данной статье теоретически рассматривается роль современных педагогических технологий в повышении интереса студентов высших учебных заведений к изучению иностранного языка. Описываются психолого-педагогические основы формирования учебной мотивации студентов, а также особенности личностно-ориентированного, коммуникативного, интерактивного, цифрового и компетентностного подходов к обучению. Кроме того, определяется значение использования цифровых образовательных ресурсов и интерактивных средств в повышении качества обучения иностранному языку.

*Ключевые слова*

Обучение иностранному языку, учебная мотивация, интерес студентов, педагогические технологии, коммуникативное обучение, интерактивные технологии, компетентностный подход.

Қазіргі жоғары білім беру жүйесінде студенттердің шетел тілін оқуға деген қызығушылығын арттыру өзекті педагогикалық мәселелердің біріне айналып отыр. Жаһандану, цифрландыру және халықаралық білім беру кеңістігінің дамуы шетел тілін меңгеруді болашақ маманның кәсіби құзыреттілігінің маңызды құрамдас бөлігі ретінде қарастыруға негіз болды. Осыған байланысты шетел тілін оқыту үдерісін студенттердің танымдық белсенділігін, оқу мотивациясын және коммуникативтік әрекетін дамытуға бағытталған заманауи педагогикалық технологиялар негізінде ұйымдастыру қажеттілігі туындады.

Дәстүрлі оқыту жүйесінде студент көбінесе дайын ақпаратты қабылдаушы рөлінде қалып, оқу үдерісіне белсенді қатысу деңгейі төмен болатын. Мұндай оқыту формасы білім алушылардың пәнге деген қызығушылығының төмендеуіне, сөйлеу белсенділігінің әлсіреуіне және шетел тілін тәжірибелік тұрғыдан қолдану дағдыларының жеткіліксіз қалыптасуына алып келді. Осыған байланысты қазіргі педагогика ғылымында студентке бағдарланған, интерактивті және цифрлық технологияларға негізделген оқыту бағыттары кеңінен дамып келеді.

Шетел тілін оқытудағы студенттердің қызығушылығын арттыру мәселесі көптеген шетелдік, ресейлік және қазақстандық ғалымдардың еңбектерінде қарастырылған. Атап айтқанда, мотивациялық оқыту теориялары мен тұлғаға бағдарланған білім беру мәселелері К. Роджерс, А. Маслоу, Л. Выготский, И.А. Зимняя, Е.И. Пассов, Г.К. Селевко, В.П. Беспалько, Н.Д. Хмель, Қ. Құдайбергенова, Ж.А. Қараев және басқа да ғалымдардың зерттеулерінде жан-жақты талданған.

Студенттердің оқу мотивациясын қалыптастыру мәселесіне американдық психолог А. Маслоу ерекше назар аударды [1]. Ғалымның қажеттіліктер иерархиясы теориясы бойынша, адамның танымдық белсенділігі мен өзін-өзі дамытуға ұмтылысы оның ішкі қажеттіліктерімен тікелей байланысты. А. Маслоу білім алушының қызығушылығы мен ішкі мотивациясы тиімді оқытудың негізгі шарттарының бірі екенін атап көрсетті.

Ал К. Роджерс тұлғаға бағдарланған оқыту теориясында білім алушының жеке ерекшеліктерін, қызығушылықтарын және эмоционалдық жағдайын ескерудің маңызын

негіздеді [2]. Ғалымның пікірінше, оқыту үдерісі еркін, қолдаушы және ынталандырушы ортада ұйымдастырылған жағдайда ғана студенттің белсенді танымдық әрекеті қалыптасады.

Шетел тілін оқытудағы коммуникативтік бағыттың дамуына ресейлік ғалым Е.И. Пассов ерекше ықпал етті. Ғалым шетел тілін оқытудың басты мақсаты – білім алушылардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру екенін атап көрсетті [3]. Оның пікірінше, шетел тілін оқыту үдерісі студенттердің шынайы қарым-қатынас жасау қажеттілігіне негізделуі тиіс. Е.И. Пассов тілді меңгеру тек грамматикалық материалды жаттаумен шектелмеуі керек деп есептеп, оқыту барысында табиғи тілдік ортаға жақын жағдаяттарды ұйымдастырудың маңызын негіздеді.

Ғалымның пікірінше, студент шетел тілін нақты қарым-қатынас құралы ретінде қолданған жағдайда ғана пәнге деген қызығушылығы қалыптасады. Осыған байланысты ол диалог, пікірталас, рөлдік ойын және жағдаяттық тапсырмалар сияқты әдістерді қолдануды ұсынды. Мұндай тәсілдер студенттердің сөйлеу белсенділігін арттырып, олардың оқу үдерісіне эмоционалдық тұрғыдан белсенді қатысуына мүмкіндік береді.

Сонымен қатар Е.И. Пассов коммуникативтік оқыту технологиясының мотивациялық маңызын ерекше атап көрсетті. Ғалымның пікірінше, білім алушы шетел тілінің болашақ кәсіби және әлеуметтік маңызын түсінген жағдайда оның пәнге деген танымдық қызығушылығы артады. Сондықтан коммуникативтік бағыт қазіргі шетел тілін оқытудағы студенттердің қызығушылығын арттыруға негіз болатын маңызды педагогикалық бағыттардың бірі болып табылады.

Қазіргі педагогика ғылымында студенттердің қызығушылығын арттыруға бағытталған заманауи педагогикалық бағыттардың бірнеше түрі қалыптасты. Олардың қатарына:

– тұлғаға бағдарланған оқыту;
– коммуникативтік оқыту;
– интерактивті оқыту;
– геймификация технологиясы;
– цифрлық оқыту;
– аралас оқыту;
– жобалық оқыту;
– проблемалық оқыту;
– ынтымақтастықта оқыту технологиялары жатады.

Аталған педагогикалық бағыттардың барлығы студенттердің оқу үдерісіне белсенді қатысуына, өздігінен білім алуына және шетел тілін тәжірибелік қарым-қатынас құралы ретінде қолдануына бағытталған.

Қазіргі кезеңде шетел тілін оқытуда цифрлық білім беру ортасының рөлі де айтарлықтай артып отыр. Онлайн платформалар, мобильді қосымшалар, интерактивті тапсырмалар және геймификация элементтері студенттердің пәнге деген қызығушылығын арттырудың тиімді құралдарына айналды. Әсіресе Kahoot!, Quizizz, Duolingo, Google Classroom сияқты цифрлық ресурстар шетел тілін оқыту үдерісін интерактивті әрі мотивациялық сипатта ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар қазақстандық педагогика ғылымында да студенттердің оқу мотивациясын арттыру және заманауи білім беру технологияларын енгізу мәселелері кеңінен зерттелуде. Қазақстандық ғалымдар білім беру үдерісін жаңғырту, цифрлық технологияларды қолдану және тұлғаға бағдарланған оқыту бағыттарын дамыту мәселелеріне ерекше назар аударып келеді.

Осылайша, қазіргі шетел тілін оқыту жүйесінде студенттердің қызығушылығын арттыруға бағытталған заманауи педагогикалық бағыттар білім беру үдерісінің маңызды құрамдас бөлігіне айналып отыр. Бұл бағыттар студенттердің танымдық белсенділігін, коммуникативтік құзыреттілігін және оқу мотивациясын дамытуға мүмкіндік береді. Сондықтан жоғары оқу орындарында шетел тілін оқыту барысында заманауи

педагогикалық технологияларды тиімді қолдану білім сапасын арттырудың маңызды шарттарының бірі болып табылады.

Ресейлік ғалым Г.К. Селевко педагогикалық технологияларды білім сапасын арттырудың тиімді құралы ретінде қарастырды. Ғалымның пікірінше, заманауи педагогикалық технологиялар студенттің оқу әрекетін белсенді ұйымдастыруға және оның танымдық қызығушылығын дамытуға бағытталуы тиіс. Ол оқыту барысында ойын, интерактивті және тұлғаға бағдарланған технологияларды қолдану студенттердің пәнге деген ішкі мотивациясын арттыратынын атап көрсетті. Сонымен қатар ғалым білім алушы оқу үдерісінде өз мүмкіндігін еркін көрсете алған жағдайда ғана оның пәнге деген тұрақты қызығушылығы қалыптасатынын негіздеді.

Г.К. Селевко: «Интерес к учению возникает тогда, когда ученик становится активным участником учебного процесса», – деп көрсетеді [4, 54 б.]. Ғалымның бұл пікірі студенттің оқу үдерісіне белсенді қатысуы оның танымдық белсенділігін күшейтіп, білім алуға деген ішкі қажеттілігінің қалыптасуына ықпал ететінін айқындайды. Осыған байланысты заманауи педагогикалық технологияларда студенттің дербестігі мен белсенді әрекетіне ерекше мән беріледі.

Педагогикалық технологиялар теориясының дамуына В. П. Беспалько да елеулі үлес қосты. Ғалым оқыту технологиясын алдын ала жобаланған және нақты нәтижеге бағытталған жүйе ретінде қарастырды. Оның пікірінше, оқу материалы білім алушының жеке мүмкіндіктері мен танымдық ерекшеліктеріне сәйкес ұйымдастырылған жағдайда ғана оқыту тиімді болады. В. П. Беспалько: «Педагогическая технология – это содержательная техника реализации учебного процесса», – деп анықтама береді [5, 6 б.]. Ғалымның бұл идеялары студенттердің оқу әрекетін жүйелі ұйымдастыру арқылы олардың пәнге деген қызығушылығын арттырудың педагогикалық негізін қалыптастырды.

Қазақстандық педагогика ғылымында тұлғаға бағдарланған оқыту мәселесін зерттеген ғалымдардың бірі – Н. Д. Хмель. Ғалым білім беру үдерісінде студенттің жеке тұлғалық ерекшеліктерін, қажеттіліктерін және танымдық қызығушылықтарын ескерудің маңызын ғылыми тұрғыдан негіздеді [6]. Н. Д. Хмельдің пікірінше, білім беру үдерісі тек білім мазмұнын меңгертумен шектелмеуі тиіс, ол білім алушының тұлғалық дамуына, шығармашылық белсенділігіне және өзіндік танымдық әрекетіне бағытталуы қажет.

Ғалым оқу үдерісінің тиімділігі студент пен оқытушы арасындағы педагогикалық қарым-қатынастың сапасына тікелей байланысты екенін атап көрсетті. Оның пікірінше, оқыту барысында студент өзін еркін сезініп, өз ойын ашық жеткізе алған жағдайда ғана оның пәнге деген ішкі қызығушылығы мен оқу мотивациясы қалыптасады. Осыған байланысты Н. Д. Хмель білім беру үдерісінде ынтымақтастыққа негізделген, қолдаушы және тұлғаға бағдарланған педагогикалық ортаны ұйымдастырудың маңызын ерекше атап өтті. Н.Д. Хмель: «Тұлғаның дамуы оның белсенді әрекеті мен педагогикалық үдерістегі субъектілік ұстанымы арқылы жүзеге асады», – деп көрсетеді [6, 117 б.].

Ғалымның бұл тұжырымы студенттің оқу үдерісіндегі белсенділігі мен дербестігі оның танымдық қызығушылығының қалыптасуына тікелей ықпал ететінін дәлелдейді. Сондықтан қазіргі шетел тілін оқыту жүйесінде студенттің жеке ерекшеліктерін ескеретін, коммуникативтік және интерактивті технологияларға негізделген оқыту бағыттарының маңызы артып отыр.

Ал Қ. Құдайбергенова қазіргі білім беру жүйесінде құзыреттілікке негізделген оқытудың маңызын ерекше атап көрсетті [7]. Ғалымның пікірінше, білім беру үдерісі білім алушының тек теориялық білімін қалыптастырумен шектелмей, оның практикалық әрекетке дайын болуын, шығармашылық ойлауын және өмірлік жағдаяттарда білімді қолдану қабілетін дамытуға бағытталуы тиіс. Осыған байланысты Қ. Құдайбергенова оқыту барысында студенттің дербес танымдық әрекетін ұйымдастыруға және оның оқу үдерісіне белсенді қатысуына ерекше мән береді.

Ғалым студенттердің оқу мотивациясын арттыру үшін білім беру үдерісінде шығармашылық, интерактивті және ақпараттық технологияларды қолданудың қажеттілігін негіздеді. Оның пікірінше, заманауи педагогикалық технологиялар студенттердің пәнге деген қызығушылығын күшейтіп, олардың өздігінен білім алу белсенділігін арттыруға мүмкіндік береді. Әсіресе ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану білім алушылардың оқу әрекетін жандандырып, шетел тілін меңгеру үдерісін интерактивті әрі қолжетімді ұйымдастыруға жағдай жасайды. Қ. Құдайбергенова: «Құзырлылыққа бағытталған білім беру – тұлғаның шығармашылық қабілетін, танымдық белсенділігін және өздігінен даму қажеттілігін қалыптастыруға бағытталған үдеріс», – деп көрсетеді [7, 38 б.].

Ғалымның бұл пікірі студенттердің танымдық қызығушылығын арттыруда тұлғаға бағдарланған және интерактивті оқыту технологияларының маңызды рөл атқаратынын айқындайды. Сондықтан қазіргі шетел тілін оқыту жүйесінде білім алушының белсенді әрекетіне, шығармашылық ізденісіне және цифрлық ортадағы өзара әрекетіне негізделген педагогикалық бағыттардың маңызы артып келеді.

Ж. А. Қараев деңгейлеп және саралап оқыту технологиялары арқылы студенттердің танымдық белсенділігін арттыру мәселелерін қарастырды [8]. Ғалымның пікірінше, білім алушылардың жеке мүмкіндіктерін ескере отырып ұйымдастырылған оқу үдерісі олардың пәнге деген қызығушылығын күшейтіп, өздігінен білім алу қабілетін дамытады. Ж.А. Қараев оқыту барысында әр студенттің білім деңгейі мен танымдық ерекшеліктерін ескерудің маңызын атап көрсетті. Ғалым ұсынған технологиялар білім алушылардың оқу материалын өз мүмкіндігіне сәйкес меңгеруіне жағдай жасап, олардың оқу үдерісіндегі психологиялық сенімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар деңгейлеп оқыту технологиясы студенттердің оқу әрекетіне біртіндеп белсенді қатысуына, күрделілігі әртүрлі тапсырмалар арқылы танымдық қызығушылығының тұрақты қалыптасуына ықпал етеді. Ғалымның пікірінше, білім алушы өз мүмкіндігіне сәйкес нәтижеге қол жеткізген жағдайда оның пәнге деген ішкі мотивациясы артып, білім алуға деген жағымды көзқарасы қалыптасады. Осыған байланысты Ж. А. Қараевтың педагогикалық технологиялары қазіргі шетел тілін оқытуда студенттердің қызығушылығын арттыруға бағытталған маңызды әдістемелік негіздердің бірі болып табылады.

Осылайша, ресейлік және қазақстандық ғалымдардың зерттеулері студенттердің шетел тілін оқуға қызығушылығын арттыруда заманауи педагогикалық технологиялардың маңызды рөл атқаратынын ғылыми тұрғыдан дәлелдейді. Аталған ғалымдардың еңбектері білім беру үдерісін тұлғаға бағдарланған, интерактивті және мотивациялық бағытта ұйымдастырудың теориялық негіздерін қалыптастырды.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**


1. Маслоу А. Мотивация и личность. – СПб.: Евразия, 1999. – 478 с.
2. Роджерс К. Свобода учиться. – М.: Смысл, 2002. – 527 с.
3. Пассов Е.И. Коммуникативный метод обучения иноязычному говорению. – М.: Просвещение, 1991. – 223 с.
4. Селевко Г.К. Современные образовательные технологии. – М.: Народное образование, 1998. – 256 с.
5. Беспалько В.П. Слагаемые педагогической технологии. – М.: Педагогика, 1989. – 192 с.
6. Хмель Н.Д. Теория и технология реализации целостного педагогического процесса. – Алматы: Ғылым, 1998. – 320 с.
7. Құдайбергенова Қ. Құзырлылық – тұлға дамуының сапалық критерийі. – Алматы: Рауан, 2008. – 120 б.
8. Қараев Ж.А. Деңгейлеп-саралап оқыту технологиясы. – Алматы: Рауан, 1999. – 240 б.

ӘОЖ 37.013.2:81'243:008

# ШЕТ ТІЛІН ОҚЫТУДАҒЫ ЕЛТАНЫМДЫҚ МАТЕРИАЛДАРДЫҢ ЛИНГВОДИДАКТИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Умирбаева Жаннур Сагидуллакызы – 7М01702 Шетел тілі: екі шетел тілін білім беру бағдарламасы магистранты
Батыс Қазақстан инновациялық-технолгиялық университеті, Орал қ.

*Аннотация*

В данной статье рассматриваются теоретические и методические основы отбора страноведческих материалов в процессе обучения иностранному языку. На основе анализа научно-педагогических трудов описываются основные принципы отбора страноведческих материалов, а именно аутентичность, культурная ценность, коммуникативная направленность и актуальность. Кроме того, обосновывается, что данные принципы способствуют повышению познавательной активности обучающихся, развитию межкультурного мышления и эффективному применению языковых знаний в реальных коммуникативных ситуациях.

*Ключевые слова*

Страноведческие материалы, обучение иностранному языку, межкультурная коммуникативная компетенция, аутентичность, культурная ценность, межкультурная коммуникация.

Қазіргі шет тілін оқыту әдістемесінде елтанымдық материалдарды тиімді пайдалану мәселесі ерекше маңызға ие болып отыр. Бұл, ең алдымен, мәдениетаралық коммуникацияны қалыптастырудың тек тілдік біліммен шектелмейтінін, оның мәдени, әлеуметтік және когнитивтік компоненттерді қамтитын күрделі үдеріс екендігімен түсіндіріледі. Осыған байланысты елтанымдық материалдарды оқу үдерісіне енгізу кездейсоқ емес, ғылыми негізделген, жүйелі және мақсатты түрде ұйымдастырылуы тиіс.

Елтанымдық материалдар білім алушыларға шет тілін меңгеру барысында сол тілде сөйлейтін халықтың мәдениетімен, құндылықтар жүйесімен, әлеуметтік нормаларымен және дүниетанымымен танысуға мүмкіндік береді. Алайда кез келген мәдени ақпарат оқу мақсаттарына сәйкес келе бермейді. Сондықтан оларды іріктеу барысында белгілі бір әдістемелік ұстанымдарды басшылыққа алу қажет. Дұрыс таңдалған елтанымдық материалдар білім алушылардың танымдық қызығушылығын арттырып қана қоймай, олардың мәдениетаралық ойлау қабілетін дамытуға және шынайы коммуникативтік жағдаяттарда тілдік құралдарды орынды қолдануына ықпал етеді.

Осыған байланысты елтанымдық материалдарды іріктеу және оларды оқу үдерісіне енгізу арнайы әдістемелік жүйені талап етеді. Бұл жүйе материалдарды таңдау критерийлерін, олардың түрлерін, сондай-ақ оқу үдерісінде қолдану кезеңдері мен тәсілдерін қамтиды. Аталған аспектілерді ғылыми-әдістемелік тұрғыдан негіздеу мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастырудың тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Елтанымдық материалдарды іріктеу үдерісі олардың мазмұндық, әдістемелік және коммуникативтік құндылығын кешенді түрде ескере отырып жүзеге асырылуы тиіс. Бұл үдеріс білім алушылардың жас ерекшеліктеріне, тілдік дайындық деңгейіне және қалыптастырылатын мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттіліктің мақсаттарына сәйкес ұйымдастырылады. Осы тұрғыдан алғанда, елтанымдық материалдарды іріктеудің негізгі қағидаларының бірі – *аутенттілік принципі* болып табылады.

Аутенттілік принципі оқу үдерісінде қолданылатын материалдардың шынайы тілдік ортадан алынуын көздейді. Мұндай материалдар табиғи тілдік қолданысты, нақты коммуникативтік жағдаяттарды және сол тілде сөйлейтін қоғамның мәдени ерекшеліктерін бейнелейді. Аутентті материалдардың ерекшелігі – олардың жасанды түрде бейімделмегендігі, яғни олар тілдің лексикалық, грамматикалық және прагматикалық қырларын тұтас күйінде ұсынуға мүмкіндік береді.

Ғалым Джек С. Ричардс аутентті материалдардың шет тілін оқытудағы рөлін атап көрсете отырып, олардың білім алушыларды нақты тілдік ортаға жақындататынын және тілдің шынайы қолданысын меңгеруге жағдай жасайтынын негіздейді [1]. Оның пікірінше, аутентті материалдар арқылы оқушылар тек тілдік формаларды ғана емес, сонымен қатар қарым-қатынас нормаларын, сөйлеу стратегияларын және мәдени контексті де қатар меңгереді.

Аутентті материалдарды қолдану білім алушылардың коммуникативтік құзыреттілігін дамытуда ерекше маңызға ие, себебі олар оқушыларды нақты өмірлік жағдаяттарға жақындатып, тілдік әрекетті табиғи жағдайда қолдануға үйретеді. Сонымен қатар мұндай материалдар білім алушылардың қызығушылығын арттырып, олардың шет тілін меңгеруге деген уәжін күшейтеді.

Алайда аутентті материалдарды іріктеу барысында олардың күрделілік деңгейін ескеру қажет. 8-сынып оқушылары үшін материалдар мазмұны жағынан түсінікті, тілдік жағынан қолжетімді және тақырыптық тұрғыдан қызықты болуы тиіс. Бұл жағдайда аутенттілік пен қолжетімділік арасындағы тепе-теңдікті сақтау маңызды шарт болып табылады.

Осылайша, аутенттілік принципін сақтау елтанымдық материалдарды іріктеудің сапасын арттырып, білім алушылардың тілдік және мәдени құзыреттіліктерін тиімді дамытуға мүмкіндік береді.

Екіншіден, *мәдени құндылықтылық* принципі. Бұл принципке сәйкес, елтанымдық материалдар тек ақпараттық сипатта ғана болмай, терең мәдени мазмұнға ие болуы тиіс. Яғни олар білім алушыларды нысана тіл елінің дәстүрлері, әдет-ғұрыптары, әлеуметтік нормалары, құндылықтар жүйесі және дүниетанымдық ерекшеліктерімен таныстыруға бағытталуы қажет. Мұндай материалдар тілдік бірліктерді меңгеруді мәдени контекспен байланыстыра отырып, білім алушылардың мәдениетаралық түсінігін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Зерттеуші С. Ньето тіл, мәдениет және оқыту үдерісінің өзара тығыз байланысын атап көрсете отырып, білім беру мазмұны мәдени және әлеуметтік контексті ескеруі тиіс екенін негіздейді [2]. Оның еңбектерінде тілдік және мәдени әртүрліліктің оқыту процесіне тікелей әсер ететіні, сондай-ақ бұл факторлардың білім алушылардың оқу жетістіктеріне ықпал ететіні көрсетіледі. Сонымен қатар ғалым мұғалімдердің мәдени айырмашылықтарды түсінуге, оларды оқу үдерісінде ескеруге және оқыту тәжірибесін сыни тұрғыдан қайта қарауға бағытталуы қажет екенін атап өтеді.

Осы тұрғыдан алғанда, елтанымдық материалдар тек ақпараттық мазмұнмен шектелмей, білім алушыларға мәдени мағыналарды түсіндіруге, оларды талдауға және өз тәжірибесімен байланыстыруға мүмкіндік беруі тиіс.

Мәдени құндылықтылық принципін жүзеге асыру барысында материалдар білім алушыларға тек «басқа мәдениетті тану» мүмкіндігін ғана емес, сонымен қатар өз мәдениетін салыстыра талдауға жағдай жасауы тиіс. Бұл өз кезегінде оқушылардың мәдени рефлексия жасау қабілетін дамытып, олардың мәдениетаралық коммуникацияға саналы түрде қатысуына ықпал етеді.

Сонымен қатар, бұл принцип оқыту мазмұнын таңдауда ерекше жауапкершілікті талап етеді, өйткені ұсынылатын материалдар мәдени тұрғыдан дәл, өзекті және тәрбиелік мәнге ие болуы қажет. 8-сынып оқушылары үшін мұндай материалдар олардың жас ерекшеліктеріне сәйкес келіп, қызығушылығын арттыратын және өмірлік тәжірибесімен байланысты болуы тиіс.

Осылайша, мәдени құндылықтылық принципі елтанымдық материалдарды іріктеудің маңызды негіздерінің бірі болып табылады және білім алушылардың мәдениетар

Үшіншіден, оқушылардың *жас және тілдік деңгейіне сәйкестік* принципі. Бұл принципке сәйкес, елтанымдық материалдардың мазмұны мен тілдік күрделілігі білім алушылардың жас ерекшеліктеріне және тілдік дайындық деңгейіне толық сәйкес келуі тиіс. Материалдардың шамадан тыс күрделілігі оқушылардың түсінуін қиындатып, олардың оқу үдерісіне деген қызығушылығын төмендетуі мүмкін, ал тым қарапайым материалдар керісінше танымдық белсенділікті әлсіретіп, оқыту тиімділігін төмендетеді.

Педагогикалық психологияда білім алушылардың даму ерекшеліктерін ескеру оқытудың негізгі қағидаларының бірі ретінде қарастырылады. Осы тұрғыдан алғанда, И. А. Зимняя оқу үдерісінде ұсынылатын материал білім алушының «қолжетімді даму аймағында» болуы тиіс екенін атап көрсетеді [3]. Яғни оқу материалы оқушы үшін толық түсініксіз болмауы керек, бірақ сонымен қатар белгілі бір танымдық күш жұмсауды талап етуі тиіс.

Бұл принципті жүзеге асыру барысында материалдарды бейімдеу, яғни лексикалық және грамматикалық тұрғыдан жеңілдету немесе құрылымдау маңызды рөл атқарады. Әсіресе 8-сынып оқушылары үшін материалдар мазмұны жағынан қызықты, өмірмен байланысты және тілдік тұрғыдан қолжетімді болуы қажет. Мысалы, олардың күнделікті өміріне жақын тақырыптар (жасөспірімдердің өмірі, бос уақыт, заманауи технологиялар, саяхат) оқу материалын қабылдауды жеңілдетеді.

Сонымен қатар бұл принцип оқыту үдерісінде біртіндеп күрделендіруді де көздейді. Яғни бастапқы кезеңде жеңілдетілген немесе қысқартылған материалдар ұсынылып, кейіннен аутентті және күрделірек мәтіндерге көшу жүзеге асырылады. Мұндай тәсіл білім алушылардың тілдік құзыреттілігін жүйелі түрде дамытуға мүмкіндік береді.

Осылайша, оқушылардың жас және тілдік деңгейіне сәйкестік принципі елтанымдық материалдарды тиімді іріктеудің маңызды шарты болып табылады және оқыту үдерісінің нәтижелілігін қамтамасыз етеді.

Төртіншіден, *коммуникативтік бағыттылық* принципі. Бұл принципке сәйкес, елтанымдық материалдар білім алушыларды тек ақпаратты қабылдауға емес, белсенді қарым-қатынасқа тартуға бағытталуы тиіс. Яғни оқу материалдары оқушылардың сөйлеу, тыңдау, пікір білдіру және өз көзқарасын дәлелдеу дағдыларын дамытуға мүмкіндік беруі қажет.

Коммуникативтік оқыту теориясында тіл ең алдымен қарым-қатынас құралы ретінде қарастырылады. Осы тұрғыдан алғанда, Е. И. Пассов шет тілін меңгеру үдерісі нақты коммуникативтік әрекет арқылы жүзеге асуы тиіс екенін атап көрсетеді. Ғалымның пікірінше, «тілді үйрену – бұл ең алдымен қарым-қатынас жасауға үйрену» [4]. Бұл тұжырым елтанымдық материалдарды тек оқу немесе тыңдау үшін ғана емес, оларды талқылау, пікір алмасу және қолдану құралы ретінде ұйымдастыру қажеттігін дәлелдейді.

Коммуникативтік бағыттылық принципін жүзеге асыру барысында материалдар оқушыларды шынайы немесе шынайыға жақын жағдаяттарға енгізуі тиіс. Мысалы, 8-сынып бағдарламасында қарастырылған «Global issues», «Daily life», «Travel», «Food» сияқты тақырыптар аясында оқушылар пікірталасқа қатысып, өз ойын білдіріп, түрлі мәдени жағдаяттарды талқылай алады . Мұндай тапсырмалар олардың тілдік білімін практикалық деңгейде қолдануына мүмкіндік береді.

Сонымен қатар бұл принцип тапсырмалардың ашық және интерактивті сипатта болуын талап етеді. Яғни оқушылар тек дайын жауаптарды қайталамай, өз бетінше ойлап, сөйлеу әрекетіне белсенді қатысуы тиіс. Рөлдік ойындар, пікірталастар, жобалық жұмыстар және жұптық талқылаулар осы мақсатқа тиімді қызмет етеді.

Осылайша, коммуникативтік бағыттылық принципі елтанымдық материалдарды қолданудың практикалық мәнін арттырып, білім алушылардың мәдениетаралық коммуникацияға нақты қатысуына мүмкіндік береді.

Бесіншіден, *өзектілік және қызығушылыққа сәйкестік* принципі. Бұл принципке сәйкес, елтанымдық материалдар қазіргі заман талаптарына сай, білім алушылар үшін маңызды және қызықты болуы тиіс. Материалдардың мазмұны оқушылардың өмірлік тәжірибесімен, қызығушылықтарымен және күнделікті іс-әрекеттерімен байланысты болған жағдайда ғана олардың оқу мотивациясы артады.

Қазіргі педагогикада оқыту үдерісінің тиімділігі көбінесе білім алушының ішкі уәжіне байланысты екендігі атап көрсетіледі. Осы тұрғыдан алғанда, оқу материалы оқушы үшін мағыналы болуы қажет. Егер материал оқушының өмірімен байланыспаса, ол тек формалды түрде қабылданып, терең меңгерілмейді.

8-сынып оқушылары үшін өзекті тақырыптарға қоршаған орта мәселелері, әлеуметтік желілер, бос уақыт, саяхат, заманауи технологиялар және күнделікті өмір жатады. Оқу бағдарламасында ұсынылған «Online shopping», «Entertainment», «Travel», «Food», «The Natural World» сияқты бөлімдер осы принципті жүзеге асыруға мүмкіндік береді .

Бұл принципті жүзеге асыру барысында материалдарды іріктеу кезінде олардың жаңашылдығына, практикалық маңыздылығына және тәрбиелік әлеуетіне ерекше назар аударылады. Сонымен қатар материалдар оқушылардың жеке пікірін қалыптастыруға, сыни ойлауын дамытуға және мәдени құндылықтарды түсінуіне ықпал етуі тиіс.

Осылайша, өзектілік және қызығушылыққа сәйкестік принципі елтанымдық материалдарды іріктеудің маңызды шарттарының бірі болып табылады және білім алушылардың оқу үдерісіне белсенді қатысуын қамтамасыз етеді.

Қорыта айтқанда, елтанымдық материалдарды іріктеу аутенттілік, мәдени құндылықтылық, оқушылардың жас және тілдік деңгейіне сәйкестік, коммуникативтік бағыттылық және өзектілік принциптеріне негізделуі тиіс. Аталған принциптер материалдардың мазмұнын дұрыс таңдауға ғана емес, олардың білім алушылардың тілдік және мәдени құзыреттіліктерін тиімді дамытуға бағытталуын қамтамасыз етеді. Осылайша, елтанымдық материалдарды ғылыми негізде іріктеу мәдениетаралық коммуникацияны қалыптастырудың маңызды алғышарты болып табылады.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**


1. Richards, J. C. Curriculum Development in Language Teaching. – Cambridge: Cambridge University Press, 2001.
2. Nieto, S. Language, Culture, and Teaching: Critical Perspectives. – Routledge, 2010. – 320 p.
3. Зимняя И. А. Педагогическая психология. – М.: Логос, 2004. – 384 с.
4. Пассов Е. И. Коммуникативный метод обучения иноязычному общению. – М.: Просвещение, 2010. – 223 с.

ӘОЖ-316.722(575)

# ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ ЖӘНЕ ТАРИХИ ЖАДЫ: ЖАҢА ҰРПАҚТЫҢ ҚҰНДЫЛЫҚ МОДЕЛІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Хасанова М.Ж. академиялық доцент, педагогика ғылымдарының магистрі

Кабдыгалиева А.А аға оқытушы, педагогика ғылымдарының магистрі

Қазақстанның инновациялық және телекоммуникациялық жүйелер университеті

Орал қаласы

***Резюме:*** *В современную эпоху глобализации значение национальных ценностей возрастает как никогда ранее. Безграничный поток мировой информации, усиление культурных влияний и межличностная коммуникация в цифровой среде напрямую воздействуют на мировоззрение молодого поколения. В таких условиях формирование исторического сознания молодежи, сохранение национальной памяти и развитие патриотического воспитания становятся ключевыми механизмами устойчивого развития государства и укрепления национальной идентичности.*
*Эффективная модель патриотического воспитания тесно связана с исторической памятью, культурным кодом и межпоколенческой преемственностью. Поэтому формирование ценностного облика нового поколения становится актуальным направлением социокультурных исследований.*

***Тірек сөздер:*** *патриотическое воспитание, национальная историческая память, национальные ценности, глобализация,национальная идентичность,историческое сознание,культурный код, межпоколенческая преемственность, поколение Z, поколение Alpha, трансформация ценностей, цифровая культураисторический нарратив.*

XXI ғасырдағы әлеуметтік-мәдени үдерістер қоғам құрылымына, қоғамдық қатынастарға және жастардың дүниетанымдық бағдарларына түбегейлі өзгерістер әкелуде. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың қарқынды дамуы, цифрлық әлемнің кеңеюі, мәдениеттердің тоғысуы жеке тұлғаның ұлттық болмысын әлсірету қаупін туғызады. Осындай жағдайда жастардың патриоттық санасын қалыптастыру және тарихи жадыны жаңғырту – Қазақстан қоғамы үшін стратегиялық маңызы бар міндет.

Патриотизм – көпқырлы әлеуметтік-психологиялық құбылыс. Ол Отанға деген сүйіспеншілікті ғана емес, ұлттық бірегейлікті сезіну, тарихи сабақтастықты тану, қоғамдық жауапкершілікті қабылдау секілді компоненттерді қамтиды. Ал тарихи жады – ұлттың өткенін сақтайтын, оның болашаққа деген рухани бағдарын айқындайтын феномен. Патриоттық тәрбиенің теориялық-әдіснамалық негіздеріне келер болсақ, патриоттық тәрбие мәселесі педагогика, психология, әлеуметтану, мәдениеттану және

саясаттану ғылымдарының қиылысында қарастырылады. Ғылыми әдебиетте патриотизм демократиялық қоғамның маңызды институты ретінде анықталып, азаматтық бірегейліктің өзегін құрайды. Патриотизм ұғымына теориялық талдау жасасақ**,** әлемдік теорияда патриотизм екі негізгі модель бойынша қарастырылады екен: 1.Этникалық патриотизм – ұлттық тегіне, тілге, дәстүрге байланысты сезім; 2. Азаматтық патриотизм – мемлекетке адалдық, заң мен құқықты құрметтеу, ел дамуына үлес қосу. Қазақ қоғамында бұл екі модель өзара сабақтасып, бір-бірін толықтырады. Патриоттық тәрбиенің мазмұны мына ғылыми қағидаттарға сүйенеді: тарихилық қағидаты – ұлттық тарихты терең меңгеру; жүйелілік **–** отбасы, мектеп, қоғам арасындағы тәрбиелік байланыс; мәдени сәйкестілік – ұлттық құндылықтарды сақтай отырып, әлемдік мәдениетке ашық болу; гуманизм – жеке тұлғаның еркін дамуы, азаматтық құқықтарды құрметтеу.

Тарихи жады – ұлттың өткен оқиғалар мен тәжірибелер туралы ұжымдық түсініктері, тарихи сананы қалыптастыратын мәдени-әлеуметтік механизм. Оның негізгі функциялары: өткенді сақтау; ұлттық бірегейлікті нығайту; ұрпақтар сабақтастығын қамтамасыз ету; қоғамның құндылық жүйесін тұрақтандыру.

Патриоттық тәрбие және ұлттық тарихи жадының теориялық негіздері жеке тұлғаның ұлттық санасын қалыптастыруға, тарихи сабақтастықты сақтауға және қоғамның рухани тұтастығын қамтамасыз етуге бағытталған кешенді педагогикалық-әлеуметтік құбылыстар жүйесін білдіреді.

Патриоттық тәрбие – азаматтың елге, жерге, тілге, мәдениетке деген сүйіспеншілігін қалыптастыратын әлеуметтік-педагогикалық процесс. Оның өзегінде тарихи жады жатыр.

Тарихи жады – қоғамның өткенді ұжымдық тұрғыдан қабылдауы, тарихи тәжірибені бағалауы және оны кейінгі ұрпақ санасына жеткізу механизмі.

Ол төмендегі компоненттерден тұрады: әлеуметтік-мәдени тәжірибе; дәстүр мен салт; тарихи тұлғалар мен оқиғалар туралы нарративтер; ұжымдық құндылықтар жүйесі. Патриотизмге тәрбиелеудің ұзақ мерзімді мақсаты — азаматтарды біріктіру, азаматтарға Тәуелсіздіктің құндылықтары мен жетістіктерін ұғындыру, оларды мемлекеттік рәміздер мен идеология төңірегіне топтастыру. Бұл — ұзақ мерзімді мақсат.

Тарихи жады жас ұрпақтың өз елін тануына, ұлттық рух пен жауапкершілік сезімін қалыптастыруға ықпал етеді.

Жаңа ұрпақ және құндылық трансформациясына да тоқталайық.

Z және Alpha буыны – ақпаратты тез қабылдайтын, цифрлық ортада өмір сүретін, жаңа форматтағы коммуникацияны жақсы меңгерген ұрпақ.

Олардың құндылықтық бейнесінде: еркіндік, өзін-өзі дамыту, прагматизм, цифрлық мәдениет, жаһандық ашықтық сияқты ерекшеліктер басым.

Алайда бұл құндылықтар ұлттық бірегейлікпен үйлестірілгенде ғана қоғамның тұрақты дамуы қамтамасыз етіледі. Демек, патриоттық тәрбиеде дәстүрлі әдістерді емес, жастардың сұранысына бейімделген инновациялық тәсілдерді қолдану маңызды.

Патриоттық тәрбиенің жаңа тәсілдері: мультимедиа, медиа-құралдар және цифрлық орта. Қазіргі таңда тарихи сананы қалыптастыруда цифрлық мүмкіндіктер үлкен рөл атқарады:

YouTube, TikTok платформаларындағы тарихи контент; деректі және анимациялық фильмдер; виртуалды музейлер; интерактивті карталар мен цифрлық архивтер; gamification (ойындандыру) элементтері.

Бұл құралдар ақпаратты қабылдауды жеңілдетіп, жастардың деңгейіндегі визуалды мәдениетке сай келеді. Тиімді жасалған медиаөнімдер тарихи жадыны сақтаудың қуатты тетігіне айналады.

Озық дәстүрлерді, адами құндылықтар, рухани қазына, жастарды тәрбиелеу, жұмысында біртұтас тәрбие басымдық береді. Бұл дегеніміз – ұлтымыздың барлық ұлттық салт-дәстүрлерін, мемлекеттік тіліміз бен әдебиетімізді, мәдениетімізді қастерлеу деген асыл ұғымға келіп саяды. Оқушыларға отансүйгіштік тәрбие беру – барлық пәндердің үлесінде. Негізінде өрен жастың өсу жолындағы ең құдіретті күш – оқу, білім теру, іздену,

ғылымды зерттеу. Кемел ой иесі Ыбырай атамыз айтқан – үнемді болу, еріншек болмау, білімге ұмтылу, ізгілік қасиеттерді бойға сіңірту.

Ұлттық құндылықтар, ұлттық код – рухани біліктілігіміз. Болашаққа қандай ұрпақ тәрбиелеп жатырмыз? Ұлттық құндылық, код дегеніміз – даналарымыз әл-Фараби, Абай, Ыбырай, Жамбыл, Шоқан деп білеміз. Өйткені, бұнда намыс, пәлсапа, ғылым мен білім жатыр. Абай атамыздың 5 асыл ісі – ұлт ретіндегі өзгешелігіміз. Ұлттық болмысымызды сақтай отырып, сипаттарымызды өзгерту.

Ұрпақаралық сабақтастық және ұлттық құндылық моделін қалыптастыру туралы сөз қозғамақпыз.

Жаңа ұрпақтың құндылықтық моделін қалыптастыру үшін төмендегі бағыттар өзекті:

Бірінші, отбасылық тәрбие: аталар мен әжелер мектебі, шежіре айту дәстүрін жаңғырту; отбасылық тарихты зерттеу жобалары.

Екінші мектеп пен жоғары оқу орны: тарихты проблемалық оқыту әдістері; жобалық жұмыс, тарихи кейс-талдау; ұлттық батырлар мен тұлғаларға арналған креативті тапсырмалар.

Үшінші мәдени институттар: музей педагогикасы; этноауылдар мен тарихи парктер; театрландырылған қойылымдар.

Төртінші медиа және қоғам: ұлттық құндылықтарды насихаттайтын блогерлер; жастарға арналған патриоттық челлендждер; тарихи подкасттар мен медиажурнализм.

Осы факторлардың бірлігі жаңа құндылықтар моделін біртұтас жүйе ретінде қалыптастырады.

Ұлттың бүгіні де, болашағы да тәрбиелі ұрпаққа байланысты. Баланың шын мәнісіндегі адам болып қалыптасуы қыруар уақыт пен тер төгетін, зор еңбекті қажет ететін, ауқымы кең, жауапкершілігі мол жұмыс.Ұлы Абай: Адам ата-анадан туғанда есті болмайды: естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе дүниедегі жақсы-жаманды таниды дағы сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады, десе, француз педагогы Жан Жак Руссо: – Бала туғанда ақ қағаздай болып туады, оның үстіне шимайды қалай салсаң, қағаз бетіне солай түседі, бала тәрбиесі сол сияқты, өзің қалай тәрбиелесең, ол солай тәрбиеленеді,- деген екен.

Тәрбие болмаған жерде шын ақылды, мәдениетті мір де болмақ емес деп қазақтың классик тәлімгері Ж. Аймауытов тәрбие беру үздіксіз үдеріс болып табылатынын ерекше атап өткен.

Олай болса, тәрбие – аға ұрпақтың жас ұрпаққа қоғамдық-тарихи тәжірибені беру процесі, жаңа ұрпақты өмірге, еңбекке дайындау арқылы қоғамның алға қарай дамуын қамтамасыз етеін үдеріс.

Ұлттың болашағы ұрпағында болса, ұрпақтың тәрбиесі ұстаз қолында. Ал ұстаз мұраты мен мақсаты – жетілген, толыққанды жеке тұлғаны тәрбиелеу. Мұғалім балалармен қандай жұмыс істесе де, олардың мінез – құлқының, тәртібінің сана – сезімінің қалыптасуына ықпал етеді. Ұстаз екенсің, ұстазға тән қасиетті бойыңа дарытып, көкірегіңе ұялат, ұстазға сеніп тапсырған әр үйдің келешегіне, үміт күтіп отырған мұрагерінің санасына білім, жанына жақсылық сыйла. Ұстазды көргенде жиренетін шәкірт емес, оны көруге асығатын шәкірт тәрбиелеу – бүгінгі өмірдің басты талабы.

Тәрбие мақсаттары мен тәрбие жұмысының міндеттері білім беру үдерісінде, сабақтан тыс уақытта және білім алушылардың бос уақытында жүзеге асырылады.

Бала – біздің ертеңгі үмітіміз. Бүгінгі ұл – ертеңгі әке, бүгінгі қыз – ертеңгі ана.Олар ата-анасына және ұстазына қарап бой түзейді.

Қай ғасырда болсын ұлт өмірін өркендетуші саналы да салауатты, ұлтжанды, рухы биік, ақыл – парасаты мол, мәдени ғылыми өрісі кең ұрпақты тәрбиелеу – қоғам алдындағы басты міндет. Бұл міндетті, әрине, бала тәрбиесіне жауапты ұстаз, яғни сынып жетекші

жүзеге асырады. Жас ұрпаққа саналы тәрбие және сапалы білім беру деңгейі ең алдымен мұғалімнің даярлығына, оның іс-тәжірибесінің қалыптасып, шыңдалуына байланысты.
Зерттеу нәтижелері патриоттық тәрбие мен тарихи жадының жаңа ұрпақтың құндылық моделін қалыптастыруда шешуші рөл атқаратынын көрсетеді. Жаңа буын азаматтары жаһандық мәдени кеңістікте өмір сүретіндіктен, олардың ұлттық түп-тамырына деген қатынасты күшейту педагогикалық жүйенің өзекті міндетіне айналуда. Патриоттық тәрбиені формальды емес, тұлғалық, мотивациялық және әлеуметтік маңызға ие толыққанды процесс ретінде ұйымдастыру қажет.

Қорытындылай келе, патриоттық тәрбие мен тарихи жады – ұлттық бірегейлікті сақтаудың түп қазығы. Жаңа ұрпақтың құндылық моделін қалыптастыру ұлттық тарихты терең меңгеру, мәдени сәйкестілікті нығайту, азаматтық жауапкершілікті арттыру және заманауи инновациялық технологияларды қолдану арқылы жүзеге асырылады. Жаһандану кезеңінде бұл бағыттар тек дәстүрлі тұрғыдан емес, заман талабына сай жаңа әдіс, жаңа құралдар арқылы жүзеге асуы қажет.
Жастардың құндылықтық моделін қалыптастыруда тарихи жадыны дәріптеу, ұлттық мәдени кодты сақтау, цифрлық ортаны тиімді пайдалану және ұрпақаралық сабақтастықты нығайту – қоғамның стратегиялық міндеті. Жаңа ұрпақтың ұлттық рухы биік болғанда ғана мемлекет өзінің мәдени және тарихи тұтастығын сақтап, болашаққа сеніммен қадам басады. Тарихи жадысы сақталған, патриоттық санасы берік ұрпақ — мемлекеттің дамуы мен тұрақтылығының басты кепілі.Ұрпақ тәрбиесі – болашақ қоғам тәрбиесі. Сол келешек қоғам иелерін жан-жақты жетілген, кәсіпке икемді, ақыл-парасаты мол, мәдени ой-өрісін озық етіп тәрбиелеу – мектеп пен ата-ананың қоғам алдындағы борышы. Шынымен де біртұтас тәрбие бағдарламасы ұлттық құндылықтар, ұлт қазынасы, тәлімдік-тағылымдық тәрбие негіздерінің тереңінде жатыр. Қазақтың дала бесіктегі тәрбиесінен біртұтас тәрбие жасаудың бұдан артық үлгісі бола ма? Ал, біз жас ұрпаққа өнегелі істерімізбен үлгі болып, арлы, адал, жасампаз азамат етіп тәрбиелеуіміз керек!

Пайдаланылған әдебиеттер:


1. Нұрпейісов К. Қазақ халқының ұлттық құндылықтары. – Алматы: Арда, 2014.
2. Әбдіғалиұлы Б. Ұлттық идея және тарихи сана. – Алматы: Қазақ университеті, 2018.
3. Қозыбаев М. Тарих зердесі және ұлттық мүдде. – Астана: Елорда, 2019.
4. Аймағанбетова И. Білім беру жүйесіндегі патриоттық тәрбие. – Нұр-Сұлтан: 2019.
5. Омарбекова А. Патриотизм феномені: теория және практика. – Алматы: Рауан, 2020.
6. Әбсаттаров Р. Қазіргі Қазақстан жастарының құндылықтық бағдарлары. – Алматы: Қазақ университеті, 2020.
7. Қалиұлы Б. Ұлттық мәдени код және тарихи жады. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ баспасы, 2021.

ӘОЖ 372.881.111.1:37.091.33

# КОММУНИКАТИВТІК ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ АРҚЫЛЫ СЫНИ ТҰРҒЫСЫНАН ОЙЛАУДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Борамбаева Жайнагүл Жеткизгенқызы – 7М01702 Шетел тілі: екі шетел тілін білім беру бағдарламасы магистранты
Батыс Қазақстан инновациялық-технолгиялық университеті, Орал қ.

*Аннотация*

В статье рассматриваются теоретические основы коммуникативного метода обучения иностранным языкам и его возможности в развитии критического мышления. Анализируются особенности проблемно-коммуникативных, интерактивных и рефлексивных методов обучения, применяемых в рамках коммуникативного подхода. Кроме того, описываются возможности развития познавательной активности, рефлексии и коммуникативной компетенции обучающихся посредством модели ESA, аутентичных материалов и заданий, основанных на взаимодействии.

*Ключевые слова*

Критическое мышление, коммуникативный метод, коммуникативное обучение, аутентичные материалы, коммуникативная компетенция, рефлексия, обучение иностранным языкам.

Қазіргі кезеңде шет тілін оқыту әдістемесінде коммуникативтік әдіс өзектілігін жоғалтқан жоқ, керісінше, жаңартылған білім мазмұны, құзыреттілікке негізделген тәсіл және функционалдық сауаттылықты қалыптастыру талаптары аясында ерекше маңызға ие болып отыр. Бұл әдіс шет тілін меңгеруді тілдік ережелер мен құрылымдарды игерумен шектемей, оны нақты қарым-қатынас жағдаяттарында саналы әрі мақсатты түрде қолдануға үйретуге бағытталады.

Коммуникативтік әдістің қазіргі мектеп тәжірибесінде өзекті болуы оның білім алушылардың ойлау белсенділігін арттыруға, пікір білдіруіне, дәлелдеуіне, ақпаратты бағалауына және рефлексия жасауына мүмкіндік беруімен түсіндіріледі. Осы қасиеттер коммуникативтік әдісті сыни тұрғысынан ойлауды дамытуға қолайлы дидактикалық негіз ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Шет тілін оқыту әдістемесінде коммуникативтік әдістің теориялық және практикалық негіздерін қалыптастырған жетекші ғалымдар қатарына К. Брамфит, К. Джонсон, Дж. Хармер, Дж. Ричардс және Т. Роджерс жатады. Аталған әдіскерлер коммуникативтік әдісті әртүрлі қырынан сипаттап, оны шет тілін меңгерудің тиімді жолы ретінде ғылыми тұрғыда негіздеді. Олардың еңбектерінде оқыту үдерісі оқушының белсенді қатысуына, мағынаны түсінуге, өзара әрекетке және тілдік материалды саналы қолдануға негізделеді.

Коммуникативтік әдістің шет тілін оқытудағы негізгі қағидаттарын алғашқылардың бірі болып британдық әдіскер-ғалым Кристофер Брамфит жүйелі түрде тұжырымдады. Ол 1980-жылдары коммуникативтік әдістің теориялық негіздерін айқындап, оны шет тілін оқытудың балама әрі тиімді моделі ретінде ұсынды. Брамфиттің идеялары К. Джонсон, Г. Уиддоусон, Д. Уилкинс және Д. Хаймс сынды ғалымдардың еңбектерімен бірлесе отырып, «The Communicative Approach to Language Teaching» атты еңбекте жинақталып, коммуникативтік әдістің классикалық тұжырымдамасын қалыптастырды [1].

К. Брамфиттің пікірінше, шет тілін оқытудың басты мақсаты – оқушыларды тілдік формаларды дұрыс қолдануға ғана емес, сол тіл арқылы тиімді қарым-қатынас жасауға үйрету. Осыған байланысты грамматика, лексика және фонетика оқыту мақсаты емес, мағынаны жеткізудің құралы ретінде қарастырылады. Ғалым тілдік материалды оқытуда оның функционалдық және коммуникативтік мәніне басымдық беру қажеттігін атап көрсетеді.

Брамфит ұсынған коммуникативтік әдістің негізгі қағидаттарына мыналар жатады:

*Бірінші қағидат – тілдік бірліктердің функционалдылығы.*

Тілдік материалды меңгеруде дайын фразаларды жаттап алу міндетті болып табылмайды. Негізгі назар тілдік бірліктердің нақты коммуникативтік міндеттерді орындаудағы қызметіне аударылады. Оқушы тілдік форманы емес, сол форма арқылы жеткізілетін мағынаны меңгереді.

*Екінші қағидат – тілді оқытудың контекстік сипаты.*

Коммуникативтік әдісте тілдік материал оқшау түрде емес, мағыналық және жағдаяттық контекст негізінде ұсынылады. Диалогтар мен мәтіндер нақты коммуникативтік мақсатқа ие болуы тиіс, бұл оқушылардың ақпаратты түсінуіне және оны саналы түрде қолдануына мүмкіндік береді.

*Үшінші қағидат – түсінікті айтылымның басымдығы.*

Коммуникативтік әдісте мінсіз фонетикалық дәлдікке ұмтылу міндетті талап ретінде қарастырылмайды. Негізгі мақсат – оқушының айтылымы түсінікті болуы. Айтылымдағы дәлдік сөйлеу тәжірибесі жинақталғаннан кейін біртіндеп қалыптасады.

*Төртінші қағидат – шет тілінде сөйлеуге ерте кезеңнен бастап ынталандыру.*

Оқушылардың шет тілінде алғашқы әрекеттері оқытудың бастапқы кезеңінен-ақ қолдау табуы тиіс. Қателер оқу үдерісінің табиғи бөлігі ретінде қабылданып, оларды түзету жазалау емес, бағыттау сипатында жүзеге асырылады.

*Бесінші қағидат – ана тілін шектеулі қолдану.*

Коммуникативтік әдісте ана тілін қолдану барынша шектеледі. Алайда қажет жағдайда, егер ол оқу үдерісін жеңілдетсе немесе түсінуді қамтамасыз етсе, аударма элементтері минималды көлемде қолданылуы мүмкін.

*Алтыншы қағидат – өзара әрекетке негізделген оқу формалары.*

Коммуникативтік әдісте оқушылардың жұптық, топтық және бүкіл сыныптық жұмыстар арқылы өзара әрекетке түсуі негізгі орын алады. Бұл жұмыс түрлері пікір алмасуға, келісуге, дәлелдеуге және шешім қабылдауға үйретеді.

*Жетінші қағидат – тілді меңгерудің «сынақ пен қате» арқылы жүзеге асуы.*

Тіл үйрену барысында қателесу табиғи әрі қажетті құбылыс ретінде қарастырылады. Оқушылар тәжірибе жасау арқылы тілдік дағдыларын жетілдіреді, бұл олардың дербестігі мен сенімділігін арттырады.

*Сегізінші қағидат – сөйлеу бегілдігінің грамматикалық дәлдіктен басымдығы.*

Коммуникативтік әдісте ең алдымен сөйлеудің еркіндігі мен сенімділігі қалыптастырылады. Грамматикалық дәлдік кейінгі кезеңдерде жүйелі түрде жетілдіріледі [1].

Осы қағидаттар К. Брамфит ұсынған коммуникативтік әдістің шет тілін оқытудағы әдіснамалық негізін құрайды. Олар оқушылардың тілдік дағдыларымен қатар, ойлау, талдау, бағалау және рефлексия жасау қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді. Сондықтан Брамфиттің коммуникативтік әдісі шет тілі сабақтарында сыни тұрғысынан ойлауды қалыптастыруға тиімді педагогикалық негіз болып табылады.

Ғалым К. Джонсон шет тілін оқытуда коммуникативтік өзара әрекетке ерекше мән береді және тілді меңгеру үдерісін нақты қарым-қатынас барысында мағынаны бірлесіп құрастыру ретінде қарастырады. Ол шет тілін үйрену тілдік ережелерді механикалық меңгеру арқылы емес, оқушылардың өзара әрекетке түсуі, пікір алмасуы және мағынаны келісу үдерісі арқылы жүзеге асуы тиіс деп есептейді.

К. Джонсонның коммуникативтік әдістегі негізгі жаңалығы – оқыту үдерісін проблемалық сипаттағы коммуникативтік тапсырмалар арқылы ұйымдастыруды ұсынуы [2]. Мұндай тапсырмаларда алдын ала дайын «дұрыс жауап» болмайды, ал шешім оқушылардың талқылауы, дәлелдеуі және ортақ келісімге келуі арқылы қалыптасады. Бұл тәсіл оқушылардың речемыслительная белсенділігін арттырып, тілдік таңдау жасау қабілетін дамытады.

Ғалым коммуникативтік тапсырмаларды орындау барысында оқушыларға тілдік құралдарды еркін таңдауға мүмкіндік беру қажет екенін атап көрсетеді. Грамматикалық және лексикалық бірліктер оқыту нысаны ретінде емес, коммуникативтік мақсатқа жетудің құралы ретінде қолданылады. Тілдік қателер оқу үдерісінің табиғи бөлігі ретінде қабылданып, оқушының сөйлеу бастамасын шектемеуі тиіс.

Сонымен қатар, К. Джонсон шет тілін оқытуда аутенттік материалдарды қолданудың маңызын көрсетеді. Мұндай материалдар оқушылардың тілдік жағдаятты түсінуіне, ақпаратты интерпретациялауына және нақты коммуникативтік шешім қабылдауына мүмкіндік береді.

К. Джонсонның коммуникативтік оқытуға қатысты негізгі идеялары К. Брамфитпен бірлесіп жазған еңбегінде жүйелі түрде баяндалған [1].

Осылайша, К. Джонсон ұсынған коммуникативтік әдіс шет тілін оқытуда оқушылардың өзара әрекетке негізделген сөйлеуін, саналы тілдік таңдауын және талдау мен бағалауға негізделген ойлау әрекетін дамытуға бағытталған әдістемелік негіз ретінде сипатталады.

Ғалым Джереми Хармер коммуникативтік әдісті шет тілін оқыту практикасына нақты және жүйелі түрде енгізген әдіскерлердің бірі болып табылады. Оның негізгі жаңалығы – шет тілі сабағын ұйымдастыруға арналған ESA моделі (Engage – Study – Activate) [3]. Бұл модель коммуникативтік оқытуды сабақтың құрылымдық деңгейінде жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Дж. Хармердің пікірінше, шет тілін тиімді меңгеру үшін сабақ оқушылардың эмоциялық қатысуын, саналы тілдік талдауын және еркін сөйлеу әрекетін біртұтас жүйеде қамтуы тиіс. Осы мақсатта ол сабақтың үш міндетті фазасын ұсынады.

*Engage (вовлечение / тарту) кезеңі.*

Бұл кезеңнің мақсаты – оқушылардың қызығушылығын ояту және оларды тілдік қарым-қатынасқа психологиялық тұрғыда дайындау. Хармер бұл кезеңде оқушылардың жеке тәжірибесіне, пікіріне және эмоциясына сүйенуді ұсынады. Көрнекі материалдар, бейнематериалдар, қысқа мәтіндер немесе өмірлік жағдаяттар арқылы оқушылар сөйлесуге уәж алады. Бұл кезең сөйлеуге ішкі дайындықты қалыптастырады.

*Study (изучения / меңгеру) кезеңі.*

Бұл кезеңде оқушылар жаңа тілдік материалмен жұмыс жасайды. Дж. Хармердің жаңалығы – тілдік ережені дайын күйінде беру емес, оқушылардың оны өз бетімен байқап, талдау арқылы түсінуіне мүмкіндік беруі. Оқушылар грамматикалық құрылымдарды, лексикалық бірліктерді немесе тілдік тәсілдерді контекст ішінде анықтайды, бұл олардың саналы меңгеруін қамтамасыз етеді.

*Activate (активации / белсендіру) кезеңі.*

ESA моделіндегі негізгі кезең болып табылады және сабақ уақытының едәуір бөлігін қамтиды. Бұл кезеңде оқушылар меңгерілген тілдік материалды еркін сөйлеу әрекетінде қолданады. Хармер рөлдік ойындар, пікірталастар, дебаттар, әңгіме құрастыру, диалог жазу сияқты тапсырмаларды ұсынады. Мұнда басты мақсат – тілдік дәлдіктен гөрі сөйлеу еркіндігі мен мағынаны жеткізу [4].

Осылайша, Дж. Хармер ұсынған ESA моделі коммуникативтік әдісті практикалық сабақ құрылымына айналдырады. Бұл модель оқушылардың қызығушылығын арттыруға, тілдік материалды саналы меңгеруге және оны нақты қарым-қатынас барысында қолдануға мүмкіндік береді. ESA моделі шет тілі сабақтарында оқушылардың ойлау, талдау, шешім қабылдау және рефлексия жасау дағдыларын дамытуға тиімді әдістемелік негіз болып табылады.

Джек Ричардс пен Теодор С. Роджерс шет тілін оқыту әдістемесінде коммуникативтік әдісті ғылыми тұрғыда жүйелеп, құрылымдаған жетекші ғалымдар болып табылады. Олардың бірлескен еңбектерінде коммуникативтік оқыту жекелеген әдіс-тәсілдер жиынтығы ретінде емес, мақсаты, мазмұны, оқу үдерісі және нәтижелері өзара байланысқан тұтас әдістемелік модель ретінде қарастырылады.

Ричардс пен Роджерс коммуникативтік әдістің басты мақсаты ретінде білім алушылардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруды айқындайды. Бұл құзыреттілік шет тілін нақты жағдаяттарда қолдана алу, сөйлеу ниетін білдіру, мағынаны түсіну және қарым-қатынас барысында өзара келісімге келу қабілеттерін қамтиды. Ғалымдардың пікірінше, тілдік білімдер оқшау түрде емес, функционалдық және прагматикалық тұрғыда меңгерілуі тиіс.

Дж. Ричардстың ерте кезеңдегі «Error Analysis» еңбегінде ұсынылған қателерді тіл үйренудің табиғи бөлігі ретінде қарастыру идеясы кейіннен коммуникативтік әдістің әдіснамалық негізіне айналды [5]. Қателер оқыту үдерісінде жазаланатын құбылыс емес, оқушылардың ойлауын, талдауын және рефлексиясын дамытуға мүмкіндік беретін құрал ретінде танылады. Бұл ұстаным оқушылардың сөйлеу бастамасын қолдауға және олардың танымдық дербестігін арттыруға бағытталған.

Т. Роджерстің негізгі үлесі – шет тілін оқыту әдістерін салыстырмалы-талдамалық тұрғыда сипаттап, оларды құрылымдық модель ретінде ұсынуы. Ол коммуникативтік әдісті оқыту мақсаттары, тапсырмалар типтері, мұғалім мен оқушының рөлі және оқу нәтижелері тұрғысынан нақтылап, оны мектеп тәжірибесіне бейімдеуге мүмкіндік берді.

Ғалымдар коммуникативтік әдістің негізгі ерекшеліктері ретінде:

- сөйлеу әрекетінің басымдығын;
- өзара әрекетке негізделген тапсырмаларды;
- аутенттік тілдік материалдарды қолдануды;
- ашық сипаттағы, бір ғана дұрыс жауабы жоқ тапсырмаларды

айқындайды. Мұндай тапсырмалар оқушыларды пікір айтуға, дәлелдеуге, баламалы көзқарастарды салыстыруға және шешім қабылдауға жетелейді.

Ғалымдардың коммуникативтік әдіске қатысты негізгі тұжырымдамалары бірлескен іргелі еңбегінде толық әрі жүйелі түрде баяндалған [6]

Осылайша, Дж. Ричардс пен Т. Роджерс коммуникативтік әдісті шет тілін оқытуда әдіснамалық тұрғыда негізделген, құрылымы айқын және практикалық қолдануға бағытталған жүйе ретінде қалыптастырды. Олардың идеялары 8-сынып оқушыларына арналған коммуникативтік әрі сыни тұрғысынан ойлауды дамытуға бағытталған тапсырмалар жүйесін әзірлеуге берік теориялық негіз болады.

К. Брамфит, К. Джонсон, Дж. Хармер, Дж. Ричардс және Т. Роджерс ұсынған теориялық қағидаттарды жинақтай келе, шет тілін оқытуда сыни тұрғысынан ойлауды дамытуға мүмкіндік беретін төмендегідей әдістер жүйесін айқындауға болады.

*Бірінші әдіс – проблемалық-коммуникативтік оқыту.*

Бұл әдіс К. Джонсон мен Дж. Ричардстың идеяларына негізделеді және бір ғана дұрыс жауабы жоқ коммуникативтік тапсырмаларды қолдануды көздейді. Оқушылар мәселені талқылау, дәлелдеу және ортақ шешімге келу арқылы тілдік материалды саналы түрде қолданады. Бұл әдіс талдау, бағалау және шешім қабылдау дағдыларын дамытады.

*Екінші әдіс – өзара әрекетке негізделген оқыту (interactive learning).*

Бұл әдіс Ричардс пен Роджерс сипаттаған коммуникативтік модельге сүйенеді. Жұптық және топтық жұмыстар, пікірталастар мен бірлескен тапсырмалар арқылы оқушылардың тілдік қарым-қатынасы белсендіріледі. Өзара әрекет ой алмасуды, көзқарастарды салыстыруды және рефлексия жасауды талап етеді.

*Үшінші әдіс – тапсырмаға негізделген оқыту элементтері (task-based approach).*

Коммуникативтік әдіс аясында тапсырмалар нақты коммуникативтік мақсатқа бағытталады. Оқушылар тапсырманы орындау барысында ақпарат жинайды, оны өңдейді және нәтижесін ұсынады. Бұл әдіс тілдік әрекеттің саналы және мақсатты болуын қамтамасыз етеді.

*Төртінші әдіс – ESA моделіне негізделген оқыту (Дж. Хармер).*

Сабақ құрылымы Engage – Study – Activate кезеңдері арқылы ұйымдастырылады. Engage кезеңі оқушылардың қызығушылығын оятып, ойлануға жетелейді; Study кезеңі тілдік құбылысты талдауға бағытталады; Activate кезеңі меңгерілген материалды еркін

сөйлеуде қолдануға мүмкіндік береді. Бұл модель ойлау, талдау және рефлексияны біртұтас үдеріс ретінде дамытады.

*Бесінші әдіс – рефлексиялық-коммуникативтік оқыту.*

Бұл әдіс Дж. Ричардстың қателерді талдау идеяларына сүйенеді. Қателерді талқылау, өз әрекетін бағалау және нәтижені талдау арқылы оқушылар тілдік тәжірибесін саналы түрде түсінеді. Бұл тәсіл сыни ойлаудың маңызды компоненті болып табылатын рефлексияны қалыптастырады.

*Алтыншы әдіс – аутенттік материалдармен жұмыс.*

Ричардс пен Роджерс ұсынған бұл әдіс шынайы мәтіндер, бейне және аудио материалдар арқылы оқушыларды ақпаратты түсінуге, бағалауға және интерпретациялауға үйретеді. Аутенттік материалдар сыни қабылдауды және мағынаны контекст ішінде талдауды талап етеді.

Осылайша, коммуникативтік әдіс аясында қолданылатын аталған әдістер шет тілі сабақтарында тек тілдік дағдыларды ғана емес, сонымен қатар оқушылардың сыни ойлау, талдау, бағалау, шешім қабылдау және рефлексия жасау қабілеттерін кешенді түрде дамытуға мүмкіндік береді. Бұл әдістер 8-сынып оқушыларына арналған тапсырмалар жүйесін әзірлеудің әдістемелік негізін құрайды.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**


1. Brumfit, C. J., Johnson, K. The Communicative Approach to Language Teaching. – Oxford: Oxford University Press, 1987. – 221 p.
2. Johnson, K. Communicative Syllabus Design and Methodology. – Oxford: Pergamon Press, 1982. – 214 p.
3. Harmer, J. How to Teach English. – London: Longman, 2007. – 288 p.
4. Harmer J. Jeremy Harmer’s 50 Communicative Activities. Cambridge: Cambridge University Press, 2022. 120 p.
5. Richards, J. C. Error Analysis: Perspectives on Second Language Acquisition // Applied Linguistics and Language Learning. – Florence: Taylor & Francis, 1974. – P. 172-188.
6. Richards, J. C., Rodgers, T. S. Approaches and Methods in Language Teaching. – Cambridge: Cambridge University Press, 2001. – 270 p.



**ӘОЖ** 372.881.111:159.955


## ШЕТ ТІЛІН ОҚЫТУ БАРЫСЫНДА РЕФЛЕКСИЯЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРДІ ҚОЛДАНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ


Мынжасар Нұрдәулет Канатұлы – 7М01702 Шетел тілі: екі шетел тілін білім беру бағдарламасы магистранты

Батыс Қазақстан инновациялық-технолгиялық университеті, Орал қ.



*Аннотация*

В статье рассматриваются теоретические и практические особенности использования рефлексивных способностей в процессе обучения иностранному языку. Анализируется роль рефлексии в развитии познавательной активности обучающихся, критического мышления, языковой компетенции и навыков самооценки. Кроме того, определяются особенности рефлексивных методов, применяемых на уроках иностранного языка, и обосновывается их эффективность в формировании коммуникативных навыков обучающихся.

*Ключевые слова*
Рефлексия, рефлексивные способности, обучение иностранному языку, коммуникативная компетенция, критическое мышление, самооценка, методы обучения.

Қазіргі білім беру жүйесінде оқытудың басты мақсаты білім алушыларға дайын ақпаратты меңгерту ғана емес, олардың өзіндік ойлауын, танымдық дербестігін, оқу әрекетін саналы ұйымдастыруын және алған білімін өмірлік жағдаяттарда қолдана алу қабілетін дамыту болып табылады. Осы тұрғыдан алғанда, рефлексиялық қабілеттерді қалыптастыру білім беру үдерісінің маңызды бағыттарының бірі ретінде қарастырылады.

Шет тілін оқыту барысында рефлексия ерекше мәнге ие. Себебі шет тілін меңгеру тек грамматикалық ережелерді, лексикалық бірліктерді немесе фонетикалық нормаларды игерумен шектелмейді. Бұл үдеріс білім алушының өз сөйлеу әрекетін бақылауын, тілдік қателерін талдауын, қарым-қатынас барысында қолданған стратегияларын бағалауын және келесі оқу әрекетін саналы түрде жоспарлауын талап етеді.

Рефлексиялық қабілеттердің дамуы білім алушыны оқу үдерісінің белсенді субъектісіне айналдырады. Мұндай жағдайда оқушы немесе студент мұғалім берген білімді қабылдаушы ғана емес, өз оқу нәтижесіне жауапты тұлға ретінде әрекет етеді. Ол «Мен нені меңгердім?», «Қандай қиындықтар кездесті?», «Қатені не себепті жібердім?», «Келесі жолы қалай жақсартуға болады?» деген сұрақтарға жауап іздейді. Бұл сұрақтар шет тілін үйрену үдерісін саналы, мақсатты және нәтижелі етеді.

Шет тілін оқыту әдістемесінде рефлексиялық қабілеттер коммуникативтік құзыреттілікпен тығыз байланысты. Білім алушы өз ойын шет тілінде жеткізіп қана қоймай, өзінің сөйлеу сапасын, тілдік құралдарды таңдауын, қарым-қатынас мақсатына жету деңгейін де бағалайды. Сондықтан рефлексия шет тілін меңгерудің ішкі реттеу механизмі ретінде қызмет атқарады.

Рефлексия ұғымының педагогикалық және философиялық негіздерін қарастырған алғашқы іргелі ғалымдардың бірі – американдық философ әрі педагог Дж. Дьюи. Оның «How We Think» атты еңбегінде рефлексия адамның белгілі бір мәселе немесе қиындық туындаған жағдайда өз ойлау әрекетін саналы түрде ұйымдастыруы ретінде түсіндіріледі. Дж. Дьюи рефлексияны жай ғана ойлану емес, дәлелге, тәжірибеге және мақсатты ізденіске негізделген белсенді танымдық үдеріс деп сипаттайды [1].

Дж. Дьюидің пікірінше, рефлексивті ойлау кездейсоқ пайда болмайды. Ол білім алушы белгілі бір қиындыққа, белгісіз жағдайға немесе шешімін қажет ететін мәселеге тап болған кезде іске қосылады. Мұндай жағдайда оқушы алдымен проблеманы сезінеді, кейін оны талдайды, мүмкін болатын шешім жолдарын қарастырады, болжам жасайды және нәтижені бағалайды. Бұл үдеріс шет тілін оқытуда өте маңызды, өйткені тіл үйренуші үнемі жаңа тілдік жағдаяттармен кездеседі. Мысалы, оқушы өз ойын жеткізу кезінде қажетті сөзді таба алмауы, грамматикалық құрылымды дұрыс қолданбауы немесе тыңдалым мәтінін толық түсінбеуі мүмкін. Осындай қиындықтар рефлексиялық ойлаудың басталуына негіз болады.

Ғалымның рефлексия туралы тұжырымдары шет тілін оқытуда оқушының оқу әрекетін механикалық жаттығудан саналы әрекетке айналдыруға мүмкіндік береді. Егер дәстүрлі оқытуда оқушы көбіне дайын үлгіні қайталауға бағытталса, рефлексиялық оқытуда ол өзінің әрекетін түсінуге, бағалауға және түзетуге үйренеді. Мысалы, жазылым тапсырмасынан кейін білім алушы тек мұғалімнің бағасын күтпей, өз мәтініндегі қателердің себебін талдайды: сөздік қоры жеткіліксіз болды ма, сөйлем құрылымы дұрыс құрылмады ма, әлде ойды жүйелеуде қиындық болды ма. Осылайша, Дьюи ұсынған рефлексивті ойлау моделі шет тілін меңгеруде оқушының танымдық дербестігін дамытудың теориялық негізі болып табылады.

Рефлексия теориясын кәсіби әрекетпен байланыстыра дамытқан ғалымдардың бірі – Д. Шён. Оның «The Reflective Practitioner» еңбегінде рефлексия кәсіби тәжірибені

жетілдірудің негізгі құралы ретінде сипатталады. Шён рефлексияның екі негізгі түрін бөліп көрсетеді: әрекет барысындағы рефлексия және әрекеттен кейінгі рефлексия [2].

Әрекет барысындағы рефлексия оқу немесе сөйлеу әрекеті орындалып жатқан кезде жүзеге асады. Шет тілі сабағында бұл білім алушының сөйлеу барысында өз ойын бақылап, қажет болған жағдайда тілдік құрылымды өзгертуінен көрінеді. Мысалы, оқушы диалог кезінде өзінің сөйлемі түсініксіз болып жатқанын байқап, оны қарапайым сөздермен қайта құрастырады немесе қате қолданылған сөзді басқа баламамен алмастырады. Бұл – нақты әрекет үстіндегі саналы түзету.

Әрекеттен кейінгі рефлексия сабақ, тапсырма немесе коммуникативтік әрекет аяқталғаннан кейін жүзеге асады. Бұл кезеңде білім алушы өзінің нәтижесін талдайды: қандай тапсырма сәтті орындалды, қандай қиындықтар болды, қандай тілдік құралдар жетіспеді, келесі сабақта нені жақсарту қажет. Шет тілін оқытуда бұл тәсіл әсіресе жазылым, айтылым, жобалық жұмыс, пікірталас және рөлдік ойындардан кейін тиімді қолданылады. Шённің теориясы бойынша, мұндай талдау білім алушының тәжірибесін жүйелеуге және болашақ әрекетін саналы жоспарлауға мүмкіндік береді.

Л. С. Выготскийдің мәдени-тарихи теориясы рефлексияны әлеуметтік өзара әрекет пен ішкі ойлау үдерісі тұрғысынан түсіндіруге мүмкіндік береді. Ғалымның пікірінше, адамның жоғары психикалық функциялары алдымен әлеуметтік қарым-қатынас барысында қалыптасып, кейін ішкі психикалық әрекетке айналады [3]. Бұл қағида шет тілін оқытуда ерекше маңызды, себебі тіл үйрену үдерісі қарым-қатынас, диалог, бірлескен әрекет және өзара көмек арқылы жүзеге асады.

Л. С. Выготскийдің «жақын даму аймағы» теориясы рефлексиялық қабілеттерді дамытуда маңызды әдіснамалық негіз болып табылады. Білім алушы белгілі бір тапсырманы өз бетімен толық орындай алмауы мүмкін, бірақ мұғалімнің, сыныптасының немесе топтық жұмыстың көмегімен оны орындауға қабілетті болады. Осы үдерісте оқушы тек тапсырманы орындап қана қоймай, өзінің нақты мүмкіндігі мен даму деңгейін түсінеді. Бұл рефлексияның қалыптасуына жағдай жасайды.

Шет тілін оқытуда ғалымның идеялары жұптық және топтық жұмыс, диалогтік оқыту, peer-assessment, бірлескен мәтін жазу, рөлдік ойындар арқылы жүзеге асады. Мұндай тапсырмаларда білім алушылар бір-бірінің тілдік әрекетін бақылайды, пікір білдіреді, түзетеді және өз жұмысын басқалардың жұмысымен салыстырады. Нәтижесінде сыртқы бағалау біртіндеп ішкі өзін-өзі бағалауға айналады. Бұл рефлексиялық қабілеттің дамуының маңызды көрсеткіші болып табылады.

Рефлексиялық оқытудың тәжірибелік моделін ұсынған ғалымдардың бірі – Д. Колб. Оның тәжірибелік оқыту теориясы бойынша білім тәжірибе арқылы қалыптасады және төрт кезеңнен тұратын цикл арқылы жүзеге асады: нақты тәжірибе, рефлексивті бақылау, абстрактілі тұжырымдау және белсенді тәжірибеде қолдану [4].

Д.Колб моделінің бірінші кезеңі – нақты тәжірибе. Шет тілі сабағында бұл оқушының диалог құруы, мәтін жазуы, тыңдалым тапсырмасын орындауы немесе пікірталасқа қатысуы болуы мүмкін. Екінші кезең – рефлексивті бақылау. Бұл кезеңде білім алушы өз әрекетін талдайды: тапсырманы қалай орындады, не сәтті болды, қандай қате жіберді, қандай қиындық кездесті. Үшінші кезең – теориялық тұжырымдау. Мұнда оқушы өз тәжірибесінен қорытынды шығарады, мысалы, белгілі бір грамматикалық құрылымды дұрыс қолдану ережесін түсінеді немесе сөйлеу стратегиясын анықтайды. Төртінші кезең – белсенді қолдану. Бұл кезеңде білім алушы алған қорытындысын келесі тапсырмада пайдаланады.

Ғалымның циклі шет тілін оқытуда рефлексияның үздіксіз үдеріс екенін көрсетеді. Оқушы бір тапсырманы орындап, оны талдап, қорытынды жасап, келесі әрекетте қолданғанда ғана тілдік дағды тұрақты қалыптасады. Сондықтан рефлексия сабақтың соңында ғана орындалатын қысқа әрекет емес, бүкіл оқу үдерісін ұйымдастыратын әдістемелік жүйе ретінде қарастырылуы тиіс.

Дж. Ричардс пен Т. Роджерс шет тілін оқыту әдістерін жүйелей отырып, білім алушының белсенділігіне, коммуникативтік әрекетке және оқу үдерісіндегі саналы қатысуына ерекше мән береді [5]. Олардың еңбектерінде коммуникативтік оқыту тек тілдік формаларды меңгерту емес, тілді нақты қарым-қатынас жағдайында қолдануға үйрету ретінде сипатталады. Бұл тұрғыда рефлексия коммуникативтік құзыреттілікті дамытудың маңызды құралы болып табылады.

Дж. Ричардс үшін оқытудағы қате білім алушының сәтсіздігі емес, оның тілдік жүйені меңгеру кезеңін көрсететін табиғи құбылыс. Сондықтан қателерді талдау рефлексиялық оқытудың маңызды бөлігі болып табылады. Егер оқушы қателікті тек мұғалімнің түзетуі арқылы қабылдаса, ол сыртқы бақылауға тәуелді болып қалады. Ал егер оқушы қатенің себебін өзі түсінсе, ол тілдік материалды саналы меңгереді. Бұл әсіресе жазылым мен айтылым дағдыларын дамытуда маңызды.

Д. Хармер шет тілін оқытуда білім алушының сабаққа белсенді қатысуын, тілдік материалды саналы меңгеруін және оны еркін қолдануын басты шарт ретінде қарастырады [6]. Оның ESA моделі – Engage, Study, Activate – рефлексиялық оқытумен тікелей байланысты. Engage кезеңінде оқушы сабаққа қызығушылықпен қатысады, Study кезеңінде тілдік материалды талдайды, Activate кезеңінде оны нақты қарым-қатынаста қолданады. Осы үш кезеңнің әрқайсысында рефлексия орын алуы мүмкін.

Мысалы, Engage кезеңінде оқушы тақырып бойынша өз тәжірибесін еске түсіреді; Study кезеңінде жаңа тілдік құрылымды түсіну деңгейін бағалайды; Activate кезеңінде сөйлеу немесе жазу әрекетін орындап, оның нәтижесін талдайды. Д. Хармердің әдістемелік көзқарасы бойынша, тіл үйрену тек мұғалімнің түсіндіруімен емес, оқушының белсенді әрекеті мен сол әрекетті саналы бағалауы арқылы жүзеге асады.

Шет тілін оқытуда рефлексиялық қабілеттерді қолданудың бірінші ерекшелігі – білім алушының өзін-өзі бағалау дағдысын қалыптастыру. Өзін-өзі бағалау арқылы оқушы өзінің тілдік деңгейін, жетістіктерін және қиындықтарын анықтайды. Бұл үдеріс білім алушыны оқу нәтижесіне жауапкершілікпен қарауға үйретеді. Мысалы, оқушы мәтін жазғаннан кейін лексикалық байлығын, грамматикалық дұрыстығын, ой жүйелілігін және тақырыпты ашу деңгейін бағалай алады.

Екінші ерекшелік – тілдік қателерді саналы талдау. Шет тілін үйрену барысында қате жіберу табиғи құбылыс болып табылады. Алайда рефлексиялық оқытуда қате жазалау немесе төмен баға қою құралы ретінде емес, оқу материалына қайта оралуға мүмкіндік беретін ақпарат көзі ретінде қарастырылады. Қатені талдау арқылы оқушы өзінің қай тілдік құрылымды толық меңгермегенін түсінеді.

Үшінші ерекшелік – коммуникативтік әрекетті бағалау. Шет тіліндегі қарым-қатынас барысында тек грамматикалық дұрыстық емес, ойды жеткізу, тыңдаушыны түсіну, жауап беру, сұрақ қою және қарым-қатынас мақсатына жету маңызды. Рефлексия осы дағдыларды бағалауға мүмкіндік береді. Мысалы, пікірталастан кейін оқушы өзінің дәлел келтіру сапасын, қарсы пікірге жауап беруін, сөйлеу еркіндігін және тілдік құралдарды қолдануын талдайды.

Төртінші ерекшелік – оқу мотивациясын арттыру. Рефлексия арқылы білім алушы өзінің ілгерілеуін көреді. Ол бұрын орындай алмаған тапсырманы кейін жақсы орындағанын байқайды. Бұл ішкі мотивацияны күшейтеді. Оқушы өз жетістігін түсінген сайын оқу әрекетіне сенімділігі артады.

Бесінші ерекшелік – оқушының оқу стратегияларын дамыту. Рефлексия барысында білім алушы қай әдіс оған тиімді екенін анықтайды: сөздерді жазып жаттау, контекст арқылы есте сақтау, аудиоматериал тыңдау, диалог құру немесе мәтінмен жұмыс жасау. Бұл шет тілін өз бетінше меңгеру қабілетін қалыптастырады.

Шет тілі сабақтарында рефлексиялық қабілеттерді дамыту үшін әртүрлі әдістер жүйелі түрде қолданылуы қажет. Олардың қатарына рефлексиялық күнделік, портфолио, өзін-өзі бағалау, өзара бағалау және кері байланыс әдістері жатады.

Бірінші әдіс – рефлексиялық күнделік. Бұл әдіс білім алушының оқу әрекетін жүйелі түрде талдауына мүмкіндік береді. Күнделікке оқушы сабақтан кейін қандай жаңа сөздер үйренгенін, қандай тапсырма қиын болғанын, қандай қатені жиі жібергенін және келесі сабақта нені жақсартқысы келетінін жазады. Рефлексиялық күнделік оқушының ішкі ойлау әрекетін жазбаша түрде көрсетуге мүмкіндік береді. Бұл әсіресе жазылым дағдысын дамытумен қатар, өзіндік талдау қабілетін қалыптастырады.

Екінші әдіс – портфолио. Портфолио білім алушының оқу жетістіктерін жинақтап, даму динамикасын бақылауға мүмкіндік береді. Оған жазба жұмыстары, жобалар, тест нәтижелері, шығармашылық тапсырмалар, өзін-өзі бағалау парақтары және мұғалімнің пікірлері енгізілуі мүмкін. Портфолионың басты артықшылығы – ол оқушының тек соңғы нәтижесін емес, даму жолын көрсетеді. Шет тілін оқытуда бұл әдіс білім алушыға өзінің прогресін көруге және оқу мақсатын нақтылауға көмектеседі.

Үшінші әдіс – өзін-өзі бағалау. Self-assessment білім алушының өз білімін, дағдысын және оқу әрекетін бағалауына негізделеді. Бұл әдісті қолдану үшін арнайы бағалау критерийлері қажет. Мысалы, айтылым тапсырмасынан кейін оқушы «Мен өз ойымды түсінікті жеткізе алдым ба?», «Грамматикалық құрылымдарды дұрыс қолдандым ба?», «Сөздік қорым жеткілікті болды ма?» деген сұрақтарға жауап береді. Бұл әдіс оқушыны объективті бағалауға үйретеді.

Төртінші әдіс – өзара бағалау. Peer-assessment білім алушылардың бір-бірінің жұмысын бағалауына негізделеді. Бұл әдіс оқушыларды тек өз жұмысын емес, сыныптасының жұмысын да талдауға үйретеді. Өзара бағалау барысында білім алушылар критерийлерге сүйене отырып пікір білдіреді, ұсыныс жасайды және дәлел келтіреді. Бұл олардың коммуникативтік мәдениетін, сыни ойлауын және жауапкершілігін дамытады. Алайда бұл әдіс тиімді болуы үшін мұғалім бағалау мәдениетін қалыптастыруы қажет. Пікір нақты, сыпайы және дамытуға бағытталған болуы тиіс.

Бесінші әдіс – кері байланыс. Feedback activities шет тілін оқытуда рефлексиялық қабілеттерді дамытудың маңызды құралы болып табылады. Кері байланыс мұғалімнен оқушыға, оқушыдан мұғалімге немесе оқушылар арасында жүзеге асуы мүмкін. Оның мақсаты – оқу үдерісіндегі жетістіктер мен қиындықтарды анықтау. Мысалы, сабақ соңында «Бүгін мен білдім...», «Маған қиын болды...», «Келесі сабақта мен үйренгім келеді...» деген сөйлемдерді аяқтау арқылы оқушылар өз оқу әрекетін бағалайды.

Алтыншы әдіс – рефлексиялық сұрақтар. Мұғалім сабақ соңында немесе тапсырмадан кейін білім алушыларға бағыттаушы сұрақтар қоя алады: «Бұл тапсырманы орындау барысында қандай стратегия қолдандың?», «Қандай сөздер немесе құрылымдар қиындық туғызды?», «Келесі жолы нәтижені жақсарту үшін не істейсің?». Мұндай сұрақтар оқушыны өз әрекетіне саналы қарауға жетелейді.

Жетінші әдіс – топтық рефлексия. Бұл әдіс топтық жұмыс, жоба немесе пікірталастан кейін қолданылады. Білім алушылар топтағы өз рөлін, бірлескен жұмыстың нәтижесін, қарым-қатынас сапасын және тілдік белсенділігін талдайды. Топтық рефлексия оқушылардың ынтымақтастық дағдыларын және коммуникативтік жауапкершілігін арттырады.

Осы әдістердің барлығы шет тілі сабақтарында рефлексиялық қабілеттерді кешенді дамытуға мүмкіндік береді. Олар білім алушыларды өз оқу әрекетін бақылауға, нәтижесін бағалауға, қателерін түсінуге және болашақ оқу мақсатын анықтауға үйретеді.

Қорыта айтқанда, шет тілін оқыту барысында рефлексиялық қабілеттерді қолдану білім алушылардың тілдік, танымдық және тұлғалық дамуына ықпал ететін маңызды педагогикалық шарт болып табылады. Рефлексия оқушының оқу әрекетін саналы ұйымдастыруына, өз нәтижесін бағалауына және тілдік дағдыларын жүйелі түрде жетілдіруіне мүмкіндік береді.

Дж. Дьюидің рефлексивті ойлау теориясы рефлексияны мәселені шешуге бағытталған саналы танымдық әрекет ретінде түсіндіреді. Д. Шённің әрекет барысындағы және әрекеттен кейінгі рефлексия туралы тұжырымдары шет тілін оқытуда оқушылардың

сөйлеу, жазу және коммуникативтік әрекеттерін талдауға мүмкіндік береді. Л.С. Выготскийдің әлеуметтік өзара әрекет туралы идеялары рефлексияның диалог, бірлескен жұмыс және өзара бағалау арқылы дамитынын көрсетеді. Д. Колбтың тәжірибелік оқыту циклі рефлексияны оқу тәжірибесін талдау және оны келесі әрекетте қолдану механизмі ретінде негіздейді. Ал Дж. Ричардс пен Дж. Хармердің әдістемелік көзқарастары рефлексияны коммуникативтік құзыреттілікті дамытудың маңызды құралы ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Шет тілі сабақтарында рефлексиялық күнделік, портфолио, өзін-өзі бағалау, өзара бағалау және кері байланыс әдістерін жүйелі қолдану білім алушылардың оқу жауапкершілігін арттырады. Бұл әдістер оқушыны дайын білімді қабылдаушы емес, өз оқу әрекетін жоспарлайтын, бақылайтын және бағалайтын белсенді тұлға ретінде қалыптастырады.

Сонымен, рефлексиялық қабілеттерді дамыту шет тілін оқытудың сапасын арттырып қана қоймай, білім алушылардың сыни ойлауын, коммуникативтік мәдениетін, дербестігін және үздіксіз білім алуға дайындық қабілетін қалыптастырады. Сондықтан рефлексиялық әдістерді шет тілі сабақтарының барлық кезеңдерінде жүйелі және мақсатты түрде қолдану қазіргі білім беру талаптарына толық сәйкес келеді.

**Пайдаланылған әдебиеттер**


1. Дьюи Дж. Психология и педагогика мышления. – М.: Лабиринт, 1999. – 192 с.
2. Schön D. *The Reflective Practitioner: How Professionals Think in Action*. New York: Basic Books, 1983. – 374 p.
3. Выготский Л.С. Мышление и речь. – М.: Лабиринт, 1999. – 352 с.
4. Kolb D. *Experiential Learning: Experience as the Source of Learning and Development.* – New Jersey: Prentice Hall, 1984. – 256 p.
5. Ричардс Дж., Роджерс Т. Подходы и методы в обучении языкам. – М.: Издательство Кембриджского университета / русское адаптированное издание, 2008.
6. Harmer J. *How to Teach English*. – London: Pearson Education, 2007. – 288 p.



ӘОЖ 811.111’28:37.02


## Диалектілік вариацияның әлеуметтік-лингвистикалық негіздері


Кадырова Майра Тобушовна – 7М01702 Шетел тілі: екі шетел тілін білім беру бағдарламасы магистранты

Батыс Қазақстан инновациялық-технолгиялық университеті, Орал қ.



*Аннотация*

В статье диалектная вариация рассматривается как важное лингвистическое явление, отражающее изменчивый характер языка, зависящий от социальной, территориальной и культурной среды. Особенности формирования диалектной вариации и её связь с внутренней структурой языка анализируются на основе научных трудов отечественных и зарубежных ученых. Кроме того, рассматривается роль диалектных особенностей в процессе обучения иностранному языку, а также определяется их значение в развитии навыков аудирования, говорения и коммуникативной гибкости обучающихся.



*Ключевые слова*

Диалектная вариация, диалект, акцент, языковая вариативность, социолингвистика, коммуникативная компетенция, языковая норма, языковое разнообразие, социальные факторы.

Қазіргі лингвистикада тіл біртекті, қатаң стандартталған жүйе ретінде емес, әлеуметтік, аймақтық және мәдени факторлардың ықпалымен үнемі өзгеріп, түрленіп отыратын динамикалық құбылыс ретінде қарастырылады. Осы тұрғыдан алғанда диалектілік вариация тілдің ішкі көптүрлілігін айқындайтын маңызды лингвистикалық категориялардың бірі болып табылады. Диалектілік вариация белгілі бір тілдің аумақтық немесе әлеуметтік қауымдастықтарда қолданылу барысында қалыптасқан фонетикалық, лексикалық, грамматикалық және прагматикалық ерекшеліктерін қамтиды.

Диалект – тілдің белгілі бір аймақтық немесе әлеуметтік қауымдастықта қолданылатын нұсқасы болып табылады және ол фонетикалық, лексикалық, грамматикалық әрі синтаксистік ерекшеліктерді қамтиды. Ал акцент негізінен фонетикалық деңгейдегі айырмашылықты білдіреді, яғни ол көбінесе айтылым ерекшеліктерімен сипатталып, лексика мен грамматикадағы өзгерістермен міндетті түрде қатар жүрмейді.

«Диалектілік вариация» ұғымы лингвистикада XX ғасырдың ортасында тілдің әлеуметтік және аумақтық өзгермелілігін арнайы зерттеу нысаны ретінде қалыптаса бастады. Бұл ұғымның теориялық негізі алдымен тілдік вариативтілік туралы жалпы көзқарастармен байланысты дамыды. **«Диалектілік вариация» (dialectal variation / dialect variation)** деген термин **бір автордың атымен тікелей бекітілген классикалық «алғашқы анықтама» ретінде пайда болған жоқ.** Ол лингвистикада **біртіндеп қалыптасқан** ұғым. Тілдің біртекті емес, өзгермелі жүйе екендігі туралы идеяны алғаш жүйелі түрде Фердинанд де Соссюр ұсынды. Оның «Курс общей лингвистики» еңбегінде диалектілік вариация термині дербес ғылыми ұғым ретінде қолданылмағанымен, бұл құбылыстың негізгі теориялық алғышарттары айқын көрініс табады. Соссюр тілдік жүйені (langue) және нақты сөйлеу актісін (parole) ажырата отырып, тілдің әлеуеттік құрылым ретінде салыстырмалы тұрақты болғанымен, нақты қолданыста әртүрлі формада жүзеге асатынын көрсетеді [1].

Ғалымның пікірінше, тіл әлеуметтік институт ретінде қоғамға ортақ болғанымен, оның жүзеге асу формалары сөйлеушінің әлеуметтік ортасына, географиялық кеңістігіне және коммуникативтік жағдаятына байланысты түрленіп отырады. Тілдік жүйенің элементтері уақыт пен кеңістікке тәуелді түрде әрқилы көрініс табады деген бұл тұжырым диалектілік вариацияның теориялық өзегін құрайды. Сонымен қатар Соссюр енгізген синхрония және диахрония қағидалары тілдік айырмашылықтарды белгілі бір тарихи кезең аясында қарастыруға мүмкіндік беріп, кейінгі диалектология мен әлеуметтік лингвистиканың әдіснамалық негізін қалады. Осы тұрғыдан алғанда, Соссюр диалектілік вариацияны тікелей сипаттамағанымен, тілдің вариативті табиғатын, оның әлеуметтік шарттылығын және нақты қолданыстағы көпнұсқалылығын алғаш ғылыми тұрғыда негіздеген ғалым ретінде бағаланады.

Диалектілік вариацияны дербес әрі жүйелі ғылыми зерттеу нысанына айналдырған ғалымдардың бірі – Уильям Лабов. Ол XX ғасырдың екінші жартысында әлеуметтік лингвистика аясында тілдік өзгерістердің табиғатын эмпирикалық деректер негізінде талдап, диалектілік айырмашылықтардың кездейсоқ емес, белгілі бір заңдылықтарға бағынатынын дәлелдеді. Лабовтың басты ғылыми жаңалығы – тілдік вариацияны тілдің «бұзылуы» немесе нормадан ауытқуы ретінде емес, тілдің ішкі даму механизмі ретінде қарастыруы.

У. Лабовтың негізгі тұжырымдарының бірі – *вариация мен өзгеріс арасындағы ажырамас байланыс.* Ғалымның пікірінше, тілдік өзгеріс вариативтілік арқылы жүзеге асады: белгілі бір тілдік бірліктің бірнеше нұсқасының қатар өмір сүруі уақыт өте келе олардың бірінің басымдық алуына алып келеді. Бұл идея оның үштомдық іргелі еңбегінің бірінші томында – «Principles of Linguistic Change. Vol. I: Internal Factors» – кеңінен негізделеді [2]. Аталған еңбекте ғалым фонетикалық және фонологиялық вариацияларды талдай отырып, тілдік өзгерістердің ішкі жүйелік факторларға тәуелді екенін көрсетеді.

Екінші маңызды идея – *диалектілік вариацияның әлеуметтік шарттылығы.* У. Лабов тілдік нұсқалардың сөйлеушінің жасына, жынысына, әлеуметтік мәртебесіне, кәсіби ортасына және қауымдастыққа тиесілілігіне қарай жүйелі түрде өзгеретінін дәлелдеді. Бұл тұжырым «Principles of Linguistic Change. Vol. II: Social Factors» атты екінші томында жан-жақты қарастырылған [3]. Ғалым әлеуметтік факторлардың тілдік таңдауға тікелей әсер ететінін статистикалық және далалық зерттеулер арқылы нақтылайды. Осы арқылы диалектілік вариация әлеуметтік құрылымның тілдегі көрінісі ретінде сипатталады.

У. Лабов теориясындағы үшінші маңызды бағыт – *когнитивтік және мәдени факторлардың рөлі.* Үшінші томда – «Principles of Linguistic Change. Vol. III: Cognitive and Cultural Factors*»* – ғалым тілдік өзгерістердің тек құрылымдық немесе әлеуметтік себептермен ғана емес, сөйлеушінің когнитивтік үлгілері мен мәдени тәжірибесіне де тәуелді екенін көрсетеді [4]. Бұл тұрғыда диалектілік вариация тілдік сана, ұжымдық тәжірибе және мәдени нормалармен тығыз байланыста қарастырылады.

Осылайша, У. Лабов диалектілік вариация теориясын көпқырлы ғылыми модель ретінде қалыптастырып, оның ішкі тілдік, әлеуметтік және когнитивтік негіздерін кешенді түрде дәлелдеді. Оның еңбектері диалектілік вариацияны қазіргі лингвистикада тілдің ажырамас әрі заңды қасиеті ретінде тануға мүмкіндік берді. Бұл тұжырымдар шет тілін оқыту теориясында да маңызды орын алып, білім алушыларды тілдің көпнұсқалы табиғатына дайындаудың ғылыми негізін құрайды.

Шет тілін оқыту әдістемесінде диалектілік вариация мәселесі ұзақ уақыт бойы екінші кезектегі құбылыс ретінде қарастырылып келді. Дәстүрлі оқыту жүйесінде басты назар стандартты тілдік нормаға аударылып, диалектілік немесе аймақтық ерекшеліктер көбінесе оқыту мазмұнынан тыс қалдырылды. Алайда жаһандану, академиялық және кәсіби мобильділіктің артуы, сондай-ақ цифрлық коммуникацияның кеңеюі шет тілін меңгерушілердің әртүрлі диалектілермен және тілдік нұсқалармен бетпе-бет келу ықтималдығын арттырды. Осыған байланысты диалектілік вариацияны елемеу тілдік кедергілердің пайда болуына және коммуникативтік сәтсіздіктерге әкелуі мүмкін.

Коммуникативтік тұрғыдан алғанда диалектілік вариация шет тілін үйренушінің қабылдау (listening) және сөйлеу (speaking) дағдыларына тікелей әсер етеді. Әртүрлі диалектілерде айтылған бір тілдік бірліктің дыбысталуы, сөздік құрамы немесе интонациялық өрнегі айтарлықтай өзгеше болуы мүмкін. Егер оқушы тек стандартты нормаға ғана үйренсе, ол нақты коммуникативтік жағдаятта тілдік ақпаратты толық түсінбеуі немесе оны дұрыс интерпретациялай алмауы ықтимал. Сондықтан диалектілік вариациямен танысу шет тілін меңгерушінің тыңдалым икемділігін арттырып, тілдік интуициясын қалыптастыруға ықпал етеді.

Қазіргі социолингвистикада диалектілік вариация тіл жүйесінің табиғи әрі заңды қасиеті ретінде қарастырылады. Бұл ұстаным Л. П. Крысиннің «Очерки по социолингвистике» еңбегінде дәйекті түрде негізделген [5]. Ғалым тілдің қоғамда қызмет етуі әрқашан әлеуметтік, аумақтық және коммуникативтік факторлармен шартталатынын атап көрсетеді. Осыған байланысты тіл біртұтас жүйе бола отырып, нақты тілдік қауымдастықтарда әртүрлі нұсқада жүзеге асады, ал бұл нұсқалар тілдің ішкі құрылымына қайшы келмейді, керісінше оның функционалдық әлеуетін кеңейтеді.

Диалект ұғымының өзі де социолингвистикалық тұрғыдан кең мағынада түсіндіріледі. «Диалект термині (грек. *διάλεκτος, διαλέγομαι* етістігінен – «сөйлеу, өз ойын білдіру») әдетте тілдің аумақтық түрлерін белгілеу үшін қолданылады және көбіне ауыл тұрғындары пайдаланатын сөйлеу нұсқаларына қатысты айтылады. Алайда арнайы ғылыми әдебиеттерде «әлеуметтік диалектілер», «қалалық диалектілер», «кәсіби диалектілер» сияқты тіркестердің де қолданылуы» диалект ұғымының тек аумақтық шеңбермен шектелмейтінін көрсетеді [5, 35 б.]. Бұл түсінік диалектілерді тілдік нормадан ауытқу ретінде емес, тілдің әлеуметтік және функционалдық жіктелуінің бір көрінісі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Л. П. Крысин диалектілік және әлеуметтік тілдік нұсқаларды тілдік нормадан ауытқу ретінде емес, әлеуметтік-коммуникативтік жүйенің құрамдас бөлігі ретінде сипаттайды. Оның пікірінше, әрбір тілдік қауымдастықта әдеби тіл, диалектілер, жаргондар мен стильдік түрлер функционалдық толықтыру (функциональная дополнительность) қағидасы бойынша қатар өмір сүреді. Диалектілік вариация дәл осы қағида аясында тілдің коммуникативтік қажеттіліктерге бейімделуін қамтамасыз етеді.

Диалектілік вариация ұғымын түсіндіруде өте қызықты әрі ғылыми тұрғыдан маңызды түсіндірме Н. Б. Вахтин еңбегінде ұсынылады [6]. Ғалым диалектіні немесе жергілікті говорды лингвистикалық тұрғыдан «дұрыс емес» тілдік форма ретінде қарастыруды қате деп есептейді және мұндай бағалаудың тілдің ішкі құрылымына емес, әлеуметтік-нормативтік өлшемдерге негізделетінін атап көрсетеді. Оның пайымдауынша, кез келген диалект – фонетикалық, лексикалық және грамматикалық деңгейлерде ішкі заңдылықтары қалыптасқан, толыққанды әрі жүйелі тілдік жүйе болып табылады.

Н. Б. Вахтин диалектінің «дұрыс еместігі» туралы түсінік тек әдеби тіл нормасы мен мектептік тілдік саясат шеңберінде пайда болатынын көрсетеді. Бұл тұрғыдан алғанда, диалектіні бағалау лингвистикалық категория емес, әлеуметтік және педагогикалық сипаттағы құбылыс болып табылады. Ғалымның пікірінше, әдеби тіл қоғамда кодификацияланған, стандартталған коммуникация құралы ретінде қызмет атқарса, диалект нақты сөйлеу тәжірибесінде, табиғи коммуникативтік ортада қалыптасқан тілдік нұсқа ретінде өмір сүреді. Сондықтан диалект пен әдеби тіл арасындағы айырмашылықты тілдік «дұрыстық» өлшемімен емес, олардың қоғамдағы қызмет ету саласымен және функциясымен байланысты қарастыру қажет.

Осы тұрғыдан алғанда, Н. Б. Вахтиннің көзқарасы диалектілік вариацияны тіл жүйесінің ауытқуы емес, оның өмір сүруінің заңды әрі мәнді формасы ретінде түсіндіруге мүмкіндік береді. Бұл тұжырым диалектілік вариацияның лингвистикалық мәртебесін қайта пайымдауға негіз болып қана қоймай, тілдік көпнұсқалылықты шет тілін меңгертуде ескерудің теориялық алғышарттарын да айқындайды.

Қазақстандық лингвистикада да тілдің әлеуметтік шарттылығы мен көпнұсқалы табиғатына байланысты мәселелер, соның ішінде диалектілік вариация проблемасы, ғылыми тұрғыда назардан тыс қалмаған. Отандық зерттеулерде тіл біртекті, қатаң стандартталған жүйе ретінде емес, нақты қоғамда әлеуметтік, мәдени және коммуникативтік факторлардың ықпалымен әртүрлі нұсқада жүзеге асатын күрделі құбылыс ретінде қарастырылады. Бұл бағыттағы социолингвистикалық пайымдар қазақстандық ғалымдардың еңбектерінде де көрініс табады.

Аталған тұрғыда Э. Д. Сүлейменова еңбектері ерекше мәнге ие [7]. Автор тілдің нақты қоғамда қызмет етуі әрдайым әлеуметтік құрылымға, мәдени ортаға, тілдік саясат пен коммуникативтік қажеттіліктерге тәуелді екенін дәлелдейді. Ғалым тілдік жағдаят ұғымын тілдердің, тілдік нұсқалардың және сөйлеу формаларының қоғам ішіндегі функционалдық бөлінісі ретінде сипаттайды. Бұл ретте әдеби тіл, ауызекі сөйлеу, аймақтық және әлеуметтік нұсқалар бір-біріне қарсы қойылмайды, керісінше ортақ тілдік кеңістікте әртүрлі әлеуметтік функция атқаратын формалар ретінде қарастырылады. Осы тұжырым тілдік норманың абсолютті емес, әлеуметтік тұрғыдан реттелетін категория екенін көрсетеді.

Ғалымның еңбегінің фундаменталды маңызы – тілдік вариативтілікті тіл жүйесінің бұзылуы емес, оның өмір сүруінің табиғи шарты ретінде түсіндіруінде. Автордың пайымдауынша, нақты коммуникацияда тіл әрдайым стандартталған үлгі шеңберінде жүзеге аспайды, сондықтан тілдік саясат пен тілдік жоспарлау тілдің осы көпнұсқалы табиғатын ескеруі тиіс. Бұл идея диалектілік және аймақтық тілдік нұсқаларды тілдің заңды әлеуметтік формалары ретінде тануға теориялық негіз береді.

Сонымен, диалектілік вариация қазіргі лингвистикада тілдің кездейсоқ немесе шеткері құбылысы емес, оның әлеуметтік, аумақтық және мәдени шарттарда жүзеге асуының заңды формасы ретінде қарастырылады. Ф. де Соссюрдің тілдің вариативті табиғаты туралы жалпы теориялық тұжырымдары У. Лабовтың еңбектерінде эмпирикалық

және социолингвистикалық тұрғыда тереңдетіліп, диалектілік айырмашылықтардың жүйелі әрі заңдылыққа бағынатын құбылыс екені дәлелденді. Бұл көзқарас диалектілік вариацияны тілдің ішкі даму механизмімен, әлеуметтік құрылыммен және мәдени тәжірибемен тығыз байланысты күрделі лингвистикалық феномен ретінде түсіндіруге мүмкіндік береді.

Шет тілін меңгерту контекстінде диалектілік вариацияны ескерудің маңызы ерекше, өйткені нақты коммуникация әрдайым стандартталған тілдік үлгі шеңберінде жүзеге аспайды. Диалектілік және аймақтық нұсқалармен танысу білім алушының тыңдалым мен сөйлеу дағдыларын икемді етіп, тілдік интуициясын дамытады және коммуникативтік сәтсіздіктердің алдын алуға ықпал етеді. Осы тұрғыдан алғанда, диалектілік вариация шет тілін оқытуда тек теориялық лингвистикалық ұғым ретінде ғана емес, коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастырудың маңызды компоненті ретінде қарастырылуы тиіс.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**


1. ***Соссюр Ф. Курс общей лингвистики. // Пер. с фр. А. Сухотина, Коммент. Туллио де Мауро. – Екатеринбург: Изд-во Урал. ун-та, 1999. – 426 с.***
2. Labov, W. Principles of Linguistic Change. Vol. I: Internal Factors. – Oxford: Blackwell, 1994. – 342 pp. (Принципы языковых изменений. Том I: Внутренние факторы)
3. Labov, W. Principles of Linguistic Change. Vol. II: Social Factors. – Oxford: Blackwell, 2001. – 470 pp. (Принципы языковых изменений. Том II: Социальные факторы)
4. Labov, W. Principles of Linguistic Change. Vol. III: Cognitive and Cultural Factors. – Oxford: Wiley-Blackwell, 2010. – 444 pp. (Принципы языковых изменений. Том III: Когнитивные и культурные факторы)
5. Крысин Л. П. К85 Очерки по социолингвистике / Л. П. Крысин. – Москва: ФЛИНТА, 2021. – 360 с.
6. ***Головко Е. В., Вахтин Н. Б., Асиновский А. С. Язык командорских алеутов. – Санкт-Петербург: Наука, 2009. – 354 с.***
7. **Сулейменова Э. Д., Смагулова Ж. С. –** *Языковая ситуация и языковое планирование в Казахстане***. – Алматы: Казак университеті, 2005. – 343 с.**

**УДК 94**

# ҚАЗАҚТЫҢ ДӘСТҮРЛІ ШЕЖІРЕЛІК ДЕРЕКТЕРДІ ЗЕРТТЕУ

**Джумаганбетова Жулдыз**
*7М01601-«Тарих» Білім беру*
*бағдарламасының II курс магистранты*

***Аннотация.*** *Мақалада қазақтың дәстүрлі шежірелік деректерін зерттеудің теориялық және әдіснамалық негіздері қарастырылады. Шежіренің тарихи дерек ретіндегі орны, оның генеалогиялық және тарихи жады ретіндегі қызметі жан-жақты талданады. Автор шежірелік мәліметтердің қалыптасу ерекшеліктерін, олардың тарихи таным жүйесіндегі орнын және ұлттық тарихты зерделеудегі маңызын айқындайды. Сонымен қатар шежірелерді деректану тұрғысынан зерттеу қажеттілігі, олардың хронологиялық қабаттарын анықтау, мәтіндік құрылымын талдау және ғылыми айналымға енгізу мәселелері қарастырылады. Мақалада қазақ қоғамындағы тарихи сана, ұлттық бірлік және «Алаш» идеясының шежірелік дәстүрмен байланысы көрсетіледі. Зерттеу нәтижелері шежірелік деректерді ғылыми тұрғыда пайдалану арқылы ұлттық тарихты терең әрі объективті зерделеуге мүмкіндік береді.*

***Түйін сөздер.*** *Шежіре, тарихи дерек, генеалогия, тарихи жады, деректану, ұлттық тарих, тарихи таным, этноәлеуметтік құрылым, Алаш идеясы, әдіснама*

Шежірелер әуелден тарихи дерек болу мақсатында емес, асыл бабалардың өмір тәжірибесін ұрпаққа жеткізу үшін жасалған. Шежірелер осындай тәжірибе сабақтастығымен, жазба дәстүрі әлі қалыптаспаған тарихи ескі заманнан дамыды. Шежірелер тарихнама, таным, деректану мәселелері жүйесінен табылады. Қазақ шежіресі, шежірелері – ұлттық тарихнамада, деректануда әртүрлі себептермен шешімін таппаған таным мәселесінің бірі Шежіре – генеалогиялық әрі тарихи жады; халық жинаған тәжірибе, білім, насабнама, тарихи сана және таным дәстүрі. Шежіре тарих оқиға баяндауды хронологиялық принципке емес, генеалогияға негіздейді. Тарихи мезгілі ретінде тұлғаның тарихи заманын айтады [1, 79 б.]. Қоғамда орын алған сан-салалы көп үдерістің маңыздысы – өткен тарихты қайта қарау, жаңаша баға беру, дұрыс түсіну және түсіндіру, ал қазақ шежірелері – тарихи деректану саласында өзектілігі артып отырған, зерттел меген ғылыми мәселе. Ұлттық тарихи деректер қатарында шежірелерді зерттеу маңызды, қазақ мәдениеті мен тари хын шынайы сипаттауға қажет. «Әдебиет танытқыш» еңбегінде А. Байтұрсынұлы та рихты қазақша ұлы дерек, әуезе табына жататын айғақшы әуезе деуге болатынын, сөздің ең ұлысы, сипаттысы – та рих екенін айтады.

Тарихтың қызметі – бүтін адам бала сы, бүтін бір жұрттың өткен өмірін болған күйінде айныт пай айту, мақсаты – бүтін адам баласының өмірі нендей табиғат заңымен өзгеретінін білу, тарихшылар халықтың басынан кешкен әртүрлі уақиғалардың мағлұматын сынға салып, мінсіз етіп, дұрыстап өткізеді, – деген [2, 398 б.].

Қазақ шежіресін зерттеуде шежіре мағлұматтарын та рихи дерек ретінде қарастыру, сол арқылы өткен тарих туралы білім қалыптастыру, тарих айту дәстүрінің қызметі мен шежірелік мәтіннің сыртқы және ішкі байланыстарын, олардың жасалуына әсер еткен заман ықпалын анықтау – басты мақсат. Шежірелерді зерттеу саласы – тарихи таным мен білім дамытатын, деректану тиімділігін арттыратын маңызды ғылыми бағыт. Бұл үшін зерттеушінің қолында мәселенің шешілуіне жол ашатын қажетті деректер болуы тиіс. Шежіренің хронологиялық қабаттарын, қалыптасуын анықтау, түрлерін реттеу, шежіре сақтаушылар мұрасын олардың жеке өмірбаянымен байланыста қарастыру, мәтін мәселесін қамту, шежіре зерттеу тәсілдерін жетілдіру бар. Қазақтың тарихи, мемлекеттік және ел-жұртты ынтымақтастыру идеясы «Алаш», «алты Алаш» ұғымымен байланысты. XX ғасыр басында да қазақты ұлттық тәуелсіздікке жеткізу жолы «Алаш» идеясы өзегінде бол ды. Ел қамын ойлаған қазақ тарихшылары жат жұрт ғалымдардың зерттеулерінен бұрын алдымен қазақ орта сынан шыққан ұлт кемеңгерлері еңбектерін жақсы білуі тиіс. Шетелдік зерттеуші Ш. Акинер: «қазақ үшін өз сана сында да, өзгенің көзінше де өздерінің ұлттық тұтастық сезімін қалпына келтіру – маңызды іс» деп қорытады [3, 9 б.]. Сонымен, ең алдымен қазақ бірлігі, халықтың өткен тари хын тұтас қалпында қарастыру маңызды. Зерттеу таңдау туралы тарихшы Н.М. Дружинин: егер тақырып зерттелмеген, немесе аз зерттелген бол са, қойылып отырған мәселе тарихта өткен жағдайдың шынайылығына көз жеткізу ісінде анық, дұрыс түсінік берсе, зерттеу нәтижесі тарихи ақиқатты бұрмалаған зиян ды концепция тұжырымдарын жойса – осы жағдайлардың барлығында зерттеу тақырыбы өзекті болады, қоғамдағы ғылыми ойдың дамуын жеделдетеді деген [4, 89 б.].

Шежіре деректерін зерттеу – осындай өзекті аз зерттелген мәселе. Шежіре дерегі – қазақ халқының төлтума тарихи танымы. Шежіре дерегінде келтірілген мәліметтің шындығын тексеру үшін ғылым әдістерін қолданып, оның тарихи ақиқатын анықтап, қажетінше ғылыми айналымға енгізу маңызды. Осы мәселеде жасалған қорытындылар ұлттық та рих зерттеу ісін деректік және әдістік тұрғыда жаңа деңгейге көтереді. Тарих мәселелерін ғылымның теориялық әдіснамалық ұстанымдары негізінде зерттеу, қазақтың ру құрылымы тарихы мен этноәлеуметтік табиғатын, тари хи этнологияның әдіснамалық ұстанымдарын қолдануды талап етеді. Сол арқылы тарихи сана, дәстүрлі көзқарас, дүниетаным, этникалық «әлем бейнесі», көшпелілер менталитеті сияқты өркениеттік категориялардың мәні ашылады. Шежіре мәселесі ғылымның тарихнамалық деректік талдау, сұрыптау, салыстыру әдістері мен ғылыми сын арқылы қарастырылуы қажет. Қазақ халқы өз салтын, тарихи санасын түрік мәдениетінен, көшпелілер өркениетінен жалғастырған.

Тарихи шежірелер, ертегілер, жыр-дастандар, тарихи әңгімелер, аңыз, әпсаналар, қария сөз, шешендік сөз, би лер сөзі – осылардың барлығы халықтың жалпы шежіре мұрасы. Осы тұрғыда түрік-қазақ шежіре дәстүрі мен оның сақтаушылары мәселесін ашу көзделеді. Зерттеуде шежіре деректерінің ішкі мәнін, шежіре дәстүрінің қызметі, деректік мүмкіндіктері мен ерекшеліктері қаралады. Қазақ елінің бүгінгі даму талабы ұлт тарихы мен мәдениеті туралы білімге сұранысты күн сайын арттырады. Ұлт тари хын зерттеу ісі жалпы адамзат тарихын түсіну үдерісімен қатар жүретін болса, дүние жүзі тарихына баға беру та рихи деректерді тану әрі салыстырмалы зерттеу арқылы, қазақ тарихын түрік тарихымен жалпы байланыста қарастырылады. Шежірелерді түрік әлемінің мәдени феномені ретінде қарастырудың – түрік халықтарының этникалық тұтастығын, тарихи бірлігін түсінуге көмегі бар. Шежіре көшпелілер өркениетінің маңызды тарихи-мәдени дәстүрі болғанымен, қазақ тарихын зерттеуде аз қолданылған дерек түрі. Шежіре дәстүрін оның келтіріп отырған деректерін сараптау жолымен зерттеу, ғылыми баға берудің тәжірибелік мәні зор. Қазақ халқының тарихи де рек қорында жинақталған шежіре мұрасын тиянақты тал дау жолымен ғылыми айналымға молынан енгізу арқылы тарихи танымдағы қазақ халқының ұлттық тарихының си паттау ерекшелігі айқындалып, бұдан басқа заттық, жазба деректері негізінде жазылған тарихи еңбектерде қолданыс табады. Ұлттық тарихнаманың дамуын тежеген кедергілер қуғын-сүргін, ашаршылық зобалаңы, соғыс, зұлматпен бай ланысты. Ұлт тарихы деректемелерін бағалаған, жинаған, зерттеген, Ә.Н. Бөкейханов (1866-1937), А. Байтұрсынов (1873-1938), М. Тынышбаев (1979-1937) М. Дулатов (1885 1935), С.Ж. Асфендияров (1889-1938), Қ. Кемеңгеров (1896-1937), жазықсыз атылды. Шәкәрімді (1858-1931) өлтірді. Тарихтағы ұлттық дәстүрді жақтаушы Ермұхан Бекмахановты соттады. Мәшһүр Жүсіп кесенесін өкімет қиратты.

Шежірелік деректерді зерделеу мәселесінде бұл тарихи генеалогиялық мәліметтердің ішкі мәнін, тарихи қалыптасу заңдылықтарын, дәстүрлі қоғам жағдайында олардың атқарған әлеуметтік-мәдени қызметін, шежірешінің шежірелік дерек мәліметіне танымдық, идеологиялық, тарихи тәлім-тәрбиелік, қауымқұрылымдық қандай жүк ар тып отырғанын ескеру қажет.

Халық жадында сақталған тарихи мәлімет әрқашан құнды, пайдалы болған. «Тарихи шежірелерге патша үкіметі саяси мән беріп, жергілікті орындардан жинатып отырған, – деп Ә. Марғұлан атап өтеді. Кеңестік идеология адам табиғатын, мәдениетті зерттейтін ғылымдар – этнография, антропология, этнологиядағы мәселерді бақылауға алып, этнографтарды қуғындап, зерттеуді тек ресми рұқсат етілген шеңберде жүргізуге міндеттеді. Кеңестік этно графия шежіре, ру құрылымы, қауымдық қатынастар, ру арақатысы мен сан көрсетікштеріне ғана зер салды. Шежірелерді алғашқы болып зерттеген еуропалықтар оны қажет мақсатына пайдаланды, Еуропаны жаулаған ертедегі түрік халықтарына, олардың еуропа нәсіліне туыстығына қатысты деректер зерттелді. Бұл мәселеге әсіресе Грумм-Гржимайло тесіле көз жеткізгісі келген. Отаршылдық әкімшілік өкілдері, Ресей Бас штабының

офицерлері қазақ шежірелерін зерттеуде қазақ құрылымын, ру, адам санын, мал санын анықтау арқылы соғыс мүмкіншілігі мен Ресейдің әскери қуатын көтеретін қазақтың салық төлеу мүмкіншілігін, қазақ ортасындағы отаршыл саясатқа қарсы келетін тұлғалық әлеуетті, қазақтың идеологиялық күш-қуатын білу мақсатын, тағы сондай өзіне қажетті мәлімет теру мақсатын көздеген. Зерттеушілер шежіре үлгілерін «тарихи фольклор», «халық этногониясы», «генеалогия» деп көрсеткен. Шоқан «дала тарихнамасы» ұғымындағы «далалық ауызша та рихнама» деген сөзтіркеспен атап келді.

Қазақтың тарихи фольклор дерегін қажет деп білгендер белгілі бір мақсатқа жаратқан. Көне заманда Геродоттың парсылар дұшпандық қылған скифтердің шығу тегі, ел-жұрты, тұрмыс-тіршілігі туралы жазғаны – парсылар мен гректердің өзара соғыс мәселесіне байланысты [5], [6], [7], [8] Ш. Уәлиханов, И.П. Шангин, Г. Потанин, Ә.А. Диваев, Н.Н. Гродеков [9], [10], [11] [12] сияқты ғалымдар жинаған шежіре деректері мұрағатта сақталған. Шежіре жинаған М. Сейдалин (1872-1929), С. Жантөриндер (1837-1890) отаршыл әкімшілік орында рында қызмет істеген. Көптеген жылдар бойы қазақтың ауыз әдебиетімен тұрмыстық-қолөнер заттарын жинаған, «Очерки киргизского коневодства», «Киргизские пес ни» және «Образцы киргизской поэзии» атты мақалалар жазған [13].

Кіші жүз сұлтандары ішінде қазақ тарихы мен этнографиясына көп көңіл бөліп, жинақтаушы болған М. Таукин (1813-1892) өлкетану ісіне Қазан музейі арқылы бейімделген, этнографиялық материалдар жинауға қатысып, «О хозяйстве, скотоводстве и других средствах к существованию ордынцев, кочующих в Зауральской степи» атты мақаласын Петерборда жорналға жариялаған [14, 121 б.]. Төңкеріске дейінгі ғалымдар шежіре мәліметі арқылы халықтың этностық тарихын зерттеді. Халықтың тарихи фольклор дерегіне көзқарас та бірдей болған жоқ, әртүрлі баға беріліп, сыни тұрғыдан қабылданды, тамсанғандар да болды. Рашид ад диннің «Жылнамалар жинағын», қазақтың ауызша тарихынан хан Шыңғыс әулеті мен түріктің этностық жүйесі, әлеуметтік байланысы, қауымдарды құраған рулардың өткенін зерттеу талабынан шықты. Шежірені тарихнама тұрғысынан зерттегендердің еңбектеріне көңіл аудару керек. Бұл құнды зерттеулер тарихнамалық шығарма ретінде деректің қайнар көзі. Шежіре мәселесінің тарихнамасы үш кезеңнен құралады: біріншісі, XVIII ғ. авторларының еңбектерін қамтыса, екіншісі XIX-XX ғ.ғ. еңбектерін қамтиды, ал үшінші кезең – посткеңестік тарихнама тәжірибесімен байланысты. Қазақ шежірелерін зерттеуде Ш. Уәлиханов, Ә. Бөкейхан, М. Дулатұлы, А. Байтұрсынұлы [2], [15], [16] еңбектеріне сүйенуге болады.

Тарихнамада шежіре деректерін этнография, этностық тарих тұрғысынан зерттеп жазған Ә. Марғұлан, Х. Арғынбаев, М. Мұқанов, В. Востров [17], [18], [19] сияқты ғалым тарихшылардың мақалалары мен монографиялары бар. XIX ғ. қазақ шежіресі туралы мағыналы ғылыми мақала жазған ірі ғалым Ш. Уәлиханов Абылайдың шежіресін толық түрде сақтаған. Осы мәселе зерттелген оның мақалалары – көшпелілердің тұрмысы мен мәдениетіндегі

шежіре дәстүрінің орны, ішкі мазмұны мен қызметі тура лы жасалған құнды ізденіс. Ш. Уәлихановтың қазақ тарихы, этнографиясы, мәдениеті, әдебиеті мен әдебі, діні, салт-дәстүрін зерт теуде істеген үлкен еңбегі баршаға белгілі. Баянауыл дуанының аға-сұлтаны Мұса мырза Шорманов шежірелік мұра үлгілерін жинап, танымал ғалым Г.Н. Потанинге береді. Г.Н. Потанин бұл нұсқаларды шығармалар жинағына енгізіп, маңызды тарихи-фольклорлық дерек ретінде қарастырды. Башқұрт зерттеушілері шежіре жал пы тұрғыда бүкіл түрік, моңғол, араб-парсы халықтарының шежіре дәстүріне негізделеді деп көрсеткен. Г.Н. Потанин: «Сүйегің қандай деген сұраққа мұңғыл «халхамын неме се қарасүйек, ақсүйүкпін» деп жауап береді, бұдан әрі ата тегін тарқатып айтпайды», – деген. Моңғолардың өзінің ұлттық тарихын білуі турасында Г.Н. Потанин: «ұлттық тарихын зерттеуге, өз халқының өткенін білуге оларда құлшыныс жоқ, ол халықтың ой еңбегі жалпы адамзатқа тән дін, әдеп туралы мәселені түсіндіруге жұмсалуда», – деп түйіндейді [10, 7 б.].

Шоқан әйгілі «Қазақ шежіресі», «Абылай», «Қазақ хандары мен сұлтандарының шежіресі», «Қырғыз рулары», «Ұлы жүз туралы», «Оңтүстік Сібірдегі тайпалар», «Ұлы жүздің аңыз-әпсаналары», «XVIII ғ. батырлар жыры», «Шона ба тыр туралы аңыз» атты бірнеше ғылыми шығармаларында шежірелер туралы айтады. Шоқан жалпы түрік-моңғол жұртының тарихи жәдігері туралы, оның шығу тегі, тари хи деректері, мәдени ерекшеліктері, тәңірлік түсініктері, бақсылық дәстүрі, ру құрылымы, халық күнтізбесі, ханда ры, космогониясы, наным-сенім жүйесі, қазақ ортасындағы мұсылмандық құқық, шежірешілер, қария сөз, аңыздардың мазмұны, атақты адамдары, рухани құндылықтары сияқты көп мәселелерді зерттеп, ізденген. Шоқан қазақ халқының шежірелік мұрасын тұтас мәдениет деді, «бұл дастан-шежіренің барлығы – ішіндегі айтылып отырған оқиға, мақал-мәтелі, халық әдеті қазақ халқының өткен тарихи және рухани өмірін суреттейді, қазақ тарихын жазу, оның шығу тегін анықтау үшін тап тырмайтын тарихи дерек», – деп көрсетті [15, 178 б.].

Қазақтың генеалогия құрылымының әлеуметтік мағынасын, рулардың ұйымдық жүйесінің қызметін және тарихи дерек ретіндегі мәнін алғаш зертте ген – Шоқан. Қазақ шежіресіне арналған еңбегінде Шоқан рулардың ұйымдасу тәртібі үлкеннің жолымен болатындығын, қазақтағы үлкендік жол-жоба рулардың құқықтық қатынасында генеалогиялық мағынада қабылданатындығы туралы, яғни қоғамдағы әлеуметтік иерархия және адамның әлеуметтік мәртебе реті әрбірінің шығу тегінен туындағанын айтты. Шежіреде ру статусы тарихи-генеалогиялық аңыздарда айтылып, идеологиялық тұрғыда бекітілген. Левшин, Аристов, Харузиндер руқұрылымдық қатынастың сырын, қоғамдасу тәртіптеріндегі үлгісін таныгысы келгені белгілі. Шоқанның негізгі концепция сы – қазақтың ұлттық тұтастығын мәдениет, дін, тарихи дәстүрінен, мол мұрасынан көрсету. Төңкерістен кейін шежірелерді зерттеуді қолға алған ғалымдардың көбі қуғындалған. Шоқан мен Абай қалдырған тарихи мұраны салыстырсақ, олардың қазақ даласында ерте дәуірден үзілмеген шежіреден білім алғанын

аңғарамыз. Шоқан мен Абай заманында қария сөз де, кәрікұлақ ақсақал да көп болған. Шоқан жазбаларының тарихи құндылығы ерекше. Абай еңбегінде де қазақтың тарихи шығу тегіне байланысты айтылатын тарихи деректерге байланы сты ерекшелік бар. Қазақтың «атасы» ретінде аталатын Гакаша туралы Шоқан: «ортаазия мұсылмандарының ықпалымен шыққан аңыз, Орта жүздің рубасы, үйсіннің атасы, тіпті бүкіл қазақ халқы пайғамбардың бір сахаба сынан тараған», – деп жазған [15, 107 б.]. Шоқан қазақтың тарихи шығу тегіне орай қазақта кең тараған Анас сахаба, Гакаша (Өкәш ата) тұлғасына байланысты аңызды жазған. Абай бұл аңыздың тарихи шындығын жоққа шығарды: «Әуелде Көр ханды өлтіріп, ұйғыр жұртын алыпты, онан соң, Азияның тереңіне шейін еніп барса керек. Себебі, қазақта мақал болып қалған «Жылан жылы жылыс болды, жылқы жылы ұрыс болды, қой жылы зеңгер тоғыс болды» деген сөз, «Самарқанның сар жолы, Бұланайдың тар жолы» дегені – бәрі Шыңғыстың сапарын көрсеткен сөз. Бұланай деп Гималайды айтқаны ма, Үндукеш тауы ма, әйтеуір, бір тауды айтқан сөз екендігі «Бұланайдан үлкен тау болмас, бұланнан үлкен аң болмас» деген мақалынан мағлұм», – деп нақты тарихи оқиғаға байланыстылығын білдіреді. Мақаланың қолжазба нұсақасы мен бірнеше көшірмесінің сақталуы Абай еңбегінің тарихи құндылығын арттырады. Осы еңбекті тарихи дерек көзі ретінде қабылдауға болады. Шежіре дәстүрі бойынша: қазақ халқы – бір атадан туып, өсіп-өніп, өрбіген халық, ұлт – деп түсіндіретін тұтас генеалогиялық жүйе қалыптасқан. Осыған орай «атам Қазақ», иә «Алаш баласы» деген ұғымдар мақал-мәтел, даналық қанатты сөздерде орын алады. Бұл генеалогиялық немесе ата тарату дәстүрі – ерте дәуірлерден жалғасқан құбылыс. Осыған орай қазақ халқы Қазақ бабаның ұрпағынан өсіп-өнді деген түсінік ұлттық тарихи санада нық орнаған. Абай: «Бұл қазақ Алатау бөктерінде жүргенде егін салмақ, сауда қылмақ секілді шаруаларға көршілерінен көріп айналған екен. Өздерін өздері: «Қоңыр қазақ, қара қазақпыз» дейтұғыны, «Қазақбайдың баласымыз» дегені сол уақыттағы ана біраз момындықпен тұрған кезі болса керек», – деп жазған [20, 137 б.].

Қазақ шежіресінің жазба дәстүрін қалыптастырған Мәшһүр Жүсіп, Шәкәрім, Нұржан Наушабай, Құрбанғали Халид – атадан жат сабақ игеріп, молда алдынан хат таныған, медресе тамамдаған хакімдер. Н. Наушабайдың Қазан баспасынан 1903 жылы жарыққа шыққан «Мәнзұмат Қазақия» еңбегінде шежіре тарауларымен қатар ислам қағидаларын бірдей мәлімделген. Құрбанғали Халидтің 1910 жылы жарық көрген «Тауарих хамса» еңбегіндегі назарға ілігетін шығыстық ықпал өз алдына, Шәкәрім дін фәлсәфа турасында көп ізденген. Абайдың өлеңдерінде – ислам ілімі, қара сөздерінде – қазақтың бүгінгі халі мен арғы түбі, тарихы, шыққан тегі туралы айтылады. Қожа Ахмет Йассауи, Сүлеймен Бақырғанидан хикмет айту дәстүрі Абай, Мәшһүр Жүсіп, Шәкәрім мұрасында жалғасты. XIX ғ. шежірелерінің ерекшелігі – оның жалпыұлттық деңгейге көтерілуі; бұрын ру шежіресі дәріптелсе, енді ұлттың тарихи таным мүддесі мақсатына жинақталуы. Мәшһүр Жүсіп, Шәкәрім мен Құрбанғали шежірелері – қазақтың жалпы тарихи-шежірелік мәліметтерін

қамтып көрсетуге және мүкіндігінше шежіре дерегіне оны түсіну жолымен жақындауға, шежірелердің көбінесе ұлттық тарихқа қызмет атқаратын жақтарын көрсетуге ұмтылыс жасау тұрғысынан айрықша бағалы. Қазақтың қазіргі шежірелік танымы кешегі кеңестік дәуірдегі идеологиялық басымдыққа бағынған қоғамдық сана жүйесімен байланысын байқатады. XX ғ. қазақ шежіресіне көп көңіл аударған ғалымдардың бірі В.В. Бартольд болды. Қорқыт аңызына байланы сты қазақ қарияларының аңыздарын ол Орта Азияға барған сапарында жинақтаған. XX ғ. шежіре зерт теген жүйрік ғалымдар көп болды. Зерттеулерде шежіре фольклорлық, әдебиеттанушылық, тіл зерттеу тұрғысынан қарастырылды, түрлі публицист жазушы лар тарапынан айтылған. Ғалымдар саяси қуғынға түсті, репрессияға ұшыраған М. Тынышпаев, С. Асфендияров, Т. Қоңыратбаев есімдері ғылымда әйгілі. XX ғ. шежіре деректерін жинаған, зерттеген немесе шежіре туралы пікір айтқандар фольклор жинаушылар мен тіл, әдебиет мамандары, публицисттер, жазушылар, археолог, этнограф, тарихшы ғалымдар мен дерек пен тарихнама зерттеушілер. Шежіре – көшпелі қауымның дәстүрлі институттарының іргелісі. «Ертеде рубасы лары шежіреге айрықша мән берді. Қазақ жүздерінің, тайпаларының басшылары белгілеген әртүрлі шежіре та ратын адамдар заманнан-заманға ұласып келе жатқан қазақ шежірелерін қауырсын қаламмен қағазға түсіріп, хандарға, сұлтандарға және тайпа жетекшілеріне сақтауды тапсырды» деп зерттеумен айналысқандар куәләндірді [21, 216 б.].


1. Алпысбес М.А. Қазақ шежіресі: тарихнамалық деректанулық зерттеу. Астана: «BG-Print» ЖК, 2013. – 380 б.
2. Байтұрсынұлы А. Ақ жол: Өлеңдер мен тәржімелер, публ. мақалалар және әдеби зерттеу. – Алматы, 1991. –362 б.
3. Акинер Ш. Формирование казахского самосознания. От племени к национальному государству. – Алматы, 1998. – 136 с.
4. Дружинин Н. Воспоминания и мысли историка. – М., 1974. – 169 с.
5. Геродот. История в девяти книгах. – Л., 1972.
6. Рашид-ад Дин. Сборник летописей. – М-Л., 1952.
7. Марғұлан Ә.Х. Шежіре. Қазақ шежіресі // ҚСЭ. – А., 1978.
8. Алпысбес М.А. Қазақ түрік шежірелерінің зерттелуі // Қазақ тарихы. – 2004.
9. Шангин И.П. Дневные записки путешествия в степи киргиз-кайсаков Средней Орды 1816 г.
10. Потанин Г.Н. Очерки Северо-Западной Монголии. – СПб., 1881.
11. Гродеков Н.Н. Киргизы и каракиргизы Сыр-Дарьинской области. – Ташкент, 1889.
12. Диваев Ә.А. Шежіре. ҚР ОҒК СҚҚ, № 1289.
13. Джантюрин С.А. Очерки киргизского коневодства // Журнал конезавод ства. – 1883. – № 7–8.

14. Таукин М. Родословный список о султанах и ходжах Западной части орды. 1847 / Ерофеева И.В. Родословные казахских ханов и кожа... 121 б.
15. Валиханов Ч.Ч. Киргизское родословие // Собр. соч. в 5-ти томах. - А., 1984.
16. Дулатулы М. Қазақ, қырғыздың аты, тегі туралы // Шолпан. 1923. № 35.
17. Арғынбаев Х.А. Қазақ халқындағы семья мен неке (тарихи-этнографиялық шолу). - А., 1973.
18. Муканов М.С. Из исторического прошлого. - А., 1998.
19. Востров В.В., Муканов М.С. Родоплеменной состав и расселение казахов: конец XIX-нач. XX в. - А., 1968.
20. Құнанбаев А. Шығармалары. - Алматы: «Ғылым», 1977. - Т.2.
21. Су Бйхай. Қазақ мәдениетінің тарихы. - Үрімжі, 2005. - 857 б.

**МРНТИ: 10.27.31**

**Кубашев Алимжан Абзалұлы**
құқық және экономика негіздері магистрі, аға оқытушы,
Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті,
Қазақстан Республикасы, Орал қаласы,
e-mail: alimzhan_ura@mail.ru
ORCID ID: 0009-0003-8385-2101

## ЦИФРЛАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНДА АВТОРЛЫҚ ҚҰҚЫҚТАРДЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚОРҒАУ ТЕТІГІН ЖЕТІЛДІРУ: ЗАҢНАМАЛЫҚ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ҚОЛДАНУ АСПЕКТІЛЕРІ

***Аңдатпа***

*Мақалада цифрландыру жағдайында Қазақстан Республикасындағы авторлық құқықтарды құқықтық қорғау тетігін жетілдірудің заңнамалық және құқық қолдану аспектілері қарастырылады. Зерттеудің мақсаты – цифрлық ортада авторлардың және құқық иеленушілердің құқықтарын қорғаудың қолданыстағы тетіктерін талдау, олардың тиімділігін бағалау және құқықтық реттеуді жетілдіру бағыттарын айқындау. Зерттеу барысында формальды-заңдық, жүйелік-құқықтық, салыстырмалы-құқықтық және талдау әдістері қолданылды. Зерттеу материалдарын Қазақстан Республикасының авторлық құқық саласындағы нормативтік құқықтық актілері, ғылыми әдебиеттер, құқық қолдану практикасына қатысты материалдар және цифрлық ортадағы авторлық құқықтарды қорғау мәселелері жөніндегі ғылыми-талдамалық еңбектер құрады. Зерттеу нәтижесінде цифрлық технологиялардың кең таралуы авторлық туындыларды пайдалану, тарату және қайта өндіру мүмкіндіктерін кеңейтумен қатар, авторлық құқықтарды есепке алу, құқықтардың пайдаланылуын бақылау және авторлық сыйақыны әділ бөлу мәселелерін өзектендіріп отырғаны анықталды. Осыған байланысты авторлар мен олардың туындыларын бірыңғай цифрлық есепке алу, туындылардың пайдаланылуын тіркеу және құқық иеленушілерге тиісті ақпараттың қолжетімділігін қамтамасыз ету авторлық құқықтарды қорғаудың маңызды бағыттары ретінде негізделеді. Зерттеудің ғылыми және практикалық құндылығы авторлық құқықтарды қорғаудың құқықтық және цифрлық тетіктерін өзара байланыстыра отырып жетілдіру жөніндегі тұжырымдар мен ұсыныстарды негіздеуден тұрады. Зерттеу нәтижелері авторлық құқық саласындағы заңнаманы жетілдіруде және құқық қолдану практикасында пайдаланылуы мүмкін.*

**Кілт сөздер:** *авторлық құқық, құқықтық қорғау, цифрландыру, зияткерлік меншік, құқық иеленуші, цифрлық орта, авторлық сыйақы, құқық қолдану, цифрлық есепке алу, бірыңғай цифрлық платформа.*

## СОВЕРШЕНСТВОВАНИЕ МЕХАНИЗМА ПРАВОВОЙ ОХРАНЫ АВТОРСКИХ ПРАВ В УСЛОВИЯХ ЦИФРОВИЗАЦИИ: ЗАКОНОДАТЕЛЬНЫЕ И ПРАВОПРИМЕНИТЕЛЬНЫЕ АСПЕКТЫ

**Аннотация**

*В статье рассматриваются законодательные и правоприменительные аспекты совершенствования механизма правовой защиты авторских прав в Республике Казахстан в условиях цифровизации. Цель исследования заключается в анализе действующих механизмов защиты прав авторов и правообладателей в цифровой среде, оценке их эффективности и определении направлений совершенствования правового регулирования. В исследовании применялись формально-юридический, системно-правовой, сравнительно-правовой и аналитический методы. Материалами исследования послужили нормативные правовые акты Республики Казахстан в сфере авторского права, научная литература, материалы, относящиеся к правоприменительной практике, а также научно-аналитические труды по вопросам защиты авторских прав в цифровой среде. В результате исследования установлено, что широкое распространение цифровых технологий, наряду с расширением возможностей использования, распространения и воспроизведения авторских произведений, актуализирует вопросы учета авторских прав, контроля за использованием прав и справедливого распределения авторского вознаграждения. В этой связи обосновано, что единый цифровой учет авторов и их произведений, регистрация фактов использования произведений и обеспечение правообладателей соответствующей информацией являются важными направлениями защиты авторских прав. Научная и практическая ценность исследования заключается в обосновании выводов и предложений по совершенствованию правовых и цифровых механизмов защиты авторских прав в их взаимосвязи. Результаты исследования могут быть использованы при совершенствовании законодательства в сфере авторского права и правоприменительной практики.*

**Ключевые слова:** *авторское право, правовая защита, цифровизация, интеллектуальная собственность, правообладатель, цифровая среда, авторское вознаграждение, правоприменение, цифровой учет, единая цифровая платформа.*

## IMPROVING THE LEGAL PROTECTION MECHANISM OF COPYRIGHT IN THE CONTEXT OF DIGITALIZATION: LEGISLATIVE AND LAW ENFORCEMENT ASPECTS

**Abstract**

*The article examines legislative and law enforcement aspects of improving the legal protection mechanism for copyright in the Republic of Kazakhstan in the context of digitalization. The purpose of the study is to analyze the existing mechanisms for protecting the rights of authors and copyright holders in the digital environment, assess their effectiveness, and identify areas for improving legal regulation. The study employed formal-legal, systemic-legal, comparative-legal, and analytical methods. The research materials included regulatory legal acts of the Republic of Kazakhstan in the field of copyright, academic literature, materials related to law enforcement practice, as well as scholarly and analytical works addressing copyright protection in the digital environment. The study establishes that the widespread adoption of digital technologies, while expanding opportunities for the use, distribution, and*

*reproduction of copyrighted works, has also intensified issues related to copyright registration and accounting, monitoring the use of rights, and the fair distribution of authors' remuneration. In this regard, the study substantiates that unified digital registration of authors and their works, recording the use of works, and ensuring copyright holders' access to relevant information constitute important directions for copyright protection. The scientific and practical value of the study lies in substantiating conclusions and proposals aimed at improving legal and digital mechanisms for copyright protection in their interrelationship. The results of the study may be used to improve legislation in the field of copyright and law enforcement practice.*

**Key words:** *copyright, legal protection, digitalization, intellectual property, copyright holder, digital environment, authors' remuneration, law enforcement, digital registration, unified digital platform.*

**КІРІСПЕ**

Цифрлық технологиялардың қарқынды дамуы зияткерлік меншік объектілерін жасау, тарату және пайдалану тәсілдеріне елеулі өзгерістер енгізіп отыр. Интернет-ресурстардың, цифрлық платформалардың және электрондық коммуникация құралдарының кеңінен қолданылуы авторлық туындылардың қолжетімділігін арттырғанымен, оларды рұқсатсыз көшіру, тарату және пайдалану мүмкіндіктерін де кеңейтті. Осыған байланысты цифрлық ортада авторлардың және құқық иеленушілердің құқықтарын тиімді қорғау қазіргі заманғы құқықтық саясаттың маңызды бағыттарының біріне айналуда.

Қазақстан Республикасында авторлық құқық саласындағы негізгі құқықтық қатынастар «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» 1996 жылғы 10 маусымдағы № 6-I Заңмен реттеледі. Аталған Заң ғылым, әдебиет және өнер туындыларын жасауға және пайдалануға байланысты қатынастарды қамтиды және авторлық құқықтың туынды жасалған сәттен бастап туындайтынын бекітеді. Сонымен қатар авторлық құқықтың пайда болуы мен жүзеге асырылуы үшін туындыны міндетті түрде тіркеу немесе өзге де арнайы рәсімнен өткізу талап етілмейді [1].

Авторлық құқықтың цифрлық ортадағы ерекшелігі құқық объектілерінің электрондық нысанда таралуымен ғана шектелмейді. Қолданыстағы заңнамада интернет-ресурс цифрлық ресурс ретінде қарастырылады, ал туындыны көпшілік назарына жеткізу адамдардың оған өз қалауы бойынша кез келген жерден және кез келген уақытта қол жеткізуіне мүмкіндік беретін сым арқылы немесе сымсыз байланыс құралдарымен хабарлау ретінде айқындалады [1]. Бұл нормалар авторлық құқықты қорғау объектілерінің цифрлық кеңістіктегі ерекшеліктерін құқықтық реттеуге мүмкіндік береді.

Сонымен бірге қазіргі кезеңде авторлық құқықтарды қорғаудың тек дәстүрлі құқықтық құралдарымен шектелу жеткіліксіз. Қазақстан Республикасының заңнамасында авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізілімі цифрлық жүйе ретінде айқындалып, оған авторлардың немесе құқық иеленушілердің өтініштері негізінде құқықтар туралы мәліметтер енгізіледі [2]. Бұл цифрлық есепке алу институтының авторлық құқықтарды дәлелдеудің және құқықтық қорғаудың қосымша тетігі ретінде қалыптасып келе жатқанын көрсетеді.

Цифрландырудың құқықтық қорғау жүйесіне ықпалы әсіресе құқықтарды ұжымдық басқару саласында айқын көрінеді. Қолданыстағы заңнамада бірыңғай цифрлық платформаны қалыптастыру көзделіп, оның құрамында туындылардың, авторлар мен құқық иеленушілердің, құқықтарды ұжымдық басқару жөніндегі ұйымдардың, пайдаланушылардың және шарттардың тізілімдерін жүргізу қарастырылған [1]. Мұндай жүйе құқықтарды басқару үдерістерінің ашықтығын

арттыруға, құқық иеленушілерді сәйкестендіруге және туындыларды пайдалану туралы мәліметтерді жүйелендіруге бағытталған.

Бұл бағыттағы заңнамалық өзгерістердің өзектілігі 2025–2026 жылдары қабылданған нормативтік өзгерістерден де байқалады. Атап айтқанда, Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне зияткерлік меншік мәселелері бойынша енгізілген өзгерістер авторлық және сабақтас құқықтарды ұжымдық басқару саласындағы бірыңғай цифрлық платформаның құқықтық негіздерін бекітті [3]. Сонымен қатар 2026 жылғы өзгерістер авторлық құқық саласындағы жекелеген цифрлық және ұйымдастырушылық тетіктерді одан әрі нақтылауға бағытталған [4].

Осыған байланысты зерттеу мәселесі авторлық құқықтарды қорғаудың қолданыстағы құқықтық тетіктерінің цифрлық ортадағы жаңа қатынастарға қаншалықты сәйкес келетінін анықтаумен және оларды одан әрі жетілдіру бағыттарын негіздеумен байланысты.

